

**Батырша-ұлы Сайлау**

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТ  
және  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАТЫНАСТАР**

**О қ у л ы қ**

**Жоғары оқу орындары үшін Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі ұсынған**

*(Екінші рет толықтырылып басылуы)*

**FOLIANT**  
САҚТАС

**Астана - 2011**

УДК 327 (07)

ББК 66.4 я 7

Б 27

**Пікір жазғандар:**

Иманқұл Н.Н. – *философия ғылымдарының докторы, профессор;*

Қоңырбаев У.С. – *Тотенише және Өкілетті Уәкіл, профессор;*

Межиденова Д.М. – *тарих ғылымдарының докторы, профессор*

**Б 27 Батырша-ұлы С.**

**Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар: Оқулық.**

– Астана: Фолиант, 2011. – 512-б.

ISBN 978-601-292-331-5

Ұсынылып отырған «Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар» оқулығы – қазақ тілінде тұңғыш жазылған еңбек. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері көптеген жоғары оқу орындарында халықаралық қатынас, аймақтау, халықаралық құқық және саясаттану мамандары даярланып жатқанына қарамастан, мемлекеттік тілде оқулық жоқ.

Автор жалпы дипломатия тарихын, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қызметі мен жүйесін және Сыртқы саясат тұжырымдамасын талдап беріп отыр. Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы, 1961 жылғы «Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы» және басқа да маңызды халықаралық құжаттар бірінші рет қазақ тіліне аударылып, оқырмандарға ұсынылуда.

Оқулық халықаралық қатынастар саласының мамандарына, жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ халықаралық қатынас мәселелеріне қызығушы қалың оқырманға арналған.

УДК 327 (07)

ББК 66.4 я 7

© Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, 2010

© Батырша-ұлы С., 2011

© «Фолиант» баспасы, 2011

ISBN 978-601-292-331-5

## АЛҒЫ СӨЗ

Батырша-ұлы Сайлау – Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қайраткері, Сыртқы істер министрінің орынбасары, Қазақстанның Өзбекстандағы тұңғыш Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметтерін атқарған белгілі дипломат.

Автор – қатпары қалың, ауқымы кең, ерекшелігі мол дипломатиялық қызметті ғылыми ізденістермен ұштастыра білген ғалым, экономика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. Оның қаламынан шыққан «Проблемы индустриализации стран Африки», «Развитие промышленности в развивающихся странах», «Интеграция Казахстана со странами Организации Экономического Сотрудничества», «Дипломатия – тек сыртқы саясат емес...» атты кітаптары мен Қазақстанның саяси-экономикалық проблемаларын зерттеуге арналған ғылыми еңбектері оқырман ықыласын туғызып, көпшілік тарапынан оң бағаланған.

С. Батырша-ұлы белсенді өмірлік ұстанымы бар азамат. Ол халықаралық саясат саласындағы сарапшы ретінде Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болған, бүгінде Астанадағы «Мемлекеттік тіл» қозғалысының төрағасы, «Дипломат Нәзір Төрқұл-ұлы» қоғамдық қорының төрағасы.

Мемлекетіміздің өз тәуелсіздігін алып, егемендік жолына түсуі – қоғам өмірінің барлық салалары бойынша жаңа көзқарас пен тың тұжырымдардың қабылдануын талап етті. Қазақ елінің халықаралық қауымдастықпен дербес қарым-қатынастар орнатып, сыртқы саяси стратегиясын жүргізуі отандық дипломатия мектебін қалыптастыру, ұлттық кадрлар дайындау міндетін күн тәртібіне шығарды. Осыған орай бірқатар белгілі саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың дипломатия тақырыбына арналған еңбектері жарық көрді. Назарларыңызға ұсынылып отырған оқулық осы игі дәстүрдің жалғасы ретінде қазақ тілінде жарық көрген өзекті еңбек екенін атап өтуіміз қажет.

Автор халықаралық құқықтың негізін құрайтын басты құжаттарға, маңызды дереккөздеріне, сондай-ақ өмірлік нақты мысалдарға сүйене отырып, «Дипломатия» ұғымын жан-жақты түсіндіруді, дипломатиялық қызметтің және халықаралық қатынастардың қыр-сырын ашуды мақсат еткен.

Оқырманға барынша мол ақпарат беру үшін тарих қойнауына шолу жасалып, біздің заманымызға дейінгі дәуірде болған империялардан бастап бүгінгі таңдағы жетекші мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары мен сыртқы саясатының басты ерекшеліктері баяндалады. Келіссөздер жүргізу тәсілдері, елші тағайындау, шетелдік елшілерді қабылдау, келісім-шарттар жасасу дәстүрлері туралы қызықты мәліметтер қамтылған.

Оқулықтың маңызды бөлігін Қазақ хандығының дипломатиясына қатысты ізденістер мен көзқарастар құрайды. Атап айтқанда, қазақ халқының Қасым, Есім, Тәуке, Абылай сынды даңқты тұлғаларының мемлекеттікті нығайту, шетелдік экспансияға қарсы тұру, туған жерінің тұтастығын сақтау мақсатында жүргізген саясаты тарихи деректер негізінде талданған. Қазақтың әйгілі үш биі Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің өмірі мен қызметіне, даналық, кемеңгерлік қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Алаш Автономиясының тарихы мен тағдырына қатысты деректер оқулықтың салмағын арттыра түседі.

Екінші дүниежүзілік соғыс пен одан кейінгі кезеңдердегі ірі державалардың сыртқы саясаты, дипломатиялық әрекеттері мен қол жеткен уағдаластықтары туралы мәліметтер оқулықта кеңінен берілген. Кеңес дәуіріндегі Қазақстан дипломатиясы туралы сөз қозғай отырып, автор еліміздің әйгілі қайраткерлері – Нәзір Төреқұлов пен Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметінің жарқын беттерін баяндайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіне, сондай-ақ басқа да іргелі халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жасалып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның алдында тұрған міндеттер мен қиыншылықтарды еңсеруге қатысты Қазақстанның осы құрылымдағы торағалығының басымдылықтары тұрғысынан дұрыс пікірлер айтылған.

Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық халықаралық қатынастың дербес субъектісі ретінде даму жолы, атап айтқанда, әлемдік қауымдастықтың беделді мүшелерімен терезесі тең қатынастар орнатуы, ядролық қарудан өз еркімен бас тарту, мемлекеттік шекарасын бекіту мәселелеріндегі Елбасы Н. Назарбаевтың көрегендігі мен кемеңгерлігі сындарлы баяндалады.

Тұжырымдай келгенде, өз болашағын сыртқы саясат саласымен байланыстырамын деген жас буынға, студенттер мен магистранттарға, жалпы халықаралық қатынастар мәселелеріне қызығушылық танытатын қалың жұртшылыққа бұл оқулық қажетті әдістемелік құрал болады деп кәміл сенемін.

*Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
Төтенше және Өкілетті Елші,  
саяси ғылымдардың докторы*

## КІРІСПЕ

Қазақ халқы екі ғасырлық Ресей бодандығынан шығып, көп жылдар бойғы ұлт-азаттық күрестің және Кеңес Одағының құрамындағы барлық одақтас республикалармен бірге егемендік үшін қозғалыстың арқасында 1991 жылы 16 желтоқсанда мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. Осының нәтижесінде халықаралық қауымдастықта Қазақстан Республикасы дербес субъект ретінде пайда болды.

1991 жылы 8 желтоқсанда КСРО-ның негізін салушылар ретінде Ресей, Украина және Беларусь республикаларының басшылары – Б. Ельцин, Л. Кравчук және С. Шушкевич Беловежскте (Белоруссия) кездесіп, Кеңес Одағының халықаралық құқық субъектісі – мемлекет ретінде таратылғаны туралы мәлімдеп, келісімге қол қойды. Үш мемлекеттің лидерлері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы шарт жасасты. Кеңес Одағының құрамынан республикалардың шығуы объективті процесс болды. 1991 жылы 13 желтоқсанда Ашгабадта (Түрікменстан) Орталық Азияның бес мемлекетінің лидерлері жиналып, Түркістан мемлекеттерінің Конфедерациясын құру мәселесін қарастырды. Алайда, олар жеке Конфедерация құрудан гөрі ТМД-ға қосылуды жөн санады.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі Мемлекеттік тәуелсіздік туралы заң қабылдады. Сонымен, Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қауымдастықтың теңқұқылы мүшесі болды. Қазақстан Республикасының Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды.

Тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың субъектісі болып табылады және дипломатиялық, консулдық өкілдіктермен алмасу, халықаралық ұйымдарға кіру, жүйелік қауіпсіздік ұжымына қатысуда тең құқыққа ие.

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда бұрынғы Кеңес Одағының құрамына кірген 11 тәуелсіз мемлекеттер басшыларының кеңесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімнің хаттамасына қол қойылды. Алматы Декларациясында «ТМД-ның құрылуымен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы болмысын толығымен тоқтатады» делінген. Осымен КСРО-ға соңғы үкім шығарылды. ТМД-ны растайтын құжаттар 1991 жылғы 8 желтоқсанда қабылданған Минск келісімімен, 21 желтоқсанда қабылданған Алматы хаттамасы-

мен, 1993 жылы 22 қаңтарда Минскіде қабылданған және 1994 жылы қаңтарда күшіне енген Достастық Жарғысымен толықты. Кейін осы Достастыққа Грузия да мүше болды.

Тарих дәлелдегендей, мемлекет тек экономикалық, ғылыми-техникалық әлеуеті және табиғи байлығымен ғана емес, сонымен қатар өзінің дипломатиясымен, сыртқы саясаттағы ел мүддесін қорғайтын мемлекеттік аппаратымен, дипломатиялық кадрлардың жоғары біліктілігі әрі мықты даярлығымен қуатты. Дипломатиялық қызмет мемлекеттің сыртқы саясатындағы міндеттерінің сәтті шешілу жолдарын қарастырады және осыны жүзеге асырады, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы, Дипломатиялық қатынастар жөніндегі 1961 жылғы Вена конвенциясы, Консулдық қатынастар жөніндегі 1963 жылғы Вена конвенциясы және халықаралық құқық, халықаралық шарт, келісімдер сияқты құжаттармен реттеледі. Сонымен қатар, әр мемлекет шет елдермен қарым-қатынас орнату туралы өзінің дипломатиялық функциясын анықтайтын нормативтік құқықтық актілерін қабылдайды.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі мемлекеттік қызметтің құрамдас бөлігі болып табылады. Сыртқы істер министрлігі жүйесіне орталық аппарат, шет елдердегі елшіліктер мен консулдықтар, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер кіреді.

Қолдарыңыздағы оқулық – Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы дипломатиясын, оның тарихын, сонымен қатар, әлемдік дипломатияның тарихы мен тәжірибесін ескере отырып туындаған нәтиже. Оқулық 13 тараудан тұрады: Дипломатияның пайда болу тарихы, оның ішінде Қазақ хандықтарының сыртқы саясаты, Кеңес Одағы және социалистік елдер дипломатиясының тәжірибесі, БҰҰ және оның мамандандырылған ұйымдары, Халықаралық құқық, Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінің қалыптасуы, Дипломатиялық қатынастар мен статустар, Көпжақты дипломатия, Консулдық қызмет, Мемлекеттік протокол, Дипломатиялық құжаттармен жұмыс істеу, Экономикалық және парламенттік дипломатия, Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты, Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық қызметі. Сонымен қатар, осы оқулыққа қосымша ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы, Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 жылғы Вена конвенциясы, Консулдық қатынастар туралы 1963 жылғы Вена конвенциясы, Ислам Конференциясы Ұйымының Жарғысы және нормативтік-құқықтық актілер қазақ тілінде тұңғыш рет аударылып берілді.

«Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар» оқулығын жазу барысында ҚР Конституциясы, «Дипломатиялық қызмет туралы» Заңы, Қазақстанның сыртқы саясаты туралы концепциясы, белгілі мемлекет қайраткерлері, қазақ және шетел ғалымдары, саясаттанушылар, заңгерлер, тарихшылар, экономистер мен әлеуметтанушылардың еңбектері басшылыққа алынды.

Соңғы жылдары Қазақстанның саясаты мен дипломатиясы туралы мынадай кітаптар жарық көрді: Н.А. Назарбаевтың «Критическое десятилетие» (2003), «Казахстанский путь» (2007), «Қазақстан жолы» (2008), Қ. Тоқаевтың редакциясымен «Дипломатическая служба Республики Казахстан» (2005), «Преодоление» (2003), «Свет и тень» (2007), А. Арыстанбекованың «Казахстан в ООН: История и перспективы» (2004), Д.Мажиденованың «Дипломатическая служба в контексте эволюции мировой политики» (2003), Ж. Ибрашевтың редакциясымен «История международных отношений», Қ. Байзақованың редакциясымен «Внешняя политика Республики Казахстан» (2006), Ж.С. Елемесова, А.К. Елемесовтің «Церемониал, Протокол, Этикет» (2005), ҚР СІМ құрастырған «Внешняя политика Казахстана» (1995), «Қазақша-орысша дипломатиялық сөздік-анықтамалық» (2006) және тағы басқа еңбектер. Солардың ішінде, қазақ тілінде: Н. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» (2003), «Тәуелсіздік белестері» (2003), «Қазақстан жолы» (2007), Қ. Тоқаевтың «Беласу» (2003), «Нұр мен қолөңке» (2007), М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» (1995) кітаптары, Б. Батырша-ұлының «Мысыр Мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары, XIII-XV ғғ.» зерттеуі (2005) жәнет.б. шықты. Қарап отырсақ, тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның сыртқы саясаты туралы бірнеше еңбек жарық көрілді. Бірақ олардың басым көпшілігі орыс тілінде және қазақ мамандарын әзірлеуге бағытталмаған.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстанның жоғары оқу орындарында халықаралық қатынастар мамандығында оқып жатқан студенттер мен магистранттар, ғалымдар үшін қазақ тілінде жазылған дипломатиялық қызмет жөнінде ауқымды оқулық жоқ. Олардың барлығы бұрынғы Кеңес Одағының, Ресей Федерациясының оқулықтары мен оқу әдістемелерін, зерттеулері мен монографияларын пайдаланып келеді. Шетелдік оқулықтарда Қазақстанның тарихы, мемлекеттік құрылымы, заңнамалары, оның сыртқы саясаты туралы мүлдем айтылмайды. Сол сияқты, Ресей, Еуропа, Америка университеттерінде оқып жүрген жастарымыз да сол елдердің ішкі, сыртқы саясатын жақсы біледі де, ал өз елінің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын біле бермейді. Кейбір жастарымыз мемлекеттік тіл – қазақ тілін білмегендіктен, өз Отанына келгенде, шет елде алған білімін бере алмайды.

Сондықтан бүгінгі таңда Қазақстанда Білім және ғылым министрлігінің алдында тұрған, шұғыл шешуді талап ететін проблема – студенттерге арнап халықаралық қатынас, әлемдік экономика саласында қазақ тілінде оқулықтар, әдістемелер, монографиялар мен зерттеулер шығару. Жалпы қазақ оқырман қауымы өз елінің әлемдік қауымдастықта алар орны мен сыртқы саясатын толық біле бермейді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында қазақ тілінде оқулық жазуды өзекті мәселе деп есептеймін.

«Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар» оқулығын жазуда төмендегідей мақсаттар көзделді:

– студенттерді, магистранттарды дипломатия тарихымен, БҰҰ және басқа халықаралық ұйымдардың жүйесімен таныстыру;

– Қазақ хандығы, Кеңес Одағы және шетел дипломатиясының тәжірибесін жеткізе отырып, бүгінгі заманғы әлемдік саясат жөнінде білім беру;

дипломаттардың және шет елдермен байланыс жасайтын мемлекеттік ведомстволар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру, қазіргі әлемдік дамудың талаптарына сай, шетелде қызмет етудің ерекшеліктерімен, жұмыс істеу жүйесімен таныстыру.

Оқулықты жазу барысында автор дипломатиялық терминдердің қазақ тіліне дұрыс аударылмауы мен оның жүйеленбеуі, сөз тіркестерінің берер мағынасының нақтыланбауы, халықаралық қатынаста қолданылатын терминдердің жеткіліксіздігі сияқты қиыншылықтарға тап болды. Бұл қиыншылықтардың барлығы қазақ халқының Ресейдің отары, кеңес дәуіріндегі мемлекеттің сыртқы саясатының толығымен орталықтандырылып, Мәскеудің қолында болғандықтан туындады. 1944 жылы одақтас республикаларда сыртқы істер министрліктері құрылғанымен, олар шын мәнінде ешқандай сыртқы саясатпен шұғылданған жоқ, негізінен протоколдық және консулдық мәселелермен ғана шектелді. Оқулықта бір жерде Қазақ КСР-і, бір жерде Қазақ ССР-і; Қазақ Министрлер Кеңесінің Председателі, соңғы кездерде Министрлер Кеңесінің Төрағасы деп берілген жайттар бар. Бүгінгі министрліктер бұрын Халық Комиссариаты деп аталған. Оның себебі, сол кезде ресми түрде қалай белгіленді, солай беруді жөн көрдік. Сондай-ақ, кеңес дәуірінде біз «егемендік» терминін «суверенитет» деп пайдаланып жүрдік.

Қазақ халқы өз тәуелсіз мемлекеттігін жариялағанда кейбір скептиктер бұған күмән келтірді. Оған экономикамыздың шикізаттық базаға негізделуі мен дәстүрлі өндірісті жоғалтып алуымыз негіз болды және республикада басқа ұлт өкілдерінің үлес салмағы жоғары еді. Бүгінде республикада қазақ халқы ұлттық құрамы жағынан үлкен басымдылық алып, 64%-ға дейін жетті. Осыған біз мемлекеттік тәуелсіздігіміздің арқасында қол жеткіздік. Басқа ұлт өкілдерінің біразы өздерінің тарихи отандарына қайтып, ал шетелде жүрген қазақтар елге, атамекеніне оралды.

Қазақ жерінің байлығы, табиғи ресурстардың молынан шоғырлануы, өнеркәсіп орындарының қайта қосылуы ел дамуының негізгі факторы болды. Оған қоса, сыртқы саясаттың дұрыс жүргізілуі, көрші мемлекеттермен жақсы қатынастар орнату, алыстағы мықты мемлекеттермен сауда-экономикалық байланыс жасау егемендігімізді нығайтты.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Үкіметі әлеуметтік-экономикалық салаларда және дипломатия саласында қомақты жұмыс атқарды. Ел дипломатиясының сәтті нәтижелерінің ішінде Президент Н. Назарбаевтың Қазақстанның ядролық қарудан бас тартып, ядросыз мемлекеттердің қатарына өтуі туралы шешімін атап өту керек. Ресей



мен Қытай секілді алпауыт елдермен жасасқан ынтымақтастық және достық туралы келісімдер, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан секілді мемлекеттермен шекара мәселесін құқықтық жағынан рәсімдеулер, Америкамен демократиялық және стратегиялық әріптестік жөніндегі декларация, Еуропалық Одақпен ынтымақтастық және әріптестік жөніндегі келісім, ТМД мемлекеттерімен ынтымақтастықты тереңдету және интеграциялық үрдістерді күшейтуді қуаттайтын келісімдер елдің жетістіктері екендігін атап өтуге болады.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан халықаралық сахнада күшті әрі бекем ұстанымдарға ие болған, сенімді дамып келе жатқан мемлекет ретінде қалыптасты. Ол өңірлік және жаһандық геосаяси жағдайда өз мүмкіндіктерін ескере отырып, тепе-теңдікте ұсталған, прагматикалық әрі сындарлы сыртқы саясат жүргізіп, өзінің көпвекторлық қағидаттарын белгіледі.

Өңірлік және жаһандық қауіпсіздік проблемаларына жаңашыл әрі икемді келу мысалдарының бірі Мемлекет басшысының 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі Кеңесті шақыру туралы көтерген бастамасы болды. 2006 жылғы маусымда Алматыда өткен АӨСШК Екінші Саммитінің Сенім шаралары каталогі келісілді, ол Азия кеңесінің бірегей сипатын растады. Азия континентінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы Қазақстанның көпжақты ынтымақтастық идеясы қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың елеулі факторы болып қалыптасты.

Республика Шанхай ынтымақтастығы ұйымында (ШЫҰ) белсенді рөл атқарып отыр. Ұйым жеке елдерге емес, жалпы аймақтағы қауіптерді болдырмауға бағытталған. Ол ШЫҰ шеңберінде тиімді өзара іс-қимылды одан әрі дамытуды қуаттайды. Бұл Ұйым қалыптасып келе жатқан көп тұлпатты әлемнің негізгі элементтерінің бірі болуы мүмкін.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы сол кездегі келеңсіз даулардың алдын алған бірден-бір дұрыс шешім болды. Достастық «жаңа мемлекеттердің өркениетті ажырасуына», олардың әлемдік аренаға дербес шығуы үшін негізгі жағдайлар тудырды.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық – бұрынғы кеңестік кеңістікте шын мәнінде тиімді мемлекетаралық бірлестік. ЕурАзЭҚ шеңберіндегі өңірлік ынтымақтастық Қазақстан үшін басым міндет болып табылады. Мәскеудің ұсынысы бойынша бір-бірімен ашық сауда құруға дайын мемлекеттер – Ресей, Беларусь және Қазақстан Кедендік одақ құрды.

Қазіргі кездегі мемлекеттердің ықпалдастығы, олардың өзара тәуелділігінің күшеюі мен жаһандық проблемаларды бірлесіп шешуі – ұлттық және халықаралық құқықтың жаңа арақатынастарының дамуына алып келеді. Әлемге төнген қауіп-қатердің алдын алу және болдырмау, сондай-ақ агрессия актілері немесе бейбітшілікті бұзуды басудың

тиімді ұжымдық шараларын қабылдау БҰҰ-ның басты мақсаты болып табылады.

Қазақстан БҰҰ-ның бейбітшілік орнатуға, халықаралық жаңа экономикалық тәртіпті қалыптастыруға арналған іс-әрекеттерін қолдайды әрі Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау жөнінде өзінің ұсыныстарын жасады. Біздің ұстанымымыз бойынша, әлемдік мәселелерді әділетті шешу үшін «үшінші әлемнің», яғни дамушы елдердің Қауіпсіздік Кеңесіндегі санын арттыру қажет.

Оқулық дипломатиялық қызметпен, халықаралық қатынастармен, әлемдік экономикамен шұғылданатын студенттерге, магистранттарға, ғалымдар мен зерттеушілерге және жалпы оқырман қауымға арналған. Болашақта осы оқулыққа қатысты айтар ұсыныстарыңыз бен талап-тілектеріңізді мына электрондық поштаға жіберуге болады: [batyrshaully@mail.ru](mailto:batyrshaully@mail.ru).

Осы кітапты жазу барысында ақыл-кеңес берген Қазақстан Парламенті Сенатының төрағасы Қ.К. Тоқаевқа, Еуразия ұлттық университетінің ректоры Б. Әбдірайымға, жәрдемдескен дипломаттар С. Сайлауқызы мен Е. Мұқашқа және филолог Л. Сламбековаға ризашылығымды білдіремін.

## 1-ТАРАУ. ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

*Елдестіркек – елшіден,  
Жауластырмақ – жаушыдан.*

*(Қазақтың нақыл сөзі)*

*Мемлекеттер арасындағы  
күрес пен бәсекенің жеңісі –  
дипломатияның үлесі.*

*С. Батырша-ұлы*

Еларалық қатынас өз бастауын ерте замандағы тайпа, рулар арасындағы сауда-саттық, мәдени т.б. келісімдер орнату, бір-бірімен келіссөз жүргізу негіздерінен алады. Бір тайпаның өкілі екінші тайпамен келіссөз жүргізгенде немесе қақтығыстан кейін бітімгершілікке барғанда, келген елшіге қиянат жасалмай, аман-есен еліне қайтарылып отырған, яғни, олардың жеке басының қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Бүгінгі тілмен айтқанда, сол заманның өзінде «елшілік иммунитеті» пайда бола бастаған.

Шынайы дипломатия мемлекеттер қалыптасуымен байланысты. Мемлекеттер арасында өзара тығыз байланыстар орнату, сауда, мәдени алмасулар дипломатиялық қызметтің дамуына өз әсерін тигізді. Олар соғыс жариялау, бейбітшілік келісімдерін орнату, елшілермен алмасу мақсатындағы рәсімдерді орындаған.

Бұл тарауда Көне Грекия, Рим империясы, Византия, Француз буржуазиялық дипломатиясына шолу беріледі. Сонымен қатар, Шығыс елдерінің (Көне Мысыр, Вавилон, Шумер, Аккад және т.б.), Қазақ хандығының дипломатиясы, Алаш Орданың сыртқы байланысы қамтылады.

### 1.1. Батыс дипломатиясы

**(Грекия, Рим империясы, Византия, Француз дипломатиясы)**

Көне замандағы *Грекия дипломатиясы* жайлы көп мәліметтер бар. Эллин дәуірінде әр қала жеке мемлекет еді. Олар бір-бірімен

келісім-шарттар жасасқан. Екіжақты келісімді бұзып, елшіні өлтірген жағдайда, айыпты жақ құн төлеген, егер кешірім сұрап, құн төлемесе, екі елдің арасында соғыс басталған. Ежелгі грек ақыны Гомердің б.з.д. VII ғасырда жазған «Илиада» және «Одиссея» поэмаларында екіжақты елшіліктің миссия алмасу фактілері, оның қолайсыз аяқталуы соғысқа алып келетіндігі көрсетілген. Спарта патшасы Менелайдың әйелі Еленаны Троя патшасының ұлы Парис алып қашып, Менелай грек әскерлерін жинап, Трояға жорық жасайды. Трояндық қайраткер Антимах келіссөз жүргізуге келген грек елшілерін өлтіру туралы ұсыныс жасап, жазалайды. Екіжақты келіссөз нәтиже бермегендіктен, гректер Троя патшалығын басып алып, толығымен жойып жіберді.

Ежелгі Грекия тарихында ең беделді орынға ие болған тарихшы Фукидидтің пайымдауынша, сыртқы саясат – ол билікке талас, яғни күшке сүйену. Ал адамдар арасында келісім екі жақ тең болған жағдайда орнатылады, егер олар тең болмаса, келісім күш арқылы орнатылып, күштісі жеңіске жетеді.

Грекияда келіссөздер ауызекі түрде жүргізілді. Елшілер шетел басшылары немесе халық жиынының алдында арнайы дайындалған сөздерін сөйлеген. Келіссөз келісім жасаумен аяқталған жағдайда, оның шарттары тас плиталарда аттика тілінде жазылып, контің алдына қойылған. Халық алдында дәстүрлі ант беру арқылы келісімдер бекітіліп, ашық келісім жасау жүйесін ұстанған. Гректердің өзіне сенімділігі мен мақтаныш сезімінің күштілігі сонша, олар басқа халықтарды болашақ жауы ретінде, ал барлық грек емес нәсілдерді «варварлар» деп атап, олар тумасынан құл болып жаралғандар деп есептеген.

Өз қаласының қауіпсіздігін ең басты мақсат тұтқан гректер халықаралық іс жүргізуді «құдайлар» реттейді деп сенген. Келісім-шарттарды орындау ант беру пірі Зевстің ерекше қарауында болып, ешбір негізсіз келісімді бұзу немесе әскери науқан барысында өз одақтасын тастап кету орынсыз деп саналған.

Грек билігі өз елшілеріне жеткілікті құзыр бермегендіктен, олар қосымша нұсқаулар алу үшін елге адам жіберуге немесе еліне қайтуға мәжбүр болған. Жалпы, халықаралық қатынастарға, дипломатияға гректердің қосқан үлесі көп. Олар халықаралық қатынастардың нақты қалыптасқан қағидаттарға негізделуін сөз жүзінде болса да мойындаған. Алайда, гректер демократиялық дипломатияның деспоттық үкіметтермен қатынасқан кезіндегі жағымсыз жағдайларының алдын алатын қандай да бір тәсілдерін таба алмады. Ұлттық жиын жоғарғы билік болғандықтан, гректердің келіссөздері шешім қабылдауда шектен тыс баяу, өз пікірлерінен тез айнуға бейім, ашушандық қасиеттері бар тобырдың шешімдеріне тәуелді болған. Мұндай кемшіліктен құтылудың жолы мемлекеттік билікке бағынатын дипломаттар корпусын құру еді.

Платон мен Сократ философиясын жалғастырушы Демосфен біздің заманымызға дейінгі 350 жылдары Афина елін Македония патшасы

Филиптің біртіндеп күшейіп келе жатқан басымдығынан құтқару үшін көп әрекет жасады. Ол өзінің білімін, шешендік өнерін елдің бостандығын сақтап қалу жолына жұмсады. Афина және бүкіл Грекия халқын Македонияға қарсы күресуге шақырды, елшілік миссиясы арқылы басқа эллин қалаларын біріктіріп, одақ құрды. Саяси мәселелерді шешуде халықтың алдында айтылатын шешендік сөз сол кезде де өте жоғары бағаланды. Филипп патшаның Афина тұрғындарын Македонияға қосу туралы талабы бүкіл халықпен бірге қалалық алаңда талқыланды. Ондағы шешуші сөз Демосфеннің «Бейбітшілік туралы» баяндамасы болды, ол македондықтардың әскери басым күшіне мойынсұнып, келісімге баруды, ал болашақта қайта күш жинап, афиналықтарды өз бостандығы үшін күресуге шақырды.

Демосфен жеке және мемлекеттік моральдің үлкен айырмашылығын айқындады. Оның «Біздің мақсат-әрекеттеріміз міндетті түрде әділ болуы тиіс. Алайда, біз олардың біздің (мемлекеттің) мүдделерімізге қызмет етуін қадағалауымыз қажет» деген сөздері қазіргі заманымыздағы дипломатияда әлі күнге дейін пайдаланылып келеді. Оның айтуынша, елшілердің қарамағында әскери кеме, жаяу әскер, қамалдары болмайды, олардың қаруы – сөз және тиімді жағдайларды тура пайдалану болып табылады. Бұл өсиеттің жаны бар, себебі көп жағдайларда елшілер айтатын аргументін, дәлелін орнымен пайдалана алмағандықтан не болмаса саяси, қоғамдық жағдайларды дұрыс түсінбегендіктен, тура шешімге келе алмайды.

*Рим империясының дипломатиясы.* Грекия мемлекетінің ыдырауы мен оны жаңа алып Рим империясының жаулап алуына байланысты халықаралық қатынаста жаңа дипломатия пайда болды. Ол грек дипломатиясының жетістіктерін пайдалана отырып, өзінше жаңа жүйе құрды.

Біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда Рим қаласы корші жатқан Италия жерлерін өзіне қаратты, б.з.д. III ғасырда Грекияны бағындырды. Осылайша, Рим қаласы жапындағы халықтар мен мемлекеттерді жаулап алып, ірі империяға айналды. Рим Жерорта теңізінің оңтүстігіндегі ірі мемлекет Карфагенге (Солтүстік Африкада) елшілер жіберіп, дипломатиялық қатынас орнатты. Кейін бүкіл Жерорта теңізі жағалауындағы елдерді бағындыру мақсатымен Карфаген мемлекетін әскери күшпен жойып жіберді. Рим диктатурасына қарсы б.з.д. 74-71 жылдары Спартак бастаған көп ұлттан құралған құлдардың ірі көтерілісі болды. Сол кездері Гней Помпей, Марк Красс, Юлий Цезарь сияқты саяси, әскери қайраткерлердің беделі өсті. Олар демократиялық формадағы Сенатқа қарсы триумвират одағын құрып, Юлий Цезарь Римнің шексіз құқылы императоры болды. Билікті христиан шіркеуі қолдап, христиан діні мемлекеттік дінге айналды. Император Константин жаңа Византия империясының астанасы Константинополь қаласын салды.

Шығыстан шыққан Атилла (Еділ патша) бастаған ғұндар Византияның Галлия аумағына басып кіріп, бүкіл Италияны үрейлендірді. Тарихи мәліметтер бойынша, елшілік римдіктер мен ғұндар қатынастарының мәселелерін келіссөз арқылы емес, көбіне әскери күшпен майдан алаңында шешіп отырды.

Римнің қуатты мемлекетке айналуы Мысыр, Парфия, Қытай және Үндістанмен дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатуға алып келді. Ол өз тәжірибесінде Ежелгі Грекияның, эллиндік әлемнің дипломатиялық әдіс-тәсілдерін қолданып, өз дипломатиясын қалыптастырды және республикалық, императорлық кезеңдерден өтті. Сол кездегі Рим дипломатиясын «ішкі» және «сыртқы дипломатия» деп екіге бөлуге болады. Сыртқы дипломатия тәуелсіз мемлекеттермен қарым-қатынасты орнатуға сүйенсе, ішкі дипломатия жаулап алған елдерді өзіне толық бағындыру мен өз ықпалында ұстап қалуды көздеді.

Ішкі дипломатия императорлар мен провинция басшылары арасында елшілер алмасумен, бірлесіп одақ құру мәселелерімен айналысты. Соңғылары, егер император таққа отырса немесе әскери жеңіске жетсе, өз елшілігін жіберіп, құттықтау, қолдау көрсетіп отырған. Осындай елшіліктер империя тарапынан біршама жеңілдіктерге, жергілікті істерді өзі шешу құқығына ие болған. Сыртқы дипломатия шет мемлекеттермен қарым-қатынасты белсенді жүргізді.

Римдіктер шарттарды заң ретінде қарастырып, көбіне ратификациялаған. Кейбір қол қойылған шарттарды орындамау үшін өзінің ішкі заңдарына жүгінген. Сондықтан олар шарттар мен басқа да ұқсас құжаттарды сақтауды, протоколдық шаралар жүргізуді және соғыс жариялауды, бейбітшілік орнатудың тиісті салтанатты түрде жүзеге асуын қадағалаған.

Әдетте, елшілер сенатор дәрежесіне ие болған. Олар үшін шетелде жұмыс істедудің тәртібі туралы арнайы нұсқаулар жазылған. Ал өз еліне оралған елшілер Сенат алдында жасалған жұмыстары жөнінде толық есеп берген. Елші қабылдаушы мемлекеттің юрисдикциясынан босатылып, бірақ өз елінің заңы алдында әрбір іс-әрекеті үшін жауап беріп отырған. Рим құқығының бұл тәжірибесі қазіргі күнде де дипломатиялық қатынастарда қолданылуда. Римдіктер дипломатиялық тәжірибеге жаңалықтар енгізді. Мысалы, шарттардың орындалу кепілі ретінде олар екінші ел басшысының балаларын аманатқа алған. Римнің басқа мемлекеттермен бекіткен одақтық шарттары тең (*aeguum*) және тең емес (*iniguum*) сипатта болған. Бірінші жағдайда шарт егеменді мемлекеттермен, ал екінші жағдайда – Римнің билігін мойындайтын елдермен жасалған.

Рим жасасқан шарттарда әскери көмек, контрибуция, яғни ақшалай, заттай салық, одақтасты қорғау, соғыс жариялау және сол сияқты арнайы баптар болған, әрі елшілердің қызметіне де өзгерістер енгізілді. Осылайша, грек халықаралық құқығын римдіктер одан әрі кеңейтті

және халықаралық дипломатиялық қатынастардың қалыптасуына, орнығуына өз үлестерін қосты.

Келісілген шарттарды және басқа да құжаттарды даярлау, сақтау, протоколдық шаралар жүргізу және соғыс жариялау, бейбітшілік орнатудың тиісті жүзеге асуын қадағалап отыратын кеңселері болған. Бастапқы кездерде римдіктер келісімдерді тең құқылы негізде жасап, алғашқы латын тіліне негізделіп құрылған федерациясы теңдестер коалициясы ретінде құрылған. Уақыт өте келе, күшейіп алған Рим кіші одақтастарымен санасуды тоқтатты. Басқа Федерация мүшелері Римнің үстемдігін мойындауға, яғни Рим Сенатының қолына сыртқы саясат пен қорғанысты беруге мәжбүр болды.

Үстем держава және бірқатар қоласты сателлит елдерден тұратын коалиция тең құқылық принципті мойындатып, дипломатиялық жол мен әдіс біртіндеп жоғала бастады. Тарихшы Ливийдің пайымдауынша, Сенат біртіндеп өділдіктен гөрі пайдаға көп көңіл бөліп, мейірімділіктің орнына қатыгездікті таңдап, сыртқы саясатта Римнің ықпалы мен күшін нығайтуды ең басты шара деп есептеген.

Римнің «нунцийлер» немесе «оратор» деп аталған елшілерін Сенат тағайындаған және олардың Сенім грамотасы мен нұсқауларын бекітіп отырған. Елшілер, әдетте, сенатор дәрежесін иеленген белгілі әскери адамдар арасынан таңдалған. Рим елшілері ұлы державалық беделді өкілдер ретінде сайлау арқылы тағайындалатын. Өз кезегінде бұл орган дауыс беру арқылы олардың жұмысын бағалаған.

Рим басшылары шетелдік елшілерді қабылдау рәсіміне көп мән бермеген. Шетел елшілері Рим қаласына кіруге рұқсат алып отырған және бір ерекшелігі – елшілер өз өтінішін оқығаннан кейін, сенат мүшелері оларға сұрақтар қоюға құқылы еді. Осындай жағдай біздің дәуірге дейінгі 205 жылы Карфаген мемлекетінің елшісімен болды. Рим Сенаты Карфаген елшілігін қабылдау және тыңдаудан бас тартып, елшіні дипломатиялық иммунитетінен айырып, қарулы әскермен империяның шекарасынан шығарып жіберген. Римдіктердің келісім-шарттарды халық алдында ашық жасау әдісі біртіндеп құпия келісімдердің ашылуына алып келді. Ал елшілердің пара алуына тыйым салу үшін жасалған шара – олар елге оралысымен халық жиынында өз байлықтарын дәлелдей алмаған жағдайда, қатаң жазаланған.

Сонымен бірге, римдіктер халықаралық қатынастар тәртібін енгізу мен келісімдерге тұрақты сипат беруге көп үлес қосқан. Бірақ дипломатиялық сынайылық талаптарын сақтаудың орнына, олар басқыншылық, әміршілдік жасау жолына түсті. Сондай-ақ, келіссөз жүргізудің тиімді әдістерін жасаудың орнына, олар күшке, сәттілікке көп ұмтылған. Дипломатияның бұл шырмалған тәсілдері ақылға сыйымсыз болды. Олар шынайы келіссөздердің құндылығын елемей, әрдайым мәмілегершілік, қарапайымдылық керек жерде жағдайды шиеленістіріп отырды. Әйтсе де, римдіктердің дипломатиялық тәжірибесі халықаралық құқық негіздерінің дамуына өз үлесін қосты.

Уақыт өте келе *Византия империясы (Рум, V-XV ғғ.) дипломатиялық оперін* Венеция мемлекеті арқылы Италия қалалары, Франция, Испания және басқа Еуропа елдері де пайдалана бастады. Ол кезең туралы Гарольд Николсонның «Искусство дипломатии» атты кітабында былай делінген: «Византия императорларының сыртқы істерді жүргізу және шетелге елші ретінде жіберілетін дипломаттарды дайындайтын арнайы мекемесі болды. Елшілерге жазбаша түрде «нұсқаулар» беріліп, шетел азаматтарымен сыпайы тіл табысуға, оларды сынамай, керісінше, мақтауға үйретті. Таққа жаңа император келгенде, ол туралы жариялау үшін шетелдерге арнайы елшілер жіберілген. Ал осы миссияға кеткен шығындарды жабу үшін елшілерге өздерімен бірге тауар алуға рұқсат берілген, олар тауарды барған жерінде жергілікті валютаға айырбастаған». Әлемдік дипломатиялық тәжірибеде қалыптаспаған мұндай экономикалық шараларды кең түрде венециялықтар қолданды.

Византия астанасы Константинополь қаласына келген шетелдік миссия басшылары «Рим қонақжай үйі» деп аталатын салтанатты жайларға орналастырылатын. Шетелдік елшілерді бақылайтын құпия полиция құрылып, олардың қауіпсіздіктері қамтамасыз етілген. Елшілерді қабылдау рәсімі өте жоғары дәрежеде өтетін. Византияның әскери күшінен әсер алып қайту үшін шетелдік қонақтарды әскери шерулерге де қатыстырған. Шығыс мемлекеттерімен ұзақ және тығыз қарым-қатынас, байланыста болған Византия олардың дипломатиялық тәсілін қабылдап, еуропалықтарға Шығыстың қарым-қатынас тәсілдерін, айлакерлігін ашып берді. Венециялықтар өзге шетелдіктерді, нақтырақ айтсақ, шетел елшілерін тыңшы деп санаған. Соған байланысты, 1481 жылғы қаулыға сәйкес, Венеция елшілеріне шетелдердің жеке тұлғаларымен саясат мәселесін талқылауға тыйым салынды.

Қорытындылай келсек, XV-XVI ғасырлардағы дипломаттарға төн сипаттар мен қасиеттер: дипломат – лингвист, ең алдымен ол ортақ тіл – латын тілін білуі керек болатын. Шетелдіктер алдында елші күмән тудыратындықтан, қулығын ішінде сақтап, сыпайылық танытуы маңызды және ол қонақжай әрі өзінің жеке аспазы болуы керек. Елшінің білімдар адамдармен, жазушылармен және әріптестерімен араласуы талап етілген. Келіссөзді асықпай жүргізу үшін, табиғатынан шыдамды, өте байсалды, жағымды жаңалықты сыртқа білдіртпей, өзіне қарсы айтылған сөздерге қарсыласпай тыңдауы керек. Елші дипломатиялық жеңістің қарсыласында немесе әріптесінде кемсіту сезімін тудыратынын есте сақтауы тиіс. Жақсы дипломат ешқашан да қорқыту, қинау, жаман сөз айтуға бармайды. Елшілердің екі түрлі нұсқаулары болған, біреуі халыққа арналса, екіншісі жасырын болған. Олар шет елдерде жергілікті жердің жағдайына икемделуге тиіс еді. Жоғарыда айтылған сипаттар кейін де жалғасын тапты.

*Француз дипломатиясы.* Егер XV-XVI ғасырларда италиялық дипломатия бүкіл Еуропаға үстемдік жасаса, кейінгі XVII-XVIII ғасырлар




бойы құрлықта француз дипломатиясының үлгісі пайдаланылды. Франция корольдері сыртқы саясатқа көп көңіл бөліп, қоршап елдерді өзінің ықпалында ұстау жұмысын жүргізді. 1638-1715 жылдары Франция королі XIV Людовиктің билігі кезінде дипломатиялық қызметтің рөлі күшейді, жаңа қағидаттармен жетілдірілді.

Сол кезде сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік хатшы үкіметтің тұрақты мүшесі немесе мемлекеттік кеңестің мүшесі болды. Әдетте, сыртқы саясат бағытын король белгілеп отырған. Мемлекеттік хатшы Париждегі шетелдік елшілерді қабылдап, шетелдегі француз елшілерін басқарды. XIII Людовик корольдің бірінші министрі, кардинал Арман-Жан Ришельенің пікірінше, Францияда біртұтас билік орнату қажет, себебі қоғамдық пікір қолдамаған жерде ешбір ішкі және сыртқы саясат сәттілікке ұласпайды. Ол бірінші болып сыртқы саясатты қолдау құралы ретінде қоғамда үгіт-насихат жүйесін орнатты.

Кардинал А. Ришелье сыртқы саясатты жүргізу және елші әрекеттерін бақылау мәселесі бір министрлікте шоғырланбаған жағдайда, келіссөздердің сәттілікке әкелмейтінін жақсы түсінген. Егер үкіметтің әр министрі елшілерге түрлі нұсқаулар беретін болса, дипломаттар мемлекеттің басты саясатын түсінбей, нәтижелі келіссөз жүргізе алмайды. Бұған дейін бірнеше басқа министрліктер сыртқы саясат жүргізу ісіне кірісіп, француз елшілерінен есеп алуға құқылымыз деп есептеген. 1626 жылғы декреттің шешімімен кардинал Ришелье сыртқы саясатты түгелдей сыртқы істер министрлігінің құзырына берді. Осылайша, ол сыртқы қатынас мәселелері бойынша нұсқаулардың бір орталықтан берілуін қамтамасыз етті. Кейін мұндай саясатты, яғни бір қол астына шоғырландыру принципін, оның ізбасарлары сақтай алмады.

Франция дипломатиясы келіссөз жүргізуді өнер деп тауып, оны үнемі ұштап отыруды талап еткен. Дипломатиялық келіссөздер кездейсоқ мәселелерді шешу емес, екі ел арасында тұрақты қатынастарды орнатуды көздеген. Әрбір жүргізілген келіссөз нәтижелеріне қарамастан, одан пайдалы сабақ, тәжірибе алуға болады. XV ғасырдың өзінде кәсіби дипломаттар, қазіргі уақыттағы «конференция жолымен дипломатия жүргізу» әдісіне күмәндана қарап, сол кездері дипломатия – бұл суверендердің, яғни ел басшыларының арасындағы жеке кездесуі деп есептеген.

Ұзақ уақыт бойы Франция өзінің дипломатиялық әдіс нормаларын жүргізуде, шетелге жіберілетін елшіге берілетін жазбаша «нұсқауларға» көп көңіл бөлген. Бұл құжатта тек елшілер сүйенуге тиіс саяси нұсқаулар ғана емес, сонымен қатар қабылдаушы мемлекетте орын алған саяси шарттардың барлық сипаттамалары, сондай-ақ мұнда келіссөз жүргізетін дипломатиялық корпустағы әріптестері мен мемлекет қайраткерлерінің сипаты, қызметі, шығу тегі жайлы мәліметтер берілген. 1774 жылы, мысалы, «Йен қаласына Төтенше елші ретінде бет алған барон де Бретейль мырзаға арналған нұсқау меморандумы» бір том құрап, бөлек бес бөлімге бөлінген. Онда бұкіл Еуропадағы жағдай



суреттеліп, тек Австрияға ғана емес, барлық Еуропа мемлекеттеріне қатысты орындалуы тиіс Франция саясатын атқару туралы нұсқаулар берілген.

Француз елшісіне берілген нұсқауларда этикет мәселесі, үлкендік, рәсімділік және қандай адамдармен араласу керектігі жөнінде айтылған. 1712 жылы Лондондағы елші, герцог Д'Омонға берілген нұсқауларда мынадай сөздер бар: «...ағылшын конституциясына сәйкес, Сепджем сарайы елшілерімен араласуға тыйым салынбаған. Сондықтан герцог Д'Омон вигтер қауымынан бас тартпауы тиіс». Сонымен қатар, елшілік персоналын елшінің өзі жинап, төлем ақысын өзі берген. Өзінің атташесі мен хатшыларын өз отбасы мен достарының арасынан таңдаған. Көп жағдайларда олар өз дипломатиялық функцияларын орындауға жарамсыз болып шыққан.

1712 жылы министр де Торси мырза француз шетелдік қызметіне «үкімет адамдары» деп аталатын дипломаттарды оқытуға арналған шағын саяси академия ұйымдастырды. Өкінішке орай, бұл тәжірибе сәтсіздікке ұшырады. Жеке басын марапаттау үшін және ұлттық беделін көтермек болған елшілер өздерімен көп пайдасыз адамдарды алып жүрген. Мысалы, 1686 жылы Константинопольге елші ретінде келген Пьер де Жирарден өзімен бірге 15 джентлмен, 2 хатшы, әйеліне фрейлин, қызметші және 60-қа жуық қызметші, 10 музыкант алып барған.

Елшілердің белгіленген елге жету жолы ұзақ әрі өте қауіпті болатын және өздерімен бірге өз жиһаздарын, суреттерін, ыдыс-аяғын, кілемдерін алып жүруге, сол елге келісімен өз ақшасына елшілікке ғимарат жалдауға мәжбүр болған. Парижден Стокгольмге жету үшін француз елшісі үздіксіз 2,5 ай жол жүрген. Алыс елге елші болып тағайындалуға ешкім қызықпаған, сондықтан көп жағдайда корольдің мәжбүрлеуі орын алған. XVII ғасырда елші жіберер алдында үкімет немесе шетел монархынан алдын ала ағреман немесе келісім алу тәртібі болмайтын.

Еуропалық елдер француз жүйесінен бірдей үлгідегі мамандандырылған дипломатиялық қызмет құру үлгісін алды. Мамандандырылған дипломаттарды даярлауда, олардың білімі, тәжірибесі, мақсаты жағынан үқсас болған. Елшілер келіссөзге кіріспей тұрып, алдын ала мәліметтер жинап, келіссөз жүргізуге тиіс адамдардың алдын ала күшті және әлсіз жақтарын, олардың сенімділік немесе қарама-қайшы қасиеттерін анықтап алған.

Кез келген келіссөздер белгілі бір сатылар мен ақырғы нәтижеден тұрады. Егер осы сатылар ақырғы шешімге жетпей тұрып, қоғамдық даулардың негізі болса, онда ондай келіссөздер сәтсіздікке ұшырайды. Келіссөздер барысында құпиялылықты сақтаудың қажеттілігі жайлы өз кезінің кәсіби дипломаты Жюль Камбон айтып кеткен болатын: «Құпиялылық болмаған жағдайда ешқандай нәтижелі келіссөздің болуы мүмкін емес».

Қандай да саясаттың тиімді не тиімсіздігі туралы шешім қабылдау барысында үкімет елшілердің пікірін әрқашан ескеруі тиіс. Елшінің

ең басты және жауапты функциясы дәл осыған байланысты болады. Себебі, елшілер өз үкіметі мен болмыш елдің үкіметі арасындағы байланыстардың негізгі арнасы болып саналады. Тек елшінің өзі орталықтан келген нұсқаулардың қай уақытта және қандай жағдайда ең тиімді жолмен орындалатынын шеше алады. Демосфеннің пайымдауынша, тиімді жағдайларды қолдану және оқиғаларды басқару билігі елшінің қолында шоғырланған. Сонымен қатар, елші бір үкіметтің мақсаты мен шешімін екінші үкіметке жеткізе алатын жалғыз делдал болып табылады. Егер ол біліксіз, өркөкірек, шыдамсыз болса, үлкен түсініспеушіліктер мен келеңсіз оқиғалар орын алуы мүмкін. Маңызды мәселелердің шешілуі, қабылдаушы мемлекеттің сенім деңгейі мен осы мемлекеттегі байланыстары елшілердің келіссөз жүргізу қабілетіне байланысты болады.

Буржуазия дипломатиясының теориясын жасаған және іс жүзіне асыра алған белгілі ғалымдардың бірі Никколо ди Бернардо Макиавелли (1469-1527). Ол италиялық ойшыл, тарихшы, халықаралық қатынастарда буржуазия идеологиясын жақтаушы және сол теорияға ерекше үлес қосқандардың бірі. 1498 жылы Флоренцияның билеушісі Медичи қуғындалғаннан кейін, Флоренция Республика болып жарияланды. Онда Макиавелли шетелдік қатынастар және әскер мәселелерімен айналысатын Кеңестің хатшысы қызметін атқарды.

1512 жылы Медичи билікке қайтадан келісімен Макиавеллиді қамғауға алып, кейін өз туған жеріне айдап жіберді. Осындай бостандығы шектеулі жағдайда ол өз пікірлерін «Государь. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия» (Патша. Тит Ливийдің алғашқы декадасы хақындағы ойлар), «История Флоренции» (Флоренция тарихы) және т.б. шығармаларында ашық айтты. Осы зерттеулерінде ол халықаралық қатынастардың даму үрдісі, дипломатияда қолданылатын әдіс-тәсілдерді нақты тарихи оқиғалар желісімен баяндайды.

Макиавелли ел басшысының бойында екі аңға тән қасиеттің болғаны жөн деп атайды: бірі – арыстан болса, екіншісі – түлкі. Түлкі қасқырдан қорқады, ал арыстан күшті бола отырып, аңғалдығынан қақпанға түсіп кетеді. Ал, патшаға кей жағдайларда қақпанды айналып өту үшін түлкінің қулығы, ал қасқырды қорқыту үшін арыстанның айбаты қажет деп біледі. Сонымен қатар, автор: «Жаумен екі құрал арқылы күресуге болады, бірі заңмен болса, екіншісі – күшпен. Алғашқысы адами қасиетке, соңғысы аңдық қасиетке тән. Кей жағдайларда алғашқы құрал мардымсыз болса, екіншісіне жүгіну қажет», – деп біледі.

Н. Макиавелли монархияға қарсы шығып, республика құрылымын мемлекетті басқарудың жетілген түрі деп есептеді. Ұлттық мемлекетті жақтай отырып, тәуелсіздікті қорғау үшін биліктің бір қолға шоғырлануын қалады. Оның пікірінше, мемлекетті күшейтуде зорлық-зомбылық, қорқыту, адам өлтіру, алдау, опасыздық секілді амал-айлаларды қолдануға болады. Адам билік пен байлыққа ұмтылатындықтан, оның

бойында менмендік пен өшпенділік, зұлымдық қалыптасады. Сондықтан моральға емес, күшке сүйену керек деп есептеді ол. Бүгінде Макиавеллидің ой-пікірлері демократия, бостандық, елдер тәуелсіздігінің қалыптасу дәуіріне көп жағдайда жат деуге болады. Көптеген еуропалық патшалар – V Карл, II Филипп, IV Генрих Макиавеллидің «Государь» кітабын өздерінің саяси ұстанымы ретінде пайдаланған. Ондағы қауіпсіздік пен мемлекет мүддесінің барлық этикалық ойлардан жоғары тұруын белгілі философ Гегель де қабылдап, кеңейтті.

Италиялық Н. Макиавеллидің теориясына қарсы пікір айтушы француз Франсуа де Кальер болды. XVIII ғасырда дипломатия ғылымының дамуына зор үлес қосқан тұлғалардың бірі Франсуа де Кальердің дипломатқа берген сипаттамасы макиавеллизмнің қарама-қайшылық жағын ашып берді. Оның 1716 жылы жарық көрген «Мемлекет басшыларымен келіссөздер жүргізу тәсілдері» атты еңбегі дипломатия саласында айрықша орынға ие және даналық кітабы деген бағаға ие болды.

Автор дипломат тұлғаның басты қасиеттеріне Никколо Макиавелли атаған құндылықтар жиынтығына мүлдем қарсы категорияларды жатқызады. Олар: шынайылық, ашықтық, қарапайымдылық, өзінің сөзіне деген беріктік және сол секілді т.б. қасиеттерді насихаттайды. Ол өз кітабында «Дипломатияның мақсаты – алдау» деген теорияны жоққа шығарды. Керісінше, ол: «Байсалды дипломатия сенімділікке негізделіп, өз кезегінде сенімділік екі жақтың ықтияры нәтижесінде пайда болады. Дипломат сенімділіктің ашық саясат негізінде қалыптасатынын ұмытпауы тиіс. Ол барлығымен кез келген ақпаратпен бөлісіп, тек өз қызметтік міндетіне сәйкес ақпаратты құпия сақтайды. Жақсы дипломат өзі ешқашан орындай алмайтын іске алдау, отірік уәде беру жолымен жете алмайды. «Ақылды дипломат алдаудың шебері болуы тиіс» деген кең таралған жалған пікір бар», – дейді. Сол уақытта дипломатиядағы және басқа істердегі шындық – ең ұтымды саясат болған. Алдау – елшіге жараспайтын іс, ол іс жүзінде пайдадан гөрі, көп зиян келтіреді. Сонымен, дипломат әділ және адал адам болуы керек деген ұғым қалыптасқан еді.

Еуропада Ренессанс (Жаңа дәуірлеу) гуманистерінің ой-пікірлерін жалғастыра отырып, Ф. Кальер дипломатияны «келіссөздер ғылымы» деп атайды. Өз кезегінде, дипломатиялық жеңіске әкелетін қасиеттер тізіміне өзін-өзі ұстай білу, төртіп және сабырлылықты жатқызады. Ол Макиавелли келтірген құлық, күш, қысым, қаталдық секілді құндылықтар жиынтығы уақытша жеңіс әкелгенімен, нәтижесінде рухани жеңіліске алып келетіндігін анық айтады. Франсуа де Кальер дипломатия тарихында тұңғыш «ашық дипломатия» ұғымын енгізді. Ашық дипломатия қатысушы жақтардың өзара түсінушілігіне негіз болады деп білді. Негізін Кальер қалаған бұл идеяны XX ғасырдың басында АҚШ Президенті Вудро Вильсон өзінің түсінігінше Америка саясатына лайықтап, ары қарай жалғастырды. Ал, Ұлы Қазан социалистік революциясының жетекшісі В.И. Ленин де Кеңестік Ресей үкіметіне

ашық және өділ дипломатия жасауды ұсынды, буржуазиялық жасырын сыртқы саясат жүргізуді өшкерелеу керек деп тапты.

XIX ғасырдың басында Еуропада Англия, Германия, Италия және басқа елдер күшейді. Олардың экономика, саясат, білім, ғылым салаларында Франциямен теңдесуіне байланысты, Еуропада жаңа дипломатиялық тәсілдер пайда болды. Мұхиттың ар жағындағы алып мемлекет Америка Құрама Штаттары әлемдік саясатқа араласа бастады. 1823 жылы 2 желтоқсанда Америка президенті Дж. Монро жаңа доктрина жариялады. Доктринаға сәйкес еуропалық елдердің Латын Америкасы ісіне араласуына тыйым салынды. Мұның негізгі мақсаты – басқа америкалық мемлекеттерді Еуропа империализмінен қорғау емес, оларды өзінің саяси-экономикалық саясатына бағындыру еді. XX ғасырдың ортасында АҚШ бүкіл Оңтүстік Америка мен Канадаға өз үстемдігін орнатты. XX ғасырдың екінші жартысында АҚШ ағылшындармен одақтасып, Еуропа елдерінің саясатына ықпал жасады. Бұл ескі дипломатиядан жаңа буржуазиялық еуропа-америкалық дипломатияға өту кезеңі болды.

Көп халықаралық мамандардың пікірінше, Батыс дипломатиясының негізгі қателігі – жалғыз Еуропа өркениетін жоғары деп есептеп, әлемдік саясатты өз қолында ұстауы болды. Империализм Азия мен Африка елдерін отарлау, экспансия жасау аймағы ретінде қарады. Олардың саяси-экономикалық салада артта қалуына отаршылдық және христиан-миссионерлік саясаты себеп болды. Бес ұлы державаның (Франция, Германия, Англия, Австрия, Ресей) бірі кіріспесе, құрлықта үлкен соғыс болмайды деп саналған. Осылайша бейбітшілік және соғыс мәселелері бойынша ақырғы шешімдер тек еуропалық астаналарда қабылданған. Мысыр және Ауғанстан, кейін Албания ағылшын-француз, ағылшын-орыс немесе ресей-германдық бәсекелестігінің объектісіне айналды. Африка елдерін Англия, Франция, Испания, Бельгия әскери күш арқылы өзара бөлісті. Бір мезгілдері Балтық немесе Балқан және Қытай жерлері дипломатиялық шиеленіс орталығына айналып отырды. 1913 жылғы Лондондағы дипломатиялық конференция ескі буржуазия дипломатиясы әрекетінің ақырғы және де әлсіздік үлгісін көрсетті, 1914 жылы кіші мемлекеттер арасындағы жанжалдар алып державалардың жанжалына ұласып, Бірінші дүниежүзілік соғысқа айналып кетті.

## 1.2. Шығыс елдерінің қарым-қатынастары

Бізге белгілі тарих өз бастауын Шығыстан алады. Осы жерлерде алғашқы әлеуметтік және саяси құрылымдар пайда бола бастады. Бұл жайында ежелгі римдіктер «Шығыстан шыққан күп сәулесі бізге де жетті» деп бекер айтпаған.

Онда көне мемлекеттер пайда болып, бір-бірімен саяси, сауда қатынастарын орната бастады. Біздің заманымызға дейінгі төртінші

мыңжылдықта оңтүстік Қосөзен (Месопотамия) – Тигр мен Евфрат жерінде бірінші саяси құрылымдағы мемлекет-қалалар пайда болды. Оған мысал Урук қаласы, оның әкімшілік жүйесі аспан құдайы – Анаға табынушылығымен тығыз байланысты. Урук басшысы Гильгамеш кезінде Лагаш, Ниппур және т.б. көршілерін бағындырды.

Біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықтың ортасында Қосөзенде семит тайпаларының белсенді шабуылы және келіссөз жүргізу саясаты арқылы Аккад елінің қолбасшысы Саргон Киш мемлекетінің құлдырауынан кейін өзіне жаңа мемлекет құрып, көршілес елдермен шайқаста жеңіске жетіп отырды.

Ел басшысы Саргон өз билігінің астына Шумер елін біріктіріп, үлкен мемлекетті басқарды. Осы аймақта б.з.д. XIX-XVIII ғасырларда күшті Вавилон (Бабыл) мемлекеті пайда болды. Қосөзеннің орталығында орналасқан Вавилон кейін әлемдегі ірі мемлекеттің біріне айналып, көршілес елдермен дипломатиялық қатынастар орнатты.

Б.з.д. XXI ғасырда «Шумер мен Аккад» патшалығы сириялық далада мекендеген аморей көшпенділерімен бірге болды. XIX ғасырдың соңында бірнеше аморейлік тайпалар бөлініп кетеді. Осы жағдайды пайдаланып, б.з.д. 1792-1750 жылдары Вавилон патшасы Хаммурапи Месопотамияны біріктіруге кірісті. Ол «Шумер мен Аккад» елдерін Месопотамия державасын қайта қалпына келтірді. Месопотамияның саяси жүйесі және жағдайы, әлеуметтік-экономикалық құрылымы өзгеріске ұшырайды. Хаммурапидің жеңісінен кейін заңдар оңделіп, заңның тілі классикалық вавилондық аккад диалектісінде жазылып, тасқа басылды.

Осы өңірде өркениет мемлекеттік деңгейде болды, сонымен қатар құқыққа үлгі боларлық заңдар жинағы жасақталды. Соның дәлелі ретінде Хаммурапи заңдарын атауға болады. 1901-1902 жылдары француз археологтары Суза қаласында (Эламның ежелгі астанасы) Хаммурапи заңы атты жазбаны қара базальт бағанынан тапты. Тақтайшаның беткі жағында патша Хаммурапидің заңдары жазылып, Шамаш құдайына жалбарынып тұрған бейнесі берілген. Бағананың қалған үш бөлігін сына жазу (клинописі) мәтіні толығымен алып жатыр. 282-баптан тұратын заңның 35-і өшіріліп қалған, ал оқуға келетін заңдарда келіссөз жүргізу, соғыс ашу, бейбітшілік келісім жасау жолдары жазылған. Бұл заңдар көне Вавилон және басқа да ежелгі Шығыс елдері заңдарының басты қайнар көзі болды яғни, Хаммурапи заңы мемлекеттің саяси, әлеуметтік және шаруашылық өмірін өзгертті.

Ежелгі Мысырдың қоғам және мемлекет ретінде қалыптасуы Месопотамиядан ерекше. Б.з.д. IV-III ғасырларда Мысыр жерінде жиырмаға жуық номдар (облыстар) және дербес қалалар болды. Мемлекетті фараондар басқарып, шетелмен байланыс жасау, сыртқы саясат жүргізу олардың құзырында болды. Фараондар кең көлемді сыртқы саясат жүргізудің арқасында солтүстіктегі Синай, оңтүстіктегі Нубия және

батыстағы Либия елдерімен тығыз байланыста болды. Бұл елдерді жаулап алып, алтын, күміс, бағалы тастар, піл сүйектерін және басқа да байлықтарды Мысырға алып келді. Фараондар өздерін «Күннің ұлы» деп есептеп, бастарына мәңгілік ескерткіш қалдыру үшін Ніл өзенінің бойында атақты Хеопс (Хуфу), Хефрен (Хафра), Джосер (Джесер), Снофру (Снефру) пирамидаларын салдырған. Елде мамандандырылған мекемелердің әрқайсысы өз қызметін атқарды. «Қару-жарақ үйінің» басшысы әскери қаруландырумен қамтамасыз етуде, кемелер мен бекіністер салуда жауапты болды. Арнайы сот құрылымы бүкіл елдің сот ісін басқарды. Мемлекеттің «Мерді сақтаушысы» шетелге жіберілетін елшілердің сапарларын ұйымдастыруға, оларға тапсырыс беруге жауапты болған. Әрбір мекеменің өз штаты, бөлімшелері болды.

III Аменемхеттен кейін фараондардың билігі құлай бастады. Бірақ мысырлықтар одан кейін де Нубия, Либия және Азияға сәтті жорықтар жасап тұрды. Бұл мемлекеттерден елге қажет асыл тастар, материалдар, ливандық кедр ағаштары мен құлдар әкелініп отырды. 13-династия патшалары билікті әрең ұстап тұрды, кейін мемлекет екі бөлікке бөлінді.

Ежелгі Мысыр б.з.д. XVI-XI ғасырларда Азиядағы көп халықтарды басып алып, Евфрат өзеніне дейін созылып жатқан әскери держава болып қалыптасты. Мысыр белсенді сыртқы саяси байланыстарын кеңейтті. Оның Таяу Шығыс мемлекеттері Митания, Хет патшалығы, Вавилон басшыларымен хат жазысқан бағалы дипломатиялық құжаттары Тель-Амарна жеріндегі қазба жұмыстары кезінде табылған. Табылған құжаттардан сол кездегі халықаралық қатынастардың бейнесін көруге болады. Әскери экспедициялар көп қаражат пен күшті саясатты қажет етті. Сондай-ақ, мемлекет мықты, шыдамды, соғыса алатын көп әскерге мұқтаж болды. Сол уақытта Мысыр либиялық, эфиопиялық, Батыс Азия халықтары арасынан жалдамалы әскерлер жинады. Фараон II Рамзес немесе Ұлы Рамзес дәуірінде Мысыр қайта күшейеді.

Бұл кезең империя сыртқы саясатының ең жоғарғы сатыға көтерілу кезі еді. II Рамзес хеттерге қарсы жорықтардан бастады. Хеттер патшасы Муваталлидің тактикалық қателігін пайдаланып, оларды жеңеді. Кейін II Рамзес Палестина мен Сирия жерлерін басып алады. Шығыста Ассирия мемлекеті күшейіп келе жатты. Саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты фараон бұрынғы жауы хеттермен Ассирияға қарсы одақ құрды. Бұл одақты нығайту үшін II Рамзес Хет патшасының қызына үйленді. Сөйтіп, елдің сыртқы саясатын, қауіпсіздігін нығайтты.

Бірақ Еуропа, Азия, Африка түйіскен жерде орналасқан, стратегиялық маңызы зор Мысыр еліне көз салушы державалар көп болды. Уақыт өте б.з.д. VI ғасырда Мысыр гректердің ықпалында болып, кейін Персия патшасы Камбиздың қол астына түседі. Б.з.д. 332 жылы бұл елді Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) жаулап алып, Мысырдың тәуелсіздігін жойды. Кейін грек Птоломей, Рим император-

лары басқарып, біздің заманымыздың IV ғасырында Мысыр Византия империясы құрамына кіреді. Бұл империяның аумағы Орталық Азияға дейін созылып жатты.

Орталық Азиядағы бірінші ірі мемлекет болып қалыптасқан Құшан патшалығы еді. Оның құрамына бүгінгі Үндістан, Ауғанстан және Орта Азия жерлерінің едәуір бөлігі кірді. Қалаларда сауда, қолөнер, сәулет өнерлері дамыды.

**Ежелгі Қытай.** Ежелден қытай шежірешілері тарихи мәліметтерді сүйек, бамбук тақтайшалар мен жібекке, кейін қағазға жазып отырған. Осы бай жазбаларда көрші елдермен байланыс жасау, хат алмасу, соғыс және бітімдер туралы деректер мол.

Ежелгі Қытай үнемі өзара жауласушы ұсақ тайпа, бектерден тұратын. Чжаньго династиясы кезінде қазіргі қытай жерінде жеті дербес патшалық саяси аренаға шықты. Патшалықтар арасында туындаған қарама-қайшылықтарды шешу үшін елшілер жіберіліп тұрды. Көрші халықтардың ішіндегі қытайлардың басты жауы – гундар болды. Оларға қарсы Қытай билеушілері үнемі шапқыншылық жасап келді. Біздің заманымызға дейінгі III-V ғасырларда гун мен қытай арасындағы шиеленісті бейбіт жолмен шешу және бір-біріне шабуыл жасамау туралы бірнеше шарттарға қол қойылды. Хань императоры гун билеушісі Модэнің алдында бас иіп, онымен «тыныштық және туыстық туралы шартқа» қол қойып, өзінің ханшасын әйелдікке беріп, әрі жыл сайын салық төлеп отырған. Бірақ бұл келісімдер берік болмады. Уақыт өте Цинь династиясының билеушісі көрші елдерді бағындырып, оларды Цинь мемлекетіне қосып алып, халықтарын қытайландырды.

Қытай дипломатиясы көрші елдерді бағындыру, шетелмен сауданы кеңейту, халықаралық сауда-саттық жүретін жолдарда үстемділік танытуға бағытталған еді. Сонымен қатар, қытайлықтар зәлімдік «цаньши» саясатын ұстанды, атап айтқанда, көрші елдердің жерлерін жапырақты жеген жібек құртындай «жеу», жерін тартып алған соң одан әрі жергілікті халықпен сіңісіп кету әдісін пайдаланды. Мықты қарсыласына қымбат сый беріп, қытайша «цзими» саясаты арқылы өзіне қарсы етпей ұстау сияқты дипломатиялық айла-тәсілдерін қолданды.

Көрші мемлекеттермен қарым-қатынас орнатуда арнайы саяхатшы елшілер институты жұмыс істеді. Хань династиясы билеген кезде Орта Азияда тұратын юечжи халқын үгіттеп, өзінің ежелгі дұшпаны Гун мемлекетіне қарсы соғыс ашу мақсатымен Қытай императоры У-ди б.з.д. 138 жылы Чжан Цян басқарған жүз адамнан құралған елшілікті Сырдария бойына жібереді. Алайда, оның «варварларды варварлардың қолымен жеңу» әдісі қолдау таппай, қытайлықтар өз еліне оралады.

Батыс Азия елдеріне жіберілген қытай елшілері сол елдердің географиялық орналасуы, әдет-ғұрпы, әскери жағдайы, көршілермен қарым-қатынасы, қазба байлықтары және тағы басқа мәліметтерді жи-



науы тиіс еді. Осы мәліметтердің негізінде көрші елдермен саяси, сауда байланыстарын жүргізу жөнінде жоспарлар дайындалды.

Чжан Цян басқарған елшілік Қытай мен Орта Азия арасындағы дипломатиялық қатынас пен сауда қатынастарының дамуына үлкен септігін тигізген. Елшілер үлкен өкілеттікке ие болған, олар өз бетінше шешім қабылдауға құқылы еді. Ежелгі Қытайда ерекше қызметі үшін елшілерге шен беріліп отырған.

Б.з.д. 200 жылы қытайлықтармен кезекті әскери операцияда гүндар жеңіске жетіп, екі ел келіссөздерінен кейін «бейбітшілік пен туысқандыққа негізделген» шартқа отырды. Келісімге отыру айбатты көрші елмен қарым-қатынасты қалпына келтіріп, елдің солтүстігіндегі жағдайды тұрақтандыруға себін тигізді. Алайда, бұл құжаттың шарты империяға өте ауыр тиді және қытайлықтар өздерін шаңьюялықтардың алым төлеушісі ретінде сезінді. Кейін осы келісім-шарттар кәдімгі дипломатиялық тәжірибе тәрізді қалыптасып кетті. Гүндарды өлсірету мақсатында қытайлықтар ерекше тактика ойлап тауып, ол «батыс гүп шегінде» тұратын усун (үйсін) тайпасын шығысқа қарай қоныстандыра бастады. Бұл мәселені шешуге көп дипломатиялық күш-жігер талап етіліп, қытайлықтар усун билеушілеріне Хань әулетімен некелік туыстықта болуды да ұсынды.

Ұлы Жібек жолы Қытай мен Орта және Таяу Шығыс арасында дипломатиялық, сауда және мәдени байланыстардың дамуында маңызды рөл атқарды. Император Сюань-ди (б.з.д. 74-48 жж.) тұсында гүндардан тәуелді тайпаларға ақша беріп, оларды өзіне одақтас ету арқылы жеңіске жетті. Содан кейін ол көрші мемлекеттерге әскери жорықтар жасап, басып алған жерлерден Қытайға үлкен сыйлықтар әкелді.

Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың ортасында көптеген этникалық топтар негізінде (парсылар, гүндар, оғыздар) Жоңғария аймағы мен Моңғолияның солтүстік-батыс бөлігінде түрік деген этникалық қауым пайда болды. 551 жылы түріктердің басшысы қаған титулын қабылдап, өз жерлерін кеңейте түсті. Түрік қағанаты Шығыс түрік және Батыс түрік қағанаттарына бөлінді, олар Қытайға тәуелді болып, тек VI ғасырлар аяғында ғана бостандық алды. Жаңа Екінші Түрік қағанаты пайда болып, оның ішкі саясаты бұрынғыға қарағанда мықты болды. Ол VIII ғасырдың соңында жойылды. Ұйғыр қағанаты IX ғасырға дейін өмір сүрді, кейін ұйғырлардың көбі қазіргі уақытқа дейін тұрып жатқан Шығыс Түркістанға көшті.

Бірінші түрік мемлекеттерінің көп өмір сүрмеуін көп жағдайлармен байланыстыруға болады. Олар белгілі бір территорияда қалыптасып қалуға тырысқан жақ, керісінше, олар көшпелі өмір қалпында шұрайлы жерлерге көшіп-қонып, көрші елдермен ассимиляцияға түсіп отырды. VI ғасыр ортасында түріктер Жайық және Еділ өзендеріне жетіп, Иранның Сасанид басшыларымен соғыс жүргізді. Түрік мемлекеттері Орталық Азияның батыс жағы мен Еуропаның шығыс бөлігін өздеріне

бекітті. Таяу Шығыстағы ең ірі екі империя – Византия мен Сасанидтер арасындағы қақтығыстарда Түрік қағанаты Византиямен Соғды саудагерлері арқылы байланыс жасап, одақтасты. Кейін сасанидтерге қарсы шықты, соның нәтижесінде түріктер Орталық Азия кеңістігіндегі әлемдік істерге араласа бастады. 651 жылы Сасанид мемлекетін Араб халифатының әскерлері басып алып, осы иран мемлекеті тарихи аренадан кетті.

Орталық Азияның оңтүстік территориясында сол кездері иран этникалық қоғамдастықтары және мемлекеттері басым болды. Олардың көбі мұсылман Араб халифатының құрамына енді, ал қалғандары кейін Ислам дінін қабылдады. Түрік тілі аз пайдаланылып, көбіне парсы тілдері қолданыла бастады. IX ғасырда Саманид эмиратының астанасы Бұхара Халифаттан бөлініп шығып, Орта Азияның орталығы болды. Оған Мауереннахр, Хорезм және Хорасан кірді. Бұхара мен Хорезм өзінің Үндістан, Қытай және Киевтік Русь мемлекеттері арасындағы сауда қатынастарымен танымал болды. Хорезм бай Таяу Шығыс пен солтүстіктің көшпенді жерлері арасында делдал мемлекетке айналды.

Моғолстанда түркі тілдес бектердің бір ұлы Әмір Темір (Ақсақ Темір, Темірлан) таныла бастады. Ол Мауереннахрға келіп, Самарқандты жаулап, оны өзі иеленген жерлердің астанасы етіп жариялады. XIV ғасырдың 70-жылдары оның қолбасшылық атақ-даңқы Азияға тарады, қысқа мерзім ішінде барлық Орта Азияны жаулап алды. Әмір Темір Иран, Алтын Орда, Үндістанның солтүстік жерлерін жаулап алып, үлкен империяның билеушісіне айналды. Әмір Темірдің Алтын Орданың тақ мұрагері Тоқтамыс ханның әскерін талқандауы орыстардың бостандық алуына оңтайлы жағдай жасады. Византия және Қытай Әмір Темірге өз елшілерін жібере бастады. Халықаралық қатынастарда көшбасшылар өз кезегінде дипломатиялық тәсілдерді ұтымды қолдануымен де ерекшеленген. Тарихта бұған айқын мысалдар жетерлік. Хан-сұлтандар өз кезегінде бір-бірінің артықшылықтарын ғана емес, сонымен қатар кемшіліктерін де астарлы сөз өрнегімен жеткізе білген. Оған Әмір Темірдің Осман әулетінен шыққан түрік сұлтаны, қолбасшы Баязитті 1402 жылы Анкара маңындағы шайқаста жеңіп, оған: «Аллаһ мемлекетті билеуге біз секілді адамдарды қоятыны жай болмас. Сен – қылысың, мен – ақсақпын», – деп айтуы айқын дәлел бола алады.

Шығыс Түркістан мен Орта Азияға бірнеше рет келген Қытай елшілеріне жауап ретінде Қытай императорына ол Хафиз молла бастаған елшілерін жіберді. Олармен бірге үлкен сауда керуені де сапар шекті. Қытай императорына жіберген хатта екі мемлекеттің өзара қайшылықтарын соғысқа ұластырмай шешу, достық, сауда қатынастарын орнату ниетін қолдайтыны айтылған. Сондай-ақ, Моғолстанмен де бейбіт қарым-қатынас сақтауды көздеген. Әмір Темір мемлекетіне Қытайдан әкелінген фарфор, шай, жібек, атлас, бағалы тастар көпшілік сұранысына ие болды.

Мин династиясындағы Қытай императорының өз мәртебесін жоғары танып, Әмір Темірдің қарамағындағы ауылдарға салық салуы оның наразылығын тудызып, Қытайға жорық жасауға итермеледі. Бірақ, жорықтың алдында Әмір Темір кенеттен қаза тапты. Оның өлімінен кейін империя үшін талас-тартыс бірнеше ғасырға созылды.

1455 жылы Орталық Азия аймағында Қазақ хандығының құрылуы үлкен саяси өзгерістерге алып келді. Оның сыртқы саясаты, көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасы туралы арнайы тарауда толық баяндалады.

**Араб халифаты.** Тарихта дипломатия мен дін өзара ықпалдастықта болды, билік дінге негізделіп, халықты басқару формасының бір түрі ретінде пайдаланды. Араб халифаттары кезінде дипломатиялық қатынастар кеңінен дамыды.

Азия мен Африка түйіскен аймақта арабтар ірі мемлекет құрып, үлкен табыстарға қол жеткізді. Бұл сәттілік – жаңа монотеистік ислам дінінің пайда болуы еді. Меккедегі құрайыш тайпасы ежелден Қағбада орналасқан қара тасты киелі жерлердің бірі деп санаған.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.), толық есімі Мұхаммед бин Абдулла бин Абд Муталиб бин Хашим – соңғы пайғамбар, Алланың елшісі, Мекке қаласында құрайыш тайпасында дүниеге келген. Мұхаммед пайғамбар 13 жыл бойы Меккеде арабтарды Ислам дініне шақырып, онда көптеген кедергілер мен қарсылықтарға ұшырайды. 622 жылы мұсылмандар Мединна қаласына қоныс аударды. 625 жылы Ухуд соғысында иаһудилердің пайғамбарға жасамақ болған қастандықтары әшкере болып, жүзеге аспай қалды. Иаһудилер бейбіт келісімді бұзған соң, Мұхаммед пайғамбар оларды қырмай, Мединнадан 10 күн ішінде қоныс аударуды бұйырып, елші жібереді.

Келіссөз жүргізудің үлкен үлгісін және бейбіт саясат арқылы шайқассыз мақсатқа жету жолдарын біз Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың Меккеге умра кіші қажылық жасау мақсатында барған сапарынан көреміз.

Мекке қаласына қару-жарақсыз сапар шегудің қаупін ескерткендерге Мұхаммед пайғамбар өз ниетінің шайқасу емес, умра ғибадатын орындау екенін баса айтты. Содан бері, қалыптасқан салт бойынша, қасиетті айда өзара қырқысу тоқтатылып, ымыраға келіп, Қағбаны, тәуап етіп, ғибадаттарын бейбіт орындауға мүмкіндік беріледі. Бірақ, бұл жолы мүшріктер мұсылмандарды Меккеге кіргізбейміз деген шешім қабылдап, соғысуға бел буады. Қасиетті жерде, қасиетті айда қантөгіс қаупінің алдын алу үшін, пайғамбар құрайыштарға: «Соғыс сендерді қалжыратты. Өздерің келісіп, бізбен соғыспайтын бейбіт шарттың нақтылы уақытын белгілеңдер. Сол уақыт ішінде бір-біріміздің қанымызды ағызбайтын болайық, сосын Қағбамен арамызға тосқауыл қоймасын, біз умра ғибадатымызды орындап, құрбан шалайық», – деген хабармен елші жібереді. Құрайыштар ұсынысын қабылдамай, елшісіне

құрмет көрсетпесе де, пайғамбар сабырмен ақырын күтіп, кері қайтпады. Ақырында, құрайыштар мұсылмандармен келісім жасау үшін елшілерін жібереді. Мұхаммед пайғамбар құрайыш елшілерінің бейбіт келісім жайлы ұсыныстарын қабылдап, талаптарын ескере отырып, бекітті. Келісім бойынша, 10 жылға бейбіт қатынаста өмір сүріп, мұсылмандарға Меккеде келесі жылы Қағбаны тәуап етуге мүмкіндік берілетін болды. Ағайындармен соғысқа бармаудың жолын тауып, үлкен дипломатиялық жеңіске қол жетті.

Ислам діні орнаған соң Мұхаммед пайғамбар Рум (Византия), Иран, Хабашстан (Эфиопия), Мысыр және т.б. елдердің басшыларына Алланың бірлігін, пайғамбардың хақтығын мойындауға шақырған арнаулы хат жібереді. Көптеген ел басшылары Мұхаммед пайғамбарды және Ислам мемлекетін мойындайтындықтарын білдірді.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар 632 жылы дүниеден өткеннен кейін, оның ең беделді серіктестері Әбу Бәкір, одан кейін Омар, Осман діни және саяси басшылар болып сайланып, халиф деген атаққа ие болады. Исламның таралуы сәтті болып, көрші елдерді қосып алу жалғастырылды. Сирия мен Палестина, Мысыр мен Либия, Мағриб жерлері, Андалусия (Испания), Иран Араб халифаты құрамына кірді.

Ислам дінін таратуда және басқа елдерді мұсылмандыққа көшіруде халифтер үлкен дипломатиялық өнер көрсетіп, көрші мемлекеттердің басшыларына арнайы елшілер, дінді уағыздаушылар, ғалымдар жіберген. Олар Араб халифатының дипломатиясында ислам қағидаларын пайдаланған: «Иа, Аллаһ! Маған қолымнан келетін істі атқаратын қуат бер, қолымнан келмейтін іске ұмтылмайтын ерлік бер, осы екеуін бір-бірінен айыра алатын ақыл бер!»

661 жылы Мағауия халиф болып сайланып, ол Дамаск (Шам) қаласында Омейяд династиясын құрды. Омейяд халифаты өз билігін нығайтуға кірісті. Құрамы әр түрлі халықтан тұратын үлкен мемлекетті басқару үшін мықты дипломатиялық, діни және саяси құрылымдар құрылды. Олар екі маңызды факторды алға қойып, сол арқылы сәтті саясат жүргізді: мұсылмандандыру – жаулап алу барысында сол жерлерді мұсылмандыққа енгізу; арабтандыру – халифаттың билігін күшейту. X ғасырда Бағдад қаласындағы Аббасидтер халифатында мұсылман түркі тайпалары белсенді саяси рөл ойнады. Орталық Азияда 999 жылы Саманидтердің орнына Қараханид түркі династиясы келді.

Араб тілі бүкіл Халифат құрамындағы елдермен дипломатиялық қатынас тілі және ғылым, білім, әдебиет, дін аясында қолданылатын ортақ тіл еді. Халиф ислам діни басшысы (имамат) болды және мемлекеттік билікті (әмірлікті) өз қолында ұстады. Мемлекеттік аппаратта шет мемлекеттермен және автономиялық статусы бар Ирак, Арабия, Мысыр, Мағриб және Кавказ елдерімен дипломатиялық қатынас жасайтын уәзірлігі болды.

XII ғасырда Мысырдағы Фатимидтер мемлекетінің әлсірегенін пайдаланып, Еуропа христиан крестшілдері Сирия мен Палестинашы жаулап алды. 1171 жылы әскер қолбасшысы Салах ад-Дин Айюби Каирде өзін сұлтан етіп жариялады. Ол өзінің дипломатиясын, барлық күшін басқыншы крестшілерге қарсы жұмылдырып, 1187 жылы Иерусалимді (Өл-Құдс) алды. Крестшілердің үшінші жорығын бастаған Англия королі Ричард мұсылман әскерлерін жеңе алмағандықтан, сұлтан Салах ад-Динмен келіссөзге баруға мәжбүр болды. Соның нәтижесінде, король Ричард Иерусалим қаласын басып алудан бас тартты, ал мұсылман жағы Иерусалимдегі христиандардың қасиетті жерлеріне еуропалықтардың табынуына рұқсат берді. Сұлтанның саясаты дінаралық қақтығысқа жол бермей, бейбіт келісімге қол жеткізді.

1250 жылы Айюбилердің соңғы ұрпағы Орталық Азиядан шыққан түркі мамлүктерінің күшімен тақтан түсірілді. Осыдан кейін Мысыр мен Сирия екі ғасыр бойы мамлүк билігінің қол астында болды. Сол кездері аса көрнекті қолбасшы, қазақ топырағынан шыққан Мысыр, Сирияны билеуші сұлтан Бейбарыс Дешті Қыпшақ мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, ірі әскери-саяси одақ құрды. Бұл туралы толық мәлімет Қазақ хандығының дипломатиясы тарауында беріледі.

### 1.3. Қазақ хандығының дипломатиясы

Қазақстан, Орта Азия аумағын мекендеген сақ, ғұн тайпалары ежелгі дүние өркениеттерінің иелері – парсылар, гректермен байланыс орнатқан. Ол туралы б.з.д. 260 жыл бұрып өмір сүрген скиф-сақ ойшылы Анахарсистің *Эллада еліне барып, мемлекет ісі, философия ғылымын игергендігі туралы маңызды дерек бар.*

Грек тарихшысы Геродот (б.з.д. 490 және 484-425 жылдар арасы) скифтердің Шығыстағы далалық көшпелі тайпалардан келгенін айтады. Қытай жазба деректері бойынша қазіргі Қазақстан жеріндегі тайпалар туралы алғашқы мәліметтер б.з.д. бірінші ғасырда билеген Қытай императоры У-дидің батыс өңірде орналасқан елдерге жіберген елшісі Чжан Цяннан алынды. Ол екі рет біздің өңірді аралап қайтқан. Қытай жазбаларындағы «Батыс өңір» деген жерлер қазіргі Шыңжаң (Шығыс Түркістан) және Қазақстан мен Орталық Азияның біраз бөлігіне қатысты қолданылды.

Деректерге сүйенсек, Орталық Азияда мемлекет бірлестіктері бір-бірімен қарым-қатынаста өз жауларына қарсы басқа елдермен одақ құрып, өзінің үстемдігін жүргізуге тырысқан, яғни дипломатиялық қатынастар орын алған. Б.з.д. 170-160 жылдары Жетісуда Үйсіндер мемлекеті дамып, нығайды. Ғұндардың тегеурініне төтен беру үшін Үйсіндер Қытаймен дипломатиялық және достастық қатынастарда болған. Ал Хань империясы үшін Үйсіндер ғұндарға қарсы күресте

таштырмас күш болды, қытайлықтар ұстанған саясат «көшпенділерді көшпенділердің күшімен талқандау» өз нәтижесін берді.

Тайпалар мен халықтардың Шығыстан Батысқа қарай мекен ауыстыруына байланысты, Қазақстанның оңтүстігінде б.з.д. II ғасырда Қаңлы мемлекеті бой көтерді. Деректер бойынша олар Сырдарияның төменгі ағысы, Арал мен Каспий теңіздерінің аралығында орналасты. Сол кездері Қаңлы ірі мемлекеттік бірлестікке айналып, Қытай, Рим, Кушан, Парфия, Кавказ мемлекеттерімен жан-жақты байланыс жасап, елші жіберіп, сол елдерден делегация қабылдаған. Қаңлы мемлекеті өз жерінен өтетін Ұлы Жібек жолын үнемі бақылауда ұстауға ұмтылған. Үйсіндер мен қаңлылардың соғысуы нәтижесінде екі мемлекет ыдырап, 552 жылы құрылған Түрік қағанатының құрамына енді. 582-603 жылдары Түрік мемлекеті ыдырап, одан Шығыс және Батыс Түрік қағанаттарына бөлінді. Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін, Орталық, Солтүстік-Шығыс Қазақстан жерлерінде Қимақ қағанаты құрылды, олардың денін қыпшақтар құрайтын еді. Қыпшақтар бұл Одаққа кіргенімен, VIII ғасырдан бастап өзін-өзі билеуге, дербестікке ұмтылды.

V ғасырдың 30-жылдарында аты аңызға айналған қаһарман жауынгер, айлакер дипломат, ғұн патшасы Аттила (Еділ) Батысқа бет алып, еуропалық елдердің бірқатарын тізе бүктірген. Ол құрған мемлекет күшейіп, әлемге әйгілі болды.

Алтын Орда хандығы ыдыраған соң, оның бір бөлігінде Дешті-Қыпшақ мемлекеті пайда болды. Соның нәтижесінде XIII ғасырдың екінші жартысында Орда жерлері Қыпшақ мемлекетіне айналды.

XI-XII ғасырларда ұлы дала Ертістен бастап Қара теңізге дейін созылған ұланғайыр жерлер Қыпшақ хандығының шығыс бөлігі болды. Сол мезгілде қыпшақтар орта ғасырдың ең ауқымды, ең күдіретті мемлекеттерінің бірі болған және ең ірі этникалық топтарына жатқан. XIII ғасырдың бірінші жартысында қыпшақтардың билігінде болған жерлердің бәрі Моңғол империясының құрамына енді. Саяси билікті өз қолдарына алған моңғол шонжарлары қыпшақтармен туыстасып, бірте-бірте олардың ортасына қосылып, сіңісіп кетті. Қыпшақ дәстүрі, мәдениеті моңғол дәстүрінен басым түсті.

XIII ғасырдың бас кезінде Моңғол империясының құрылуы Орталық Азия, Қазақстан және Шығыс Еуропа халықтары мен мемлекеттерінің тарихи тағдырына орасан зор ықпал жасады. 1218-1219 жылдары Шыңғысхан қолбасшылығымен моңғолдар көрші елдердің көптеген халықтарын бағындырды. Солтүстік Қытайды басып алғаннан кейін, Шыңғысханның басты саясаты батыс елдерін – Орта Азия мен Иранды, Таяу Шығыс пен Кавказдың батыс жағын, Шығыс Еуропаны жаулап алу болды. Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алу моңғолдарға Оңтүстік Қазақстан арқылы Орта Азияға жол ашты. Мауереннахрдағы хал-жағдайды анықтау үшін ол әуелі Хорезмшах Мұхаммедке өзінің Солтүстік Қытайдағы жеңістері мен түріктер елін бағындырғаны

жөнінде және онымен бітім шарт жасасуды ұсынып, елшілер арқылы хат жібереді. Бұл болашақ әскери жорықтың дипломатия жолымен жасалған өзіндігі еді.

Шыңғысхан жіберген елшілік керуенінің Отырарда құртылып жіберілуі Хорезмшах иелігіндегі жерлерге моңғол әскерінің басып кіруіне желеу болды. Жергілікті халық оларға қатты тойтарыс беріп, қарсылық көрсетті, өсіресе, Отырар билеушісі Қайыр ханның бес ай бойы беріспей күрескені ел есінде.

1221 жылдың көктемінде моңғолдар Орта Азияны жаулап алуды аяқтайды. Шыңғысхан әскери күшпен қоса ұтымды дипломатия да жүргізді. Қазақстан жері үш моңғол ұлысының құрамына енді. Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы Шыңғысхан енгізген үлгімен жүрді, Қазақстанды Жошы ұрпағынан шыққан хандар биледі. Маңызды мемлекеттік мәселелерді шешу үшін билеуші әулет мүшелері бастаған ақсүйектердің жалпы жиналысы – құрылтай шақырылатын болды. Алыс-жақын мемлекеттермен елшілік қарым-қатынасты бектер басқарған, ал атқарушы билік уәзірлердің қолында тұрған. Лауазымды қызметтерді хан отбасының мүшелері атқарған. Алтын Орда (Жошы ұлысы) өздеріне қарсы елдерді жалғыз әскер күшімен ғана емес, дипломатия арқылы да жаулап алып, көрші мемлекеттерді бір-біріне қарсы қойып, оларды қырылыстырып отырған.

Этникалық орта мен ислам дінінің бірлігі әлемдік аса ірі мемлекеттер – Мамлүк мемлекеті мен Дешті-Қыпшақ арасындағы одақтық және достық байланыстар орнауының негізі болды. Мысыр Мамлүк мемлекетінің Ирак Жалайыр мемлекетімен саяси қарым-қатынасы және этникалық байланыстары болды. Шыңғысхан ұрпақтарының арасындағы тұңғыш Берке ханның Ислам дінін қабылдауы сол заманда Таяу Шығыстағы ең ірі империя – Мысыр Мамлүк сұлтаны Аз-Захир Бейбарыспен достасып, одақтасуға алып келді. Алтын Орда билігіне мұсылман Берке ханның келуі басқа да араб-мұсылман әлемімен жақындасуда басты себеп болды.

Қыпшақтар – қазақ даласында үлкен саяси және этностық біріктіруші рөл атқарған тайпа. Сондықтан араб, парсы авторлары, Мысыр Мамлүк мемлекетінің жазбаларында қазақ жерін Қыпшақ даласы (Дешті-Қыпшақ) деп атады. Ғылыми әдебиеттерде кеңінен тараған «Алтын Орда» атауы орыс жылнамаларында XVI ғасырдан кейін пайда болғаны белгілі. Араб-мұсылман дереккөздерінде бұл мемлекеттік құрылым бірнеше атаулармен белгілі.

Алтын Орданың астаналары Сарай-Бату, Сарай-Берке және Жайық өзенінің жағалауында, Атырау қаласынан 60 шақырым жерде орналасқан Сарайшық қаласы Таяу Шығыстағы Мысыр Мамлүк мемлекетімен тығыз байланыста болды. Олардың қираған қалдықтары қазақ жерін орыс патшасының отарлауынан кейін Ресей аумағына тиесілі болды. Сол себептен, жазба деректермен қоса, дипломатиялық құжаттар,

археологиялық материалдар, оның ішінде өте бай нумизматика, хандар шығарған тиғындар Санкт-Петербургке алып кетілді.

1966 жылы Мәскеуде жарық көрген С. Закировтің «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом XIII-XIV вв.» атты еңбегі Алтын Орда мен Мысыр Мамлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстарды ашуға бағытталған алғашқы зерттеу болды. Бұл еңбекті жазу барысында пайдаланылған деректердің тізімінен араб жазба деректерінің аз екенін аңғаруға болады. Орта ғасырдағы араб авторларының ішінде Әл-Мақризидің «Сулук» және «Хитат» атты белгілі шығармалары бар.

Қазақ тарихшысы академик Б.Е. Көмековтің 1987 жылы Алматыда «Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв.» деген еңбегі нықты. Автор: «Қайырдың Алтын Ордамен дипломатиялық, сауда және әскери-саяси байланыстарды орнатуы мамлүктер мен Дешті-Қыпшақ арасындағы өзара ықпал етуді одан әрі күшейтті. Моңғолдар басып алған түркі тілдес елдерден Мысырға жүйелі түрде құлдар (мамлүктер) келіп тұрды. Әрине, Отанынан қашық жерде, тілдік және этникалық жағынан бөтен ортада қыпшақтар өздерінің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен этникалық өзгешеліктерін сақтап қалуға тырысты», – деп жазды.

Сұлтан Бейбарыстың 1260 жылы билікке келуіне байланысты Мамлүк мемлекетінің сыртқы саясатында, басқа елдермен қарым-қатынасында жаңа бағыттар орын алды. Олардың ішінде 1261 жылы Дешті-Қыпшақпен орнатқан әскери-саяси және дипломатиялық байланыстардың екі мемлекет үшін де тарихи және саяси орны мен рөлі ерекше болды.

Сұлтан Бейбарыстың тапсырмасы бойынша, тәжірибелі дипломат Ибн Абд аз-Заһир Берке ханға жазған хатында Иран Елхандарына, мұсылман емес Моңғол ханы Құлағуға қарсы шығуға үгіттеп: «Мұсылман болу тек сөздерден ғана құралмайды, көсіпкерлерге қарсы қасиетті «джихад» соғысына шығу – оның басты тіректерінің бірі», – деп баса айтты (Б. Батырша-ұлы, Мысыр Мамлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары, XIII-XV ғғ.).

Дешті-Қыпшақ пен Ираандағы Елхан билігі арасындағы соғыстың бастапқы кезінде Берке хан Құлағуға дипломатиялық жолмен әсер етпекші болғанын бірталай жазба деректер хабарлайды. Сондай мақсатпен жіберілген бір елшілермен бірге Берке хан өзінің бақсыларын да жібереді. Астыртын әрекеттерін біліп қойған Құлағу елші дәрежесіне қарамай, оларды өлім жазасына кеседі.

Халықаралық қатынастар тәжірибесінде бір күшті мемлекеттің екінші елден жер, мүлік, салық талап етуі (ультиматум жасау) жиі кездеседі. Соның мысалы ретінде Дешті-Қыпшақта өзінің билігін күшейтіп алған Тоқта хан Әзірбайжан мен Грузия жерлерін иелену үшін 1303 жылы Ғазан ханға елшілерін жіберіп, Кавказ жерлерін беруін талап етеді. Алайда, Ғазан хан қойылған ультиматумды қабыл алмайды. Дипломатиялық жолмен мақсатына жете алмаған Тоқта хан Мысырдан



әскери көмек сұрайды. Алайда, Мысыр басшысы Ғазан ханмен бейбіт келісім жасалып қоюын себеп етіп, оның сұрауын қанағаттандырмайды. Дешті-Қыпшақтың келесі ханы Өзбек хан бір жағынан Мысырмен дипломатиялық байланыстарын жаңғыртып жатса, екінші жағынан ирандық Елхандарға деген жаушылықтарын қайта өршітеді.

Дипломатиялық жолмен Мамлүк сұлтандары өзіне қарасты Сирия жерлерін Елхандардың жаулауынан сақтап қалады. Мысыр сол кезде экономикалық жағынан аса қуатты дамыған мемлекет болуымен қатар, 1261 жылы Шам еліндегі Сирия мен Палестина жерлерін өзіне қаратып алғаннан кейін Шығыс пен Батыс арасындағы сауданың маңызды транзиттік орталығына айналады.

С. Закировтің «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом XIII-XV вв.» атты кітабында екі мемлекет арасындағы дипломатиялық елшіліктердің жиі қатынап, бір-біріне жіберген мол, қымбат сыйлықтармен қоса, саяси құдалық, қыз алысу байланыстары туралы деректер бар. 1262 жылы сұлтан аз-Заһир Бейбарыс Берке ханға елшілікке қыпшақ тілін жақсы білетін мамлүк әмірі Күшбекті және Шарғат пен Ислам білгірлерін аттандырды. Сұлтан Бейбарыс Берке ханды бұл жолы да көпірлерге қарсы қасиетті «джихадқа» қатысуға шақырып, хат жолдап, онда Мысырдағы ислам әскерлерінің күш-қуатын, оның этникалық құрамын сипаттап, Ислам өлеміндегі Мысыр сұлтанына бойұсынатын патшаларды атап көрсетеді. Елшілермен жіберілетін хат үлкен жиында талқыланады.

Сарай мен Қайыр арасындағы байланыстардың тағы бір аса күшейген кезі – 1382-1389 жж. билік құрған Барқұқ сұлтан мен Тоқтамыс ханның кезіндегі екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардан байқалады. Екі мемлекетке де Темірлан (Өмір Темір) тарапынан туған қауіпке қарсы бірлесіп, соғысуға келісім жасалады. Сол себепті, Сарай мен Қайыр арасында дипломатиялық жолмен келісілген әскери-саяси одақ шын мәнінде жүзеге аспай қалады. Көп уақыт өтпей, Тоқтамыс хан әскерлерінің Темірлан әскерлерінен күйрей жеңілуі туралы Мысырға хабар келеді. Сөйтіп, құрылған әскери-саяси одақ өзінің мақсатына жете алмайды.

Белгілі араб саяхатшысы Абу Абдалла Мухаммед ибн Баттута – Каспий теңізі жағалауындағы мекендерді, Батыс Қазақстанды аралап шыққан атақты ғалым. Ол екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың басталуын сұлтан Бейбарыстың 1261 жылы Берке ханға жолдаған хаты, оны Құлағуға қарсы соғысқа үгіттеуі және оның негізгі себебі ретінде Берке ханның Ислам дінін қабылдауы туралы хабарлардың жиілеуімен байланыстырады.

Мамлүк сұлтандары дипломатиялық шеберліктерінің арқасында көп жағдайларда соғыссыз-ақ өз мақсаттарына қол жеткізіп отырған. Моңғолдардың ірі екі мемлекетінің арасындағы шиеленісті өзінің мүддесіне пайдалана білген Мысыр билеушілері олардың арасындағы

бәсекені өшірмеуге, керісінше, керек уақытта ушықтырып отыруға тырысып бақты. Осындай жолмен Мамлұқ сұлтандары Шам жерлерін Елхандардың жаулауынан қорғап, оны өздерінің иелігінде сақтап қалады. Екі мемлекет арасындағы саяси байланыстардың мықтылығы оларды 177 жылға созылған әскери-саяси одаққа біріктірген, олардың арасында қатынаған дипломатиялық елшілердің саны 50-ге жеткен.

XIV ғасырдың басындағы Қазақ хандығының өрлеуін тарихшылар Қасым хан есімімен байланыстырды. «Қасым хан Дешті-Қыпшақты түгелдей өз билігіне алғаны соншалық, Жошы ханнан соң ешкім де ол сияқты мұндай жоғары билікке қол жеткізе алған жоқ», – деп көрсетеді Мұхаммед Хайдар Дулати.

Қасым хан тұсында Қазақ хандығы дербес мемлекет ретінде халықаралық қатынасқа араласа бастады. Моғолстан хандары қазақ хандығымен тату болуға тырысып, ноғай, башқұрт ордасының бекзаттары Қасым ханды келіп паналайды. Ал Жоңғар басшылары қазақ жеріне шабуыл жасауды тоқтатады. Қасым хан дипломатиялық қатынастар орнатып, көрші елдермен елшіліктер алмасып, өзінің хандығын мойындатады. Дипломатиялық қатынас орнатылған елдердің ішінде Мәскеу мемлекеті де болды. Қазақ елі туралы мәлімет Батыс Еуропаға да жеткен, Мәскеуде бірнеше мәрте болған (1517 және 1526 жж.) австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейн өз жазбаларында қазақтар жөнінде біраз мәлімет таратты.

Қазақ халқының ел болып қалыптасуының аяқталуы XV ғасырдың ортасында дербес Қазақ хандығының құрылуымен байланысты. Халық болып қалыптасудың ең басты шарты – өз мемлекетінің болуы осы кезеңде іске асты. Қазақ хандығындағы рулық-тайпалық сана бірте-бірте әлсіреп, қазақ жері, қазақ мемлекеті деген ұғымдар қалыптасты.

XV ғасырдың 50-жылдары Шу мен Талас өзендерінің аралығында өзбек ханы Әбілхайырдан Керей мен Жәнібек хандар басқарған халық бөлініп, «қазақ» термині этностық мәнге ие болды. Өзбек ұлысында басталған талас-тартыстардың зардабына шыдай алмаған қарапайым халық Жәнібек пен Керейдің қарамағына көшіп келеді, көп ұзамай қол астындағы халық саны 200 мыңдай адамға жеткен. Сөйтіп, **Жәнібек пен Керей сұлтандар дербес Қазақ хандығын құрды.**

Жәнібек хан (Әбу Саид деген атпен де белгілі) – Барақ ханның баласы, қазақ хандығының негізін салушылардың бірі. Сонымен қатар, Керей хан – қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі, ол – Болат ханның баласы, Орыс ханның немересі. «Тарихи Рашидиде» жазылған дерек бойынша, XV ғасырдың 50-жылдарының аяғында ол Жәнібек ханмен бірге Өзбек хандығы тайпаларының бір бөлігін бастап, Моғолстанға көшіп кеткен.

Өзбек ханы Әбілхайыр, көрші Моғолстан ханы Есенбұға да Қазақ хандығын мойындап, онымен қарым-қатынас орнатты және елші алмасып тұрды. Қасым ханның ұлы Хақназардың билікке келуімен Қазақ

мемлекеттігі одан әрі нығая түседі. Орыс саясаткері П.И. Рычковтың айтуынша: «Хақназар хандық мәртебеге көтерілген соң күшейгені соншалық, тек ноғайларды ғана емес Башқұрт елін, Қазан, Сібір және Астрахань патшалықтарын Бұхара, Хиуа, Ташкенді және басқа көптеген қалаларды өз билігіне қаратты және олардан алым-салық жинатты» (Қазақстан тарихы. – Алматы, 2006 жыл).

XVI ғасырдың ортасында көрші елдермен байланыс жасау үшін Ресейде «Елшілік указы» құрылды. Оның басшылығына сауатты боярлар мен дьяктар қойылды. XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап, олар указ басшы деп атала бастады. Ресейде шетел өкілдіктері пайда болды. XVII ғасырдың аяғына дейін Ресей шетелдерде тұрақты дипломатиялық өкілдер ұстаған жоқ. Олармен қатынас түрлі жағдайларға байланысты арнайы тағайындалған тұлғалардың сапары арқылы жүзеге асатын. Алғашқы ресейлік тұрақты миссиялар 1634 жылы Швецияда, 1673 жылы Польшада, ал 1699 жылы Гаага жапында құрылды.

Батыс державаларының Ресеймен тығыз ара қатынас орнату ойына байланысты, уақытша өкілдіктер уақыт өте келе тұрақты өкілдіктерге айналды. Орыс дипломатиялық қызметі мен Ресейдің халықаралық байланыстарының дамуындағы жаңа кезең І Петрдің тұсында басталды. XVIII ғасырдың басында бірқатар Батыс мемлекеттерінде тұрақты дипломатиялық миссиялар ашу одан әрі жалғасты: Австрия, Дания мен Түркия, Франция, Ұлыбритания мен Пруссияда және т.б. Осының нәтижесінде 1717 жылғы желтоқсанда «Елшілік указы» Сыртқы істер коллегиясы болып қайта құрылып, шетелмен елшілер алмасу жиіледі.

Ресейдің Азияны отарлау әрекеті патша Иван Грозныйдан басталды. Иван Грозный Оралдағы орыстарға қазақтармен салықсыз сауда жасау құқығын береді. Бұл шаралардың мақсаты – қазақтармен сауданы кеңейте отырып, қазақ хандығын басып алу еді. Сондықтан барлау жұмыстарын атқару үшін жіберілген орыс елшілерінің бәріне де Қазақ хандығының ішкі жағдайын, әскер күшін, оның көрші елдермен қарым-қатынастарын анықтау тапсырылды. 1574-1575 жылдары орыс патшасы қазақ жерін жаулап алу үшін үлкен әскер жібереді. 1582 жылы атаман Ермак бастаған жарты мыңнан астам орыс казактары Көшім ханның әскерін жеңеді.

Ресей Батыс Сібірді өзіне қаратқан соң, Орта Азия мемлекеттерімен сауда жүргізе бастады. Орыс саудагерлері Павлодар жерінде тұз өндірісімен шұғылданып, Гурьев (қазіргі Атырау) бекетін салды. Қазақ жері арқылы Түркістанға қарай тек қазақ хандарының арнаулы рұқсатымен ғана саудагерлер өтетін еді.

Орыс әскерінің 1552 жылы Қазан хандығын, 1556 жылы Астрахань елін жаулап алуына байланысты қазақ хандығымен олардың қарым-қатынасы үзілді. XVI ғасырдағы 50-інші жылдардың екінші жартысында Қазақ хандығы Ресеймен елшілік қатынас орнатты. Орыс патшалығымен саяси, сауда байланыстарын орнату Ресей тарапынан қазақ жерлерін

тартып алу қауіпін төндірді. Ресей патшасы енді Қазақ хандығына көзін сала бастайды. Өйткені, Қазақ хандығы арқылы ол Орталық Азия және Сібірмен қатынас жасай алатын еді. Орталық Азияға сауда жолы Тобылдан Ертіс арқылы Түркістанға, Сыр өзенінен өтіп, Бұхараға шығатын еді. 1573 жылы орыс елшісі Т. Чебуков байланыс орнату үшін Қазақ хандығына жіберілді. Қазақ хандары да Орталық Азия билеушілерінен, жоңғарлардан төнген қауіпті ескеріп, Ресеймен байланыс жасауға қарсы болмады.

Есім хан билігі тұсында шығыста Жоңғар қалмақтарының ықпалы артып, қазақ жеріне қауіп төне бастады. Бұл жағдайды ескере отырып, Есім хан қырғыз елімен арадағы одақты нығайтты, Моғолстан билеушісі Абдар-Рахим ханмен достық қатынаста болады. Соның нәтижесінде Есім хан 1620 жылы қалмақтардың қалың қолын жеңіп, қалмақтарға қарсы қазақ пен қырғыздардың біріккен одағын құрды. Сөйтіп, ханның үлкен саясаткерлігі, қолбасшылығының арқасында Қазақ мемлекеті сақталып қалды. Жоңғар хандығының қуатын бағалай білген Жәңгір хан Бұхара, Хиуа және Моңғол хандықтарымен белсенді дипломатиялық қатынасқа көшеді. Оның Самарқандтың әмірі Жалаңтөс батырмен достық қатынасы 1612 жылы басталған қалмақтармен күресте өз нәтижесін берді.

1594 жылы Тәуекел хан Мәскеу мемлекетіне Құлмұхаммет (Құлмамбет) басқарған елшілігін жіберген. Елшілік алдына Ресеймен саяси қарым-қатынас орнату, онымен әскери одақ құру және сауда-саттық мәселелерін шешу міндеттері қойылды. Бұл кезде Ресей Бұхар ханы Абдолламен одақтас болған Көшім елімен соғысып жатқан еді. Тәуекел хан әскерінің Бұхар хандығына шабуыл жасауы Абдолланың Көшімге көмек көрсетуіне кедергі жасады, сондықтан Құлмұхаммет бастаған қазақ елшілігін Мәскеу жылы жүзбен қарсы алды. Қазақ елшілігінің Бұхармен соғысуға қару-жарақ сұраған өтініші құптарлықпен қабыл алынды. Құлмұхаммет бастаған қазақ елшілігіне жауап ретінде Мәскеуден Тәуекел ханға В. Степанов деген елші жіберілді. Елші Құлмұхаммет Ресей мен қазақ хандықтарының саяси байланыстарын нығайтуға атсалысты.

Ресей-Қазақстан қатынасында ерекше орын алған Жошы әулетінен шыққан қазақ сұлтаны, Тәуекел ханның немере інісі Ораз-Мұхаммед орыс жылнамаларында «қазақ ордасының ханзадасы» деп аталады. Ол 1588 жылы досы, кеңесшісі Қадырғали би Жалайыри және Сібір ханы Сейдахметпен Ертіс бойында қаршыға салып жүрген жерінде орыс қарақшылары тұтқынға алады. Сол жылдың қыркүйек айында оларды Мәскеуге жасырын түрде жөнелтеді. Алғашында Мәскеу патшасы Ораз-Мұхаммедті тұтқында кепіл ретінде ұстап, кейін өзіне қызметке тартады. Қазақ, татар, башқұрт және басқа халықтардың билеуші өкілдерін осылайша тұтқындау сол кезде орыс патшаларының кәуілігі қаруы болып саналған. Ораз-Мұхаммед орыстардың шведтерге, Қырым хандығына қарсы соғыстарына қатысқан. Тәуекел хан Мәскеу

патшасына Құлмұхаммет бастаған қазақ елшілігін жібергенінде, осы Ораз-Мұхаммедті елге қайтаруды да өтінген еді, бірақ орыстар Тәуекел ханның өлімін пайдаланып, оны елге қайтармады. Қадырғали би өзінің тарихи еңбектерінде ханзада Ораз-Мұхаммедтің Шыңғыс хан ұрпағынан шыққанын дәлелдеп, хан тағына лайық екендігі туралы айтып, оны хан етіп көтеру салтанатында алтын таққа отырғызған төрт бектің біреуі еді. Орыс патшасы Борис Годунов 1610 жылы Ораз-Мұхаммедті Ока өзенінің бойындағы Қасым (Касимово) патшалығының ханы етіп тағайындады.

XVI ғасырда өмір сүріп, түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының сол дәуірдегі ата тарихын хатқа түсірген, орыс билігімен хат алысқан, тарихшы Қадырғали би Қосымұлы Жалайыри өмірінің соңы Қасым хандығымен тығыз байланысты. Оның «Джами ат-Тауарих» («Жылнамалар жинағы») еңбегі қазақ тарихына қатысты мол деректердің көзі болып отыр.

1643 жылы жаңа жоңғар-қазақ соғысы басталып кетті. 50 мың әскермен басып кірген Батур қонтайшы қырғыз Алатауының біраз жерін, Шу өзенінің жоғарғы оң сағасын, сондағы елдерді жаулап алады. Қалмақтармен жер үшін күрес Жәңгір ханның ұлы Тәуке хан (1680-1715/1718 жж.) тұсында да жалғасады. Тәукенің билігі қалмақ Қалдан Бошақ пен Себан-Рабданың билігіне тура келеді. Қалдан ханның әскері Жетісу өңірін басып алып, оңтүстікте Сайрамға дейін жетеді. Жоңғар хандығымен күрес жүргізе отырып, Тәуке хан Бұхар өмірімен жақсы қатынаста болуға тырысты. Ол қазақ хандарының дәстүрлі өз руларын біріктіру саясатымен Ташкентте тұратын туыс халықты өзіне қаратты.

1694 жылы Тәуке хан орыс патшасы I Петр елші Аталықов арқылы сауда байланысын нығайту туралы келісімге келді. I Петр Ресейдің Шығыспен қатынасын өсіру үшін Қазақстанды «кілт және қақпа» деп есептеді. Шекаралық әскери бекіністер: Омбы, Железинка, Семей, Өскемен қамалдары салынып, қазақ жерін иемдене бастады. Ресейдің Батыс Сібірге орнығуы, Ертіс бойына орыс әскери бекіністерінің салынуы Тәуке ханды қауіптендірді. Жоңғардан қауіп төнген жағдайда 1717 жылы ол орыс үкіметіне елші аттандырып, әскери көмек сұрады, бірақ Петербург қазақ хандығының басына түскен қиын заманды пайдаланып, қазақ жерлерін басып алуды көздеді.

Қазақ хандығы тәуелсіз ішкі және сыртқы саясат жүргізді және іс жүзінде халықаралық қатынастың дербес субъектісі болып табылды. Сол кездегі сыртқы саясат – шетелдік экспансияға қарсы күрес, елдің өз жерін қорғау және аумақтарды кеңейту мәселелері болды. Ол бейбіт немесе соғыс жолымен шешіліп отырған, сонымен қатар қазақ дипломатиясы әулеттік (династиялық) некелесу, әскери-саяси одақтар құруды кеңінен пайдаланған.

Сөйтіп, Қазақ мемлекетінің шетелдермен сыртқы саясаты және өз дипломатиясы болды. Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымында сыртқы саяси мәселелер тікелей хандардың қарауында болды. Ең

маңызды сыртқы саяси мәселелер, келіссөз жүргізу, бітімге келу, соғыс ашу бойынша билер, сұлтандар қатысуымен өткізілетін ақсақалдар кеңесінде шешім қабылданған.

Сыртқы қатынастардың негізгі тетігі – елшіліктер жіберу және шет елдермен сауда жүргізу болды. Елшіліктердің негізгі функциясы – өз елін шет мемлекеттерге таныстыру, қабылдаушы мемлекеттің сыртқы саяси органдарымен келіссөз жүргізу, қажетті мәселелерді шешу, хандарды саяси жағдайлардан хабардар ету. Сондай-ақ, елшілердің тағы бір маңызды мақсаты шетелде сауда қатынасын орнату, транзиттік сауда мүмкіндіктері жөнінде ақпарат жинау болып табылды.

Елшілік әдет-ғұрыптар дипломатиялық иммунитеттің ерекше түрін құрады. Атап айтқанда, елшілер жүрген және уақытша миссиямен болған жерлерде жеке басына тиіспеушілік, мүлкі мен ресми құжаттарына қол сұқпаушылық, елшілік басшыларына кейбір жеңілдіктер мен рәсімдік құқық беру. Орталық Азия мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің келесі рангтері болған: елшілер, ерекше тапсырмалар бойынша елшілер, уәкілдер және делдалдар. Аймақтағы халықаралық құқық дипломатиялық өкілдердің өкілеттігі мәселелеріне ерекше көңіл бөліп отырды. Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан тарихында, мемлекет басшысының өкілеттігі жоқ елшілермен ресми келіссөз жүргізбеген кездері болған.

Елшілердің құқықтық жағдайы шарттармен ғана емес, қалыптасқан әдет-ғұрып, исламдық шариятпен де анықталған. Елшілердің құқықтары Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің тарихи даму үрдісі және өздерінің сыртқы саяси өкілеттігін жүзеге асыру барысында бірте-бірте қалыптасты. XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңде осы аймақта дипломатиялық құжаттардың келесі түрлері айналымда болды: шарт, келісім, хаттар, грамоталар. Екі тарап көбінесе хат, грамоталармен алмасқан.

Қазақ елі дипломатиясының тарихы жан-жақтылығымен ерекшеленеді. XVII-XVIII ғасырларда тарихи даму шеңберінде қазақ елімен елшілік қатынастарда болған мемлекеттердің бірі – Иран. «Қазақ тарихының әліппесінде» Қазақ хандары мен Иран шахтары арасындағы жазысқан хаттарда көптеген мәліметтер сақталған. Қарама-қайшылықты тарихи кезеңдерді бастан өткерген қазақтың білікті басшылары өз тарапынан мәмілеге келе білу өнерін айқын көрсете білген.

Иран мұрағаттарындағы қазақ тарихы, оның дипломатиялық тарихына тиесілі деректердің бірі – Тәуке ханға қатысты мәліметтер. Парсы тіліндегі құжаттарда оны Тәуке Жахангирхан-ұлы деп берген. Тәуке ханның әкесі – Жәңгір хан да өз билігі тұсында Иран басшыларымен хат алмасып тұрған. Иран шахы 1661-1662, 1689, 1693 жылдары Тәуке ханға хаттар жолдаған. Бұл құжаттар қазақ хандығының тұсында екі ел арасындағы қатынастардың тамыры тереңде жатқандығын білдіреді.

Осы деректер Сарай хаттамасының бірі – Иранның Мәжіліс кітапханасында тіркелген. Мұнда бас-аяғы 232 хат жайында мәліметтер бар. Табылған жазбаларда Тәуке ханның туыстары Түрсын Мұхаммед және Қайып сұлтан, сондай-ақ Тәукенің ұлы Болат сұлтанға жазылған хаттар жайында да деректер табылды. Сондай құжаттардың бірі дипломатиялық қатынастардың басты үлгісі болып саналатын Сенім грамоталарының алғашқы үлгісі – «ықыласнама» атауымен белгілі. Насталиқ жазуымен таңбаланған бұл хаттар Иранның Аббас шахы билеген кезеңнен Сұлтан Хусейн шахқа дейінгі аралықты қамтиды.

Тәуке ханға жазылған хат көшірмесінің қатарында қалмақтардан, өзбектерден, османдықтардан, ағылшындардан, португалдықтардан және румдықтардан (итальян) жолданған жазбалар жайында да мәліметтер тізбектеліп, кейбірінің көшірмесі де бірге берілген.

II Аббас шахтың Өз Тәуке ханның хатына жолдаған жауабы заманына сай сарайда қолданылатын парсы тілімен жазылған. Арабша қолданыстар аралас, парсы тілінде жазылған. Ол кезде Тәуке жас, әлі таққа отырмаған. Сондықтан жауап-хатта Иран шахының Тәукенің жасына қарамастан, мұрагер екенін мойындағанын білуге болады. Шах Тәуке «хан» деп қолпаштай отырып, «уәли» деп атайды. «Уәли» деп парсы тілінде тұтас аймақ әкімдерін атаған. Иран шахы ханның тегіне, Шыңғысхан әулетіне баса мән берген. Жалпы, Иран шахтары өздері мүдделі болған тұстарда қазақтар мен өзбектерге жолдаған хаттарында міндетті түрде Шыңғысхан атын ілтипатпен атайтын болған. Бұл сол замандағы қалыптасқан дипломатиялық норма болып саналатын және екі ел арасындағы татулық, тілектестікті білдіретін. Арада хат жеткізіп жүрген Бақибектің аты да аталады, ол уақыттың шабармандары елші, дипломат қызметін қоса атқарған. Сол заманның ресми хаттары кейде патшаның өз атына, кейде оның хатшысы тарапынан, үшінші жақтан баяндалып отырады. Тәуке ханға жазылған хатқа соңғысы тән.

Алпыс мың қолжазба қоры бар, әлемде екінші орын алатын Иран Мәжіліс кітапханасында сақталған Өз Тәуке ханға жолдаған II Аббас шахтың хаты:

*«Мәртебелі шахтың Қазақ уәлиі – Тәуке хан ибн (арабшадан «ұлы» деп аударылады) Жахангир ханға хаты. Хиджра бойынша 1072-үд жылының (1661-1662) жұмадизуал (желтоқсан – қаңтар) айында Исфаханнан жолданды.*

*Біқыласты, достық ілтипаттағы, асыл текті, салтанат пен көркемдікке қамқоршы, қара қылды қақ жарған әділетті, құрметті, Алланың қырағы ықыласына бөленген Шыңғысхан әулетінің үздігі, бақыт пен салтанат тағын әдіптеген, жолы оңдалған, жарылқаушы, кешірімшіл Ие тілегін қабыл алып, дара жаратқан мерейі үстем Тәуке ханның иіп қандырып, етене сұхбат, тілектестікке шақырған орынды да орнықты, шынайы мазмұндағы Бақибектен берген даңқты да астарлы хаты сәтті сағатта, қолайлы кезде жетті.*

*Бұл хат – мығым достық пен татулық ережесіндегі (екен). Үнемі хат алмасып, есендесіп, білісіп отыру – патшалық иман мәртебесінің жарқылындай көрінеді. Оның төркіні – ақ ниет. Бұл мейірімділік мәйегіне тұрткі болып табылады.*

*Енді сенімділік қалыптасты. Арада негізгі арқау орнайды. Махаббат пен жүрек жолы ашылады. Алауыздық пердесі түріледі. Енді екі жақтың тілегі де – одақтастық. Сол тілекпен барынша бірігіп, жоғары, ізгі жеңіске бастаушы Жаратқанның бергенін нығайтып, жағдайды жүйелендіруге жұмылған абзал. Ол – даңққа бөленген игі іс.*

*Білісіп, есендесіп, жүрек сырын бөлісіп, хат алысу – есіктерді ашады (бөгет, кедергілерді бұзады). Ол – шыншылдық пен шынайылық таразысын ауырлатады. Осы (Тәуке хан жолдаған) хат – (шах үшін) құрмет. Хат шах назарын аударды.*

*Лайым, салтанат артып, мерей тасып, жол оңдалғай!», деп аяқталады.*

Иран шахымен хат жазысқан Орта Азия билеушілерінің ішінен Самарқандтың бийі әрі қолбасшысы Жалаңтөс баһадүрді атап кетуге болады. Жалаңтөс Иран шахтарымен 1622 жылдан бастап хат алмасқандығын тарихи деректер растап отыр. Иран шахы Сафидің Жалаңтөс баһадүрге жазған жауап-ықыласнама хатын (сенім хатын) келтіруге болады. Қазіргі кезде бұл хаттың көшірмесі Тегеран университетінде сақтаулы. Өз кезегінде баһадүр хатында Иран шахына елші жібергендігін айтады. Жауап ретінде Иран жағы елшіні қабылдап, қатынас орнатуға келісімін береді. Сонымен қатар, Жалаңтөс баһадүрге қатысты тағы бір хат Иранның Мәжіліс кітапханасынан табылған.

Ұлт-азаттық күресте халықты біріктіріп, ел болу жолында үш жүздің өйгілі билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және басқа да мемлекет қайраткерлері зор үлес қосты. Олар хандарға, бүкіл халыққа ақылшы, ойшы, үлгі болды.

Төле би Әлібек-ұлы (1663-1756 жж., қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылында туылған) – қазақ елінің бірлігін нығайтуға қызмет еткен қоғам қайраткері, атақты шешен, Ұлы жүздің төбе бийі, «Жеті жарғы» заңын құрастырушылардың бірі. Қазақ-жоңғар хандықтарының ұдайы жауласуы мен Тәуке ханнан кейін қазақ хандығының ыдырай бастауына байланысты Төле би ендігі жерде саяси билікті өзі атқарып, Ұлы жүзді билейді. Оның қазақ қауымдарын біріктіріп, оларды жоңғар феодалдары езгісінен азат етудегі қызметі айтарлықтай. Ел басына қиындық туған кездерде ол қонысын аудармай, ел амандығын сақтап қалуда жауға қарсы дипломатиялық айла-тәсілдер қолданған. Ол Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлармен бірлесіп, бірыңғай халық майданын құрып, азаттық күресті басқарды. Қазақ жерін басқыншылардан азат етуге басшылық жасады.

Төле би Орта жүздің аға бийі Қазыбек Келдібек-ұлы, Кіші жүздің аға бийі Әйтеке Байбек-ұлымен бірге өз Тәукенің басты кеңесшісі болды. Тәуке-



нің Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа бағындыру, сойтіп бірегей қазақ хандығын нығайту, жоңғар-ойрат шапқыншыларына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ, қырғыз және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларын жүзеге асыруға қатысты. Ол Ресей мен Ұлы жүз арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыру және оны нығайтуға көп еңбек сіңірді. 1749 жылы Орынбор губернаторы И. Неплюевке жиені Айтбай бастаған елшілік жіберіп, Ресеймен байланыс жасауға дайын екендігін білдірді. И. Неплюев биге жолдаған жауап хатында (1749 ж. 26 қыркүйек) оның Ресейге қосылуын сұрап, екі елдің арасындағы сауда-саттық байланыстарды дамытуға күш салуын өтінген.

Оның атымен байланысты толып жатқан нақыл, мәтел сөздер, билік кесімдер халық арасында кең тараған. Төле би өзі билік еткен Шымкент, Түркістан және Ташкент қалаларында көпшілік пайдаланатын ғимараттар салу ісіне белсене араласқан. Оның есімі үш жүздегі ірі-ірі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Қазіргі Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласында 1756 жылы дүниеден өтті. Онда қазір бабамыздың кесенесі тұр.

Қазыбек би Келдібек-ұлы (1667-1764 жж.) қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Теректі қыстауында туылған. Қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы үш ұлы биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Ел аузындағы әңгіме-аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның білімді, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәсімдерін, ата жолы заңдарын мол меңгерген, озық ойлы, батыр адам болғандығын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі етіп тағайындаған, кейін Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне араласып, ішкі-сыртқы саясатта хандарға ақыл-кеңестер беріп отырған. Қазыбек бидің саналы өмірі қазак елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілерімен қалмақ еліне барғанда Қазыбек би бар-жоғы 14 жаста ғана екен. Қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытқан сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат, тақсыр!» – деп жұлқынып, алға шығып, былай деген екен:

*«Біз – қазақ деген мал баққан елміз,  
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Найзасына жылқының қылын таққан елміз,  
Дұшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөз асырмаған елміз.»*

*Досымызды сақтай білген елміз,  
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.  
Бірақ, асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды,  
Анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды,  
Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.  
Сен темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз,  
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.  
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,  
Танысуға көпбесең – шабысқалы келгенбіз.  
Сен қабылан болсаң, мен – арыстан алысқалы келгенбіз,  
Тұтқыр сары желімбіз, жабысқалы келгенбіз.  
Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!»*

*(«Билер сөзі». – Алматы, 1992 ж. 16-17 беттер)*

Бұл сөздерден қазақ халқының батырлығын, бейбітшілікке шақырғанын аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, оның өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Даусың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», – депті. Сол жолы елшілер жау қолындағы 90 тұтқынның, шабылған мал-мүлкін толығымен қайтарып, елге олжалы оралған екен. Ол уақытта да ұлан-байтақ Орталық Азия елдерінің дипломатиялық қатынастары мен келіссөздерінде шешендік, тапқырлық пен ой ұшқырлығы жоғары бағаланған. Дала дипломатиясында даулы мәселелерді шешуде сөзге тоқтамдылық болған.

XVII ғасырдың аяғына таман қазақ даласына көз алартқан жаулар көбейіп, сұлтандар мен хандардың өзара тартыстары Тәуке ханның басшылығына іріткі түсіріп, мемлекеттің тұтастығына қауіп төне бастады. Ел басқарудың бұрыннан қалыптасқан жүйесі уақыт талантарын өтей алмайтын күйге жетті. Осыны ескерген Тәуке хан қазақ халқының үш биіне жаңа заң жобасы – «Жеті жарғыны» жасатты, ол 1684 жылы Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылданды. Күні бүгінге дейін негізі сақталып отырған ежелгі Шығыс елдерінің заңымен тең бұл заңның елдің басын біріктіруге, халық тәрбиесіне қосқан үлесі зор. Орта жүз иеліктеріне тұтқиылдан шабуыл жасаған ойраттардың қолына түскен Абылай сұлтанды құтқаруда Қазыбек би барлық дипломаттық айла-әрекеттерін қолданып, 1743 жылы Абылай тұтқыннан босап, қазақтың 33 қаласы қайтарылып алынды.

Әйтеке би Байбек-ұлы (23.03.1644-1700 жж.) бұрынғы қазақ жері, қазіргі Өзбекстан, Нұрата ауданында туылған. Қазақ елінің бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Самарқандағы Ұлықбек, әйгілі «Тіллә-қари» медреселерінде дін, құқық, аспан өлемі, математика, тарих пәндерін, араб, парсы, түркі, шағатай тілдерін меңгеріп шығады.

Әйтеке шешендігімен, «қара қылды қақ жарған» өділдігімен бірге жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр да еді. 1685 жылы Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан-Бошақтың он мың жасағына бес мың қол әскерімен Әйтеке қарсы аттанады. Ол осы ұрыста дипломатиялық айла-тәсілдерді орнымен пайдаланып, Қалдан-Бошақтың жасағын шегінуге мәжбүр етеді. Көрші елдерден қазақ еліне қауіп төнген жылдары Әйтеке би Түркістанда өткен үлкен жиында мынадай ұсыныстар жасайды:

«1) Ресеймен, Қытаймен, не басқа бір елдермен одақ жасаудың ешбір қисыны жоқ. Олардың көксегені – терезесі тең одақ емес, қазақтарды қайткенде де бодан елге айналдыру. Қазақ жұрты өлі де іргесі мықты ел бола алады. Ойткені, қарамағындағы қарақалпақтар мен құрамаларды есептемегенде, өлі өз жұртынан сексен мыңдық қол жинай алады. Шекара аймақтарында әскери соғыс әдістеріне үйретілген жасақтар ұстайық. Шекараға таяу ауылдарды ішкі бетке көшірейік. 2) Мал-мүлікті аямайық. Ресейден, Қытайдан, Хиуадан және Бұқара мен Түріктерден қару-жарақты көптеп сатып алайық. Әскери әдістерге әбден жетілген тұрақты жасақ ұстау үшін керекті қаражатты төрелерден, сұлтандардан, ауқатты адамдардан жинайық... 3) Бүкіл қазақ жасағы бір қолбасшыға бағынсын. Қолбасшы Ресей, Қытай, Түрік не Еуропаның әскери өнері жетік бір елінде оқытылсын. Ол өзі шешен, батыр, көпті көрген көсем, елшілік жұмыстарды жақсы білетін және тек «Хан кеңесіне» ғана бағынатын және айрықша құқықты адам болсын. 4) Қолбасшы қарадан шыққан адам болсын. Ойткені, төре арасы тату емес, қай-қайсысы да хандық жолында қара бастарын ойлаудан әрі аса алмайды». Әйтекенің бұл ұсыныстарын ел басқарған билер қолдағанымен, сұлтан-төрелер мен байлар қарсы шығып, қабылдамайды. Алайда, Әйтеке би дипломатиялық, шешендік өнерімен халқын аман-есен сақтап қалған.

Қазақтар үшін маңызды сыртқы саяси мәселе – жауланған жерлерді қайтару мақсатында Жоңғариямен күресте тиімді одақтас және қорғаушы табу болды. Осы қиын-қыстау кезеңдерде қазақ билеушілері Орыс патшасы үкіметінен қолдау іздеп, Ресейге арқа сүйемек ойы болды. 1726 жылы Әбілхайыр хан Ресей империясының құрамына кіруге өтініш білдіріп, елшілерін жіберді. Бірақ, Петербург қазақ елшілеріне сенімсіздік білдіріп, бұл ұсынысты жауапсыз қалдырады. Кіші жүз билері мен сұлтандары Әбілхайыр ханға жоңғарлармен күресу үшін Ресеймен әскери одақ құруды тапсырған еді. Дегенмен, хан олардың тапсырмасын өзгертіп, әскери одақ құру емес, Кіші жүздің Ресей құрамына кіруі туралы хатын елшілер Құндағұлов Сейтқұл мен Көштаев Құтлымбет арқылы патшайым Анна Иоановнаға жібереді. Осы хатқа жауап ретінде М. Тевкелев бастаған Ресей Сыртқы істер министрлігінің коллегия делегациясы келіп, Кіші жүз жұртын Ресей қарамағына алу туралы келіссөз жүргізді, алайда бұған белгілі Барақ сұлтан мен Бөгенбай батыр бастаған топтар қарсы шықты.

1731 жылы 10 қазанда Кіші жүздің 27 старшинасы саяси тәуелділік жөніндегі актіге қол қою мақсатымен Ресейге аттанды. Бұл тарихи оқиға – басқа қазақтарды Ресейге бағындыру әрекеті XIX ғасырдың соңына дейін созылды. Әбілхайыр 1737 жылы қазанда Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант берді. Отар ретінде Ресейге кіру саясатын белгілі тарихшы А.И. Левшин Әбілхайырдың жеке басының мүддесін ойлағаннан туған іс-әрекет деп есептейді. Ол империя әкімшілігіне сүйеніп, үш жүзді билегісі келді.

Орынбор губернаторы Д.И. Неплюевтің жоңғар қонтайшысы Қалдан Серенге хат жолдап, Ресей қарамағындағы қазақ жерлеріне кірме деп ескертеді. Соған қарамастан, жоңғарлардың қазақ еліне шапқыншылығы тоқтамады, ал орыс әскері қазақтарға жәрдем көрсетпеді. Себебі, Ресейдің зымиян саясаты тереңде жатыр еді. Империя Әбілхайырды пайдаланып, қазақ жерін бүтіндей отарлауды ойлады. Ал хан Ресейдің саясатын дер кезінде түсіне алмай, өз ұлы Қожахметті орыстарға аманатқа берді. Орыс үкіметімен әр түрлі қатынастарды үзбеген Әбілхайыр, сонымен қатар жоңғар қонтайшысы Қалдан Серенмен де астыртын байланыста болды. 1740 жылы Иранның Хиуа хандығын алуына байланысты, Қазақ хандығы парсылармен шекаралас болды. Ресей мен Кіші жүз қатынастары салқындап кетеді. Ендігі кезеңде Ресей дипломаттары Орбекінісінің жанында Әбілхайырмен келіссөз жүргізіп, оған дипломатиялық жәрдем көрсетуге және басқа да көп уәделер береді. Алайда, 1748 жылы Торғай өзенінің жағасындағы қақтығыста орыстардың қол астына кіруге қарсы шыққан Барақ сұлтан Әбілхайырды өлтіреді, Қазыбек би төрелік еткен билер соты Барақтың бұл әрекетін ақтап шығады.

Екі ғасыр бойы, 1628-ден 1816 жылға дейін, «қасиетті қала» – Түркістан – қазақ хандығының саяси орталығы және қазақ хандарының тұрақты ордасына айналды. Мұнда, дәстүрлі рәсім бойынша, ақ киізге отырғызып хан сайлауы өткізіліп, осыған орай шетелдік елшілер қабылданып, ең маңызды мәселелер қаралған.

XVII-XIX ғасырларда Орта Азия аймағында дипломатиялық, сауда және әскери қатынастарда елшілерге қолсұқпаушылықты қамтамасыз ету, оларға жататын жай беру, тамақтандыру және белгіленген молшерде кедендік алым салу секілді дәстүрлер басым болды. Дипломатиялық иммунитеттің бір түрі – шеттен келген елшілердің миссиясы кезінде олардың жұмысына кедергі жасамау, ресми құжаттарына тиіспеушілік болды. Ұзақ уақыт бойы халықаралық қатынастарда орын алған осы дәстүрлердің орындалуы халықаралық құқық нормаларына айналды.

Орта Азия мемлекеттерінің елшіліктеріне тікелей қатысты елшілік дәстүрлер мен мемлекетшілік актілердің болуы арқасында, шетел өкілдерінің мынадай дипломатиялық дәрежелері болған: Елші, Ерекше уәкіл және делдал. Аймақта дипломатиялық өкіл құзырына ерекше көңіл бөлінген. Орта Азия елдерінің тарихында және Қазақстанда елші өз елі билеушісінің өкілетті құзырын иеленбегендіктен, ел бас-

шылары олармен арнайы келіссөз жүргізуден бас тартқан кездері де болған. Елшілердің құқықтық жағдайы тек келісіммен емес, сонымен қатар елшілік салттар, мұсылманның қасиетті кітабы – Құранмен және мемлекеттік заңдармен де анықталған.

Шарт мақсаттары түрлі болды: саяси және сауда, экономикалық қатынас орнату, қорғаныс немесе әскери одақ құру, тұтқын алмасу, шекара орнату, территорияны беру, бөлу, т.б. Орталық Азияның мемлекет басшылары хат жазысуда көне түрік немесе шағатай тілін пайдаланған, оған қоса парсы-төжік тілінде де хат алысқан. Белгілі бір дипломатиялық тілдің болмауына, келісімдер екі мемлекеттің өзара тілдерінде жасалынды. Шарттарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін халықаралық құралдарға: ант беру, Құран ұстап ант беру, бір-бірімен шарт жасасқан жақтардың аманат қалдыруы және т.б. жатады.

XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы Ресей империясының отарлау саясатының құрбаны болып, саяси, экономикалық және рухани дағдарыстарды басынан кешірді. Ғасырлар бойы қалыптасқан хандық жүйе жойылды. XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақ хандары мен сұлтандары арасындағы билікке деген таластартыстың күшеюімен сипатталады. Өзара қырқыстар мен ұлттық бірліктің болмауы қазақ дипломатиясының тәуелсіздігін сақтаудағы ықпалын төмендетті. 1867 жылы Ресей империясының үкіметі «Далалы аймақтарды уақытша басқару жағдайы» туралы заң қабылдап, қазақ жерлерін орыс мемлекеті жүйесіне тарту процесінің басталуына негіз болды. Қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы жүздердің жеке хандық, сұлтандық ретінде өмір сүруін тоқтатты. Соның салдарынан орталықтанған қазақ мемлекетінің құрылуы тежелді. Барлық бұйым, тауарларды Ресейден тасып, жергілікті өнеркәсіп, білім, ғылым дамымай қалды. Көршілес Қытай, Иран, Түрік мемлекеттерімен саяси, мәдени, сауда-экономикалық байланыстар үзілді. Қазақ елінде өндіргіш күш құрылмай, әлемдегі техника, жаңа өндірістен қазақ елі тысқары қалды.

1755 жылы Жоңғар хандығының талқандалуынан кейін, Қытай Орталық Азиядағы қазақ елінің шекарасына шықты. Екі алып мемлекет – Қытай мен Ресей арасында мекендеген қазақ халқына қытайлық Цинь империясы мен Орыс патшалығы жағынан жаулап алу қаупі төніп тұрды. Осы кезеңде қазақ хандары Ресей мен Қытай арасында бейтараптық тактика дипломатиясын қолдануға тырысты.

Ресей мен Қытай іс жүзінде қазақ жүздерін тәуелсіз мемлекет ретінде танымаған сол қиын-қыстау заманда Қазақ хандығының ішкі саясатын жүзеге асыру, Ұлы даланың ұлттық бірлігі мен тәуелсіздігін сақтап қалуда Абылай ханның еңбегі зор. Талантты қолбасшы, дарынды дипломат осы алпауыт екі елмен де бейбіт шартқа отыруға қол жеткізді. Абылай (өз аты – Әбілмансұр) (1711-1781) – Орта жүзден шыққан хан. Әкесі Ұәли Түркістан қаласының сұлтаны болған.

XVIII ғасырдың 30-жылдарының аяғында Абылай есімі бізге белгілі құжаттарда Әбілмәмбет ханмен қатар аталады. Орыс тарихшысы А.И. Левшин: «1739 жылы Орта жүзде Сәмеке ханның орнына хан сайлаудан бұрын Әбілмәмбет пен Абылай екеуі бірдей хандық билік жүргізген», — деп жазды. Шоқан Уәлиханов та осы пікірді қолдайды.

Көреген саяси қайраткер Абылай хан дипломатиялық жолдарды да тиімді пайдаланып отырды. 1740 жылдың тамыз айында ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісімін білдірді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Цин империясымен де қарым-қатынасын жалғастырып отырды. Петербург пен Пекинге тұрақты елшілер жіберіп тұрды. 1755 жылы жазда Абылай хан ордасына Цин елшілігі келіп, Қытай императорының манифесін тапсырады. Онда: «Бұрын сендер жоңғарлармен жауластыңдар, енді жоңғарлар жеңілді. Егер де сендер, қазақтар, бағынғыларың келсе, онда көп сый-сияпатқа ие боласыңдар. Ал егер тәуелсіз қалғыларың келсе, онда шекараны сақтауларың керек, бізді мазаламауға тиістісіңдер», — делінген (Русско-китайские отношения. 1689-1916. — М.: Наука, 1958. — С.87).

Сол уақыттағы Абылай ханның басты саяси мақсаты — ойраттар басып алған жерлерді қайтарып алу болатын. 1755 жылдан бастап Цин империясы ойрат жерлерінің қазақ және қырғыз жерлерімен шекарасын анықтауға тырысты. Қытаймен бейбіт келісімге келген соң, қазақ феодалдары өз жерлерін дипломатиялық келіссөздермен қайтарып алуға тырысты. «1757 жылы император Циньмунның Абылай ханға жазған хатында: «Сен бізге бағынған соң білуің керек, бүкіл жоңғар тайпасы біздің жерімізде, сен біздің шекарамызға қол сұғам деп ойламай-ақ қой» делінген», — деп жазады В.П. Гуревич өзінің «Международные отношения в Центральной Азии в XVII — первой половине XIX в.» деген кітабында.

Қазақ-қытай қатынастарының тарихында сыртқы саяси істерді дипломатиялық деңгейде, бейбіт әдістерді пайдалана отырып шешуге ұмтылған жаңа кезең басталды. Соған қарамастан, екі елдің арасындағы жерлер, әсіресе жайылымдық жерлер мен шекара бойындағы өзендер үшін талас, қақтығыстар болып отырды.

XVIII ғасырдың ортасында қазақ-қытай қатынастарының қалыптасуы мен екі мемлекеттің арасындағы саяси, әскери, дипломатиялық және экономикалық байланыстардың толыққанды іс жүзіне асуы, сөз жоқ, сол кезеңдегі қазақ ханы Абылайдың халқы үшін атқарған аса зор қызметі болды.

Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесіне пайдаланды. Ресей империясы бодандығында жатқан башқұрт, татар, ноғай халықтарының көтерілісіне Абылай хан қолдау көрсетіп, қару-жарақ беріп отырды. Мысалы, 1755 жылы башқұрт халқының патша үкіметі отарлау саясатына қарсы көтерілісінде

50 мыңнан астам банкүртты қазақ жеріне кіргізіп, орыс әскерлерінен аман сақтап қалды. 1745 жылы Қалдан Серен дүние салғаннан кейін, Жоңғария билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын пайдаланып, Шығыс Түркістанмен іргелес оңір Іле, Шу өзендерінің бойын жаудан тазартты. 1765-1767 жылдары Абылай әскерінің Қоқан билеушісімен сәтті өткізген соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қалалары қайтадан қазақтар иелігіне өтті.

1771 жылы Еділ қалмақтары (180 мың адам; 40 мыңдай әскері бар) Жоңғарияға қазақ жері арқылы үдере көшкенде, Абылай хан бастаған жауынгерлер Балқашқа жақындаған кезде қалмақтарды қоршауға алады. Осы кезде қалмақ басшылары бітімге келуді сұрап, елші жібереді. Жеңілген жауды қырып-жоюдың қажеті жоқ екендігін түсінген Абылай келіссөзге келіп, олардың Жоңғарияға өтуіне мүмкіндік берді. Ханның бұл шешімінде Қытаймен болашақ қарым-қатынастың артын ойлау бар еді. Жоңғардан азат етілген шығыстағы жерлерге қазақ ауылдарын апарып түпкілікті қоныстандыру да – Абылай саясатының тереңдігін, кеменгерлігін айқын көрсетті. Оның әрбір іс-әрекеті қазақ халқының бүтіндігі, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға бағытталды.

1771 жылы жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салған соң, басты сұлтан, старшындар, үш жүздің басшы өкілдері Түркістан қаласында Абылайды хан көтерді. Ол жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақтың ұлы ханы болды. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері Абылайды Қазақ ханы деп ресми түрде таныды, бірақ Абылай ханның күші өсіп бара жатқанынан сескенген Ресей патшайымы II Екатерина Абылайға Орта жүз ханы ретінде ғана сый-сияпат көрсетті. Бұл «Басқа халықтарды бөліп ал да, билей бер», – деген отаршылардың саясаты еді.

III. Ұелиханов Абылайдай шексіз билікке ие болған бір де бір қазақ ханының болмағанын және «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналғанын атап көрсеткен». Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен айлакерлігі жыр-дастандардың арқауына айналған. Абылай хан Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Қытаймен қатынас жақсарған кезде, орыстардан бой тартып, 1779 жылғы қазан айында Ресей патшасының қолынан Орта жүз хандық белгілерді қабылдаудан бас тартты, себебі Абылай өзін бүкіл қазақтардың ханы деп мәлімдеді.

Ресей империясы қазақ халқының бір бөлігін билеп алған соң, Орта және Ұлы жүз жерлерін отарлауға кірісті. Кенесары Қасымұлы Абылай

ханның ісін жалғастырды. Патша үкіметінің отарлау саясаты кезінде 1822-1824 жылдардағы Сібір, Орынбор қазақтары туралы жарғылардан кейін, Кенесары сұлтан қазақтың қалған жерін отарлаудан сақтап қалуға әрекет жасап, Ресеймен жанжалды бейбіт жолмен шешуді көздеді. Кенесары патша үкіметінің Қазақстандағы өкілдеріне бірнеше рет хат жазып, өздеріне қоныстарын қайтаруды сұрайды.

«Біздің ата-бабамыз, – деп жазды Кенесары, – бізге мұра етіп қалдырған Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Оқият, Тоғызак төңірегі және Жайыққа дейінгі жерлер қазіргі патшаның тұсында бізден тартып алынып, оларға әскери бекіністер салынды. Енді біздің жерімізді күн сайын басып алып, оған бекіністер салып жатыр. Бұл әрекет халықты барынша ашындырып отыр». Бірақ бұған патша да, оның Қазақстанды билеуші генерал-губернаторлары да құлақ аспай, қайта отаршылдықты үдете түсті.

Орынбор генерал-губернаторына жазған хатында патша өкімдерін достық-татулық қатынаста болуға шақырады: «Біз достық пен ынтымақта өмір сүрсек, қандай жақсы болар еді», – дейді. Бұл оның мәмілегерлік, дипломатиялық жол іздеуі еді.

1841 жылы үш жүздің өкілдері Кенесарыны «ақ киізге» көтеріп, хан сайлады. Кенесары хан Ресей мен Орталық Азияның лауазымды адамдарына үнемі хат жазып, сөз салып тұрды. Орыс дипломаттары Герн, Долгов, барон Усларды қабылдағанда, дипломатиялық әдептілікті сақтады. Оның шет елдермен дипломатиялық хат алмасу үлгісі жоғары бағаланды. Оған мысал ретінде мына құжатты келтіруге болады.

«Генерал-губернатор мырзаға Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымұлынан:

«Сізге хабарлайын деп отырғаным, екі елдің халқы бейбіт өмір сүрсін деген ойым бар. Біздің аудандарымызды өзіне қаратып алды деп маған күдікпен қарайтын көрінесіз. Керісінше, сіздер менің атам Абылайдың иелігіндегі округтың диуандарын (приказдары) құрдыңыз, қырғыз (қазақ) халқынан салық жинап, қысым көрсетудесіз. Біздің ренжуіміз – орынды, сіздің қарамағыңызда өмір сүру мүмкін емес. Мен өз жағыма тек Баянауыл, Қарқаралы және Ақмола (округтерінің) халқын тартып қойғаным жоқ. Қазақ халқының көне замандағы жағдайының өзгермегенін құптаймыз. Онда біз де, сіз де тыныштықта өмір сүрген болар едік. ... диуандардың басшылары қырғыздардың (қазақтардың) жақсы жылқыларын тартып алуда. Диуан басшыларының бассыздығына қарсы қырғыздардың шағымдары жауапсыз қалады. Патша ағзамның заңдарына сай біздің жылқыларымызды өлтіруге, тартып алуға тыйым салынғаны сөз жүзінде ғана. ... Сізбен ғұмырлық достықта болу үшін Ақтау бекінісін жоюды, Ақмола диуанын таратуды өтінеміз, қырдағы бар басқа да бекіністерді жоюды сұраймыз, түрмедегі адамдарымызды босатыңыз» (Е. Бекмаханов. XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан. – Алматы, 1947).



#### 1.4. Алашорданың сыртқы байланысы

1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен 2-жалпы-қазақ съезінде жарияланған қазақ халқының ұлттық территориялық мемлекеттігі (1917-1920 жж.) Алаш Автономиясы деп аталды. Бұл съезд ұлт көсемдері Өлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысымен және ұйымдастыруымен өтті. Қазақ автономиясы мәселесі бойынша баяндама жасаған Халел Досмұхамедұлының сөзінен кейін Петерборда Ресей Уақытша үкіметінің құлағаны, Ресейде халыққа сенімді де беделді үкіметтің жоқтығы және мұндай бүлікшіліктің қазақтың да басына келетіні туралы талқылана келіп, қазақ халқының ұлттық-территориялық мемлекеттігін құру үшін төмендегідей қаулы қабылданды:

«Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарының, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі, халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық Автономия құрсын;

Қазақ Автономиясының жер үстіндегі түгі-суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын;

Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатында Уақытша Ұлттық Кеңес – «Алашорда» құрылсын».

Сол уақыттағы 1918 жылдың 25 қаңтарында шыққан «Сарыарқа» газетінде: «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады» деген мәлімет берілді (Ресей империясы, кейіннен Кеңес үкіметі де жаңылысып, қазақтарды «қырғыз» деп атаған. Тек 1925 жылы 18 сәуірде кеңестердің бүкілқазақтық V съезі тарихи дұрыс «қазақ халқы» атауын қалпына келтіру туралы қаулы қабылдаған). Съезде Алаш Автономиясының үкіметі – Алашорданың төрағасы болып Өлихан Бөкейханов сайланды.

Ұлттық-территориялық Қазақ Автономиялық мемлекетін құруда съезд делегаттары бірауыздылық танытқанымен, автономияны ресми жариялауда алауыздыққа жол берілді. Қазақ коммунистері «большевиктер» партиясы мен Кеңес үкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешуде таптық жіктелу принциптерін ұстанды, яғни бір халықты бай, кедей деп тапқа бөлді. Алаш көсемдері, керісінше, қазақ ұлтының бірлігін, территориялық тұтастығын таңдады.

Алашордашылардың атаман Дутов басқарған ақгвардияшылармен одақ құруы Алашорданың жағдайын одан әрі қиындатып жібереді. Кейін олардың бөлінуі мен күш қуатының кемуі Ө. Бөкейхановтың Мәскеудегі Орталық Кеңес үкіметімен және оның жергілікті билікпен байланыс жасауына алып келеді. Алашорда мемлекетін автономия ретінде тану, Ресеймен қарым-қатынас орнату үшін Ө. Бөкейханов,

Кеңес үкіметінің басшысы В. Ленинмен және Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары И. Сталинмен келіссөз жүргізу мақсатында Мәскеуге Халел мен Жанша Досмұхамедұлдары басқарған делегация жіберген. Осылайша, қайраткерлеріміз қазақ мемлекеттігін сақтап қалу үшін амалсыздан Мәскеумен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға барды. Алайда, билік оларға әлемдік капитализмді жеңгеннен кейін көрерміз деген жалған уәде беріп, қазақ мемлекеттігін мойындамай, келіссөзді кейінге ысырады. Сойтіп, Қазақ Автономиясының өзгелермен дербес саяси дипломатиялық қатынастар орнатуына қарсы шықты. Бірақ, Мәскеудің автономия мұқтажына материалдық көмек көрсету жөніндегі уәдесі, бүкілқазақтық құрылтайды шақыру және өлкеде азаматтық бітімге келуі Алаш қайраткерлерінің Ресей басшылығымен жүргізген дипломатиялық келіссөздерінің нәтижесі еді.

Азамат соғысы жылдарында большевиктер басқарған Кеңес үкіметіне қарсы күресте атаман Дутов, генерал Колчак жеңілді. Содан кейін кеңес өкіметі Алашорда үкіметін құлатты. Әуелде Алаш партиясын, кейіннен Алашорда үкіметін құрып, қазақтың басына теңдік әпермек болған қазақ зиялыларының халық үшін атқарған қызметі зор болды. Алайда, Мәскеудегі жоғары билік оларға үнемі сенімсіздік танытып, шеттетумен болды. Жеңіске жеткен Кеңес үкіметі Алаш Автономиясын тарих сахнасынан күштеп кетірді. 1928 жыл мен 1930, 1937 жылдары Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлерін жаппай ұстау басталып, ұлт қаймақтары саналған азаматтардың барлығы саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Алашорда үкіметі аз ғана уақыт билік құрып, жеңіліске ұшырағанымен, ол қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жүргізген күрестің занды жалғасы болғандығы анық.

Патшалық Ресей қазақ елін генерал-губернаторлар басқаратын 3 аймаққа бөліп жіберді, атап айтқанда осы аймақтардың орталықтары Орынбор, Омбы және Ташкент қалалары болды. Қазіргі Оңтүстік Қазақстанның 5 облысымен қоса, өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ және тәжіктер де Ташкенттегі Түркістан генерал-губернаторына қараған.

1920 жылы 21 қаңтарда коммунистер басқарған Түркістан Атқару комитетінің төрағасы қызметіне Тұрар Рысқұл-ұлы сайланды. Ол Атқару комитетінің жұмысын жандандырып, жергілікті халықтардың құқын қорғайтын ұйым дәрежесіне көтерді. Түркістан Республикасын түркі тілдес халықтардың ұлттық мемлекетіне айналдыруға, саяси, экономикалық, дипломатиялық, әскери салаларда нақты дербестік құқыққа ие қылуға бар күш-жігерін жұмсады. Т. Рысқұл-ұлының көздеген мақсаты, түпкі идеясы – Түркі дүниесін біріктіру еді. Ол әуелі автономия құрып, одан кейін конфедерация жасауды, яғни біртұтас түркі мемлекетін құруды көздеді. Бұған оның 1920 жылы Ташкентте өткен Мұсылман бюросының Үшінші төтенше конференциясында талқылауға ұсынған «Түркістанның Автономиялығы туралы тезистері» дәлел.

Т. Рысқұл-ұлы Қазақстан Компартиясын басқарған Ф. Голощекиннің (шын фамилиясы – Ицкевич) қолдан жасаған ашаршылығына қарсы тұрып, қазақ халқын ашаршылықтан құтқару туралы И. Сталиннің атына хат жазды.

Т. Рысқұл-ұлының Түркістанды тәуелсіз мемлекетке айналдыруынан қауіптенген Кремль оны 1924 жылы Мәскеуге шақырып, Ұлттар істері жөніндегі халық комиссариатына қызметке қояды. Кейін сталиндік репрессия жылдары ол басқа қазақ зиялыларымен бірге атылды. Осылайша, түркі халықтарының бірлігі идеясы Ресейдің өктем геосаяси мүддесінің құрбандығына шалынып, іске аспады.

Алаш қосемдерінің халыққа жасаған зор еңбегін бағалай келіп, ҚР Президенті Н. Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында: «Аса қорнекті тарихи қайраткерлердің, шын мәніндегі мемлекетшілердің тұтас бір шоғырының, жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде-ақ қазақ мемлекеттігінің даму мақсатын тұжырымдап берген тұлғалардың ұлттық мүдделерге қызмет етуінің ұлы тарихи үлгісі көз алдымызда тұр», – деп атап өтті.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Грекияның дипломатиялық қызметі туралы баяндап беріңіз.
2. Грекия мен Рим империясының дипломатияларының айырмашылықтары қандай?
3. Византия империясында дипломатиялық иммунитет қалай пайдаланылды?
4. Франция дипломатиясының негізін қалаушы Франсуа де Кальер туралы өңгімелеп беріңіз.
5. Николо Макиавеллидің халықаралық қатынастағы ұстанған принциптері қандай?

## 2-ТАРАУ. КЕҢЕС ОДАҒЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК ЕЛДЕР ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

*Кез келген дипломатия –  
басқа тәсілмен соғыс жүргізу.*

*Чжоу Энлай (1889-1976) ҚХР саяси қайраткері*

*Сыртқы саясат дегеніміз – соғысты басқа  
құралдармен жүргізу көрінісі.*

*Жан Франсуа Ревель (1924-2006) француз саясаткері*

Мемлекеттер бір-бірімен саяси, сауда, экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстар орнату үшін өзара дипломатиялық қарым-қатынастар орнатады. Дипломатиялық қатынастарға төн дипломатиялық ұғымдар мен терминдер, дипломатиялық дәрежелер мен протоколдар Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына, 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына, 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясына және басқа да халықаралық көпжақты шарттар мен келісімдерге сойкес негізделеді.

Мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының, мемлекеттің сыртқы істер органдары қызметкерлерінің сыртқы саясат саласындағы саяси іс-әрекеттері *дипломатия* (грек. *Diploma*) деп аталады. Бұған қоса, дипломатияға халықаралық экономика-техникалық ынтымақтастықты орнату, кеңейту, сақтау, ұлтаралық жанжалдарды болдырмау, бейбітшілікті сақтау және оны реттеу мақсатында жүргізілетін келіссөздер, халықаралық конференциялар жұмысына қатысушы делегациялардың қызметі жатады. Мемлекет басшылары не үкімет өз мемлекетінің дипломатиялық бағыт-бағдарын белгілейді, ал сыртқы істер мекемелері осы бағдарды жүзеге асырып, халықаралық қатынастар мәселелеріне байланысты ұсыныстарын жоғарғы билікке беріп отырады. Кейде дипломатияны «сыртқы саясатты шебер жүргізу» немесе «келіссөздер жүргізу өнері» деп те атайды.

## 2.1. Жалпы дипломатиялық ұғымдар

Бірінші тарауда дипломатия алғаш рет шығыс елдері (Мысыр, Вавилон, Қытай, т.б.) мен Ежелгі Грекияда пайда болғаны туралы айтылды. Түркі елдері, оның ішінде Ғұн, Сак, Үйсін, Қаңлы, Оғыз, Хазар мемлекеттері, Шыңғыс хан империясы, Алтын Орда, Дешті-Қыпшақ, Қазақ хандығы тарихында өлемнің әр қиырындағы елдермен жүргізілген дипломатиялық іс-әрекеттер туралы деректер көп. XV ғасырдың орта тұсынан бастап халықаралық қарым-қатынастардың дамуы нәтижесінде кейбір мемлекеттер шет елдерде тұрақты елшіліктер ұстады.

Ежелгі Грекия провинцияларынан шетелдерге жіберілетін ресми адамдардың уәкілдігін көрсететін Сенім грамотасы, яғни бүктемелі тақтайша, «диплома» деп аталған. Осыдан «дипломатия» сөзі шықты. Дипломатия қызметінің негіздері Батыс Еуропа елдерінде XV-XVII ғасырларда пайда болды. Ал «дипломатия» термині мемлекеттік қызмет атауы ретінде тек XVIII ғасырдың аяқ кезінен бастап Батыс Еуропада кең қолданыла бастады.

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Еуропада орын алған Бірінші дүниежүзілік соғыс, территориялардың қайта бөлінуі нәтижесінде халықаралық дипломатия үлкен дағдарысқа ұшырады. 1917 жылғы Ресейдегі Ұлы Қазан революциясы халықаралық қатынасқа біршама өзгерістер енгізді. Дипломатияның ұйымдастырылуы мен жұмыс тәсілдері өзгеріп отырады, бірақ олардың басты бағыты объективтік жағдайларға, халықаралық аренадағы экономикалық-саяси күштердің арасалмағына және жеке мемлекеттердегі үстемдік етуші таптардың саяси бағытына негізделеді. Сондықтан іс жүзіндегі дипломатия қоғам дамуының заңдарын, халықаралық қатынастар мен дүниежүзі экономикасының дамуын және жеке елдердің даму тарихы мен олардың мемлекеттік құрылысын есепке ала отырып жүргізіледі. Сыртқы саясатта Кеңес Одағының басшысы В.И. Лениннің принциптерін басшылыққа алған кеңес дипломатиясының негізгі мақсаты – дүниежүзілік жаңа соғысқа жол бермей, бейбітшілікті нығайту, Батысқа тәуелді елдердің түпкі мүдделерін табандылықпен қорғау болды. Сондай-ақ, мемлекеттердің ірі немесе кішілігіне қарамастан, олардың егемендігін (суверенитетін) құрметтеу, барлық мемлекеттермен қатынастардың тең құқылығы саясатын жүргізді.

Дипломатиялық қызметпен айналысатын *дипломаттар* (французша *diplomate*) белгілі бір мемлекеттің басқа мемлекеттермен ресми қатынастарын іске асырып отыратын қызметкері деген ұғымды білдіреді. Дипломат өзіне жүктелген мемлекеттік қызметті дипломатиялық өкіл ретінде шетелдегі елшілікте немесе өз еліндегі сыртқы істер жөніндегі мекемеде атқарады.

Шет мемлекетте елшілік немесе консулдық өкілдік болмаған жағдайда сол елге дипломаттық паспортпен жіберілген қызметкерді

*дипломатиялық агент* деп атайды. Бұл термин екі түрлі мағынада қолданылады: 1) мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен олардың мүшелері жөнінде қолданылатын жалпы термин. 1815 ж. Вена регламенті бойынша бұл ұғым тек дипломатиялық өкілдіктердің басшыларына ғана қолданылды; 2) шетелде орналасқан жеке және заңды тұлғалардың мәселелерін шешу үшін сыртқы істер министрлігі арнайы жіберген ресми қызметкерді де *дипломатиялық агент* деп атайды. Оның шетел өкілдіктерімен және азаматтарымен қызмет барысындағы қатынас тәртібі аталған елдің сыртқы істер ведомствосының бұйрығымен белгіленеді.

*Дипломатиялық актілер*, яғни дипломатиялық қызметте қолданылатын құжаттардың негізгі түрлері: агреман (дипломатиялық өкіл жіберілетін мемлекеттен алдын ала келісім алу), Елишіні тағайындағанда оның қолына берілетін Сенім грамотасы немесе оны өз еліне қайтару жөніндегі Кері шақыру грамотасы, ноталар, шарттар мен келісімдер т.б. актілер.

Дипломатиялық өкілдіктер мен олардың басшыларына, қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне берілетін құқықтық және басқа да жеңілдіктер *дипломатиялық иммунитет* деп аталады. Бұл термин латынның «*immunitas*» – тәуелсіздік деген сөзінен шыққан. Ғасырлар бойы сарапталған иммунитетті қамтамасыз етудегі тәжірибе 1815 жылдың 19 наурызында қабылданған Вена регламентінде бекітілді. 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес дипломатиялық өкілдіктің қызметкерлеріне, тұрғын үйі мен қызмет орнына қол сұғылмайды, тұрған елдерінде сотқа тартылмайды, салықтан, кедендік бақылаудан босатылады.

Қабылдаушы мемлекеттің үкіметі таныған шетелдік дипломатиялық өкілдіктің барлық дипломатиялық қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің ортақ атауы *дипломатиялық корпус* деп аталады, сондай-ақ, бұған белгілі бір мемлекетте орналасқан халықаралық ұйымның тұрақты өкілдіктерінде жұмыс істейтін дипломатиялық паспорты бар қызметкерлерді де жатқызамыз. Олар 1961 жылғы Вена конвенциясына сәйкес дипломаттарға тән артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. Қабылдаушы елдің сыртқы істер министрлігі дипломаттарға дипломатиялық карточка береді әрі арнайы корпусстың тізімі шығарылып, онда әр қызметкердің толық аты-жөні мен қызмет дәрежесі көрсетіледі.

Дипломатиялық поштаны тасушыларды *дипломатиялық курьерлер* деп атайды. Дипломатиялық өкілдіктердің поштасына ешқандай кедергі жасалмауы тиіс, оны ұстауға не ашып оқуға болмайды. Поштаны алып бара жатқан дипломатиялық курьер, кей кездері поштаны таситын ұшқыш не жүргізушілер де кез келген мемлекеттің толық қамқорлығында болады, оны қамауға не болмаса, оның қызметіне қандай да болмасын кедергі жасауға болмайды. Курьерлерге олардың өкілдігін көрсететін дипломатиялық паспорт беріледі.

Мемлекеттің шетелдегі елшісі басқаратын сыртқы қатынас органы, яғни *дипломатиялық өкілдік* елшілік және өкілдік (миссия) болып екі түрге бөлінеді. Елшілікті Төтенше және Өкілетті Елші, ал өкілдікті Уәкіл (елшіден дәрежесі төмен) басқарады. Дипломатиялық өкілдіктер екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастар орнатудың өзара келісімі бойынша ұйымдастырылады. Әдетте, мұндай келісімде өкілдіктің дәрежесі (түрі) атап көрсетіледі. Дипломатиялық өкілдіктердің құқықтық жағдайлары 1961 жылы қабылданған «Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы», сондай-ақ екіжақты келісімдер мен мемлекеттің ішкі заңдары арқылы реттеледі. Қазақстан Республикасы Вена конвенциясына 1993 жылы қосылды. Дипломатиялық өкілдіктің тағы бір түріне мемлекеттердің халықаралық ұйымдардағы Тұрақты өкілдіктері немесе бақылаушылар миссиясы жатады.

Дипломатиялық өкілдіктің негізгі мақсаттары тұрған елде өз мемлекетінің және азаматтарының мүддесін қорғау, сол елдің өз мемлекетімен жан-жақты жақындасуына себепкер болу, тұрған елдің тарихы, саяси өмірі мен оқиғалары жөнінде заңды жолмен жиналған мәліметтерді өз еліне жіберу және т.б. Өкілдіктің қызметі дипломатиялық қатынастар үзілгенде тоқтатылады.

Дипломатиялық миссия уәкіл немесе сенімді өкіл басқаратын *дипломатиялық өкілдік*. «Дипломатиялық миссия» ұғымы көп жағдайда үкіметтің арнайы тапсырмасымен шетелге жіберілген өкілге немесе делегацияға қатысты да қолданылады. Олардың құқықтық мәртебелері 1961 жылы қабылданған Вена конвенциясымен реттелген.

Сыртқы істер министрлігі жүйесінде істейтін қызметкерлерге дипломатиялық рангілер беріледі. Бұл – дипломаттарға атқарып жүрген қызметтеріне қарай берілетін ерекше белгі. Ранг берілу реті мен тәртібі әрбір мемлекеттің ішкі заңдарына қарай реттеліп отырады. Дипломатиялық ранг алғаш рет XIII ғасырда Еуропада «амбассадор» деген атпен пайда болды. Төтенше және Өкілетті Елші, Төтенше және Өкілетті уәкіл атақтары Мемлекет басшысының Жарлығымен беріледі, ал басқа дипломатиялық рангтерді Сыртқы істер министрі өзі бекітеді.

Құқықтық жағынан айырмашылығы болмаса да, дипломатиялық тәжірибеде рангілерге, салтанатты протоколға және этикетке үлкен мән беріледі. 1815 ж. Венада елшілердің рангілері туралы арнаулы регламент Аахен протоколымен толықтырылды. Бұл актілердің нәтижесінде елшілерге: Елші, Елші уәкіл, министр-резидент, өкілдікті уақытша басқарушы рангілер бекітілді.

Шетелдегі дипломатиялық өкілдікті басқаратын тұлға *Елші* деп аталады. *Төтенше және Өкілетті Елші* – халықаралық дипломатиялық қатынаста қабылданған ең жоғарғы рангі. Бірінші рет Кеңес Одағында 1941 ж. 9 мамырда және 1943 ж. 28 мамырда КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының Указдары бойынша Төтенше және Өкілетті Елші рангісі қабылданды.

Бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі Елші басқаратын өкілдігін *Елшілік* деп атайды. Елшілік құрамына елшіден басқа ресми дипломатиялық қызметкерлер мен қызметшілер штаты енеді. Ресми дипломатиялық қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің басқа да дипломатиялық иммунитеттік құқықтары бар. Елшіліктің үйі, мүлкі және мұрағатына қол сұғуға болмайтын дербес құқығы болады. Қазіргі кезде төтенше елшілер көбінесе арнайы үкіметтік делегация деп аталады. Ертеден қалыптасқан тәжірибеде шетелге арнайы тапсырма немесе салтанатты шараларға қатысу үшін жіберілетін адамды да Елшілік деп атаған, ал бүгінде оны делегация дейміз.

Мемлекеттердің дипломатиялық қатынас органдарының және оның өкілдерінің іс-әрекетін реттейтін халықаралық құқықтың саласы *елшілік құқығы* деп аталады. Елшілік құқығының алғашқы принциптері ертеректе мемлекеттердің бір-біріне жіберетін уақытша өкілінселшісіне көрсетілетін жеңілдіктер мен ерекше құрметтер ретінде пайда болды. Феодализм дәуірінде жер шарының түрлі аймақтарындағы мемлекеттердің өзара қатынастары күшеюінің нәтижесінде тұрақты елшілік институты пайда болып, елшілік құқығының нормалары белгіленді. Кейінірек халықаралық қатынастардың дамып, түрлі халықаралық ұйымдар мен комиссиялардың және дипломаттардың жаңа түрлері – халықаралық ресми қызметкерлердің пайда болуына байланысты елшілік құқығына жаңа нормалар мен дәстүрлер енгізілді. 1815 жылғы Вена протоколы және оны толықтырған 1818 жылғы Аахен протоколы өкілдіктер басшыларының иммунитеті мен рангілерін анықтады және 1911 жылы Каракаста қабылданған консулдық міндеттер, 1928 жылы Гаванадағы дипломатиялық қызметкерлер туралы конвенциялар елшілік құқығының негіздерін халықаралық келісімдер арқылы бекітті. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында көптеген елдер тәжірибесінде дипломатиялық және консулдық өкілдіктер біріктіріліп, халықаралық аренада бірыңғай дипломатиялық өкілдіктер пайда болды.

Халықаралық құқықта белгілі бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттің арнайы адамын дипломатиялық өкілдіктің басшысы ретінде қабыл алуға алдын ала келісім беруін *агреман* деп атайды. Бұл сөз француздың «*agreement*» сөзінен шыққан, яғни «мақұлдау» деген мағынаны береді. Агреман жолдаушы мемлекеттің сыртқы істер министрлігі арқылы тек елшілерге ғана жазбаша түрде сұратылады. Агреман беруден бас тартқан ретте дипломатиялық өкілді жолдаушы мемлекеттің оның себебін түсіндіруді талап етуге құқы жоқ. Кейбір елдердің тәжірибесінде агреманды ауызша сұратып, оған ауызша жауап алу фактілері де ұшырасады. Егер агреман берілсе, онда дипломатиялық өкілдіктің басшысы қызметіне үміткер – «*persona grata*» («қалаулы адам»); егер агреман беруден бас тартылса, осы қызметке үміткер – «*persona non grata*» («қалаусыз адам») болып саналады. Тек агреман алғаннан кейін ғана ол дипломатиялық өкіл ретінде тағайындалып, ресми жарияланады.



Агрессия латынның «*agressio*» деген сөзінен шыққан, шабуыл деген мағынаны береді. Бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа елдің жерін басып алу, халқын езгіге салып, экономикалық және саяси тұрғыдан тәуелді ұстау мақсатымен жүргізілетін қарулы шабуылын *агрессия* (басқыншылық) деп атайды.

Жеке адамның өз мемлекетіне саяси құқықтық қатысын білдіретін, белгілі бір мемлекеттің азаматы қатарына жатуын *азаматтық* дейміз. Әр адам өзі азаматы болып есептелетін мемлекеттің заңын мойындауға, борышына адал қарауға міндетті.

Әлемдік католиктер орталығы Ватиканның шетелге жіберетін дипломатиялық миссиясы басшысын *нунций* (лат. *nuntius* – хабаршы) деп атайды. Ватиканмен ресми қарым-қатынас жасайтын мемлекеттер астанасындағы папаның тұрақты дипломатиялық өкілі. Нунций елші рангісімен барабар лауазым (өкіл рангісімен барабар лауазым интернунций деп аталады). Дәстүр бойынша Нунций бірқатар елдерде дипломатиялық корпусстың басшысы (дуаиен) міндетін атқарады. Нунций діни атақ болғандықтан, дипломатиялық қызметімен қатар, сол елдегі католиктік шіркеудің жұмысына бақылау жасайды. Ватиканмен дипломатиялық қарым-қатынас жасамайтын елде сол елдің католиктік шіркеуі жанындағы апостолдық делегат Ватикан атынан өкілдік етеді.

Дипломатиялық өкілдіктердегі (елшілік пен миссияларда) кіші дипломатиялық лауазымды *атташе* (франц. *attaché* байланысқан, бекітілген) деп атайды. Сондай-ақ, «атташе» терминінің екінші түсінігі бар. Арнаулы әскери-теңіз, әскери-өуе, сауда, қаржы, баспасөз атташелері өзінің мамандығы бойынша елшінің кеңесшісі және шет мемлекетте өз армиясының, флотының, авиациясының т.б. өкілі болып табылады.

Шетелдік елшіліктер мен консулдықтар және халықаралық ұйымдардың барлық дипломатиялық қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері *дипломатиялық корпус*ты құрайды. Дипломатиялық корпус қандай да бір халықаралық құқық нормаларына негізделген мекеме немесе заңдық тұлға құқығы бар ұйым емес. Сондықтан корпус тарапынан ешқандай саяси мәлімдеме жасауға жол берілмейді. Халықаралық қатынастардағы қалыптасқан үрдіс бойынша дипломатиялық корпус қабылдаушы мемлекеттің ресми іс-шараларына қатысады. Мұндай ресми жағдайлар кезінде дипломатиялық корпус атынан оның басшысы дуаиен сөз сөйлейді. Қазақстан Республикасында 60-қа жуық дипломатиялық өкілдік басшылары мен олардың қызметкерлерінен тұратын дипломатиялық корпус қоныстанған.

Бір елдегі дипломатиялық корпусстың басшысын *Дуаиен* (французша *doyen* – ақсақал) деп атайды. Дуаиен міндетті түрде сол елде басқаларға қарағанда ұзағырақ тұрған елшілер арасынан таңдалады. Ол, негізінен, протокол мәселесімен айналысады, атап айтқанда, корпус атынан құттықтаулар жолдайды немесе көңіл айтады, түрлі салтанатты

протоколдық іс-шаралар кезінде дипломатиялық корпусты басқарып, қабылдаушы елдің сыртқы істер мекемелерімен тұрақты байланыста болады. Жаңадан келген елшілерге сол елдің билік органдарымен қарым-қатынас жасау тәртібін түсіндіреді, ақыл-кеңестер береді.

## **2.2. Кеңес Одағы дипломатиясы және оның Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі ролі**

1917 жылғы Ресейдегі Ұлы Қазан революциясы дипломатия саласына орасан зор өзгерістер әкелді. «Социализм дипломатиясы» деген ұғым пайда болды. Социалистік дипломатия халықаралық сахнада мемлекетаралық қатынастардың жаңа көрінісі ретінде танылды, сонымен қатар ескі цорма, әдет-ғұрыпқа сапалы өзгерістер мен жаңа екпін әкелді. Ол халықаралық қатынастарда мемлекеттердің жаңа прогрессивтік және демократиялық өзара қатынас нормаларын, яғни үлкен және кіші елдердің теңдігі, олардың мызғымас егемендігі, қоғамдық пікір мен халықтардың заңды құқығын ескеруді бекітті. Кеңес Одағы, Шығыс Еуропа және Азияның біраз елдерінде социализм орнауына байланысты, бүкіл әлем капиталистік және социалистік екі лагерьге бөлінді. Халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатта социалистік дипломатия орын алды.

Жаңа дипломатия пролетарлық және социалистік интернационализм принциптеріне негізделді. Империализм агрессиясына қарсы күрес, әлемдік термоядролық соғыс қаупінің алдын алу, қоғамдық жүйелері әр түрлі мемлекеттермен өзара бейбіт, қатар өмір сүру принциптері негізінде ынтымақтастықты дамыту болды.

Кеңес үкіметі бұрынғы буржуазия дипломатиясына қанаушы капиталистер байлығын қорғайтын отаршылдық және Еуропа мемлекеттері Азия, Африка елдерін бодандықта ұстайтын халықаралық қатынастар жүйесі деп баға берді. Сондықтан Кеңес Одағына қарсы әлемдік капиталистік мемлекеттер тарапынан саяси және экономикалық блокада жарияланды. Еуропалық Антанта одағына кіретін мемлекеттердің әскері Ресейдің батысында, оңтүстік және солтүстігінде орналасып, тікелей әскери интервенция жасау қаупі пайда болды. Оның үстіне, орыс патшасын қолдаушылар, буржуазия және помещиктердің бастауымен елде азаматтық соғыс басталып кетті. Осы жағдайда жаңа үкімет сыртқы саясат жүргізу үшін Сыртқы істер министрлігін қайта құруға кірісті. Ескі патшалық биліктің кәсіби дипломаттары жаңа кеңес үкіметін мойындамай, министрліктің жұмысынан бас тартты, ал шетелдегі Ресейдің елшілері елге оралмады. Осыған байланысты, Халық комиссариаты Кеңесінің төрағасы, революция көсемі В.И. Ленин жаңадан Сыртқы істер халық комиссариатын құрып, оған қызметке белгілі революционерлер мен жауынгерлерді және билікті, революцияны қолдаған зиялыларды тағайындады. Бірінші Сыртқы істер халық комиссары болып

Л.Д. Троцкий (шын фамилиясы Бронштейн) қызмет атқарды. Бірақ ол орыс революциясын бүкіл Еуропаға, әлемге жалғастыру керек деген идеясын жүргізіп, Германиямен жасалған соғысты аяқтау бітіміне қол қоюдан бас тартты. Сол себепті ол 1918 жылы 8 сәуірде қызметінен кетті. 1918 жылы 30 мамырда Сыртқы істер халық комиссары қызметіне аристократ отбасынан шыққан, білімді, бірнеше шет тілін меңгерген Г.В. Чичерин тағайындалды. Ол Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы Орталық Комитетінің басқаруымен сыртқы саяси ведомствоны құрды және шетелдерге Кеңес Одағын танытып, олармен бірінші жұмысшы және шаруа үкіметімен дипломатиялық, саяси, сауда байланысын орнатты.

Кеңес Одағында таптық және коммунистік партияның басқарушылық принциптері сақталатын. Сыртқы істер ведомствосының аппарат қызметкерлері Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің келісімімен, елшілер осы Партия комитетінің Саяси бюросының келісімімен тағайындалатын. Дипломатиялық қызмет, сыртқы саясат толығымен РСДРП партия органдарының бақылауында болды. Партия басшысының келісімінсіз бірде-бір дипломатиялық акциялар мен мемлекетаралық шарттар, келісімдер жүзеге асырылмайтын.

Қазан революциясы жеңіске жетісімен, Кеңес үкіметі Шығыста егемендік алған мемлекеттердің халқы мен үкіметіне арналған үндеуінде еркін келісім мен өзара сыйластыққа негізделген тату көршілік қатынастар орнатуға шақырды. Кеңестік Ресейдің Ауғанстан, Иран және Түркиямен дипломатиялық қатынастар орнатуы, оларға өз тәуелсіздігін нығайту үшін бірінші социалистік мемлекеттің қолдауын пайдалануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, осы қадам кеңестік Ресейдің халықаралық мойындауын табу үшін күресінің тиімділігін, оның Батыс елдерінің дипломатиялық блокадасын бұзуға мүмкіндік берді.

XX ғасырдың 20-жылдары КСРО-ның Сауд Арабиясымен (ол кездері Хиджаз және Неджд деп аталған), Йеменмен дипломатиялық қатынастар орнатуы, екі елге де Ұлыбритания империалистерінің қысымшылығынан шығуға қолдау болды.

1919-1922 жылдары Ауғанстан, Түркия, Иран, Моңғолия, Эстония, Латвия, Литва, Финляндия және Польшамен, 1922 жылы Германиямен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылып, сауда келісімдеріне қол қойылды. Кейін Кеңес Одағымен басқа да еуропалық мемлекеттер, АҚШ дипломатиялық қатынастар орнатты. Осындай келісімдердің негізінде Мәскеу шетелдерде сауда өкілдіктерін және елшіліктер ашты.

Кеңестік Ресей өзінің капиталистік елдермен халықаралық бейбітшілікті сақтау үшін ынтымақтасуға ұмтылысын Генуядағы халықаралық конференцияда айқын көрсетті. Сыртқы істер халық комиссары Г. Чичерин 1922 жылы 10 сәуірде осы еуропалық форум три-

бунасынан: «Коммунизм принциптерінің көзқарасын ұстана отырып, Ресей делегациясы қазіргі тарихи дәуірде ескі және жаңа пайда болған әлеуметтік құрылымдардың қатар өмір сүру мүмкіндігін мойындайды. Осы екі жүйе ұсынатын мемлекетаралық ынтымақтастық жалпы әлемдік экономиканың қалыпқа келуінде өте қажет болып табылады», – деп, Кеңес үкіметінің социализм мен капитализмнің бейбіт қатар өмір сүруде ұстанатын принциптерін баяндады.

Ол кезде капиталистік мемлекеттер дипломатиясының сипаты мүлдем басқа еді. Монополистік буржуазияның ішкі саяси мүдделері әлемдік социализм, революциялық және ұлт-азаттық қозғалыспен күресу үшін жанталаса қарулануға бағытталған болатын. Кейбір капиталистік мемлекеттердің дипломатиясына, әсіресе, Англия, Франция, АҚШ-тың сыртқы саясатына әскери күш пен экономикалық өктемдік жүргізу секілді айла-тәсілдер тән. Буржуазиялық дипломатияда социалистік мемлекеттерге қарсы идеологиялық күрес басты орын алды.

1934 жылы Кеңес Одағы Ұлттар Лигасына мүше болып кірерде, Лиганың бұрынғы қабылданған шешімдері мен әрекеттеріне өзінің жауапкершілікте емес екендігі туралы жариялады. Бұл ұстаным отаршылдық жүйеге қарсы азаттық күресті тікелей қолдауы болды. Ұлттар Лигасының көптеген акциялары ең алдымен Азия және Африка елдерінің үстінен мандаттық жүйені құру, отарлық тәртіпті бекемдеуге бағытталды. 1941 жылы АҚШ пен Англия басшылары жариялаған Атлантика хартиясына қосыларда Кеңес үкіметі әрбір халықтың өз елінің мемлекеттік егемендігі мен территориясына қол сұқпаушылық ұқықтарын қорғайтынын, ұлттың өзін-өзі анықтау принципін ұстанатынын атап көрсетті.

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихы бастан кешкен екі әскери-саяси коалицияның қаруланған шиеленісі болды. Соғыс қарсаңында Кеңес Одағының дипломатиясы фашистік Германияға қарсы Батыс Еуропа мемлекеттерімен одақ құру үшін үлкен іс-әрекет жасады. Алайда, ақырғы мезетте Лондон мен Париж Германиямен ымыра келісімге барып, Берлинді Кеңес Одағымен соғысқа итермелеу саясатын жүргізді.

Англия мен Франция үкіметінің ағылшын-француз-кеңестік өзара көмек туралы келісімді орындамауы – 1939 жылы 23 тамызда Кеңес Одағын Германиямен өзара шабуыл жасамау туралы пактіге қол қоюға мәжбүр етті. Соғыс қарсаңында Англия мен Францияның үкімет басшылары Чемберлен мен Даладь Чехословакия мен Польшаны А. Гитлер талаптары алдында капитуляцияға баруға көндіргісі келді. Англия мен Францияның Польшаны қорғау үшін соғысқа бармайтындығы анық болды. Мұндай ұстаным Германияның Польшаға қарсы соғыс ашу шешімін күшейтті.

1939 жылғы 25 тамызда Англия мен Польша арасында өзара көмек туралы шартқа қол қойылды. Алайда, Англияның премьер-министрі Чемберленнің үкіметі осы шартқа қол қоя отырып, сол кездегі Франция

үкіметі сияқты, Польшаға соғыс жағдайында тиімді көмек көрсетуді көздеген жоқ. Олар Германия Польшаны кедергісіз жаулап алып, Кеңес Одағының шекарасына шығып, оның территориясына басып кіруіне үміт артты.

Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында Кеңес Одағы дипломатиясы Германиямен соғыспау үшін біраз іс-әрекет жасады. 1939 жылы мамырда Сыртқы істер халық комиссариаты басшылығына Коммунистік партияның Саяси бюро мүшесі В.М. Молотовтың келуі бұл ведомствоның мәртебесін және жауапкершілігін арттырды. Сонымен бірге, шетелдегі кеңес өкілдіктері басшыларының дипломатиялық статусы өзгертіліп, халықаралық нормалармен сәйкестендірілді.

1939 жылы 1 қыркүйекте Германияның Польшаға шабуыл жасауымен Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Ұлыбритания мен Франция ресми түрде *де факто* Германияға соғыс жариялап, бірақ Польшаға іс жүзінде ешқандай көмек көрсеткен жоқ. Париж бен Лондонның мұндай саясаты «түсініксіз соғыс» деп аталды. Шын мәнінде, ағылшындар мен француздар Германияның КСРО-ға қашан шабуыл жасайтынын күтіп отырды. Батыс елдері соғыстың аяғына дейін осындай екіжүзді саясат ұстанды. Агрессия құрбаны болған көптеген елдер мен халықтар үшін бұл соғыс азаттық үшін, фашизмге қарсы соғысқа айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басында Америка Құрама Штаттары өзінің нейтралитеті туралы жариялады, ал шын мәнінде американдықтар соғысуға даярлық жүргізіп жатты. АҚШ-тың монополистік буржуазиясы соғыс барысында баюдың шексіз мүмкіндіктерін пайдаланып, алдағы уақытта өз құдыреттілігін нығайту үшін және басқа еуропалық державалар күшінің кемуіне орай болашақта өзі әлемдік үстемдік орнатуды көздеді.

Жалпы капитализм дағдарысы жағдайында осы соғыс империалистік мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуы мен олардың арасындағы қарама-қайшылықтар ушығуының нәтижесі болып табылды. Капиталистік мемлекеттер фашистік және буржуазия-демократиялық мемлекеттер коалициясы болып екі топқа бөлінді. 1939-1945 жылдар аралығындағы соғысқа 61 мемлекет тартылып, оның 37-сі тікелей қатысты.

Капиталистік елдер арасындағы қайшылық, жаңа пайда болған державалардың ескі отаршыл мемлекеттердің Азия мен Африкадағы отарларды тартып алу үшін жүргізген күресі және әлемдік экономикалық дағдарыс, осының барлығы осы соғыстың басты себептері болды. Әлемдік шайқас нәтижесінде КСРО мен АҚШ-тың одақтастары жеңді, жаңа Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды, Кеңес Одағы ұлы державаға айналды, әлем әр түрлі қоғамдық-саяси жүйеге қарай социалистік және капиталистік болып екі лагерьге бөлінді, ұлт-азаттық қозғалысы күш алып, деколонизация процесі өтті.

1940 жылы 14 маусымда Парижде неміс әскері жаулап алды. 16 маусымда премьер-министр маршал Петэн Германияға бейбітшілік ор-

нату туралы отініш жасап, уақытша бітімге қол қойды. Еуропадағы Ұлыбританияның басты одақтасы Францияның жеңілісі – Германияға қарсы еуропалық мемлекеттер коалициясын әлсіретті. Ал, Германия фашистік одақты пығайтып, 1940 жылы 27 қыркүйекте Берлинде Коминтерн пактіне қарсы қатысушылар Германия, Италия және Жапония мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері арасында саяси және әскери-экономикалық одақ туралы пактіге қол қойды, ол «Берлин – Рим – Токио белдеуі», яғни одағы деген атпен белгілі. Бұған қарсы 1941 жылы 11 наурызда АҚШ президенті Ф. Рузвельттің ұсынысымен Америка конгресі Германияға қарсы соғысушы елдерге қару-жарақ, шикізат жіберу туралы «ленд-лиз» заңын қабылдады.

Германияға қарсы соғысып жатқан Кеңес Одағын қолдау туралы Америка мен Англия үкіметтері мәлімдеме жасады. 1941 жылғы 22 маусымда Ұлыбританияның премьер-министрі У. Черчилль Германия басқыншылығына азап шеккен халықтарға көмек беру және Кеңес Одағына қолдау көрсететіні жөнінде шешім қабылдады. Сол жылы 23 маусымда Америка үкіметі де осындай мәлімдеме жасады. Кеңес Одағының басшысы И. Сталин өз кезегінде былай мәлімдеді: «Ұлы Отан соғысының басты мақсаты – тек біздің халқымыздың үстіне ғана түсіп тұрған қауіпті жою емес, герман халқының гитлерлік тізгінінің астындағы Еуропа халқына да көмек беру. Біздің Отан үшін соғысымыз Еуропа мен Америка халықтарының тәуелсіздігі мен демократиясы үшін соғысымен бірігіп кетеді». Бас жауды жеңу үшін Кеңес Одағы дипломатиясы капиталистік мемлекеттермен жақындасуға барды.

1941 жылы 12 маусымда Мәскеу қаласында Кеңес Одағы мен Англия Германияға қарсы біріккен іс-қимыл жасау, бір-бірінің келісімінсіз жаумен бейбітшілік шарттар жасамау және келіссөздер жүргізу туралы ағылшын-кеңес шартына қол қойды. Гитлерге қарсы коалицияның қадамына өзара әскери жабдықтармен қамтамасыз ету туралы КСРО, Англия және АҚШ өкілдерінің қатысуымен өткен Мәскеу конференциясы негізгі бағыт берді. Конференция барысында протоколға қол қойылып, Кеңес Одағын қару-жарақ, өндіріс заттары, азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде айлық квота туралы АҚШ пен Англия үкіметі міндеттеме алды.

Англия, АҚШ және Кеңес Одағы тығыз дипломатиялық келіссөздерге кірісті. 1941 жылы желтоқсанда Ұлыбританияның вице-премьері А. Иден Мәскеуге сапармен келді, 1942 жылдың мамыр-маусым айларында КСРО-ның Сыртқы істер жөніндегі Халық комиссары В.М. Молотов Лондон мен Вашингтонға сапар жасады. 1942 жылы «гитлерлік Германия мен оның Еуропадағы одақтастарына қарсы соғыста одақтас және соғыстан кейін өзара ынтымақтастық пен көмек беру» жөнінде ағылшын-кеңес шартына қол қойылды. КСРО мен Ұлыбритания бір-біріне қарсы бағытталған коалицияларға кірмеу, одақ құрмау туралы 20 жылдық мерзімге шарт жасасты. 1942 жылы 11 маусымда Вашинг-

тогда «агрессияға қарсы соғыс жүргізудегі принциптер» жөнінде Кеңес-американ шартына қол қойылды.

Одақтастар арасындағы өткір проблема – Германияға қарсы екінші фронттың ашылуы болды. В. Молотовтың Лондонда және Вашингтонда болған сапары барысында үш одақтас мемлекет Еуропада екінші фронт ашу жайында келісімге келді. Бір аптадан кейін, 1942 жылы 24 шілдеде У. Черчилль мен Ф. Рузвельт кездесіп, Еуропада екінші фронт құруды кейінге қалдырды. Бұл опасыздық соғыста Кеңес Одағын әлсіретуге жасалған британ дипломатиясының іс-әрекеті еді.

Тегерандағы халықаралық конференцияға 1943 жылы 1 желтоқсанда үш державаның басшылары қатысып, «Тегеран конференциясының әскери шешімі» туралы шартқа қол қойды. Бұл шешімге сәйкес Еуропада америка-ағылшын әскерлерінің «Оверлорд» операциясы 1944 жылғы мамыр айында іске асатын болды. Тегеран конференциясының жалпы қорытындысы Гитлерге қарсы коалиция державаларының әскери және саяси ынтымақтастығы барын көрсетті.

Қырым (Ялта) конференциясындағы үш ұлы держава басшылары – Иосиф Сталин, Франклин Рузвельт, Уинстон Черчилльдің кездесуі – 1945 жылы 4-11 ақпанда Ялтаның жанындағы Ливадия сарайында өтті. Конференцияға қатысушылар герман милитаризмі мен нацизмін жою және Германия қайтадан әлем бейбітшілігін бұзбайтынына кепілдік жасау туралы мәлімдеме жасады. Конференцияда Біріккен Ұлттар Ұйымын құру туралы, оның Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің бірауыздан келісіп шешу ережесі және оларды «вето» құқығымен қамтамасыз ету мәселелері шешілді.

1945 жылы 8 мамырда Берлинде Кеңес Одағы атынан маршал Г. Жуковтың қатысуымен Германияның капитуляциясы жөніндегі актіге қол қойылды. КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция өздеріне Германиядағы жоғары билікті алатындығы жөнінде мәлімдеме жасады. Қырым конференциясының шешіміне сәйкес, Германияны төрт оккупация аймағына бөлді: кеңес, ағылшын, америка және француз.

Потсдам конференциясына үш держава басшылары: КСРО басшысы И. Сталин, Америка президенті Г. Трумэн, Англия премьер-министрі У. Черчилль қатысты. Конференция барысында Германияны жеңген державалар билігінің жоғары органы – Бақылау Кеңесінің міндеттері мен мақсаттары келісілді.

Германияның болашақ құрылымы туралы мәселе басты орын алды. Конференцияда жеңіске жеткен державалар Германияның өтпелі кезеңінде саяси және экономикалық бақылау принциптерін қабылдады. Атап айтқанда, оның демилитаризациясы, демократизациясы және денацификациясы. Осылайша, бірлескен дипломатия арқасында Потсдам конференциясы түрлі қоғамдық құрылымдағы мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, болашақта ынтымақтастық, бейбіт өмір құру мүмкін екендігін көрсетті.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы отаршылдық жүйенің күйреуі мен әлем сахнасында жаңа мемлекеттердің пайда болуына себеп болды. Кеңес Одағы дипломатиялық қызметінің алдына үлкен міндеттер қойылды. 1946 жылғы наурыз айынан бастап Сыртқы істер Халық Комиссариаты КСРО Сыртқы істер министрлігі деген атпен өзгертілді.

Соғыстан кейінгі кезеңде халықаралық жағдайдың дамуы қарама-қайшылықтарға толы болды. Жаңа туындаған мәселелер екі әлемдік әлеуметтік-экономикалық жүйенің текетіресі, НАТО мен Варшава шарты ұйымының арасындағы қайшылықтар – халықаралық жағдайдың ушығуын көрсетті, оларды шешу үшін мемлекеттердің диалог жүргізуін талап етті.

Бірінші кезекте ядролық қаруды жою, қоршаған ортаны сақтау, планетаның энергетикалық және шикізат қорларын ұтымды пайдалану, апаршылық, кедейлікпен күресу секілді мәселелер тұрды. Әлемдік мұхит пен ғарыштық кеңістікті игеру өзекті мәселеге айналды. Аталған мәселелер тек мемлекеттердің бейбітшілік және ынтымақтастық негіздерінде ғана шешіледі.

Дүниежүзілік соғыс әлемге үлкен опат алып келді және халықаралық жағдайдың түбегейлі өзгеруі мен әскери, экономика жағынан жаңа алып державалардың (Америка Құрама Штаттары, Кеңес Одағы, кейін Қытай Халық Республикасы) пайда болуына себеп болды. Англосаксондардың бас жауы Германия мен оның одақтастары күйреген соң, Америка Ұлыбританиямен бірігіп, Кеңес Одағына қарсы саясат жүргізді. Олардың мақсаты – Кеңес Одағын әлсірету және социализмді жеңіп, әлемді өз билігіне алу еді. Кеңес Одағы өз ұлттық мүддесін, еркіндігі мен тәуелсіздігін қорғауымен қатар, басқа елдердің де бостандығын қолдап отырды.

Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі – мемлекеттің сыртқы саясатты тиімді жүргізуінің нәтижесі болды. Саясаттың икемділігі және капиталистік мемлекеттер арасында болып жатқан ішкі қарама-қайшылықты совет дипломатиясы тиімді пайдаланды. Кеңес Одағының соғыс кезіндегі антигитлерлік коалицияны құрудағы белсенді рөлі ортақ жауды жоюға, соғыс аяқталғаннан кейін бірқатар саяси мәселелерді шешуге өз үлесін қосты.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс социализмнің халықаралық ауқымда нығайуына жағдай жасады. Кеңес Одағы маңызды сыртқы саяси мәселелерді шеше білді. Сонымен қатар, соғыс кезінде өнеркәсіп, құрылыс, ауылшаруашылық салалары үлкен зардапқа ұшырады, совет халқының 25 млн.-нан астамы қаза тапты. Қазақстан да жеңіске зор үлес қосты, 1 млн.-ға жуық қазақстандықтар, оның ішінде 810 мың қазақ соғысқа қатысты.

Осы соғыс жылдары Америка территориясында әскери шайқастар болмады, Германияға қарсы соғысқа көп кейін кіріскен АҚШ-тың әскери өндірісінің өсуі нәтижесінде экономикасы, қаржысы және валюта мен алтын қоры өсіп, тек дами берді.



Кеңес Одағының алдында тұрған міндет жаңа жағдайларда осы жеңістің нәтижелерін, мемлекеттің қауіпсіздігін сақтап, одан әрі нығайтуды қамтамасыз ету еді. Бұл міндетті соғыстан кейінгі жылдарда КСРО дипломатиясы үлкен жетістікпен орындады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылғаннан бастап, Кеңес Одағы Азия, Африка халықтары ұлттық бостандығының қорғаушысы болды. 1946 жылы ақпанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Сирия мен Ливан мемлекеттерінің ағылшын және француз әскерлерін өз жерлерінен шығару туралы өтінішін қарастырғанда, ұлы державалардың арасында тек Кеңес Одағы ғана сол екі араб мемлекетінің егемен құқықтарын қорғап шықты. Кеңес Одағының көмегімен 1946 жылы Сириядан, ал 1947 жылы Ливаннан француз және ағылшын әскерлері шығарылды.

Еуропа және Азияда он шақты мемлекеттің капитализм жолынан бас тартуы мен әлемдік социалистік жүйенің құрылуы, капиталистік мемлекеттерде жұмысшы топтардың революциялық қозғалыстарының өсуі, колониалдық жүйенің ыдырауы – Кеңес Одағының халықаралық сахнадағы позицияларының күшеюі еді. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде империалистік державалардың көп бөлігінің әлсіреуі капиталистік жүйенің дағдарысына алып әкелді.

Соғыс аяқталғаннан кейін антигитлерлік коалиция мүшелерінің алдында жаңа мақсат тұрды. Ол Германияның бұрынғы одақтастары – Италия, Румыния, Болгария, Венгрия және Финляндиямен қарым-қатынастарды бейбіт жолмен реттеу болды. Оларды жеңімпаз мемлекеттермен жақындастырып, өз ықпалына алу еді.

Потсдам конференциясының шешімімен құрылған Сыртқы істер министрлігінің мәжілісі Еуропа мемлекеттерімен бейбіт келісімдер туралы мәселелерді талқылады. Кеңес Одағы мен Батыс державалары соғыстан кейінгі Еуропаны қайта реттеу мәселесіне әр түрлі көзқараста болды. Кеңес Одағы Шығыс Еуропа мемлекеттерінің демократиялық дамуына, ондағы жұмысшы, коммунистік партиялардың билік басына келуіне барлық жағдайды жасады.

Осы Кеңес Үкіметінің бағытына АҚШ бастаған Батыс Еуропа мемлекеттері қарсы болды. Өйткені, олар соғыстан кейінгі әлемге өз үстемдігін танытып, Кеңес Одағы мен басқа мемлекеттерді бағындырғысы келді. Екі саяси бағыт қақтығысының нәтижесінде Германияның одақтасы болған Италия, Румыния, Болгария, Венгрия және Финляндия мемлекеттерімен бейбіт келісімдерді дайындау жұмысы бір жыл дипломатиялық күрес жағдайында болды.

Америка Кеңес Одағы мен Финляндия, Румыния және Венгрия мемлекеттерінің қатынастарына өз ықпалын тигізгісі келді. Париж бейбіт конференциясында АҚШ-тың делегациясы министр кеңесінде келісілген Кеңес Одағы мен Финляндия, Венгрия мен Румыния мемлекеттерінің кедені туралы келісімді тексеру туралы орынсыз талаптар қойды, бірақ бұл жүзеге аспады.

Кеңес Одағы Югославия мүдделерін қорғады, Африкадағы бұрынғы Италия отарларының британ империясының құрамына отуімен, бұл территориялардың АҚШ-тың әскери базаларына айпалуымен келіспеді. Нәтижесінде, Париж сессиясында сыртқы істер министрлері кеңесінде Италия отарларының мәселесін кейінге қалдырып, егер төрт держава бейбіт келісім арқылы жыл бойы бұл мәселені шешпесе, онда бұл дау БҰҰ Бас Ассамблеясына берілетіні туралы келісімге келді.

Кеңес Одағы репарация мәселесіне принципиалды қозқараста болатын. Агрессия жазасыз қалмау керек, оны тудырған мемлекеттер жауап беруі тиіс деген бағытты ұстаған Кеңес үкіметі соғыс аяқталғаннан кейін Румыния, Венгрия, Франция мемлекеттерімен достық қарым-қатынастардың нәтижесінде репарациялық төлемдердің көлемін азайтты. АҚШ пен Ұлыбритания репарация мәселесіне басқа тұрғыдан қарады. Лондон сессиясында олар керісінше, Германияның бұрынғы одақтастарының экспортына бақылау орнатқысы келді. 1947 жылы 20 ақпанда Парижде бір жағынан Италия, Румыния, Болгария, Венгрия және Финляндия, екінші жағынан 4 держава, яғни Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания және Франция арасында бейбіт келісімдерге қол қойды. Бұл кеңестік дипломатияның үлкен жеңісі еді.

Германияны толық каинутиляция жасаған соң жеңіске жеткен державалар репарация алу мәселесіне кірісті. Репарация (лат. *reparatio* қалпына келтіру) басқыншылыққа ұшыраған елдің халықаралық бітімшарт не басқадай акті негізінде агрессор мемлекеттен шеккен зиянын түгел не жартылай толетіп алу құқығы. Оның көлемі мен сипаты соғыс жағдайындағы нақтылы шеккен зиян мөлшерімен анықталды. Репарация мәселесі алғаш рет Версаль бітімшартында (1919 ж.) ресми түрде қаралып, Антанта елдерінің пайдасына шешілді. 1945 жылғы Потсдам, Қырым конференциялары Екінші дүниежүзілік соғыста орасан зиян келтірген Германия мен оның одақтастары Италия, Румыния, Болгария, Венгрия, Финляндияның істерін қарап, репарация туралы тұжырымды шешімдер қабылдады. Репарация төлету мәселесі қаралғанда, Германияның бұрынғы әскери одақтастары әуелде агрессияны қолдағанымен, соғыстың барысында олардың фашизмнен қол үзіп, оған қарсы соғыс жариялағандары ескеріліп, репарация төлетуде бірқатар жеңілдіктер жасалды. КСРО репарация ретінде Германиядан контеген завод, станоктар, теміржол, теңіз кемелерін т.б. машиналар алды. 1954 жылғы 1 қаңтарда Кеңес Одағы мен Польшаның өзара келісімі бойынша Германия Демократиялық Республикасынан репарациялық төлем алу тоқтатылды.

АҚШ пен Ұлыбритания үкіметтері репарация арқылы бұрынғы Германияның одақтастарына экономикалық бақылау орнатқысы келіп, репарацияның ең төменгі төлемдерімен келіспеді. Әсіресе, агрессорлардың Кеңес Одағы, Чехословакия, Югославия, Албания мемлекеттеріне келтірген зардаптары ерекше назарға алынды.

Сыртқы істер министрлерінің Париж сессиясында АҚШ пен Ұлыбритания Италияның Кеңес Одағына репарацияны өз өнімінен төлеуіне қарсы болды. Бірақ, Франция Кеңес Одағын қолдап, АҚШ пен Ұлыбритания мемлекеттеріне бұл шешіммен келісуге тура келді. Кеңес Одағының пікірінше, репарация жеңілген мемлекеттерді тығырыққа тіремеуге, экономикалық дамуына кедергі жасамауға тиіс.

1949 жылы социалистік мемлекеттер Экономикалық өзара көмек кеңесін және Батыстап НАТО әскери блогына қарсы қорғаныс ретінде 1955 жылы Еуропадағы социалистік елдер Варшава шартын құрды.

Екіінші дүниежүзілік соғыстан кейін Америка дипломатиясы Азияда Гомиңдан басқарған капиталистік Қытай үкіметін қолдады. Гомиңдандықтар жеңіліп, социалистік Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін, АҚШ Жапонияны Қиыр Шығыстағы социализмге қарсы өзінің маңызды әскери-стратегиялық плацдармына айналдырды. 1950 жылы қаңтарда АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Ачесон Жапонияны Азиядағы коммунизмге қарсы ең басты тосқауыл ретінде қайта қалпына келтіру керектігін айтты.

Сол кезде америкалықтар Жапонияға арналған «экономикалық тұрақтандыру» атты даму бағдарламасын жасады. Бірақ, бағдарлама шын мәнінде мемлекеттің экономикасын қайта қалпына келтіру мақсатымен ұштаспады. АҚШ-тың мақсаты өз капиталын құюға жағдай жасау, Жапонияның сыртқы сауда мен қаржы салаларына бақылауды сақтап қалу және нығайту еді. Америка монополистері оккупациялық режимді пайдаланып, жапон компанияларының акцияларын сатып алды, жапондық қаржы институттарын өзіне тәуелді етті.

Кеңес Одағы Жапонияның тәуелсіз, бейбіт және демократиялық жолмен дамуын қамтамасыз ететін келісімге қол қоюын қалайтынын жариялады. 1951 жылы 4 қыркүйекте АҚШ бейбіт келісім жасасу үшін Сан-Франциско қаласында халықаралық конференция ұйымдастырды. Бұл тек АҚШ, Ұлыбритания мен Жапония үкіметтерінің алдын ала жасалған келісімін ресми түрде бекіту еді.

Кеңес Одағы делегациясының басшысы А. Громько америкалық бейбіт келісімнің жобасымен келіспеді, себебі Ялта келісінде Кеңес Одағының Сахалин аралын, сонымен қатар Курил аралдарын иелену құқығы анықталған болатын. Бірақ, кеңестік делегацияның талаптары ескерілмеді.

Кеңес Одағы, Польша, Чехословакия өкілдерінің келісімге қарсы шыққандарына қарамастан, 1951 жылы 8 қыркүйекте АҚШ пен оның одақтастары Жапониямен «Қауіпсіздік туралы келісімге» қол қойды. Келісімге сәйкес, Жапония Америкаға әуе, жер үсті және әскери-теңіз күштерін жапон территориясында орналастыру құқығын берді. Бұл күштердің орналасуы Жапония мен Қиыр Шығыс мемлекеттерінің қауіпсіздігін, халықаралық бейбітшілікті, сонымен қатар Жапония ішіндегі төртінсіздік пен көтерілістерді басуды қамтамасыз етеді делінген.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталған бұл дипломатиялық қақтығыс күн бүгінге дейін жалғасуда. Жапония үкіметі бұрынғы КСРО-дан, қазіргі Ресей Федерациясынан өздерінің 4 Курил аралын қайтаруды талап етіп отыр. Онсыз Токио Мәскеумен еш бейбіт келісімге бармайтынын айқын мәлімдеді. Сонымен, Кеңес Одағының дипломатиясы Американың Азияға социализмді кіргізбеу саясатымен ұзақ жылдар бойы күресте болды. Екі ұлы державаның шиеленісі кейін Корея, Вьетнам жерлерінде жалғасын тапты. Корея социалистік Корея Халық Демократиялық Республикасы және капиталистік Корея Республикасы болып екіге бөлінді. Ал Вьетнам коммунистері көп жылғы қырғын соғыста Сайгон мен АҚШ әскерлерін жеңіп, біртұтас Социалистік Вьетнам Республикасын құрды.

1960-1970 жылдары халықаралық бейбітшілікті сақтау, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін көптеген келісімдер мен шарттарға қол қойылды. Сыртқы істер министрлігінде Еуропа құрлығындағы шиеленісті жағдайларды бәсеңдету мақсатында Еуропалық мемлекеттердің қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы жөнінде бастамалар әзірленді, олардың көбін әлем қауымдастығы қолдады. Дипломатияның арқасында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөнінде Хельсинкидегі кеңестің қорытынды актісі даярланды. Оған 33 Еуропа мемлекетінің басшылары, сонымен қатар АҚШ пен Канада да қол қойды. КСРО-мен екі жүзге жуық мемлекет дипломатиялық қатынас орнатты.

Азия құрлығындағы мемлекеттердің бірлескен күштері негізінде Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күрес халықаралық бейбітшілікті нығайту, халықаралық шиеленісті бәсеңдету процесін тереңдетудегі КСРО мен социалистік елдердің саясаты еді.

1945-1980 жылдар аралығында Азияда орын алған 40 ірі әскери қақтығыстың 12-сі Батыс державалардың тікелей қарулы агрессиясынан туындады. Мысалы, АҚШ 1965-1973 жылдары Вьетнам халқына қарсы соғыс жүргізді, 1967 жылы АҚШ-тың одақтасы Израиль Араб мемлекеттеріне (Мысыр, Сирия, Иордания, Палестина) агрессия жасады. Лаос пен Ауғанстанда заңды үкіметке қарсы әскери топтар құрып, азаматтық соғыс ашты. Тәуелсіздік алған елдер арасындағы қақтығыстар, мысалы, Үндістан мен Пәкістанның соғыстары тікелей бұрынғы отаршы Англияның территорияны әділетсіздік жолмен болгеніне байланысты туындады. Олар мұсылмандар тұратын Джамму мен Кашмир штаттарын Пәкістаннан алып, Үндістанға беріп жіберді. Соның салдарынан осы жер таласы үшін Үндістан мен Пәкістанда күні бүгінге дейін әскери қақтығыстар жалғасуда. Неоколонизаторлар тәуелсіз елдерді өздеріне қайтадан бағындыру үшін бір-біріне айдап салып отырды.

Кеңес Одағы «Азияда бейбітшілік аймақты құрудың» маңызын атай отырып, Азия мемлекеттерінің бейбітшіл бастамаларын қолдады. КСРО Азиядағы ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бірнеше ұсыныс жасады. Атап айтқанда, 1957 жылы КСРО-ның даулы

мәселелерді бейбіт жолмен реттеу, осы аудандағы елдер ісіне араласпау, осындағы шетел әскери базаларын жою арқылы Таяу және Орта Шығыстағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы ұсынысы болды. 1980 жылы наурызда Делиде Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін халықаралық конференция өтті. Оған 65 елдің өкілі мен 10 ұйым қатысып, АҚШ пен Қытайдың Азия елдерінің ісіне араласуы мен қарулы күштер қарқынын үдетуіне айып тағылды.

XX ғасырдың 60-70-жылдары социалистік мемлекеттер күшейіп, социалистік лагерь құрылды. Атап айтқанда: Болгария, Венгрия, Вьетнам, Германия Демократиялық Республикасы, Куба, Лаос, Моңғолия, Польша, Румыния, Чехословакия, Қытай Халық Республикасы, Корей Халық Демократиялық Республикасы, Албания және Югославия.

Өзара тұрақты байланыстардың нәтижесінде социалистік мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және халықаралық саясат мәселелерінде көзқарастарының біртұтастығы байқалды. Сонымен қатар, партиялық-үкіметтік делегациялармен алмасып тұрды. Кеңес Одағы әрдайым социалистік мемлекеттердің экономикалық дамуына көмек және қолдау көрсетіп, олардан түрлі техника мен құрал-жабдықтар, көліктік құралдар, халық тұтынатын тауарлар, шикізат түрлерін алып тұрды. Өткен ғасырдың 90-жылдары КСРО сыртқы сауда айналымының 58% -ы социалистік мемлекеттерге тиесілі болды.

Кеңес Одағының және социалистік мемлекеттердің сыртқы саясаты бейбітшілік, достық және халықтар арасындағы ынтымақтастыққа негізделді. БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиялары алдында социалистік мемлекеттердің сыртқы істер министрліктерінің өкілдері алдын ала кездесіп, осы ұйымда бір ұстанымды белгілейтін. Ал сессия барысында мемлекеттер өзара пікір алмасып отырды.

Дүниежүзілік соғыстан кейінгі Кеңес Одағы сыртқы саясатының негізгі бағыттары социализм орнату, ол үшін халықаралық жағдайды қамтамасыз етіп, мемлекеттің мүддесін қорғау, әлемдік социализмді нығайту, халықтардың ұлттық бостандық үшін күресін қолдау еді. Кеңес дипломатиясы агрессиялық соғыстарды болдырмауды, жалпы және толық қарусыздандыруды, қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бір мезгілде бейбіт өмір сүру принциптерін қолдады. Социалистік бірлестік отаршылдық жүйенің құлдырауына өз үлесін қосты. Кеңес Одағы басқа социалистік мемлекеттермен бірге, Азия, Африка халықтарының ұлт-азаттық күресін қолдады.

Өкінішке орай, XX ғасырдың 80-жылдары Кеңес Одағының көрші мемлекеттермен тату тұру саясаты өзгеріске ұшырады. Кеңес әскерінің бейбіт Ауғанстанды басып алуы үлкен саяси және әскери қателік болды. 1979 жылы желтоқсанда КСРО өз әскерлерін Ауғанстанға кіргізді. Бұл жөнінде шешім Үкіметте, Жоғарғы Кеңесте талқыланбай, Л. Брежнев бастаған Коммунистік партияның Саяси бюросында шағын топпен қабылданды. Ауғанстанмен шекаралас ортаазиялық республикалар басшылары да бұл жөнінде хабарсыз қалды. Ауғанстанға соғыс ашу авантю-

расы әлем жұртшылығын КСРО сыртқы саяси бағытына сенімін жойды, халықаралық шиеленістің жаңа айналымын бастап берді. Ауғанстандағы кеңес әскерінің соғыс әрекеті елге жыл сайын 5 млрд. сомға түсті. Бұл соғыста мыңдаған отбасы жақын-туыстарынан айырылды. Оның зардабы Қазақстанға да тиді. Соғысқа республикадан 21 979 адам қатысып, оның мыңнан астамы қаза тапты, алты жүзден астамы мүгедек болды. Кеңес Үкіметі тығырыққа тіреліп, барлық араб, мұсылман елдері, Еуропа, Америка мемлекеттерінің қысымынан кейін, өз әскерін 1989 жылы Ауғанстаннан шығаруға мәжбүр болды. Мәскеудің дипломатия мен сындарлы сыртқы саясаттың орнына әскери күш қолданғаны социализм дипломатиясына үлкен нұқсан келтірді, ақырында кризиске алып келді.

### **Белгілі кеңес дипломаттары**

Кеңес дипломатиясына үлкен үлес қосқан, өткен ғасырда халықаралық қатынас саласында із қалдырған Кеңес Одағының Г.В. Чичерин, М.М. Литвинов, Н. Төрәкүлұлы, А.М. Колонтай, А.М. Майский, В.М. Молотов, А.А. Громыко, Э. Шеварднадзе, В.А. Зорин, Я.А. Малик және тағы да басқа әйгілі кеңес дипломаттарының шетелдік әріптестері алдында абыройы жоғары болды.

Кеңес Одағының бастапқы сыртқы саясат принциптерін белгілі мемлекет қайраткері, атақты дипломат **Георгий Васильевич Чичерин** салды. Ол РСФСР, кейін Кеңес Одағының Сыртқы істер министрлігін 1918-1930 жылдар аралығында басқарды.

Г. Чичерин 1872 жылғы 20 қарашада Ресейдің Тамбов губерниясында текті дворян отбасында дүниеге келді. Ол Петербург университетінің тарих-философия факультетін бітірді. 1904 жылы орыс патшасының саясатына қарсы болып, Ұлыбританияға көшіп кеткен. 1917 жылы Ресейдегі социалистік революцияны насихаттағаны үшін оны британ үкіметі түрмеге жабады. Көп ұзамай 1918 жылы Чичеринді Кеңес Үкіметі босатып алып, Сыртқы істер халық комиссариатының бірінші орынбасары етіп тағайындады.

Кейін Кеңес Одағы сыртқы ведомствосының басшысы ретінде ол үлкен жетістіктерге жетті. Еуропада Ресейдің жаңа коммунистік билігін бірінші болып «Үштік одақ» мүшелері: Германия, Австро-Венгрия, Түркия мойындаған. Мәскеуде жалғыз шетелдік дипломатиялық миссия – Германия елшілігі, ал Кеңес Одағының 4 елшілігі Берлин, Лондон, Стокгольм және Берн қалаларында ғана болды.

Г. Чичерин күш қолдану мен территорияларды басып алу саясатын тек өзінің күшіне сенген ғана жүргізе алады деп есептеген. Оның салмақты және корегендік саясаты өз жемісін әкеліп, 1921 жылы Ұлыбритания Совет Одағын де-факто мойындады. Осы саясатты ұстанып, ол Азия елдерімен де дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты. 1920 жылы Түркия, Иран және Ауғанстан үкіметтерімен жүргізген келіссөздер арқа-

сында кеңес-түрік, кеңес-иран, кеңес-ауған келісімдері пайда болды. Бұл Шығыс елдерімен бірінші тең құқылы және өзара тиімді құжаттар еді.

Австро-Венгрия, Осман және Ресей империяларының ыдырауынан көптеген жаңа мемлекеттер пайда болды. Г. Чичериннің дипломатиялық шеберлігі 1922 жылы соғыстан кейінгі Еуропаның болашағын талқылау үшін Италияда жиналған дүниежүзілік саяси тұлғалар жиынында байқалды. Генуя қаласында өткен халықаралық конференцияда Чичерин жоғары деңгейдегі дипломатиялық келіссөздер жүргізіп, Еуропада бірінші болып Кеңес Одағы барлық соғысушы елдерге жаппай қарусыздандыру бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама өз кезегінде еуропалық қауіпсіздік саласындағы үлкен бастама еді. Соның нәтижесінде халықаралық Рапалл бітім шартына қол қойылды.

1922-1923 жылдары ол Лозанна конференциясына қатысып, сыртқы саясаттағы Ресей коммунистік партиясының ұстанымын жүргізді. 1925 жылы Г. Чичериннің бастамасымен Кеңес үкіметі Түркиямен «Достық және нейтралитет», 1927 жылы Иранмен «Кепілдіктер мен нейтралитет» жөнінде келісімдер жасасты. Сол жылдары Дипломатиялық қызмет туралы ереже және Дипломатиялық дәрежелер туралы ереже бекітілді. Кеңес Одағының Сыртқы істер халық комиссариаты Еуропада қабылданған халықаралық дипломатиялық этикетті қабылдады. Ол – халықаралық қатынастар, мәдениет, революциялық қозғалыстар тақырыбындағы бірнеше кітаптардың авторы.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында елдің сыртқы саясатында Вячеслав Михайлович Молотовтың (шын фамилиясы – Скрябин) атқарған ролі ерекше болды. 1911-1912 жылдары Петербург политехникалық институтында білім алған ол Қазан революциясы тұсында Петроград Әскери революция комитетінің мүшесі болды. 1920 жылы Молотов Украина Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып сайланды. Ол 1930-1941 жылдары КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы, 1942-1945 жылдары Мемлекеттік Қорғаныс комитеті төрағасының орынбасары, 1953-1956 жылдары – КСРО Сыртқы істер Халық Комиссары лауазымдарын атқарды.

Молотов табиғатынан қатал, сақ адам болған. Сондай адам сталиндік саясаттың барлық талаптарын қанағаттандырды. Өйткені, сол кездегі дипломаттарға басқа мемлекеттермен тіл табысу міндетті емес еді. Кеңес Одағының дипломатиясы орталықтандырылған болды. Елшілер дербестікке ие болмаған, яғни бастамашылдыққа жол берілмейтін. Дипломаттар партия және мемлекеттік органдардан іріктеліп алынды. Олар пролетарлық интернационализм принципіде жұмыс атқарды. Бұл тұлғаның дипломатияға қосқан ірі үлесі. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы жүргізген үздік еңбегі. XX ғасырдың 30-жылдары күшейіп келе жатқан Германия, Франция, Англия және басқа капиталистік елдерді социалистік Кеңес Одағына қарсы айдап салу үшін Берлинмен астыртын келіссөз жүргізіп отырды. Лондон мен Париж Гитлердің талабын орындап, Чехословакияның немістер тұратын

Судет облысын Германияға беріп жіберді, Австрияны Германия өзіне қосып алған жағдайда да батыс дипломатиясы ешбір әрекет жасамады. Осындай соғыс қаупі төніп тұрған жағдайда, Кеңес Одағының басшылары Берлинмен ымыраға баруға мәжбүр болды. 1939 жылдың 23 тамызында өзара шабуыл жасамау туралы кеңес-герман шартына отырып, Кеңес дипломатиясы мемлекеттің батыс шекара қауіпсіздігін нықтап алды. Бұл шартқа Сыртқы істер халық комиссары В. Молотов пен неміс сыртқы істер министрі И. Риббентроп қол қойды. Осының нәтижесінде, Кеңес үкіметінің Екінші дүниежүзілік соғысқа кіруі 2 жылдай артқа шегерілді. Осы ісімен Молотов әлемге танымал болып, кеңес дипломатия тарихына өз үлесін қосты. Германия мен Англия, Франция елдерінің қайшылықтарын шебер пайдалана отырып, Мәскеу осы уақыт аралығында әскери өнеркәсібін дамытты, армияны жабдықтап, қарулы күштерін жұмылдырды.

1953 жылы И. Сталиннің өлімінен кейін билік басына келген Никита Хрущевтің саяси бағытына қарсы шықпауы үшін В. Молотов 1957 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті құрамынан шығарылып, дипломатиялық қызметке қайта жіберілді. 1957-1960 жылдары КСРО-ның Моңғолиядағы елшісі, 1960-1962 жылдары Венадағы атом қуаты жөніндегі Халықаралық агенттікте кеңес өкілдігінің басшысы болып қызметтер атқарды. Капитализм мен социализмге бөлінген әлемде ірі державалардың бірі Кеңес Одағының сыртқы саясат тізгінін ұстап отыруда аталған тұлғаның ролі зор болды.

XX ғасырдың халықаралық қатынастар тәжірибесінде «дипломат-тұлға» деңгейіне көтерілген ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі, Кеңес Одағының 1957 жылдан 1985 жыл аралығында Сыртқы істер министрі болған Андрей Андреевич Громыко еді. Өзінің дипломатиялық тәжірибесінде ол АҚШ-тың 9 президентімен келіссөздер жүргізген.

1939 жылы алғаш дипломатиялық қадамын КСРО-ның АҚШ-тағы елшісінің кеңесшісі болып бастаған А. Громыко 1943 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың шарықтау шегінде осы елдегі Кеңес үкіметінің Елшісі болып тағайындалады. «Үлкен үштік»: КСРО, АҚШ және Ұлыбритания бастаған кеңестердің, оның ішінде Қырым, Потсдам, Думбартон-Окс, Сан-Франциско конференцияларына Кеңес Үкіметінің өкілі ретінде қатысып, соғыстан кейінгі құрылған халықаралық ұйым, бейбітшілік пен әлемдік қауіпсіздіктің кепілі болған Біріккен Ұлттар Ұйымының бастауында тұрды. Думбартон-Окс конференциясында БҰҰ басты мақсаттары орындалуының негізі – Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты бес мүшесінің тең дәрежеде дауыс беру құқығы қажеттігін қорғап шықты. 1945 жылдың маусым айында өткен Сан-Франциско конференциясында қабылданған БҰҰ Жарғысына Кеңес Одағының тарапынан қол қойды.

Сұраққа нақты әрі ғылыми негізделген жауап қайтару, қайшылықты мәселелер төңірегінде сабырлылық сақтау қасиеттері А. Громыкоға тән болғанын бірге істеген әріптестері өз естеліктерінде жазған.



1962 жылғы Куба үшін Кариб әскери дағдарысы кезеңінде оның Америка басшылығымен жүргізген келіссөздері – осыған айғақ.

XX ғасыр революциялар мен соғыстарға, қайшылықтар мен бітімгершілікке толы заман болды. Осы жағдайларды, уақытты ой елегінен өткізген А. Громыко төмендегідей ой тастаған екен: «Адамдар өз уақыт аралығында өмір сүреді. Ұлы тарихи оқиғалар да өз уақыт аралығында өтеді. Бірін екіншісінен ажыратып алу мүмкін емес». Осыдан уақыт шеңберінде өтетін әрбір тарихи оқиғалар, мемлекеттердің құрылуы мен құлдырауының және бейбітшілік жағдай жасау не соғысқа алып келу саяси тұлғалардың ойы мен ісінің нәтижесінде жасалатындығын көреміз.

Дипломатия тарихында А. Громыкоға оның қарсыластары әрі саяси ірі мемлекет қайраткерлері өз бағаларын берген, соның бірі – АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджер былай дейді: «Көптеген сыртқы істер министрлерінің ішінен азы ғана жоғары құрметке ие бола алады. Солардың ішінде Андрей Громыко қадірге лайық, өз сөзі мен келісімдерін ұстанатын министрлердің бірі болды. Сөзсіз, А. Громыко аса қабілетті дипломаттардың бірі еді, мен жұмыс барысында онымен таныс болдым».

Дегенмен, кеңес дәуірінде, социалистік және капиталистік жүйенің қарама-қайшы кезінде қызмет еткен дипломаттарды да Коммунистік партия басшылары күдікке алған кездер аз болмады. Бұл күдіктер А. Громыконы да айналып өткен жоқ. Оны кей кездері «американдық бағыттағы» және «американдық саясатты» ұстанушы кеңес адамы деп те айыптады. Тарих көрсеткендей, бұл күдіктер негізсіз болып, іс жүзінде дарынды дипломат көпжақты, көпқырлылығын танытты. Ол Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан екі жүйе шеңберінде империалистік мемлекеттер саясатына қарсы толық тойтарыс бере білді. БҰҰ жанындағы Кеңес Одағының өкілі ретінде социалистік және афроазиялық мемлекеттерге қарсы резолюция жобаларына 20 реттен астам «жоқ» деген veto пайдаланған. Осыған байланысты Батыс дипломаттары Громыконы «жоқ деуші мырза» деп атап кеткен.

Оның әлемдік деңгейде атқарған істері, атап айтқанда, Таяу Шығыспен Вьетнам соғыстарын тоқтатудағы келіссөздері, Женевадағы АҚШ – КСРО төрағалығымен өткен араб-израиль және Вьетнамға байланысты алдын ала 1973 жылы бекітілген Париж бітім шарты, осы мәселе бойынша халықаралық конференциясында соғыстың аяқталуы мен бейбіт шартқа қол қою болып табылады.

Сонымен қатар, Андрей Громыко үлкен ғалым да еді. Оған «Экспорт американского капитала. Из истории экспорта капитала США как орудия экономической и политической экспансии» деген еңбегі үшін экономика ғылымдарының докторы атағы берілген. 1957 жылдан дипломатиялық құжаттарды шығаратын кеңестің төрағасы ретінде «КСРО-ның сыртқы саясаты» атты 21 томдық еңбекті басқарды. Ғылыми жұмыстары үшін Громыко екі рет Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағының соңғы Сыртқы істер министрі Эдуард Амвросиевич Шеварднадзе болды. Ол 1929 жылғы 25 қаңтарда туылған. 1951 жылы Грузия Компартиясы Орталық Комитетінің партия мектебін, 1959 жылы Кутаиси мемлекеттік педагогика институтын тарих мамандығы бойынша бітірген. Эдуард Шеварднадзе – саяси қайраткер және атақты дипломат. 1968-1972 жылдары Грузия КСР-і Ішкі істер министрі, 1972-1985 жылдары Грузия Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары, 1985 жылы КСРО Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындалып, 1991 жылы 8 желтоқсанға дейін, яғни Кеңес Одағы тарағанға дейін осы қызметті атқарды. Дипломатия қызметінде жүргенде Шеварднадзе АҚШ пен КСРО арасындағы «қырғиқабақ» соғыс саясатын бәсеңдетуге, ядролық қаруды қысқартуға, совет әскерлерін Ауғанстаннан әкетуге үлкен үлес қосты.

1992 жылы наурызда ол Мәскеуден Грузияға қайтып оралды. Сол уақытта Президент болған З. Гамсахурдия биліктен кетірілгеннен кейін жаңа құрылған Мемлекеттік Кеңестің төрағасы, сол жылы қазан айында өткен парламент сайлауы нәтижесінде Грузия парламентінің төрағасы болды. 1995 жылы 5 қарашада Грузия Президенті болып сайланды. 1995-2003 жылдар аралығында Грузия Президенті болып қызмет етті. Елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың күшеюіне байланысты «раушан гүлі революциясының» нәтижесінде ол жоғарғы мемлекеттік билік басынан кетті.

Билікте отырған жылдары ол өзінің корегендігіне, бай дипломатиялық және үлкен саяси тәжірибесіне сүйене отырып, Кеңес Одағының бейбіт жолмен дамуын қолдады әрі Грузияны азамат соғысына сақтап қалды. Оның халықаралық аренада беделі жоғары болды. Әлемдік дипломатиядағы еңбегін ескерген АҚШ пен Италияның біраз университеті оған құрметті доктор атағын берді. «Менің таңдауым» атты монографиясы мен бірнеше басқа еңбектері жарық көрген. Социалистік Еңбек Ері атағына ие және көптеген шетелдік ордендермен марапатталған.

### **2.3. Социализм дипломатиясының отаршылдықты жоюдағы ролі**

Кеңестік дипломатиялық күрес отарлық жүйені жоюға бағытталып, КСРО-ның талабы бойынша 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына халықтардың теңдігі мен өзін-өзі басқару туралы талаптары енгізілді. Бағыс державалары отарлар мен басқа да өздеріне тәуелді территориялар жағдайы туралы БҰҰ-ға ақпарат беріп тұруға мәжбүр болды. Сонымен қатар, ұлт-азаттық күрес халықаралық құқықта заңдастырылды.

Кеңес үкіметі Тибет туралы үнді-қытай келісімінде жазылған және 1955 жылғы Бандунг халықаралық конференциясында «өзара бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі» («панча шила») қолдады. 1955 жылғы 9 ақпанда КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі барлық елдердің парламенттеріне жолдаған үндеуінде мемлекетаралық қатынастарды осы «өзара бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі» негізінде құруға шақырды. Олар: мемлекеттің территориялық тұтастығы және егемендігін құрметтеу; шабуыл жасамау; бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; мемлекеттердің теңдігі және өзара пайдасы; елдердің қатар бейбіт өмір сүруі.

Отаршылдық жүйенің ыдырауында социалистік дипломатияның еңбегі зор болды. Социализм мен ұлт-азаттық күштердің ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылының басты тарихи нәтижесі – ол империализмнің отаршылдық жүйесінің ыдырауы, британ, француз, голландия, бельгия, португалия және басқа да капиталистік империялардың құлдырауы болып табылды.

Социалистік Қазан революциясы отарланған халықтардың сапасын оятып, империализм қанауынан азат ету күресінде зор табысқа жетуге көмектесті. Моңғол халық революциясы, Түркиядағы империализмге қарсы буржуазиялық революция жеңіске жетіп, Үндістан, Пәкістан мен араб елдерінің азаттық күрестері Кеңес Одағына сүйенді.

Социалистік дипломатияның «үшінші әлем» – дамушы елдерге қатысты ұстаптан саясатының басты ерекшелігі оларға ұлттық егемендігін алу мен отаршылдықтың зардабын жоюға ұмтылысы еді. Кеңес Одағының шаруашылық саласындағы табыстары жас мемлекеттердің тәуелсіздігін нығайтуға ықпал етуде материалдық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті. Социалистік мемлекеттер дипломатиясының күш-жігері дамушы елдердің экономикалық, саяси тәуелсіздігі неоколониализмге қарсы күресіне жәрдем берді.

Социализм дипломатиясы Африканы отарсыздандыру үшін күреске зор үлес қосты. КСРО-ның ұстапымы осы құрлықтағы бұрынғы италиялық иеліктерді бөліп алуға жасалған империалистік державалардың жоспарларын сәтсіздікке ұшыратты. 1951 жылы осындай иеліктің біріндегі Либияның тәуелсіздігін мойындау – отаршыл империяны жоюдың басы болды. Францияның Тунис пен Мароккоға үстемдігінің созылып кетуін социалистік елдердің әшкерелеуі осы елдердің тәуелсіздік алуын жеңілдетті. 1954 жылы тәуелсіздік үшін қарулы күреске барған алжир халқы да социалистік мемлекеттердің қолдауын тапты. Олар Уақытша Алжир үкіметін танып, оған моральдық, саяси және материалдық көмек көрсетті. Осының бәрі 1962 жылы оның тәуелсіздігін жариялауға негіз болды.

Кеңес Одағы БҰҰ-ға «Колониалды елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларацияны» мақұлдауды ұсынды. Кеңес Одағы жобасының барлық негізгі ережелеріне қосылған афро-азиялық 43 мемлекет Декларациясы Бас Ассамблея сессиясында көпшілік дауыспен мақұлданды. Отаршыл үстемдіктің БҰҰ Жарғысы принциптеріне

лайықсыздығы және халықтардың егемендікке деген ажыратылмайтын құқығын қуаттаған Декларация азаттық үшін күрестің тиімді қаруы болды. 1960 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының XV сессиясында Ұйымға Азия мен Африканың тәуелсіздік алған 17 жаңа мемлекетінің қабылдануы, саны жағынан артық болған империалистік державалардың сағын сындырды.

1961 жылы Ангола патриоттары Салазардың фашистік режиміне қарсы қарулы күрес бастағанда, Кеңес үкіметі Португалияны колониалдық соғысты тоқтатуға, Анголаға тәуелсіздік беруге шақырды. Сол жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында Кеңес Одағы делегациясы Оңтүстік Африка Республикасындағы нәсілдік кемсітушілік саясатын жоюды талап етті.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінен 1980 жылға дейін 110 елде отаршылдық үстемдік жойылды, соның ішінде 66-сы отаршылдыққа қарсы Декларацияны қабылдағаннан кейін, социалистік дипломатия отаршылдықты түпкілікті жоюға белсенді қатысты. Социалистік және дамушы мемлекеттер арасында қатынастар орнады.

XX ғасырдың 70-жылдары Кеңес Одағы еркіндік алған 40 азиялық, африкалық, араб мемлекеттерімен, сондай-ақ Тропикалық Африканың отаршыл үстемдігінен босаған алғашқы елдері Гана, Гвинеямен дипломатиялық қатынастар орнатты. Социализм дипломатиясы дамушы мемлекеттермен шарттық қатынастардың кеңеюіне және жетілуіне ықпал етті. Мысалы, 1971 жылы 9 тамызда КСРО мен Үндістан Бейбітшілік, достық пен ынтымақтастық шартына отырды. Осындай шарттар 1972 жылы Иракпен, 1976 жылы Анголамен, 1977 жылы Мозамбикпен, 1978 жылы Эфиопиямен және Ауғанстанмен, 1979 жылы Йеменмен, 1980 жылы Сириямен жасалды.

Отаршылдықтан босап, тәуелсіздігін алған 50-ден астам Азия және Африка жас мемлекеттері Батыс саяси-әскери блогына және социалистік қорғаныс одағына кірмей, жаңа блоктарға қосылмайтын жеке қозғалыс (движения неприсоединения) құрды. Кейбір социалистік мемлекеттер осы қозғалыстың мүшесі ретінде антиимпериалистік бағытта жұмыс істеді. Соның бірі Куба болды. Осы блоктарға қосылмайтын қозғалыс елдерінің бірлікті нығайту мақсаттары социализм мүддесіне сөйкес келгендіктен, Кеңес Одағы оларды қолдап отырды.

Социалистік және дамушы елдердің экономикалық ынтымақтастығы – әлеуметтік прогресс үшін және неоколониализмге қарсы күрестің одан арғы жетістіктерінің кепілі болды. Социалистік лагерь Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің күресін қолдауды өз дипломатиялық қызметінің маңызды міндеттерінің бірі деп санады. Олар шын ниетпен индустриализациялау мен қазіргі технология негізінде еркіндік алған мемлекеттер экономикасын қайта құруға ықпал етуге талпынды, себебі онсыз неоколониалдық қанаудан құтылу және халықтың өмірін жақсарту мүмкін емес еді.

Кеңес Одағы дамушы елдердің мемлекеттік секторларында халық шаруашылығының шешуші салаларындағы қазіргі заманғы өнеркәсіп

мекемелерін құруға ықпал етті. 1977 жылы Өзара экономикалық көмек одағына мүше социалистік елдер Азия, Африка және Латын Америкасының 75 мемлекетімен экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге отырды. Жалпы, осы келісімдер бойынша 16 млрд. сомға несие ұсынылып, соның 10,5 млрд. өнеркәсіптің жетекші салаларына арналды. Несиелер жылына 2-2,5 пайызбен есептегенде, 10-12 жылға жеңілдіктермен берілген.

1976 жылы Кеңес Одағы БҰҰ Бас Ассамблеясының XXXI сессиясында әлемдік экономикалық қатынастарды қайта құру мәселелері бойынша арнайы мәлімдеме жасады. Онда КСРО-ның дамушы елдермен ұсынылған жаңа халықаралық экономикалық тәртіп бағдарламасына түсіністікпен қарайтыны белгілі болды. Себебі, бағдарламада экономикалық саладағы колониализмді жою процесін кеңінен тарату, Батыстың индустриалды державаларының қанауын жою, дамушы елдерге өздерінің экономикалық артта қалуын жеңуде қолайлы жағдайлар туғызудың заңды талпынысын білдіретіндіктері атап көрсетілген.

Кеңес Одағы және социалистік елдер дипломатиясы халықаралық бейбітшілікті сақтау, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, өлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін көптеген келісімдер мен шарттарға қол жеткізді. Осы елдер сыртқы істер ведомстволары Еуропа, Азия және Африка құрлықтарында шиеленіс жағдайын бәсеңдету, жаңа халықаралық экономикалық тәртіп орнату мақсатында көп іс атқарды. Батыс мемлекеттермен бірге еуропалық қауіпсіздігі мен азиялық ынтымақтастығы жөнінде бастамалық ұсыныстар әзірленіп, олардың көбін іске асырды. Дипломатияның арқасында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөнінде Хельсинки кеңесінің қорытынды Актісі даярланды. Оған 33 Еуропа мемлекетінің басшылары, сонымен қатар АҚШ пен Канада да қол қойды. Бұл қорытынды Акт бейбіт қатар өмір сүру саясатына жауап беретін мемлекетаралық жаңа принциптердің өзінше бір жинағы болып табылды.

## Сұрақтар мен талсырмалар

1. Елші, елшілік, дипломатиялық өкілдік, атташе, агреман және басқа терминдерге түсінік беріңіз.
2. Бүгінгі замандағы дипломатиялық ұғымдардың пайдаланылуы жөнінде айтып беріңіз.
3. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес Одағы дипломатиясы қандай жетістіктерге қол жеткізді?
4. Белгілі кеңес дипломаттарын атап беріңіз.
5. Социализм дипломатиясының әлемдік отаршылдықты жоюдағы ролі қандай болды?

## 3-ТАРАУ. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРЫ

*Дипломатия тоқтаған жерде  
соғыс басталады.*

*П. Димитракопулос (1864-1922),  
грек жазушысы*

Екінші дүниежүзілік соғыс барлық халықтарға көп зардабын тигізді. Болашақта жаңа соғыс қатерінің алдын алу және шиеленістерді бейбіт жолмен шешу үшін көптеген мемлекеттердің қатысуымен халықаралық ұйым құрудың қажет екегіне әлем жұртшылығының көзі жетті.

1943 жылғы 30 қазанда Мәскеуде өткен конференцияда Кеңес Одағы, Ұлыбритания, АҚШ және Қытай өкілдері «Қауіпсіздік жөніндегі жалпыға ортақ төрт мемлекеттің декларациясына» қол қойды. Онда бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөнінде халықаралық ұйым құру туралы үндеу қабылданды. Бұл ұйымның негізінде бейбіт және егемен мемлекеттер үлкен-кішілігіне қарамастан, әлемдегі қауіпсіздікті сақтауы керек. Болашақ мекеменің атауы Біріккен Ұлттар Ұйымы болды.

### 3.1. Ұлттар Лигасы

Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Франция, Англия, Германия мен оның одақтастары Еуропада жаңа жанжал шығармау үшін бейбітшілік орнатудың түрлі жолдарын қарастыра бастады.

1918 жылы 8 қаңтарда Америка Президенті В. Вильсон АҚШ конгресіне Бейбітшілік сақтау декларациясын ұсынды. Онда соғыстан кейінгі бейбітшілік қандай болуы керек деген сауалға ол 14 шартты атап көрсетті. Оның ішіндегі ең маңыздысы халықаралық ұйым Ұлттар Лигасын құру болды.

1919 жылы 27 қаңтарда Францияның Версаль қаласында өткен бейбітшілік конференциясында Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы қаралды. Конференция шешімінің бірі бейбітшілікті сақтау үшін бірлескен халықаралық әмбебап ұйым құру еді. Әлемдік ұйым

құру туралы ұсынысты көптеген еуропалық дипломаттар, саясаткерлер қолдады. Сөйтіп, 1919 жылы 44 мемлекет Ұлттар Лигасының Статутына (Жарғысына) қол қойды. 1920 жылы құрылған Ұлттар Лигасы бейбітшілікті сақтау және дамыту жөнінде әлемдегі бірінші халықаралық ұйым болды. Лига Жарғысының кіріспесінде барлық мүше мемлекеттер алдына келесі шарттар қойылды: шиеленістерді соғысқа жеткізбей шешу; әділдік орнату; халықаралық құқықты қатаң қадағалау; келісімдердің барлық міндеттемелерін орындау.

Бастапқыда Ұлттар Лигасының мүшесі 26 мемлекет, 4 доминион: Канада, Австралия, Оңтүстік Африка және Жаңа Зеландия, сонымен қатар Үндістан болды. 1937 жылы Ұлттар Лигасының құрамында 58 мемлекет болды.

Лиганың Жарғысы мемлекеттердің еркін кіру және шығу құқықтарын белгіледі: 1926 жылы – Германия, 1934 жылы – Кеңес Одағы, 1937 жылы Мысыр еркін кіру құқығын айдаланып, Лигаға кірді. Ал 1933 жылы – Германия, 1937 жылы – Жапония мен Италия соғысқа қатысқандары үшін, 1939 жылы – Кеңес Одағы Финляндияға қарсы жасаған әскери шабуылы үшін Ұлттар Лигасынан шығарылды.

Лиганың Ассамблея, Кеңес, Хатшылық және көмекші органдары болды. Ассамблея құрамы жыл сайын сайлап отыратын президент пен алты вице-президенттен тұрды. Ол Лиганың басқарушы органы болып есептелді. Ассамблеяның жалпы жиыны жыл сайын қыркүйек айында шақырылатын.

Ұлттар Лигасының Кеңесінде тұрақты мүше статусына ие бес ірі мемлекет: Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Италия мен Жапония және тұрақты статусқа ие емес мемлекеттер: Белгия, Бразилия, Испания, Грекия болды. Американың Жарғыны ратификацияламауы және оның Ұлттар Лигасы Кеңесінің толық мүшесі болмауы, сондай-ақ құрылымдарында теңдік принциптерінің болмауы Лига құрылған сөттен бастап-ақ жұмысына кедергі болды. Капиталистік елдер құрған бұл Ұйымға социалистік Ресей Федерациясы кірмеді. Оған кезінде Ресей үкіметінің басшысы В.И. Ленин «жыртқыштар ұйымы» деген сипаттама берген.

Лига жұмысындағы біраз сөтсіздіктеріне қарамастан, шиеленістерді келіссөздер негізінде бейбіт жолмен шешудегі бұл бірінші талпыныс еді. Ұйым алғаш рет халықаралық өмірдің демократиялық принциптерін жүзеге асыруды көздеді. Ұйым көптеген шиеленістердің алдын алуда, атап айтқанда, поляк-литва, фин-швед шиеленістерін, грек-болгар, Колумбия мен Перу арасындағы шиеленістерді басуда өзінің белсенділігін көрсете білді. Сонымен қатар, Испаниядағы 1935-1939 жылдар аралығындағы азаматтық соғыс, 1938 жылғы Чехословакиядағы судет немістері мәселесі, Германияның Австрияны біріктіруіне араласу әрекеті еш нәтиже берген жоқ.

Бейбітшілікті сақтау жөніндегі халықаралық ұйым ретінде Ұлттар Лигасы 1939 жылғы 1 қыркүйекте Екінші дүниежүзілік соғыстың

басталуының алдын ала алмады. Оған себеп Еуропада бас көтерген жаңа әскери реваншистік мемлекеттердің пайда болуы және ескі отаршыл империалистер Германияны социалистік Кеңес Одағына қарсы айдап салуы болды. Соғыс кезінде мемлекеттер арасындағы қатынаста халықаралық бірлескен дипломатия емес, әскери күш басымдылық алды, сондықтан Лига жұмысын тоқтатып, өз дәременсіздігін көрсетті. Ресми түрде Ұлттар Лигасы 1920 жылдың 10 қаңтарынан 1946 жылдың 18 сәуіріне дейін өз жұмысын атқарып, құзырын жаңа құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымына тапсырды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы қызметінің негізгі принциптерін 1939-1945 жылдары Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде антигитлерлік коалицияға ұйытқы болған мемлекеттер белгілеген болатын. 1943 жылғы 30 қазанда КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Қытай Сыртқы істер министрлерінің Мәскеудегі кездесуінде және 1943 жылғы қараша-желтоқсанда Кеңес Одағы, Америка, Ұлыбритания басшылары қатысқан Тегеран конференциясында берік те әділетті бейбітшілік орнатуда демократиялық күштерді біріктіруге негізделген жаңа халықаралық ұйым құру мәселесі мақұлданды. БҰҰ Жарғысының алғашқы жобасы 1944 жылы тамыз-қазан айларында өткен Думбартон-Окс (АҚШ) конференциясында жасалды. Бұл конференцияға Қытай қатысқан жоқ, себебі КСРО ресми түрде Жапониямен шарт бойынша одақтас болды, ал Қытай Жапониямен соғыс жағдайында болғандықтан, екі держава – Кеңес Одағы мен Қытай бір уақытта жиналысқа қатыса алмайтын болды.

БҰҰ құрудың келесі кезеңі 1945 жылы ақпанда өткен Ялта конференциясы болды. Бұл форумда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде дауыс беру рәсімі бойынша өткір пікірсайыстар қызды. АҚШ «абсолюттік veto» қолдану туралы Кеңес Одағының ұсынысына қарсы шықты, тіпті ағылшын делегациясының пікірі де жараспады: У. Черчилль Мәскеуді қолдаса да, оның Сыртқы істер министрі күтпеген жерден Кеңес үкіметі ұсынысына қарсы шықты.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің veto құқығы туралы жобаны талқылауы барысында елеулі келіспеушіліктер туындады. Батыс өкілдері жеңуші барлық мемлекеттердің veto құқығындағы артықшылықтарын пайдалануымен келіссе де, Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты мүше елдер, егер олар Қауіпсіздік Кеңесінде қаралатын қандай да бір халықаралық жанжалға тікелей тартылған болса, мұндай құқықтан айырылуға тиісті деп есептеді. Кеңестік дипломатия мәселенің осылай қойылуынан БҰҰ-да КСРО-ның мүдделерін тежейтін «қитұрқылықты» байқады. Қауіпсіздік Кеңесінің бесінші мүшесі кім болуы тиістілігі туралы мәселе де қызу талқыланды. АҚШ Францияның орнына Бразилияны ұсынды, бірақ талқылауға қатысқан делегаттар бұл идеяны өткізбей, біраз компромистерден кейін бірауыздан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің бесінші тұрақты мүшесінің орнын Франция алды.



### 3.2. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы, оның басты органдары

1945 жылғы 4-11 ақпандағы Ялта конференциясында Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары және Ұлыбритания басшылары И. Сталин, Ф. Рузвельт және У. Черчилльдің «Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін жалпыға бірдей халықаралық ұйым» құру туралы шешімдері қабылданып, БҰҰ-ның Жарғысын дайындау және қабылдау үшін 1945 жылғы 25 сәуірде Сан-Францискода конференция шақыру туралы мәлімдеме жасалынды. Конференцияға бейтарап мемлекеттер, соғыс жылдары оккупацияда болған елдер, КСРО, АҚШ және Ұлыбритания елдері тарапынан үкіметтері танылмаған мемлекеттер, Германия, Италия, Жапония, сондай-ақ Берлин – Рим – Токио белдеуімен жақындасқан елдер шақырылмады. Кеңес делегациясының талап етуі бойынша, БҰҰ-ның бастапқы мүшелерінің, яғни дүниежүзілік ұйымның шын мәніндегі құрылтайшыларының қатарына Украина мен Белоруссия кірді.

1945 жылғы Ялтадағы Қырым конференциясында Біріккен Ұлттар Ұйымын құру туралы Думбартон-Окс жобасы бірауыздан мақұлданды. Сол жылы 26 маусымда мемлекет делегаттары Сан-Франциско қаласындағы Опера ғимаратына БҰҰ Жарғысына қол қою үшін қайтадан жиналды. Көпшілік үшін жаңа Ұйымның пайда болуы әлемге жаңа көзқарас, жаңа ғасыр әкелгендей қуанышты жағдай болды.

БҰҰ Жарғысының Преамбуласында Ұйымның алдына қойған міндеттерінде:

**«БІЗ, ШЕШІМДЕРГЕ ТОЛЫ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ХАЛЫҚТАРЫ,**

болашақ ұрпақты біздің өмірімізде адамзатқа екі рет орны толмастай қайғы әкелген соғыс апатынан құтқару, және

адамның негізгі құқықтарына, адамның жеке басының ар-намысы мен құндылығына, ерлер мен әйелдердің тең құқылығы мен көп және аз ұлттардың теңдігіне деген сенімді қайта бекіту, және

шарттар мен халықаралық құқықтың басқа да көздерінен туындаған міндеттемелерге әділдікті сақтау және құрметтеу мүмкіндігіне жағдай жасау, және

әлеуметтік прогресс пен көбірек еркіндік жағдайда тұрмысының жақсаруына жәрдемдесу **ЖӘНЕ ОСЫ МАҚСАТТАРДА**

төзімділік таптыуға және бір-бірімен мейірбан көрші ретінде бірге бейбіт өмір сүруге, және

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін біздің күшімізді біріктіруге, және

қарулы күштердің жалпы мүдделерден басқаға пайдаланылмауы үшін принциптер қабылдау мен әдістер белгілеуді қамтамасыз етуге, және

халықаралық аппаратты барлық халықтардың экономикалық және әлеуметтік прогресіне ықпал ету үшін пайдалануға,

## **ОСЫ МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН БІЗДІҢ КҮШ-ЖІГЕРІМІЗДІ БІРІКТІРУГЕ ШЕШІМ ЖАСАДЫҚ.**

Осыған сәйкес біздің тиісті үкіметтеріміз Сан-Франциско қаласында жиналған, өздерінің тиісті формада болып табылатын өкілеттіктерін білдірген өкілдері арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының осы Жарғысын қабылдауға келісті және осымен «Біріккен Ұлттар» деген атпен халықаралық ұйымды құрады», - делінген.

Жарғыға бірінші болып төрт бастамашы держава: Қытай, Кеңес Одағы, АҚШ және Ұлыбритания, кейін Франция және тағы басқалары алфавит тәртібімен қол қойды. Жарғы Преамбула, 19 тарау, 111 бап және Халықаралық Соттың статутынан тұрады. Ол ағылшын, француз, қытай, орыс және испан - бес ресми тілге аударылған.

Сан-Франциско конференциясында Ұйымның Жарғысы қабылданып, штаб-пәтері болып Нью-Йорк қаласы бекітілді. Осы конференцияның жұмысына БҰҰ-ның құрылтайшы мүшелері ретінде 50 мемлекет қатысты, ал Польша үкіметіне орын қалдырылды. 1945 жылғы 24 қазанда Кеңес Одағымен қатар, Украина, Белоруссия да ратификациялау грамоталарын тапсырды. Сол күннен бастап 26 қазан дүниежүзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының күні болып есептеледі.

Жарғының I тарауы бойынша БҰҰ-ның келесі мақсаттары:

«1. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және осы мақсатта әлемге төнген қауіп-қатердің алдын алу мен жою және басқыншылық актілерін немесе бейбітшілікті бұзатын басқа да бұзушылықтарды басу үшін тиімді ұжымдық шараларды қабылдауға және әділдік принциптері мен халықаралық құқыққа сәйкес бейбіт құралдармен бейбітшіліктің бұзылуына соқтыратын халықаралық даулар немесе жағдайларды бітістіру немесе шешу;

2. Теңдік принциптерін құрметтеу және халықтардың өзін-өзі билеуі негізінде ұлттар арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуды, сондай-ақ жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту үшін басқа да тиісті шараларды қабылдау;

3. Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуде, сондай-ақ адам құқығын құрметтеуді және нәсілі, жынысы, тілі мен дінінің айырмашылығынсыз, барлығы үшін негізгі бостандықты көтермелеу мен дамытуда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру» белгіленді.

Ұйым және оның мүшелері осы мақсаттарға жетуде:

- оның барлық Мүшелерінің егеменді теңдік принциптеріне негізделуі;

- Жарғы бойынша қабылданған міндеттерді атқаруы;

- халықаралық дауларды халықаралық бейбітшілік, қауіпсіздік, әділеттілікке қауіп төндірмей бейбіт шаралармен шешуі;

халықаралық қатынаста территориялық немесе кез келген мемлекеттің саяси тәуелсіздігіне күш көрсету БҰҰ-ның мақсаттарына сәйкес келмейтіндігі;

– БҮҮ Жарғысына сәйкес барлық шараларға көмек көрсету, алдын ала немесе мәжбүрлеу шараларын жүргізген кез келген мемлекетке көмек көрсетпеуі;

Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері оған осы Жарғыға сәйкес ол қолданатын барлық іс-әрекеттерде жан-жақты көмек көрсетуі және Біріккен Ұлттар Ұйымы оған қарсы превентивті (алдын ала) немесе мәжбүрлеу сипатындағы әрекетті қолданған кез келген мемлекетке көмек жасаудан бас тартуы принциптерін ұстануы тиіс, сондай-ақ Ұйымға мүше емес мемлекеттер де осы принциптерді ұстануы керек, себебі ол халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуі қажет.

Жарғының 5-бабында: «Егер Қауіпсіздік Кеңесі Ұйымның қандай да бір Мүшесіне қарсы превентивті немесе мәжбүрлеу сипатындағы әрекет қолданған болса, Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблея оған Ұйымның Мүшесі ретінде тиесілі құқықтар мен артықшылықтарды жүзеге асыруды тоқтата тұруға құқылы. Бұл құқықтар мен артықшылықтарды жүзеге асыруды Қауіпсіздік Кеңесі қалпына келтіре алады», – делінген.

*Біріккен Ұлттар Ұйымының органдары Жарғының III тарауында көрсетілген. Оның басты 6 органы бар – Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Қамқорлық жөніндегі кеңес, Халықаралық Сот және Хатшылық. Ұйымның штаб-пәтері Нью-Йорк қаласында (АҚШ) орналасқан. Бөлімшелері Женеведа (Швейцария), Венада (Австрия) жұмыс атқарады.*

### ***Біріккен Ұлттар Ұйымы басты органдарының схемасы***



Ұйымның Мүшелігіне қабылдау осы Жарғының құрамындағы міндеттемелерді өзіне қабылдайтын және Ұйымның пайымдауына, осы міндеттемелерді орындай алатын және орындауға ниет білдіретін барлық басқа бейбітсүйгіш мемлекеттерге ашық. Ұйымның Мүшелігіне

кез келген мұндай мемлекетті қабылдау Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблеяның қаулысымен жасалады.

**Бас Ассамблея (БА)** – Біріккен Ұлттар Ұйымының ең басты органы болып саналады. Оған ұйымның барлық мүше елдері кіреді және олар тең құқылы. Бас Ассамблеяда әр мемлекеттің бір ғана дауыс бар. Кіші, үлкеніне қарамастан әр мемлекет делегациясының мүшелері 5 адамнан тұрады және оған қоса делегация мүшелерінің 5 орынбасары тіркеледі. Бас Ассамблея бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөнінде Қауіпсіздік Кеңесінде қаралатын мәселеден басқа қай мәселені болсын БҰҰ Жарғысының негізінде қарайды. Бас Ассамблея халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жолында мемлекеттердің ынтымақтастық қарым-қатынас принциптері негізінде БҰҰ-ға, Қауіпсіздік Кеңесіне ұсыныстар беріп отырады. Ассамблеяның ұсынысы БҰҰ мен Қауіпсіздік Кеңесі үшін міндетті емес. Бас Ассамблеяның кезекті сессиясы жыл сайын қыркүйек айының үшінші сейсенбісінде ашылады, арнаулы және төтенше сессиялар қажетті жағдайларда шақырылады.

Делегаттар мәжіліс залында мемлекеттердің ағылшын тіліндегі ресми атауына сәйкес алфавиттік ретпен жайғасады. БА халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау ісіндегі ынтымақтастықтың ортақ қағидаларын талқылауға, сондай-ақ барлық мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттерге және Қауіпсіздік Кеңесіне нақты ұсыныстар жасауға өкілетті.

БҰҰ Жарғысының 11, 13-баптарына сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіретін мәселелерді Қауіпсіздік Кеңесіне салуға құқылы, Бас Ассамблея экономика, өлеуметтік салалардағы, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау салаларында адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесуде зерттеулер жүргізіп, нұсқаулар береді. Халықтар арасындағы ортақ игіліктер мен достық қарым-қатынастарға нұқсан келтіруі ықтимал шараларды жоюды ұсынады.

Бас Ассамблея сессиясында Қауіпсіздік Кеңесінің және БҰҰ-ның басқа да органдарының жыл сайынғы баяндамаларын талқылайды, сонымен қатар Ұйымның және мамандандырылған мекемелердің бюджеттерін бекітеді. БА маңызды мәселелер бойынша шешімдерді мәжіліске қатысушы әрі дауыс беруші мүшелердің үштен екісінің басым көпшілігінің дауысымен қабылдайды. Өзге процедуралық мәселелер басым көпшілік дауыспен қабылдана береді. Шешімдерді қабылдау үшін Ассамблея сессиясына БҰҰ-ның барлық мүшелерінің кемінде жартысы қатысуы шарт.

БҰҰ Бас хатшысы Ассамблеяның арнайы сессияларын Қауіпсіздік Кеңесінің не болмаса Ұйымға мүше елдер көпшілігінің талап етуі бойынша шақырады. Бас Ассамблеяның негізгі комитеттері:

– бірінші комитет (қарусыздандыру және басқа да соған байланысты халықаралық қауіпсіздік мәселелері жөнінде);

- екінші комитет (экономика және қаржы мәселелері жөнінде);
  - үшінші комитет (әлеуметтік, гуманитарлық және мәдениет мәселелері жөнінде);
  - төртінші комитет (отарлықтан арылу (деколонизация) жөнінде);
  - бесінші комитет (әкімшілік және бюджет мәселелері жөнінде);
  - алтыншы комитет (құқық мәселелері жөнінде);
  - арнайы саяси комитет.
- Әр комитет өз төрағасы мен екі орынбасарын сайлайды. Оларды сайлау рәсімі жасырын түрде өтеді.

### *Бас Ассамблеяның қызметтері мен құзыреттері*

Бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесінің 10 тұрақсыз мүшесін, Экономикалық және әлеуметтік кеңестің 54 мүшесін сайлайды, сонымен қатар ол Халықаралық соттың мүшелерін де сайлайды. Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас хатшыны тағайындайды және Ұйымға жаңа мүшелерді қабылдайды. Экономикалық, әлеуметтік, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, адам құқықтары мәселелері бойынша халықаралық конвенцияларды Бас Ассамблея бекітеді.

Бас хатшы БҰҰ мүшелеріне Бас Ассамблея кезекті сессиясының ашылуы туралы 60 күн бұрын хабарлайды. Төтенше және арнайы сессиялар бейбітшілікке қауіп төніп, бейбітшіліктің бұзылуы байқалып немесе агрессия актісі жасалса және Қауіпсіздік Кеңесі veto үшін ортақ нәтижеге келмегенде шақырылады.

•Қауіпсіздік Кеңесі қандай да бір дауға немесе жағдайға қатысты оған осы Жарғымен жүктелген функцияларын орындаған кезде, егер Қауіпсіздік Кеңесі бұл туралы сұраныс жасамаса, Бас Ассамблея осы дауға немесе жағдайға қатысты қандай да бір ұсыныс жасай алмайды.

Бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесінің жыл сайынғы және арнайы баяндамасын алады және қарастырады; Бұл баяндамаларда халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау бойынша Қауіпсіздік Кеңесі алдын ала қам жасаған немесе іске кіріскен шаралар туралы есеп камтылуы тиіс».

Ұйымға мүшелік жарналы екі жыл төлемеген мүше мемлекеттер Бас Ассамблеяда дауыс беру құқығынан айырылады. Егер төлем қарызы оның ішкі объективті жағдайына байланысты болса, Бас Ассамблея оған дауыс беруге рұқсат береді.

Халықаралық конвенцияларға сәйкес Бас Ассамблеяның сессиясы кезінде төменде аталған мәселелер бойынша:

- экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтар;
- адам құқығы;
- нәсілдік дискриминацияны жою;
- әйелдерге қатысты дискриминацияны жою;
- азаптауға қарсы;
- есірткіні бақылау бойынша халықаралық кеңес;

- спорттағы апартеидке қарсы комиссия;
- теңіз түбі және теңіздік құқықтың халықаралық трибуналының комиссиясы мен қосымша комитеттері жұмыс істейді.

Бас Ассамблеяның әрбір Мүшесі бір дауысқа ие. Бас Ассамблеяның маңызды мәселелер бойынша шешімдері қатысып отырған және дауыс беруші Ассамблея мүшелерінің үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады. Бұл халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қатысты ұсыныстар, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелерін сайлау, Экономикалық және Өлеуметтік Кеңестің мүшелерін сайлау, Қамқорлық жөніндегі кеңестің мүшелерін сайлау, 86-баптың 1-тармағына сәйкес, Біріккен Ұлттар Ұйымына жаңа мүшелерді қабылдау, Ұйым мүшелерінің құқықтары мен артықшылықтарын тоқтата тұру, оның мүшелерін Ұйымнан шығару, қамқорлық жүйесінің қызметіне қатысты мәселелер мен бюджеттік мәселелерді қамтиды.

**Қауіпсіздік Кеңесі (ҚК)** – Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі саяси органдарының бірі. Оның функциясы V тараудың 24-26-баптарында айтылған: «Біріккен Ұлттар Ұйымының жедел әрі тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру үшін оның Мүшелері Қауіпсіздік Кеңесіне халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін бас жауапкершілікті жүктейді және оның осы жауапкершіліктен туындайтын міндетін орындау кезінде Қауіпсіздік Кеңесі олардың атынан іс-әрекет жасайды деп келіседі. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті әлемдік адам күштері мен қарулану үшін экономикалық ресурстарды ең аз көлемде тарту мен орнатуға және қолдауға жәрдемдесу мақсатында Қауіпсіздік Кеңесі оларды Ұйым мүшелеріне ұсыну үшін 47-бапта көрсетілген Әскери-Штаб Комитетінің көмегімен қарулануды реттеу жүйесін құру жоспарын қалыптастыруға жауапты болады», – делінген.

Ұйым Жарғысына сәйкес Кеңеске халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жауапкершілігі жүктелген. Қауіпсіздік Кеңесінің басты ерекшелігі – бейбітшілікке төнген қатердің кез келген түрін анықтап, белгілі іс-әрекетті басқыншылық актісі ретінде баға бере алады. Сонымен қатар, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау немесе қалпына келтіру мақсатында қажетті шаралар қабылдау жөнінде ұсыныс жасауға өкілетті. Қауіпсіздік Кеңесі, сондай-ақ, бейбітшілік мүддесі үшін қарулы күш қолдану не қолданбау мәселесін жағдайға байланысты шешуге, егер қолданған жағдайда, тыныштық орнату үшін қаншалықты күш қажеттігін айқындауға құқылы. БҰҰ-ға жаңа мүшелер қабылдау кезінде басқа құжаттармен бірге Қауіпсіздік Кеңесінің де ұсынысы болуы шартты.

Қауіпсіздік Кеңесі 15 мүшеден тұрады. Оның 5 тұрақты: Ресей (бұрынғы КСРО), АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Қытай және 10 тұрақсыз мүшесі болады. Соңғылары екі жылдық мерзімге Бас Ассамблеяның келесі квоталарымен: 1 – Шығыс Еуропадан; 2 – Батыс Еуропа, Австралия, Канада және Жаңа Зеландиядан; 5 – Азия және Африкадан; сондай-ақ 2 – Латын Америкасы мемлекеттерінің өкілдерінен сай-

ланады. Қауіпсіздік Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қауіпсіздік Кеңесінің процедура мәселелері бойынша шешімдері ол үшін Кеңестің тоғыз мүшесі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Қауіпсіздік Кеңесі бейбітшілікке төнген кез келген қауіптің, бейбітшіліктің кез келген бұзылуын немесе агрессия актісінің басын анықтайды және ұсыныстар жасайды немесе 41 және 42-баптарға сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау немесе қалпына келтіру үшін қандай шаралар қабылдау керектігін шешеді. Қауіпсіздік Кеңесі оның шешімдерін жүзеге асыру үшін қарулы күштерді қолданумен байланысты емес қандай шаралар қабылдануы тиіс екенін шешуге уәкілеттендіріледі және ол Ұйым Мүшелерінен осы шараларды қабылдауды талап ете алады. Бұл шаралар экономикалық, теміржол, теңіз, әуе, пошта, телеграф, радио немесе басқа да қатынас құралдарының толық немесе ішінара үзілісін, сондай-ақ дипломатиялық қатынастардың ажырауын қамтуы мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымы үшін шұғыл әскери іс-шаралардың алдын алу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында, Ұйым Мүшелері ұлттық әскери-әуе күштерінің контингентін бірлескен халықаралық мәжбүрлі әрекеттерге шұғыл дайындық жағдайда ұстауы тиіс. Бұл контингенттердің саны мен дайындық дәрежесін және олардың бірлескен іс-әрекеттерінің жоспарларын Қауіпсіздік Кеңесі Әскери-Штаб Комитетінің көмегімен 43-бапта айтылған ерекше келісім немесе келісімдер шектерінде белгілейді. Қауіпсіздік Кеңесіне бағынышты Әскери-Штаб Комитеті Қауіпсіздік Кеңесінің қарауына берілген кез келген қарулы күштерге стратегиялық басшылық жасауға жауапты. Мұндай күштерге басшылық жасауға қатысты мәселелер кейінірек әзірленуі тиіс. Осы Жарғы, егер Ұйым Мүшесіне қарулы шабуыл жасалса, Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қажетті шаралар қабылдағанға дейін жеке немесе ұжымдық өзін-өзі қорғаудың ажыратылмайтын құқығын қозғамайды. Өзін-өзі қорғау құқығын жүзеге асыру кезінде Ұйым Мүшелері қабылдаған шаралар дереу Қауіпсіздік Кеңесіне хабарлануы тиіс және Қауіпсіздік Кеңесінің осы Жарғыға сәйкес, кез келген уақытта халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қажет деп тапқан мұндай шараларды қабылдауға қатысты өкілеттіктері мен жауапкершілігін ешқандай шамада қозғамайды.

Бірауыздылық принципіне сәйкес 10 мүше мемлекет, оның ішінде 5 тұрақты мүшесі бірауыздан жақтап дауыс берсе ғана, Кеңестің шешімдері қабылданған болып саналады. Егер тұрақты мүшелерінің бірі қарсы болса (вето қойса), шешім қабылданбайды. Кеңестің тұрақты жұмыс істейтін Сарапшылар комитеті мен Жаңа мүшелерді қабылдау жөніндегі комитеті бар. Сондай-ақ, оның қарауында мүше мемлекеттердің өкілдерінен құралған Әскери-штабтық комитет бар.

БҰҰ Жарғысының IX тарауы «Халықаралық экономикалық және әлеуметтік ынтымақтастық» деп аталады. Оның 55-бабында «Халық-

тардың теңдігі мен өзін-өзі билеу принциптерін құрметтеуге негізделген ұлттар арасындағы бейбіт және достық қатынастарға қажетті тұрақтылық пен игілік жағдайларын жасау мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымы: а) тұрмыс деңгейін көтеруге, халықтың еңбекпен толық қамтылуы және экономикалық, әлеуметтік прогресс пен даму жағдайларына; б) экономикалық, әлеуметтік, денсаулық сақтау салаларындағы халықаралық мәселелерді және осыған ұқсас мәселелерді шешуге, мәдениет пен білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа; с) нәсілі, жынысы, тілі мен дінінің айырмашылығына қарамастан, адам құқығының және барлығы үшін бостандықтың жалпы құрметтелуі мен сақталуына жәрдемдеседі», – делінген.

*Қамқорлық жөніндегі кеңес* (Совет по опеке) – БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы басшылығымен мемлекеттердің халықаралық қамқорлық жөніндегі шешімдерінің орындалуын қадағалайды. Кеңеске бұрынғы отар елдер, кейін қамқорлыққа алынған территорияларды басқаратын Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты бес мүшесі және БҰҰ Бас Ассамблеясының ұсынысымен қамқорлыққа, яғни басқаруға алынған территориялары бар мемлекеттер үш жыл мерзімге мүшелер арасында теңестіріліп тағайындалады. Қазіргі кезде Кеңестің хатшылық қызметі шектелген, себебі қамқорлыққа алынған территориялар (Микронезиядан басқасы) өз тәуелсіздіктерін алған не болмаса метрополия құрамына кірген. Негізінен деколонизация процесі аяқталды деп есептеледі. Қамқорлық жөніндегі кеңес өз жұмысын 1994 жылы 1 қарашада тоқтатты.

*Халықаралық Сот* – Біріккен Ұлттар Ұйымының басты 6 органының бірі және осы Ұйымның басты сот органы болып табылады. 1945 жылы 26 маусымда қол қойылған Халықаралық Соттың Жарғысы БҰҰ Жарғысының ажырамас бөлігін құрайды. Мүше емес мемлекеттердің осы статуттың мүшесі болуы БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен жарғымен анықталады.

Халықаралық Соттың Жарғысына сәйкес ол 15 судьядан тұрады. Олар сотқа мүше мемлекеттер БҰҰ Бас Ассамблеясы және Қауіпсіздік Кеңесімен 9 жыл мерзімге сайланады. Әр үш жыл сайын мүше құрамының 1/3 бөлігі жаңартылып отырады. Халықаралық сот мүшелерінің жаңа мерзімге қайта сайлану құқығы бар, оның төрағасы мен орынбасары үш жыл мерзімге сайланады. Халықаралық Соттың басты міндеті – халықаралық құқық негізінде мемлекеттер арасындағы дауларды шешу. Сот даулы мемлекеттердің келісімімен ғана іс қарайды. Дауға байланысты іс келісім нотификациясы немесе бір жақтың жазбаша өтінішімен жүзеге асырылады. Дауды шешіп болмайынша, Халықаралық Сот дауласушы әр тараптың құқығын қамтамасыз етеді. Соттың шешімі судьялардың көпшілік даусымен шешіледі және біржақты шешіліп, қайта қарастыруға жатпайды.

БҰҰ Жарғысының 94-бабына сәйкес:

•1. Ұйымның әрбір Мүшесі, ол тарапы болып табылатын іс бойынша Халықаралық Соттың шешімін орындауға міндеттенеді.



2. Егер қандай да бір тарап оған Соттың шешімімен жүктелген міндеттемесін іс жүзінде орындамаса, басқа тарап Қауіпсіздік Кеңесіне жүгіне алады. Қауіпсіздік Кеңесі, егер мұны қажет деп мойындаса, ұсыныс жасай алады немесе шешімді орындау үшін шара қабылдау туралы шешім шығарады».

Мемлекеттер арасындағы дауларды шешуден басқа, БҰҰ Жарғысы бойынша бұл сот Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі және т.б. органдардың сұрауы бойынша консультативті шешімдер шығарады. Бұл шешім халықаралық судьялардың құқық саласындағы көзқарастарын көрсетеді. Соттың орналасқан жері – Гаага қаласы (Нидерланды).

БҰҰ Бас Хатшылығы – 6 органның ішіндегі басқарушы орган. Оның штаб-пәтері Нью-Йорк қаласында орналасқан. Ол негізінен әкімшілік-ұйымдастырушылық функцияларды атқарады. Оның ішінде Ұйым қабылдайтын шешімдерді әзірлейді, олардың орындалуына жәрдем береді, халықаралық шарттар мен БҰҰ құжаттарының тіркелуін және басылып шығуын қамтамасыз етеді. Хатшылықтың күнделікті жұмысына басшылық жасайтын лауазым иесі – Ұйымның Бас хатшысы. Ұйымның Жарғысына сәйкес Бас хатшы Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблеяның сессиясында 5 жылға тағайындалады. Мерзімі аяқталған соң екінші мерзімге қайта сайлануға құқығы бар. Дәстүр бойынша, Бас хатшы Қауіпсіздік Кеңесінің 5 тұрақты мүшесі (Ұлыбритания, Қытай, Франция, Ресей, АҚШ) өкілдерінен тағайындалмайды. Оз міндеттерін орындау кезінде Бас Хатшы мен Хатшылық персоналы Ұйымна басқа қандай да бір үкіметтен немесе биліктен нұсқау сұратуына немесе алуына болмайды. Олар тек Ұйымның алдында ғана жауапты болатын халықаралық лауазымды тұлға ретінде өздерінің жағдайына әсер ететін кез келген іс-әрекеттен тартынулары тиіс.

Ұйымның әрбір Мүшесі Бас Хатшы мен Хатшылық персоналы міндеттерінің қатаң халықаралық сипатын құрметтеуге және олар өз міндеттерін орындаған кезде оларға қысым көрсетпеуге тырысуға міндеттенеді. Қызметке қабылдаған кезде және қызметтің талаптары белгілегенде, басты түрде жұмысқа қабілетінің, жетік білу және адалдықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігін басшылыққа алу керек. Персоналды мүмкіндігінше кең географиялық негізде іріктеудің маңыздылығына тиісті көңіл аударылуы тиіс.

Ол жыл сайын Бас Ассамблеяда Ұйымның әр саладағы қызметі туралы баяндама жасайды, Ұйым шеңберінде ұйымдастырылған халықаралық конференцияларға қатысады. БҰҰ басқа да органдары шешімдерінің орындалуын қадағалап, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіретін кез келген мәселені Қауіпсіздік Кеңесінің назарына қойып, мемлекеттер арасындағы шиеленістерді шешудің бейбіт жолдарын ұсынады.

БҰҰ жұмысында және әлемдегі шиеленістерді шешуде Бас Хатшының рөлі зор. Сондықтан осы орынға таласушы елдер, блоктар көп. Ұйым

құрылғаннан бергі 65 жылдан астам уақыт аралығында қызмет атқарған әр Хатшы түрлі іс-әрекет етті. Мәселен, Бас Хатшы Д. Хаммаршельдтің ерекше қасиеттері 1956 жылғы Суэц дағдарысы кезінде көрінді. Ол кезде Гамаль Абдель Насер басқарған Мысыр үкіметі Суэц каналын оның бұрынғы иеленуші операторы – британ-француз компаниясынан тартып алып, ұлттық меншікке айналдырды (ұлттандырды). Қауіпсіздік Кеңесі veto қою арқылы Суэц каналындағы дағдарысты тежеді. Бас Ассамблея тарапынан Бас хатшыға соғыс әрекеттерін доғару, британ, француз және израиль әскерлерін Мысыр территориясынан әкету жөнінде келіссөз жүргізу жүктелді. Келіссөздер нәтижесінде тиісті қарар қабылданып, ол толығымен орындалды.

Бас Хатшы У Тан 1962 жылғы Кариб бассейні дағдарысы кезінде, 1965 жылғы Үндістан мен Пәкістан арасындағы соғыс, 1967 жылғы Израиль мен араб елдерінің арасындағы алты күндік соғыс кезінде ерік-жігерін көрсетті. Израиль басқыншы әскерін Египет, Сирия, Иордания территориясынан алып кету туралы Қауіпсіздік Кеңесінің 242 резолюциясын қабылдауға атсалысты. Әсіресе, КСРО мен АҚШ – екі ұлы державаны ядролық тайталастан аулақ болуға шақырды.

Курт Вальдхайм басқарған кезде Ұйым Таяу Шығыстағы дағдарысты, Кипрдегі соғысты тоқтатуға, Намибияның тәуелсіздік алуына үлесін қосты.

Перес де Куэльяр Израиль әскерінің Таяу Шығыстағы араб жерлерін басып алу, Кипр мәселесі, Ауғанстан, Иран мен Ирак соғысы жағдайларымен айналысты.

Вутрос-Вутрос Ғали кезіндегі жұмыс «қырғиқабақ соғыстың» (холодная война) бітуі, КСРО жойылуының негізінде пайда болған тәуелсіз мемлекеттердің БҰҰ-ға мүшелікке кіруі, Югославиядағы соғыс, Руандадағы геноцидпен сөйкес келді. Ол Батыстың қысымына көнбей, бейтарап саясат ұстанды, сондықтан ол бір мерзім ғана қызмет атқарды.

Бірақ, 1998 және 2003 жылдары Кофи Аннан Иракқа қарсы американдық агрессияны тоқтата алмады, ол Косово мен Сербияда (1999 ж. наурыз) Батыс елдерінің саясатын жүргізді. Сол үшін 2001 жылы АҚШ-тың ұсынысы бойынша Кофи Аннанға Нобель сыйлығы берілді. 2002 жылы Кофи Аннан Біріккен Ұлттар Ұйымының хатшылық қызметін атқарудың екінші мерзіміне өтті.

Корея Республикасының бұрынғы Сыртқы істер және сауда министрі Пан Ги Мун 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап аса жауапты да мәртебелі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы қызметіне кірісті.

Сарапшылардың пікірінше, Пан Ги Мунның кандидатурасы әлемнің бас саяси күштері – АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресей және Қытай елдерінің талғамдық таразысына сай келді. БҰҰ-ға мүше 192 ел дауыс беріп, 62 жастағы оңтүстіккореялық дипломат Біріккен Ұлттар Ұйымының сегізінші Бас хатшысы болып бекітілді. Тарихқа көз салсақ, 1961-1971 жылдары бирмалық У Тан басқарғаннан кейін БҰҰ Бас

хатшылығына 35 жылдан бері Азия құрлығының өкілі басшылыққа келмеген екен.

Жарты ғасырдан астам уақыттан бері жаһандық, жалпыадамзаттық мәселелерді шешуде биік мінберге айналған Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығы 2007 жылдан бастап азиялық өкілдің қолына көшті. Ендігі жерде Корей Республикасы өкілінің алдына кейінгі кездері дәріптілігінен гөрі дәрменсіздігі көп айтылып жүрген БҰҰ мәртебесін көтеру міндеті тұр.

Пан Ги Мун 1944 жылғы 13 маусымда дүниеге келген. 1970 жылы Сеул университетін бітіріп, халықаралық қатынастар саласында бакалавр дәрежесіне ие болған. Сонымен қатар, Гарвард университеті жанындағы Д. Кеннеди атындағы мемлекеттік басқару мектебін бітіргеннен кейін мемлекеттік басқару магистрі атағы берілген.

Дауыс беру қарсаңында Пан Ги Мун БҰҰ-ның болашағы және әлем дамуының жаңа жүйесіне қатысты көзқарасын жария етті. Оның пікірінше, БҰҰ басқару жүйесін реформалау, әлемдік қоғамдастықтың осы ұйым жұмысының тиімділігіне деген сенімін қайта қалпына келтіру, сондай-ақ дүние жүзіндегі қақтығыстардың алдын алу мәселелерін баяншына белсенді ету ол үшін ең маңызды міндеттердің біріне айналмақ. «БҰҰ түрлі агенттіктерінің бей-берекет іс-қимылдарын тоқтатып, өзара үйлестіру шараларын қолға алып, адамдарға асқақ армандар жайында уәде бергенше, керісінше, іс жүзінде нақты жұмыстар атқаруға тиіспіз. Сонда ғана БҰҰ-ның ықпалды да ынтымақшыл халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесі қайта қалпына келеді», – деді жаңа Бас Хатшы.

БҰҰ тарихында Бас Хатшылық қызметінде болған тұлғалар:

1. Трюеве Ли (Норвегия), 1946-1952 жылдары;
2. Даг Хаммаршельд (Швеция), 1953-1961 жылдары;
3. У Тан (Бирма, қазіргі Мьянма), 1961-1971 жылдары;
4. Курт Вальдхайм (Австрия), 1972-1981 жылдары;
5. Хавьер Перес де Куэльяр (Перу), 1982-1991 жылдары;
6. Бутрос-Бутрос Ғали (Мысыр), 1992-1996 жылдары;
7. Кофи Аннан (Гана), 1997-2007 жылдары.

Жарғының X тарауы *Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеске (ЭКОСОС)* арналған. Бұл Кеңес Біріккен Ұлттар Ұйымы басты органдарының бірі болып табылады. Оған экономикалық, әлеуметтік, мәдениет, білім, денсаулық сақтау салаларындағы халықаралық мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу және баяндамалар әзірлеу, сондай-ақ, Бас Ассамблея, БҰҰ мүшелері, БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелеріне мүдделі ұсыныстар жасап тапсыру өкілеттігі берілген. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне қажет ақпараттарды бере алады. Жарғының 64-бабында: «Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес мамандандырылған мекемелерден жүйелі түрде баяндама алып тұру үшін тиісті шаралар қабылдауға уәкілеттендіріледі. Кеңес олардан оның өз ұсыныстарын және Бас Ассамблеяның оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша берген ұсыныстарын орын-

дау үшін қолданылған шаралары туралы олардан баяндамалар алу мақсатында Ұйым Мүшелерімен және мамандандырылған мекемелермен келісімдер жасауға уәкілеттендіріледі», – делінген.

ЭКОСОС БҰҰ-ға мүше 54 мемлекеттен тұрады, олар 3 жылдық мерзімге сайланады. Орта есеппен жылына 1/3 мүшесі жаңарып тұрады. Шешімдер қатысушы елдер өкілдерінің даусымен қабылданады. Кеңестің отырысы жылына екі рет өткізіліп, онда әлеуметтік даму және құқықтық мәселелер, отаршылдықты жою, неокOLONиализм мен нәсілшілдік туралы, халықаралық экономикалық қатынастарды қайта қарау, трансұлттық корпорациялар (транснациональные компании, ТНК) іс-әрекеттеріне шектеу қою, қоршаған ортаны қорғау және т.б. мәселелер қаралады. ЭКОСОС 6 функционалдық, 5 аймақтық, атап айтқанда: Еуропалық экономикалық комиссия (ЕЭК), Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссия (ЭСКАТО), Латын Америкасы мен Кариб бассейніне арналған экономикалық комиссия (ЭКЛАК), Африкаға арналған экономикалық комиссия (АЭК), Батыс Азияға арналған экономикалық және әлеуметтік комиссия (ЭКСЗА) және 8 тұрақты комиссиялар мен комитеттердің жұмыстарын басқарады.

*ЭКОСОС-пен байланысты ұйымдар:*

*Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры (ЮНИСЕФ)* – БҰҰ мекемелерінің бірі. 1946 жылғы 11 желтоқсанда Екінші дүниежүзілік соғыстан тікелей зардап шеккен елдердің балаларына көмектесу үшін уақытша ұйым ретінде құрылған. 1953 жылы Бас Ассамблеяның шешімімен ол БҰҰ-ның құрылымдық жүйесі ретінде бекітілді. Ұйымның Балалар қоры тек соғыс зардабына ұшырағандар ғана емес, сонымен бірге ашаршылық пен індет жайлаған, босқындық көрген елдердің балаларына да қол үшін береді. Қордың басқарушы органы – Басқарма 3 жылға сайланады. Қазіргі кезде Балалар қорына 50-ден аса мемлекет мүше. Штаб-пәтері Нью-Йорк қаласында орналасқан.

1994 жылы Қазақстанда БҰҰ Балалар қорының өкілдігі құрылды. Өкілдік 1995 жылы мамырда Қазақстан Үкіметімен бірлесіп, әлеуметтік және экономикалық қайта құру жағдайында балалар мен аналарды қорғаудың бес жылдық бағдарламасын жасады. Бұл кешенді бағдарламаның негізгі бағыттары — ана мен бала денсаулығын сақтау, бастауыш білім беру ісін жетілдіру, экологиялық-санитарлық көмекті дамыту, ана мен бала құқығын қорғау шараларын жүзеге асыру. Қор Қазақстанда «Арал теңізі: аймақтық және техникалық көмек жобасы» атты кешенді шараларды ұйымдастырып, аймақ тұрғындарына көмектесу мақсатында жұмыстар атқаруда. Сондай-ақ, БҰҰ-ның Балалар қоры дәрі-дәрмек, медициналық құрал-жабдықтар және мектептерді негізгі керек-жарақтар, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету ісінде көптеген қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс жасап отырады.

*БҰҰ-ның сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД)* 1964 жылдың аяғында құрылды. Бүгінде Конференцияның жү-

мысына 130-дан астам мемлекет қатысады. Оның басты қызметтері: экономикалық даму дәрежесі түрлі деңгейде дамып келе жатқан елдердің, сондай-ақ қоғамдық құрылысы әр түрлі елдердің арасындағы сауданы көтермедеу, халықаралық экономика мен сауда қатынастарының бірыңғай принциптерін жасау, сауда саласындағы үкіметтер мен регионалды экономикалық топтардың саясатын үйлестіру орталығы болу. Сессиялар аралығында Конференцияның міндетін, әдетте, жылына екі рет шақырылатын тұрақты сайланған орган — Сауда мен даму жөніндегі кеңес атқарады. Ол оқ қызметі жайында жыл сайын Бас Ассамблеяға есеп береді. Кеңестің көмекші органдары — шикізат, өнеркәсіп тауарлары, теңіз тасымалы, халықаралық туризм және т.б. жөніндегі комитеттер.

ЮНКТАД тәуелсіздігін алған мемлекеттердің сыртқы саудасын дамыту ісін олардың экономикалық мәшеулігін жоюды басты мақсат ретінде қарайды. Дамушы елдер АҚШ және Батыс елдерімен сауда және экономикалық байланыста өздерінің теңдігі үшін әрдайым күресуде.

Сауда және даму жөніндегі БҰҰ-ның конференциясы дамушы елдерге экспорт жеңілдіктерін беруге көмектеседі. Ол Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің шикізат, жергілікті тауарларды халықаралық рынокқа шығаруда шынайы бағасын кепілдеп, олардың тауар инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, өнеркәсіпті диверсификациялауға көмегін тигізу және әлемдік экономикаға кіру мәселесімен шұғылданады.

*БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) 1972 жылы құрылған. ЮНЕП-тің басты органдары — Басқару кеңесі 3 жыл, Хатшылығы — 4 жыл мерзімге сайланады. ЮНЕП-ке 70-ке жуық мемлекет қосылған. Штаб-пәтері Найроби (Кения) қаласында орналасқан. Басқару кеңесі қоршаған ортаға байланысты халықаралық ынтымақтастыққа көмектесу және осы саладағы бағдарламаның қызметі мен үйлестірілуін басқаруды жүзеге асыру, баяндамалар мен шолулар жасау, дүние жүзі бойынша қоршаған ортаның жағдайын үнемі бақылауда ұстау және т.б. көптеген шаралармен айналысады. 2000 жыл және одан арғыға бағытталған ұзақмерзімді табиғатты қорғау стратегиясы жасалды. Бағдарлама БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің ерікті жарнасы арқылы қаржыландырылады.*

ЮНЕП-тің бірқатар конвенцияларына Қазақстан Республикасы 1994 жылы қол қойды. 1994 жылы қазанда Парижде жасалған Шөлге қарсы күрес конвенциясына Қазақстан да қосылды. Қазіргі таңда Қазақстанның ЮНЕП-пен ынтымақтастық шеңберінде Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі дүниежүзілік қордың (ФГОС) қаржыландыруымен ЮНЕП-тің «Каспий теңізінің биологиялық сан алуандығы және оның жағалауын қорғау» бағдарламасын жүзеге асыру ісі, ЮНЕП-тің Еуропалық аймақтық бюросымен бірге Арал және Каспий теңіздері жағдайлары жөніндегі халықаралық конвенция жасау мәселелері қарастырылуда.

*БҮҮ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасы* 1951 жылы 1 қаңтарда құрылды. Жоғарғы комиссар 3 жыл мерзімге сайланады және жыл сайын БҮҮ Бас Ассамблеясында өз жұмысы жайлы есеп береді. Негізінен, бұл басқарма Израиль өз отанынан қуып жіберген палестиналық арабтар мен Африкадағы этникааралық қақтығыстан зардап шеккен босқындарға тамақ, киім, оқу құралдарымен жәрдем береді, халықаралық қорғауға алып, олардың күйзелісті жағдайларын еркін репатриация, көшіру және жергілікті интеграциялау арқылы жақсартудың тұрақты жолдарын іздейді. Бұл істі Батыс мемлекеттері толық өз қолына алғандықтан, бұрынғы Кеңес Одағы басқарма жұмысына кіріспеді. Алайда, босқындарға өз жәрдемін тікелей екіжақты келісім бойынша көрсетіп тұрды. Жоғарғы комиссар басқармасының функциялары ретінде қорғауды қажет ететін адамдар қудалауға ұшырағанда зорлық жолмен қайтарылмауын бақылау, ондай адамдарды қорғау және сот ісін әділетті қарауға жол ашу болып саналады.

1951 жылдан бастап әлемде 50 миллиондай босқындар соғыстан, аштықтан жан сауғалап, БҮҮ Жоғарғы комиссары басқармасынан көмек алуда. Бұл ұйым босқындардың туған елдеріне оралуына көмектеседі, егер онда қолайлы жағдай болмаса, оларға үшінші елге қоныстануына, тағам, тұрғын үй, медициналық қызмет, білім алуларына көмек көрсетеді.

*БҮҮ-ның Палестиналық босқындарға көмек көрсету және жұмыстарды ұйымдастыруға арналған Таяу Шығыстағы агенттігі (БАПОР)* – 1949 жылғы 8 желтоқсандағы БҮҮ Бас Ассамблеясының қарарына сәйкес құрылған ұйым. Шет мемлекеттердің ерікті жарна не болмаса жеке қаржы көздері негізінде қаржыландырылады. Израиль агрессиясынан Палестинадан қуылған араб босқындарына тамақ, киіммен жәрдем береді және медицина, білім, кәсіптік дайындау салаларында оларға түрлі қызметтер көрсетеді. БАПОР-дың Бас комиссарын Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Агенттіктің консультативтік комиссиясындағы елдермен кеңесіп тағайындайды. Комиссия құрамына АҚШ, Англия, Бельгия, Египет, Иордания, Ливан, Сирия, Түркия, Франция және Жапония кіреді. БАПОР-дың штаб-пәтері Вена қаласында (Австрия) және Амман қаласында (Иордания) орналасқан. Қазіргі таңда БАПОР тізімінде Таяу Шығыс елдерінде тұратын 3,5 млн. палестиналық босқындар бар. Осы уақытқа дейін Израиль үкіметі БҮҮ-ның шешімдеріне қарамастан, арабтардың өз отанына оралуына қарсы шығып отыр. Бүгінде палестиналық босқындар өте қиын өмір сүріп жатыр.

*БҮҮ-ның Даму бағдарламасы (ПРООН)* Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің басқаруымен жұмыс істейді. 1965 жылы БҮҮ Бас Ассамблеясының қарарына сәйкес Арнайы қор және Техникалық көмек көрсету бағдарламалары бірігуінің барысында құрылды. Оның миссиясы – адамға бағытталған дамуды насихаттап, тұрақты адами дамуға жету мақсатында үкіметпен бірлесе қызмет етеді.

1970 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы ПРООН-ның алдына дамушы елдердің экономикалық және әлеуметтік өсуіне жәрдем беру туралы мақсат қойып, шешім қабылдады. Ол үшін табиғи ресурстарды зерттеуге техникалық көмек беру, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығында жаңа техникалық тәсілдерді іске қосу, оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарын ұйымдастыруға жәрдемдесу қажет еді. Бірақ отыз жылдан астам уақыт ішінде Азия, Африка елдеріне берілетін техникалық, қаржылық көмек әлі де төмен деңгейде, көптеген бағдарламалар іске аспай қалды.

Қазақстандағы Даму бағдарламасының мақсаттары: әлеуметтік даму және кедейшілікті жою, демократиялық бағытты кеңейту, тұрақты экономикалық даму және қоршаған ортаны баянды басқару. Даму бағдарламасы Семей ядролық полигонының 40 жылдық трагедиясына үн қатып, гуманитарлық және экологиялық жобалар арқылы жетекші донорлық ұйым болды.

Жарғының ең соңғы ХІХ тарауы «Ратификация және қол қою» деп аталады. Оның 111-бабында: «Қытай, француз, орыс, ағылшын және испан мәтіндері дәлме-дәл болып табылатын осы Жарғы Америка Құрама Штаттары Үкіметінің мұрағатында сақталатын болады. Бұл Үкімет оған қол қойған барлық басқа мемлекеттердің Үкіметтеріне тиісті түрде растаған Жарғының көшірмесін жеткізеді. Біріккен Ұлттар Үкіметтерінің өкілдері жоғарыдағыны РАСТАП, осы Жарғыға қол қойды.

Сан-Франциско қаласында, бір мың тоғыз жүз қырық бесінші жылғы жиырма алтыншы маусымда жасалды», делінген (Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы. Астана, 2010 жыл).

### 3.3. БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелері мен басқа ұйымдары

Әмбебап халықаралық ұйымның жанында сауда, экономикалық, шаруашылық, ғылым-білім, көлік салаларында жұмыс істейтін мекемелер құрылды. Сонымен қатар, оның жетекшілігі астына бұрын құрылған халықаралық мекемелер мен ұйымдар кірді. Бүгінде БҰҰ-ның 18 мамандандырылған мекемесі мен басқа ұйымдары бар:

1. Халықаралық электр байланысы одағы – Международный союз электросвязи – 1865 жыл;
2. Дүниежүзілік метеорология ұйымы – Всемирная метеорологическая организация – 1873 жыл;
3. Дүниежүзілік пошта одағы – Всемирный почтовый союз – 1874 жыл;
4. Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы – Всемирная организация интеллектуальной собственности (ВОИС) – 1883 жыл;
5. Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) – Международная организация труда (МОТ) – 1920 жыл;

6. Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ) – Международ- ный банк реконструкции и развития (МБРР) – 1945 жыл;
7. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) – Международный валютный фонд (МВФ) – 1945 жыл;
8. БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы Продоволь- ственная и сельскохозяйственная организация ООН (ФАО) – 1945 жыл;
9. БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) – Организация Объединенных Наций по вопросам образова- ния, науки и культуры (ЮНЕСКО) – 1946 жыл;
10. Халықаралық азаматтық авиация ұйымы – Международная орга- низация гражданской авиации (МОГА) – 1947 жыл;
11. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) – Всемирная орга- низация здравоохранения (ВОЗ) – 1948 жыл;
12. Халықаралық қаржы корпорациясы – Международная финансо- вая корпорация (МФК) – 1956 жыл;
13. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) Международное агентство по атомной энергии (МАГАТЭ) – 1957 жыл;
14. Халықаралық теңіз ұйымы – Международная морская организа- ция – 1958 жыл;
15. Халықаралық даму ассоциациясы (ХДА) – Международная ассо- циация развития (МАР) – 1960 жыл;
16. Халықаралық ауылшаруашылығын дамыту қоры – Международ- ный фонд сельскохозяйственного развития (МФСР) – 1974 жыл;
17. БҰҰ-ның Өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы (ЮНИДО) – ООН по промышленному развитию – 1986 жыл;
18. Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) – Всемирная торговая организа- ция (ВТО) – 1995 жыл.

### *Халықаралық электр байланысы одағы (Международный союз электросвязи)*

Халықаралық электр байланысы одағы – электр байланысын тиімді қолдану және халықаралық байланыстарды кеңейту үшін құрылған ұйым. Ол 1865 жылы телеграф одағы ретінде құрылып, 1934 жылы электр байланысы жөнінде халықаралық конвенцияға қол қойғаннан кейін Халықаралық электр байланысы одағы деп атауын өзгертті. Даму- шы елдерге электр байланысы саласында қолдау көрсетіп, техникалық құралдардың дамуы мен оның қолдануын қамтамасыз етуді мақсат қылып қойған.

### *Дүниежүзілік метеорология ұйымы (Всемирная метеорологическая организация)*

Дүниежүзілік метеорология ұйымы – метеорологиялық бақылаулар мен зерттеулерді дамыту бағытындағы халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу, ұлттық ауа райын қадағалау қызметтерін үйлестіру мақсатын көздейтін ұйым. 1947 жылы БҰҰ-ның жанынан құрылды. Ірі



географиялық аймақтардағы арнаулы қызметтерін 6 аймақтық ассоциация (Африка, Азия, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка, Оңтүстік-Батыс Тынық мұхит және Еуропа) үйлестіріп отырады. Метеорологиялық бақылауларды жасау және стандарттау, ақпараттармен алмасу, ауа райын болжау үрдістеріне байланысты техникалық мәселелерді тиімді шешіп отыру үшін арнаулы комиссиялар құрылған. Ұйымның тұрақты жұмыс істейтін хатшылығы Женева қаласында (Швейцария) орналасқан.

***Дүниежүзілік пошта одағы***  
***(Всемирный почтовый союз)***

Дүниежүзілік пошта одағы 1874 жылы бірінші халықаралық пошта конгресінде құрылып, 1878 жылға дейін «Жалпыға бірдей пошта одағы» деп аталды. Ұйымның мақсаты – пошта қызметін ұйымдастыру мен жетілдіруге жәрдемдесу, осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамытып, техникалық көмек көрсету. Одаққа тек мемлекеттер ғана емес, сондай-ақ халықаралық ұйымдар да мүше бола алады.

***Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы***

***(Всемирная организация интеллектуальной собственности)***

Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы Стокгольмде интеллектуалдық меншік жөніндегі конференцияда 1967 жылы құрылды. Штаб-пәтері Женевада (Швейцария) орналасқан. Ұйымның мақсаты – барлық әлемде интеллектуалдық меншікті қорғау, осы саладағы халықаралық шарттардың жүзеге асуын қамтамасыз ету және интеллектуалдық меншік саласындағы әр түрлі одақтармен әкімшілік бақылауды жүзеге асыру.

***Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ)***

***(Международная организация труда) (МОТ)***

Бұл ұйым – үкіметті, кәсіпкерлер мен еңбекшілерді тең құқықтар негізінде біріктірген халықаралық ұйым. Халықаралық еңбек ұйымы жұмыс қатынастарының халықаралық нормаларын және олардың орындалуын бақылау рәсімдерін әзірлейді. 1919 жылы Версаль шарты бойынша Ұлттар Лигасының құрамдас бөлігі ретінде құрылған. Ұйымның мақсаты – әлеуметтік әділеттік, яғни нәсіліне, сеніміне немесе жынысына қарамастан, барлық адамның өзінің материалдық игілігін жүзеге асыруға және еркіндік пен қадір-қасиетті сақтау, экономикалық тұрақтылық пен тең мүмкіндіктер жағдайында рухани даму құқықтары негізінде жалпыға бірдей және баянды келісушілікке қол жеткізу. Ұйым жұмыспен толық қамтамасыз ету, тұрмыс деңгейін көтеру, еңбек қауіпсіздігі, еңбекшілердің денсаулығын сақтау, адамның негізгі құқықтарының сақталуына жәрдемдеседі. Осы мақсатпен

еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартудың халықаралық деңгейдегі, бағдарламасын өзірлейді.

Халықаралық еңбек ұйымының өкілдігі Қазақстанда 1995 жылы ашылды. Оның негізгі қызметі Үкімет, жұмыс беруші ұйымдар (іскерлерді) және еңбекшілерді еңбек, әлеуметтік мәселелер саласында (кәсіподақтар) практикалық қолдаумен қамтамасыз ету. Еңбек ұйымының халықаралық еңбек Конвенцияларын ратификациялау және орындауға ықпалын тигізеді. Оның қызметінің маңызды салаларына еңбек және әлеуметтік салалардағы құқықтық, заңдық базаларды жетілдіру, тұрмыс деңгейін көтеру, еңбекті қорғау, миссия және консультация арқылы өзінің саясатын жеткізу мен техникалық көмек беру сияқты күнделікті мәселелерді шешу жатады.

### *Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ)*

#### *(Международный банк реконструкции и развития) (МБРР)*

Халықаралық қайта құру және даму банкі 1944 жылы Бреттон-Вудс конференциясында құрылды. Ол – мемлекетаралық инвестициялық институт, халықаралық аса ірі қаржы ұйымдарының бірі. Дүниежүзілік даму қауымдастығы халықаралық корпорациясымен бірге Дүниежүзілік банкті құрды. Мақсаты – қатысушы мемлекеттерге ұзақ мерзімге қарыз беп несие беру, жекеше күрделі жұмсалымға кепілдік жасау жолымен олардың экономикасын жаңғыртып, дамытуға жәрдемдесу. Банктің қаражаты мүшелердің жарналары, несие капиталының халықаралық банктерге облигацияларды орналастыруынан құралады.

### *Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)*

#### *(Международный валютный фонд) (МВФ)*

Халықаралық валюта қоры – үкіметаралық ұйым. Ол 1945 жылы Бреттон-Вудс қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымы конференциясының шешімі бойынша құрылды. Мүше мемлекеттер арасындағы валюта-несие қатынастарын реттейтін, төлем теңгерімінің тапшылығынан валюталық қиындықтар туындаған кезде оларға шетел валютасымен қысқа және орта мерзімде несие беру арқылы қаржы көмегін көрсететін халықаралық ұйым. Мақсаты – валюта-қаржы саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа және дүниежүзілік сауданы дамытуға жәрдемдесу. Штаб пәтері Вашингтон қаласында орналасқан.

### *БҰҰ-ның Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ФАО)*

#### *(Продовольственная и сельскохозяйственная организация ООН)* *(ФАО)*

Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы – азық-түлік ресурстары және ауыл шаруашылығын дамыту мәселелерімен шұғылданатын БҰҰ-ның арнаулы мекемесі. Оның 120 мемлекеттен астам мүшесі бар. ФАО-ның қызметі негізінен кедей елдердің экономикалық және

әлеуметтік дамуына жәрдем беру. Ұйымның мақсаты – Азия, Африка, Латын Америкасы халықтарының тұрмыс дәрежесін көтеру және тамақтануын жақсарту, ауылшаруашылығы өнімдерін арттыру, ауыл халқының тұрмыс жағдайын және азық-түлікті бөлу жүйесін реттеу. Бұл мақсатта Ұйым дамушы елдерге егін дақылдарының жаңа сорттарын беруді және малдың тұқымдарын насихаттау, тарату, тәжірибе алмасуды ұйымдастырады.

Ұйымның жоғары органы — екі жылда бір рет жиналатын Конференция. Оның орталық басқармасы Рим қаласында (Италия) орналасқан. Африкаға (Аккрада), Азия мен Қиыр Шығысқа (Бангкокте), Таяу Шығысқа (Каирде), Латын және Солтүстік Америкаға арналған аймақтық бөлімшелері бар.

### ***БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы*** ***(ЮНЕСКО)***

***(Организация Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры) (ЮНЕСКО)***

Бұл ұйым 1946 жылы 16 қарашада құрылды. Ұйым – Бас конференция, аймақтық құрылымдар және хатшылықтан тұрады. Жұмыс ағылшын, француз, испан, қытай, орыс тілдерінде жүргізіледі. ЮНЕСКО-ның қаржысы мүше мемлекеттердің жарнасынан құралады. Штаб-пәтері Парижде орналасқан. Ұйымның мақсаты білім беру, ғылым және мәдениет салаларында халықаралық ынтымақтастықты қолдау. Заңдылық пен әділеттілікті сақтау және БҰҰ-ның Жарғысына сай нәсілі, жынысы, тілі мен дініне қарамастан, адам құқықтарын, оның негізгі бостандықтарын құрметтеу арқылы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосу. Негізгі міндеттері: бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен өзара түсіністікті нығайту, жер шарында халықтың білім алуын қолдау және мәдениет пен білімді тарату, тереңдету. ЮНЕСКО-ның қолдауымен әлемге танымал мәдениет, әдебиет және өнер саласындағы атақты ғалымдар, жазушылар, өртіс және суретшілердің мерейтойлары барлық елдерде өтеді.

АҚШ бұл Ұйымға сын көзімен қарап, қаржы жағынан талай қиындықтар туғызды. Қазақстан ЮНЕСКО мүшесі, Парижде ҚР Тұрақты өкілдігі бар. Астана қаласында ЮНЕСКО-ның бюросы жұмыс істейді.

### ***Халықаралық азаматтық авиация ұйымы*** ***(Международная организация гражданской авиации)***

Мемлекеттер арасындағы халықаралық азаматтық авиация қызметіндегі ынтымақтастықты жүзеге асыратын үкіметаралық ұйым. 1944 жылы Чикагода өткен халықаралық конференцияда құрылған. Мүше елдердің саны – 186. Штаб-пәтері – Монреаль қаласында (Канада). Ұйымның негізгі мақсаты – ұлттық авиакомпаниялар үшін теңдік

пен тең мүмкіндіктер негізінде халықаралық азаматтық авиация және өуе қатынастарының экономикалық дамуына жәрдемдесу. Ұйым авиацияның техникалық компоненттеріне: жеке құрамға куәлік беру, ұшу ережелері, авиациялық метеорологияға, авиациялық карталар, өуе кемелерін пайдалану, ұлттық және тіркеу белгілеріне, өуе кемелерінің ұшуға жерамдылығына, аэронавигация ақпарат қызметтеріне және т.б. қойылатын талаптарды айқындайтын халықаралық стандарттарды, ұсыныстар мен рәсімдерді белгілейді.

***Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ)  
(Всемирная организация здравоохранения) (ВОЗ)***

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы – 1946 жылы БҰҰ-ның жанынан құрылған халықаралық медициналық мекеме. Жарғысында бекітілген негізгі мақсаты – жер бетіндегі барлық халықтардың денсаулығын жақсартуға қол жеткізу. Ұйымның жарғысы қабылданған күн (1948 жылғы 7 сәуір) Дүниежүзілік денсаулық қорғау күні болып аталады. Хатшылық пәтері Женева қаласында (Швейцария) орналасқан. Ұйым жұмысының негізгі бағыттары: жұқпалы, жұқпалы емес аурулармен күрес жүргізу, оған мүше елдердің денсаулық сақтау жүйесі мен қызметін дамыту, дәрігерлер дайындау, әлемдік медициналық статистикалық есеп жүргізу, дәрілердің дайындалуын жіті қадағалау, медицинаның маңызды мәселелерін шешуде ғылыми зерттеулер жүргізуді қолдау және т.б.

***Халықаралық қаржы корпорациясы  
(Международная финансовая корпорация)***

Халықаралық қаржы корпорациясы – 1956 жылы құрылған ресми дербес ұйым, ол Халықаралық қайта құру және даму банкінің бөлімшесі болып табылады. Жарғы бойынша мүше мемлекеттер, өсіресе, дамушы елдер өндірістік жеке кәсіпкерлік қызметтің осуін көтермелеу жолымен экономикалық дамуға септігін тигізу мақсатын коздейді. Ұйымға қатысушы мемлекеттер аумағында капиталдарды жеке кәсіпорындарға инвестициялау шарттары туралы қажетті мәліметтерді ресми түрде жинау мақсатымен өз мекемелерін құрып, сол елдің ішкі істеріне араласу мүмкіндігін алады.

***Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ)  
(Международное агентство по атомной энергии) (МАГАТЭ)***

БҰҰ Бас Ассамблеясының шешіміне сәйкес, 1955 жылы 3 желтоқсанда халықаралық ынтымақтастық саласындағы атом энергетикасын бейбітшілік мақсатта қолдану аясында құрылған ұйым. Ұйымның жарғысы 1957 жылы 29 шілдеде Нью-Йорк конференциясында күшіне енді. Штаб-пәтері Вена қаласында (Австрия) орналасқан.

Ұйым БҰҰ-ның мамандандырылған ұйымы статусына ие болмағандықтан, оның БҰҰ-мен байланысы 1957 жылы 14 қарашада БҰҰ-ның

қабылданған шартымен реттеледі. Осы шартқа және Жарғысына сай, өзінің қызметі жайында Бас Ассамблеяға жыл сайын есеп беріп отырады. МАГАТЭ Жарғысымен келісетін және оны орындайтын әр мемлекет Ұйымға мүше бола алады.

Барлық мүше мемлекеттер өкілдерінің бас конференциясы жылына бір рет өтеді. Басқарушылар кеңесі (35 мүше) Агенттіктің тәжірибелік қызметін басқарады және Бас конференцияға есеп беріп отырады. Басқарушы кеңес мәселелерді шешуде арнайы комитеттер құруда кең көлемдегі өкілеттікке ие. Хатшылық Ұйымның ағымдағы мәселелерімен айналысады. Оны басқарушылар кеңесімен төрт жыл мерзімге тағайындалатын Бас директор бекітеді.

Ұйымның құрылымында 15 ғалымнан тұратын ғылыми-кеңестік комитет қызмет атқарады. Ол Бас директорға ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша кепілдемелер әзірлейді. Ұйым атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануды қамтамасыз етеді және осы мәселелерді үйлестіреді.

Агенттік негізгі ережелерге сәйкес бейбітшілікті, денсаулықты және бүкіл әлемде өмір деңгейінің жақсаруын сақтап қалуда атом энергиясын кең көлемде қолдануды қамтамасыз етеді. МАГАТЭ өз көмегін әскери мақсатта қолданбайды, ядролық отынның қолдануын қадағалау мақсатында әлемдік нарықта уранның өндірісі жайында ақпарат жинақтап отырады.

### *Халықаралық теңіз ұйымы (Международная морская организация)*

Халықаралық теңіз ұйымы – сауда кеме қатынастарын дамытуға және теңіз құқығын бірегейлендіруге үкіметтердің ынтымақтастығын жүзеге асыратын халықаралық үкіметаралық ұйым. Ол 1948 жылы Женевада өткен Теңіз конференциясында құрылды. 1958 жылдан бастап «Үкіметаралық теңіз кеңесшілік ұйымы» жұмыс істей бастады. Мақсаты – үкіметтердің халықаралық сауда кеме қатынасына қатысты кез келген техникалық мәселелерді реттеудегі ынтымақтастық тетігін қамтамасыз ету; теңіздегі қауіпсіздікке қатысты іс жүзінде жалпыға бірдей барынша ықтимал нормаларды қабылдауға, кеме қатынасының тиімділігін арттыруға, кемелердің теңізді ластауына жол бермеу және онымен күресуге жәрдемдесу.

### *Халықаралық даму ассоциациясы (Международная ассоциация развития)*

Бұл үкіметаралық ұйым, Халықаралық қайта құру және даму банкінің (ХҚДБ) филиалы болып келеді. 1960 жылы өз қызметін бастады. Халықаралық қайта құру банкіне мүше мемлекеттер, осы Ассоциацияға мүше бола алады. Соңғы жылдары оған 150-ден астам мемлекет кіреді. Экономикалық жағдайларға байланысты, оған мүше мемлекеттер екі

санатқа бөлінеді. Біріншісі – индустриалды дамыған мемлекеттер, екіншісі – дамушы елдер. Оның мақсаты ХҚДБ мақсаттарымен сәйкес келіп, кедей, дамушы елдерге жеңілдетілген несие береді. Ассоциацияның қоры бес қаржы көзінен қалыптасқан: мүше мемлекеттердің салымы (30 млрд. долл.), бай мемлекеттер мен Халықаралық қайта құру және даму банкі көмегі мен субсидиясы (1,6 млрд. долл.), Халықаралық даму ассоциациясының таза кірісі (280 млн. долл.), швейцарлық қарыздар және біріккен қаржыландыру операциялары. Несие алушы елдер Халықаралық даму ассоциациясының нұсқауын орындауы тиіс және есеп беріп тұрады, яғни батыс мемлекеттеріне бағынышты. Бұрынғы КСРО бұл ассоциацияға кірген жоқ.

***Халықаралық ауылшаруашылығын дамыту қоры  
(Международный фонд сельскохозяйственного развития)***

Халықаралық ауылшаруашылығын дамыту қоры – көпжақты қаржылық мекеме. 1977 жылы Дүниежүзілік азық-түлік конференциясының шешімімен құрылған ұйым. Мақсаты – дамушы елдердің ауыл-аймақтарында аштық және кедейшілікпен күресу. Қор ресурстарды мобилизациялап, кедей ауыл-аймақтардың азық-түлік, үй шаруашылығын күшейтіп, ауылшаруашылық өндірісін дамытуға тырысады. Қаржылай көмек грант, несие түрінде беріліп, бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін қосымша ресурстарды тартады.

***БҰҰ-ның Өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы (ЮНИДО)  
(Организация Объединенных Наций по промышленному развитию)  
(ЮНИДО)***

Өнеркәсіптік даму жөніндегі халықаралық үкіметаралық ұйым БҰҰ Бас Ассамблеясының 1965 жылы 20 желтоқсанда №2089 (XX) және 1966 жылы 17 қарашадағы №2152 (XXI) қарарлары негізінде құрылды. ЮНИДО-ның Жарғысы 1985 жылғы 21 маусымнан бастап күшіне енді. Ұйымның басқарушы органы – Бас конференция екі жылда бір рет жиналады, тұрақты жұмыс органы – Өнеркәсіптік даму кеңесі. Оған 53 ел мүше, штаб-пәтері Вена қаласында (Австрия).

Ұйым дамушы елдерде өнеркәсіп құру, жоспарлау, жаңа технологияны игеру, жергілікті кадрларды даярлауға жәрдем көрсетуді көздейді. Батыс мемлекеттерінің монополиялары ЮНИДО-ны өзіне ұтымды экономикалық салаға капитал салу үшін пайдаланады.

Өткен ғасырдың 70-90-жылдарында бұрынғы отар елдер социалистік лагерьмен бірігіп, әділетсіз халықаралық экономикалық қатынасты өзгертуді және жаңа халықаралық экономикалық тәртіп орнатуды талап етті. Батыс монополистері осы заңды талапты орындамауға бар күшін салды. Бүгінде АҚШ, Еуропалық Одақ елдері, Жапония мен Корея Республикасы әлемдік экономиканы, банк-қаржы ресурстарын өз қолдарында ұстап, «үшінші әлем» елдерінің халық шаруашылығы дамымай отыр.

ЮНИДО-ның мақсаты – өнеркәсіпті дамыту және дамушы мемлекеттерді индустриализациялауды жеделдету саласында халықаралық және ұлттық ресурстарды жұмылдыруға жәрдем көрсету.

**Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСУ)  
(Всемирная торговая организация (ВТО))**

Халықаралық сауданы реттейтін халықаралық ұйым құру идеясы Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғында пайда болды. 1944 жылғы Бреттон Вуд конференциясында негізінен АҚШ пен Ұлыбританияның күш салуымен Халықаралық валюта қоры мен Халықаралық қайта құру және даму банкі құрылды. Жоғарыда аталған ұйымдармен қатар, жаңа экономикалық тәртіптің үшінші тірегі ретінде Халықаралық сауда ұйымын құру жоспарланды. 1947 жылдың қазан айында Сауда мен тарифтер жөніндегі Бас келісімге (ГАТТ) қол қойылды. Уақытша болып саналған бұл келісім 1948 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енді.

1994 жылы ГАТТ-тың орнына Дүниежүзілік сауда ұйымын (ДСУ) құру жайында келісімге қол қойылды. Бұл келісім 1995 жылдың 1 қаңтарында 100-ден аса елдің көпжақты келісімі негізінде күшіне еніп, содан бері көпжақты сауда жүйесінің ұйымдастырушысы және құқықтық негізі болып табылып келеді.

Бұл үкіметаралық мәміле, негізінен, Сауда және тарифтер жөніндегі бас келісімді (ГАТТ), көрсетілген қызмет түрлерін сату жөніндегі бас келісімді (ГАТС), Инвестициялық қызметтің сауда қырлары жөніндегі келісімді (ТРИПС) және т.б. шарттарды қамтиды.

Дүниежүзілік сауда ұйымы – Біріккен Ұлттар Ұйымының арнаулы мекемесі болып табылады. ДСУ-ның негізгі мақсаты – біртұтас сауда жүйесін қалыптастыру. Мұндай біртұтас жүйе ДСУ-ға кіретін елдердің бір-бірімен еркін бәсекелестік жағдайында сауда-саттық жүргізуіне жол ашады. Бұл жүйе біртұтас құқықтық нормалар комплексінің негізінде келесі басты үш принципке негізделіп құрылуы қажет:

1. Барынша қолайлы жағдай жасау принципі (принцип наибольшего благоприятствования). Бұл бір мемлекеттің екінші мемлекетке мемлекетаралық сауда, экономика, қаржы қатынастарында беретін ең қолайлы жағдай жасау принципі;

2. Ұлттық режим принципі (принцип национального режима). Бір мемлекеттің екінші мемлекеттің компанияларына сауда-экономика саласында өз ұлттық компанияларымен тепе-тең құқық беру принципі;

3. Транспаренттілік принципі (принцип транспарентности). Халықаралық аренада бұл БАҚ беттерінде жарияланбаған нормативтік-құқықтық актілердің қолданысқа түспеуін қадағалау принципі. Әлемнің барлық өркениетті елдерінің құқықтық жүйесі осы принципке негізделген.

ДСУ-ның келісімі аясында қабылданған осы және өзге де міндеттердің орындалу барысын қадағалауда мүше елдер сауда-саттық саласындағы

жаңа қабылданған ережелер жайлы немесе реттеу барысында енген өзгерістер мен басқа да жағдайлар жөнінде хабардар етіп отыруға міндетті.

Жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ДСҰ-ға кірген әрбір мүше ел келісім аясында сауда-саттықтағы техникалық барьер бойынша, санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдануда және саудалық қызмет бойынша ақпараттық-кеңестік қызмет жасайды. Сонымен қатар, әрбір ел ДСҰ келісімінің талаптарына сәйкес хабарламалар процедурасына қатысты жағдайлардың орындалуына жауапты үкіметтік органды тағайындауға міндетті.

Ұйымның штаб-пәтері Женева қаласында (Швейцария) орналасқан, ол ДСҰ халықаралық сауда байланыстарын реттеп, қатысушы елдердің сауда-саттық және тарифтік саясатын (өзара сауда қатынастарының принциптері мен ережелерін, баж салығы мен шарттың міндеттемелерін, онімдерді стандарттау мен сертификаттауды, импорты лицензиялауды, экспортты қаржыландыру және т.б.) үйлестіріп отырады. Халықаралық сауданы ырықтандырып, сауда ісіндегі саяси кедергілерді және афро-азиялық елдердің өз экономикасын қорғау үшін пайдаланатын тарифтік, кедендік шектеулерді жоюға арналған. Ұйымның бюджеті қатысушы елдердің жарнасынан құралады. Шешімдер консенсус арқылы, яғни ортақ шешімді барлық мемлекеттердің міндетті түрде бірауыздан мақұлдауы арқылы қабылданады.

Бұл ұйымның ресми жоғары органы екі жылда бір рет бас қосатын ДСҰ-ның Министрлер Конференциясы болып табылады. ДСҰ құрылған уақыттан бері жаһандануға қарсы елдердің белсенді қарсыласуына ұласқан алты конференция өтті. Ұйымның конференциялар арасындағы ағымдағы міндеттері жылына бірнеше рет Женевада жиналатын ДСҰ Бас Кеңесіне жүктелді. Бұл Кеңестің қарамағына ДСҰ-ға мүше елдердің сауда саясатын бақылаушы арнайы комиссия кіреді. Ол сол елдердің ДСҰ келісімінің аясындағы тиісті міндеттерін орындауын қадағалайды. Бас Кеңес жалпы атқарушы қызметтермен қатар, ДСҰ келісімінің аясында, соны негізге ала отырып құрылған бірнеше комиссияларға жетекшілік жасайды. Олардың ішіндегі ең негізгілері: Тауарлық сауда жөніндегі кеңес (Кеңес-ГАТТ), Саудалық қызмет жөніндегі кеңес және Интеллектуалдық меншік құқығының саудалық аспектісі мәселелері жөніндегі кеңес.

1986 жылы КСРО ГАТТ-қа қосылуды мақсат етіп, Уругвай раунды келіссөздерінде бақылаушы статусын алуға өтініш жазады. Алайда, АҚШ КСРО-ны жоспарлы экономиканы ұстанған ел екендігін, мұның еркін сауда принципіне сай келмейтіндігін желеу етіп, өтінішті аяқсыз қалдырады. Ол тек 1990 жылы ғана бақылаушы статусына ие болады.

1993 жылы Ресей Федерациясы Ұйымға қосылу туралы ресми өтініш жасап, ДСҰ-ға кіру туралы келіссөздер бастады. Алайда, 2009 жылы Ресей Премьер-Министрі В. Путин Ресейдің ДСҰ құрамына кіру жөніндегі келіссөздерді тоқтататыны туралы мәлімдеме жасады.



Қазақстан Республикасы ДСҮ-ға кіру баспалдағында тұрған елдердің бірі. Мүшелікке кандидат мемлекет ретінде Қазақстан ендігі уақытта дүниежүзілік сауда жүйесінің ережелері мен міндеттемелерін есепке алуы қажет. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үшін Қазақстан алдағы уақытта соңғы 50 жыл ішінде осы Ұйымға қатысушы елдер әзірлеген халықаралық сауда нормаларын қабылдауы керек. ДСҮ-ға жаңа елдер қосылуының басты шарттарының бірі – олардың ұлттық заңнамалары мен сыртқы экономикалық қызметін реттеу тәжірибесін келісімдерінің пакеті ережелерімен сәйкес келтіру болып табылады. Ұйымға қосылудың қорытынды кезеңінде ізденуші елдің ұлттық заң шығарушы органы жұмыс тобының шеңберінде келісілген және Бас кеңес бекіткен құжаттардың бүкіл пакетін ратификациялайды. Содан кейін кандидат ел ДСҮ мүшесі мәртебесін алады.

Бүгінде Қазақстан әлемдік бәсекелестікке төтеп беретін тауар түрлерін шығара алмай отырғанда, оның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі шет елден арзан бағалы тауардың ел рыногын жаулап алуына жол ашады әрі ұлттық өнеркәсіптің тоқтап қалуына себеп болуы мүмкін.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының алдында әлемде бейбітшілікті сақтауды мақсат еткен қандай халықаралық ұйым болған?
2. БҰҰ-ның мамандырылған мекемелерін атап өтіңіз.
3. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі мен Бас Ассамблея құрылымы және жұмысы туралы баяндап беріңіз.
4. Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылу кезеңінде Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары және Ұлыбритания басшыларының ұстанымдары туралы айтып беріңіз.

## 4-ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

*Біреуді «де-юре» деп қабылдамаған жағдайда,  
біз оның «де-факто» екенін мойындаймыз.*

*Хуго Штейнхаус (1887-1972), поляк математигі*

Халықаралық құқық пәні қашан пайда болды және оған не себеп болды деген сауалға үзілді-кесілді жауап табу мүмкін емес. Құқық ғылымында халықаралық құқық қай заманда пайда болғаны туралы түрлі көзқарас бар. Кейбір ғалымдар халықаралық құқықтың шығу тегін мемлекеттердің пайда болуы мен олардың арасындағы қарым-қатынастардың орнай бастауымен байланыстырады. Бұл көзқараспен бұрынғы Кеңес Одағының ғалымдары да келісетін, алайда бүгінгі күні бірқатар шетелдік мемлекеттерде бұған қатысты басқа да пікірлер мен теориялар баршылық. Яғни, бұл мәселе жөнінде дүние жүзіндегі халықаралық құқық саласы мамандарының көзқарасы әр алуан. Бір ғалымдар халықаралық құқықтық нормалардың пайда болуы ежелгі дәуірден басталады десе, басқалары Еуропада егемен мемлекеттер жүйесі қалыптасқан кейінгі орта ғасырларда пайда болды деп дәлелдейді.

### 4.1. Халықаралық құқықтың пайда болуы

Халықаралық құқықтың бастамасы құлиеленушілік дәуірде пайда болды деген пікірге сүйенсек, Ніл, Тигр және Евфрат өзендері бойындағы елдер мен Ежелгі Шығыс мемлекеттері арасындағы өзара қарым-қатынастар б.з.д. II мыңжылдықта пайда болды. Олардың қарым-қатынастары бұрыннан қалыптасқан дәстүрлерге негізделіп, еларалық алғашқы келісімдер жазбаша түрде жасала бастады.

Мемлекеттер арасында жасалынған келісімдердің қарым-қатынас бастапқы нормалары сол кездегі әдет-ғұрыптарға негізделіп, осы қатынастардың көрінісі б.з.д. 2000 жыл бұрынғы қолжазбалардан байқалады. Онда Урук деген шумерлік қала-мемлекет пен Персиядағы Аратта қала-мемлекеті арасындағы қақтығыс жайында баяндалады. Тигр мен Евфрат өзендерінің жағалауында орналасқан көне өркениетті ел Урук көрші елдермен байланыс орнатқан елдердің бірі еді. Осы елдер

арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін бірінші келісім нормалары пайда болды.

Откен ғасырдағы шығыстанушы ғалымдар біздің заманымызға дейінгі XIII ғасырда Хет пен Мысыр арасындағы жасасқан шарттың мәтінін ашын оқыды. Онда екі мемлекет соғыстан кейін бітімгершілік келісім жасап, басқа жауларға бірлесіп қарсы тұруға, қашқан құлдарды ұстауда бір-біріне өзара көмек көрсетуге міндеттеме алады. Бұл шарт бейбітшілік пен одақтастық құрудың үлгісіне жатады.

Б.з.д. XX-X ғасырларда халықаралық келісімдер Қытай мен Үндістан жерлерінде, кейінірек Ежелгі Элада мен Ежелгі Римде жасала бастады. Үндістандағы Ману заңдарында елдер арасындағы елшілердің қарым-қатынастары, шетелдік елшілердің басқа мемлекеттің ішкі істеріне қол сұқпаушылығы туралы ережелер жазылған. Сондай-ақ, Ману заңдары әскери тұтқындарға, жарақат алғандарға, бас иіп, кешірім сұрағандарға кешірім жасауды талап етеді. Осы заң жинағының негізгі мақсатының бірі бейбіт тұрғындарды жою емес, қарулы қарсыластарды жеңу болды.

Әскери ізгілік нормаларын б.з.д. VII ғасырда жазылған Қытайдың «Әскери шеберлік туралы трактат» атты ежелгі деректерден де табуға болады. Ежелгі Қытай жерінде орналасқан әр алуан мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды елшілер реттейтін еді. Сол заманның өзінде мемлекеттер арасында пайда болған дауларды билер мен соттар екіжақты келісім бойынша шешіп отырды.

Ежелгі халықаралық құқық екіжақты ғана емес, көпжақты шарттарды да жасады, яғни олар аумақтық сипатқа ие болды. Әсіресе, Ежелгі Грекиядағы қала-мемлекеттер түрлі одақтар құрып, көпжақты шарттар жасасты, оған мысал ретінде Этолиялық немесе Ахейлік одақтарды келтіруге болады.

Орта ғасыр тәжірибесінде халықаралық шарттарды орындату мен құрметтету үшін түрлі кепілдіктер пайдаланылған. Мысалы, Құран мен Библияны ұстап ант беру рәсімі, қыз алысу немесе тұтқындарды ұстау кен қолданылған. Кепілдіктің тағы бір белгілі түрі – екі ел жасасқан шарттың орындалуына үшінші ел кепілдік беріп отырған. Сөйтіп, ғылымға белгілі ең алғашқы халықаралық шарт қашан, қайда, қалай пайда болғанын нақты айту қиын. Өйткені, бүгінгі күнге дейін көне жазбалар табылып, жаңа дәлелдемелер әлі де айқындалу үстінде.

Халықаралық құқықтық ғылымның бізге белгілі бастамалары кейінгі феодализм дәуірінде пайда болды. 1625 жылы «халықаралық құқық атасы» деген атаққа голландтық заңгер Гуго Гроций ие болды. Ол өзінің «Соғыс пен бейбітшілік құқығы туралы» еңбегінде алғаш рет жүйеленген құжат жазуға тырысты. Г. Гроций соғыс жүргізу заңдары мен бейбіт өмір орнату жолдарын, жарақат алғандар мен әскери тұтқындарға ізгілік көрсету нормаларын, соғыс уақытындағы жекеменшікке қол сұқпау қағидасын, халықаралық шарттардың құқықтық жүйесін, тең құқылы және тең құқылы емес шарттар арасындағы айырмашылықтарды,

халықаралық шарттық міндеттемелерді орындау қажеттілігін және шет елшілерінің экстерриториалдылығын (жеке немесе заңды тұлғаның шет елдің жергілікті заңға бағынбайтын ерекше статусы) негіздеп жазды.

Орта ғасырларда суверенитет (егемендік), нейтралитет (бейтараптық), ашық теңіз, контрабанда деген ұғымдар, сонымен қатар елшіліктер, консулдықтар және тұрақты өкілдіктер сияқты түсініктер пайда болды. Г. Гроций мен оның XVII ғасырдағы ізбасарларының еңбектері халықаралық құқық ғылымының дамуына үлес қосты.

Жаңа заманның халықаралық құқығында демократиялық нормалар 1867 жылғы «Майданда жарақат алғандар мен ауру адамдардың жағдайын жеңілдету» туралы Женева, сондай-ақ 1899 және 1907 жылдардағы «Соғыс жүргізудің заңы мен дәстүрі» туралы Гаага конвенцияларында көрініс тапты. Аталған конвенциялардағы нормаларда соғыс жағдайында бейбіт тұрғындарға қияпат жасамау туралы айтылады. Онда тек бейбіт тұрғындар ғана емес, комбатант (соғысушы адам) болып саналмайтын, яғни әскерде қызмет етуші азаматтық персонал да соғыс әрекеттерінің объектілері болып саналмайды делінген. Конвенция бойынша бұдан былай комбатанттар жарақат алған және ауру азаматтарға да көмек көрсетуі қажет болды. Орта ғасырдағы халықаралық құқықта осы мәселелер реттелмеген, сондықтан жарақат алғандарды соғыс алаңында қалдырып кету заңға қарсы әрекет болып саналмағанына назар аудару қажет. Аталған Конвенцияларда әскери оккупация басқа мемлекеттің территориясына кіріп, сол мемлекеттің егемендігін жоққа шығармай, жергілікті ережелер мен әдет-ғұрыптарды жоймай, жеке және қоғамдық меншікті конфискацияламай (тәркілемей), уақытша басып алу деп қарастырылды.

Сонымен қатар, XVIII ғасырда Африкада мекен еткен біраз тайпалар мемлекет құрмаған және дипломатиялық қатынастар орнатпаған. Сондықтан шет елден келген ресми қонақтарды күтіп алу, оларға жағдай жасау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қарастырылмаған. Ол бойынша тарихта мынадай мысал бар. Тропикалық Орталық Африка жеріне байланыс жасау миссиясымен келген ағылшын өкілі ондағы канибал тобы жеп қойған. Ағылшын тарапы тайпа басшыларына наразылығын білдірген кезде, тайпа көсемі ағылшындарға құн ретінде өз тайпасынан бір қара нәсіл адамды жеп қоюға ұсыныс жасаған.

Қазақстан мен Орталық Азия бір аумақты құрайтындықтан, қазақ даласындағы дипломатия тарихын орта азиялық елдердің тарихтарынан бөлек қарастыру мүмкін емес. Бұл аумақтағы дипломатиялық, сауда және әскери қарым-қатынастарда елшілердің құқына қол сұқпаушылық, оларды баспана, тамақ, көлікпен қамтамасыз ету және кедендік баж салығынан босату сияқты жергілікті қонақжайлыққа негізделген түрлі дәстүрлер болды. Кейіннен ауызша жасалған келісімге сәйкес осы

аумақты мекен еткен елдер арасындағы қарым-қатынастарда жоғарыда айтылған дәстүрлер халықаралық құқық нормаларына айналды.

Түрлі деректердің мәліметтері мен халықаралық құқықтық әдебиеттердің сараптамалары бойынша, XV ғасырдан бастап 1918 жылы кеңес өкіметі орнағанға дейін Қазақстан мен Орта Азияны мекен еткен халықтар мен мемлекеттер өзара мыңнап астам елшілер жіберіп, қабылдағаны, олардың келіссөз жүргізгені белгілі.

Қазақ, Қоқан, Бұхара, Хиуа және Хорезм хандықтарында сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты тұлға хан, әмір және бектер болса, қазақ жүздері арасында сыртқы қарым-қатынастарды реттейтін орган – Ақсақалдар, билер кеңестері, ал түрікмен тайпаларының өкілдері арасында – Генгеш (кеңес) болып саналды. Шетелде сыртқы саясат органы ретінде арнайы өкілдік беріп жіберген елшіліктері мен сауда агенттіктері «*ad hoc*» (уақытша белгіленген арнайы миссия) статусымен қызмет етті. Шет елге уақытша жіберілген елшілердің не арнайы миссия мүшелерінің қызмет орындау мерзімінде қабылдаушы мемлекет олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Елшілердің құқықтық статусын реттейтін арнайы шарт болмағанымен, оған тікелей қатысы бар түрлі дәстүрлер, әдет-ғұрып пен ішкі мемлекеттік актілер дипломатиялық өкілдерді төмендегідей рангтерге жіктеді: елшілер, ерекше тапсырмалар бойынша елшілер, елшілік уәкілдері, хабаршы.

Орталық Азияда қалыптасқан дипломатиялық дәстүр бойынша шетелдік елшілер мен өкілеттіктердің мәртебесі ерекше болатын. Өкілеттіктері жоқ елшілермен билік басында отырған хандар мен билер ресми келіссөз жүргізуден бас тартқан жағдайлар тарихтан белгілі. Осы аймақтағы мемлекеттер мен халықтар өзара қарым-қатынастарда елшілік дәстүрлерін пайдаланған. Ол бойынша елшілерге арнайы артықшылықтар көрсетіліп, жаудың өкілі болса да, оларға тиіспей, амансау жіберілетін. Сонымен қоса, олардың меншігіне, қолдарындағы құнды заттар мен құжаттарына қол сұғылмайтын, бүгінгі тілмен айтқанда, елшілерге дипломатиялық иммунитет берілетін (түркі халықтарында – коналға, улуфа, алафа деп атаған).

Көбінесе, жіберілген елшілер алдында дипломатиялық қарым-қатынас орнату мақсаты тұратын. Мысалы, 1594 жылы Ресей мемлекетіне қазақтың ханы Тәуекел Құлмұхаммет басқарған елшілік жіберген. Сондай елшіліктерді Қазақ хандары татар, башқұрт, өзбек, түрікмен, парсы басшыларына жіберіп отырған. 1858 жылы Мұхаммед-Әли бастаған Бұхара елшілігі Мәскеуге дипломатиялық қарым-қатынас орнатуды көздеп барған.

#### 4.2. Халықаралық құқықтың принциптері және оның субъектілері

Бүгінгі күнгі халықаралық құқық XIX ғасырдың басынан бастау алады. Өткен ғасырдың өзінде соғыс жүргізу заңдары, ережелері мен дәстүрлері халықаралық құқық нормалары ретінде пайдаланылды. Әрине, ол заңдардың өткен ғасырдағы Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстарда халықаралық құқықтық принциптерін орындауға шамасы жетпеді. Дегенмен, мүмкіндігінше химиялық соғысқа жол бермей, соғыс жүргізу әдісі мен шараларын шектеп, майдандағы әскери тұтқындар мен жарақат алғандардың жағдайын жақсартуда біраз жеңілдіктер берді.

Халықаралық құқыққа 1917 жылғы Ресейдегі Қазан социалистік революциясы өз ықпалын тигізді. Сондай-ақ, халықаралық құқық негіздерін қалауға 1919 жылы Ұлттар Лигасы, кейіннен 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) құрылуына Кеңес Одағының дипломатиясы қомақты әсер етті.

БҰҰ-ның Жарғысы дипломатиялық байланыстардың негізгі халықаралық құжаты болып саналады. Себебі, Жарғыда бүгінгі күнгі барлық шиеленістер, даулар, қақтығыстар, табиғи апаттар және т.б., яғни дүниежүзіндегі өзекті мәселелерді БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы (БА), БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі (КК) және БҰҰ-ның Халықаралық соты арқылы реттеп, жүзеге асыратын халықаралық құқық нормаларын іске асыру механизмі козделген. Сонымен қатар, Ұйымның Жарғысында барлық халықтардың өзін-өзі билеуі, адам құқықтарын құрметтеуі, күш қолданбау және күш қолданумен қорқытпау және сол сияқты негізгі демократиялық принциптері белгіленген. Осы принциптер соңғы екі ғасырда бірте-бірте қалыптасып, халықаралық қатынастарда жұртшылық таныған міндетті қағидаларға айналды. Осы құқықты жалпыға бірдей орындату мен оны құрметтетуге арналған шарттар мен нормалар жеке мемлекет тарапынан, бірнеше мемлекеттер тарапынан немесе ұжымды түрде мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Халықаралық құқық қандай да бір ұлттық құқық жүйесіне кірмейді және ішкі ұлттық құқық нормаларын қамтымайды. Халықаралық құқық бұл ерекше жүйе. Сонымен қатар, халықаралық құқық мемлекеттердің ішкі құқықтарынан оқшауланған, айрықша қатып қалған жүйе емес. Ол әрқашан даму мен жаңару үстінде. Жаңа пайда болған мемлекеттер, жаңа құрылған халықаралық ұйымдар мен одақтардың жарғылары, заңнамалары, нормалары оның дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ, әрбір жаңа тарихи қоғамдық формация, мысалы, өткен ғасырдағы капиталистік және социалистік құрылым халықаралық құқық нормаларында либералдық-демократиялық негіздерді дамытуға игі ықпалын тигізді.

Ресей заң ғылымдарының докторы, профессор Г.И. Тупкин «халықаралық құқық белгілі мемлекеттердің құқық жүйелерінің ішіндегі ерек-

ше құқық жүйесі» деп санайды. Сонымен бірге, халықаралық құқық мемлекеттер арасындағы белгілі бір жүйенің аясында жұмыс істейді. Сондықтан халықаралық құқықта болып жатқан үдерістерді, оның даму тенденциясы мен қоғам өміріндегі рөлін түсіну үшін мемлекетаралық жүйеге ортақ сипаттама беру керек.

Халықаралық құқық шетелдік элементтер мен азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарды реттейді. Мемлекеттер халықаралық субъектілер болып саналады, ал мемлекеттің ішкі ұлттық құқығының субъектілері – мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары. Халықаралық құқық халықтар мен мемлекетаралық қатынастарды реттейді, ал ұлттық құқық ел ішіндегі қоғамдық байланыстарды қамтиды. Халықаралық құқықтың негізін мемлекеттер арасындағы келісімдер құрайды, ал ұлттық құқықтың көздері заң және жоғары билік пен басқару органдарының шешімдерінен жинақталады. Мемлекеттің ішкі құқығының сақталуын арнаулы мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді, ал халықаралық құқық нормаларының сақталуы халықаралық ұйымдар мен органдардың шешімімен немесе мемлекеттердің бірлескен ұжымдық мәжбүрлеу жолымен қамтамасыз етіледі. Оның шегі мен нысандары осы құқықтың арнаулы қағидалары және нормаларымен айқындалады.

Халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі – халықаралық шарттар мен келісімдер. Соған байланысты, 1969 жылы Халықаралық шарттар туралы Вена конвенциясы қабылданды. Барлық мемлекеттер өзара байланысқа түскен кезде осы Конвенцияға сүйенеді.

Қазақстан да егемен ел болып, сыртпен екіжақты және көпжақты байланыстарға шыққандықтан, 2005 жылғы 30 мамырда халықаралық шарттарды жасасу, орындау, өзгерту және олардың қолданылуын тоқтату тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы Заңын қабылдады. Бұл Заң Қазақстан Республикасының Конституциясына, аталған құқықтың жалпы принциптері мен нормаларына, халықаралық шарт ережелеріне, халықаралық шарттар құқығы туралы жоғарыдағы Вена конвенциясына, осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес жасалды.

Дипломатиялық қарым-қатынастар орнату тәртібі барлық мемлекеттер арасында қалыптасты. Бұл қарым-қатынастарды 1961 жылы бекітілген Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы реттейді. Онда елшіліктің дипломатиялық, консулдық, сауда немесе мәдени өкілдіктерінің статусы, артықшылықтары мен иммунитеттері халықаралық тұрғыда ресімделді.

XX ғасырда ғылыми-техникалық прогрестің дамуы халықаралық құқықтың жаңа әуе, көлік, ғарыш, экология, терроризм, нашақорлық және т.б. салаларының қалыптасуына әкелді. Мысалы, теңіз аумақтары, мұхиттарды кең түрде игеру үшін Теңіз құқығы бойынша конвенциялар пайда болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 65 жылдан астам уақыт бойы жалпыға бірдей қауіпсіздікті сақтау мен мемлекеттер арасындағы түрлі бай-

ланыстарды нығайтудың кепілі болып келеді. XX ғасырдың екінші жартысындағы екі ірі системаның арасындағы қырғиқабақ соғыстың нәтижесі үшінші әлемдік соғысқа әкеп соғуы мүмкін еді. Осыған жол бермей, әлемдік тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауда Біріккен Ұлттар Ұйымының үлесі зор.

Сондай-ақ, БҰҰ 1974 жылы «Жаңа халықаралық экономикалық тәртіпті орнату» туралы Декларация мен Мемлекеттердің экономикалық құқықтары мен міндеттері туралы Хартияны қабылдады.

Халықаралық құқық – мемлекеттер арасындағы қатынастарда түрлі салалар мен бағыттарды реттейтін ғылым. Ол – мемлекетаралық және халықаралық қатынастарға қатысушылардың арасындағы байланыс пен тәртіпті реттейтін шарттардың, әдет-ғұрыптық заңды принциптер мен нормалардың жиынтығы. Сонымен, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін заң қағидаттары мен нормалардың системасы және олардың өзара құқығы мен міндеттерін анықтайтын заңның бір саласы халықаралық құқық деп аталады.

Халықаралық құқық жалпы адами құқық санасының нысаны болып табылады және мемлекет басшыларының, заңгерлердің қалауы бойынша емес, шынайы қоғамдық тұтынушылардың қалауы бойынша қалыптасады.

Халықаралық құқық мемлекеттер және ұйымдар арасындағы қатынастарды үйлестіру, реттеу және сақтау функцияларын атқарады. Үйлестіру функциясы түрлі бағытта мемлекеттер үшін белгілі тәртіп стандарттарын белгілейді. Құқықта мемлекеттерді қорғауға бағытталған белгілі заң нормалары бар. Бұл нормалар бүгінгі халықаралық құқықта тұрақтылықты сақтау функциясын айқындайды. Оның ерекшелігі халықаралық құқықта мемлекетті мәжбүрлеу тетігінің жоқтығымен сипатталады. Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымы және оның мамандандырылған органдарының шешімдерін орындату үшін мемлекеттер ұжымдық мәжбүрлеуді қолданады.

Халықаралық құқық халықаралық жария құқық (международное публичное право) және халықаралық жеке құқық (международное частное право) болып екіге бөлінеді. Халықаралық жария құқық мемлекеттер арасындағы саяси, қауіпсіздік, қоғамдық мәселелер бойынша қатынастарды реттейді.

Халықаралық жеке құқық шетел азаматтары, олардың мүліктік жағдайын және жергілікті азаматтардың шетелдегі мүліктерін қарастыратын азаматтық, құқықтық қатынастарды, сондай-ақ отбасы және еңбек құқықтарын қамтиды. Халықаралық жеке құқық жеке азаматтармен қоса, шетелдік заңды тұлғалардың да (аралас компаниялар, олардың меншіктері, әуе, теміржол, теңіз тасымалдау салаларын) мүдделерін қорғайды. Жеке құқықтың дамуына, негізінен, халықаралық ұйымдар мен мекемелер атсалысады: БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы, Халықаралық жеке құқық жөніндегі



Таға конференциясы, Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік (интеллектуальная собственность) ұйымы, Жеке құқықты унификациялау жоһіндегі Рим институты және т.б.

Халықаралық құқық жүйе ретінде барлық адамзат қауымдастығына бірдей қызмет етеді. Сонымен бірге, халықаралық құқықты дипломатия мен сыртқы саясаттан айыра білу қажет. Сыртқы саясат – әр мемлекеттің саяси, экономикалық, қауіпсіздік мақсаттарын іске асыру үшін әлемдік аренада ұстанатын бағыты. Оны жүзеге асырудың ең басты тәсілі – дипломатия. Сыртқы саясатты жүзеге асыру мен дипломатиялық тәжірибе халықаралық құқық шеңберінде болуға тиіс.

Қазіргі кезде халықаралық құқықтың субъектілері ретінде танылған ұйымдардың ролі артуда. Әлемде тәуелсіздігі мен өз мемлекетін құру үшін күресіп жатқан ұлттар мен халықтар осы құқыққа сүйенеді. Құқықтың екі түрлі нормасы бар. Біріншісі – ол басқа елдің мүдделеріне кедергі келтірсе, бұл нормалардан әр мемлекет бас тарта алады. Екіншісі – мемлекеттер келісім бойынша бас тарта алмайтын нормалар. Бұл нормаларды бұзып жасаған шарттар заңсыз болып саналады.

Халықаралық құқық өзінің қарастырып отырған бағыты бойынша түрлі салаларға бөлінеді: халықаралық шарттар құқығы; халықаралық құқықтағы жауапкершілік; дипломатиялық және консулдық құқық; халықаралық теңіз құқығы; халықаралық әуе құқығы; халықаралық дауларды шешудің халықаралық-құқықтық тәсілдері; қарулы қақтығыстар кезіндегі халықаралық құқық; халықаралық ұйымдар құқығы; халықаралық экономикалық құқық; халықаралық қауіпсіздік құқығы; адам құқықтары; халықаралық ғарыш құқығы; қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау және т.б.

Қоғамның өмір сүру әдет-ғұрпы мен шарттары, құқық нормалары халықаралық құқық көздерін құрайды. Олар негізгі және жанама болып екіге бөлінеді. Шарт және халықаралық-құқықтық дәстүрлер соның негізгісі болып саналады. Сондай-ақ, өркениетті ұлттар мойындаған құқықтың негіздері мен сот шешімдері, халықаралық жария құқық теориясы да халықаралық құқық негіздері болып табылады. Жанама қайнар көздер: үкіметаралық ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың қарарлары, шешімдері, хаттамалары және т.б.

Біріккен Ұлттар Ұйымының функционалды органдарының кейбір актілері халықаралық құқықтың бөлек салаларына әсер етуі мүмкін (мысалы, БҰҰ Халықаралық сотының шешімі). Мемлекеттердің сыртқы саясаты мен экономикасын реттейтін ішкі заңнамаларын да халықаралық құқықтың қосалқы көздеріне жатқызуға болады.

Халықаралық құқықты барлық мемлекеттер орындауы тиіс. Олар 1970 жылғы 24 қазандағы Халықаралық құқық принциптері туралы Декларация мен 1975 жылғы 1 тамыздағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Кеңесінің Қорытынды актісінде белгіленген.

Аталған Декларацияда негізгі 10 принцип көрсетілген:

- 1) мемлекеттердің егемендік теңдігі;
- 2) басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау;
- 3) ынтымақтастықты орнату;
- 4) міндеттерді адал орындау;
- 5) күш қолданбау және күш қолданумен қорқытпау;
- 6) шекаралардың мызғымастығы;
- 7) аумақтық тұтастық;
- 8) дауларды бейбіт жолмен шешу;
- 9) теңқұқылық және халықтардың өзін-өзі билеуі;
- 10) адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу.

Халықаралық құқықтың субъектілері негізгі және туынды болып екіге бөлінеді. Негізгі субъектілер – мемлекеттер, өз тәуелсіздігі үшін күресіп келе жатқан ұлттар мен халықтар және халықаралық үкіметаралық ұйымдар.

1) Мемлекеттердің унитарлы және федеративті екі түрі бар:

– көпшілік мемлекеттер унитарлы болып табылады;

– федеративті мемлекеттерге Америка Құрама Штаттары, Канада, Мексика, Германия Федеративтік Республикасы, Австрия Республикасы, Швейцария, Бразилия, Ресей Федерациясы, Үндістан Республикасы, Австралия және т.б. жатады. Федерацияның мүше-субъектілері халықаралық құқық субъектілері болып табылмайды.

Тарихта мемлекеттік бірлестіктің басқа да түрлері болды. Ол – конфедерация. Конфедерацияның федерациядан негізгі айырмашылығы – оның мүше мемлекеттері халықаралық құқық субъектілері бола алады.

2) Өз тәуелсіздігі үшін күресуші ұлттар мен халықтарға халықаралық құқық субъектісі ретінде танылу үшін келесі талаптар қойылады: оның территориясы, ұлттық саяси ұйымы және әскери құрылымдары болуы және оларды халықаралық ұйымдар мойындауы қажет.

Туынды субъектілерге халықаралық үкіметаралық ұйымдар, халықаралық үкіметаралық емес ұйымдар және мемлекет тәріздес ұйымдар жатқызылады:

1) Халықаралық үкіметаралық ұйымдар үкіметтің белгілі бір халықаралық мәселелерін шешу және түрлі әлеуметтік құрылыстағы жан-жақты ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу мақсатымен мемлекеттердің келісімдер негізінде құрылған тұрақты бірлестіктері. Осы бірлестіктердің қатарына келесі ұйымдар кіреді: БҰҰ, ЮНЕСКО, Халықаралық еңбек ұйымы, Экономистердің халықаралық ұйымы және т.б. Өз кезегінде халықаралық үкіметаралық ұйымдар географиялық ауқымына байланысты дүниежүзілік және аймақтық болып тағы бөлінеді.

2) Халықаралық үкіметаралық емес ұйымдардың қатарына Грин-Пис, Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай ұйымдары сияқты көптеген ұйымдар кіреді.

3) Мемлекет тәріздес ұйымдарға, бірінші ретте, «ерікті қалалар» кіреді. Бұл термин тек қалаларға ғана емес, аудандарға да қатысты қолданылады. Мысалы: Данциг ерікті қаласы, Триест бос территориясы, Ватикан, Мальталық орден. Ерікті қалалар халықаралық шарт немесе халықаралық ұйым шешімі негізінде құрылып, шектеулі құқықтық қабілеттілігі бар мемлекеттер ретінде танылады. Олардың өз конституциясы немесе соған ұқсас актісі, жоғары мемлекеттік органдары, азаматтығы болады.

Халықаралық құқық екі аспектіні қарастырады:

1) Халықаралық құқықтың жаңа субъектілерін мойындау;

2) Халықаралық құқықтың жаңа субъектілерінің мирасқорлығын (преемственность) тану. Мысалы, Кеңес Одағы тараған соң Ресей Федерациясы КСРО-ның заңды мұрагері ретінде және барлық одақтас республикалардың келісімі бойынша, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелігін сақтап қалды. Бұл орыс халқының әлемдік қауымдастықта өз орнын сақтап қалуына және халықаралық мәселелерді шешуде ықпалын жүргізуіне мүмкіндік берді.

*Халықаралық мойындау* – мемлекеттің басқа мемлекетті халықаралық құқық субъектісі ретінде тануы және онымен ресми түрде заңды, дипломатиялық қатынастарды рәсімдеуі туралы біржақты ерікті акт. Жалпы мойындау актісі арқылы жаңа үкімет, жаңа мемлекет, ұлт-азаттық қозғалыс және соғысушы немесе көтеріліске шығушы тараптар танылады. Мойындаудың екі теориясы бар: конститутивтік және декларативтік. Мойындалған мемлекет халықаралық қауымдастық қатарына қосылады.

Мойындау түрлері:

– *де-юре* – заңды толық мойындау, яғни дипломатиялық қатынастарды орнатуды білдіреді;

– *де-факто* – ресми емес, оның барлығын тану, тек консулдық және сауда қатынастарын орнату;

– *ad-hoc* – уақытша, белгілі бір мәселені шешу мақсатымен субъектіні, яғни ресми тұлғаларды мойындау.

Мемлекеттердің мирасқорлығы (преемственность государств) дегеніміз – құқықтар мен міндеттердің бір мемлекеттен екінші жаңа құрылған мемлекетке ауысуы. Мирасқорлық мына жағдайларда:

– мемлекеттің бөлінуі;

– мемлекет аумағынан бір бөлігінің шығып кетуі;

– мемлекеттердің біртұтас болып бірігуі;

– территориялық өзгерістер;

– саяси-әлеуметтік төңкеріс нәтижесінде жаңа мемлекеттің пайда болуы;

– деколонизация нәтижесінде тәуелсіздік алған мемлекеттерге қолданылады.

*Халықаралық гуманитарлық құқық* соғыстарға қарсы бағытталған, бірақ егер бірнеше мемлекет арасында соғыс басталса, халықаралық құқық нормалары олардың араларындағы қатынастарды және қарулы әрекеттерді реттейді. Бұл нормалар қарулы қақтығысқа қатысушыларға, әскерилерге, тұрғылықты халыққа деген адамгершілік қатынас, соғыс әрекеттері жүріп жатқан жердегі ескерткіштердің бұзылуын болдырмау, адамдарға азап шектіретін қарулар мен оқтарды қолданбауды талап етеді.

Халықаралық гуманитарлық құқық – жеке адамдар мен халықтардың құқықтарын қорғауға бағытталған негізгі принциптер мен институттарды қамтитын халықаралық құқықтың бір саласы. Гуманитарлық құқық бейбітшілікті қамтамасыз ету негізі мен әлемдегі тұрақтылықтың кепілі болып табылады. Халықаралық құқықта гуманитарлық құқықтың нормаларын жүзеге асыру түсінігі «имплементациялау», яғни «енгізу» терминіне сәйкес келеді.

Халықаралық гуманитарлық құқықтың қайнар көздері:

1) 1948 жылғы Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазау туралы конвенция;

2) 1949 жылғы Соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенциясы;

3) 1953 жылғы Өйелдердің саяси құқықтары туралы халықаралық пакт;

4) 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;

5) 1989 жылғы Балалар құқықтары туралы конвенция.

Халықаралық гуманитарлық қызметпен айналысатын ұйымдар – Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай ұйымдары. Олар соғыстың жалпыға бірдей ережелерге сәйкес жүргізілуін қолдайды. Бұл Ұйымдар қарулы қақтығыстар мен ішкі тәртіпсіздіктер кезінде зардап шеккендерге көмек пен қорғаныш береді. Қызыл Крест ұйымының негізін 1863 жылы швейцарлық Анри Дюнан қалады. Штаб-пәтері Женева қаласында орналасқан, оның 80 мемлекетте өкілдігі бар.

Гуманитарлық құқық – соғыс жүргізу тәртібін бұзған мемлекеттер мен жеке адамдарға жауапкершілік жүктейді. Әлемге және адамзатқа қарсы жасалған қылмыстар мен әскери қылмыстар жазалануы керек.

Қылмыстың бірнеше түрі бар:

1) Әлемге қарсы қылмыстар: агрессивті соғысты жоспарлау, дайындау, бастау немесе жүргізу;

2) Әскери қылмыстар: оккупацияланған территориялардағы адамдарды өлтіру, зорлау, құлдыққа алу; мемлекеттер мен құрылыстарды бұзу, қоғамдық және жеке меншікті ұрлау немесе жою;

3) Адамзатқа қарсы қылмыстар: өлтіру, жою, құлдыққа алу, жер аудару.

*Нейтралитет* – мемлекеттің халықаралық қақтығысқа әкеп соғатын әрекеттерден бас тартуын және бейтараптық позицияны сипаттайтын

құқықтық статус. Нейтралитет ұстанған мемлекеттер: Бельгия, Люксембург, Мальта, Түркіменстан, Лаос, Камбоджа, Австрия, Швейцария. Олар ешқандай мемлекетпен әскери одаққа кірмейді, бір елмен бірігіп, екінші елге шабуыл жасаудан бас тартады, яғни бейбітшіл бейтарап саясат жүргізеді.

#### 4.3. Халықаралық шарттар құқығы

Халықаралық шарттар құқығы халықаралық шарттарды жасау, орындау, өзгерту және олардың қолданылуын тоқтату тәртібін айқындайтын халықаралық құқық саласы. 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы шарттардың құқықтық нормаларын кодификациялады. 1978 жылы Мемлекеттердің мирасқорлығы туралы конвенция әзірленді. БҰҰ шарттар құқығын кодификациялау жұмысын жалғастырды. 1986 жылы Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар немесе тек халықаралық ұйымдар арасындағы шарттар мәселесі бойынша конвенция қабылданды.

Халықаралық шарт екі не одан да көп халықаралық құқық субъектілері арасында жазбаша түрде жасалған, өзара құқықтар мен міндеттерді анықтайтын келісім. Халықаралық шарт – мәтінінің соңында тараптардың қолдары мен мөрлері қойылатын біртұтас келісілген құжат. Шартқа қосымша келісім мәтіндері, тізімдер және т.б. беріледі. Тек айрықша жағдайда ғана шарттар ауызша түрде жасалады, олар «джентльмендік келісімдер» деп аталады.

Тараптардың санына байланысты, халықаралық шарттар екіжақты және көпжақты болып бөлінеді. Көпжақты шарттарға 1945 жылғы БҰҰ Жарғысы, 1948 жылғы Геноцид қылмысының алдын алу және олу үшін жазалау туралы конвенция, 1961 жылғы Есірткі заттары туралы бірыңғай конвенция мысал бола алады.

Көпжақты конвенциялардың саны жүзден, ал екіжақты шарттардың саны он мыңнан асады. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы бірнеше көпжақты шарттар, конвенцияларға қосылып, жүзден астам екіжақты шарттардың қатысушысы болып табылады.

Халықаралық шарттардың объектісі ретінде халықаралық құқық субъектілерінің материалдық және материалдық емес игіліктері қарастырылады. Шартты реттеу объектілері бойынша саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа деп бөлуге болады. Әдетте, мемлекеттермен жасалатын шарттардың төрттен бір бөлігін саяси мазмұндағы, қалған төрттен екі бөлігін – экономикалық және сауда шарттары, тағы төрттен бір бөлігін – басқа салалардағы шарттар қамтиды.

Қазақстан Республикасы жасасқан саяси шарттардың мысалы ретінде, Қазақстанның Қырғыз Республикасы, Беларусь, Ресей Федерациясы, Украина және тағы басқа мемлекеттермен Достық және ынтымақтастық туралы шартын, Қазақстан және Франция Республикалары арасындағы

Достық, өзара түсіністік және ыштымақтастық туралы шарттарын келтіруге болады. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы капитал тартуды ынталандыру мен өзара қорғау туралы шартты экономикалық шарт деп айтуға болады.

Халықаралық шартта тараптар ретінде тек халықаралық құқық субъектісі шыға алады. Бұл жөнінде 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 6-бабында «әр мемлекет халықаралық шарттың субъектісі ретінде шарттар жасасуға құқықтық қабілеті бар» делінген (Халықаралық шарттар құқығы туралы 1969 жылғы Вена конвенциясы).

Бүгінгі күнгі халықаралық шарт тиесілі тараптармен келісілген белгілі бір құрылымы бар құжат болып табылады. Шарт преамбуладан (кіріспеден), негізгі және қорытынды бөлімдерден және тараптардың қол қоюынан тұрады. Құрылымы бойынша екі немесе одан да көп бөлек құжаттардан тұратын шарттар категориясы бар. Бұл шарттар ноталармен алмасу арқылы күшіне енеді. Өткен ғасырларда шарт бірнеше өзара байланысты хаттар, грамоталар және басқа да құжаттардан тұратын. Оны XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының Кіші жүзі мен Ресей арасында жасасқан шарттардан көруге болады. Мысалы: Әбілхайыр ханның 1730 жылғы 8 қыркүйекте жіберген хаты мен 1731 жылғы 2 қаңтардағы Анна Иоанновнаның хаттары және 1731 жылғы 19 ақпандағы Ресейдің Кіші жүз жерін өз қамқорлығына алу туралы грамотасы.

Халықаралық шарт тілі тараптармен келісіледі. Екіжақты халықаралық шарттар, әдетте, келіссөздерге қатысушы тараптардың мемлекеттік тілдерінде жасалады. Тараптардың келісуі бойынша, халықаралық шарттардың тілі ретінде өзге де тіл таңдап алынуы мүмкін. Көпжақты халықаралық шарттар келіссөздерге қатысушы тараптардың, яғни контрагенттердің (келісім-шарт жасасушылар) келісуі бойынша белгіленетін тілдерде жасалады: ағылшын, француз, орыс, испан, қытай және араб тілі. Шарт мәтіні барлық тілде бірдей заңды күшке ие. Шартты жасасу үрдісі келесі сатылардан тұрады: келіссөздер, мәтінді дайындау мен келістіру, парафирлеу, яғни алдын ала қол қою, қол қою мен ратификациялау, күшіне ену (Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы 2006 ж. 30 мамырдағы №54 Заңының 1-бабында парафирлеуді «дәйектеу» деп алғанына назар аударамыз).

Шарттарды толығымен не оның белгілі бір сатыларын оған өкілетті тұлғалар жасайды. Шарт мәтінін дайындауды дипломатиялық арналар арқылы мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволары немесе халықаралық ұйымдары жүргізеді. Әдетте, дипломатиялық келіссөздер арқылы екіжақты шарттар жасалады. Мемлекеттер шарт мәтінін қабылдап, парафирлегеннен кейін, шартқа қол қойылады.

*Парафирлеу* – келіссөзге қатысушы әрбір тараптың өкілетті өкілдерінің халықаралық шарт мәтінімен келісу белгісі ретінде келісілген шарттың жобасына не оның жекелеген баптарының нормаларына алдын ала орындаушылар қол қоюы немесе халықаралық шарт мәтінінің тең

түпнұсқалығын анықтау тәсілдерінің бірі. Келісілген шарт мәтінінің әр бетіне өкілетті тұлғалар өз аттарының бірінші әріптерін (инициалдарын) жазады. Осыдан кейін шарт мәтіні екі жақтың мемлекеттік органдарымен келісіліп, өкілетті тұлғалар не мемлекет басшылары (Президент, Премьер-Министр, Сыртқы істер министрі) қол қояды.

Көпжақты шарттар мәтіні халықаралық ұйымдардың қолдауымен конференцияларда дайындалады. 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 9-бабына сөйкес, көпжақты шарттың мәтіні дауыс беру үдерісіне қатысушы мемлекеттер өкілдерінің үштен екі бөлігінің дауыс беру жолымен қабылданады.

Шарттардың қорытынды баптарында шарт мәтіні барлық тілде аутентті, яғни түпнұсқалары дәлме-дәл деп көрсетіледі. Шарт мәтінінің аутенттілігі – бұл мәтін анық және түпнұсқа болып табылатынын белгілейді.

### *Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы Заңы*

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы №54 Заңы Қазақстанның халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту және олардың қолданылуын тоқтату тәртібін айқындайды. Халықаралық шарттар Республика Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы принциптері мен нормаларына, халықаралық шарттың ережелеріне, Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясына, осы Заңға және өзге де заңнамалық актілерге сөйкес жасалып орындалады және тоқтатылады. Халықаралық шарт – шет мемлекет немесе халықаралық ұйымдармен жасалған халықаралық құқықты реттейтін келісім.

ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік атқарушы органдар шетелдермен және халықаралық ұйымдармен шарт жасасады. Қазақстан қатысатын халықаралық шарттар мен жобалар – онда қарастырылған мәселелерге мүдделі орталық мемлекеттік органдармен келісіліп, кейін міндетті түрде Әділет министрлігінде заңдық сараптама өтуі керек. Сараптамадан өткен халықаралық шарттар ҚР Сыртқы істер министрлігімен келісіледі және қажет болғанда Үкіметтің бастамасы бойынша қосымша ғылыми сараптама жүргізіледі. Сараптама жобаның сапасын, негізділігін, уақтылы және заңдылығын анықтайды, сондай-ақ жобада жеке азаматтың ҚР Конституциясымен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстанның мемлекеттік органдары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Президентке, Үкіметке Республика атынан халықаралық шарттарға қол қою, оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау және қосылу туралы ұсыныстар енгізеді.

Республика ведомстволары шет мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен шарттарды жасасу мәселелері бойынша ҚР Сыртқы істер министрлігімен келісіледі.

Президент халықаралық шартқа тікелей қол қояр алдында – шартқа қол қою құқығын басқа лауазымды адамға табыстаса, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сол лауазымды адамның өкілеттік сертификатын ресімдеу арқылы растайды. ҚР Президенті халықаралық шарттарға қатысты барлық актілерді жасауға құқылы.

Заңның 8-бабына сәйкес халықаралық конференцияларда барлық актілерге қол қою барысында Премьер-Министр, Сыртқы істер министрі, Қазақстан дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары Қазақстан атынан өкілдік етеді.

Мемлекетаралық қатынастардың негіздері туралы, қарусыздану немесе қару-жараққа халықаралық бақылау жасау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша, сондай-ақ бітімгершілік, халықаралық шарттар мен ұжымдық қауіпсіздік туралы халықаралық шарттар; Республиканың мемлекетаралық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарға қатысуы, мемлекеттік қарыздар туралы; гуманитарлық көмекті қоспағанда, Қазақстанның экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы, егер халықаралық шарттарда мұндай келісімдер ратификациялау арқылы білдірілетіні көзделсе, халықаралық шарттар ратификациялауға жатады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп танылған халықаралық шарттарды ратификациялауға болмайды.

Халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заңдарды Қазақстан Конституциясының 62-бабына сәйкес Парламент қабылдайды, ал халықаралық шарттарға қосылу, ратификациялау туралы шешімдерді Президент, Үкімет, Парламент қабылдайды.

Халықаралық шарттарға қосылу, ратификациялау немесе олардың жекелеген ережелерінің қатысушысы болғысы келмейтін ниеті туралы шешімдерді осы Заңның 8-бабында көзделген тәртіппен халықаралық шартқа қол қою туралы шешім шығарған ҚР Президенті немесе Үкіметі қабылдайды.

Көпжақты халықаралық шарттарға қол қою, оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау немесе оларға қосылу кезінде халықаралық шарттардың талаптарына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес оларға ескертпелер жасалуы мүмкін. Ескертпелер кез келген уақытта алынып тасталуы мүмкін. Көпжақты халықаралық шартқа екінші бір уағдаласушы тарап жасаған ескертпені қабылдау немесе оған қарсылық білдіру көпжақты халықаралық шарттың талаптарына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес ескертпені реттеуші Республиканың орталық мемлекеттік органымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы заңдары халықаралық шарттарға қайшы келген жағдайда, аталған заңдар өзгертілуі, қолданылуының тоқтатылуы туралы немесе мүлдем тоқтатылуы керек.

ҚР халықаралық шарттарының орындалуына жалпы қадағалау мен бақылау жасауды ҚР СІМ жүзеге асырады. Қазақстанның күшіне енген халықаралық шарттары Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойын-



ша «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені» жиылығанда жарияланады. Парламент ратификациялаған, Қазақстан Республикасының «күшіне енген» халықаралық шарттары ҚР СІМ-нің ұсынуы бойынша Парламенттің ресми басылымдарында жарияланады.

Халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу онда көрсетілген талаптарға, халықаралық құқық нормалары және осы Заңның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Осы өзгерістерді ратификациялау, бекіту немесе қабылдау туралы шешімдер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көрсетілген талаптарға сәйкес және осы Заңның 14 және 15-баптарында көзделген тәртіппен қабылданады.

Халықаралық шарттардың қолданылуын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою – онда көрсетілген талаптарға, халықаралық құқық нормалары мен осы Заңның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Республиканың халықаралық шарттарында ратификациялық грамоталар алмасу немесе оларды депозитарийге сақтауға тапсыру көзделген болса, Президент Қазақстанның халықаралық шарттарын ратификациялау туралы заңдар негізінде ратификациялық грамоталарға қол қояды, мөр басады, сондай-ақ ҚР Сыртқы істер министрінің қолымен және мөрмен бекітіледі.

Осы құжаттармен жұмыс істеу Сыртқы істер министрлігі не оның тапсырмасы бойынша Қазақстанның шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері немесе халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктермен жүргізіледі.

Шарттың міндеттілігін көрсетудің тағы бір тәсілі ратификация болып табылады. Ратификациялау – бекіту, қабылдау және қосылуға байланысты осындай атауға ие, тиісті нормативтік, құқықтық актінің негізінде жасалатын халықаралық акт. Ратификация – белгілі бір мемлекеттің жоғары билік органының қол қойылған шартты бекітуі, бұл бекітілген шарттың барлық міндеттемелерін осы мемлекеттің қабылдайтындығын көрсетеді. Ратификация алдында шарт парламенттің тиісті комитеттері мен комиссияларында талқыланып, маман, ғалымдарға қорытындылауға жіберіледі. Олар шартты бекітуге ұсыныс жасаса, сонда ол ратификацияланады.

Ратификация бекітуді білдіргенімен, кейбір жағдайларда ратификация мен бекіту әр түрлі мағынаға ие болады. Мысалы, жоғары мемлекеттік орган мемлекетаралық шарттарды ратификациялайды, ал үкімет үкіметаралық шартты бекітуді жүзеге асырады. Сонымен, ратификация – бұл әрдайым бекіту болып табылады, бірақ бекіту әрқашан ратификация болып табылмайды. Екіжақты шарттарды жасасу кезінде тараптар ратификациялық грамоталармен алмасады.

Қазақстан күшіне енген бірқатар маңызды көпжақты шарттарға, атап айтсақ, 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы, 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы, 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенцияларына және 1949 жылғы Соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенциясы мен 1974 жылғы

I және II Қосымша хаттамаларға қосылды. Еліміз әлі күшіне енбеген көпжақты шарттарға қосылуға, жаңа көпжақты шарттарды әзірлеуге қатысуға және шарттың түпнұсқа мәтінін сақтаушы – депозитарий-мемлекетке қосылу туралы ратификациялық грамоталарды тапсыруға құқылы. Қазақстанда халықаралық шарттарды тіркеуді ҚР Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

Депозитарий функциялары 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясында көрсетілген. Депозитарий ратификациялық грамоталар, қосылу туралы құжаттарды сақтайды, қатысушыларға жіберілетін шарт түпнұсқасының куәландырылған көшірмелерін дайындайды, шартқа қатысты құжаттар тізімін, қатысушыларға көпжақты шарттың күшіне ену күнін хабарлайды, шарт тараптарына ескертулер беріп, шартты БҰҰ-ның Хатшылығында тіркейді.

Депозитарий мемлекет қана емес, халықаралық ұйым да болуы мүмкін. Мысалы, 1984 жылғы Азаптауға қарсы конвенцияның депозитарийі болып БҰҰ тағайындалды. Барлық ратификациялық грамоталар БҰҰ Бас Хатшысына тапсырылады. Конвенцияның 27-бабында аталмыш құжат БҰҰ Бас Хатшысына жиырмасыншы ратификациялық грамота немесе қосылу туралы құжат тапсырылғаннан кейін 30-күні күшіне енеді деп көрсетілген.

Халықаралық шарттарды тіркеу XX ғасырдағы халықаралық құқықтың ерекшелігі болып табылады. Екі дүниежүзілік соғыс арасындағы кезеңде халықаралық шарттарды тіркеумен Ұлттар Лигасының хатшылығы айналысты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес шарттарды БҰҰ-ның хатшылығы тіркейді. Тіркеудің мәні мемлекеттер тіркеуден өткен халықаралық шарттарға БҰҰ-ның кез келген органында сілтеме жасай алады және керісінше, егер шарт тіркелмесе, мемлекеттер оған БҰҰ-ның еш органында сілтеме жасай алмайды. Тіркеудің мақсаты – шарттың мазмұнын әлемдік қоғамдастыққа жеткізу болып табылады. Сондықтан БҰҰ Жарғысының 102-бабы құпия дипломатияны шектейді.

Әр мемлекет халықаралық шарттарға ескертулер жасауға құқылы. Мемлекетаралық немесе халықаралық ұйымның шарттағы кейбір жағдайларды өзгерту немесе алып тастау ниетін білдіретін біржақты өтініші «ескерту» деп аталады. Ескерту жасауда кейбір шектеулер бар. Мысалы, тараптар шартпен тыйым салынған немесе шарт мақсаттары мен объектілеріне тікелей қайшы келетін ескерту жасауға құқығы жоқ. Халықаралық шарт құқығындағы негізгі қағида шартта қарастырылған барлық міндеттемелерді адал орындау болып табылады. Егер шартқа қол қойылып, ратификацияланса, ол міндетті түрде орындалуы керек.

Күшіне ену тәртібі мен мерзімі аса маңызды болып табылады. Қатысушы елдер өздері шарттың қай мерзімде күшіне енетінін анықтайды. Шарт қол қойылған күн, ратификацияланған, ратификациялық грамо-

талармен алмасу немесе оларды депозитарийге тапсырған күннен бастап өз күшіне енуі мүмкін. Егер шартта күшіне ену күні белгіленбесе, ол қол қойылған күн болып саналады.

Әрекет ету уақытына сәйкес шарттар мерзімді, мерзімі белгіленбеген және мерзімсіз болып бөлінеді. Қазақстанның шет елдермен жасасқан көптеген шарттарының мерзімдері көрсетілген және оларда мерзімін ұзарту механизмі қарастырылған. Шарттың уақытын ұзарту рәсімі пролонгация деп аталады. Мемлекеттердің халықаралық тәжірибесінде халықаралық шарттарды тоқтату негіздемелерінің келесі түрлері бар: соғыс жағдайында; егер бір тарап өз міндеттемелерін бұзса, екінші тараптың шартты тоқтатуы; келісім субъектісінің жоғалуы кезінде. КСРО-ның әлемдік саяси картадан жоғалуы оның 70 жыл ішінде жасасқан көптеген шарттарының тоқтауына әкелді.

Шартты орындау үшін оның мазмұнын айқындап, түсінік беру керек. Халықаралық шартқа түсінік беру дегеніміз – шарт жағдайларының мәнін анықтау. Шартқа түсінік берудің бірнеше түрі бар:

– аутенттілік түсінік беру – шартқа ноталармен, хаттармен алмасу нысанындағы ресми түсінік беру;

– грамматикалық түсінік беру – грамматикалық ережелер негізінде белгілі сөздер, фраза, терминдер, шарт мағынасының мәнін нақтылау;

– халықаралық түсінік беру – шарт мағынасын халықаралық ұйымдармен нақтылау;

– тарихи түсінік беру кезінде мәтін жасалып, қабылданған кездегі тарихи жағдайларға талдау жасалады.

Шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы бойынша тек халықаралық құқық нормаларына сәйкес шарттар ғана орындалуы керек. *Pacta sunt servanda* (шарттар орындалуы керек) қағидасы қолданылатын шарттарға қатысты болады. Шарттар жарамсыздығының негіздемелеріне өтірік, қате, мемлекетті мәжбүрлеу себепші бола алады. *Pacta sunt servanda* қағидасымен қатар, *rebus sic stantibus* қағидасы да бар, оған сәйкес мемлекеттер жағдайлардың күрт өзгеруіне байланысты, шарттың әрекет етуін тоқтата алады.

Дипломатиялық және консулдық құқық мемлекеттер және басқа да халықаралық құқық субъектілері арасындағы қатынастарға байланысты қағидалар мен нормалар кіретін халықаралық жария құқықтың бөлімі болып келеді. Дипломатиялық және консулдық құқық, ең бастысы, мемлекеттердің сыртқы қатынас мекемелері мен оның қызметкерлерінің құқықтық жағдайы мен іс-әрекеттерін, үкіметаралық ұйымдар және олардың қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері мәселелерін реттейді.

Сөйтіп, дипломатиялық және консулдық құқық мемлекеттердің сыртқы қарым-қатынасы үшін жауапты органдарының құқықтық іс-әрекеттерін реттейді. Сол себепті ол мемлекеттік дипломатиялық қызметпен тығыз байланысты.

*Дипломатия* – мемлекеттің, үкіметтің және сыртқы істер мекемелерінің сыртқы саясаттағы мақсаты мен міндеттерін іске асыру бойынша, сондай-ақ шетелде мемлекеттің құқығы мен мүддесін қорғайтын ресми қызмет (Дипломатический словарь. I том. – 479 бет).

Дипломатиялық және консулдық құқық – халықаралық құқықтың алғашқы пайда болған салаларының бірі. Басқа мемлекеттерге жіберілетін елшілер институты ежелгі заманда пайда болып, елшілердің қолсұқпаушылық туралы нормалары сияқты құқықтың бастамалары туындады. Уақыт өте келе, XVI-XVIII ғғ. Еуропада дипломатиялық өкілдіктер ашылғаннан кейін, бұл құқық дамыды. Жалпы сипаттағы жалғыз халықаралық келісім 1815 жылғы дипломатиялық өкілдер туралы Вена хаттамасы (Вена регламенті) болды, оған 1818 жылы Аахендік хаттамамен толықтырулар енгізілді. Біраз уақыттан кейін осы Регламенттің нормалары жалпылама мойындалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өз алдына дипломатиялық және консулдық құқықтың кодификациясы мен прогрессивті дамуын мақсат етіп қойған бірқатар халықаралық конвенциялар жасалды. Олар: 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы (ол күшіне 1964 жылы енді); 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы (ол күшіне 1967 жылы енді); 1987 жылы күшіне енген 1969 жылғы Арнайы миссиялар туралы Конвенция; 1973 жылғы Халықаралық қорғаныстағы тұлғаларға, дипломаттарға қарсы қылмыстардың алдын алу мен жазалау туралы Конвенция (ол 1977 жылы күшіне енді); 1975 жылғы мемлекеттердің әмбебап сипаттағы халықаралық ұйымдармен қатынастарындағы өкілдік туралы Вена конвенциясы (ол әлі күшіне енген жоқ).

БҰҰ мен арнайы мекемелерге қатысты 2 негізгі конвенция бар: 1946 жылғы Ұйымның артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Конвенция және 1947 жылғы БҰҰ-ның арнайы мекемелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Конвенция.

Консулдық қатынас мәселелері бойынша 1963 жылғы Вена конвенциясы және көптеген екіжақты консулдық конвенция бар. КСРО кезінде шетел мемлекеттерімен консулдық мекемелер және олардың қызметкерлеріне ауқымды артықшылықтар мен иммунитеттер беретін он шақты екіжақты консулдық конвенциялар жасалды.

Көптеген мемлекеттерде дипломатиялық және консулдық өкілдіктер туралы заңнамалар қабылданған. КСРО-да осы мәселелер бойынша негізгі заңнамалық актілер мыналар болды:

1966 жылғы КСРО территориясындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктері туралы Ереже;

– 1976 жылғы КСРО-ның Консулдық Жарғысы;

– 1989 жылғы КСРО-ның шетелдердегі сауда өкілдіктері туралы Ережесі.

Көрсетілген актілер бүгінгі күні де Ресей Федерациясында қолданылады.

Дипломатиялық өкілдіктердің екі түрі болады: елшілік және миссия. Елшілікті елші, ал миссияны кеңесші уәкіл немесе сенімді өкіл басқарады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары миссиялар саны күрт қысқарып, керісінше, елшіліктер саны көбейді. Бүгінгі күні миссиялар сирек кездеседі. Мысалы, 2010 жылдың басынан Қазақстанның шет елдерде 57 елшілігі, тұрақты өкілдіктері мен дипломатиялық миссиялары және 18 консулдығы жұмыс істейді.

Бұл өкілдіктердің функциялары халықаралық құқық және мемлекеттердің ұлттық заңнамаларымен анықталады. Әр мемлекетте осы мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктерінің функцияларын реттейтін құқықтық нормалар бар. Әрине, бұл нормалар халықаралық құқық шеңберінде қолданылады.

Қазақстанда дипломатиялық және консулдық өкілдіктер туралы мәселелерді 2002 жылғы Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы Заңы мен 2004 жылғы Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережесі реттейді. Әдетте, дипломаттардың лауазымы дипломатиялық дәрежеге сәйкес болады.

Халықаралық құқыққа сәйкес, дипломатиялық өкілдіктің басшысын тағайындаудың алдында сол мемлекеттің үкіметінде тағайындалатын тұлғаны осындай өкіл ретінде қабылдауға келісімге, яғни агреманға сұраныс жасайды. Агреманды алғаннан кейін баспасөзге елшіні тағайындау туралы хабарландыру беріледі. Тағайындалған елші болмыш мемлекет басшысына жіберіп отырған өз мемлекет басшысының атынан Сенім грамотасын тапсырады. Сенім грамотасында оның иесіне өз мемлекетін болмыш мемлекетпен барлық қатынастарда өкіл ететін тұлға ретінде «сену» өтініші жазылады.

Әр мемлекеттің тұрғындары азаматтық (гражданство) статусына ие. *Азаматтық* – бір мемлекеттің билігіне бағының, оған қатысты белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие болумен анықталатын, сол мемлекетпен жеке тұлғаның тұрақты саяси-құқықтық байланысы. Мемлекет азаматтарға толық құқықтар мен бостандықтарын белгілеп бергенде, олар заңды түрде өз міндеттерін атқару керек: әскери борышын атқару, салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу. «Адам құқықтары» деген термин халықаралық құқықта бірінші рет Француз революциясы кезінде пайдаланыла бастады. Адам туылғаннан бастап, оның көптеген құқықтары оның азаматтығымен анықталады.

Азаматтықты алу, өзгерту және тоқтату тәсілдері:

1. Туу бойынша азаматтық алу. Көп мемлекеттің заңнамасын қарастырып отырсақ, азаматтықты туу бойынша алу екі қағидаға негізделеді: қан құқығы мен жер құқығы. Қан құқығы қағидасы бойынша, азаматтық туу жеріне емес, ата-аналарының азаматтығына байланысты. Бірқатар Еуропа елдері осы қағиданы ұстанады: Австрия, Норвегия, Италия, Финляндия, Қазақстан, Қырғызстан және басқалар.

Жер құқығына сөйкес, басты ролді азаматтың туылған жері алады. Бұл жағдайда ата-аналардың азаматтығы ешқандай мәнге ие болмайды.

2. Азаматтыққа қабылдау немесе натурализация – бұл басқа елдің азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлғаның белгілі бір мемлекеттің азаматтығын алуы. Азаматтыққа қабылданып отырған тұлға бірнеше талапқа сай болуы керек. Бірақ, ең жиі кездесетін талап елді мекен ету мерзімі: мысалы, АҚШ пен Францияда – 5 жыл, Норвегия мен Ұлыбританияда – 7 жыл, Испанияда – 10 жыл.

3. Халықаралық шарттар негізінде азаматтықты алу немесе өзгерту бір мемлекет территориясының екінші мемлекеттің территориясына оту кезінде немесе көрші елдер территорияларының кейбір бөліктерімен алмасуы кезінде орын алады. Мысалы, уақтысында Бостандық ауданы Өзбекстанға берілгенде, сонда тұратын қазақтар Өзбекстан Республикасының азаматы болып кетті.

4. Азаматтықты жоғалту мына жағдайларда орын алады:

1) Басқа мемлекетте натурализация жағдайында азаматтықтан ерікті түрде шығу;

2) Территория статусының өзгеруі кезінде;

3) Азаматтықтан айырылу кезінде.

Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы ішкі Азаматтық туралы заңмен анықталады. Шетел азаматы дегеніміз – белгілі бір мемлекеттің территориясында уақытша немесе тұрақты тұрып жатқан, бірақ сол мемлекеттің азаматы болып табылмайтын тұлға. Олардың құқықтық жағдайы мен міндеттемелері мекен етіп жатқан мемлекеттің немесе кейбір жағдайларда халықаралық құқықпен реттеледі.

*Қос азаматтық* (бипатризм) дегеніміз – тұлғаның бір мезгілде екі мемлекетпен саяси-құқықтық байланысы. Екі немесе бірнеше мемлекеттің заңы рұқсат берсе, жеке тұлға бірнеше елдің азаматы бола алады. Кейде екі мемлекет заңдарының коллизиясы кезінде қос азаматтық дау тудырады. Бипатризм натурализация жағдайына, азамат басқа мемлекеттің азаматтығын қабылдап, өз елінің азаматтығын жоғалтпаған кезде пайда болады.

Қазақстанда азаматтық мәселесі Қазақстан Конституциясымен, Қазақстанның 1991 жылғы Заңымен және Қазақстанның соған сөйкес шығарылатын басқа да заң актілерімен реттеледі. Онда Қазақстан Республикасы қос азаматтықты мойындамайды деп көрсетілген. Міндетті әскери қызмет атқарып жүрген және Қазақстан аумағында орналасқан шет мемлекет әскери қызметшілерінің азаматтығы мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарымен белгіленеді.

*Азаматтығы жоқ адамдар* (апатризм) – еш мемлекетте азаматтығы жоқ тұлғаның құқықтық жағдайы. Азаматтығы жоқ адамдар келесі жағдайларда:

1) Егер тұлға өз еркімен мемлекет азаматтығынан шықса;

2) Егер мемлекет оны азаматтықтан айырса;

3) Әйел адам шетел азаматына тұрмысқа шығып, өз еркімен Қазақстанның азаматтығынан шықса, ал барған мемлекет автоматты түрде азаматтық бермегенде пайда болады.

Әр адам өз еліне саяси қуғынға ұшыраса, басқа елде саяси баспана табуға құқылы. Баспана құқығы – белгілі бір мемлекеттің шетелдік азаматқа өз территориясына кіруге және онда өмір сүруге рұқсат беруі. Баспананы шет елдің дипломатиялық немесе консулдық өкілдігінде алуға болады.

Өз мемлекетін сыртқы агрессия, оккупация, табиғи апат, репрессия және т.б. себептерге байланысты қалдырып кеткен тұлғаларды босқындар деп атайды. Босқындар шетелдік азамат құқығына ие болады. Оларға мемлекеттік шекараларды басып өту үшін ресми құжат беріледі.

Босқындар туралы Конвенция 1951 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қабылданды. БҰҰ-ның шеңберінде босқындар мәселесімен Жоғарғы комиссар басқармасы айналысады. Оның ережесі 1954 жылы қабылданды.

Шетелдегі дипломатиялық миссияның, яғни елшіліктердің халықаралық субъект ретінде өзіндік құқығы бар. Елшілік құқығы – мемлекеттердің дипломатиялық қатынас органдары мен оның өкілдерінің іс-әрекетін реттейтін халықаралық құқық саласы. Елшілік құқығының алғашқы принциптері ертеректе мемлекеттердің бір-біріне жіберетін уақытша өкіліне – елшісіне көрсетілетін жеңілдіктер мен ерекше құрметтер ретінде пайда болды. Феодализм дәуірінде жер шарының түрлі аймақтарындағы мемлекеттердің өзара қатынастары күшеюінің нәтижесінде тұрақты елшілік институты пайда болып, елшілік құқығының нормалары белгіленді. Кейінірек халықаралық қатынастардың дамып, түрлі халықаралық ұйымдар мен комиссиялардың және дипломаттардың жаңа түрлері – халықаралық ресми қызметкерлердің пайда болуына байланысты елшілік құқығына жаңа нормалар мен дәстүрлер енгізілді. 1815 жылғы Вена протоколы және оны толықтырған 1818 жылғы Аахен протоколы өкілдіктер басшыларының иммунитеті мен рангілерін анықтады және 1928 жылы Гаванада дипломатиялық қызметкерлер, 1911 жылы Каракаста қабылданған консулдық міндеттер туралы конвенциялар Елшілік құқығының негіздерін халықаралық келісімдер арқылы бекітті. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында көптеген елдер практикасында дипломатиялық және консулдық өкілдер біріктіріліп, халықаралық аренада бірыңғай дипломатиялық өкілдіктердің құқығы пайда болды. Елшілік құқығын толықтырған Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысы, Дипломатиялық және Консулдық қатынастар туралы 1961, 1963 жылдардағы халықаралық конвенциялар болды.

### *Экстрадиция*

Соңғы жылдары кейбір азаматтар өз елінде саяси қуғындарға ұшыраған жағдайда немесе экономикалық қылмыстан құтылу үшін басқа шет елдерде қалып қоюы немесе шетке қашып кетуіне байланысты халықаралық құқықта экстрадиция проблемасы ұлғая түсті. Экстрадиция дегеніміз – бір мемлекет екінші мемлекеттің қылмыскер азаматын өз елінде тергеу және сот төрелігін орындау үшін ұстап, қайтарып беруі. Экстрадиция халықаралық шартқа сәйкес немесе онсыз орындалуы мүмкін, бірақ айыпталушы саяси азаматтарды ұстап беруге рұқсат берілмейді.

Әуелде экстрадиция мәселесі қылмыс немесе жағымсыз әрекеттер жасаған дипломаттарды елдеріне қайтарудан басталғанын айта кету керек. Кейін «дипломатиялық иммунитет» деген түсінік пайда болып, осы иммунитет таралатын субъектілер қатары ұлғайды. Басқа елде саяси баспана тапқан адамдар да еліне қайтарып жіберілмеу құқығына ие.

Экстрадиция мәселесі бойынша бірқатар келісімдер бар. 1957 жылы Парижде қабылданған экстрадиция туралы Еуропа конвенциясы 1975 жылы Страсбургте қосымша қабылданған екі протоколмен толықтырылды. Екі мемлекет арасында келісім болса және егер азамат дипломаттық иммунитетке ие болмаса немесе ол бұрын сотталған не мүдделі жаққа ұстап берілген болса, онда мәселе тез шешіледі. Бірақ, іс жүзінде қиын жағдайлар да кездеседі: бір ел басқа елдің азаматын ұстап, еліне қайтарған жағдайда, әділ сот болатынына күмән білдірген кезде және екі мемлекет арасында ұстап беру туралы келісімдер болмағанда. Осы жағдайларда екіжақты келіссөз жүргізу басталады. Мемлекетаралық құқықтық көмек туралы шарттарда қылмыскерлерді ұстап беру ғана емес, кейде ұстап беруден бас тарту туралы нормалары да қарастырылмаған.

Қылмыскерлерді ұстап беру – шет мемлекеттердің міндеті емес, ол мемлекеттің құқығы екені жалпылама мойындалды. Ұстап беру міндеті тек белгілі шарттарды ескере отырып, халықаралық шартқа сәйкес болуы мүмкін. Мемлекет қылмыскер деп айыптаған азаматты ұстап беру туралы құжаттарды жібере отырып, өзіне айыпталушыны бұрын жіберілмеген қылмыс үшін жазаламау туралы міндет алады. Территориясында қылмыс жасалған мемлекет үшін қылмыскерді басқа елге ұстап беру процесі өте ұзақ және көптеген шарттылықтарды талап етеді.

Көпшілік жағдайда экстрадиция халықаралық Интерполдың көмегімен орындалады. Ұстап беруді талап етіп отырған елдің прокуратурасы Интерполдың штаб-пәтеріне қылмыскердің айыпталып отырған себептерін және негіздерін көрсетіп, ресми құжаттар жібереді. Одан кейін Интерпол ол адамды халықаралық іздестіруге беру мәселесін қояды. Халықаралық қылмысқа қарсы күресетін, бүгінгі жұртқа Интерпол атымен танылған Қылмыстық полицияның халықаралық



ұйымы 1923 жылы құрылған болатын. 1992 жылғы 4 қарашада Даккарда (Сенегал) өткен Интерполдың Бас Ассамблеясының 61-сессиясында Қазақстан Қылмыстық полицияның халықаралық ұйымына толыққанды мүше болып кірді. 1993 жылғы 20 шілдеде ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысымен Интерполдың Қазақстандағы ұлттық орталық бюросы құрылды. XX ғасырдың басында құрылған әлемдік құқық қорғаушылардың ұйымына бүгіндері 186 мемлекет мүше. Қазақстандағы Интерполдың ұлттық орталық бюросы ҚР Ішкі істер министрлігінің өзіндік құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Интерполдың Қазақстандағы ұлттық орталық бюросы ақпараттық және техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы қылмыстық және халықаралық іздеу бөлімі сынды 2 бөлімнен тұрады. Онда ақпаратты қабылдап, оны арналар бойынша таратып, сараптап, тексеріп, ағылшын немесе француз тілдеріне аударып отыратын тәжірибелі жұмысшылар қызмет етеді. Ол ҚР-дің өкілетті органдарымен, дипломатиялық өкілдіктермен және консулдық мекемелер жанында тіркелген халықаралық қылмыспен күрес мәселесі жөніндегі шетелдік органдармен өзара қатынас жасап, іздеуге түскен қылмыскер, қолды болған автокөлік және мәдени бұйымдар туралы ақпаратты халықаралық деңгейге шығарып отырады. Қазақстандағы Интерполдың ұлттық орталық бюросының қызметіндегі негізгі басым бағыттың бірі – қылмыскерді іздестіру. Бұл халықаралық іздеуге түскен адамдар санының жыл санап өсуі мәселенің аса өзекті екенін көрсетіп отыр. Лаңкестік, экстремизм, есірткі бизнесі, заңсыз көші-қон, адам саудасы, қолдан ақша жасау сынды ұйымдасқан қылмыстар трансұлттық сипат алып, бірнеше мемлекеттегі өзінің мүшелері арқылы жетілген соңғы үлгідегі телекоммуникациялық құралдармен байланысуда. Интерпол бойынша халықаралық іздеу салу, түрлі-түсті бюллетеньдермен хабар беру жүйесі арқылы жүзеге асады және онда іздеу салынған адамның жеке басына қатысты барлық мәліметтер, суреті, сондай-ақ саусақ іздері көрсетіледі.

Егер белгілі бір елдің территориясындағы адамға Интерполдың қамау туралы санкциясы шықса, онда сол елдің соты айыпталушыны ұстап беру туралы шешім қабылдауы тиіс. Соттың оң шешімінен кейін ғана айыпталушыны ұстап беру процесі басталады. Интерполдың қатысуы міндетті емес, ұстап беру елдердің екіжақты келісімі негізінде орындалуы мүмкін. Экстрадиция мәселесі прокуратура мен ішкі істер министрліктері арасында келісім бойынша іске асады. Сонымен қатар, азаматтық және әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тарту ұстап беруге негіз бола алмайды. Экстрадиция тақырыбы қазіргі таңда өзекті болып табылады, өйткені басқа елдер территориясында жасырынып жатқан қылмыскерлер саны күн сайын артууда.

Әр елдің заңнамасы экстрадициялау туралы мәселені өзі шешеді. Мысалы, Италияда қылмыскерлерді ұстап беру туралы нормалар Қылмыстық кодекске енгізілген. Ресейдің де жаңа Қылмыстық кодексінің

де осындай бағтар бар. Бірақ, күн сайын қылмыс күрделеніп, шекараларды мойындамайды, әр елдердің ұйымдасқан сыбайлас жемқорлары тығыз қатынастар орнатып, бір елде қылмыс жасаған азамат басқа ел территориясында жасырынып, сол жердегі «мафияның» қолдауын табады.

Экстрадицияны қылмыстық құқықтың жазаны орындау әрекетіне жатқызуға болады. Қылмыскерлерді ұстап беру туралы Ресей, Франция, Германия, Италия, Португалия, Испания елдерінің Конституцияларында айтылған. Еуропа елдерінде бұл мәселені көбінесе сот органдары шешеді. Бұл туралы Австрия, Швейцария, Франция, Дания, Португалия, Испания елдерінің заңнамасында айтылған. Экстрадиция туралы шарттарға адам құқықтары туралы пактілердегі жалпы мойындалған қағидалар мен нормалар кіруі керек. Бірақ, осы қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтарға қарамастан, халықаралық қылмыспен күресте экстрадиция керек болып отыр. Мемлекеттер қылмыскерлерді ұстап беру мәселесін екіжақты келісімдер не болмаса көпжақты аумақтық келісімдер арқылы шешеді.

Экстрадиция туралы екіжақты шарттар көп. Мысалы, Германия мен Югославия (1970), Италия мен Австралия (1973), Испания мен Мексика (1978), Бельгия мен Норвегия (1981), Ирландия мен АҚШ (1983), Германия мен Австралия (1987), Әзірбайжан мен Болгария (1995), Ресей мен Литва (1998) және басқа елдер арасында жасалды. Аумақтық келісімдер қатарынан 1966 ж. Британ ұлттар достастығы мүшелері арасында жасалған қылмыскерлерді ұстап беру туралы шартты атауға болады. Бұрынғы Кеңес Одағының республикалары, бүгінде тәуелсіз мемлекеттердің өзіндік қылмыстық заңнамасы бар. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында да қылмыскерлерді ұстап беру мәселесін реттеу өзекті болып отыр. Көп жағдайларда осы мемлекеттер арасында келісімдер өлі жоқ.

Экстрадиция мәселесіне келсек, кейбір мемлекеттер қандай қылмыс жасаса да, өз азаматтарын шет мемлекетке ұстап беруден бас тартады. Мәселен, Израиль шет елде қылмыс жасап, еліне қашып келген еврейлерді экстрадициялаудан мүлдем бас тартады. Тель-Авив БҰҰ-ның шешімдерін, халықаралық құқықты және басқа да халықаралық келісімдерді мойындамай отыр. Олар йудейлердің Тәурат діни кітабында «иахуди иахудиді» жат елге ұстап бермейді деген сылтауын алға тартады. Бұл, өз кезегінде, халықаралық құқықтық мәртебеге нұқсан келтіруде, әлемде адам өлтіру және қаржы-валюталық, экономикалық қылмыстың өсуіне жол беруде. Бұрынғы Кеңес Одағынан шыққан егемен мемлекеттерде қылмыс жасап, жауапкершіліктен қашқан біраз еврейлер Израильге барып тығылуда.

Кей жағдайларда қылмыскер өзі экстрадициялануын талап етеді немесе оған қарсы болады. Өйткені, ұстап берілетін мемлекеттегі сот органдары істі әділ шешпейді деп қауіптенеді не болмаса сол елде түрме жағдайы жеңілрек болуы мүмкін. Түрме режимі, әсіресе, Скандина-

вия елдеріндегі тұтқындарға жағымды. Қылмыскерді ұстап беру туралы талаптарға байланысты жағдайлар әр қилы болуы мүмкін. Ол ұстап берілетін тұлғаның қай мемлекеттің азаматы екендігіне, тұратын мекеніне, қылмыс түріне және басқа да бірқатар жағдайларға байланысты болады.

### *Экономикалық және кәсіпкерлік қызметтің халықаралық құқығы*

Халықаралық экономикалық құқық халықаралық құқықтың болек саласы ретінде қалыптасты. Бұрын пайда болған бұл саланың сан ғасырлық тарихы бар деуге болады, бірақ ол кезеңде экономикалық қатынастар қарапайым сауда сипатында болған.

Еуропа экономикалық қоғамдастығының құрылуына әкеп соққан қуатты экономикалық интеграциялық процестер тек XX ғасырдың екінші жартысында жүзеге асты. Халықаралық экономикалық құқық басқа субъектілер арасындағы экономикалық қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы болып табылады. Осы кезеңде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның арнайы мекемелерінің бүкіләлемге таралған экономикалық алмасу қызметі жүзеге асырыла бастады. Оған қоса, бұрынғы социалистік елдердің жоспарлы экономикасы нарықтық (рыночная) экономикаға ауысты.

Өркениетті әлем тек өз елдерінде ғана емес, басқа мемлекеттер арасында нарықтық қатынастарды да реттей бастады. Кәсіпкерлік қызметтің халықаралық-құқықтық мәселелерін халықаралық жеке құқықта қарастыру дұрыс болып көрінуі мүмкін, бірақ халықаралық қатынастардағы кәсіпкерлік қызметті реттейтін халықаралық конвенциялар мемлекеттермен немесе үкіметаралық ұйымдардың көмегімен қабылданған. Сондықтан да кәсіпкерлік құқық халықаралық жария құқықтық сипатқа ие.

Кәсіпкерлік қызметтің халықаралық құқығы – халықаралық жария құқықтық субъектілерімен қабылданып, мемлекеттер және дүниежүзілік шаруашылық қатынастардың субъектілері арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Экономикалық және кәсіпкерлік қызмет халықаралық құқығының негізгі мақсаты мемлекеттердің өз халқының қарапайым қажеттіліктерін қанағаттандыру мен ауқаттылығын көтеру. Экономикалық және кәсіпкерлік қызметтің халықаралық құқығының қағидалары:

мемлекеттердің өз байлықтары мен табиғи ресурстарына ажыратылмайтын егемендік қағидасы;

– өзара пайда табу қағидасы;

– экономикалық дискриминация жасамау (кемсітпеу) қағидасы;

· сыртқы экономикалық, технологиялық қатынастарды ұйымдастырудың қағидасы;

– мемлекеттер мен шаруашылықпен айналысушы субъектілердің ынтымақтастығын кеңейту;

- бір-біріне қолайлылық жағдай жасау қағидасы;
- ұлттық қолайлылық жасау режимі (режим национального благоприятствования).

### *Халықаралық қауіпсіздік құқығы*

Соғыс және бейбітшілік мәселелері қай кезде болмасын, өзекті болып саналады. Бұл мәселелер Аристотельдің «Афины саясатында», Платонның «Мемлекет» атты еңбектерінде қарастырылған. Соғыс пен бейбітшілік тақырыбын көптеген Азия, Африка мемлекет қайраткерлері мен әскери адамдар, саясатшылар зерттеп, ол жайында өз ой-пікірлері мен көзқарастарын жазып кеткен.

Соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешуде 1899 жылы өткен Гаага конференциясы үлкен рол атқарды. Бұл конференция жаңа мақсат қойып, оның мәні көпжақты дипломатия негізінде қарусыздандыру мәселесін шешу болды.

Ұлттар Лигасы соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешуге, оларды реттеуге күш салды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1945 ж. әлемдегі қауіпсіздікті және соғыстың алдын алуды қамтамасыз ететін ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды.

Халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің басты бағыттары:

- ұжымдық және аумақтық қауіпсіздік жүйесін құру; қарулануды шектеудегі мемлекеттердің ұжымдық шараларын қолдану;
- халықаралық бақылаумен жалпылама және толық қарусыздандыру мәселелерін шешуде жәрдем беру.

Ұжымдық қауіпсіздік (коллективная безопасность) дегеніміз – әлемдегі барлық мемлекеттердің не белгілі бір географиялық аумақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе әскери агрессия әрекеттерін тоқтату мен алдын алу мақсатында қолданылатын шаралар. Әмбебап ұжымдық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтайтын және алдын алатын Біріккен Ұлттар Ұйымы болып келеді.

Қарусыздандыру – халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі әрі өзекті мәселесі болып табылады. Өкінішке орай, халықаралық құқықта толық қарусыздандыру туралы қағида жоқ, бірақ қарусыздандыру туралы бірнеше көпжақты шарт жасалған. Мысалы: Химиялық және бактериологиялық қаруларды қолданбау туралы шарт, Ядролық қаруды таратпау туралы шарт, Ядролық қару-жарақтан бос аймақты құру туралы келісімдер және т.б.

#### **4.4. Халықаралық құқықтағы территория мен шекара**

*Мемлекеттің территориясы* – белгілі бір мемлекеттің егемендігіндегі және сол мемлекеттің билігіне қарасты жер шарының бөлігі. Мемлекет

территориясының құрамына тек қана құрлық емес, су, жер қойнаулары және ауа кеңістігі кіреді. Мемлекет территориясын зат немесе алып-сату объектісі ретінде емес, сол мемлекеттің билігі жүретін кеңістік ретінде қарастыру қажет. Азаматтық-құқықтық олшемдер ұлттық территорияда қолданылмайды. Заңды немесе жеке тұлғалар мемлекет территориясын толығымен немесе бөлшектен алып-сата алмайды, бұл әрекетті тек мемлекет өзі жасайды. Мемлекет өз жерін әкімшілік-территориялық бірліктерге бөліп, оларға құқықтық режим орнатып, шетелдіктердің кіріп-шығуын қадағалайды. Территорияны қорғау мемлекеттің міндеті болып саналады. Басқа мемлекеттің билігі сол мемлекеттің территориясына таралмайды. Тек халықаралық құқық нормаларына сәйкес, үкіметтің келісімімен сол мемлекеттің егемендігі шектелуі мүмкін.

Ұлттық сулар – мемлекет территориясында орналасқан сулар.

Территориялық сулар – мемлекеттің жағалауы мен аралдарын қамтитын теңіз аймағы.

*Мемлекеттің шекаралары.* Қазіргі ресми мемлекеттік шекаралар пайда болғанға дейін географиялық табиғи шекаралар (тау тізбектері, ормандар, өзендер, теңіздер және т.б.) бір халықтың немесе елдің территориясын бір-бірінен бөліп тұрған. Мемлекет территориясының бөліктеріне құрлық, су және әуе шекаралары да кіреді. Мемлекеттік шекара – бір мемлекеттің территориясын екіншісінен шектейтін, сол мемлекеттермен халықаралық шарттар негізінде анықталған сызық. Азаматтардың шет мемлекетке кіру, одан шығу, тұру, жүріп-тұру тәртібі, елді мекендерге тоқтауын есепке алу шекаралық режимге жатады.

Шарт негізінде мемлекеттің шекарасын анықтайтын географиялық картадағы сызықты делимитация деп атайды. Екі үкіметтің келіссөзі арқылы қол жеткізген келісімі картаға түсіріледі. Демаркация – делимитация туралы шартқа сәйкес, мемлекеттік шекараны нақты жерде анықтап, шекара белгілерін орнату.

Халықаралық құқық шекараның келесі түрлерін ажыратады:

- геометриялық – екі мемлекеттің территориясын жер бетіндегі екі нүкте бойынша түзу сызықпен бөліп тұратын шекара;
- орографиялық – жердің рельефіне байланысты белгіленген шекара: өзен арнасы, тау тізбектері, теңіз жағалауы бойынша;
- астрономиялық – картадағы географиялық меридиандар мен параллельдерге сәйкес өтетін шекара;
- құрама шекаралар – орографиялық және геометриялық, геометриялық және астрономиялық шекаралардың комбинациясы.

### *Халықаралық теңіз және өзен құқығы*

Халықаралық теңіз құқығы – халықаралық құқықтың көне саласы болып табылады. Теңіз жағалауында орналасқан елдер бұрыннан бір-бірімен келісімдер жасасқан. Солардың негізінде 1923 жылы Теңіз порттары туралы Женева конвенциясы қабылданды. Оның нормаларына сәйкес мемлекет өз порттарына шетел кемелерін жіберу туралы мәселені

өзі шешуі керек. Теңізді пайдалануды реттеудің жаңа режимін жасау 1967 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында жүзеге асты. Онда әлемдік мұхитты, оның кеңістігі мен түбін адамзаттың ортақ мұрасы ретінде қарастырып, оның концепциясы талқыланды. Бұл құқықтың негізі 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы туралы конвенциясында айтылған. Онда территориялық теңіздер туралы мәселелер қарастырылады. Мемлекеттің егемендігі территориялық теңіздің үстіндегі кеңістікке және теңіздің түбі мен қойнауларына таралады. Жағалаудан есептегенде мемлекеттің территориялық теңізінің ені 12 теңіз милль болуы керек. Бірақ, кейбір елдер өз ұлттық қауіпсіздігін сақтау мақсатында онымен келіспей, теңіздегі территорияны 20 милльге дейін ұзартады. Бұл мәселе осы күнге дейін ортақ келісім таппай отыр.

Халықаралық өзен құқығы дегеніміз – мемлекеттің халықаралық өзендер, теңіздік емес арналар және басқа да халықаралық сипаттағы су жолдарын пайдалануын реттейтін заңды нормалардың жиынтығы.

Халықаралық өзен – екі не одан да көп мемлекеттердің территориясын басып ағатын өзен. Бұл түсінік бірінші рет 1814 жылғы Париж бейбіт шартының 5-бабында берілді. Халықаралық өзен құқығының қағидалары:

– су жағалауында орналасқан мемлекеттің өзінің халықаралық өзен бөлігіне егемендік қағидасы;

– халықаралық өзенді пайдалану бойынша су жағалауында орналасқан мемлекеттердің ынтымақтастық қағидасы;

– халықаралық өзендерді оділ түрде пайдалану қағидасы;

– халықаралық өзендерде мемлекеттердің әр түрлі әрекеттерді жасауын келісе отырып қиыстыру қағидасы.

Әуекеңістігін пайдалануға байланысты мемлекеттермен халықаралық ұйымдардың қатынастарын реттейтін және осы кеңістіктің құқықтық режимін орнататын арнайы нормалар мен қағидалардың жиынтығын **Халықаралық әуе құқығы** дейміз. Әуе құқығы экономикалық мәселелерді қарастырмағанда, әуе кеңістігін пайдалану мәселелері мен азаматтық авиация қызметін реттейді. Онда, алып державалардың талабы бойынша, әскери авиация қарастырылмаған.

Халықаралық әуе құқығы өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. XIX ғасырда әуеде ұшатын шарлар мен дирижабльдер пайда болып, 1919 жылы әуе қатынасы туралы Париж конвенциясына қол қойылды. Кейінгі кезеңде коммерциялық және басқа мақсаттардағы халықаралық әуе ұшулары дамыды. Тек азаматтық авиацияны ғана емес, атмосфераны ракеталық тексеру және ғарыш аппараттарының ұшуын қамтамасыз ететін, әуе кеңістігін реттейтін құқық нормаларын жасаумен сипатталады. Қазіргі таңда әр мемлекетте ұлттық әуе құқығы мен халықаралық әуе құқығы бар. Халықаралық әуе құқығы екіжақты және көпжақты шарттар негізінде пайда болды. Әуе құқығының негізгі құжаты 1944 жылғы халықаралық азаматтық авиация туралы Чикаго конвен-

циясы. Оның нормалары әлі күнге дейін әуе кеңістігіне байланысты мәселелерді реттейді. Конвенцияның бірінші бөлігінде мемлекеттің өз құрлық және су территориясының үстінде орналасқан әуе кеңістігіне деген егемендігі туралы айтылған.

*Халықаралық ғарыш құқығы* – оның субъектілерінің ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану әрекеттеріне байланысты қатынастарын реттейтін халықаралық жария құқықтың бір саласы болып табылады. Ғарыш кеңістігін игеру – біздің заманымыздың ең зор ғылыми және техникалық жетістігі. 1957 жылы Кеңес Одағы Жердің ең бірінші жасанды серігін жіберді. Бұл әрекет ғарышты белсенді игеру ғана емес, халықаралық ғарыш құқығының қалыптасуына әкелді. Қазақстан үшін ғарыш құқығы өте қажет, өйткені ол ғарыш объектілерінің ұшып-қону жеріне айналды.

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстанның Байқоңыр кешенін жалға беру туралы шарты бойынша ол 20 жыл мерзімге жалға берілді. 2004 жылғы 9 қаңтардағы ҚР мен РФ арасындағы «Байқоңыр кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы Келісімге» сәйкес Байқоңыр кешенін жалға берудің мерзімін 2050 жылға дейін созды. Айта кету керек, бұл қосымша Келісім мемлекетаралық көп мәселелерді анықтамады.

Ғарыш қызметіне қатысы бар мемлекеттер мен ұйымдар халықаралық ғарыш құқығының субъектісі бола алады. Ғарыш құқығының объектісі – халықаралық-құқықтық механизм негізінде ғарыш қызметіне байланысты халықаралық қатынастар. Мемлекеттердің ғарыш қызметін атқару кезінде пайда болатын қатынастарына байланысты ғарыш құқығының жаңа нормалары қалыптасты.

Халықаралық ғарыш құқығында мынадай қағидалар бар:

– мемлекеттердің ғарышты халықтар игілігі мен бейбітшілік, сондай-ақ дүниежүзілік қауіпсіздікті қолдау үшін зерттеу мен пайдалану міндеттілігі;

– ғарыш кеңістігі, оның ішінде ай және басқа да аспан денелері ұлттық меншікке өте алмайды;

– ай және басқа да аспан денелерін әскери мақсатта пайдаланбауы;

– мемлекеттің өзі жіберген ғарыш корабльдері мен оларда орналасқан экипаждарға деген тәуелсіз құқықтары мен ғарыш корабльдеріне зақым келтіргені үшін жауапкершілікке тартылуы;

мемлекеттердің ғарышты бейбіт зерттеу және ғарышты пайдаланудағы ынтымақтастық және өзара көмек көрсетуі.

Халықаралық құқықтағы ең маңызды құжаттардың бірі – 1963 жылы қол қойылған Атмосфера, ғарыш кеңістігі және су астында ядролық сынақтарды өткізуге тыйым салатын шарт. Бірақ, ғарышта ядролық қаруды пайдаланбау туралы айтылмаған, өйткені бұл Мәскеу шартында тек оның сынақтарына ғана тыйым салады.

#### 4.5. Ислам құқығы

Ислам діні – Арабия жерінде, Мекке, Мединада 622 жылы пайда болған ең ірі дін. Тарихи тұрғыдан Ислам ең жас әлемдік дін болып саналады. Бүгінгі күні Ислам діні Атлант мұхитының жағалауында орналасқан Марокко, Мавритания, Габоннан бастап, Тынық мұхитындағы Малайзия, Индонезияға дейін жайылған, ол жер шарының барлық құрлықтарына таралған. Ислам Конференциясы Ұйымына 1,2 миллиард халқы бар 57 мемлекет кіреді. Дүниежүзі халқының 21%, яғни 1/5 бөлігі Ислам дінін уағыздайды және олардың саны басқа діндерге қарағанда тез өсуде.

Мұсылман құқығы VII ғасырда пайда болып, өзінің іргесін сол ғасырдағы Араб, Омейяд, Аббас халифаттарында, кейінгі XX ғасырда пайда болған Сауд Арабиясы, Оман, Біріккен Араб Әмірліктері секілді жекелеген елдерде орнатты. Қазіргі кезде осы мұсылман елдеріндегі Ислам құқығы адамның жеке істерімен, яғни құқық қабілеттілік, неке, мұрагерлік секілді мәселелерімен шектеліп отыр. Қоғамның өзге салаларында роман-германдық немесе жалпы әлемге ортақ құқық жүйелерінен алынған заңдар мен тәртіптер қолданылады. Дегенмен, 1980-1990 жылдарда Ауғанстан, Иран, Судан, Пәкістан, Либия, Йемен секілді бірқатар елдерде қылмыстық құқықтың Ислам құқығына өтуі орын алды. Бұл, өз кезегінде, қоғамның тәртібі мен ішкі істерін жүргізуде басшылыққа Құран мен шарият алынатындығын білдіреді. Ресей Федерациясының мұсылмандар көп шоғырланған республикаларында Ислам құқығының отбасы нормалары енгізілуде.

Исламда адамдардың нәсілі, тілі, әлеуметтік мәртебесі, шыққан тегіне артықшылық берілмейді, барлық адамдар тең дәрежелі, үстемдік – тек имандылықта, Алланың өсиеттерін шын ниетпен орындап, көміл мұсылман болуда делінген. Мұсылман қауымындағы адамдардың бір-бірімен әлеуметтік және мүліктік қарым-қатынастары, фәни дүниеде өмір сүру ережелері Ислам құқығында белгіленген.

Ислам құқығы арабша «фикһ» немесе «шарият» деп аталады. Шарият мұсылмандық парыздарды, қылмыстық құқықты, экономикалық құқықты, жеке адам құқықтарын, азаматтық қатынастарды, мемлекеттік құқықты т.б. қамтиды. Яғни, бір сөзбен айтқанда, Шарият мұсылман заңдарының жинағы, ал оны білу мұсылмандарға міндет болып саналады. Құран Кәрім аяттары мен Пайғамбар хадистері арқылы белгіленген діннің негізгі қағидалары өзгермейді. Сонымен қатар, діннің негізгі қайнар бастауларына сәйкестікті сақтай отырып, басқару, құқық, экономикалық мәселелерді шешуде ақылмен ойласуды шектемейді. Барлық қауымның басшысы еркін сайлау арқылы қызметке келуі керек. Дауыс беру – әр азаматтың өз еркі. Қоқан-лоққымен, яғни күшпен, алдаумен өткен сайлау жарамсыз болып табылады. Басшының міндеті – аяттар мен хадистерде көрсетілген қағидалар негізінде және кеңесе отырып, қауымды басқару.



Ислам құқығында билік, шешім бір адамның немесе бір шағын топтың ғана қолында болмауы керек делінген.

Ислам құқығының зерттеушілері, әдетте, оның екі ерекшелігіне назар аударады: діннің пайда болуы және заң ұйғарымдарының мұсылмандық догматикасы. Исламның адамгершілік нормалары, табыну ережелері, діни қағидаттармен тығыз байланысы. Жалпы құқықтық нормаларды діни ілімдермен негіздеу кең таралған құбылыс болып табылады.

Ислам құқығының христиан құқығы мен басқа діни заңнама жүйесінен принциптік айырмашылығы бар. Ислам әлемі VII ғасырдан XIX ғасырға дейін осы құқықпен реттелген. Мұсылман құқығының негізгі қайнар көздері – Құран мен Сунна болып табылады. Сондай-ақ, құқықтың заңды мазмұнын анықтайтын сенім негіздері, діни табынушылық пен өсиет ережелері бекітілген.

Құранда тек Аллаһтың сөздері жазылған, онда Пайғамбарымыздың сөздері жоқ. Пайғамбарымыз дөнекер болды, сондықтан Пайғамбарымыздың өзінің бірнеше мың нақыл сөзі бар, олар хадистер деп аталады. Оның өмірі, әрекеттері мен нақыл сөздері Сунна ретінде белгілі. Хадистерді келешек ұрпаққа қалдыру үшін Пайғамбарымыздың сақабалары жазған. Олар Құран сөздеріне жатпағанымен, Ислам құқығын толығымен түсіну үшін өте маңызды.

Діндар ғалымдар, яғни «факихтер» Ислам құқығының 4 «түбірі» бар деп есептейді:

1. Құран. Оған берілген түсінік «тафсир» деп аталады. Қолданыста фикх, та'вил, асар үшін қосымша қайнар көз болып табылады;

2. Аңыз (сунна, хадистер);

3. Иджма;

4. Кийас (аналогия бойынша пайымдау).

Уақыт өте келе, екі соңғы «түбір» барлық «діндар» факихтермен мойындалды. Бұл әрекет шарифат діндарларының ойынша, өзгеріске ұшырамайтын, мәңгілік, міндетті, Алланың еркін білдіретін Заңы деп түсіндіріледі. Шарифат құрамындағы орталық орын мұсылман догматикасы мен діни табыну ережелеріне берілген.

Ислам құқығының заңды құбылыс ретіндегі дербестігі оны жүзеге асыруын талдаумен қуатталады. Құқыққа діни қағиданы қолдану көбінесе мұсылмандардың қарым-қатынастарында пайдаланылды. Осы қағида бүгінгі таңда да қолданылатынын ескерген жөн. Ислам құқығының неке-отбасылық нормалары тек мұсылмандарға таралады және басқа діни конфессияларға қолданылмайды. Сонымен қатар, кейде Исламның пайда болған кезінен, мұсылман мемлекеттерінде көптеген құқық нормалары мұсылман еместерге де таралған. Мысалы, ол мемлекеттік құқыққа немесе мұсылман емес халыққа салықтар орнататын ережелерге қатысты. Мұсылманға күйеуге шыққан басқа діннің әйелі Ислам құқығына бағынуы міндеттеледі. Қазіргі кезде мұрагерлік, өсиет, вакуфтық дүние-мүлік бойынша мұсылман-құқықтық нормалары көпшілік араб елдерінде басқа конфессия ұстанатындарға да таралды.

Құран мен Суннада қарастырылған нормаларды бұзғаны үшін қолданылатын жазалар құқықтық доктриналар негізінде мемлекет тарапынан дәйектеліп, дәлелденіп, түзетілген. Мысалы, зинақорлық үшін оған құқық бұзушылық ретінде діни санкцияға сай келетін тән жазасы ғана емес, кейбір жағдайларда Құранда қарастырылмаған таспен үру де қолданылған. Мұсылман догматикасы мен мінез-құлық діни ережелері Құран мен Суннада мазмұндалған деп санауға болады және олар мұсылман дін иелері мен құқық зерттеушілерімен талқыланған. Ислам құқығына Құран мен Суннадағы немесе заңгерлермен иджтихад негізінде енгізілген ұйғарымдар жиынтығы ғана емес, мемлекет қолдайтын, өмірде әрекет ететін нормалар да кіреді.

Заң ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Саидовтың пікірінше, қазіргі таңда Ислам құқығын зерттеу құқықтық ғылымда бас орынға ие болу керек. Өйткені, бұл құқықтың тарихы мен қазіргі жағдайын, саяси-мәдени бастауларын, даму бағыттарын зерттеу мұсылман елдерінің негізгі сипаттары мен пайда болу заңдылықтарын, келешек дамуының жағдайлары мен тенденцияларын терең ашуға жәрдем береді. Ислам елдерінің құқықтық дамуы, саясаты мен идеологиясында Шаригаттың алар орны ерекше. Бұл құқықтың жаңа мыңжылдықта да белсенді әрекет ету мүмкіндігі мол.

Діни-құқықтық мектептер, бағыттар «мазхаб» деп аталады. Олардың 4 мазхабы бар: ханифи; малики; шафи'и; ханбали. Ихсан мен ихлас (тақуа мінез-құлық пен Аллаға шын сенім) сияқты ақниеттермен қоса, қазіргі заманғы мұсылман қазіргі өмір мен еңбекте жетістіктерге жету үшін өзі берген уәдеге берік болуы, берілген уақытты бағалауы, білім мен машықтарға ие болуы керек.

1869-1877 жылдары Ислам құқығын жүйелендіру мақсатында Осман империясында азаматтық кодекс рөлін атқарған «Әл-Маджалла» жинағы шығады. Бұл тәртіп жинағының күші Түркияда 1926 жылға дейін, Ливанда 1932 жылға, Сирияда 1949 жылға дейін, Иракта 1951 жылға дейін, Иордания, Палестинада сақталады. XIX ғасырдың ортасынан бастап мұсылман мемлекеттерінде жартылай батыс еуропалық елдердің заңнамасынан алынған қылмыстық, сауда, процессуалды кодекстер жұмыс істейді.

Ислам құқығы Египет, Сирия, Ирак, Иордания, Тунис, Марокко, Үндістан, Пәкістан және өзге де мұсылман елдерінде арнайы заң қабылдаумен жүзеге асырылады. Кейбір араб мемлекеттерінде ислам құқығы негізгі Заңнама болып табылып, азаматтық құқық қолданылып, шаригат соттары сақталуда. Тек Түркия 1926 жылы зайырлы мемлекет ретінде республика құрған тұсында Ислам құқығынан бас тартты.

Сонымен қатар, Құран біраз мұсылман елдерінің экономика, қаржы секторын басқаруда да басшылыққа алынады. Шаригат заңдылықтарына сүйеніп құрылған Ислам даму банкі де өлемдік қаржы жүйесінде ерекше орынға ие болып отыр. Пайызсыз несие беру, қоғамның

әлеуметтік салаларына қаржы болу – Ислам банкі жүйесінің негізгі ерекшеліктері болып табылады. Осы себепті, Ислам құқығының тек қана қоғамның саяси өмірімен ғана емес, сонымен бірге экономикалық, қаржылық мәселелермен де айналысатындығын көруге болады. Қазіргі кезде әлемде активтері 650 млрд. АҚШ долларын құрайтын 300-ге тарта ислам банкітері жұмыс істеп жатыр.

Ислам қаржы жүйесінің әр елдің экономикасында еркін жұмыс атқаруы үшін бірқатар шаралар орын алуы керек. Ең алдымен Ислам иесілеріне салықты төмендету секілді шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Ислам банкісінің ерекшелігі – оның ынтымақтастық пен сенім қатынастарында орнайтындығын атап өту қажет. Шаригатқа негізделген қаржыландыру өз кезегінде әлеуметтік салалар, ең алдымен білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерін салуға және өзге де қоғамдық игіліктерге арналған.

Ислам банкі жүйесінің бір ерекшелігі – оның тек корпоративті ірі салаларда ғана емес, сонымен қатар шағын бизнес, өндіріс және өзге де тұрмыстық қажеттіліктерді несиелендіру салаларында салымшы және қарыз алушы адамдар арасында дәнекер болуды көздейді. Қазіргі кезде Ислам қаржыландыру жүйесі Сауд Арабиясы, Оман, Катар, Бахрейн, БАӘ, Малайзия, Бруней, Индонезия мемлекеттерінде жұмыс істейді. Бұл жүйе Еуропа мен Орталық Азия мемлекеттерінің де қаржы нарығына өткелі отыр.

Сонымен, әлемде өзіндік ерекшеліктерге ие Ислам құқығы, Ислам өркениеті мен қаржы, банк жүйесі қалыптасты. Мұсылмандар қауымдастығының өзара байланыстары Ислам Конференциясы Ұйымы, Ислам дүниесі лигасы, Ислам даму банкі және т.б. халықаралық ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Халықаралық құқықтың пайда болу тарихын және ұғымын түсіндіріңіз.
2. Халықаралық құқықтың негізгі 10 принципін атап беріңіз.
3. Жаңа пайда болған мемлекеттерді халықаралық мойындау институты.
4. Ислам құқығының негізі туралы айтып беріңіз.
5. 1957 жылғы Парижде қабылданған экстрадиция туралы конвенциясының қазіргі кезде пайдаланылуы.

## 5-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Тәуелсіз мемлекет – әр халықтың  
мақсаты және азаттықтың белгісі.*

*Тәуелсіздік үшін күрес –  
ол өзіңнің болашағың үшін күрес.*

*С. Батырша-ұлы*

Қазақ халқының өз мемлекеттігін қайта қалпына келтіру талпынысы – П Пиколай басқарған Ресей патшалығының жойылуы және 1917 жылы қазан айында Социал-демократиялық (большевиктік) партияның билікке келуімен байланысты болды. 1920 жылы 26 тамызда Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының құрамында Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы (ҚАКСР) құрылып, астанасы Орынбор қаласы болды. 1924 жылы Түркістан автономиялық республикасының құрамындағы Қазақстанның оңтүстік өңірі: Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы және Талдықорған облыстары ҚАКСР-іне қосылды. 1925 жылғы сәуірде ҚАКСР-дің астанасы Қызылорда қаласына көшірілді. 1936 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта құрылып, Кеңес Одағының басқа субъектілерімен тең болды. Қазақстан басқа республикалар сияқты Кеңес Одағының тең құқылы субъектісі деп аталғанымен, шын мәнінде барлық одақтас республикалардың халықаралық қауымдастығының мүшесі емес еді, тек Мәскеу толық басқаратын автономия статусында болды.

1920 жылы Қазақ және Түркістан автономиялары көрші шетел мемлекеттерімен уақытша сыртқы экономикалық, мәдени байланыстар орнатты. 1923 жылы 6 шілдеде Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының Сыртқы істер халық комиссариатының жалпы Одақтық комиссариатына айналды. Соған байланысты, Ресей, Белоруссия, Украина республикалары және Закавказье Кеңестік Федерациялық Республикасының жанында КСРО Сыртқы істер халық комиссариатының уәкілдерін тағайындады. 1924 жылы Өзбекстан, Түрікменстан, 1929 жылы Тәжікстан Республикалары Халық комиссарлары кеңесінің жанында Мәскеудің уәкілдері пайда болды. Оларға

республикалардың Халық комиссарлар кеңесімен байланыс жасау, шет мемлекеттермен қол қойылған шарттар мен келісімдерді орындауды бақылау, шетелдік азаматтар туралы Кеңес Одағы заңдарының орындалуын қадағалау және республикалар территориясындағы шетелдік өкілдіктермен байланыс жасау жүктелді. Алайда, XX ғасырдың 30-жылдары Мәскеу өз өкімшілік жүйесін нығайту үшін басқа да одақтас республикалармен қатар, Қазақстанның да сыртқы байланысын шектеп, сыртпен қатынасты тікелей өз қарауына алды. КСРО Сыртқы істер халық комиссариаты жалпы одақтық комиссариаттан одақтық-республикалық комиссариатқа өзгертілді (Дипломатический словарь. – Москва, 1986. 501 бет).

### 5.1. Кеңес дәуіріндегі Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігі

Кеңес Одағының Сыртқы саясат ведомствосы мен шетелдегі елшіліктері Мәскеудің толық басқаруында болды да, онда негізінен орыс, украин, белорустар, бірнеше кавказдықтар, ортаазиялықтар қызмет атқарды. Олардың арасынан Кеңес Одағының Арабиядағы тұңғыш елшісі болған Нәзір Төрәқұл-ұлы және Тұрар Рысқұл-ұлы сынды білікті қазақ дипломаттары халықаралық сахнаға шықты (қазақтың аты-жөнінің жазылуына өзгерістер енгізілуде. Дәстүрлі «ұлы», «қызы» сөздері бұрын бөлек жазылатын, соңғы жылдары әкесінің атына «ұлы», «қызы» деген сөздер қосылып жазылуда, сондықтан бұрын құжаттарда қалай берілсе, оқулықта сол күйінде қалдырылды).

Қазақстан дипломатиясының тарихы туралы айтқанда, біздің әйгілі отандасымыз *Нәзір Төрәқұл-ұлын* мақтан тұтамыз. Ол кеңестік кезеңнің мемлекет қайраткері, шығыстанушы, журналист әрі педагог, КСРО-дағы тұңғыш қазақ елшісі болды.

Мәскеу коммерциялық институтында оқып жүрген кезінде Н. Төрәқұл-ұлы саяси қызметпен белсенді түрде айналысты. 1918 жылы ол большевиктер партиясы қатарына өтіп, Кеңес үкіметін қолдады, Қызыл әскер қатарына ерікті түрде кірді. Одан әрі өдеттен тыс іскерлік қасиеті мен жұмысқа ерекше қабілеттілігі оны шынайы мансап жолына бастады.

1920 жылы Түркістан Компартиясы Орталық комитетінің жауапты хатшысы, Түркістан Республикасы Орталық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Мәскеуге шақырылып, Кеңес Одағы Орталық Атқару комитеті жанындағы шығыс халықтарына арналған Орталық баспа басқармасының бастығы, түркі халықтарының жазуын латын әліпбиесіне көшіру жөніндегі Орталық Комитеттің төрағасы болып тағайындалды. 1921 жылы тамызда өткен Кеңестердің бүкіл түркістандық X съезінде Н. Төрәқұл-ұлы баяндама жасап, Түркістан Атқару комитетінің жанынан ұлттар бөлімін ашуды ұсынды. Мұсылмандар тұратын Түркістан өлкесіндегі демалыс күнін жексенбіден

жұмаға көшіру, Ораза және Құрбан айт күндерін үш күн мерекелеу сияқты басқа да мәселелерді көтерді. Ол 1922 жылы наурызда Ресей Федерациясы Халық комиссариатының төрағасы, революция көсемі В.И. Лениннің қабылдауында болып, Ресей Федерациясында автономия алған халықтардың тілін мемлекеттік тілге айналдыру мәселесін сол кезде-ақ көтерді.

1928-1936 жылдары сол кездегі ең жоғары дипломатиялық атақ – КСРО Бас консулы, Тотенше және Өкілетті өкіл деген лауазыммен Кеңес Одағының (қазіргі) Сауд Арабиясындағы Елшісі қызметін атқарды.

Қазақтан тұңғыш шыққан жоғары мәдениетті, білімді, сегіз тілді жетік меңгерген өкіл өзінің ақыл-жігерімен Джиддада тіркелген Батыс Еуропа елдері дипломаттарының тілін тауып, туындаған мәселелерді Кеңес үкіметінің пайдасына шешіп отырды. Кеңес мемлекетінің сыртқы саясатын жүзеге асыруда Хиджаз бен Недж (бұрынғы Сауд Арабиясының аты) елімен қоса, бүкіл араб мемлекеттері арасындағы саяси және сауда қарым-қатынастарын нығайтуға зор үлес қосты.

Өткен ғасырдың 20-жылдары Еуропа елдері, АҚШ Кеңес Одағын мемлекет ретінде мойындамай, дипломатиялық қатынас орнатылмаған еді. Сондықтан Мәскеуге Шығыс мемлекеттерімен тең дипломатиялық қарым-қатынас орнату үлкен мәселе болды.

Н. Төреқұл-ұлының Сауд Арабиясына келу сәті саяси жағдайдың, жас монархияның Парсы шығанағы аймағындағы анағұрлым қуатты күш – Ұлыбританиямен қарым-қатынасының шиеленісе түскен кезеңіне сәйкес келді. Оқиғалардың осылай дамуының қозғаушы күші 1925 жылы саудтықтардың Хиджаздағы ағылшындар қолдап отырған хашимиттік басқаруды құлатуы болды. Хиджаз, Джидда, Мекке және Медина сияқты ірі қалалар шоғырланған Арабия түбегінің экономикасы еуропалық компаниялар иемденген аймақ болатын.

Екі мемлекеттің өзара қарым-қатынасындағы жемісті тұстар Н. Төреқұл-ұлының дипломатиялық миссиясы кезеңінде болды. Оның Сыртқы істер халық комиссариаты Орталық аппаратымен жүргізген дипломатиялық хат-хабарлары саяси талдау жасай білу тереңдігі және жоғары кәсіби шеберлігімен ерекшеленеді. Оған тән әмбебап біліктілік, тіл табыса білу өнері, шешендікпен баяндау қабілеті, бағалау мен қорытындылаудағы қорегендігі кеңестік тұңғыш елшіні жоғары маман ретінде сипаттайды.

Нәзір Төреқұл-ұлының жарқын да жұмыстан бел жазбаған ғұмыры өте қысқа болды. Ол елдегі 30-жылдарда жүргізілген саяси қуғынға ұшырап, 1937 жылы «Кеңес Одағына қарсы насихат жүргізді, мұсылмандыққа бет бұрды» деген жалған жасалған айыппен өлім жазасына кесіліп, атылды. Тек 1958 жылы сталиндік қуғын-сүргіннің кінәсіз құрбандары қатарында ақталды.

Оның еңбектерінің қазіргі тарихымызды қайта тануда маңызы зор. Сол мақсатпен 2003 жылы Қазақстанда «Дипломат Нәзір Төреқұл-

ұлы» қоғамдық қоры құрылып, белгілі дипломаттың мұрасын көпшілікке жеткізу, насихаттау, дипломатия қызметкерлерін Республика дипломатиясының тарихымен таныстыру шаралары жалғасуда. Қазақстан Үкіметінің шешімімен сыртқы саясатты белсенді жүргізген дипломаттарға арнайы «Нәзір Төреқұл-ұлы атындағы медаль» белгіленді, университеттердің халықаралық қатынас факультетінде оқитын үздік студенттеріне атақты дипломат атындағы стипендия тағайындалды.

Бүгінгі қазақ дипломаттарына үлгі ретінде төменде Нәзір Төреқұл-ұлының деректі құжаттарын беріп отырмыз. Сыртқы істер халық комиссариатының орынбасары Лев Қараханның 07.05.1929 жылы КСРО-ның Геджастағы (сол уақытта қаланың атауы осылай жазылатын, бүгінде – Хиджаз қаласы) дипломатиялық агенті және бас консулы Нәзір Төреқұл-ұлына «құпия» грифімен жіберген хатынан үзінді.

Хаттың басында автор екі мемлекет арасында саяси және сауда шартын жасасу туралы келіссөздерді жеделдетіп, ресми келіссөздермен қатар, жеке байлапыстар арқылы геджастық сауда топтары арасындағы келіссөздерге қолайлы жағдайлар тудызуға әрекет етуін тапсырады. Одан соң: *«Біздің елмен жасасқан шарт пен сауда үшін «саяси және материалдық эквиваленттер» туралы мәселелерді біз қазір талқыламаймыз, ол жағдай тек Сіздің келіссөздеріңіз бен істі барлап көргеніңізден кейін ғана анықталады. Алайда, біз қазірдің өзінде КСРО-дан мұсылмандардың қажылыққа бару және біздің елге мұтауифтердің (ислам дінінің қызметкерлері) келуі туралы мәселелерге көзқарасымыз теріс екендігін хабарлаймыз. Бұл туралы орайы келген тактикалық жағдайда биязы, бірақ нақты түрде Ибн Саудқа жеткізуіңіз қажет. Ол осы жағдайды қалыпты теріс мағынада қабылдауы мүмкін, себебі осы мәселе бойынша мұсылман елдері болып табылатын Түркия және Парсы елдерінде де жақсы перспективалар жоқ. Сіз білетіндей, Түркияда, Парсы елінде де қажылықты қысқарту бойынша шаралар жүріп жатыр. Ал бізге келсек, Кеңес Одағынан қажылықтың аздығына қарамастан, бізде Геджасқа қажылыққа апаратын арнайы рейстер бар (жолаушылардың ең көбі – шетелдіктер). Біздің тараптан (қажылыққа) одан артық іске бара алмаймыз»,* – деп жазады.

Сыртқы істер Халық комиссариатының орынбасары Л. Қараханның 21.05.1929 жылы КСРО-ның Геджастағы Нәзір Төреқұл-ұлына «өте құпия» грифімен жіберген хатынан үзінді.

Хаттың басында король Ибн Сауд пен ағылшындар арасындағы келіссөздердің қайта жалғасу мүмкіндігі туралы, бірақ олар туралы Джиддадан түсетін ақпараттың жеткіліксіздігінен қазіргі кезде арабтар мен ағылшындар ұстанымдары қай сатыда екенін білу мүмкіндігі жоқ екенін айта келіп: *«Біздің антагонистердің (қарсыластарымыздың) Ибн Саудты нақты міндеттермен байлауға әрекет жасап, оның бізбен қатынасын әлсірету әрекетін біз зейін қойып қадағалауға міндеттіміз. Бұл – басты және тікелей міндетіміз. Сыртқы саясатта Ибн Саудтың*

ағылшындармен қатынасында бүгінгі күнге дейін сақталып келген тәуелсіздігі мен дербестігін сол деңгейде сақтауының біз үшін маңызы аз емес. Ибн Сауд келісімге жету үшін ағылшындармен барлық даулы мәселелерге қатысты келісуі мүмкін, ал тек оның біздің елге және басқа да шығыс елдеріне деген ұстанымын төмендетуге жол берулері Ибн Саудты одан әрі ағылшын саясатына тәуелді қылады. Шығыстағы біздің антагонистер агрессиясының күшеюіне қарап, Египеттегі біздің делегацияға қатысты жағдайды байқағанымыздай, біздің араб саясатымыз осындай арандатушылыққа және Ибн Сауд пен Яхьяға тікелей ықпал етіп, бізбен қатынасты үзуге қол жеткізу мақсатында пайдаланылуы мүмкін. Тап қазір біз өте сақ және қарсыластарымыздың әрекеттерін зейін салып бақылауымыз қажет», – деп жазған.

КСРО-ның Геджастағы дипломатиялық агенті және бас консулы Н. Төрөкүл-ұлының «өте құпия» грифімен 01.03.1929 жылы Сыртқы істер халық комиссариатының орынбасары Л. Қараханға жіберген жауап хатынан үзінді: «Құрметті Қарахан жолдас!

Арабияда және одан тыс жерлерде кеңестік-геджастық қатынастардың жалпы нашарлауы Геджастағы біздің елге деген дұшпандық әрекеттің күшеюімен сипатталады. Ағылшындардың король Ибн Саудқа қысымын күшейтуі, қазір Англияның жетегіндегі Францияның нежқұрайлылығы, Италияның аңдау саясаты – бір жағынан, өзінің барлық ішкі және сыртқы шараларында арқа сүйейтін уахабиттер қауымының блогы, олардың ішкі тартыстары, король Ибн Сауд ахуалының қиындығы, Геджастағы англофилдер (Англияны жақсы көруші, қолдаушылар автор) тарапынан жалпы саясатқа қысым көрсетуі – екінші жағынан, кеңестік-геджастық қатынастарға әсерін тигізді.

Кейбір араб қайраткерлерінің пікірінше (Шериф Тауфиқ), Ибн Сауд Англияда сайлау науқанының жақындауына байланысты, консерватор үкіметі Арабиядағы негізгі мәселелерін шешіп алуды көздеп отыр, атап айтқанда, Хайфа – Кувейт теміржолы мен мұнай өтетін құбыр салу, сонымен қоса Уади Сухап өңірін Геджастан бөліп алу.

Сонымен, бұдан басқа саяси жағдайда да ел ахуалының қиындауын айтып, кеңестік-геджастық қатынастарды ресімдеуден қашқақтап жүрген Ибн Саудқа осындай сылтаулар айтуға тіпті негіз бар. Қазіргі ахуалда кеңестік-геджастық қатынастарды ресімдеу – ағылшын-неджда (бұрынғы Геджас пен Неджд уәлаяттары бірігіп, бүгінде Сауд Арабиясы корольдігін құрды – автор) қатынастарын ушықтыру факторы ретінде қаралып отыр және корольдің барлық әрекеттері соны айғақтайды (Дипломат Назир Торекулов (отчеты, письма, отрывки из дневника, 1996 г.) (Қазақшаға аударған – автор).

Осыдан 80 жыл бұрын көрген дипломат Н. Төрөкүл-ұлы Мәскеуге Англия отаршыларының Таяу Шығысты өзіне бағынышты қылу саясатын ашып берген және Кеңес Одағының отаршылдыққа қарсы



күресте Оңтүстіктегі мұсылман, араб елдерімен тығыз байланыс жасау керектігін дәлелдеген. Бұл аймақ стратегиялық әскери, саяси, коммуникация жағынан өте маңызды екенін сол уақыттың өзінде бүкіл Таяу Шығыста жалғыз дипломатия миссиясын басқарған Нәзір Төрекүл-ұлы КСРО сыртқы саясат ведомствосына айтып отырды.

Соның нәтижесінде КСРО өткен ғасырдың 30-40-жылдары Шығыс мемлекеттерінің отаршылдыққа қарсы күресінде дипломатиялық, саяси және материалдық жәрдем берді. Бірақ, АҚШ, Еуропа мемлекеттері Таяу, Орта Шығыста отаршылдықтың жаңа түрін – «неоколониализмді» енгізуде. Бүгінде тәуелсіздік алған біраз араб мемлекеттері әлі Батыстың саяси, экономикалық, технологиялық экспансиясынан шыға алмай отыр. Америка мен Израиль Ирак пен Палестинада әскери оккупациясын жалғастыруда.

Кеңес дәуірінде қазақтан шыққан дипломаттардың екіншісі – *Тұрар Рысқұл-ұлы*. Ол 1894 жылы 26 желтоқсанда бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезінде дүниеге келген. 1918 жылы сәуірде Әулие-Ата уездік кеңесі Атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланып, өз күш-жігерін ашаршылыққа ұшыраған халқын сақтап қалуға, қызметке қазақтарды көптеп тартуға жұмсады. 1920 жылы 21 қаңтарда Тұрар Рысқұл-ұлы Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикалар Орталық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Төраға ретінде ол орыс қоныстанушыларын қарусыздандыруға, жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының теңестірілуіне, орыс шаруалары мен казактардың көшпелі қазақтардан тартып алған жерлерін кері қайтаруына қол жеткізді.

Ол Түркістан Республикасының мемлекеттік егемендігі жолында табаңды күрес жүргізді. Республиканы түркі тілдес халықтардың ұлттық мемлекетіне айналдыруға, саяси, дипломатиялық, экономикалық және мәдени мәселелер бойынша нақты дербестік құқықтарға ие болуға бар күш-жігерін жұмсады. 1920 жылғы 25 мамырда Т. Рысқұлов В. Лениннің қабылдауында болып, оған Түркістандағы билікті Түркі комиссиясының орнына Түркістан Атқару комитеті мен Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесіне беруді ұсынды. Ол бұл ұсынысы арқылы Иран, Ауғанстан, Моңғолия, Қытай және Үндістанда, Орта Азия мен Таяу Шығыста Түркістан Республикасының елшіліктерін ашып, аталған елдерге социализм идеясын енгізбекші болды. Алайда, орыстар түркі халықтарының тәуелсіз мемлекет болып кетуіне жол бермеді. Бұл Мәскеудегі басшылар тарапынан қатты сынға ұшырады, себебі бұл әрекет Орта Азиядағы халықаралық жағдайды мүлдем өзгертіп, егемендікке жол ашар еді.

1924 жылы жазда Т. Рысқұл-ұлы Коммунистік интернационал Атқару комитетінің Моңғолиядағы өкілетті өкілі болып тағайындалды. Сонымен қатар, Ресей мен Моңғолияның ресми қарым-қатынастарын орнату, жақындату мәселелерімен шұғылданып, Моңғолия Конституциясының жобасын әзірлеуге қатысты. Моңғолия астанасының атын Улан-Батор

(қазақша – Қызыл батыр) деп қоюға атсалысты. 1926 жылы наурызда Т. Рысқұл-ұлы Қазақстанға оралып, Қазақ өлкелік большевиктер Коммунистік партиясы комитеті баспа бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

1926 жылы 31 мамырда Ресей Федерациясы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И. Лениннің орынбасары болып бекітілді. Соңғы Кеңес дәуіріндегі 70 жылда осындай жоғары дәрежеге жеткен қазақ болған жоқ. Қазақ өлкелік большевиктер Коммунистік партия комитетін басқарған Ф.И. Голощекиннің (шын фамилиясы – Ицкевич) «Қазақстанда жаңа кіші Қазан революциясын жасау», яғни қазақ халқын мал-мүлкінен айыру идеясына Т. Рысқұл-ұлы және басқа да мемлекет қайраткерлері ашық қарсы шықты.

Кеңестік «коллективизация», яғни шаруаларды күштеп ұжымдас-тыру саясатының зардаптарын жою, ашаршылық апатынан қазақ халқы күтқару үшін Мәскеуде билік етіп отырған И. Сталинге наразылық хат жазып, нақты ұсыныстар жасады. Сондықтан 1937 жылы 21 мамырда Рысқұл-ұлына «пантүрікшіл», «халық жауы» деген жалған айып тағылып, атылды. Кейін, 1956 жылы 8 желтоқсанда КСРО Әскери коллегиясы Жоғарғы Сотының шешімімен ақталды.

Уақыт өте келе, кеңестік сыртқы саясат ведомствосының саясаты мен құрылымында өзгерістер болды. 1943 жылғы 28 мамырда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарғысымен Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты, шетелдегі миссиялардың статусы мен дипломаттардың жеке дәрежелері бекітілді. Бірінші рет Кеңес Одағында келесі дипломатиялық рангтер белгіленді: Төтенше және Өкілетті Елші, Төтенше және Өкілетті Уәкіл (I және II сыныпты), кеңесші (I және II сыныпты), бірінші және екінші хатшы, үшінші хатшы және атташе. Ең жоғары дәрежелер (Елшілер мен Уәкілдер) КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарғысымен, ал қалған дипломатиялық рангтерді сыртқы істер мекемесінің басшысы өз бұйрығымен береді. Дәрежелерді бекітумен қатар, оған сәйкес киім түрлері де енгізілді: қысқы, жазғы формалар, шаралар мен ресми қабылдауларға арналған салтанатты киім (парадная форма). Дипломатиялық дәрежелер мен киім түрлері дипломатиялық қызметтің беделі мен саяси-мемлекеттік статусын көтеріп, жұмыстарын реттеу үшін енгізілді.

1944 жылы 1 ақпанда Кеңес үкіметі одақтас республикалардың шетел мемлекеттерімен ара қатынасы туралы заң қабылдап, республикаларда өздерінің сыртқы істер ведомстволарын құруды шешті. Бірақ, КСРО-ның жоғары билік органдары шетел мемлекеттері және халықаралық ұйымдармен қатынастарын сақтап қала берді. Қабылданған заңға сәйкес, КСРО Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты одақтық-республикалық ведомствоға айналды, заңның қабылдануы оның жұмыс барысы мен ортақ жүйелеріне ешқандай өзгеріс әкелген жоқ. Республикалық Сыртқы істер халық комиссариаты

басшыларына Одақтық Халық комиссариатының жұмысына қатысуға қағаз жүзінде ғана мүмкіндік берілді. Комиссариатының республикалық аппараттары құрылып, басшы ретінде республикада жоғары лауазымды бір қызметкер өз жұмысымен қоса сыртқы істерді де атқаратын болды. Мысалы, 1946-1948 жылдары РСФСР-дың Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты аппаратының құрамы екі адам, яғни халық комиссарының көмекшісі мен кеңсе жұмысын жүргізуші хатшыдан құралды. Кеңес Одағы Сыртқы істер жөніндегі Халық комиссарының орынбасары А.А. Смирнов Ресей Федерациясы Халық комиссариатын қоса басқарды. РСФСР Сыртқы істер халық комиссариатының жеке орны болған жоқ, ол Одақ халық комиссариаты ғимаратының бірнеше бөлмесін алып тұратын. Сондай жағдай Алматыда да болды. Қазақстан Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты Қазақ КСР Үкімет үйінің бір бөлігінде орналасқан еді.

Сол 1944 жылдың ақпан айында КСРО Конституциясына және одақтас республикалар конституцияларына өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер республикалардың сыртқы саяси салаларында өкілдік ету құқығын білдірді. Барлық одақтас республикаларда сыртқы істер министрліктері ашылды. Алайда, республикалар шет мемлекеттермен қарым-қатынас орнату, олармен өзара келіссөздер жүргізу, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасу құқықтарына тек заң жүзінде ғана ие болды.

Тарихшылардың айтуынша, бұл конституциялық реформамен Мәскеу барлық одақтас республикаларды болашақ халықаралық ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымы құрамына енгізгісі келді. 1944 жылы КСРО Сыртқы істер министрі А.А. Громыко БҰҰ-ны құру туралы халықаралық конференцияға Кеңес Одағы атынан қатысты. Оның мақсаты – Біріккен Ұлттар Ұйымының алғашқы мүшелігіне барлық 16 кеңестік одақтас республикаларды кіргізу еді. Бұған Америка, Англия қарсы болып, бұл ұсыныс іске аспады. Мәселені талқылай келе, Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелігіне одақтас республикалар ішінен Украина мен Белоруссия ғана кіре алды. Осы екі ел халқының Ұлы Отан соғысы кезінде басынан кешкен қиыншылықтары мен көптеген адам және материалдық шығындары ескеріліп, аталған екі республикаға артықшылық берілді.

Соғыстан кейін Қазақ КСР Сыртқы істер министрі қызметін бірқатар қазақ зиялы қайраткерлері атқарды. Алайда, министрлік құрылғанымен, шет мемлекеттермен дипломатиялық қатынас, елшілік, консулдық орнату мүмкін болған жоқ, себебі республиканың сыртқы саясат, қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері толығымен Мәскеудің қолында болды.

Тоталитарлық Кеңес өкіметі жылдары Мәскеудің қазақ зиялыларына қарсы бағытталған саяси қуғын-сүргіні мен қудалаулары, еліміздің тол тарихы, тілі, салты мен ата-дәстүрлерін ұмыт қалдыртуы қазақ

халқы үшін үлкен қасіретті кезеңдердің бірі болды. Сол жылдары қазақ халқының жартысына жуығы қырылып, қалғаны орыстандыру саясатын бастан кешірді. Бұл саясаттың түбінде елді рухани тоқыраулыққа әкеліп соқтырумен қатар, ұлттық сананы жалғаш «интернационализм», «халықтар достығымен» бүркемелеп, құлдық сананы енгізу жатқандығын бүгінгі күні тарих бізге айғақ етті. Осышама қасірет көрген қазақ халқы үшін тәуелсіздіктің орны мен маңыздылығы ерекше биік болуы – заңдылық.

## 5.2. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып жариялауы

Кеңес Одағы ыдырау (дезинтеграциялық) үдерістері өткен ғасырдың 80-жылдары басталған еді. Кеңес Одағы саяси, экономикалық тоқырауға түсіп, одақтас республикалардағы халықтардың сана-сезімі көтеріліп, Кремльдің диктатурасына қарсы шықты. Егемен өмір сүру, демократияға талпыныс байқалды. 1986 жылғы 16 желтоқсанда Алматыдан басталып, Қазақстанның барлық облыстарында Мәскеу тоталитарлық жүйесіне қарсы көтерілістер болды. Алматыда демократиялық бейбіт митингіге шыққандарға қарсы Кеңес Үкіметі арнайы әскер (КГБ-ның спецназын) жіберіп, жастарды қанға бояды. Кейін Баку, Тбилиси, Вильнюс, Таллин, Рига және Якутияда Кремльдің үстемдігіне қарсы наразылық митингілер, шерулер орын алды. Мәскеу ұлттық республикадағы халық көтерілісін қарулы күшпен басып, жүздеген азамат құрбан болды, он мыңнан артық адам жарақат алды, түрмеге жабылды.

Кеңес Одағының құрамындағы 15 одақтас республика өздерінің бостандығын, егемендігін алуға бел байлады. Соның нәтижесінде, 1990 жылдың басында бірінші болып эстон, латыш және литва халықтары Мемлекеттік егемендік туралы Заң қабылдады. 90-жылдардың басында орын алған үлкен саяси оқиғалар, халықтардың бостандыққа көтерілуі КСРО-ның құлауына себеп болды. Сол жылдары одақтас республикаларда тәуелсіздікке деген ұмтылыс күшейіп, жер-жерде орталық билікке қарсы бас көтеру мен егемендік декларацияларын жариялау сияқты әрекеттер бірінен соң бірі жүріп жатты. Бұл үрдіс біздің республикаға да жетті.

1990 жылдың 25 қазаны күні Жоғарғы Кеңес Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын қабылдады. Бұрын «егемендік» деген сөзді қазақ тілінде «суверенитет» деп пайдаланып жүрдік. Бұл Декларация Қазақстан мемлекеттігінің негізін қайта қалаған тарихи маңызы бар заңды құжат болып есептеледі. Онда қазақ халқының тілі, салт-дәстүрі және ұлттық намысын қайта жандандыру мен дамыту ең басты міндеттердің бірі болып белгіленді. Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қазақ ұлтының болашағы үшін қабылданып, онда қазақ мемлекеттігін құру туралы ашық жазылған.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның құқықтық үлкен мәні бар, себебі бұрын одақтас республикалар Конституцияларында жалғыз ғана «егемендік» деген сөз болатын. Енді 1990 жылғы Декларацияда «мемлекет» деген сөз алғаш рет пайдаланылып, «дербес мемлекет» деген идеяны халықтың санасына кіргізді. Ал мемлекет болған соң, ол өзінің тәуелсіздігіне апарары сөзсіз.

Кейбір тарихшылардың айтуынша, Қазақстан Декларация қабылдамай-ақ, бірден тәуелсіздікті жариялау керек еді. 1990 жылы Республика қай жағынап болмасын, Орталық Азиядағы мықты республика болатын. Сондықтан да Орталық Азияда тәуелсіздікті бірінші болып жариялау керек еді деген пікірлер де айтылуда. Ал шын мәнінде, КСРО-да Коммунистік партия күшті еді және 1990 жылы Кремльдің қол астында 4 миллионнан астам армия мен Ішкі істер министрлігі, Қауіпсіздік комитетінің әскерлері болды. Оны ескермеу саяси қателік болар еді. Ал мемлекеттік егемендік – тәуелсіздік алу жолындағы қажетті қадам болды.

Мемлекеттік егемендік алу Қазақстанда жалпы демократиялық үдерістердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан оқиғалармен тығыз байланысты болды. Қазақстан мен Ресей, Белоруссия, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа республикалар арасында бір-бірінің мемлекеттік егемендігін, қалыптасқан шекараларды, орнатылып жатқан өзара экономикалық байланыстарды мойындау туралы екіжақты келісімдер жасалды.

1991 жылдың басында КСРО құрамындағы Балтық елдері, Эстония, Латвия, Литва Кеңес Одағынан шығып кетті. Олардың тәуелсіздігін Ресей Федерациясы, Грузия, Әзірбайжан, Армения, Молдова және басқа республикалар мойындады. 1991 жылы 12 маусымда Б. Ельцин басқарған Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесі КСРО басшылары отырған Кремльде өз бостандығын жариялады. Бұл шешім тәуелсіздікті қалаған барлық басқа республикаларға саяси үлгі және қолдау болды. 1991 жылы төрт республика – Ресей, Украина, Белоруссия және Қазақстан – Егеменді Мемлекеттер Одағын құру туралы бастама жасап, Новоогарев келісімін даярлау үшін бірлескен жұмыс басталды. Бірақ, 18-19 тамызда Коммунистік партия Орталық Комитетінің Саяси бюросы Мәскеуге әскер кіргізіп, құлауға даяр тұрған Кеңес Одағын сақтап қалуға тырысты. Бірақ, Ресей Президенті Б. Ельциннің басқаруымен Мәскеу жұртшылығы әскери пүтчты басып тастады. ГКЧП-ның (Государственный комитет по чрезвычайному положению) басшылары тұтқындалды. Бұл оқиғадан кейін Кеңес Одағының Коммунистік партиясы өз болмысын тоқтатты.

Коммунистік партияның билігінен айырылуы КСРО-ның күйреуін және бұрынғы одақтас республикалардың, оның ішінде Қазақстанның тәуелсіздік алуын шапшаңдатты. Кеңес Одағы Коммунистік партиясы, оның бір бөлігі – Қазақстан Компартиясы да мемлекеттік биліктен кетті. Кеңес Одағының таралуы мен тәуелсіздік алуға көп үлес қосқан Балтық республикалары болды.

1991 жылы 2-5 қыркүйекте КСРО халық депутаттарының кезектен тыс съезі өтті. Онда «мемлекеттік билік органдары мен КСРО-ның өтпелі кезеңін басқару» туралы Заң қабылданды. Кеңес Одағының орнына жаңа Егеменді Мемлекеттер Одағын құру мақсатында 12 республика өкілдерінен қалыптасқан комиссияға жаңа мемлекеттің Конституциясын дайындау тапсырылды. Бірақ, бұл жоба іске аспады, 21 қазанда комиссияның бірінші отырысына жеті республиканың өкілі ғана қатысты. Ішкі және сыртқы саясат мәселелерін шешу үшін КСРО Президенті мен он бір республиканың лидерлерінен тұратын Мемлекеттік Кеңес құрылды. КСРО үкіметінің орнына уақытша орган – Республикааралық экономикалық комитет құрылды. Осылайша, КСРО-ның негізгі саяси, заң шығарушы және атқарушы органдарының жүйесі республикааралық ынтымақтастық органына айналды.

Мемлекеттік Кеңес төңірегінде Президент М. Горбачевтің республика лидерлерімен Егеменді Мемлекеттер Одағының болашақ жүйесі жайында келіссөздері басталды. 1991 жылы 14 қарашада Мемлекеттік Кеңестің отырысында 7 республика Егеменді Мемлекеттер Одағы (ЕМО), конфедеративті мемлекетінің құрылуына еріктерін білдірді. Алайда, 25 қарашада көпшілік республиканың Украина, Грузия, Молдова, Армения мен Әзірбайжан лидерлері ЕМО шартының жобасын талқылаудан бас тартты.

Мемлекетте бірыңғай биліктің ыдырауына байланысты, 1991 жылы 8 желтоқсанда Белоруссияның Беловежск қаласында Кеңес Одағының негізін салушылар ретінде Ресей, Украина және Беларусь лидерлері – Б. Ельцин, Л. Кравчук және С. Шушкевич кездесіп, Кеңес Одағы халықаралық құқық субъектісі – мемлекет ретінде таратылғаны туралы мәлімдеп, келісімге келді. Үш мемлекеттің лидерлері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы шартқа қол қойды. Онда барлық егеменді республикалардың КСРО құрамынан шығуы объективті процесс екендігі және тәуелсіз мемлекеттер құру фактісінің айқындылығы көрсетілген. ТМД-ның мақсаттары мен принциптеріне ортақтасатын басқа да бұрынғы КСРО-дан шыққан мемлекеттерге оның құрамына қосылуға мүмкіндіктер берілді.

Минск келісімі 10 желтоқсанда Беларусь Жоғарғы Кеңесі және Украинаның Жоғарғы Радасымен (Парламент), ал 12 желтоқсанда РСФСР-дің Жоғарғы Кеңесімен ратификацияланды.

1991 жылы 13 желтоқсанда Ашғабадта (Түркіменстан) бес Орталық Азия мемлекетінің лидерлері жиналып, Түркістан Мемлекеттерінің Конфедерациясын құру мәселесін қарастырды. Алайда, кейін бес елдің басшылары жеке Конфедерациядан гөрі ТМД-ға қосылуды жөн көрді. Кездесуде Минск келісіміне өтініштер, түзетулер мен ұсыныстар енгізілді.

Қазақстан 1991 жылғы 16 желтоқсанда Тәуелсіздік туралы Заң қабылдады. Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы 1993 жыл-

дың 28 қаңтарында Республиканың Жоғарғы Кеңесінде бекітілді. Конституцияның ерекшелігі – Қазақстанды қазақ мемлекеті ретінде және дүниежүзілік қауымдастықтың ажырамас бөлігі деп жариялауы. Осылайша, Қазақстан халықаралық нормалар мен демократиялық және құқықтық мемлекет құруға бағыт алғанын барша әлемге жария етті.

Ішкі қоғамның дамуын, ТМД мемлекеттерінің арасындағы байланыстардың нығаюын және әлемдік қауымдастықтың өзгерістерін ескере отырып, 1995 жылғы 30 тамызда референдум арқылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. 2007 жылғы 21 мамырда ҚР Парламенті оған бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Конституция 9 бөлім, 98 баптан тұрады. Негізгі Заңның 1-бабы «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп басталады. 2-бапта «Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді» деп жазылған. Конституцияның 3-бабында «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады» деп атап өтіледі.

Конституцияның 5-бабында «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді», «Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді» делінген.

Ата заңның IV бөлімінде Парламент туралы айтылған: «Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығарушы қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы». «Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенат депутаттарының өкілеттілік мерзімі – алты жыл; Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл» деп атап көрсетілген.

«Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдарының жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды». Үкімет өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты.

### *Мемлекеттік рәміздер*

1992 жылы 4 маусымда тәуелсіз Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі Мемлекеттік рәміздерді бекітті. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығы 1996 жылы 24 қаңтарда заңдастырылды. Уақыт өте келе, Мемлекеттік Гимннің сөзі өзгеруіне байланысты, 2007 жылғы 4 маусымда жаңа заң қабылданды. Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Гимні Республиканың мемлекеттік рәміздері болып табылады.

*Мемлекеттік Ту* – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсы тік жолақ түрінде ұлттық өрнекпен нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран құс және ұлттық өрнек бейнесі – алтын түстес.

Тудың авторы – суретші Шөкен Ниязбеков.

*Мемлекеттік Елтаңба* – дөңгелек нысанды және көгілдір тұс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шанышылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі берілген. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар.

Елтаңба авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шота-Аман Уәлиханов.

*Мемлекеттік Гимн* – осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда орындалатын музыкалық-поэтикалық туынды.

Гимннің сөзі: Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаевтікі, әні: Ш. Қалдаяқовтікі.

Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаның эталондары Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақталады.

Мемлекеттік Туды пайдаланудың белгіленген тәртібі бойынша, ту Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында, Сенат пен Мәжілістің, Үкіметтің, министрліктердің, жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік ұйымдардың ғимараттарында, сондай-ақ елшіліктердің, халықаралық ұйымдардағы тұрақты өкілдіктердің, шетелдегі мекеме басшыларының ғимараттарында, басшылардың кабинеттерінде және сол мемлекеттің протоколдық практикасына сәйкес көлік құралдарында, отырыстарда, мемлекеттік органдардың ғимараттары алғаш ашылған кезде, салтанатты жағдайларда және Қазақстанда тіркелген кемелерде ілінеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының әскери корабльдері мен кемелерінде, Қазақстан Республикасына мемлекеттік және ресми сапарлармен келген шет мемлекеттердің мемлекет басшыларымен, парламенттері мен үкіметтерінің басшыларымен кездесуі кезінде пайдаланылады.



Қарулы Күштердің әскери құрамаларында, бөлімдерінде, мекемелерінде және басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарында Мемлекеттік Туды пайдалану тәртібі жалпы әскери жарғыларда айқындалады.

Мемлекеттік Тубасқадағимараттарда(үй-жайларда)олардыңиселерінің еркі бойынша көтерілуі (тігілуі) мүмкін. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын шет мемлекеттердің, қоғамдық бірлестіктердің және басқа да ұйымдардың туларымен бір мезгілде көтергенде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының көлемі басқа тулардың көлемінен кіші болмауға және төмен орналастырылмауы тиіс.

Республика Мемлекеттік Елтаңбасын пайдалану тәртібі:

Мемлекеттік Елтаңба Республика Президенті Резиденциясының, жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың ғимараттарында, сондай-ақ елшіліктердің, халықаралық ұйымдардағы тұрақты өкілдіктердің, сауда өкілдіктері, шетелдегі басқа да ресми мекемелер мен мекеме басшыларының резиденцияларында, кабинеттерінде орналастырылады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі міндетті түрде мемлекеттік ұйымдардың мөрлері мен құжаттарының бланкілерінде; қызметтік куәліктерінде болады. Осы Конституциялық заңда белгіленгеннен басқа жағдайларда мемлекеттік емес ұйымдардың және олардың лауазымды адамдарының бланкілерінде, мөрлерінде және басқа да реквизиттерінде Қазақстан Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесін пайдалануға тыйым салынады. Мемлекеттік Елтаңба мен шет мемлекеттердің елтаңбалары бір мезгілде орналастырылғанда, Қазақстан Республикасы Елтаңбасының көлемі басқа елтаңбалардың көлемінен кіші болмауы және төмен орналастырылмауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні: Президент қызметке кіріскен кезде – ол айт бергеннен кейін, Парламент сессияларының ашылуы және жабылуы кезінде, ұлттық және мемлекеттік мерекелерде, сондай-ақ өзге де салтанатты іс-шараларға арналған жиналыстар мен мәжілістердің салтанатты ашылуы кезінде, теледидар және радио хабарларын таратуды жүзеге асыруға лицензиясы бар бұқаралық ақпарат құралдары эфирге шыққан кезде, яғни олардың жұмысы басталғанда және аяқталғанда, аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметіне арналған шаралар, ескерткіштер, монументтер, салтанатты және спорттық іс-шаралар кезінде Мемлекеттік Ту көтерілген кезде, мемлекеттік немесе ресми сапармен келген шет мемлекеттердің басшыларын қарсы алу кезінде – тиісті шет мемлекеттің Мемлекеттік Гимні орындалғаннан кейін орындалады. Гимн көпшілік алдында орындалған кезде ҚР азаматтары оң қолын жүрек тұсына қойып, оны орнынап тұрып айтады (тыңдайды). Мемлекеттік Гимн бекітілген мәтіні мен музыкалық редакциясына дәлме-дәл сәйкестікпен, мемлекеттік тілде орындалады.

### *Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуы*

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда бұрынғы Кеңес Одағының құрамына кірген 11 тәуелсіз мемлекет басшыларының кеңесінде Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімнің хаттамасына қол қойылды. Қазақстан ТМД құрылғаннан бастап Достастықтың тағдыры үшін айрықша жауапкершілік танытты. ТМД елдерімен тең құқықты, өзара тиімді қарым-қатынастарды орнату және дамыту Қазақстан сыртқы саясатының аса маңызды міндеттерінің бірі.

Алматы Декларациясында ТМД-ның құрылуымен Кеңес Социалистік Республикалар Одағы болмысы толығымен тоқтатылды делінген. Осымен бұрынғы КСРО-ға қосымша үкім шығарылды. ТМД-ны растайтын құжаттар 1991 жылы 8 желтоқсанда қабылданған Минск келісімі және 21 желтоқсанда қабылданған Алматы протоколы, 1993 жылы 22 қаңтарда Минскіде қабылданып, 1994 жылы қаңтарда күшіне енген Достастық Жарғысымен толықты. Кейін Грузия осы Достастыққа мүше болды.

Он бір мемлекет Достастығының құрылуы бірлескен дипломатиясының нәтижесі болып саналады. Себебі, 1991 жылдың күзінде бұрынғы Кеңес республикаларының ішінен жетеуі ғана Егеменді Мемлекеттер Одағын (ЕМО) құруға мүдделерін білдірген. Алайда, 1993 жылдың соңында Әзірбайжан, Грузия және Молдова ТМД-ға қосылуына байланысты, бұрынғы КСРО құрамында болған 12 республика Достастыққа кірді.

1995 жылы РФ Президенті Жарлығымен Ресейдің ТМД-ға мүше мемлекеттеріне қатысты стратегиялық курсы бекітілді. Бұл құжатта Мәскеу интеграциялық процестердегі басты күш екендігі айтылған. Ресейдің негізгі мақсаты экономикалық, саяси және гуманитарлық интеграция арқылы Еуразиялық Одақ құру болып отыр.

Бұл ұйымның дамуын негізгі екі кезеңге бөлуге болады: 1992-2000 жылдар аралығында посткеңестік кеңістіктің бірлігін сақтап қалуға жасалған қадамдармен сипатталды. Бұрынғы КСРО-ның мұрасы бөлініп, республикааралық байланыс механизмдері құрылды. Бірінші кезеңде бұрынғы КСРО-ға кірген елдердің экономикалық, құқықтық және саяси құрылымдарын қайта құру еді.

Екінші кезең 2001 жылдан басталды. Достастық елдері қатысушылардың мүддесіне ортақ келетін түрлі салалардағы жаңа тетіктерді іздестірді. Мемлекеттер арасында саяси, парламенттік байланыстар нығайды, экономика, қаржы, сауда салаларында ынтымақтастық тереңдеді. ТМД алғаш құрылған кезеңде байланыстарды қолдау үшін Экономикалық ынтымақтастық ұйымы құрылды. 1996 жылы 29 наурызда Беларусь, Украина, Қазақстан және Ресей Кеден одағы келісіміне төртжақты келісім, экономикалық және гуманитарлық интеграцияның шартына қол қойды. Алайда, бұл төртжақты келісім маңызды нәтиже бермеді. Сондықтан Украина Кедендік одақ құрудан бас тартты. Жылдар өте, келіссөздердің нәтижесінде 2009 жылы 24 қарашада Минск қаласында Ресей, Беларусь және Қазақстан Президенттері «Кедендік Одақ құру туралы» келісімге қол қойды.

1997 жылғы мамыр айында Ресей мен Беларусь Одақ шартына қол жеткізді. Бірақ, бұл шарт өлі күнге дейін іске асқан жоқ. ТМД өз мүшелері тарапынан сынға көп алынады. Қазіргі кезде бұл ұйымның өзінің түпкі мағынасын жоғалтып, тек тұрақты мемлекетаралық кеңес өткізілетін орган ретінде қалғаны айтылып жүр.

Шын мәнінде, Достастыққа мүше мемлекеттердің арасында шынайы теңдік болмады, Мәскеу тарапынан басқа елдерге үстемдік жасау әрекеті тоқтамады. ТМД мемлекеттері негізгі топтарының мүдделері тоғыспайды, себебі жаңа мемлекеттер Мәскеуге қайта бағынышты болғысы келмейді. Бұрынғыша вертикальды-тәуелділік жүйе, яғни мемлекет үсті құрылымдарын жасауға жаңа мемлекеттер қарсы, өйткені бұл олардың егемендігін шектеуге алып келеді. Ал Ресей басшылары вертикальды байланысты сақтап қалуға тырысуда.

Мемлекетаралық байланыстарда көбінесе екіжақты және аймақтық қарым-қатынастарға көңіл бөлінуде. Ресейдің экономикалық тұрғыдан алғанда оның стратегиясына жақын әрі маңызды көршілері – Украина, Беларусь және Қазақстан сияқты мемлекеттермен бірігу жоспары бар.

Сөйтіп, 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін дүниежүзілік саяси картадан тағы бір империя жоғалып, оның орнына он бес тәуелсіз мемлекет құрылды. Қазіргі таңда бұл елдерде ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру, даму стратегиясын жасау, аймақтық әрі ғаламдық үдерістерде өз орнын табу сияқты процестер жүріп жатыр.

Халықаралық қатынастың субъектісі ретінде Қазақстан дербес сыртқы саясатын жүргізуге кірісті. Мемлекет алдына маңызды және жауапты міндет қойылды: қысқа мерзімде жас мемлекеттің ұлттық мүддесін қорғауға қабілетті, қарқынды дипломатиялық қызмет құру. Жаңа дипломатиялық қызметтің қалыптасуы оңай іс болмады. Кеңес Одағы кезінде республиканың сыртқы саясаты, іс-әрекетінің қалыптасқан дәстүрі болмады, ал социалистік бағыттағы дипломатия принциптері жаңа тарихи жағдайға үйлеспеді. Социалистік лагерь мен капиталистік блок қарсыласуының аяқталуы және КСРО-ның ыдырауы Қазақстанның сыртқы саясатын жаңа геосаяси жағдайға бейімдеуді талап етті.

Қазақстан СІМ негізгі ұйымдастырушылық мәселелермен шұғылданып, сыртқы саясаттың құқықтық базасын жасауға және кадрларды даярлауға кірісті. Шетел сыртқы саяси ведомстволарының тәжірибесін ескере отырып, халықаралық құқық құжаттарын зерделеп, Қазақстан заңнамалары негізінде 1992 жылы 2 шілдеде ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы» Ереже бекітілді. Осы құжатқа сәйкес, Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның шетел мемлекеттері және халықаралық ұйымдарымен дипломатиялық қатынас орнатып, мемлекеттік функцияларын атқаратын орталық атқарушы орган болып табылды. СІМ-нің сыртқы саясатын жүргізу қызметі тікелей Президенттің басшылығымен жүзеге

асырылды. Ереже Сыртқы істер министрлігінің функцияларын, оның құрылымы мен жеке құрамын, дипломатиялық қызметті атқару тәртібін, ранг беру, еңбекақыларын толеу, қаржы және материалдық-техникалық жабдықтау мәселелерін белгіледі. Сонымен қатар, шетелде дипломатиялық миссияларды ұйымдастыру мақсатында ҚР Президентінің 1992 жылғы 2 шілдедегі Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы» және «Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің негізгі міндеттері және құқықтары туралы» Ережелері бекітілді.

Жоғарыда аталған құжаттарға сөйкес, тәуелсіз Қазақстан сыртқы саясатының тұжырымдамасы (концепциясы) әзірленді. Тұжырымдамада жас мемлекеттің сыртқы саяси қызметінің принциптері және негізгі бағыты мен мақсаттары анықталған. Қазақстан дипломатиялық қызметінің басты міндеті әлем қауымдастығында мемлекеттің өз лайықты орнын алу, ел қауіпсіздігін сақтау, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізуде қолайлы сыртқы жағдайларды қамтамасыз ету және шетелдік инвестицияларды ұлттық экономикаға тарту болып саналады. Сыртқы саясат халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау табуға және басқа елдермен саяси, сауда-экономикалық, мәдени байланыстарды ұлғайтуды қамтамасыз етуге мүдделі. Сыртқы саясаттың негізіне көпвекторлы және теңгеру принциптері – прагматизм негізінде сыртқы серіктестерді таңдау алынған. Дипломатиялық қызметтің негізгі мәселесі – шет елдермен халықаралық құқықтық негізді екіжақты ынтымақтастық және халықаралық түсіністікті қалыптастыру, халықаралық қауіпсіздік саласында бірыңғай ТМД мемлекеттері арасында ынтымақтастық орнату болды.

Кеңес дәуірінде Қазақстан дербес сыртқы саяси іс жүргізген жоқ, ол КСРО СІМ-нің бір бөлімшесі ретінде ғана қызмет атқарды. Ал 1991 жылы тәуелсіздіктің алдында бүкіл министрліктің құрамында 28 адам ғана жұмыс істеді. Тәуелсіздік алғаннан соң шет елдермен байланыс жасау үшін ескі сыртқы саясат қолдануға жарамай қалды, себебі республика дүниежүзілік қауымдастықтың мүшесі ретінде жаңа дипломатиялық қатынас орнатты және елдің сыртқы саясатын белгіледі. Президент Н. Назарбаевтың шешімімен Мәскеуде және шетелдегі Кеңес Одағының елшіліктерінде қызмет атқарып жүрген тәжірибелі қазақ дипломаттары өз Отанына шақырылды. Шет елдерде қызмет еткен білікті жергілікті дипломаттар санаулы болғандықтан, сыртқы қатынас қызметіне елдегі басқа мамандар арасынан іріктеп алуға тура келді.

Тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан сыртқы экономикалық байланысты өз қолына алды. Шетел кәсіпорындары, сауда фирмалары тіркеліп, халық шаруашылығына сырттан инвестиция енді. Ел экономикасына шетелдік капитал, техника мен технологиялар кеңінен пайдаланылды. Сауда-саттық операциялары негізінен республикалық сыртқы экономикалық құрылымдар арқылы өткізіледі және экс-

порты дамыған капиталистік елдерге бағдарлана бастады. Қазақстан экспортының құрылымында шикізаттық бағыт басым, ол 1990 жылы 31 елге шығарылса, 2008 жылы 86 елге экспортқа шығарылатын болып өсті. Ірі шетелдік корпорациялар мен фирмалар Қазақстанның шикізат өнеркәсібін, әсіресе мұнай, газ, мыс, көмір, темір және энергетикасын сатып алды. Өкінішке орай, шетелдік товарларға біздің нарық кең ашылды, мата, тігін, тамақ және басқа біраз жергілікті оңдеу кәсіпорындары жабылып қалды.

### 5.3. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы

Тәуелсіз қазақ мемлекетін дүние жүзіне таныту үшін ең басты мәселе өмбебап Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу еді. Қазақстан Үкіметі тез арада осы мәселені шешуді қолға алды.

Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып кірерде, 1991 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Хатшысына ресми түрде жолдаған хатының қазақшаға аударылған мәтіні мынадай:

*«Қазақстан Республикасы атынан және мемлекет басшысы ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне қабылдау туралы өтінішті ұсыну құрметіне иемін.*

*Сіздің, өтінішімізді Қауіпсіздік Кеңесіне тездетіп жеткізуіңізге барынша ризалығымды білдіремін».*

#### *Декларация*

*Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелігіне өту туралы өтінішіне сәйкес, Қазақстан Республикасының атынан мәлімдеме жасау құрметіне иемін: Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында бекітілген бар міндеттемелерді жауапкершілігіне алуға және салтанатты түрде оларды орындауына міндеттеме алады.*

*Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев*

Бұл хатты БҰҰ Бас хатшысының Хатшылығы Ұйымға мүше барлық мемлекеттердің Нью-Йорктегі Тұрақты өкілдіктеріне жіберді. Хаттың мәтіні:

*Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар  
Ұйымының мүшелігіне қабылдануы туралы өтініші  
Бас Хатшының жазбасы*

*Бас Ассамблеяның 135-Рәсімдеу (процедура) ережесі және Қауіпсіздік Кеңесінің 59-уақытша Рәсімдеу ережесіне сәйкес, Бас Хатшы атына Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 31 желтоқсанда жіберген хатындағы Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар*

*Ұйымына мүшелікке оту жөніндегі отіншішін Бас Хатшы тарту құрметіне ие.*

1992 жылы 2 наурызда Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының кезектен тыс сессиясында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып кірді. Мемлекеттің дербес субъекті ретінде Ұйымның құрамына қабылдануы тәуелсіздікті нығайтудағы маңызды жол болды. Осындай халықаралық ұйымға кіру жаңа халықаралық құқық пен халықаралық қатынастарда әлемдік мойындауды білдіріп, еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің кешілі болып табылды. Сондай-ақ, ол жас мемлекеттің өз тағдырын өзі шешу құқығы мен жаһандық саяси және экономикалық үрдістерге қатысуына жол ашты. Халықаралық деңгейдегі түрлі конференциялар, кездесулер, форумдарға қатысу жас мемлекет дипломатиясының дамуына өз септігін тигізді.

1992 жылы 5 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев алғаш рет Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 46-сессиясында сөз сөйлеп, БҰҰ мүшелігіне ынтымақтастықпен кірген барлық Қазақстан халқының атынап алғысын білдірді. Ол Қазақстанның бейбітсүйгіш мемлекет ретінде БҰҰ Жарғысымен толық келісетінін айтты.

Қазақстан Президенті Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСПК) откізу туралы ұсыныс жасады. Сонымен, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде халықаралық істерге араласу құқығына ие болып, Ұйымның жинақталған халықаралық зор тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік алды.

БҰҰ Қазақстанның ядролық қарусыздану және оны таратпау режимін нығайту ісіндегі үлесін жоғары бағалады. Қазақстан Президентінің жарлығымен Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы, дүние жүзінде ядролық потенциал бойынша бесінші орындағы мемлекеттің өз еркімен одан бас тартуын Ұйымға мүше мемлекеттер қызу қолдады. Қазақстан территориясында орналасқан ядролық қарулар келешекте келісімдік процестер шеңберінде жойылып, республика ядролық қарусыз мемлекет дәрежесін алды.

Бүгінде Қазақстан 130-дан астам шет мемлекетпен дипломатиялық қатынастар орнатты. Біздің мемлекет көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болды және олардың тұрақты өкілдері Қазақстанда ашылды. Әлемдегі жағдайдың өзгеруі, сыртқы саяси, экономикалық саясаттың көпжақты бағыт алуына байланысты саясат өзгерту қажеттілігі туындады.

Бұрынғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Перес де Куэльяр Ұйымның баяу жұмысына мынадай баға берген: «Қазір, біз көпжақты дипломатияның маңыздылығына шүбә келтіріп отырған уақытта, халықаралық ұйымдар тікелей өзінің қызметін атқармай отырған жағдайды бастан кешіп отырмыз. Ұйымның халықаралық механизмін қостық, дөңгелек айналып жатыр, бірақ ойдағыдай жоспарланған алға

жылжу жоқ». Осындай пікірлерді одап кейінгі Бас хатшы Кофи Аннан да талай қайталаған. Сонымен қатар, халықаралық шиеленістерді (Палестина, Ирак, Ауганстан, Югославия) баса алмай, превентивті дипломатияны қолданудың орнына, Ұйым көп жағдайда халықаралық дағдарыстарды шешуде артта қалып отырды. Сол себепті, көп мемлекет *Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымын реформалау*, оның іс-әрекетін қайта қарап шығуды талап етуде.

Қазақстан делегациясы Ұйымның Қауіпсіздік Кеңесін реформалау мәселелеріне қатысып келеді, атап айтқанда, дамушы елдердің өкілі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты мүше болуы керектігін мәлімдеді. 1994 жылы наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымында Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесі мүшелік құрамын кеңейту қажеттігі жайында өз арнайы позициясын жариялады. Қазақстан БҰҰ Жарғысының 24-бабын негізге ала отырып, Ұйымға мүше барлық мемлекеттердің, географиялық топтардың адекватты, яғни тең түрде өкілдік етуін қалайды. Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын қайта қарастырудың маңыздылығын айтты және басқа мемлекеттермен келісе отырып, мынадай ұсыныстар жасады:

– әлемдегі қауіпсіздік пен бейбітшілікке атсалысып жүрген Жапония мен Германия сияқты ірі экономикалық державаларды БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің құрамына қосу, сонымен қатар Қауіпсіздік Кеңесіне дамушы елдер тобы атынан тұрақты мүшелер қосу арқылы оның санын сегізге жеткізу;

– Азия, Африка және Латын Америкасының аймақтық топтарының әрқайсысынан бір-бір мемлекет ұсыну арқылы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелерінің құрамын тағы 3 орынға кеңейту.

БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттердің мүдделерін жан-жақты қарастыру және Қауіпсіздік Кеңесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етуге көзделген жоба қабылдаудың демократиялық механизмін құрастыру – Қазақстанның негізгі ұстанымы болып отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер арасында өте көп даулар тудыратын Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын кеңейту жөніндегі мәселе Бас Ассамблеяның 53-ші және кейінгі сессияларында талқыланды. Қауіпсіздік Кеңесінің реформасы мен оның жұмыс тиімділігін арттыру БҰҰ жаңаруының негізі болмақ. Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты және тұрақты емес мүшелерінің құрамын кеңейту қажет және ондағы мемлекеттер өкілдігі әділ болуы тиіс деп есептейді. Тұрақты мүше ретінде Жапония мен Германияның, сонымен қатар Азия, Африка және Латын Америкасынан үш дамушы елдің қосылуын қуаттайтын пікірлер баршылық.

Қауіпсіздік Кеңесінің реформасы жөніндегі мәселелер БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында барлық елдердің қатысуымен шешілуі тиіс. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесі дұрыс жолмен шешілсе, бұл дүниежүзілік әмбебап ұйымның беделін көтеріп, әлемді соғыстан құтқарып, бейбітшілікті сақтайтын күш болады.

Егер БҰҰ реформа жасауының нәтижесінде Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелер саны 25-26-ға дейін көбейсе, консенсус болуы мүмкін емес. Кейбір сарапшылардың айтуынша, егер дүние биполярлы (АҚШ – Қытай) болса ғана бейбітшілікті орнатуға болады. Басқа сарапшылар үлкен коалицияны (АҚШ – ЕО – Ресей – Жапония – Қытай) құрғанда ғана дүниежүзілік үкіметті орнатуға болады деген ойда. Ол үшін Қауіпсіздік Кеңесіне Германия мен Жапония мемлекеттерінің кіруі қажет.

БҰҰ қырғиқабақ соғысты, аса қуатты екі державаның егесін, отарлық жүйенің құлауын, ғылыми-техникалық және технологиялық революцияны бастан өткерді. Ол қазірде жаңа жаһандық қатармен, ұлы державалардың БҰҰ Жарғысын бұзуымен және халықаралық лаңкестікпен бетпе-бет келіп отыр. Ұйым барлық мемлекеттер мүдделерінің тоғысқан нүктесіне айналып, әлемді жаһандық жанжалға ойысудан құтқарумен келеді. Сондықтан, ҚР халықаралық қоғамдастық адамзаттың келешекте қауіпсіз өмір сүру үмітін бұрынғыша БҰҰ-мен байланыстырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы біртіндеп реформалануда. Оның халықаралық жағдайға байланысты күрт қимылдар мен октем шешімдерсіз өзгеріп жатқандығы – игі процесс, бірақ осы заманғы күштердің арасалмағы бұзылмас үшін өзгерісті сақтықпен және байыппен жасаған жөн.

#### 5.4. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Заңы

Тәуелсіздік алған соң Қазақстанның шет мемлекеттермен қарым-қатынас жасауы және елшіліктер, консулдықтар орнатуы Республика Президентінің бірқатар Жарлықтарымен реттеліп келді. 1992 жылғы 2 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы» және «Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің негізгі міндеттері және құқықтары туралы» Ережелері сыртқы саясат ведомствосының ауқымын, оның мемлекеттік құрылымдағы орнын толтыра алмады. Сондықтан 1997 жылы 12 қарашада алғаш рет Қазақстан Парламенті «Дипломатиялық қызмет туралы» Заң қабылдады. Онда шет елдермен дипломатиялық қатынас орнату, елшіліктермен алмасу және Қазақстан Сыртқы істер министрлігі (СІМ) қызметкерлерінің жаңа дипломатиялық дәрежелері, министрліктің мемлекеттік құрылымдағы орны мен функциясы белгіленді. Бірінші рет дипломаттардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі заң жүзінде көрініс тапты.

2002 жылғы 7 наурызда «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» жаңа заң қабылданды. Осы заң ішкі және шет елдегі дипломатиялық қызмет жұмысының құқықтық негіздерін, тәртібін, сондай-ақ ұйымдастырылу жолдарын айқындады. Заңның 1-тарауында жалпы ережелер берілген. Онда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:



– Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі – мемлекеттің Конституциясы, осы заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын Республиканың дипломатиялық кәсіби қызметі.

– Қазақстан Республикасының консулдық қызметі – дипломатиялық қызметтің бір бөлігі және ол Республиканың азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Консулдық қызмет басқа мемлекеттермен достық қарым-қатынастарды дамытуға, экономикалық, сауда-саттық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге жәрдемдеседі.

– Дипломатиялық қызметтің жұмыскерлері дипломатиялық қызмет органдарында штаттық әкімшілік-техникалық лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер.

– Дипломатиялық қызметтің персоналына дипломатиялық қызметтің қызметкерлері мен жұмыскерлері жатады.

Қазақстанның дипломатиялық қызметі туралы заңы Республика Конституциясына негізделеді және осы заңмен реттелмеген жағдайда мемлекеттік қызмет туралы заңмен, өзге де нормативтік құқықтық актілер және Қазақстанның қол қойылған халықаралық шарттарынан тұрады. ҚР бекіткен халықаралық шарттарда осы заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады. Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесін Сыртқы істер министрлігі, оның ведомстволары, шет елдердегі мекемелер, оның қарауындағы оқу орындары құрайды.

Заңның 5-бабына сәйкес, дипломатиялық қызмет органдарына келесі міндеттер жүктеледі:

1) Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және Қазақстан Президенті мен Үкіметіне тиісті ұсыныстар беру;

2) сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегия бойынша Республика Президентіне ұсыныстар әзірлеу және оның халықаралық бастамаларын іске асыру;

3) елдің сыртқы саяси бағытын, сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыру және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу;

4) Қазақстанның егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық сахнадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

5) шет елдерде ҚР азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6) Республиканың халықаралық бейбітшілікті, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы іске асыру;

7) Қазақстанның шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарын жүзеге асыру;

8) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда елдің сыртқы саяси және сыртқы экономикалық бірыңғай бағытын және инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқа да орталық атқарушы органдардың халықаралық қызметін үйлестіру;

9) әлемдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға, шет мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жасау және орталық мемлекеттік органдарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету («Дипломатиялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы», 2002 жылғы 7 наурыз, ҚР Парламентінің Жаршысы).

Сыртқы істер министрлігіне келесі негізгі функциялар жүктеледі:

– шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Республика атынан өкілдік ету;

– Қазақстанның халықаралық саясаты стратегиясын іске асыру;

– келіссөздер жүргізу және халықаралық шарттарды жасасу, орындау, оларды Президенттің немесе Үкіметтің қарауына белгіленген тәртіппен енгізу;

– Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, Парламенті және Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар мен ұсынымдар жасау;

– Республикадағы халықаралық ұйым, конференциялар, кеңес, форумдардың қызметіне қатысуын қамтамасыз ету;

– Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін, құқық тәртібін қорғауды қамтамасыз ету, шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен сауда-экономикалық, қаржы, ғылыми және мәдени байланыстарын дамыту, іс-шараларына қатысу;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеу, есепке алу және сақтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан жасасқан халықаралық шарттардың депозитарий функцияларын жүзеге асыру;

– Республиканың су ресурстары және қоршаған ортаны халықаралық қорғау және ұтымды пайдалану, теңіз ресурстарын игеру, ғарыш кеңістігін зерттеу саласындағы мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуге қатысу;

– Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуын жалпы қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру;

– Республиканың мемлекет деңгейіндегі және халықаралық іс-шараларды протоколдық-ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету;

– халықаралық іс-шараларды өткізу кезінде Қазақстан мемлекеттік органдарының протоколды сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

– Қазақстан Республикасының басқа елдермен парламентаралық байланыстарын жүзеге асыру және шет елдерде тұратын отандастармен байланыстарды және қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;

– біздің елдегі шетелдік дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктер мен консулдық мекемелердің жұмыс істеуіне жәрдемдесу;

– өз құзыретіндегі мәселелер бойынша мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, мемлекеттік органдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын Қазақстанның халықаралық жағдайы мен сыртқы саясаты туралы хабардар ету;

– елдің инвестициялық ахуалының жақсаруына жәрдемдесу және әлемдік нарықта Қазақстанның жағымды бейнесін қалыптастыру;

– Республикада жасалған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық нарыққа шығуына жәрдемдесу және т.б.

Заңның 7-бабында дипломатиялық қызмет органдарының дербес байланыс жасау құралдары мен мұрағаттары туралы жазылған. Министрлік жеке телекоммуникациялар желісі мен курьерлік қызметті пайдаланады. Дипломатиялық қызмет органдары Қазақстан аумағындағы және шет елдердегі өзіне қарасты объектілердің қауіпсіздік жүйесін ұйымдастырады.

Осы баптың 2-тарауында дипломатиялық қызмет персоналы, дипломатиялық лауазымдарға тағайындау туралы баяндалады. Дипломатиялық қызмет персоналын дипломатиялық қызмет қызметкерлері мен дипломатиялық қызмет жұмыскерлері құрайды. Дипломатиялық қызметке жоғары білімі бар, өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті іскерлік, моральдық, кәсіби қасиеттерге қол жеткізген өрі дені сау Қазақстан азаматы тағайындалады.

Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Сыртқы істер министрі Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және қызметінен босатады. Төтенше және Өкілетті Елшілер, халықаралық ұйымдар жапындағы тұрақты өкілдерді ҚР Президенті тағайындайды және кері шақырып алады. Сыртқы істер министрінің орынбасарлары, ведомстволардың басшылары Қазақстан заңдарына сәйкес тағайындалады және лауазымынан босатылады.

Дипломаттарды Сыртқы істер министрі тағайындайды және қызметтен босатады. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке тұру үшін азаматтар алдын ала міндетті арнайы тексеруден өтеді. Шет елде қызмет етіп, елге оралған қызметкер, егер ол осы Заңның 22-бабында көзделген жазаларға тартылмаған болса, бұрын министрлікте атқарған лауазымынан төмен емес қызметке тағайындалады. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке алғаш тұрған адамдар үшін үш айға дейін міндетті сынақ мерзімі белгіленеді.

Дипломатиялық дәрежелер Заңның 3-тарауында аталған. Атқаратын лауазымы мен біліктілігін ескере отырып, қызметкерлерге келесі дипломатиялық дәрежелер беріледі:

- Атташе;
- Үшінші хатшы;
- II сыныпты екінші хатшы;
- I сыныпты екінші хатшы;
- II сыныпты бірінші хатшы;
- I сыныпты бірінші хатшы;
- II сыныпты кеңесші;
- I сыныпты кеңесші;
- II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- Төтенше және Өкілетті Елші.

Дипломатиялық дәрежелерді беру тәртібі: Төтенше және Өкілетті Елші, I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломаттық дәрежелерін Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Республика Президенті береді. Басқа дипломатиялық дәрежелерді Сыртқы істер министрі береді. Дәреже, әдетте, дипломатиялық қызметте атқаратын лауазымына сәйкес немесе бір саты жоғары не төмен болады.

Қызметкерлерге кезекті дипломатиялық дәрежелерді беру мына мерзімдерде белгіленеді: атташе, үшінші хатшы, II және I сыныпты екінші хатшы үшін – екі жыл; II және I сыныпты бірінші хатшы, II сыныпты кеңесші үшін – үш жыл. I сыныпты кеңесшіден бастап және одан жоғары дәрежелері бар дипломаттарға мерзім белгіленбейді.

Жекелеген жағдайларда, жұмыста елеулі табыстарға қол жеткізсе немесе айрықша еңбек сіңірсе, белгіленген мерзім өткенге дейін, яғни мерзімінен бұрын дәреже берілуі мүмкін. Дипломаттар, сондай-ақ министрліктен жұмыстан босатылған адамдар жауапкершілікке өкеп соғатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда, олардың дипломаттық дәрежесі төмендетілуі немесе дәрежесінен айырылуы мүмкін.

Ротация шеңберінде дипломаттардың кәсіби даярлығы мен мамандануы ескеріле отырып, шет елдегі миссияларға жұмысқа жіберіледі немесе министрліктің орталық аппаратына қызметке қабылданады. Персоналдық ротация түрлері: сыртқы ротация сыртқы істер министрлігінен шет елдердегі мекемелерге және шеттегі мекемелерден министрлікке ауысу; ішкі ротация – сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелері арасында ауысу.

Шетел мекемелеріндегі дипломаттардың жұмыс мерзімі, әдетте, кем дегенде екі жыл болуға, ал елшілік жұмыскерлерінің үздіксіз жұмыс мерзімі үш жылдан аспауға тиіс.

Мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін министрлік жүйесінен босатылған дипломаттар дәрежесінен де айырылады. Дипломаттарды ауыстыру оның біліктілігі, кәсіби даярлығы, мамандығын ескере отырып, қызмет бабындағы қажеттілікке сәйкес жүзеге асырылады. Дипломаттардың лауазымы шетел мекемелеріндегі қызметі кезінде бір реттен артық өсірілмейді. Сыртта болу мерзімі қызмет бабындағы

қажеттілікке байланысты ұзартылған жағдайларда, мұндай шектеу қолданылмайды.

Персонал қызметтік аттестациядан өтеді. Қызметкерлер өздерінің келісімімен кәсіби даярлықтан оту, көкейкесті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан талдап әзірлеу үшін Қазақстанның не басқа елдердің жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне уақытша жіберілуі мүмкін. Мұндай жағдайда олар министрліктің кадрлар резервіне енгізіледі.

Сыртқы істер министрлігінің ішкі ережесі бойынша, келесі дипломатиялық дәреже жүйелері бекітілген. Әдетте, төменде көрсетілген дәрежелері бар дипломаттар келесі лауазымды қызметтерді атқара алады:

Төтенше және Өкілетті Елші дәрежесіндегі тұлға Сыртқы істер министрі, министрдің орынбасарлары, Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшілер қызметін;

1-сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл шетелдегі Елші, халықаралық ұйымдардағы Тұрақты уәкіл және департаменттің директоры қызметін;

2-сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл – департамент директорының орынбасары, кеңесші-уәкіл, Бас консул, халықаралық ұйымдардағы тұрақты уәкілдің орынбасары және басқарма бастығы қызметін.

Дипломатиялық қызметті тоқтату үшін өз еркімен жұмыстан босату туралы өтініш береді және еңбек шарты мерзімінің бітуі немесе Республика заңдарындағы еңбек шартын бұзу, сондай-ақ өзге де себептер негіз болып табылады. Дипломаттар қызметтен өз еркімен кеткен кезде министрліктің резервіне алынады.

Шет елдердегі мекемелерде жұмыс істейтін дипломаттар қызметтік міндеттерін орескел бұзған, сондай-ақ Қазақстанның немесе болмыш елдің заң актілерінде белгіленген жауапкершілікке әкеп соғатын әрекеттер жасаған жағдайда, ол Қазақстанға мерзімінен бұрын кері шақыртылады. Мерзімінен бұрын кері шақыртып алуға отбасы мүшелерінің дәл сондай әрекеттер жасауы да негіз болып табылады.

Дипломатиялық қызмет туралы заңда дипломатия персоналына берілетін кепілдіктер, оларды материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету туралы айтылады. Дипломатиялық қызметті және оның органдарын қаржылық жағынан қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Шет елдегі қызметі кезінде дипломаттар немесе олардың жұмыскері не оның отбасы мүшелері ауырған, қайтыс болған, отбасында бала туылған жағдайда Қазақстанның заңдарымен белгіленген мөлшерде жәрдемақы алуға құқығы бар. Шет мемлекеттегі мекемеде жұмыс істейтін персоналға және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне жыл сайын ақылы демалыс беріледі, не отбасы мүшелерінің бірі қайтыс болуына байланысты барып-қайту көлік шығыстары төленеді. Шет елде жұмыс

істейтін адамдарға тұрғын үй, балаларының жалпы орта білім алуы бюджет қаражаты есебінен төленуі тиіс. Оларға қызметтік міндеттерін атқару кезінде келтірілген залал өтеледі. Дипломаттарға жыл сайын отыз күндік ақылы еңбек демалысы беріледі және экипировка, яғни қызметтік киім-кешекке қаражат бөлінеді, сондай-ақ дипломатиялық дәрежесі мен шет тілдерді меңгергені үшін негізгі айлығына қосымша үстемақы төленеді.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастықта өз орнын алуында дипломатиялық қызметтің қосқан еңбегі зор. Президенттің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін құру туралы Жарлығының 1992 жылғы 2 шілдеде қабылдануына байланысты, ҚР Сыртқы істер министрі М. Тәжиннің 2007 жылғы 16 наурыздағы бұйрығымен 2 шілде кәсіби мереке Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі күні болып белгіленді. Сөйтіп, қазақ мемлекетінің тәуелсіздігіне, баянды сыртқы саясатына қосқан сүбелі үлесін ескере отырып, ҚР Президентінің 2009 жылғы 1 шілдедегі №837 Жарлығымен Республика дипломаттарының кәсіби мерекесі «Дипломатиялық қызмет күні – 2 шілде» деп бекітілді.

Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің кәсіби мерекесі туралы министрдің бұйрығында:

1) Дипломатиялық қызмет күнін мерекелеуге арналған салтанатты іс-шараларды өткізу үшін қажетті шаралар қабылдасын;

2) Қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін Министрліктің және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қызметкерлерін:

дипломатиялық қызметтің ведомстволық наградаларымен;

«Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің Еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағымен;

Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің Құрмет грамотасымен;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің алғысымен марапаттауға;

сондай-ақ қызметін өсіруге және дипломаттық дәрежелер беруге ұсыныстар енгізісін», – делінген.


Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы №1234 қаулысына сәйкес, ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 20 қаңтардағы №57 қаулысы өзгертілді:

1) «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін» Нәзір Төреқұлов атындағы медаль;

2) «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің Еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы;

3) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ведомстволық наградалары болып табылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құрылымы



ҚР СІМ-нің құрылымы 2011 жылға берілген

## 5.5. Қазақстан Сыртқы істер министрлері

1944 жылы 12 сәуірде Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Сыртқы істер халық комиссариаты құрылып, оны КСРО-ның Үндістандағы кеңесші-уәкілі болып істеген талантты тұлға Төлеген Тәжібаев басқарды. 1946 жылы 15 наурызда Қазақ Республикасы Сыртқы істер халық комиссариатының атауы өзгертіліп, Сыртқы істер министрлігі болып қайта құрылды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан Сыртқы істер министрі қызметіне Қайыргали Байғалиев (1953-1955), Қазақ университетінің ректоры Асқар Закария (1958-1961), танымал жазушы Әди Шәріпов (1963-1966), Балжан Бөлтірікова (1966-1971) сынды көрнекті мемлекет қайраткерлері тағайындалды. 1973 жылы Сыртқы істер министрлігін Мәлік Фазылов басқарды. 1976 жылы оның орнын әдебиетші-ғалым Мүслім Базарбаев басты. Қазақ КСР-інің Сыртқы істер министрі қызметіне 1981 жылы Михаил Исиналиев тағайындалды. Ал 1989-1991 жылдары министрлік тізгінін Ақмарал Арыстанбекова ұстады.

Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігі негізінен протоколдық және консулдық жұмыстармен айналысты, ал тікелей сыртқы саясатпен шұғылданған жоқ. СІМ-мен қатар, Шет елдермен достық және мәдени байланыстар жөніндегі қазақ қоғамы және шетелдегі қазақтармен байланыс жасайтын «Отан» қоғамы қызмет атқарды, ал өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің аппаратында Шетелмен байланыс бөлімі ашылды. Олар шетел делегацияларын қабылдау, Кеңес Одағы делегациясы құрамында республика атынан халықаралық форумдарға қатысу мәселелерімен шұғылданды. Шет мемлекеттермен сыртқы байланыс бойынша жергілікті мамандар Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында және Кеңес Одағы СІМ-нің бұрынғы Жоғары дипломатиялық мектебі, қазіргі Дипломатиялық академиясында дайындалды. Жыл сайын Қазақстаннан аталған оқу орындарына берілетін квотаға сәйкес, институтқа 5-6 студент, ал академияға 1-2 маман ғана түсетін. Сол кезде Украинадан басқа одақтас республикаларда дипломаттар дайындайтын жоғары оқу орны болған жоқ. Сонымен, Кеңес дәуірінде халықаралық өмір, қатынас, әлемдік экономика, халықаралық журналистика салаларында қазақ мамандары санаулы болды.

Қазақ ССР-інің, кейін тәуелсіз Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрліктерін басқарған белгілі тұлғалар туралы қысқаша мәліметтер:

Кеңес дәуіріндегі Қазақ ССР-інің бірінші Сыртқы істер министрі Тәжібаев Төлеген Тәжібай-ұлы (1910-1964 жж.) Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданы, Сүткент ауылында дүниеге келген. Ол – қазақ халқынан шыққан даңқты дипломат, мемлекет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі.



1928 жылы Шымкент педагогикалық техникумын, 1935 жылы Мәскеудегі Н. Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясын бітірді. 1938-1940 жылдары Т. Тәжібаев Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының доценті және кафедра меңгерушісі, 1940-1942 жылдары Республика Халық ағарту комиссарының орынбасары, кейін Халық ағарту комиссары болды. 1941 жылдан Қазақ ССР Халық Комиссариаты Кеңесі председателінің орынбасары, 1944-1953 жылдары бірінші ҚазССР Сыртқы істер министрі болды. 1954-1957 жылдары Қазақ Республикасы Министрлер Кеңесі Председателінің орынбасары қызметімен қоса, 1955-1957 жылдары ҚазССР Сыртқы істер министрі болып қайта тағайындалды. Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры қызметінде еңбек етіп, 1957-1961 жылдары толық дипломатиялық қызметке ауысты. Т. Тәжібаев Үндістандағы КСРО елшілігінде кеңесші-уәкіл болып қызмет атқарды. Ол Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің негізін қалаушы және сол кездері қазақ халқын басқа елдерге таныстырушы өкіл ретінде Еуропада, АҚШ-та халықаралық конференцияларға, 1955 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының сессиясында Кеңес Одағы делегация мүшесінің орынбасары ретінде қатысты.

1961 жылы елге оралғаннан кейін, өмірінің соңғы күндеріне дейін Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болды. «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары» (1957 ж.), «Қазақстандағы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы оқу және мектеп жағдайы» (1962 ж.), «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы» (1965 ж.) және басқа да ғылыми еңбектердің авторы.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 2-4-шақырылымдарының депутаты болып сайланды.

Т. Тәжібаевтан кейін Сыртқы істер ведомствосының басшылығына Байғалиев Қайырғали Байғали-ұлы (1916-1962 жж.) келді. Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданында дүниеге келген. Орал қаласындағы жұмысшылар факультетін (рабфак) (1937 ж.), А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын (1941 ж.), Мәскеуде Бүкілодақтық Коммунистік партия (большевиктер) Орталық Комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебін (1946 ж.) тәмамдаған.

Институтты бітірген соң үш жыл Батыс Қазақстан облыстық коммунистік партиясының нұсқаушысы, 1943-1944 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің инструкторы болып қызмет атқарады. 1946-1950 жылдары – Көкшетау облыстық партиясының үгіт және насихат жөніндегі секретары болды. 1950 жылдан бастап Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Мәдени-ағарту мекемелерінің ісі жөніндегі комитеттің төрағасы, 1951 жылдан – Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің көркем әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

1953-1955 жылдары Қазақ Республикасының Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. Министрліктің жұмысын кеңейтуге ол көп

күш-жігерін жұмсады. 1955-1960 жылдары – Оңтүстік Қазақстан облыстық Коммунистік Партиясының секретары, кейін «Қазақфильм» киностудиясының директоры болды.

Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 3-4-шақырылымдарының депутаты.

**Зәкарин Асқар Зәкария-ұлы** (1908-1990 жж.) бұрынғы Торғай, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданында дүниеге келген. Физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор. Асқар Зәкария-ұлы – үлкен ғылыми-педагогикалық және мемлекеттік жұмысымен қоса, дипломатиялық қызметке де өз үлесін қосқан тұлға. 1931 жылы Орынбордағы жұмысшылар факультетін, Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін бітірді.

1937-1941 жылдары – Абай атындағы Қазақ педагогика институтының директоры. 1941-1946 жылдары Қызыл әскер құрамында Ұлы Отан соғысына қатысты. 1953 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, 1955-1958 жылдар аралығында Қазақ КСР Оқу министрі болды. 1958 жылдан 1961 жылға дейін Республика Министрлер Советі председателінің орынбасары және Қазақ ССР Сыртқы істер министрі қызметін қоса атқарды. 1963-67 жылдары Қазақ ССР Жоғарғы Советінің председателі, 1970 жылдан 1984 жылға дейін Алматыдағы Қазақ университетінің геометрия кафедрасының меңгерушісі болды. А. Зәкаринның «Казахская ССР. Рассказ о семилетке» (1961 ж.), «Казахский государственный университет им. С.М. Кирова» (1966 ж.) және басқа да еңбектері бар.

Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесі 4-8-шақырылымдарының депутаты болып сайланды.

**Шәріпов Әди Шәріп-ұлы** (1912-1990 жж.) қазіргі Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы), Жарма ауданында дүниеге келген. Белгілі жазушы, әдебиет зерттеушісі, мемлекет қайраткері, филология ғылымдарының докторы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі.

1939 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдады. Мұғалімдік жұмыстан әскерге алынып, 1940-1944 жылдары фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысына қатысты.

1944 жылдан бастап 14 жыл бойы Қазақстан Оқу министрінің орынбасары, 1958 жылдан 1963 жылға дейін – Оқу министрі, 1963-1966 жылдары Республиканың Министрлер Советі председателінің орынбасары және бір мезгілде Сыртқы істер министрінің қызметін қоса атқарды. Барлық мемлекеттермен сыртқы байланыс және сыртқы саясат Мәскеудің қолында ғана болғандықтан, одақтас республикалардың Сыртқы істер министрліктері халықаралық қатынаспен шұғылданбайтын. Сондықтан, олардың сыртқы істер ведомствосының өкілеттілігі пектеулі болып, бір адам қос қызметті бірге атқаратын. Ә. Шәріпов өте білімді, жұмысқа жауапкершілігі жоғары, мәдениетті және әділетті адам еді.

«Қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары және бүгінгі жағдай» (1973 ж.), «Жұмағали Саиынның өмірі мен творчествосы», «Партизан қызы» (1968 ж.) және тағы басқа еңбектердің авторы.

**Бөлтірікова Балжан Бөлтірік-қызы** (1921-1998 жж.) Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қасық ауылында дүниеге келген. Ол – еліміздің тарихында Қазақстанның Сыртқы істер министрі болған тұңғыш қазақ әйелі.

1943 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын қазақ тілі мамандығы бойынша бітірген Балжан Бөлтірік-қызы 1941 жылдан 1949 жылға дейін Алматы қаласының №12 тұңғыш қазақ мектебінің директоры, 1955-1966 жылдары Республиканың әлеуметтік қамсыздаудыру министрі қызметтерін атқарды. 1966 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Председателінің орыбасары, бір мезгілде Сыртқы істер министрі лауазымына ұсынылды. КСРО ресми делегациясының құрамында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 1966 және 1970 жылдардағы ХХІ және ХХV сессияларының жұмыстарына қатысты. Сол жылдары ол атақты дипломат, кеңес делегациясын бастап барған КСРО Сыртқы істер министрі А.А. Громыкомен бірге Нью-Йоркте жұмыс істеді. Қазақ КСР Сыртқы істер министрі Б. Бөлтірікова Біріккен Ұлттар Ұйымы мінбесінен тұңғыш рет сойлеген қазақ әйелі болды. Үкімет оның дипломатиялық қабілетін, келіссөздер жүргізе білу шеберлігін, сыртқы саясатқа сіңірген үлесін бағалап, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттады. Дипломатиялық қызметтен кейін 1971-1974 жылдар аралығында Балжан Бөлтірік-қызы Қазақ КСР-інің Оқу-ағарту министрі болып жұмыс істеді. Осы жылдары ол «Школа Казахстана в девятой пятилетке» (1972 ж.), «Общеобразовательная школа Казахстана на новом этапе» (1974 ж.) сынды кітаптарын жазды.

Сонымен қатар, Б. Бөлтірікова Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 2-8-шақырылымдарының, КСРО Жоғарғы Кеңесі 7-шақырылымының депутаты болып сайланды.

**Фазылов Мәлік Сабыр-ұлы** (1927-1995 жж.) Қостанай облысы, Обаған ауданы, Қарағай ауылында дүниеге келген. Партия қызметкері, дипломат, КСРО Төтенше және Өкілетті Елшісі, тарих ғылымдарының кандидаты.

1950 жылы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын бітіріп, Алматы Жоғары партия мектебінде аға оқытушы болды. 1951 жылдан Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігінің бірінші хатшысы, министрдің көмекшісі, 1956-1961 жылдар аралығында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің лекторы болып жұмыс істеді. 1961 жылдан Көкшетау облыстық партия комитетінің секретары, ал 1973-1976 жылдары Сыртқы істер министрі болып жұмыс істеді. 1976 жылдан бастап КСРО-ның Мали және Марокко мемлекеттеріндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі болды. 1990 жылғы 6 қыркүйектен бастап, Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігіне бас кеңесші болып қабылданды. Тәуелсіздік жылдары қайта құрылған Қазақстан Сыртқы

істер министрлігінің кеңесшісі болып соңғы күндеріне дейін қызмет атқарды.

«Афро-азиатская солидарность и борьба против империализма» (1972 ж.), «Религия и национальные отношения» (1969 ж.) және басқа да еңбектердің авторы.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесі 7-10-шақырылымдарының депутаты болып сайланды.

Базарбаев Мүсілім Базарбай-ұлы (1927-1995 жж.) Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Кекрелі ауылында дүниеге келген. Ғалым, журналист, филология ғылымдарының докторы. Қазақ мемлекеттік университетін және Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын бітірген.

1951-1952 жылдарда – Қазақ КСР Ғылым Академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және опер институтының кіші ғылыми қызметкері. 1956 жылдан осы институттың ғылым жөніндегі директорының орынбасары, ал 1961-1970 жж. аталған институттың директоры болды. 1970-1976 жж. – Қазақ ССР-інің Мәдениет министрі. 1976-1981 жылдары Қазақ ССР-інің Сыртқы істер министрі. 1981-1995 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі, директоры болып қызметтер атқарды.

Мүсілім Базарбайұлы – «Әдебиет және дәуір» (1966 ж.), «Национальные традиции и новаторство в казахской поэзии» (1973 ж.), «Эстетическое богатство нашей литературы» (1976 ж.), «Гармония мысли и слова» (1994 ж.) сынды кітаптардың авторы.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесі 8-10-шақырылымдарының депутаты болып сайланды.

Исиналиев Михайл Иванович (1928-1999 жж.) 1928 жылы Ресей Федерациясының Саратов облысында дүниеге келген. Мәскеуде Орталық комсомол мектебін аяқтап, Павлодар облыстық обком комсомолы, 1960 жылдан бастап Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінде хатшылық қызметінде жұмыс атқарды. Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясын тәмамдай отырып, философия ғылымы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. 1964-1969 жылдар аралығында Алматы қаласының партия комитетінде Хатшы қызметін атқарып, 1969 жылдан бастап Қазақстан Коммунистік партиясында мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1981-1989 жылдары Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. Кеңес Одағы делегациясының құрамында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының жұмысына қатысты. Төтенше және Өкілетті Ұкіл дипломатиялық рангісі бар. Қазақстан тәуелсіздік алған соң ол дипломатиялық қызметін жалғастырды. 1992 жылдың қарашасынан бастап ҚР Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшісі қызметін атқарды. Философия ғылымдарының кандидаты, доцент. Сондай-ақ, М. Исиналиев Қазақстан Жоғарғы Советі 7-11-шақырылымдарының депутаты болды.

«Записки дипломата», «За сильных духом», «На грани...эпох» кітаптарының авторы.

Арыстанбекова Ақмарал Хайдарқызы 1948 жылы Алматы қаласында дүниеге келді. С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірді. Химия ғылымдарының кандидаты, тарих ғылымдарының докторы.

Ол 1974-1978 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. 1983 жылға дейін Қазақстан Лениндік Жастар одағы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі, кейін – хатшысы қызметін атқарды. А. Арыстанбекова 1983-1989 жылдары Шетелдермен достық және мәдени байланыс қазақ қоғамының Президиумын басқарды. Ал дипломатиялық қызметке 1989 жылы келді. 1989-1991 жылдар аралығында Қазақстанның Сыртқы істер министрі, 1992 жылдан 1999 жылға дейін – БҰҰ-да Қазақстанның тұрақты өкілі және ҚР Куба Республикасындағы Елшісі қызметін қоса атқарды. 1999-2003 жылдары Франциядағы Қазақстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды. Сол жылдары Париждегі ЮНЕСКО-ның ҚР-дағы Тұрақты өкілі қызметін қоса атқарды. ҚР СІМ-нің Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшісі.

А. Арыстанбекованың Төтенше және Өкілетті Елші рангісі бар. Оның «Ұлттар Ұйымы және Қазақстан», «Казахстан в ООН: История и перспективы», «Миротворческая деятельность ООН» деген басылымдары жарық көрді.

Қазақстан Жоғарғы Советі 11-шақырылымының депутаты болды.

Сүлейменов Төлеутай Сқақұлы 1941 жылы Семей қаласында дүниеге келді. Қарағанды политехникалық институты, сондай-ақ Кеңес Одағы СІМ Дипломатиялық академиясының түлегі. 1980 жылдан бастап – КСРО Сыртқы істер министрлігінде дипломатиялық қызметте. 1988 ж. – Иран Ислам Республикасында КСРО елшілігінің кеңесшісі. 1991-1994 жылдары – ҚР Сыртқы істер министрі. 1994 жылы ҚР-дың АҚШ-тағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды. 1996-2001 жылдары Қазақстанның Венгрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі. Осы жылдары Польша, Болгария, Чехия, Словакия, Румыния Республикаларындағы Елшісі міндетін қоса атқарды. 2001-2003 жылдары ҚР-ның Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі болды. Люксембург Корольдігінде Елші, Еуропалық Одақ және Солтүстік Атлант шарты ұйымының (НАТО) Өкілі міндетін қоса атқарды. Төтенше және Өкілетті Елші рангі бар.

2005 жылдан бастап ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының вице-ректоры, Дипломатия институтының директоры қызметін атқаруда. Т. Сүлейменов тәуелсіз Қазақстан дипломатиясының бірінші Сыртқы істер министрі ретінде танымал.

«Казахстан и страны Восточной Европы: основные направления и перспективы сотрудничества» атты кітабы жарық көрді.

**Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы** 1946 жылы Алматы облысы Іле ауданы Жетіген ауылында дүниеге келді. Ленинград мемлекеттік мәдениет институтын 1968 жылы бітірді. 1988 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Қоғамдық ғылымдар академиясын тәмамдады. Саясаттану ғылымдарының докторы.

Еңбек жолын Республикалық халық творчествосы үйінде методист болып бастады. Кейін М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрында режиссер, 1972-1976 жылдары Қазақ мемлекеттік циркінің директоры, Министрлер Кеңесі Мәдениет бөлімінің меңгерушісі. 1983 жылдан бастап ҚазССР Кинематография жөніндегі Мемлекеттік комитеттің төрағасы, 1988-1990 жылдар аралығында ҚазССР Мемлекеттік комитетінің Мәдениет жөніндегі төрағасы қызметін атқарды. 1991 жылғы қыркүйектен бастап Мәскеу қаласында Қазақ ССР-інің КСРО-дағы Тұрақты өкілі.

1992 жылғы мамырдан бастап дипломатия қызметінде. 1992-1994 жылдары Қазақстанның Түркиядағы Елшісі, 1994 жылғы сәуірден қазанға дейін – ҚР Сыртқы істер министрі. 1994-1996 жылдары қайтадан Қазақстанның Түркия Республикасындағы Елшісі, 1996-1999 жылдары Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінде Елші және бір мезгілде Ирландия Республикасы, Швеция және Норвегияда Елші қызметін қоса атқарды. Елге қайтып оралғаннан кейін ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің жетекшісі. 2000-2007 жылдар аралығында Қазақстанның АҚШ-тағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Канадада Елші қызметін қоса атқарды. 2007 жылдан бастап ҚР Мемлекеттік хатшысы, ал 2009 жылғы қыркүйектен ҚР Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі болып тағайындалды.

Төтенше және Өкілетті Елші рангі бар.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі 11-шақырылымының депутаты.

«Труд и образ жизни» кітабының және халықаралық қатынастар туралы мақалалардың авторы.

**Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы** 1953 жылы Алматы қаласында дүниеге келді. КСРО Сыртқы істер министрлігінің жанындағы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын (1975 ж.), Пекин Лингвистикалық институтын (ҚХР) және Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын (1992 ж.) бітірген. Саяси ғылымдардың докторы. Ағылшын, қытай және француз тілдерін меңгерген. Дипломатиялық дәрежесі – Төтенше және Өкілетті Елші.

Кеңес Одағы СІМ орталық аппаратында және КСРО-ның шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерінде (Сингапур, 1975-1979 жж.) жұмыс істеді. 1979-1983 жылдары Мәскеуде СІМ-де, 1984-1991 жылдар аралығында Қытай Халық Республикасындағы Кеңес Одағының Елшілігінде қызмет атқарды.

1992 жылғы наурыздан тәуелсіз Қазақстанның дипломатиялық қызметінде. 1992 жылғы наурыздан бастап – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, бірінші орынбасары. 1994 жылғы қазаннан бастап – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі.

1999 жылғы наурыздан бастап Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі. 1999 жылғы қазан – 2002 жылғы қаңтар аралығында – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі. 2002-2003 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Сыртқы істер министрі. 2003 жылғы маусым – 2007 жылғы қаңтар аралығында – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі.

Қ. Тоқаев Қазақстан СІМ-нің жаңа құрылымын қалыптастыруға зор үлес қосты. 2007 жылдан бері – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы.

Оның «Как это было: хроника волнений в Пекине», «Организация Объединенных Наций: полвека служения миру», «Под стягом независимости», «Беласу», «Нүр мен көлеңке», «Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации», сондай-ақ Қ.Тоқаевтың редакциясымен «Дипломатия Республики Казахстан», «Дипломатическая служба Республики Казахстан», «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты» атты және т.б. кітаптары Қазақстанда және шет елдерде жарық көрді.

Ыдырысов Ерлан Әбілфайызулы 1959 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы қаласында дүниеге келген. 1981 жылы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын, 1992 жылы Ресей Федерациясының СІМ Дипломатиялық академиясын тәмамдады.

Институтты бітіргеннен 1985 жылға дейін Пәкістанның Карачи қаласында «Тяжпромэкспорт» сыртқы сауда ұйымында референт болды. 1985-1990 жылдары Қаз КСР Сыртқы істер министрлігінде Бірінші хатшы, халықаралық экономикалық қатынастар бойынша кеңесші, Протокол бөлімінің бастығы, 1991 жылы КСРО-ның Үндістандағы елшілігінің қызметкері болды. 1992-1995 жылдар аралығында – ҚР Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Тұрақты өкілдіктің Бірінші хатшысы. Елге оралған соң ҚР СІМ-де басқарма басшысы, Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елші қызметтерін атқарды. 1996-1999 жылдары ҚР Президентінің халықаралық мәселелер жөніндегі көмекшісі, министрінің бірінші орынбасары, 1999-2002 жылдары Сыртқы істер министрі болды. 2002 жылдан 2007 жылғы шілдеге дейін – Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары, ҚР-ның Англиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, бір мезгілде Швеция, Норвегия, Ирландия Республикасында Елші қызметін қоса атқарды. 2007 жылғы шілдеден бастап – Қазақстанның АҚШ-тағы Елшісі, бір мезгілде Бразилиядағы Елші қызметін қоса атқаруда.

Төтенше және Өкілетті Елші рангісі бар.

Тәжин Марат Мұханбетқазыұлы 1960 жылы 8 сәуірде Ақтөбе қаласында туды. Алматы халық шаруашылығы институтын және Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірді. Әлеуметтану ғылымдарының докторы.

1992 жылға дейін ғылыми-оқытушылық қызметпен айналысты. 1992-1995 жылдар арасында Қазақстан Республикасы Президенті мен

Министрлер Кабинетінің аппаратында ішкі саясат бөлімі меңгерушісі, Президент аппараты басшысының орынбасары, Президенттің Мемлекеттік кеңесшісі, 1995-2001 жылдары – Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, Президенттің Қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі – ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы. 2001 жылы – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетін басқарды. 2007 жылғы қаңтардан ҚР Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төраға болып сайлануына көп еңбек етті.

2009 жылғы қыркүйектен Президенттің қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі – ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы қызметіне ауысты.

Төтенше және Өкілетті Елші рангісі бар.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары шет мемлекеттермен дипломатиялық жүйе орнатылып, 20-дан астам елшілік ашылды. Сол кезде қызмет еткен Елшілердің жетеуі ғана кәсіби тәжірибелері бар дипломаттар болды (И. Аманғалиев, Б. Әмреев, С. Батыршаұлы, Н. Дәненов, С. Құрманғожин, Т. Сүлейменов, Б. Тайжанов). Басқа Елшілер өзге салалардан, атап айтқанда партия, мемлекет, шаруашылық қызметтерінен келді. Кейін Мәскеуде және шетелде қызмет атқарып жүрген қазақ дипломаттары және барлау қызметкерлері ҚР Сыртқы істер министрлігіне жұмысқа шақырылды.

Дипломатия кәсібінің қоғамдағы беделі артқан сайын жастар көбірек келіп, халықаралық салада жаңа буын мамандары қалыптасты. Сыртқы істер ведомствосы қызметкерлеріне Қазақстанның беделін нығайту, халықаралық проблемаларды шешуге белсене атсалысу, әлемдік экономикалық жүйеге тең құқылы ықпалдастық ету, еліміздің сыртқы саяси бағдарын дәл әрі тиімді жүзеге асырудың зор жауапкершілігі жүктелді. Қазіргі уақытта әлемдегі мемлекеттің сыртқы саясатын жемісті жүргізуде СІМ жүйесінде білікті дипломаттар баршылық. Соңғы жылдары ҚР Президентінің Жарғысымен тағайындалған Төтенше және Өкілетті Елшілердің төмендегідей мәтінде ант беру тәжірибесі енгізілді:

## АНТ

Қазақстан Республикасының халқы мен Президенті алдында өз Отаным Қазақстан Республикасын экономикалық және рухани дамыту ісіне барша күш-жігерім мен білімімді жұмсауға, мемлекеттің Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-әрекетімде заңдылық пен әділеттілік, азаматтық және ұлтаралық татулық принциптерін ұстануға, Қазақстан халқына адал қызмет етуге, өз елімнің мемлекеттілігі мен әлемдік қоғамдастықтағы беделін нығайта беруге салтанатты түрде ант беремін. Ант етемін!



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қай жылы Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігі құрылды? Оның міндеті мен жұмысы туралы баяндап беріңіз.
2. Кеңес дәуіріндегі тұңғыш қазақ дипломаты Нәзір Төреқұл-ұлының саяси, қоғамдық, дипломатиялық қызметі туралы реферат даярлаңыз.
3. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Жоғарғы Кеңесі қабылдаған тәуелсіздік туралы құжаттың ресми атауы.
4. Қолданыстағы ҚР Дипломатиялық қызметі туралы Заңы қай жылы қабылданды?
5. Қазақстан Сыртқы істер министрлерінің аты-жөндерін және олардың атқарған жұмысы туралы айтып беріңіз.

## 6-ТАРАУ. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МЕН СТАТУСТАР

*Жауап таба алмаған жағдайда, дипломат  
эрқашан да сұрақ қоя біледі.*

*Константин Мелихан (Ресей жазушысы)*

Әдетте, дипломатия деп мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының, сыртқы істер органдары қызметкерлерінің сыртқы саясат саласындағы іс-әрекеттерін атайды. Дипломатияға мемлекетаралық байланыс, халықаралық ынтымақтастықты орнату, бейбітшілікті сақтау, мемлекетаралық жанжалдарды болдырмау мақсатында жүргізілетін келіссөздер, халықаралық конференциялар жұмысы жатады. Кейде дипломатияны «сыртқы саясат жүргізу» немесе «келіссөздер жүргізу өнері» деп те атайды. Жалпы, мемлекеттердің конституцияларына сәйкес сыртқы саясаттың негізгі бағыт-бағдарларын ел президенті не болмаса үкімет басшысы белгілейді. Ал сыртқы істер мекемелері осы бағдарды жүзеге асырып отырады.

XV ғасырдың ортасынан бастап халықаралық қарым-қатынастар дамуының нәтижесінде кейбір мемлекеттер шет елдерде тұрақты елшіліктер ұстады. «Дипломатия» термині мемлекеттік қызмет атауы ретінде тек XVIII ғасырдың аяқ кезінен бастап Батыс Еуропада қолданыла бастады. Дипломатия қызметінде үкіметаралық ресми келіссөздер мен сапарлар, халықаралық конференциялар, екіжақты немесе көпжақты халықаралық келіссөздер, дипломатиялық актілерді бекіту рәсімдері қолданылады.

### 6.1. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы (1961 ж.)

XVIII ғасырдан бастап мемлекеттің басқа елдегі басты өкілі Елші болып қалыптасты. 1815 жылғы «Дипломатиялық агенттерге қатысты Ережеге» немесе Вена регламентіне сәйкес, Елшілер жоғары сыныпты (класты) дипломаттар санатында қарастырылып, ендігі кезекте өзінің ел басшысы атынан басқа мемлекеттің басшысымен келіссөздер жүргізе алатын болды. Уақыт өте келе, дипломатиялық қызметтің демократия

негізінде қалыптасуы кең етек алды, яғни халықаралық қатынастардағы мемлекеттерді ірі және шағын деп бөлу, ірі мемлекет елшісінің басқа елдің елшісі алдындағы жоғары дәрежесі секілді әдеттер тоқтатылды. Барлық мемлекеттердің елшілері тең дәрежелі болып саналды.

1815 жылы халықаралық қатынаста елшілермен бірге дипломаттар мен делегация мүшелерінің дәрежесін, орнын және құқықтарын анықтайтын Вена регламенті қабылданды. Ол 1814-15 жылдары Вена конгресінің Қорытынды актісіне қосымша ретінде дипломатиялық мәртебелер дәрежесі мен этикет мәселелері бойынша туындаған түсінбеушілікті реттеу мақсатымен қабылданды.

Вена регламенті дипломатиялық агенттерді 3 сыныпқа (класқа) бөлді: монархтар атынан өкілдік етуші елшілер мен папа легаттары немесе нунцийлер; уәкілдер, министрлер мен ел билеушілердің басқа да уәкілдері; сенімді өкіл, сыртқы істер министрлерінің уәкілдері.

Барлық мемлекеттерге бірдей дипломатиялық агенттерді кластарына сәйкес қабылдау тәртібі белгіленді. Көпжақты шарт жасасқан кезде мемлекет уәкілінің оларға қол қою тәртібі жеребе арқылы анықталды. Вена регламенті көп жылдар бойы дипломатиялық тәжірибеде халықаралық құқық нормалары ретінде қолданылып, бұл Ережелерді ресми түрде келісімге қол қоймаған мемлекеттер де ұстанды.

Францияның императоры Наполеонға қарсы біріккен Еуропа монархтарының әскери жеңісінен кейін бейбітшілік туралы шарт дайындау үшін 1818 жылғы Аахен конгресі шақырылды. «Қасиетті одақ» аясында Ресей, Австрия, Англия, Пруссия мен Франция басшыларының бас қосуы әлемнің жаңа тарихындағы ірі дипломатиялық кездесу болды. Конгреске осы мемлекеттердің монархтары мен жоғары мәртебелі, лауазымды өкілдері: І Александр, К. Меттерних, Р.С. Каслри, К.А. Гарденберг және герцог Ришелье қатысты.

Конгрестің барлық қатысушылары қол қойған 1818 жылғы 15 қарашадағы Декларация олардың «қазіргі зұлым заманда шапағаты әлсіреген халықаралық құқық, тыныштық, үміт пен адамгершілік» бастауларын қолдаудағы бірлескен ынтымақтастығын жария етті. Осы сөздердің астарында бес монархияның Еуропадағы абсолюттік патшалық құрылымды бірігіп нығайту мен буржуазиялық революциялық қозғалысты басу үшін күш біріктіруге ұмтылуы жатты. 1815 жылғы 21 қарашада «министрлер-резиденттер» дәрежесі туралы протоколға қол қойылды. 1815 жылғы Вена регламентіндегі кемшіліктерді ескере отырып, Конгреске қатысушылар «министрлер-резиденттер» дәрежесін уәкілдер мен сенімді өкілдер арасындағы дипломатиялық өкілдердің орташа класы деп бекітті және оны мемлекет басшысының жанында тіркеді. Осы келісім халықаралық құқық пен дипломатиялық этикеттің жалпыға бірдей танылған нормалары болды. Дегенмен, қазіргі уақытта дипломатияда бұл дәреже қолданылмайды. Кеңес Одағы және басқа социалистік елдердің заңнамасы мен дипломатиялық тәжірибесінде министр-резидент дәрежесі болмады.

*Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы* дипломатиялық құқық саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілердің ішіндегі ең басты құжат болып саналады. Ол 1961 жылы 18 сәуірде Вена қаласында дипломатиялық қарым-қатынастар және халықаралық құқық негіздерінде қабылданды. Ол 53 баптан тұрады. Онда дипломатиялық қарым-қатынастар орнату және дипломатиялық өкілдіктер ашу, олардың функциялары, өкілдіктің басшылары мен қызметкерлерін тағайындау немесе шақыртып алу тәртібі, өкілдік пен оның қызметкерлерінің айрықша құқықтары мен иммунитеттері белгіленген, сондай-ақ Елші (Посол), Уәкіл (Посланник), Сенімді өкіл (Поверенный в делах) сияқты дипломатиялық өкілдің үш түрі атап көрсетілген.

Конвенция барлық елдердің ежелгі заманнан бастап дипломатиялық тәжірибесі мен мәртебесін тани отырып, мемлекеттердің егеменді тәндігі, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғау және мемлекеттер арасында достық қатынастарды дамытуға жәрдем көрсетуге қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптерін назарға алды. Дипломатиялық қатынастар, ерекшеліктер мен иммунитеттер туралы халықаралық конвенцияны жасасу – әр түрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылыстағы айырмашылықтарына қарамастан, елдер арасындағы бейбіт қатынастарды дамытудағы мүмкіндіктердің бірі. Артықшылықтар мен иммунитеттер жекелеген адамдардың пайдасы үшін емес, шет мемлекеттің органы ретінде дипломатиялық агенттердің өз функциясын тиімді түрде жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін берілді.

Конвенцияның 2-бабына сәйкес, мемлекеттер арасында дипломатиялық қатынас орнату және тұрақты дипломатиялық миссиялар құру өзара келісім бойынша жүзеге асырылады.

Дипломатиялық миссия функцияларына: өкілдік, яғни елшілік орналасқан мемлекетке аккредиттеуші мемлекеттің атынан өкілдік ету; елшілік орналасқан мемлекетте аккредиттеуші мемлекеттің және оның азаматтарының мүдделерін, халықаралық келісімдерді қолдау; елшілік орналасқан мемлекеттің үкіметімен келіссөздер жүргізу; елшілік орналасқан мемлекеттегі жағдайлар мен оқиғаларды барлық заңды жолдармен анықтау және олар туралы өз үкіметіне хабарлау; аккредиттеуші мемлекет пен елшілік орналасқан мемлекет арасында достық қатынастар орнату және олардың экономика, мәдениет және ғылым салаларындағы өзара қатынастарын дамыту жатады. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының ережесі консулдық миссияның функцияларын орындауға кедергі келтірмейді.

Бір мемлекет жаңа елшіні жіберу үшін болмыш мемлекеттен алдып ала ағреман, яғни осы персонаға келісім сұрайды. Әдетте, мұндай ағреман бірнеше айдың ішінде беріледі. Егер осы кандидатураға келісім берілмесе, аккредиттеуші мемлекет ағреман беруден бас тартудың себептерін хабарлауға міндетті емес екендігі 4-бапта көрсетілген.

Мемлекет өзінің елшісін бір немесе бірнеше мемлекетке осы елдердің келісімімен тағайындай алады. Осыған байланысты, 1961 жылғы Вена конвенциясының 5-бабында былай делінген:

«1. Өкілді жіберуші мемлекет белгілі нысанда өкілдік орналасқан болмыш мемлекеттерге хабарлай отырып, егер өкілдік орналасқан кез келген мемлекет тарапынан қарсылық білдірілмесе, өзінің өкілдік басшысын немесе жағдайларға байланысты дипломатиялық персоналдың кез келген мүшесін бір немесе бірнеше мемлекетке тіркей алады.

2. Өкілді жіберуші мемлекет өзінің елшісін бір немесе бірнеше басқа да мемлекетке тіркесе және аталған мемлекеттерде елшінің тұрақты тұрғылықты орны болмаса, ондай жағдайда елші сол мемлекетте тұрақты сенімді өкілдерді басқаратын дипломатиялық өкілдікті құра алады.

3. Өкілдік басшысы немесе өкілдіктің дипломатиялық персоналының кез келген басшысы кез келген халықаралық ұйым жанында тіркелетін мемлекеттің өкілі ретінде жұмыс істей алады».

Төтенше және Өкілетті Елші басқаратын дипломатиялық өкілдік «елшілік», ал уәкіл немесе сенімді өкіл басқаратын өкілдік «дипломатиялық миссия» деп аталады.

Халықаралық қатынаста ұлттар теңдігінің принципі дипломатиялық өкілдіктердің басшылары ретінде уәкілдер санатының дипломатиялық тәжірибеден жоғалып кетуіне әкелді. Қазіргі кезде дипломатиялық қатынастар орнатылған кезде елшіліктермен алмасу қалыптасқан тәжірибе.

3-сыныпты дипломатиялық өкілдіктің басшысы – сенімді өкіл және осындай дипломатиялық өкілдер халықаралық тәжірибеде сирек кездеседі. Мұндай дипломаттармен саяси, экономикалық және өзге де мүдделері өзара шектеулі елдер алмасады. Алайда, саяси себептер бойынша тиісті елмен анағұрлым жоғары деңгейде қатынастар орнатқысы келмейтін елдер жоғарыда аталған дәрежедегі дипломатиялық сенімді өкілді тағайындауды қолданады.

Аккредиттеуші мемлекет миссия орналасқан тиісті елге қажетті түрде хабарлап, өкілдік орналасқан мемлекеттердің тарапынан қарсылық болмаса, өкілдік басшысын, яғни елшіні немесе дипломатиялық персоналдың кез келген мүшесін бір немесе бірнеше басқа мемлекетке аккредиттейді немесе тағайындай алады. Егер аккредиттеуші мемлекет өкілдік басшысын бір немесе бірнеше басқа елге тағайындап, сол елде тұрақты түрде болмайтын болса, әрбір мемлекетте уақытша сенімді өкіл басқаратын дипломатиялық миссия құруға құқығы бар. Сонымен қатар, елші немесе басқа дипломат кез келген халықаралық ұйымда аккредиттеуші мемлекеттің өкілі ретінде әрекет жасай алады. Егер өкілдік орналасқан мемлекет қарсылық білдірмесе, екі немесе бірнеше мемлекет басқа мемлекетке өкілдік басшысы ретінде белгілі бір адамды келісім бойынша тағайындайтыны 6-бапта көрсетілген.

Аккредиттеуші ел өз елшілігінің персонал мүшелерін еркін тағайындай алады. Олар аккредиттеуші мемлекеттің азаматтары болуы

тиіс. Өкілдіктің дипломатиялық персонал мүшелері өкілдік орналасқан елдің азаматтары қатарынан тағайындалмайды. Осындай қажеттілік туып жатқан жағдайда, оған қабылдаушы мемлекеттің келісімі қажет және бұл келісімнің күші кез келген уақытта жойылуы мүмкін. Әскери, теңіз немесе авиациялық атташеге қатысты айтатын болсақ, өкілдік орналасқан мемлекет өзінің келісімін беру үшін олардың аты-жөнін алдын ала хабарлауды талап етеді. Елшілік орналасқан мемлекет бір мезгілде аккредиттеуші мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын үшінші мемлекеттің азаматтарына қатысты жоғарыда аталғандай құқықты сақтай алады.

Қабылдаушы ел өз шешімінің себептерін түсіндіріп жатпастан, өкілдік басшысы немесе өкілдіктің дипломатиялық персоналының қайсыбір мүшесі «*persona non grata*» болып табылатындығын немесе өкілдік персоналының басқа да мүшесін қабылдай алмайтындығын аккредиттеуші жаққа кез келген уақытта хабарлай алады. Мұндай жағдайда, Конвенцияның 9-бабына сәйкес, аккредиттеуші мемлекет аталған тұлғаны кері шақырып алуға немесе өкілдіктегі оның функциясын тоқтатуға тиіс. Белгілі бір адам қабылдаушы мемлекеттің аумағына келемін дегенше, «*persona non grata*» немесе қабылдауға болмайды деп жариялануы мүмкін. Ал, егер аккредиттеуші мемлекет осы баптың 1-тармағында көзделген өз міндеттемелерін орындаудан бас тартса немесе ақылға қонымды мерзім ішінде орындамаса, өкілдік орналасқан мемлекет аталған адамды өкілдік қызметкері деп танудан бас тартуға құқығы бар.

1961 жылғы Вена конвенциясының 10-бабы бойынша, өкілдік орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігі өкілдік қызметкерлерінің тағайындалғаны, олардың болмыш елге келгендігі, түпкілікті кеткендігі туралы немесе өкілдіктегі олардың қызметі тоқтатылғандығы туралы хабарлайды. Сонымен қатар, өкілдік қызметкері отбасы мүшесіне жататын адамның келгендігі және түпкілікті кеткендігі туралы және тиісті жағдайларда, белгілі бір адамның өкілдік қызметкерінің отбасы мүшесі болғандығы немесе болуын тоқтатқандығы туралы, қызметте тұрған жеке үй жұмыскерлерінің келгендігі және түпкілікті кеткендігі туралы өкілдік орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне хабарлануға тиіс. Сондай-ақ, келгендігі және түпкілікті кеткендігі туралы хабарландыру мүмкіндігіне қарай алдын ала жасалуға тиіс.

11-бапта елшілік персоналының саны туралы нақты келісім болмаған жағдайда, өкілдік орналасқан мемлекет өздерінде қалыптасқан жағдайлар мен шарттарды және аталған өкілдіктің мұқтаждықтарын ескере отырып, ақылға қонымды және қалыпты деп санайтын персоналының саны сақталуын ұсына алатыны көрсетілген.

Аккредиттеуші мемлекет дипломатиялық өкілдіктің бір бөлігі болып саналатын кеңсені өкілдік орналасқан елдің алдын ала нақты берген

келісіміңіз елшілік орналасқан жерден басқа елді мекендерде аша алмайды.

Елшілік басшысы болмыш елдегі тәжірибеге байланысты, яғни өзінің Сенім грамоталарын тапсырған сәттен, не өзінің келгендігі туралы хабарлаған сәттен, не Сенім грамоталарының куәландырылған көшірмелерін өкілдік орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне тапсырған сәттен бастап өкілдік орналасқан мемлекетте өзінің функциясын орындауға кірісті деп саналады. 13-бапқа сәйкес, Елшінің Сенім грамоталарын тапсырудың немесе олардың куәландырылған көшірмелерін табыс студің кезектілігі өкілдік басшысы болмыш елге келген күнмен және сағатымен айқындалады.

Өкілдік басшылары үш сыныпқа бөлінеді:

а) мемлекеттер басшылары жанында аккредиттелетін елшілер мен нунцийлер және баламалы дәрежедегі басқа да өкілдіктер басшылары;

в) мемлекеттер басшылары жанында аккредиттелетін сенімді өкілдер мен интернунцийлер;

с) сыртқы істер министрлері жанында аккредиттелетін уақытша сенімді өкілдер.

Жасы үлкендігіне және этикетке қатысы болмаса, олардың белгілі бір сыныпқа тиесілігіне байланысты өкілдіктер басшылары арасында ешқандай айырмашылық жүргізілмеуге тиіс.

Дипломатиялық корпуста өкілдік басшысының үлкендігі олардың өз функцияларын орындауға кіріскен күні және сағатымен белгіленеді. Елшінің Сенім грамотасындағы сыныбының өзгеруі оның дәрежесінің үлкендігіне ықпал етпейді. Дипломатиялық миссия персоналы мүшелерінің үлкендігін өкілдік басшысы сыртқы саясат ведомствосына хабарлайды. Елшілік басшыларын қабылдау кезінде мемлекетте сақталатын тәртіп бойынша әрбір сыныпқа қатысы бірдей болуы тиіс.

Егер миссия басшысының қызметі бос болса немесе ол өзінің функцияларын орындай алмаса, уақытша сенімді өкіл миссия басшысы міндеттерін уақытша атқарады. Уақытша сенімді өкілдің аты-жөнін өкілдік орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне өкілдік басшысы немесе аккредиттеуші мемлекеттің Сыртқы істер министрлігі хабарлайды. Дипломатиялық қызметкердің бірде-біреуі болмаған жағдайда, өкілдік орналасқан мемлекеттің келісімімен өкілшілік-техникалық персоналдың мүшесін аккредиттеуші мемлекет «өкілдіктің ағымдағы өкілшілік істерін жүргізуге жауапты» деп тағайындай алады.

Болмыш мемлекет өзінің заңдарына сәйкес, аккредиттеуші елдің өкілдігі үшін қажетті үй-жайларды сатып алуына немесе оған қандай да бір өзге жолмен үй-жайларды алуына көмектесуге және олардың қызметкерлері үшін лайықты пәтерлер алуына көмек көрсетуге тиіс екендігі туралы 21-бапта көрсетілген.

Дипломатиялық миссия орналасқан үй-жайға қол сұғылмайды. Елші келісімін бермесе, болмыш мемлекеттің билік орындары осы үй-

жайларға кіре алмайды. Шетел өкілдігіне баса-коктеп кіру, нұқсан келтіру, оның тыныштығын бұзу немесе оның ар-намысын жөбірлеудің алдын алу үшін өкілдік үй-жайларын қорғайтын барлық тиісті шараларды жасау – міндетті. Өкілдік пен дипломаттардың үй-жайлары, ондағы заттары мен басқа да мүліктеріне, сондай-ақ өкілдіктің автокөліктерін тінту мен реквизиция жасауға тыйым салу туралы иммунитеттері бар.

Аккредиттеуші мемлекет және дипломатиялық өкілдік жеке меншігіндегі немесе жалға алған өкілдіктің үй-жайларына қатысты барлық мемлекеттік, аудандық және муниципалдық салықтардан, алымдар мен баждардан босатылады. 23-баптағы елшілік орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес, қаржылық алымдардан босатудың аккредиттеуші мемлекетпен немесе өкілдік басшысымен шарттар жасасатын адамдарға қатысы жоқ.

Елшіліктердің өз функциясын орындауы үшін болмыш мемлекет барлық мүмкіндіктерді жасауы керек. Конвенцияға сәйкес, елшіліктің мұрағаттары мен құжаттарына кез келген уақытта және олардың орналасқан жеріне қарамастан, қол сұғылмайды.

1961 жылғы Вена конвенциясының 26-бабында мемлекеттік қауіпсіздік ұғымы бойынша шетелдіктерге кіруге тыйым салынған аймақтар туралы заңдар мен ережелерге қайшы келмейтін басқа аумақтарға өкілдіктің барлық қызметкерлерінің еркін жүріп-тұруын қамтамасыз етуі тиіс деп көрсетілген.

Дипломатқа ешкім тиіспейді және ол қандай жағдайда болмасын, тұтқындалмайды немесе ұсталынбайды. Өкілдік орналасқан мемлекет оған тиісті құрметпен қарауға және оның жеке басы, еркіндігі мен ар-абыройына қандай да бір нұқсан келтіруді болдырмау үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндетті. Өкілдіктің гимаратына, дипломатиялық агенттің тұрған үйіне қол сұғылмайды және олар қорғауда болады. Елшіліктің қағаздарына, хат-хабарларына, мүлкіне қол сұғылмайды. Елшілік және оның басшысы өз резиденциясында, сондай-ақ көліктерінде өкілдік ететін мемлекеттің жалауы мен елтаңбасын пайдалануға құқылы.

Дипломатиялық агент өкілдік орналасқан мемлекеттің қылмыстық юрисдикциясынан, сондай-ақ азаматтық және әкімшілік юрисдикцияларынан иммунитеттерді пайдаланады. Агентке қатысты жергілікті биліктің ешқандай атқарушы шаралары қолданылмайды және оның жеке отбасы, резиденциясына қолсұғылмаушылық қамтамасыз етіледі. Дипломатиялық агент куәгер ретінде түсініктеме беруге міндетті емес. Сонымен қатар, дипломат өз мемлекетінің юрисдикциясынан босатылмайды.

Дипломат жеке және мүліктік, мемлекеттік, аудандық және муниципалдық барлық салық, алымдар мен баждардан босатылады. Мұндай артықшылықтар келесі жағдайларда беріледі: тауарлардың немесе қызмет көрсетулердің бағаларына қосылатын жанама салықтар; егер ол



өкілдіктің мақсаты үшін аккредиттеуші мемлекеттің атынан иемденбесе, өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағында орналасқан жеке жылжымайтын мүлікке арналған алымдар мен салықтар.

Конвенцияның 36-бабы бойынша, болмыш мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес, қоймалық алымдарды, тасымал үшін алынатын алымдарды, өкілдіктің ресми пайдалануына арналған заттар мен үй жабдығына арналған заттарды қосқанда, дипломатиялық агенттің немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке пайдалануына арналған заттарды өкелуге рұқсат беріледі және ол заттар барлық кедендік баж салықтарынан, осыған байланысты алымдардан босатылады. Аталған алып тастаулар қолданылмайтын заттар немесе өкелуге және өкетеуге тыйым салынған, өкілдік орналасқан мемлекеттің карантиндік ережелерімен реттелетін заттар бар деп ұйғаруға айтарлықтай негіз жоқ болса, дипломатиялық агенттің жеке қол жүгі тексеруден босатылады.

Дипломатпен бірге тұратын отбасы мүшелері 29-36-баптарда көрсетілген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. Өкілдіктің әкімшілік-техникалық персонал мүшелері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады, өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтық және әкімшілік юрисдикциясы өздерінің міндеттерін орындау кезінде олар жасаған іс-қимылға қолданылмайды.

38-бап бойынша өкілдік орналасқан мемлекет беруі мүмкін қосымша артықшылықтар және иммунитеттермен қатар, өкілдік орналасқан елдің азаматы болып табылатын немесе онда тұрақты түрде тұратын дипломатиялық агент өзінің функциясын орындау кезінде өзі жасаған ресми іс-қимылға қатысты юрисдикциядан иммунитетті және қолсұғылмаушылықты ғана пайдаланады. Егер артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын адамның функциясы аяқталатын болса, олар елден қайтқан кезге дейін, тіпті қарулы қақтығыс жағдайында да, өз күшін сақтайды.

Артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын тұлғалар болмыш мемлекеттің заңдары мен қаулыларын құрметтеуге, сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті екендігі 41-бапта айтылған. Дипломаттар өкілдік орналасқан мемлекетте жеке пайдасы мақсатында кәсіби немесе коммерциялық қызметпен айналыспауға тиіс.

Конвенция бойынша, дипломатиялық агенттің функциясы аккредиттеуші мемлекеттің өкілдік орналасқан мемлекетке функциясы тоқтатылғандығы туралы хабарлама бойынша немесе елшілік орналасқан мемлекет дипломатиялық агентті өкілдіктің қызметкері ретінде таныудан бас тартуы туралы аккредиттеуші мемлекетке хабарлама берген жағдайда тоқтатылады.

Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастар үзілген жағдайда не өкілдік түпкілікті немесе уақытша шақыртылып алынған

жағдайда өкілдіктің үй-жайын, мүлкін бірге құрметтеуге және қорғауға тиіс. Аккредиттеуші мемлекет өкілдік орналасқан мемлекеттің алдын ала келісімімен өкілдігі жоқ үшінші мемлекеттің отінші бойынша, осы үшінші мемлекеттің және оның азаматтарының мүдделерін уақытша қорғауды өзіне ала алады.

Әр мемлекет Конвенцияға қол қойған соң, оны ратификациялауы қажет. Ратификациялық грамоталар БҰҰ Бас хатшысына сақтауға тапсырылады. Заңдық құқығы бірдей болып табылатын ағылшын, француз, орыс, испан және қытай тілдеріндегі мәтіндері осы Конвенцияның түпнұсқасы БҰҰ Бас хатшысына тапсырылады және ол оның куәландырылған көшірмелерін барлық мемлекеттерге жібереді.

## 6.2. Тұрақты елшіліктер орнату

Дипломатиялық өкілдің халықаралық дипломатиялық қатынаста қабылданған жоғарғы дәрежесі Елші. Шетелде елші басқаратын дипломатиялық өкілдікті елшілік деп атайды. Елшілік құрамына елшіден басқа ресми дипломатиялық қызметкерлер және қызметшілер штаты енеді. Жаңа тағайындалған елші болмыш мемлекетке жол жүрер алдында сыртқы істер министрлігінен және оған дейін сол елде қызмет істеген дипломаттардан өзі қызметке бара жатқан мемлекет туралы барлық қажетті мәліметтерді алып, танысуға тиіс.

Жаңа тағайындалған елшілердің Сенім грамоталарына мемлекет басшысы және сыртқы істер министрі қол қояды. Егер қайтадан тағайындалған дипломат Уақытша сенімді өкіл болса, онда ол өзімен бірге болмыш елдің сыртқы істер министріне оның тіркелгені туралы өз елінің сыртқы істер министрі қол қойған хатты алуы қажет. Консулдар өкілдік ететін мемлекеттің тапсырылған міндеттерін көрсететін «консулдық патенттер» алады. Егер консулға дипломатиялық миссияның басшысы міндетін атқару жүктелсе, онда оған өкілетті өкіл ретінде тіркелу үшін қажетті хат беріледі, ол дипломатиялық өкілдік басшысының құқықтары артықшылықтарымен пайдаланылады.

Дипломатиялық миссияның басшысы сыртқы істер министрімен кездескен уақытта оны тіркеген құжаттың көшірмесін және оның алдында қызмет еткен адамды кері қайтарып алу туралы хат көшірмесін береді және ел Президентіне Сенім грамоталарын тапсыруға уақыт белгілеуді өтінеді.

Миссия басшысы Сенім грамоталарын тапсырмайынша, ресми кездесулер мен ресми байланыстар орнатпауға тиіс. Бірақ, ол достық қатынастағы мемлекеттердің дипломаттарымен бейресми кездесе алады. Сондай-ақ, жергілікті протокол және Сенім грамоталарын тапсыру тәртібі мен ерекшеліктері, өзі кездесетін болмыш елдің ресми тұлғалары туралы пайдалы мәліметтер алу үшін дипломатиялық корпусның дуайенімен (дипломатиялық корпусның басшысы) кездескені дұрыс.

## **Сенім грамоталарын ұсыну және сөз сөйлеу**

Жаңа келген елшіге сыртқы істер министрі (протокол басшысы) Сенім грамоталарын тапсыру үшін қабылдаушы ел президенті не королімен кездесудің белгіленген күні мен уақытын хабарлайды.

Миссия басшысы ел президенті алдында сөз сөйлейтін болса, сөзінің көшірмесін министрге жібереді де, мемлекет басшысының жауап ретінде сөйлейтін сөзінің көшірмесін күтпейді. Сөз сөйлеу барлық елдерде қалыптаспаған, яғни ол жергілікті әдет-ғұрыпқа байланысты болады. Протоколдық бөлім бастығы осы шарада миссия басшысымен бірге келетін тұлғалар тізімін, олардың дәрежелерін, баратын жолын, сөйлесу кезінде қолданатын тілі туралы ақпаратты хабарлайды. Әдетте, елші президентпен кездесуге өзімен бірге жоғары лауазымды дипломаттарды алады және Сенім грамоталарын тапсыру бойынша шара аяқталған соң, оларды таныстырады.

Жалпы Сенім грамоталарын тапсырар кездегі елшінің сөзі келесі үлгіде болуға тиіс: сөзінің басында өкіл осы елге өкілдікке тағайындалғаны туралы қуанышын білдіреді; екі ел арасындағы достық қатынастарды қуаттап, өз ел президентінің болмыш мемлекет президентіне достық қатынасын қуәландырады және оның жекелеген тілектерін жеткізеді; дипломатиялық миссия міндеттерін жүзеге асыруда үкімет мүшелерімен тығыз ынтымақтасуға деген өзінің жеке тілегін білдіреді. Сөзінің соңында ол Сенім грамоталарын президентке тапсырады. Елбасы оны оқып тұрмай, сыртқы істер министріне немесе өзінің көмекшісіне береді. Егер елші осы елде бұрын дәрежесі төмен қызметте істеген болса, өз сөзінде сол туралы айтып кетуге тиіс.

Сөйлеген сөзінде екі ел арасындағы достық қатынасқа кері әсер ететін көп мақтау немесе жағымсыз ескертулер болмауға тиіс. Әдетте, болмыш мемлекеттің тілінде не болмаса ағылшын, француз тілдерінде сөйлейді. Егер аудармашы болса, елші өз мемлекетінің тілін пайдаланады. Болмыш ел президенті, әдетте, өз елінің тілінде жауап береді, қажет болса, жауап сөзі аударылады.

Төменде Сенім грамоталарын тапсыру барысында елшінің сөйлейтін сөзі мен болмыш мемлекет президентінің жауап сөзінің үлгісі ретіндегі құжаттарды беріп отырымыз:

### **Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Тотенше және Өкілетті Елшісі С. Батырша-ұлының Сенім грамотасын тапсырғанда сөйлеген сөзі**

*«Өзбекстан Республикасының Президенті, Аса құрметті Ислам Абдугани-ұлы! Жоғары мәртебелі!*

*Бүгін мен өте үлкен құрмет үстінде тұрмын. Себебі, бүкіл дүние жүзі қауымдастығының толық мүшесі, Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдардың мүшесі, егемен, тәуелсіз Өзбек*

мемлекетінің басшысына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан Сенім грамотасын тапсырып отырмын.

Осы сәтті пайдаланып, Сізді және бүкіл өзбек халқын Республика тәуелсіздігінің 2 жылдығымен құттықтап, мемлекетіңіздің жан-жақты дамып, гүлденіп, өсе беруін тілеймін.

*Аса құрметті Президент!*

Біз Сіздің жеке басыңыздың Орталық Азия мемлекеттерінің саяси, экономикалық және мәдени интеграция мен жақындасуына қосқан үлкен үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Бұл ынтымақтастық біздің көп жылдардан бері күткен халқымыздың тапжылмас күресі нәтижесінде жеткен егемендігіміздің және тәуелсіздігіміздің сақталуының негізі бола алады.

Біздің қарым-қатынасымыздың негізі, Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, тарихи түбіріміз бір екі туысқан халықтың сонау көне заманнан бері бір түрік халқы болып жасап келгендігімізден шығады.

Қазақ мемлекетінің Өзбекстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі ретінде бірінші болып Қазақстан Президенті Сенім грамотасында көрсетілген маңызды және жауапты тапсырманы орындауға кіріскеніме қуаныштымын.

Менің алдыма қойылған мақсат – қазақ пен өзбек халықтарының және екі мемлекет арасындағы достық, туыстық, бауырмалдық қарым-қатынастарды одан әрі жалғастырып, нығайту және дамыту.

Сіздің және Өзбекстан Республикасының басқа да үкімет, мемлекет және Сыртқы істер министрлігі басшыларының жәрдемімен мен өзіме тапсырылған міндетті ойдағыдай толық атқарамын деп сенемін.

*Құрметті достар!*

Сіздерге, осы арада қатысып отырған барлық ресми адамдарға зор денсаулық және бақыт тілеуге рұқсат етпейсіздер.

*Ислам Абдугани-ұлы! Сіздің маған көрсеткен құрметіңізді мен қазақ халқына деген зор құрмет деп білемін. Бұл үшін Сізге үлкен рахмет!».*

*Ташкент, 14 қыркүйек 1993 жыл*

**Өзбекстан Республикасының Президенті И. Кәрімовтың  
Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы  
Төтенше және Өкілетті Елшісі С. Батырша-ұлынан  
Сенім грамотасын қабылдау кезіндегі жауап сөзі**

*«Құрметті досымыз Сайлау Батырша-ұлы!*

*Сізді өзбек-қазақ тарихында бірінші Елші болып тағайындалғаныңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осыған орай Сіздің өте тәжірибелі дипломат ретінде Өзбекстан Республикасына Елші етіп бекітілгеніңізге үлкен баға береміз.*

Кейінгі кезде екі мемлекеттің өзара қарым-қатынастары жан-жақты ұлғайып отырғанын қанағаттылықпен айтқым келеді. Бұл бекер емес. Өзбек және қазақ халықтарының мәдениеті, діні, тілі ұқсас болып келген және осылай мәңгі бақи қалуына сенімім мол.

Өзбекстан және Қазақстан ежелден келе жатқан жақын да сенімді бауырлас елдер. Олар ең үлкен егеменді мемлекеттер ретінде Орта Азия өңірінде бетбұрыс, бағыттары және мақсаттары жағынан бір болып отыр. Мен және менің қымбатты досым және пікірлесім Нұрсұлтан Назарбаев бұрын болған көптеген кездесулерде осыған сенім білдірдік.

Биыл жазда Алматыда откізілген Өзбекстан делегациясының ресми сапарын және жақында Кокшетауда болған ел басшыларының кездесуін мен өзім қымбат тұтамын. Алматыда болған кездесу кезінде екі елдің арасындағы қарым-қатынасты одан әрі ұлғайту, дамыту құжаттарына ғана емес, сонымен қатар экономикалық бағдарды бірлестіру, табиғи байлықты тиімді түрде пайдалану, табиғатты қорғау және ғылым мен техниканы өзара алмастыра отырып, жүзеге асыру құжаттарына да қол қойылды.

Менің ойымша, тек ел басшылары ғана емес, сонымен бірге біздің халқымыз да нағыз егемен ел болып қалыптасуда арпалыса атсалысумен бірге, келесі шараларды қолдап, дұрыс түсінуі тиіс. Екі елдің мызғымас ежелгі Түркістан жеріндегі достығын, қарым-қатынасын, ауызбіршілігін ақылмен ұстай отыра, халықтар ортасына от тастауға тырысқан басқа күштерге төтенше жауап беруіміз керек.

Осыған орай, тікелей екі елдің бірлесуіне, Орталық Азия өңірінде бейбітшіліктің сақталуына Қазақстан және Өзбекстанның ықпалы зор деп білемін. Бұл жағдайда тәжік-ауған шекарасында болған оқиғаларға байланысты Өзбекстан мен Қазақстан мемлекеттерінің жүргізетін саясаты келісімді түрде жүзеге асырылуы керек.

Елші мырза, Сіздің Сенім грамоталарыңызды қабылдай отыра, Өзбекстанға келу миссияңыз екі ұлы елдің одан әрі туысқандық қарым-қатынастарының ұлғаюына тағы да бір күш әкеледі деп кәміл сенемін.

Қорыта келгенде, сізге зор денсаулық, алдағы қызметіңізге үлкен табыс тілей отыра, Сіз арқылы Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа және бір туған бауырлас қазақ еліне бейбітшілік пен жасампаздық тілеймін».

Ташкент, 14 қыркүйек 1993 жыл

Өзбекстан Сыртқы істер министрлігі протоколы арқылы жасалған келісім бойынша, Елші С. Батырша-ұлы мемлекеттік қазақ тілінде сөйледі, ал Өзбекстанның Президенті И. Кәрімов мемлекеттік өзбек тілінде жауап берді. Оған С. Батырша-ұлының өзбекше білетіндігі, ал И. Кәрімовтің қазақша сөйлей алатындығы себеп болды. Сондықтан да әр тарап өзінің мемлекеттік тілдерінде сөйледі. Өкінішке орай, осы

уақытқа дейін Қазақстанның елшілері шетел басшыларына Сенім грамоталарын тапсырарда ортақ тіл деп ағылшынша, орысша сөйлейді. Олардың біразы мемлекеттік тілде сөйлеуге міндетті әрі құқылы екендігін біле бермейді.

Сенім грамоталары тапсырылғаннан кейін елші сыртқы істер министрлігінің протокол бөлімі дайындаған тізімге сәйкес, елдің жетекші және жоғары лауазымды тұлғаларымен кездесулер өткізеді. Тізімде өкіл кездесетін лауазымды тұлғалардың аты-жөні, мекен-жайы, дәрежесі мен қызметі көрсетіледі. Елшінің барлық министрлік пен ұйымдардың басшылары және әйгілі тұлғаларымен кездесуге уақыты жетіспейтіндіктен, ол өзінің құрметін білдіру үшін оларға визит карточкасын жібереді.

Сенім грамоталарын тапсырғаннан кейін елші шетел дипломатиялық миссия басшыларына жеке хат жібереді, онда ол өзінің тіркелгені жайлы және жеке, ресми достық қатынастардың туындауына үміт білдіретінін хабарлайды. Олар оған да осындай жауап жібереді.

Содан кейін ол өзін таныстыру үшін дипломатиялық корпусның дуайенінен бастап, өзінің әріптестері – дипломатиялық миссия басшыларына алғашқы ресми сапарларын бастайды. Кездесулерге дайындық кезінде елші келесі принциптерді ұстанады:

1. Жаңа елші алдымен өзімен дәрежелес немесе рангі жоғары әріптестеріне барады, ал одан дәрежесі төмен дипломаттар елшіге өздері келіп кетеді, кейде сыпайылық белгісі ретінде дәрежесіне қарамай, олардың барлығына барып шығады;

2. Дипломатиялық миссия басшылары жаңа өкілге жауап ретінде барып жолығады;

3. Елдің ресми жоғары лауазымды тұлғаларына визит жасау уақыты алдын ала нотамен немесе телефонмен хатшы арқылы анықталады, ал шетел дипломатия миссияларына визит жасау мезгілін өзі белгілейді. Елші жауап ретінде кездесулерді көп уақытқа ұзартпауы керек.

Елшінің зайыбы күйеуінің дипломатиялық дәрежесін пайдаланады, оны «елші ханым» деп атайды. Ол кездесулерде сыртқы істер министрінің зайыбынан бастап, жоғарыда аталған тұлғалардың әйелдеріне барып жолығады, оларды өз резиденциясында қабылдайды. Миссия басшысы әйелінің визиті, әдетте, дипломатиялық корпус дуайенінің зайыбы арқылы жүзеге асады немесе кездесу уақыты сол ел президентінің протокол бөлімі арқылы анықталады.

Дипломатиялық миссия басшысы жылына бір немесе екі рет ресми қабылдау жасай алады. Оған дипломатиялық корпус түгелімен және болмыш мемлекет басшылары, үкімет мүшелері, ресми және қоғам қайраткерлері шақырылады. Министрліктің протокол бөлімі аккредитацияланған дипломаттардың ресми тізімін әзірлейді. Болмыш елдің ұлттық мереке және басқа да белгілі даталарының тізіміне сәйкес, дипломатиялық миссия басшылары шақыру бойынша президент не король сарайына барып, ресми шараларға қатысады.

### *Шетелдегі дипломатиялық іссапардың аяқталуы*

Дипломаттың іссапары келесі жағдайларда аяқталады:

1. Дипломаттың болмыш мемлекеттегі дипломатиялық жұмыс мерзімінің аяқталуына;

2. Болмыш мемлекет дипломатты «*persona non grata*» деп жариялауына;

3. Аккредиттеуші мемлекет дипломатты қайта елге шақыруына;

4. Дипломатиялық өкілдік басшысының шешімі бойынша;

5. Дипломаттың денсаулығына және т.б. себептерге байлапысты.

Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастардың үзілуі түрлі себептерге, мысалы, халықаралық қақтығыс туындап, олардың арасында соғыстың басталуынан және өкілді елден қуу мен дұшпандық әрекет пайда болған жағдайда барлық дипломаттарды өз мемлекетіне кері қайтарып алғаннан кейін болады.

### *Елшінің қоштасу қабылдаулары*

Миссия басшысы өз жұмыс мерзімін аяқтаған кезде әріптестеріне қоштасу кездесулерін өткізеді. Әдетте, болмыш мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғалары әріптестері үшін қоштасу кешін ұйымдастырады.

Іссапарын аяқтаған елшіге сыйлық тарту дәстүрін көп елдің басшылары тоқтатты. Елшілердің жұмысына жоғары баға ретінде орден, медаль немесе грамоталармен марапаттайды. Әдетте, мұндай марапаттау болмыш елдің заңдарына сәйкес және екі ел арасындағы өзара сыйластық негізінде жүргізіледі.

Елші өз Отанына орала салысымен, сыртқы істер министрімен кездесіп, атқарған жұмыстары бойынша және өзі қызмет еткен елдегі жағдай жайында толық есеп беруге тиіс.

Дипломатиялық қатынастар үзілген кезде министрлік өз елшісіне дипломатиялық қатынастардың үзілгені туралы және миссия мүшелерінің болмыш елден кету күні туралы хабарлайды немесе халықаралық заңнама шеңберінде кету мерзімін белгілеуді тапсырады.

Қатынастар үзілген елде дипломатиялық өкімшілік қызметкер немесе елдегі миссияны өзара түсіністік негізінде қалдырудың мүмкіндіктерін қарастыра алады және осы қызметкер үшін қолсұқпаушылық мәртебесі мен артықшылықтарды, оның Орталықпен (сыртқы істер министрлігі) байланыс жасау түрін белгілейді және өз елінің мүддесін қорғауда қойылатын міндеттер үшін оның жаңа статусын анықтайды.

Дипломатиялық қатынастардың үзілуі сауда-экономикалық қатынастардың үзілуін міндеттемейді, экономикалық және коммерциялық келісімдердің тоқтатылуына, жойылуына немесе жарамсыз деп саналуына әкеп соқпайды. Олар заң бойынша келісімде көрсетілген мерзім аралығында «жарамды» деп саналады.

Мемлекеттің шет елдердегі дипломатиялық байлапысын басқаратын, сыртқы істермен айналысатын мекемені дипломатиялық өкілдік деп атайды. 1961 жылғы «Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвен-

циясы» бойынша елші басқаратын дипломатиялық өкілдікті елшілік, ал уәкіл немесе уақытша сенімді өкіл басқаратын өкілдікті дипломатиялық миссия деп атайды. Бірқатар мемлекеттерде дипломатиялық өкілдіктердің басқа да атаулары кездеседі.

Дипломатиялық өкілдіктердің құқықтық жағдайлары екіжақты және көпжақты келісімдермен, мемлекеттің ішкі заңдарымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Вена конвенциясына 1993 жылы қосылды.

Елшілікті Төтенше және Өкілетті Елші немесе Уақытша сенімді өкіл (елшіден дәрежесі төмен), ал халықаралық ұйымдардағы тұрақты өкілдікті Тұрақты өкіл басқарады. Өкілдіктер екі мемлекеттің арасындағы дипломатиялық қатынастар орнатудың барысындағы өзара келісім бойынша ұйымдастырылады. Әдетте, мұндай келісімде өкілдіктің статусы атап көрсетіледі.

Дипломатиялық өкілдіктің негізгі мақсаты:

1. Болмыш мемлекетте өз мемлекеті мен азаматтарының мүддесін қорғау;
2. Сол елдің өз мемлекетімен жан-жақты жақындасуына себепкер болу;
3. Болмыш елдің тарихи, саяси өмірі мен оқиғалары жөнінде заңды жолмен жиналған мәліметтерді өз еліне жіберу.

Өкілдіктің қызметі дипломатиялық қатынастар үзілгенде тоқтатылады.

Шетелдік елшіліктер мен консулдықтар және халықаралық ұйымдардың барлық дипломатиялық қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері дипломатиялық корпусты құрайды. Тар мағынада: дипломатиялық корпус белгілі бір елге тағайындалған шетелдік дипломатиялық өкілдіктер басшылары (елшілер, тұрақты және уақытша уәкілдері), Ватикан дипломатиялық өкілдіктері басшылары – нунцийлер және интернунцийлердің тобы. Кең мағынада: дипломатиялық корпусқа өкілдіктің барлық қызметкерлері кеңесшілер, бірінші, екінші және үшінші хатшылар, сауда өкілдері мен олардың орынбасарлары, атташелер мен олардың көмекшілері кіреді.

Кез келген елшіліктерде жергілікті және әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс істейтін дипломаттар болады, оны пресс-атташе деп атайды. Олар өз елі туралы ақпаратты тиімді ұсыну мақсатында тіркелген елде хабарлардың қалай таратылатынын және оны кім жинақтайтынын білуге тиіс. Пресс-атташенің баспасөз, радио, телеарна журналистерімен өзара жақсы қарым-қатынастарда болуы өте пайдалы. Елшіліктер ақпараттық бюллетеньдер мен пресс-релиз шығару және тарату мүмкіндігін жиі пайдаланады. Бюллетень, брошюра, кітапшалар жергілікті ресми органдар, қоғамдық-саяси ұйымдар және белгілі мәдениет, өнер тұлғаларына таратылады.

Дипломатиялық корпустың басшысын «дуаийен» (франц. *Doyen* – аға елші, ақсақал) деп атайды. Ол міндетті түрде сол елде басқаларға



қарағанда ең ұзақ тұрған елшілердің арасынан тағайындалады. Дуайен, негізінен, протокол мәселесімен айналысады. Ол дипломатиялық корпус атынан болмыш мемлекеттің басшысына, үкіметіне құттықтаулар жолдайды немесе көңіл айтады, түрлі салтанатты протоколдық іс-шаралар кезінде дипломатиялық корпусты басқарып, қабылдаушы елдің сыртқы істер мекемелерімен тұрақты байланыста болады. Ресми жағдайлар кезінде дипломатиялық корпус атынан дуайен сөз сойлейді. Жаңадан келген елшілерге сол елдің билік органдарымен қарым-қатынас жасау тәртібі мен әдет-ғұрпын түсіндіреді, ақыл-кеңестер береді. Ол міндетті түрде Төтенше және Өкілетті дипломатиялық дәрежеде болуға тиіс. Бірақ, диккорпус атынан қандай да бір саяси мәлімдеме немесе демарш жасай алмайды.

Болмыш мемлекеттің сыртқы істер министрлігі жыл сайын диккорпустың тізімін шығарып отырады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының аумағында (2009 жылғы мәлімет бойынша) 64 мемлекеттің елшіліктері мен 18 халықаралық ұйым өкілдіктері орналасқан.

### **6.3. Дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттер**

Елшіліктерге, олардың басшылары мен қызметкерлеріне берілетін құқықтық және басқа да жеңілдіктер – дипломатиялық иммунитет деп аталады. 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес, дипломатиялық өкілдіктің қызметкерлеріне төмендегідей иммунитеттер берілді: олардың жеке басы, дүние-мүлкі, тұрғын үйі мен қызмет орнына ешқандай қол сұғылмайды. Бұған қоса, олар қызмет атқаратын елдерде сотқа тартылмайды, салықтан, кедендік баж салықтары және айыптардың барлық түрінен босатылады.

Қазіргі кезде дипломаттар мен дипломатиялық өкілдік қызметкерлері жеке иммунитеттер мен құқықтарға ие. Олар жеке басы, мүлкіне қолсұқпаушылық, салықтан, кедендік тексеруден босатылады. Шекарадан өткен кезде дипломаттар арнайы «жасыл кори (ормен)» өтеді, яғни кедендік бақылауға жатпайды.

Иммунитеттер мен артықшылықтар құқығы шетелдегі дипломатиялық өкілдіктер, арнаулы миссиялар, халықаралық үкіметаралық ұйымдар жанындағы миссияларға, олардың қызметкерлеріне беріледі. Кейбір көпжақты конвенциялар мен екіжақты келісімдерде халықаралық ұйымдардың артықшылықтары мен иммунитеттері белгіленген. Көптеген мемлекеттердің дипломатиялық иммунитеттер мәселесі бойынша 1961 жылғы Вена конвенциясына сәйкес өз заңдары бар. Онда үй-жайлар мен мұрағаттарға тиіспеушілік, салықтардан босату, өз үкіметімен байланыс еркіндігі, өкілдік ғимаратына өз мемлекетінің туын көтеру мен елтаңбасын ілу құқықтары қарастырылған.

Артықшылықтар мен иммунитеттер дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің жеке басына тиіспеушілігін, ол тұратын үй-жайына қол сұғылмауын көздейді, сонымен қатар өкілдік орналасқан мемлекеттің юрисдикциясына да иммунитет болады. Дипломаттың жеке мүлкі Вена конвенциясындағы ерекше аталған ережелерге сай болмаса, қалған жағдайда тексеруге жатпайды. Халықаралық құқыққа сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттер мемлекет басшысы, үкімет басшысы, сыртқы істер министрі және, әдетте, мемлекеттің жоғары мекеме басшылары шетел аумағында болған уақытта, толық көлемде беріледі. Сонымен қатар, дипломатиялық иммунитетке ие тұлғалар аталған артықшылықтарды асыра пайдаланбай, болмыш мемлекеттің заңдарын құрметтеуге міндетті, ал тәртіпті бұзған жағдайда ол «персона нон гра» болып саналуы мүмкін.

Әрбір дипломат, оның отбасы мүшелері тағайындалған мемлекетке аяқ басқан сәттен бастап немесе аталған елде тұрып жатқан жағдайда – өз міндеттерін орындауға кіріскеннен бастап, артықшылықтарды пайдаланады. Дипломаттың міндеті тоқтатылған жағдайда, онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері де тоқтатылады.

Дипломаттың шетелдегі қызметі аяқталғанға дейін Вена конвенциясында көрсетілген иммунитеттері шектелмейді, онымен бірге тұратын отбасы мүшелері, тіпті дипломат қайтыс болған жағдайда да, болмыш мемлекетті тастап кеткенше – ол иммунитеттерді пайдалана береді.

Шетелдегі дипломатиялық миссиялардың ғимараты, елшінің резиденциясы, дипломаттардың тұратын пәтерлері және өкілдікке тиесілі автокөліктер экстерриториалдық иммунитетке ие. Экстерриториалдық (лат. *Ex* – тыс, тысқары, шетте + лат. *Territorialis* – территория) дегеніміз – жергілікті заңдардың қолданысына түспейтін және басқа мемлекет заңдылықтарының қолданысына кіретін, жеке немесе заңды тұлғалардың, мекеменің немесе объектілердің статусы. Әдетте, экстерриториалдықты дипломатиялық немесе консулдық қызмет барысында пайдаланады. Сондықтан болмыш мемлекеттің адамдары миссия басшысынан рұқсат алмай, елшілік территориясына кіре алмайды.

Мемлекет пен оның шеттегі дипломатиялық, консулдық және басқа да өкілдіктері арасындағы дипломатиялық курьерлік байланыс дипломатиялық пошта арқылы жүзеге асырылады. Ресми хат-хабар, құжаттар және қызметтік пайдалануға арналған заттар курьерлік парақта көрсетіледі. Дипломатиялық пошта ашылмайды, ұсталмайды, яғни тиіспеушілік құқыққа ие.

Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық курьері дипломатиялық паспорт және жүктің санын анықтайтын құжатпен, яғни дипкурьерлік парақпен қамтамасыз етілуге тиіс. Ол өз міндеттерін орындау кезінде өкілдік орналасқан мемлекеттің қорғауында болады, жеке қолсұғылмаушылықты пайдаланады және қандай да бір жағдай

болсын, тұтқындалуға немесе ұсталуға жатпайды. Болмыш мемлекеттің барлық ресми органдары дипломатиялық өкілдіктің еркін қарым-қатынастарына рұқсат беруге және қорғауға тиіс. Елшілік радиостанциясы жергілікті биліктің рұқсатымен ғана орнатылуы және пайдаланылуы керек.

Кей жағдайларда дипломатиялық пошта ұшып бара жатқан азаматтық ұшақ экипажының командиріне тапсырылуы мүмкін. Ұшақ командирінен поштаны тікелей және кедергісіз қабылдап алу үшін өкілдік өз қызметкерлерін әуежайға жібереді.

Дипломатиялық қызметкерлерге лауазымы мен біліктілігі ескеріле отырып берілетін дипломатиялық атақ «дипломатиялық дәреже» немесе «ранг» деп аталады. Кез келген мемлекеттің өзі ішкі заңы белгілейтін дипломаттық дәрежелер жүйесі болады. Дәреже алғаш рет XIII ғасырда Еуропада «амбасадор» деген атпен пайда болды. Дипломатиялық дәреже беру Қазақстан Республикасының заңына сәйкес аттестациялық тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Дәреже алушы тұлға әрбір белгіленген қызметтік категорияның талаптарына сай болуы тиіс. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және тағы басқа Сыртқы істер министрлігі жүйесінде қолданылатын нормативтік актілерін білуі, қазақ және шет тілдерін игеруі, Қазақстанның сыртқы саясатын, тарихын және қазіргі халықаралық қатынастар жағдайы жайында хабардар, біліктілік деңгейіндегі маман, қызмет жолында жеткен жеке жетістіктері болуы қажет.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының қағидаларын ашып беріңіз.
2. Төтенше және Өкілетті Елшілердің Сенім Грамоталарының мазмұнын айтып беріңіз.
3. Шетел Кеден қызметкерлері курьерлердің дипломатиялық багажын тексеруге құқылы ма? Не себепті?
4. Дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттер ұғымдарын қалай түсінесіз?

## 7-ТАРАУ. КӨПЖАҚТЫ ДИПЛОМАТИЯ

*Жердің басқа тараптарының барын  
қобіне Батыс адамдары үшін мойындау қиын.*

*Лешек Кумор (поляк жазушысы)*

Көпжақты дипломатия бұл бірнеше мемлекеттің қатысуымен өтетін халықаралық конференциялар, келіссөздер мен консультациялар және басқа да форум түрлерінің негізінде қалыптасқан дипломатиялық қызмет. Оның жұмысына халықаралық үкіметаралық делегациялар мен ұйымдар қатысады. Көпжақты дипломатияның маңызы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның мамандандырылған мекемелері, аймақтық ұйымдар және үкіметаралық құрылымдардың пайда болуымен күшейді. Дипломатияның бұл түрінің кеңеюі әлемдегі күрделі өзгерістер мен ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына байланысты. Бүгінгі таңда трансұлттық корпорациялардың күшеюіне, сондай-ақ әлемдегі қаржы-экономикалық дағдарыстарға байланысты Азия, Африка, Латын Америкасы мемлекеттерінің өндірісі қысқарып, халықтарының кедейленуі көрініс тауып отыр. Оған қоса, Америка, Еуропа, Жапония корпорацияларының әлемдік жаһандану үрдісін дамушы елдерге тыққылап, бүкіл экономиканы өз қолдарында шоғырландыру кезінде туындайтын шиеленістерді шешу мақсатында көпжақты дипломатия маңызды рөл атқарады. Екіжақты дипломатиямен салыстырғанда, көпжақты дипломатия ашық түрде халықаралық форумдарда пікір алмасу, келіссөз жүргізу арқылы шешімдерге жетуімен ерекшеленеді. Шешімдер, өз кезегінде, резолюция, декларация, конвенция, протоколдар және тағы да басқа құжат түрлері арқылы рәсімделеді.

Көпжақты дипломатияның басты мақсаты халықаралық қауіпсіздікті, бейбітшілікті қамтамасыз ету, аймақтық және жаһандық деңгейдегі шиеленістерді шешу болып қала бермек. Дипломатияның бұл формасы орта және кіші мемлекеттерге ұтымды. Себебі, екіжақты дипломатиялық кездесулерде алпауыт мемлекеттер кіші мемлекеттердің делегацияларымен тең түрде сөйлеспейді, ал көпжақты дипломатияның ордасы болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының сессияларында дамушы елдер делегациялары өз пікір ерін және талаптарын тең түрде ортаға сала алады.

## 7.1. Халықаралық конференциялар мен ұйымдар

Контеген елдердің мүдделерін қамтитын өзекті мәселелерді талқылауға *халықаралық конференциялар* шақырылады. Дәстүр бойынша, конференциялардың атауы оларға қатысушылардың құрамына байланысты болып келеді. Мысалы, XVII-XVIII ғасырларда монархтардың қатысумен өтетін жиындарды «конгресс» деп атайтын. Жалпы «конференция» деген атау үкімет басшыларының, ал «кеңес» – сыртқы істер министрлерінің көпжақты кездесулеріне қатысты қолданылады. Халықаралық конференциялар – дипломатиялық акцияның кең тараған түрі. Ол екі немесе бірнеше мемлекеттің ұсынысымен шақырылады. Конференцияның түрлері: конгресс, жиналыс, форум, семинар, кездесулер және т.б.

Қазақстан Республикасы халықаралық мәселелердің өзекті тақырыбы болып келетін бейбітшілік үшін күрес пен бейбіт өмір сүру мүддесін қорғайтын халықаралық конференцияларды шақыруды қолдап келеді.

Батыс отаршыл елдері халықаралық конференциялар шақыру арқылы басқа елдердің ішкі істеріне араласып, шиеленісті өз пайдасына шешу үшін қолданады. Мысалы, АҚШ пен Израиль үкіметтері Таяу Шығыс бойынша алуан түрлі конференцияда араб елдеріне өздерінің агрессиялық концепциясын міндеттеп, Израиль осы аймақтағы Ливан, Сирия және Палестинаның басып алған жерлерін аннексия арқылы сақтап қалу амалын жасайды. Мұндай конференцияларды уақыт созу үшін пайдаланады.

Қатысушылардың сипатына байланысты үкіметаралық және үкіметтік емес конференция болып бөлінеді. Үкіметаралық конференциялар деп екі және одан көп мемлекеттің ресми өкілдері өз мемлекеттерінің мүддесін талқылау үшін жиналған жиынды айтады. Үкіметтік емес конференция деп үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің жиынын атайды. Конференцияның басты қызметі – конференцияға қатысушылардың өз мүдделері негізінде ортақ бір келісімге келуі, ал негізгі тәсілі – көпжақты консультациялар өткізу.

Әдетте, мұндай жиындарды қабылдауды ұйымдастырушы мемлекеттің өкілі ашады, ал басқа ұйымдастыру мәселелері, яғни қаржыландыру, жұмысты өткізу тілі және хатшылық құру – конференцияға қатысушылардың келісімімен қабылданады.

Конференциялардағы барлық сөйленген сөздер, жазылған құжаттамалар мен олардың аудармалары жасалған тілдер жұмыс тілдері деп аталады. Ресми тілдер болып конференцияның соңғы қорытынды құжаттамасы жасалатын тілдер саналады. Әдетте, ресми тілдер жұмыс тілдеріне қарағанда аз болады.

Халықаралық конференциялар екіжақты немесе көпжақты, бір немесе бірнеше мәселеге арналған, арнайы немесе күнделікті, тұрақты хатшылығы бар немесе жоқ болып бірнеше классификацияға бөлінеді.

Белгілі мақсатқа жету принциптеріне қарай, халықаралық конференциялар бір немесе бірнеше мәселені талқылайтын форум ретінде құрылады; халықаралық ұйымдар мен үкіметке міндетті емес ұсыныстар дайындайды; үкіметаралық ұйымдардың хатшылықтары үшін нұсқаулықтар мен үкіметпен қаржыландыратын бағдарламаларды іске асыру әдістерін дайындайды; шарттар мен халықаралық ресми құжаттарды талқылау және дайындау үшін қызмет атқарады; халықаралық ақпараттар алмасуға жәрдемдеседі.

Конференцияны өткізу тәжірибесі мен рәсімінің міндетті элементі – ресми конференцияға қатысушылар қызметінің бағытын анықтайтын жазбаша түрде ережелер болу керек. Бұл алдағы сессияларда қабылданып, келесі сессияда тұрақты ережелер болуы тиіс. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының және басқа да мамандандырылған ұйымдардың ережелері.

Әдетте, халықаралық конференцияларда күн тәртібі алдын ала бекітіледі және қатысушы елдерге хабарландырылады. Ал, БҰҰ Бас Ассамблеясының сессияларында қаралатын күн тәртібі әр мемлекеттің хатшылыққа ұсыныс жасауынан кейін барып бекітіледі. Бақылаушылардың статусы конференциялардың рәсімдеу ережелеріне байланысты болып келеді. Дауыс құқығы жоқ, алайда ерекшелік ретінде БҰҰ Бас Ассамблеясында бақылаушылардың мәселені талқылау процесіне қатысу мүмкіндігі бар. Дауыс беру қатысушылардың дауыс көпшілігі негізінде өткізіледі, кей кездері өте маңызды мәселелерді шешу барысында рәсімдеу ережелеріне қарай қатысушылардың 2/3 немесе одан да көп дауысы қажет.

Халықаралық ұйымдар жиындары мен конференцияларында дауыс берусіз және қатысушы жақтардың қарсылықсыз бір ортақ шешімді қабылдау әдісі «консенсус» деп аталады. Консенсустың басқа шешімдерге қарағанда ресми маңызы жоғары. «Консенсус» термині түрлі үкіметаралық ұйымдарда «ортақ келісімге келу» деп қолданылады. Ол қарама-қайшылықтарсыз, жалпыға ортақ мәселелерді қарастырған уақытта қолданылады. Мұндай жағдайда барлық делегаттардың соңғы бекітілімге дейін өз көзқарасын білдіру мүмкіншілігі бар және олар резолюция жобасын толығымен қолдамаса да, делегаттар оны жалпы орынды деп санайды.

Халықаралық конференциялардың жұмысы қорытынды құжатты қабылдаумен аяқталады, дипломатиялық конференцияларда, әдетте шарт, келісім дайындалады, кейін бұл құжат мемлекеттердің ішкі заңына сәйкес рәсімделген соң күшіне енеді. Егер қорытынды құжат ретінде ұсыныс немесе резолюция қабылданса, олар заңды күшке ие болмайды, бірақ қарарда көрсетілген мемлекетке белгілі бір моральдық міндеттемелер жүктейді.

Екіжақты конференция қарапайым дипломатиялық протокол жолымен жүргізіледі. Көпжақты конференцияларда қатысушылар мемле-

кет атауының алфавиттік тәртібі бойынша орналастырылады. Мысалы, БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында мемлекеттердің делегациялары орналастыру тәртібі сессиядан сессияға дейін алфавиттік тәртіпте өзгертіліп отырады.

Конференцияның төрағасы белгіленген уақыт ішінде оның ережеге сәйкес отіп жатқанын және қабылданған шешім барлық қатысушыларды қанағаттандыратынына кепілдік беруі қажет. Төраға әділ, салмақты, өзін-өзі ұстайтын тұлға болуы керек, оның негізгі функциялары: рәсімдеу, яғни, конференцияны ашу, өкілдерді трибунаға шақыру, жиынның ережелері мен рәсімдерін қадағалау, конференцияның жұмысын сәтті аяқтау үшін делдалдық рол атқару, бейресми мәселелерді талқылауға уақыт бөлу, тығырыққа тірелген жағдайдан шығу жолын іздестіру.

Конференцияның мақсаты мәселелерді талқылау және барлық қатысушылар үшін пайдалы ортақ шешім табу. Мұндай процестер дәстүрлі дипломатия бойынша атқарылады. Көпжақты дипломатияның қарқынды дамуы халықаралық ұйымдардың ролін арттырып, конференциялар мен форумдар санының өсуіне алып келді. Алайда, мемлекеттер мен оның ұйымдары (НАТО, Еуропалық Одақ) халықаралық конференциялар мен жиындарды Азия және Африка елдеріне өздерінің идеологиясын насихаттауға, дамушы елдерді өздеріне бағындыруға пайдалануға, яғни осы үлкен форумдарда әлемдік проблемаларды шешу жолдарын іздеудің орнына, соңғы жылдары оны идеологиялық күрес аренасына айналдыруда. Мысалы, реті келсе де, келмесе де НАТО мемлекеттері халықаралық терроризмді, көбіне ислам терроризмі деп айтыпта, жазыпта жүр. Алайда, халықаралық шиелінісудің, қақтығыстың, соғыстың көбі жалғыз терроризм емес, әскери күшті мемлекеттердің егемен елдерге жасалған агрессиясы және территориялық оккупациясының нәтижесі болып отыр.

Конференцияларды мемлекеттер қатынастарының ерекше тәсілі ретінде қарастыруға болады. Мемлекетаралық байланыста бір топ елдің қажеттілігін қанағаттандырмаған жағдайда, олар халықаралық конференциялар өткізу жолын іздестіреді. Тіпті, елдер арасындағы байланыстарды дипломатиялық және консулдық өкілдер арқылы ұстау жеткіліксіз болады. Қысқа мерзімді кеңестер мен конференцияларды шақыру да жеткіліксіз болып бара жатыр, яғни күрделі мәселелерді талқылау үшін шын мағынада кездесулер үзіліссіз жалғасып отыру керек. Осындай кезде конференция тұрақты ұйымға айналады, оны негізінде мүдделері бар тараптардың белгілі бір саладағы (саясат, экономика, ғылым, мәдениет, қылмыспен күрес және т.б.) конференциясы ретінде қарастыруға болады.

Мемлекеттердің халықаралық қатынастардың белгілі бір саласында ынтымақтастық үшін келісім негізінде жасаған ерікті бірлестікті *халықаралық ұйым* деп атаймыз. Бірнеше мемлекеттің арасында құрылған бастапқы халықаралық ұйымдар XVI ғасырда пайда бола

бастады. XIX ғасырда олар пшын мәнінде ұйым ретінде қалыптасты. Бүгінгі халықаралық ұйымдар – еларалық келісім негізінде мәселелерді шешуге жәрдемдесу және мемлекеттердің жан-жақты байланысын, ынтымақтастығын дамыту мақсатында құрылған тұрақты бірлестіктер. Ұйымдар түрлі жолдармен елдер арасындағы қатынастарды реттеу, бейбітшілікті сақтау жолында жұмыс атқарады. Соңғы кездері олардың санының өсуімен қатар, белсенділігінің артуы – қазіргі әлемдік дамудың айрықша феномендерінің бірі болып отыр. Өткен ғасырдың басында 30-ға жуық мемлекетаралық халықаралық ұйым болса, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл ұйымдардың саны тез арада өсіп, 300-ге жуықтады. Халықаралық ассоциациялар одағының мәліметі бойынша, 2000 жылы 6030 түрлі халықаралық ұйым тіркелген, бүгінде оның саны әлі де өсуде. Халықаралық ұйымдарды, әдетте, екі негізгі топқа бөледі: мемлекетаралық (үкіметаралық) ұйымдар және халықаралық үкіметтік емес ұйымдар.

Өзара келісім бойынша бір топ ел бірігіп, мемлекетаралық ұйым құрады. Ұйымдар мүше елдердің санына сәйкес: әлемдік әмбебап (универсальные) және аймақтық (региональные) болады. Функционалдық (қызметтік) құзыреттік істері бойынша олар жалпы (общие) және арнайы (специальные) ұйымдарға бөлінеді.

Ұйымдарға жаңа мүшелердің кіру тәртібі түрлі жолдармен іске асады. Ол ұйымдардың түрлеріне байланысты. Әдетте олар:

1) Қалаған мемлекеттер кіруге болатын ашық ұйымдар, мысалы: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы;

2) Жабық ұйымдар, мысалы: Солтүстік Атлант шарты ұйымы (НАТО), Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі. Тараптардың келісімі бойынша, халықаралық ұйымдар мемлекетаралық (Араб мемлекеттерінің лигасы) және ұлттан жоғары өкілеттіктері бар (орысшасы – наднациональные полномочия) ұйымдар (Еуропалық Одақ) болып бөлінеді.

Әлемдік саяси өмірде мемлекетаралық ұйымдардың көпжақты дипломатиядағы орны мен ықпалы басым. Бүгінгі еларалық қатынаста олардың рөлі жоғары, сондықтан осы оқулықта әр халықаралық ұйым туралы төмендегідей мәліметтер берілді (Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған халықаралық ұйымдары туралы осы оқулықтың 3-тарауынан таныстыңыздар).

Ұйым құру үшін құрылтайшы келісім жасалады. Ол Жарғы деп аталады (мысалы, БҰҰ Жарғысы, Интерпол Жарғысы, Ислам Конференция Ұйымының Жарғысы). Егер мұндай келісім қатысушы мемлекеттер тарапынан жасалса, құрылған ұйым халықаралық құқықтың толық субъектісі, яғни үкіметаралық ұйым болып табылады.

Егер халықаралық ұйымды жеке тұлғалар немесе үкіметаралық емес ұйымдар құрса, онда ол үкіметаралық емес, тек халықаралық ұйым



ретінде жұмыс істейді. Үкіметаралық емес қоғамдық ұйымдар көп болады. Мысалы, 1973 жылы тіркелген 2750 халықаралық ұйымның 280-і – үкіметаралық, 2470-і үкіметаралық емес ұйымдар болатын.

Бірқатар үкіметаралық емес ұйымдар БҰҰ-ның Экономикалық және өлеуметтік кеңесінде консультативтік статусқа ие. ЭКОСОС-тың жұмысымен тығыз қарым-қатынастағы үкіметтік емес ұйымдар 1-дәрежедегі статусқа ие. Оған мысал ретінде Дүниежүзілік кәсіби кеңестер ұйымын, Парламентаралық кеңесін, БҰҰ-ға Халықаралық жәрдемдесу Ассоциациясын келтіруге болады.

Ұйымдар қатысушылар құрамына байланысты әмбебап және аймақтық болып екіге бөлінеді. Мысалы, БҰҰ – әмбебап ұйым, өйткені оның құрамына әлемнің барлық аймағындағы мемлекеттер кіреді. Аймақтық ұйымдарға Араб мемлекеттер лигасы, Африкалық одақ, ЕурАзӘЖ жатады. Қазіргі халықаралық қатынастарда олардың ролі артып, ұлғаяуда.

Мемлекет өз егемендігін халықаралық үкіметаралық ұйым шеңберінде сақтап, нығайта алады және өз абыройын таптатпай, тәуелсіздігін жоғалтпай, басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарын нығайта алады.

Халықаралық конференциялар мен ұйымдар соңғы кездері халықаралық қатынастардың маңызды институттарына айналды. Кезінде КСРО кірген бірінші халықаралық ұйым – 1920 жылы құрылған Ұлттар Лигасы. 1934 жылы оған кірерде КСРО мынадай мәлімдеме жасады: «Біз осы Лигаға жаңа әлеуметтік-экономикалық жүйедегі мемлекет ретінде кіреміз, басқа мемлекеттер сияқты өз келбетімізді сақтай отыра, мемлекеттік ерекшеліктерімізден бас тартпаймыз». Осы мәлімдемеде КСРО қазіргі тарихи кезеңде түрлі әлеуметтік-экономикалық жүйелердегі мемлекеттердің бейбіт өмір сүруі үшін ынтымақтастықтың жалғыз жолы болатындығын жеткізді. Қазіргі кезде әмбебап болып саналатын 100-ден астам халықаралық үкіметаралық ұйым бар. Ұлттар Лигасының басты мақсаты халықаралық бейбітшілікті сақтау еді. Алайда, Лига толығымен соғысқа тыйым сала алмады.

Ұлттар Лигасының кері тәжірибесі Біріккен Ұлттар Ұйымын құрған кезде ескерілді. Жаңа ұйымды құру идеясы антигитлерлік коалиция державаларынан қолдау тапты. Бұл 1942 жылы 1 қаңтарда КСРО, АҚШ, Ұлыбритания басшылары қол қойған БҰҰ Декларациясында көрініс тапты. Үш держава қатысқан Тегеран конференциясы осы державалар мен басқа да біріккен ұлттардың соғыс апаттары мен зұлымдықтарын жойып, ұзақ уақытқа бейбітшілік үшін жауапкершіліктерін қуаттады. Жаңа халықаралық ұйымның жарғысы Думбартон-Оксте, 1944 жылы 21 тамыз бен 29 қыркүйек кезеңінде өткізілген дипломатиялық конференцияда жасалды. Оған КСРО, АҚШ, Англия, соңғы кезеңде Қытай қатысты.

## 7.2. Халықаралық саяси ұйымдар

### *Араб мемлекеттерінің лигасы (АМЛ) (Лига арабских государств (ЛАГ))*

1945 жылы 22 наурызда араб елдерінің басшылары Каирде өткен конференцияда Араб мемлекеттерінің лигасын құру туралы келісімге қол қойды. АМЛ-дің мақсаты – Лигаға мүше мемлекеттер арасындағы байланысты нығайту, араб мемлекеттерінің қауіпсіздігін, тәуелсіздігін, мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында өз іс-әрекеттеріне координация жасау. Сонымен қатар, мәдениет, денсаулық, көлік және коммуникация салаларында тығыз байланыс орнату, экономика және қаржы мәселелерін дамытуға және тығыз ынтымақтастық жасауға бағытталған.

Лигаға 22 мемлекет мүше: Алжир, Бахрейн, Джибути, Мысыр, Иордания, Ирак, Йемен, Қатар, Кувейт, Ливан, Либия, Марокко, Мавритания Біріккен Араб Әмірліктері, Оман, Палестина, Сауд Арабиясы, Сомали, Сирия, Судан, Тунис және Комор Аралдары (1993 ж.). Араб мемлекеттері лигасының басқарушы жоғары органы – мүше мемлекеттердің өкілдерінен тұратын АМЛ Кеңесі болып саналады. Оның отырыстары түрлі деңгейде (мемлекеттер және үкіметтер басшылары, сыртқы істер министрлері, елшілер және тұрақты өкілдер) өткізіліп тұрады. Кеңес жылына екі рет отырыс ұйымдастырады, онда мүше мемлекеттердің екеуінің мүддесімен немесе төтенше отырыстар шақырылуы мүмкін. Кеңесте торағалық ететін мемлекеттер тәртібі араб алфавиті бойынша ауыстырылып отырады. Әр мемлекет бір дауысқа ие. Шешім бірауыздан қабылданады.

АМЛ-дің комитеттер жұмысына барлық мүше мемлекеттер қатыса алады. Комитеттің қызметі саяси шешімдердің координациясына, экономика, өкімшілік басқару, әлеуметтік сала, метеорология, ауылшаруашылық, денсаулық салаларындағы ынтымақтастықты жетілдіруге бағытталған. Лига Кеңесі Таяу Шығыс проблемаларын, Израильдің араб елдеріне жасаған агрессиясын тоқтатуға, Палестинаны босатуға көп күш жұмсайды.

АМЛ бірқатар институттар мен мамандандырылған ұйымдар құрды. Хатшылықты бес жыл мерзімге сайланатын Бас хатшы басқарады. Ол Лиганың шешімін жүзеге асырып, мүше мемлекеттерді маңызды мәселелерді шешуге шақырады. Араб мемлекеттерінің лигасы БҰҰ Бас Ассамблеясында бақылаушы статуска ие. Ресми тілі – араб тілі. Штаб-пәтері Каирде орналасқан болатын. Алайда, 1979 жылдан бастап он жылдай штаб-пәтер Каирден Тунис қаласына көшірілді. Себебі, АҚШ өкімшілігі қысымымен Мысыр президенті Әнуар Садаттың араб мемлекеттерінің келісімінсіз жеке өзі агрессор-сионистік Израильмен сепаратистік бейбіт келісімге қол қойғаны барлық АМЛ-ге мүше араб мемлекеттерінің наразылықтарын туғызды. 1967 жылға дейін Египеттің

қарамағында болған Палестина Газа секторын Израиль әскерінің оккупациясына қалдырып кетті. Бүгінгі күнге дейін Газа секторын израильдік әскер қоршап алып, оның шекарасын жауып, үлкен концентрациялық лагерь жасады. Уақыт өте келе, американдық және еуропалық дипломатияның қолдауымен Египет басшылары Араб мемлекеттері лигасының штаб-пәтерін Каир қаласына қайтып алып келді.

### *Араб магрибының одағы (Союз арабского Магриба)*

1989 жылы 17 ақпанда Солтүстік Африканың 5 мемлекеті Араб магрибы одағын құрды. Ұйым ретінде аймақта тұрақтылық, қауіпсіздік және экономикалық ынтымақтастықтарды қамтамасыз ететін негіз ретінде Марракеш (Марокко) қаласында шартқа қол қойылды. Оның құрамына Алжир, Либия, Мавритания, Марокко, Тунис кіреді. Мақсаты – одақтас елдермен қарым-қатынасты жақсарту. Саясаты ортақ мәселелерді шешу және дипломатиялық ынтымақтастық орнату болып табылады. Экономика тарапынан мүше мемлекеттердің коммерция, индустрия және ауылшаруашылық салаларын дамытуға бағытталған. Қорғаныс аясындағы мақсаттары – әр мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қалу.

Магриб одағы президенттерінің кеңесі бес мемлекет басшысынан тұрады және жоғары орган болып табылады. Кеңеске торағалық ету алты ай сайын кезекпен алмасып отырады. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі президенттер кеңесінің сессиясын дайындайды, ағымдағы консультацияларды өткізеді, сараптама ұсыныстар мен қорытындыларды қарастырады. Одақтың Бас хатшылығы Рабат қаласында (Марокко) орналасқан. Магриб одағына кіретін мүше елдердің өзара қайшылықтарына байланысты, бұл ұйым жемісті жұмыс істей алмай отыр.

### *Африкалық одақ (Африканский союз)*

Өткен екі ғасыр бойы Африка елдері толығымен еуропалықтардың отары болып келді. Олар тек өткен ғасырдың 60-жылдары ғана тәуелсіздікке қол жеткізді. 1963 жылы 25 мамырда африкалық мемлекет басшылары мен үкімет басшыларының Эфиопия астанасы Аддис-Абебада өткен конференциясында Африка бірлігі ұйымының (АБҰ) Хартиясын қабылдады. АБҰ-ға құрлықтағы барлық мемлекеттерімен қоса Мадагаскар аралы кірді. Ұйымның басты мақсаттары: Африка халықтарының өмір сүру деңгейін көтеру және ынтымақтастықты кеңейту, егемендігін, территориялық біркелкілігі мен тәуелсіздігін сақтау, отаршылдық формаларының барлық түрлерін жою, дипломатия, қорғаныс, қауіпсіздік, экономика, білім, мәдениет, денсаулық салаларында ынтымақтастықты жақсарту.

Ұйымның құрылымдық негізі жылына бір рет бас қосатын саяси бағыттарды құрастырып өткізуші жоғары орган: Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Панафрикалық парламент, Экономикалық және әлеуметтік комиссия, Бас хатшылық, Арбитражды және делдалдық комиссия.

1991 жылы мүше мемлекеттер Африка елдерінің экономикалық қауымдастығын құру туралы шартқа қол қойды. Шартта құрылу процесі әр мемлекеттің кіру тәртібіне байланысты ұзақ жылдарға созылады деп қарастырылған.

1999 жылы 9 қыркүйекте қара континент мемлекеттерінің басшылары Африка бірлігі ұйымының атын өзгертіп, Африкалық одақ құру туралы шешім қабылдады. Онда мұндай шешімге келуге негіз болған африкалық басшылар континентте интеграциялық процестерді тездету, жаһандық экономикада Африканың ұстанымын бекіту, аймақтағы саяси проблемалардың алдын алу, жаһандандудың «үшінші әлемге» теріс жағдайларын азайтуға тырысты. Ең басты мақсаттары – колониалды рецидивтердің алдын алу және Африка халқының беделін көтеру болды.

Африка одағына 53 мемлекет мүше: Алжир, Ангола, Бенин, Буркина-Фасо, Ботсвана, Бурунди, Габон, Гамбия, Гапа, Гвинея, Гвинея-Бисау, Конго Демократиялық Республикасы, Конго Республикасы, Джибути, Мысыр, Замбия, Зимбабве, Кабо-Верде, Камерун, Кения, Комор аралдары, Кот-д'Ивуар, Лесото, Либерия, Либия, Маврикий, Мавритания, Мадагаскар, Малави, Мали, Мозамбик, Намибия, Нигер, Нигерия, Руанда, Сан-Томе және Принсипи, Свазиленд, Сейшел Аралдары, Сенегал, Сомали, Судан, Сьерра-Леоне, Танзания, Того, Тунис, Уганда, Чад, Гвинея, Эритрея, Эфиопия және Оңтүстік Африка Республикасы.

Қолданылатын ресми тілдері – араб, ағылшын, француз. Хатшылықтың орналасқан жері – Аддис-Абеба қаласы (Эфиопия).

*Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК)*

*(Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА))*

Қазақстан Республикасының ұсынысы бойынша, форум ретінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес құрылды. Осы Кеңесті құру туралы бастаманы Қазақстан Президенті Н. Назарбаев алғаш рет 1992 жылы 5 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында ұсынды. Бұл – Азиядағы қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша пікірлесу, келіссөздер жүргізу және келісімге келу негізінде шешім қабылдау мен шаралар қолдану жөніндегі мемлекетаралық форум. АӨСШК-нің бірінші саммиті 2002 жылғы маусымда Алматыда өтті. Кеңестің негізгі мақсаты мен бағыты: Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты қолжақты көзқарасты пысықтау жолымен ынтымақтастықты нығайту.

Мүше мемлекеттер: Ауганстан, Өзiрбайжан, Біріккен Араб Әмірліктері, Қытай, Израиль, Иордания, Иран, Корея Республикасы, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Мысыр, Озбекстан, Пәкістан, Палестина, Ресей, Тәжікстан, Таиланд, Түркия, Үндістан. Бақылаушылары: АҚШ, Вьетнам, Жапония, Индонезия, Қатар, Малайзия, Украина мемлекеттері.

Қазақстан Республикасы 2002-2006 жылдары тораға болды, 2006-2010 жылдары екінші мерзімге қайта сайланды. 2010 жылдың маусым айынан бастап Түркия тораға болады. Мемлекеттер және үкіметтер басшыларының кездесуі (Басқосу – ең жоғары орган, 4 жылда бір рет жиналады), Сыртқы істер министрлерінің кездесуі екі жылда бір рет өтеді, Аға лауазымды тұлғалар комитеті – жылына екі рет жиналатын құрылым. Кеңестің мемлекеттер және үкіметтер басшылары 1999 жылы Кеңеске мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін принциптер туралы декларацияға және 2002 жылы Алматы актіне қол қойды. Сенім шаралары тізімдемесі, Рәсімдер ережесі 2004 жылы қабылданды.

Кеңес отырысында қабылданған саяси декларациялар: АӨСШК-нің терроризмді жою және өркениеттер арасындағы сұхбатты дамыту декларациясы (2002 жылы), Мемлекеттер және үкіметтер басшыларының Екінші басқосуының декларациясы (2006 жылы), Сыртқы істер министрлері үшінші кездесуінің декларациясы (2008 жылы). Тұрақты жұмыс істейтін Хатшылық Алматы қаласында орналасқан. 2010 жылы АӨСШК торағалығы Түркия Республикасына өтті.

### *Ұлттар достастығы (Содружество наций)*

Британ империясының негізін құраған ағылшын королі тәжінің (корона) қол астында болған мемлекеттер мен бағынышты доминион, отар және протектораттар 1887 жылы Британия ұлттар достастығы деген ұйымға кірді. Лондондағы билеушілер, бұл өзіне бағынышты ұйым Британия отарларын: халықтар мен мемлекеттерді қол астында ұстап қалуға көмек береді деп ойлады. Бірақ, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұлт-азаттық қозғалысының жеңісі және Англия үкіметінің әлсіреуі арқасында Британия империясы құлады. Сондықтан 1946 жылдан оның атауы Ұлттар достастығы деп өзгертілді.

Ұлттар достастығы мемлекеттері аясында жүргізілетін ыптымақтастық пен консультациялар саясат, экономика, мәдениет пен білім салаларына бағытталған. Мүше мемлекеттер Ұйым арқылы экономикалық жәрдем және несие алып отырады, сондай-ақ, ұлттық кадрларды, мамандарды Англияда дайындауға мүмкіншілік алады.

Үкімет басшыларының кездесулері екі жылда бір рет өтеді. Коломбо қаласында қабылданған жоспар бойынша Достастыққа кіретін мемлекеттер арасында қаржылай көмек алу, сауда мөлшері, тариф және квота-

лар бекітілген. Англия Королевасы II Елизавета Ұлттар достастығының басшысы болып саналады. Бірақ, оның аты бар да, заты жоқ: Королева Достастық мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатына араласпайды. Бас хатшылығы Лондон қаласында орналасқан.

Достастыққа мүше мемлекеттер: Австралия, Антигуа және Барбуда, Багам аралдары, Бангладеш, Барбадос, Ботсвана, Бруней, Маврикий, Мальдивы, Намибия, Нигерия, Жаңа Зеландия, Пәкістан, Папуа-Жаңа Гвинея, Ұлыбритания, Доминикан, Капада, Кения, Сейшел аралдары, Сингапур, Сьерра-Леоне, Танзания, Уганда, Кипр, Үндістан, Гайана, Гамбия, Гапа, Гренада, Замбия, Камерун, Малайзия, Малави, Мальта, Оңтүстік Африка Республикасы, Шри-Ланка, Ямайка және т.б. Жалпы құрамында үлкенді-кішілі 53 мемлекет бар.

Достастыққа мүше мемлекеттер Елші дәрежесі бар Жоғары комиссарлар арқылы өзара дағдылы дипломатиялық қатынастар ұстанады. Олар БҰҰ-ның мүшесі және 1961 жылғы Вена конвенциясына сәйкес басқа мемлекеттермен толық дипломатиялық қатынастарды жүзеге асырады.

### *ГУӘМ (ГУАМ)*

Ұйымның аты оған мүше мемлекеттердің бас өрпінен құралған аббревиатура. Ол Грузия, Украина, Әзірбайжан және Молдова Республикаларының аймақтық бірігуінен туындады. 1999-2005 жылдары оның құрамында Өзбекстан да болды. Кейін ол осы ұйымнан шығып кетті. Құрылымның бірігуіне халықаралық қатынастардағы көптеген мәселелер жөнінде жоғарыда айтылған мемлекеттердің ұстанымдарының сойкес келуі негіз болды. 1997 жылы 10 қазанда Страсбург қаласында Еуропа кеңесі саммитінің барысында 4 мемлекеттің негізінде ГУӘМ консультативті форумы құрылды. Бұл Еуропада тұрақтылық пен қауіпсіздікті, егемендікті, территориялық құндылықтар, мемлекеттік шекараларды, демократияны, адам құқықтарын қорғау мен сақтап қалу үшін төртжақты ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ Ресейдің қысымына қарсы әрекет ретінде құрылды.

2000 жылы 6 қарашада Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-сессиясында мемлекет басшыларының жаңа құрамда кездесуі өтті, онда қабылданған меморандумда ынтымақтастықты іске қосу, мемлекетаралық органдарды құру туралы мәселелер шешілді. Еуропа – Кавказ – Азия көлік жолы өз функцияларын тиімді атқаруда және оның инфрақұрылымын дамытуда басты басымдылық болып табылады.

ГУӘМ бірлестігінің жоғары органы – мемлекеттер басшыларының кездесуі. Атқарушы орган – Сыртқы істер министрлерінің кеңесі (СІМК). Олардың функциясына энергетика, көлік, сауда-экономикалық, ақпарат және телекоммуникация, мәдениет, білім, туризм, лаңкестікпен күрес жөніндегі мәселелер кіреді.

*Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)  
(Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ))*

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) – Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес негізінде құрылды. 1994 жылы Будапештте өткен мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының кездесуінде оны ЕҚЫҰ деп атау жөнінде шешім қабылданды. Бұл – Еуропа, Батыс Азия және Солтүстік Америка құрлығының 56 мемлекетімен консенсус негізінде келіссөздер, кеңестер өткізіп, саяси шешімдер қабылдауға арналған қоптарапты құрылым. 1992 жылғы қаңтардан бастап, Қазақстан Республикасы бұрынғы 14 одақтас республикалар қатарында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымға мүше болды. Қазақстанның саяси-әскери қауіпсіздігін сақтауда бұл Ұйымның маңызы бар.

Мүше мемлекеттер басшыларының кездесулері тұрақты өткізіледі. Министрлер кеңесі мән жағынан екінші басшылық орган болып саналады. Оның мәжілісі мемлекеттер басшылары кездесуінің аралық кезеңінде жылына 1 рет Прага қаласында өтеді. Ұйымның лауазымды басшысы – Бас хатшы, оны министрлер кеңесі 3 жыл мерзімге тағайындайды. Ұйымның құрамында Аз ұлттардың ісі жөнінде 9 жоғары комиссар, Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро және Парламенттік ассамблея бар.

ЕҚЫҰ қауіпсіздік мәселесіне көп мән береді. Мәселен, Қазақстан өзінің атом бомбасымен жарақталған стратегиялық ракеталарын жойғаны үшін ядролық державалар: Ресей, АҚШ, Франция және Ұлыбритания – Қазақстанның ядролық қауіпсіздік кепілдіктері туралы меморандумына қол қойды. Меморандумда, сондай-ақ, егер Қазақстан Республикасы ядролық қару қолданылатын шабуылға ұшыраса немесе шабуыл қаупінің объектісіне айналса, онда жоғарыда аталған мемлекеттер Қазақстанға тиісті көмек көрсету жөнінде шұғыл іс-шаралар жасайтыны айтылды. ЕҚЫҰ жалпыға бірдей қауіпсіздікті қолдау жөніндегі өзінің мүмкіншілігін атап көрсетті. Ұйымның жарғысында әскери-саяси, экономикалық және экологиялық реформаларға және қоршаған ортаны оңалтуға байланысты мәселелерді шешу – аймақтық дамудың басты мақсаты деп белгіленген. ЕҚЫҰ-мен өзара іс-қимыл шеңберінде Қазақстан экономикалық және экологиялық өлшем саласындағы, оның ішінде трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдаланудағы ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөледі. Ұйым шеңберінде көрсеткен белсенділігі және Орталық Азиядағы ауқымды саяси күшін ескере отырып, 2010 жылы ТМД елдері арасында алғаш рет Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төраға болу құрметіне ие болды. Осы тұрғыда ҚР Президентінің Жарлығымен «2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

**Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКУ)  
(Организация Исламская Конференция (ОИК))**

1969 жылы Израиль әскерлерімен оккупацияланған Иерусалим қаласында мұсылмандардың қасиетті «Әл-Ақса» мешітінде өрт ұйымдастырылды. Бұл жағдай бүкіл Ислам әлемін түршіктірді. Осы оқиғаға байланысты 1969 жылғы қыркүйекте Сауд Арабиясының королі Фейсалдың ұсынысымен Марокконың астанасы Рабат қаласында 26 ислам мемлекетінің басшылары бас қосты. Ислам өркениетінің басты жәдігерлерінің біріне жасалған бұл әрекетті айыптай отырып, Исламды бүкіл әлемде қолдайтын күштер Иерусалим қаласын босатып алу мақсатында Ислам Конференциясы Ұйымын құру жөнінде шешім қабылдады.

Бүгінгі күні ИКУ-да 57 мемлекет мүшелік етеді және дүниежүзі бойынша БҰҰ-дан кейінгі мүше-мемлекеттер сапы жағынан екінші ең үлкен ұйым болып саналады.

Ислам Конференциясы Ұйымы діни емес үкіметаралық ұйым болып саналады және оның басты мақсаттары:

Ислам татуластығын беріктендіру мақсатында бірігіп іс-шаралар өткізу әрі ИКУ-ға мүше мемлекеттер арасында саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда ынтымақтастықты күшейту;

– Ислам дінінің тұтқаларына негізделген бейбіт саясатты жүргізу;

– Ислам құндылықтарын сақтауға бағытталған біріккен іс-шаралар ұйымдастыру, сонымен қатар мұсылман елдерінің өз бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда қолдау көрсету, оның ішінде Палестина халқына барынша жәрдем ету және т.б. болып келеді.

Ұйымның басты принциптері: мемлекеттер теңдігі, елдің өзін-өзі билеуі, басқа елдің ішкі ісіне араласпау, егемендікті, тәуелсіздікті және елдің территориялық тұтастығын құрметтеу, ұйымға мүше елдер арасындағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, күш қолданбау.

Жарғыға сәйкес, ИКУ-ның басты органы 3 жылда бір рет өткізілетін мемлекеттер және үкіметтер басшыларының саммиті болып табылады. Ұйымның басты атқарушы әрі үйлестіруші органы – Бас хатшылық. Хатшылықты 5 жылдық мерзімге сайланатын Бас хатшы басқарады.

Штаб-пәтері Сауд Арабиясының Джидда қаласында орналасқан.

Ислам Конференциясы Ұйымы өз қатарына мемлекеттерді мүшелікке қабылдау үшін ашық. Ұйымға мүше болғысы келетін елдің «мұсылмандылығын» анықтауға арнайы 3 басты шарт бекітілген, олар:

1. Елдің 50% Ислам дінін ұстанады;
2. Елдің Конституциясы Исламды мемлекеттік дін ретінде бекіткен;
3. Елдің басшысы Ислам дінін ұстанады.

ИКУ-ға кіру үшін осы аталған үш шарттың біреуін ұстанса, мүшелікке кіруге болады. Ұйымның Жарғысына сәйкес, кез келген мүше мемлекет өзінің шығуынан бір жыл бұрын Бас хатшыны хабардар етуі арқылы іске



асады. Ұйымнан мүше-мемлекетті шығарып тастау қарастырылмаған, тек қатаң санкция қолданылады. Оған мысал, 1979 жылы бауырлас мемлекеттерімен ақылдаспай, Израильмен сепараттық Кэмп-Дэвид келісімдерін жасасаңы үшін Египет үкіметін айыптады, бірақ Ұйымға мүшеліктен шығара алмады. 1980 жылы Ауғанстанға әскерлерін енгізген Кеңес Одағына қарсы саяси, дипломатиялық санкциялар қолдаңды.

ИКУ халықаралық аренада бүкіл мұсылман қауымдастығының және елдерінің мүддесін білдіретін әрі Ислам әлемінде интеграциялық байлаңыстар дамуының басты құралы ретінде айқын рол атқарады.

Ол халықаралық қатынастар жүйесінде мұсылман мемлекеттерінің мүддесімен әрекет ететін дербес күш, ұйым ретінде зор ынта танытып отыр. Сондай-ақ, Әлем ынтымақтастығы арқасында Палестина халқы жарты ғасырдан астам уақыт бойы сионизмге қарсы күресуде. ИКУ-ның жемісті нәтижесі ретінде Босния мен Косоводағы мұсылман қауымы мәселесінің шешілуін атап кетуге болады.

1991 жылы Орта Азия мұсылман республикаларының ішінен ең бірінші болып Дакар қаласында (Сенегал) өткен Ислам Конференциясы Ұйымының Саммитіне ҚР Президентінің өкілі ретінде Сыртқы істер министрінің орынбасары С. Батырша-ұлы қатысты.

Қазақстан 1995 жылы ИКУ-ның мүшелігіне өтті. Ислам әлемімен өзара ықпалдастық ҚР сыртқы саясаты негізінің бірі болып табылады. Ислам әлемі Қазақстанды мұсылман қоғамдастығының бөлінбес бөлшегі ретінде қарастырады.

2011 жылы Қазақстанның осы мәртебелі Ұйымның Сыртқы істер министрлер 38-кеңесіне төрағалық етуі көзделіп отыр.

Білім, ғылым және мәдениет салаларындағы Ислам ұйымы (ИСЕСКО) – ЮНЕСКО-ның исламдық теңдесі болып табылады. Штаб-пәтері Рабат қаласында (Марокко) орналасқан бұл ұйымның басты мақсаты мұсылман елдерінде аталған салалардың дамуына қолдау көрсету, мәдени ескерткіштерін сақтауға бағытталған.

Экономика саласында Ислам даму банкінің орны елеулі, сондай-ақ әлеуметтік-даму саласында да бұл қордың алар орны маңызды. Бұл қорды тек қана мүше мемлекеттер емес, сонымен қатар басқа елдердің де мұсылман қауымдастықтары қолдана алады.

### *Ислам Конференциясы Ұйымының органдары*

№	Толық атауы (қазақша-орысша)	Толық атауы (ағылшынша)	Қала, мемлекет
1.	Ислам Конференциясы Ұйымының Бас хатшылығы. Генеральный Секретариат Организации Исламская Конференция	The General Secretariat of the Organization of the Islamic Conference	Джидда қ., Сауд Арабиясы Корольдігі

2.	Ғылыми-технологиялық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комитет. Постоянный комитет по научному и технологическому сотрудничеству	Standing Committee for Science and Technologic Cooperation (COMSTECH)	Исламабад қ., Пәкістан
3.	Сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі тұрақты комитет. Постоянный комитет по экономическому и торговому сотрудничеству	Standing Committee for Economic and Commercial Cooperation (COMCEC)	Стамбұл қ., Түркия
4.	Ақпарат және мәдениет мәселелері жөніндегі тұрақты комитет. Постоянный комитет по информации и вопросам культуры	Committee on Information and Cultural Affairs (COMIAC)	
5.	Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ислам ұйымы. Исламская организация по образованию, науке и культуре	Islamic Educational, Scientific and Cultural Organization (ISESCO)	Рабат қ., Марокко,
6.	Сауда және өнеркәсіп исламдық палатасы. Исламская торгово-промышленная палата	Islamic Chamber of Trade and Industry	
7.	Статистика, экономика және әлеуметтік зерттеулер мен ислам мемлекеттерінде оқыту жөніндегі орталық. Центр по статистическим, экономическим и социальным исследованиям и обучению в исламских странах	Statistical, Economic and Social Research and Training Centre for the Islamic Countries	Анкара қ., Түркия
8.	Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы. Исследовательский центр исламской истории, искусства и культуры	Research Centre for Islamic History, Art and Culture	Стамбұл қ., Түркия
9.	Сауданы дамыту ислам орталығы. Исламский центр развития торговли	Islamic Centre for Development of Trade	Касабланка қ., Марокко
10.	Ислам мұрасын сақтау жөніндегі халықаралық комиссия. Международная комиссия по сохранению исламского наследия	International Commission for the Preservation of the Islamic Heritage	Стамбұл қ., Түркия
11.	Ислам технологиялар университеті. Исламский университет технологий	Islamic University of Technology	Дакка қ., Бангладеш
12.	Ислам Фихх (құқық) академиясы. Академия исламского Фихха (права)	Islamic Fiqh Academy	Джидда қ., Сауд Арабиясы Корольдігі

## **Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы (АСЕАН) (Ассоциация государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН))**

Бұл қауымдастықты 1967 жылы 8 тамызда Бангкок қаласында (Таиланд) Индонезия, Малайзия, Сингапур, Таиланд және Филиппин мемлекеттері құрды. Кейін ұйымға Бруней (1984 ж.), Вьетнам (1995 ж.), Лаос пен Мьянма (1997 ж.) және Камбоджа (1999 ж.) кірді.

АСЕАН құрылғаннан бастап саяси ынтымақтастық саласында келісімдер жасауға баса назар аударылды. 1976-1977 жылдардағы АСЕАН елдерінің кездесуінде ұйым қызметінің принциптері жарияланып, адам ресурстарын дамыту, кедейшілік пен сауатсыздықты жою, есірткі саудасына жол бермеу және тағы басқа салаларда ынтымақтастықты кеңейту айқындалды. Ұйымға мүше-мемлекеттер Оңтүстік Шығыс Азияда еркін сауда аймағын құруға талпыныстар жасап, арнайы келісім-шарттар жасалынды.

Ұйымның негізгі мақсаты мүше елдер экономикасының өсуіне, әлеуметтік прогресс және мәдени дамуға, аймақта тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтап қалуға бағытталған. Ұйым Азия-Тынық мұхит аймағындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша жыл сайын конференциялар өткізеді. 1993 жылы АСЕАН-ның аймақтық форумы құрылып, оған бақылаушы мемлекет ретінде Папуа-Жаңа Гвинея және екі серіктес ел ретінде Қытай мен Ресей кірді.

Ынтымақтастық аясы – саясат, қауіпсіздік, экономика, ішкі және сыртқы қатынас. Ұйымның негізгі саяси бастамалары – 1971 жылы қабылданған Бейбітшілік, тәуелсіздік пен нейтралитет жөніндегі Декларация, 1976 жылы қабылданған Достастық пен ынтымақтастық жөніндегі Оңтүстік Шығыс Азия келісімі және 1995 жылы қабылданған Ядролық қарусыз аймақ жөніндегі келісім болып саналады. Ұйымның жоғары органы – Мемлекеттер мен Үкіметтер басшыларының саммиті. Бұл саммит әр 3 жыл сайын өткізіледі, ал олардың аралығында бейресми кездесулер өтеді. АСЕАН-да сауда, өндіріс, ауыл шаруашылығы, көлік, қаржы және басқа да салаларға арналған 11 арнайы комитет жұмыс істейді. Хатшылық – Джакарта қаласында (Индонезия) орналасқан.

## **Солтүстік Атлантика шарты ұйымы (НАТО) (Организация Североатлантического договора (НАТО))**

1949 жылы Кеңес Одағы және басқа социалистік елдерге қарсы АҚШ-тың бастамасымен құрылған. Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың 28 мемлекеті арасындағы әскери-саяси одақ. Оған мүше мемлекеттер: Бельгия, Ұлыбритания, Дания, Исландия, Италия, Канада, Люксембург, Нидерланды, Норвегия, Португалия, АҚШ және Франция – құрылған уақыттан бері, Грекия мен Түркия – 1952 жылдан, Германия – 1955 жылдан, Испания – 1982 жылдан, 1992 жылдан кейін – Албания, Болга-

рия, Венгрия, Латвия, Литва, Эстония, Польша, Румыния, Словакия, Словения, Хорватия және Чехия Ұйымға кірді. Жылына екі рет мүше мемлекеттердің қорғаныс министрлері деңгейінде жиналыс өткізіліп отырады, штаб-пәтері Брюссель қаласында (Бельгия) орналасқан. НАТО өзіне мүше елдердің қауіпсіздік, егемендік, территориялық бірыңғайлылығын қамтамасыз етеді. Шарт бойынша Ұйымға мүше мемлекеттің қай-қайсысының да сырт мемлекеттің шабуылына ұшырауы шартқа отыратын мемлекеттердің бәріне бірдей жасаған шабуыл болып саналады.

ҚР басқа ТМД мемлекеттерімен бірге 1992 жылы Солтүстік Атлант ынтымақтастық кеңесінің орнына 1997 жылы аты өзгерген Еуроатланттық әріптестік кеңесіне (Совет Евроатлантического партнерства СЕАП) мүше болды. 1994 жылы 27 маусымда Қазақстан «Бейбітшілік үшін әріптестік» (Партнерство ради мира) бағдарламасына қосылды.

Қазақстан бұрынғы кеңестік республикалардың әскери-саяси ынтымақтастығын жандандыру Еуразия кеңістігінде сенім білдіру ахуалын нығайту үшін пайдалы деп есептейді. НАТО-мен бірлескен жобаларға қатыса отырып, Қазақстан жеке қарулы күштерінің әзірлік деңгейін көтеруді мақсат етеді. Бірінші кезекте, бұл әскери ынтымақтастық және әскери білім алу. НАТО-ға мүше елдерде өткізілетін курстар, семинарлар мен жұмыс бабындағы кездесулерге қатысады. Түркия, Италия мен Германияның әскери-оқу мекемелерінде оқыған қазақ офицерлері НАТО елдеріндегі қарулы күштерді ұйымдастырумен және олардың жұмысымен танысады. Қазақстан Қорғаныс министрлігі Еуразия аймағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылық проблемалары бойынша еуропалық елдермен ақпарат алмасып, сондай-ақ өзара байланыс мәселелері бойынша тұрақты консультациялар өткізіп тұрады.

2008 жылы сәуірде Астана, Алматы қалаларында екінші «НАТО мен Қазақстан әріптестігі» апталығы өтті. Оның шеңберінде ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасында депозитарийлік бөлім ашылды және Семей полигоны, Арал теңізі проблемалары, ядролық қаруды таратпау мәселелері қаралды. 2009 жылы 24-25 маусым аралығында Астана қаласында НАТО/СЕАП Қауіпсіздік форумы өтті. Оған НАТО-ға мүше мемлекеттермен қатар, Еуразия елдерінің басқа да делегациялары қатысты.

### *Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) (Содружество Независимых Государств (СНГ))*

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы – бұрынғы КСРО құрамында болған республикалар құрған мемлекетаралық ұйым. 1991 жылы 21 желтоқсанда Алматы қаласында Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Өзбекстан, Ресей, Түрікменстан,

Тәжікстан және Украина Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру туралы декларацияға қол қойды. 1993 жылы қабылданған Жарғыда осы мемлекеттердің ынтымақтасуын, адам бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету, сыртқы саяси үйлестіру, ортақ экономикалық кеңістік қалыптастыру және тасымал байланыс жүйесін дамыту, қорғаныс саясаты мен сыртқы шекараларды қорғауды сақтау көзделді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде 80-ге жуық түрлі орган құрылды. Оларды жарғы негізінде және мамандандырылған деп екіге бөлуге болады. ТМД-ның негізгі органдары: Мемлекеттер басшыларының Кеңесі, Үкіметтер басшыларының Кеңесі, Петербург қаласында Парламентаралық Ассамблея (1992 ж. құрылған), Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі (СІМК, 1993 ж.), Қорғаныс министрлерінің Кеңесі (1992 ж.), Экономикалық одақтың мемлекетаралық экономикалық комитеті (1994 ж.), Минск қаласындағы Атқарушы хатшылық (1993 ж.), Экономикалық сот (1992 ж.), Әскери ынтымақтастық координация штабы (1993 ж.), Әскери күзетті басқару кеңесі (1993 ж.), Ішкі істер министрлерінің кеңесі (1996 ж.).

Бұл аталған органдардан басқа, көптеген мамандандырылған органдар жұмыс істейді. Достастықтың әрбір органының құзыреті келісімдермен және бөлімдермен айқындалады. Сонымен қатар, Достастық саяси, кеңесші және үйлестіруші органдардан тұрады. ТМД-ның саяси органдарына мемлекет пен үкімет басшыларының кеңесі жатады. Атап айтқанда, соңғы шешімді осы екі орган қабылдауға құқылы.

1993 жылдан бастап Достастық шеңберінде торағалық институты енгізілді. Торағалық ету алфавит бойынша жүргізіледі, мерзімі – бір жыл. ТМД-ның жарғылық және мамандандырылған органдарының шешім қабылдау тәртібі 1996 жылы 17 мамырда бекітілген. Мәскеу басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын бұрынғы Кеңес Одағы сияқты мемлекеттер үстінен қарайтын бірегей басқарушы орган құруға күш салады. Оған ТМД мүше мемлекеттері, атап айтқанда Украина, Әзірбайжан, Грузия, Молдова, Түрікменстан, Қырғызстан және Өзбекстан ТМД органдарының тәуелсіз мемлекеттерге үстемдік етуге бағытталған ұсыныстарын қолдамайды. ТМД-ның кеңесуші және мамандандырылған органдарында шешім консенсус негізінде қабылданады, ал өзге мәселелерге арналған ұсынымдар көпшілік дауыспен қабылданады.

Достастыққа кіретін мемлекеттер ынтымақтастық және өзара түсіністік болмаса, тұрақтылықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономиканы реформалау қиын екенін мойындайды. Сонымен, 2010 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын 10 мемлекет құрады. 2008 жылы Ресей әскерінің Грузия құрамына кіретін Оңтүстік Осетияны басып алуына, Мәскеу басшыларының халықаралық құқыққа қайшы Оңтүстік Осетия мен Абхазияны мемлекет ретінде тануына наразылық ретінде Грузия Республикасы 2010 жылы ТМД мүшелігінен шықты.

*Түркітілдес мемлекеттер мен халықтардың мәдениеті мен өнерін  
дамыту жөніндегі халықаралық ұйым (ТҮРКСОЙ)  
(Международная организация по развитию культуры и искусства  
тюркоязычных государств и народов (ТЮРКСОЙ))*

Түркі мәдениеті мен өнерін бірігіп дамыту және түркі өлемінің аясында жаңа мәдени кеңістік – халықаралық ұйым құру идеясы 1992 жылы көктемде Стамбұл қаласында (Түркия) түркітілдес мемлекеттердің мәдениет министрлерінің бірінші кездесуінде айтылды.

Аталмыш ұйым 1993 жылы Алматы қаласында «ТҮРКСОЙ-ды құру мен жұмыс істеу қағидаттары туралы» келісімге сөйкес құрылды. ТҮРКСОЙ-ға мүше мемлекеттер: Өзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстан және Ресей Федерациясының субъектілері: Татарстан, Башқұртстан, Алтай, Хакасия, Тува, Саха-Якутия, Чувашия, Молдова Республикасының құрамындағы Ғағауыз Йери және Солтүстік Кипр Түрік Республикасы.

ТҮРКСОЙ-дың жоғары басқарушы органы Тұрақты министрлер кеңесі. Атқарушы орган Анкара қаласында (Түркия) орналасқан. Ұйымның ресми тілі – түрік тілі. Ұйымның депозитарлық мемлекеті Түркия Республикасы болып табылады.

Ұйымның негізгі мақсаттары: мәдениет және өнер салаларында түркітілдес мемлекеттер арасындағы байланыстарды нығайту және дамыту, этногенез, тарих, әдебиет және өнер салаларында ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, ортақ рухани құндылықтар мен тарихи-мәдени мұрасын халықаралық деңгейде дәріптеу, мәдениет және өнер салаларында ірі халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру және т.б.

ТҮРКСОЙ – өзінің мақсаты мен міндеттері және қызметі жағынан ЮНЕСКО-ның құрылымына жақын. Бұл Ұйым түркітілдес аймақты біріктіру және ортақ мәдениетінің дүниежүзілік мәдени кеңістіктегі интеграциясын жеделдетуді қамтамасыз етуге бағышталған. Ұйымның басқару жүйесі мен түрінің қызметі ашық демократия, сайлану қағидаларына сай және келісімдегі әрбір тараптың құқықтары мен міндеттерін сақтауға құрылған. Құрушы мемлекеттер мен бақылаушы мемлекеттер Ұйымда тең құқықтар мен міндеттерге ие.

Ұйым құрылғаннан бері халықтардың мәдени құндылықтарын зерттеу, сақтап қалу және дамыту; түркітілдес елдердің алфавиттерін жақындастыру, латын графикасына ауыстыру және ортақ тіл ортасын құру жөнінде көп жұмыстар атқарылды. Ұйымның аясында ірі халықаралық шаралар жүргізіледі, атап айтқанда: драматургия, музыкалық фестивалдар, сурет және қолөнер көрмелері, конкурстар.

Ұйым атқарған іс-шаралар шеңберінде мемлекеттер басшыларының деңгейінде 7 кездесу, аталмыш Ұйымға мүше мемлекеттердің мәдениет министрлерінің тұрақты кеңесінің 26 мәжілісі өтті. 2008 жылғы мамырда Анкарада өткен аталмыш Кеңестің 24-мәжілісінде алғаш рет

Қазақстанның өкілі бұрынғы мәдениет министрі Дүйсен Қасейінов ТҮРКСОЙ-ға Ұйымның Бас директоры лауазымына тағайындалды. Бұл Қазақстанның саясаты мен онымен бауырлас халықтар арасындағы тығыз байланыстарды түрлі саладағы ынтымақтастықпен жандандырудағы күш-жігерін және түрік өлемі мен халықаралық сахнада дамып келе жатқан беделін көрсетеді.

***Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (ТМЫК)  
(Совет сотрудничества тюркоязычных государств (ССТГ))***

2009 жылғы 3 қазанда Нахчыван қаласында (Өзiрбайжан Республикасы) Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне Қазақстан, Қырғызстан, Өзiрбайжан және Түркия Республикаларының басшылары қол қойды. Өзбекстан мен Түркіменстан да осы Кеңеске шақырылды, бірақ олар Кеңеске қатысқан жоқ.

Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің басты мақсаттары:

– Кеңеске мүше мемлекеттер арасындағы өзара сенім, достық пен тату көршілікті нығайту;

– өңірде және тұтас өлемде бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік пен сенімді нығайту;

– халықаралық терроризм мен сепаратизмге, экстремизмге, адам саудасына, есірткі бизнесіне қарсы күрестегі іс-қимылды үйлестіру және психотроптық заттардың заңсыз айналымын бақылау жөніндегі халықаралық саясатқа жәрдем көрсету;

– саяси, сауда-экономикалық, құқық қорғау, табиғатты қорғау, көліктік және ортақ мүдде тудыратын басқа да салаларда тиімді ынтымақтастықты көтермелеу;

– ғылым мен техника, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет түркі халықтарының ұлы мәдени-тарихи мұрасын көпшілікке таныту саласындағы өзара іс-қимылды кеңейту.

Сонымен қатар, ТМЫК-қа мүше мемлекеттер түркі халықтарының ұлы мәдени-тарихи мұрасын насихаттауда, көпшілікке танытуда және таратуда бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы өзара іс-қимыл жауау, өзара құқықтық көмек көрсету туралы міндеттеме алды.

ТМЫК шеңберінде Мемлекеттер басшыларының кеңесі; Сыртқы істер министрлерінің кеңесі; Аға лауазымды адамдар комитеті; Түркітілдес мемлекеттердің Ақсақалдар кеңесі және Хатшылық құрылады. Мемлекеттер басшылары кеңесінің (МБК) отырыстары жылына бір рет өткізіледі. Оның кезекті отырысы өткізілетін орын, әдетте, мемлекеттердің ресми атауларының ағылшын алфавиті тәртібімен айқындалады. Кеңестің кезекті отырысын қабылдайтын ел МБК-нің келесі кезекті отырысына дейін ТМЫК-ның Төрағасы болып табылады. Хатшылықтың орналасқан жері – Стамбұл қаласы (Түркия Республикасы).

**Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ)**  
**(Организация договора коллективной безопасности (ОДКБ))**

1992 жылы Ресейдің бастамасымен ТМД ауқымында Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымын құру туралы шартқа қол қойылды. Шарттың мүшелері: Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан. 1999 жылы ҰҚШҰ-дан шығып кеткен Өзбекстан бұл ұйымға 2006 жылы қайта кірді. Алайда, 2009 жылдан бастап Өзбекстан үкіметі Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы жұмысына қатыспайтыны туралы ресми хабарлады.

ҰҚШҰ-ның негізгі мақсаттары: ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мүше мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау, ұлттық қарулы күштерді әскери және ұйымдастыру жағынан күшейту, әуе шабуылына қарсы қорғаныстың бірлескен жүйесін сақтау, ТМД-ға кірмейтін мемлекеттермен шекараны бірлесіп қорғау саласындағы өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты үйлестіру.

Қазақстан Республикасы елдегі және өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, жаңа қауіп-қатерлермен халықаралық құқық арқылы күресуге, тонер қауіпті болдырмау және алдын ала сақтандыру мәселелерін шешуге, олардың негізінде жатқан іргелі себептерді жоюға қолайлы жағдайларды туғызу үшін дәйекті түрде қолдау жасайды.

Ұйымның жоғары органы – Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (ҰҚК). Бұл кеңес Ұйым қызметінің қағидатты мәселелерін қарастырып, оның мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға қатысты шешімдер қабылдайды, сондай-ақ осы мақсаттарды іске асыру үшін мүше мемлекеттердің қызметін үйлестіру және бірлескен әрекеттерін қамтамасыз етеді. Кеңес құрамына мүше мемлекеттердің басшылары кіреді. Бас хатшы – Ұйым басқару ісін жүзеге асыратын тұлға.

Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі сессиялары арасында мүше мемлекеттер тағайындайтын өкілетті өкілдерден тұратын Тұрақты кеңес Ұйым органдары қабылдаған шешімдерді іске асыру үшін үйлестіру мәселелерімен айналысады. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі – сыртқы саясат саласындағы мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылын үйлестіру мәселелерімен айналысатын ұйымның кеңесші және атқарушы органы.

Қорғаныс министрлері кеңесі – әскери саясат, құрылыс және әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылын үйлестіру мәселелерімен шұғылданатын кеңесші және атқарушы орган.

ҰҚШҰ қызметі маңызды бағыттарының бірі халықаралық лаңкестік, экстремизм және оларға тән қылмыстарға; қару-жарақ пен есірткі контрабандасына, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз қоші-қон әрекеттеріне қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық болып табылады. Басты бағыттарының бірі – ядролық қаруды таратпаудың халықаралық тәртібін күшейту.



**Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ)**  
**(Шанхайская организация сотрудничества (ШОС))**

Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Қытай мемлекеттерінің басшылары 1996 жылы 26 сәуірде Шекара ауданындағы әскери салада сенім білдіру шаралары туралы Шанхай келісіміне және 1997 жылы 27 сәуірде Мәскеуде Шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы бесжақты келісімге қол қойды. Осы келісімдер негізінде 2001 жылы маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылды. Ұйымға алғашында Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресей кіріп, «Шанхай бестігі» деп аталды. Кейін Өзбекстан Ұйымға қосылды. Бақылаушы статусына Үндістан, Иран, Моңғолия және Пәкістан ие.

Ұйым мүшелерінің мақсат-міндеттерін, өзара қатынастарын және идеологиясын анықтайтын негізгі құжат ШЫҰ Хартиясы 2002 жылы 7 маусымда қабылданды. Бұл құжат бойынша ШЫҰ әскери-саяси және экономикалық одақтастық болып табылады. ШЫҰ-ның органдары: мемлекеттер басшыларының кеңесі, үкіметтер басшыларының кеңесі, сыртқы істер министрлерінің кеңесі, министрліктер және/немесе ведомство басшыларының кеңесі, Ұлттық үйлестірушілердің кеңесі, Хатшылық, Өңірлік терроризмге қарсы құрылым кеңесі.

Ұйым құрылуына негізгі себепші болған Қытайдың мақсаты – көрші елдермен шекара шиеленісуін жою және Орталық Азия аймағы мен Ресейге ықпалын арттыру болды. Ал Ресей Қытаймен жақындасу арқылы АҚШ және Еуроодақтың әлемдік экономикалық және саяси үстемдігіне тойтарыс беруді көздейді. Ұйым аймақтағы сепаратизм, экстремизм, лаңкестік, заңсыз қару сату және есірткі тасымалына қарсы күрестегі шешуші факторға айналып, 6 мемлекет өзара пайдалы экономикалық және сауда қатынастарына жол ашты. ШЫҰ-ның Хатшылығы Пекин қаласында (Қытай), лаңкестікке қарсы аймақтық атқарушы комитет Ташкент қаласында (Өзбекстан) орналасқан. Қазақстанның жыл сайынғы қаржылық салымдары 21% құрайды. Жылына бір рет мүше мемлекеттердің Қауіпсіздік Кеңесі хатшылары, бас прокурорлар, жоғарғы соттардың, қорғаныс, мәдениет, сыртқы істер, білім, көлік және төтенше жағдайлар министрлерінің кездесулері өткізіліп отырады.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы басқа мемлекеттермен, тиісті халықаралық және аймақтық ұйымдармен пікір алмасуға, байланыстар жасасуға, Ұйым шеңберіндегі мақсаттар мен міндеттерді бөлісетін басқа елдер үшін ашық. ШЫҰ белгілі бір күштерге қарсы қимылдайтын әскери одақ немесе жабық қоғамдастық емес, ол қазіргі жағдайдағы маңызды мәселелер аймақтағы бейбітшілік, тұрақтылық және қауіпсіздікті сақтау үшін іс-әрекет жасауда.

Қазақстанның мақсаты – ядролық қуаты бар державалармен бейбіт өмір сүріп, олардың бай нарығын, технологиясын пайдалану. ШЫҰ-

ның екі көшбасшысы болып саналатын Ресей мен Қытайға шекара-лас Қазақстан Ұйымды байланыстырушы мемлекет болып саналады. Аймақтағы тұрақсыздық факторларының бірі Ауғанстанға кірген американдық және басқа шетелдік әскерлер болып отыр. Ұйымға мүше мемлекеттер осы көрші елдегі жағдайды реттеуге әрекет жасауда. ШЫҰ-ның сауда-экономикалық бағдарламасы ұзақ мерзімге жасалған. Қазіргі уақытта бағдарлама энергетика, көлік, коммуникация, қоршаған ортаны қорғау салаларында инвестициялық жобаларды іске асыруда. 2006 жылы ШЫҰ-ның банкаралық қатынас пен іскерлік кеңестері құрылды, олар сауда-экономикалық ынтымақтастыққа өз үлесін қосуға бағытталған.

2010 жылдан бастап Қазақстан ШЫҰ-да торағалық етеді.

### 7.3. Халықаралық сауда-экономикалық ұйымдар

#### *Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы (АТЭЫ) Азиатско-Тихоокеанское экономическое сотрудничество (АТЭС)*

1989 жылы Австралияның бастамасымен құрылған мемлекетаралық ұйым. Мақсаты – Азия және Тынық мұхит аймағы халықтарының мүддесіне сөйкес экономикалық дамуды қамтамасыз ету, дүние жүзіндегі экономикалық дамуға қатысу; аймақтық өзара экономикалық дамуға жәрдемдесу; аймақтық өзара экономикалық тәуелділік жағдайында көпжақты еркін сауда жүйесін қамтамасыз ету; Азия-Тынық мұхит аймағы елдері арасындағы ашық сауда мен инвестиция салуға саясаттағы кедергілерді жою және аймақтық ынтымақтастықта еркін сауда принциптерін жүзеге асыру.

Азия-Тынық мұхит ынтымақтастығына мүше мемлекеттер: Австралия, Бруней, Қытай, Канада, Малайзия, Маршал аралдары, Мексика, Жаңа Зеландия, Папуа-Жаңа Гвинея, Корея Республикасы, Сингапур, АҚШ, Таиланд, Тайвань, Филиппин және Чили. АТЭЫ елдерінің жалпы ұлттық табысы дүниежүзіндегі сауданың 46% құрайды. Аймақтық экономикалық және саяси дамудағы тұрақтылыққа, әсіресе аймақтық сауда-саттық, энергетика, қоршаған орта, балық аулау, туризм, байланыс салаларына көп көңіл бөледі.

#### *Дүниежүзілік туристік ұйым (Всемирная туристическая организация)*

1963 жылы Халықаралық туристік ұйымдар одағы құрылып, ол 1970 жылы Дүниежүзілік туристік ұйым деп жаңа атау алды. Ұйым құрамына 130-дан астам мемлекеттің туристік ұйымдары мен компаниялары кіреді. Дүниежүзілік туристік ұйым мүшелері толық қауымдасқан және біріккен мүшелерге бөлінеді. Туристік ұйымның мақсаты –

елдердің экономикалық даму, халықаралық өзара қарым-қатынас, бейбітшілікті нығайту, демалыс, денсаулық сақтау салаларына үлес қосу және жәрдемдесу. Қазақстанның туристік компаниялары осы ұйымға мүше. Ұйымның хатшылығы Мадрид қаласында орналасқан.

2009 жылдың қазан айында Астана қаласында Дүниежүзілік туристік ұйымның XVIII Бас Ассамблеясы өтті. Оған шетелдік көп туристік компаниялардың, мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

### ***Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы (Организация Центральноазиатского сотрудничества)***

1991 жылы Орта Азия елдері: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мен Түрікменстан мемлекетаралық құрылым аймақтық ынтымақтастық ұйымын құруды шешті. Ал 2002 жылғы ақпанда осы төрт мемлекет президенттерінің кездесуінде ресми «Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы» құрылды.

Орталық Азия ынтымақтастық ұйымында бірқатар мәселелер туындады. Атап айтқанда, 10 жылдан астам уақыт ішінде Орталық Азия мемлекеттер басшыларымен интеграция аясында 100-ге жуық құжатқа қол қойылды, бірақ көбі әлі күнге дейін іске асырылған жоқ. Солардың қатарында бірыңғай экономикалық аймақ туралы келісім (1994 ж.) және 2005 жылға дейінгі Ортаазиялық аймақтағы экономикалық дамудың стратегиялық бағдарламасы (2000 ж.), сондай-ақ Орталық Азиядағы су ресурстарын пайдалануда да бір шешімге келмеді. Тәжікстан мен Қырғызстан Сырдария мен Өмударияның су-энергетикалық ресурстарын өз мүдделеріне ғана пайдалануға талпынып, Қазақстан мен Өзбекстанға қолайсыз жағдайлар тудырады.

2004 жылы 18 қазанда Душанбедегі мемлекеттер басшыларының кездесуінде Ресей осы Ұйымға кіріп, Ұйым ортаазиялық аймақтық шеңберден Еуропаға шығып кетті. Соның нәтижесінде Орталық Азия ынтымақтастық ұйымына мүше елдер 2005 жылғы 7 қазанда Санкт-Петербуркте өткен саммитте Ресейдің ұсынысы бойынша осы ұйымның Еуразиялық экономикалық қоғамдастықпен (ЕурАзӘК) бірігуі туралы шешім қабылдады.

Одан кейін ортаазиялық аймақтық саяси бірігудің жаңа бастамалары пайда болды, атап айтқанда, 2007 жылы ҚР Президенті Н. Назарбаев «Орталық Азия мемлекеттер одағын» құру туралы ұсыныс жасады. Алайда, бұл ұсыныс аймақтағы басқа елдерден қолдау таппады, Өзбекстан ашық қарсы шықты.

### ***Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзӘК) (Евразийское экономическое сообщество (ЕврАзЭС))***

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық – бұл құрушы мемлекеттердің ортақ шекара мен бірыңғай экономикалық саясат, тариф орнату,

баға бекіту және тағы басқа ортақ нарықты функциялаумен айналысатын халықаралық экономикалық ұйымы.

2000 жылғы 10 қазанда Астана қаласында Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан президенттері тарапынан құрылды. Ұйымға 2006 жылы кірген Өзбекстан 2008 жылы мүшелігін тоқтатты. ЕурАзЭҚ – ашық ұйым, оған әрбір мемлекет мүше бола алады. Қауымдастықтың негізгі мақсаттары: ЕурАзЭҚ-қа мүше елдерде еркін сауда жүйесін толық түрде қалыптастыру, бірыңғай кедендік тариф орнату, валюталық бақылау мен тәртіпті жетілдіру, әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын бірігіп жетілдіру, өндіріспен шұғылдануға жағдай жасау, шетел инвестицияларының кең түрде құйылуын қамтамасыз ету және білім мен медицина көмегін көрсету, ұлттық заңдарды жақындастыру.

Мемлекетаралық Кеңес – ұйымның жоғары органы. Оған мүше мемлекеттер мен үкіметтер басшылары кіреді. Интеграциялық комитеттің шешімдері 2/3 дауыспен қабылданады. Дауыстың саны тараптардың Ұйым бюджетіне құйған жарнасына байланысты. Ресей – 40, Қазақстан мен Беларусь – 20, Қырғызстан мен Тәжікстан – 10 дауысқа ие. Сәйіп келгенде, шешім қабылдау мүмкіндігі әр мемлекеттің ұлттық экономикасының көрсеткішіне байланысты. Хатшылық өз жұмысын 2002 жылдан бастады, ол Мәскеу және Алматы қалаларында орналасқан.

2003 жылы 19-20 ақпанда Бірінші экономикалық форум өтті. Онда ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірыңғай валютасын енгізу, кеден мәселелерін шешу, еркін сауда аймағын құру мәселелері қарастырылды. 2010 жылдан бастап Қоғамдастыққа кіретін Ресей, Белоруссия және Қазақстан Кедендік одағын құрды.

### *Ислам даму банкі (ИДБ) (Исламский банк развития (ИБР))*

1973 жылы 18 желтоқсанда өткен Ислам Конференциясы Ұйымына мүше-елдер қаржы министрлерінің бірінші конференциясында Ислам даму банкі (ИДБ) құру туралы шешім қабылданды. Ислам даму банкі аймақтық қаржы ұйымы болып табылады. 1974 жылы 10 тамызда Джидда қаласында (Сауд Арабиясы) ИКУ-ға мүше елдер қаржы министрлерінің 2-конференциясында Ислам даму банкінің Жарғысы мақұлданды.

Шариғат заңдарына негізделген ИДБ қызметінің мақсаты – банкке мүше елдер мен әлемдегі түрлі мемлекеттердегі мұсылман қауымдастығының экономикалық дамуы мен әлеуметтік прогресіне ықпал келтіру және мұсылман елдердің экономикасы, банк қызметінің дамуын көтермелеу болып табылады. Соған байланысты банк келесі міндеттерді жүзеге асырады:

– мүше елдердің экономикалық және әлеуметтік сектор жобаларын инвестициялау;

– кәсіпорындар мен бағдарламаларды қаржыландыру үшін жеке және мемлекеттік секторларға несие беруді жүзеге асыру, техникалық жәрдем беру;

– банк мүшесі болып табылмайтын елдердегі мұсылман қауымына көмек көрсету.

ИДБ-ның есеп айыру валютасы – ислам динары. 2008 жылы оның капиталы 30 млрд. ислам динарын құрады. ИДБ штаб-пәтері Джидда қаласында орналасқан. Рабат (Марокко), Куала-Лумпур (Малайзия), Алматы қалаларында үш аймақтық офисі бар. Бүгінгі таңда ИДБ-ға 56 ел мүше. Мұсылман қаржы жүйесінде бағалы қағаздар мен облигациялар «сукуқ» деп аталады. Банкердің ең бірінші қадамы – мемлекетте жұмыс істеуге негіз боларлық құнды қағаздарды, яғни «сукуқтарды» нарыққа шығару болып табылады.

Ислам даму банкі Қазақстан экономикасына қаржылай жәрдем көрсетті. 2003 жылы Банк басқарма кеңесінің 28-отырысы Қазақстанда өтті. 2003-2005 жылдары Қазақстанда банк қолдауымен маңызды халық шаруашылық жобалары іске асырылды: Сызғанов атындағы институт (10 млн. доллар), Гүлшат – Қарағанды автомобиль жолы (10 млн. доллар), Осакаровка Вишневка автомобиль жолы бөлігінің құрылыстарына (20 млн. доллар) қаржы бөлінді. ИДБ Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамыту мен қолдауға атсалысып, 15 млн. доллар көлемінде қаржы бөлді.

2009 жылғы 9 ақпанда Ислам даму банкінің Директорлар кеңесі «Батыс Еуропа Батыс Қытай» халықаралық транзиттік коридор «Оңтүстік Қазақстан облысы шекарасы – Тараз» жол бөлігін қайта салу жобасын 186 млн. долларға қаржыландыру мәселесін мақұлдады. Жоғарыда аталған жобаларды есепке алмағанда, Қазақстан экономикасына ИДБ арқылы келген қаражат көлемі жалпы 226 млн. доллардан астам қаржыны құрады. Одан әрі араб капиталын кең пайдалану үшін өткен жылы Қазақстан – Ислам қаржыландыру институттарының бізде жұмыс істеуі туралы екіжақты келіссөздер бастады.

### *Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (МЭЭУ) (Организация стран-экспортеров нефти (ОПЕК))*

Мұнайды экспорттаушы мемлекеттер ұйымы Бағдад конференциясында 1960 жылы құрылды. Оған мүше болып Алжир, Біріккен Араб Әмірліктері, Венесуэла, Габон, Индонезия, Ирак, Иран, Қатар, Кувейт, Либия, Нигерия, Сауд Арабиясы және Эквадор кірді. МЭЭУ-дің Жарғысы 1961 жылы қабылданып, кейін оған 1965 жылы Каракас конференциясында толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. Жалпы әлемдегі мұнай өндірудің 40%, экспортқа шығаратын мұнайдың 65% және жер астынан табылған мұнай қорының 60% МЭЭУ-ға мүше мемлекеттерге тиесілі.

1967 жылы Израильдің Мысыр, Сирия мен Иорданияға жасаған агрессиясына байланысты, Ұйымның араб елдері еврей мемлекетін қолдаған елдерге эмбарго жариялап, мұнай сатуды тоқтатты, яғни мұнайды экспорттауды саяси құрал ретінде пайдаланды. Кейбір жағдайда Мұнай экспорттаушы елдер ұйымына мүше мемлекеттер арасында түрлі келіспеушіліктер болып тұрады, себебі олардың біразы Еуропа, АҚШ трансұлттық корпорацияларымен байланысы бар.

МЭЭУ басты мақсаты – мұнай бағасын тұрақтандыру және бақылау, сатып алушыларды шикізатпен үзіліссіз қамтамасыз ету, әлемде мұнай бағасының тұрақтылығын сақтап қалу және олардың қобалжуын болдырмауды қамтамасыз ету. Ұйым министрлерінің кездесулері жарты жылда бір рет өтіп тұрады, министрлер Конференциясы жоғары орган болып саналады. Ұйым дүниежүзінде өндірілетін мұнайдың жартысына жуығына бақылау жасайды. Басында Женевда (Швейцария) ашылған МЭУ-ның штаб-пәтері 1965 жылғы 1 қыркүйекте Венаға (Австрияға) ауыстырылды.

***Мұнай экспорттаушы араб елдерінің ұйымы (МЭАЕУ)  
(Организация арабских стран-экспортеров нефти (ОАПЕК))***

Бұл ұйымды 1968 жылы Сауд Арабиясы, Кувейт және Либия құрды. Кейін мұнайды экспорттаушы араб елдерінің ұйымына Алжир, Бахрейн, Ирак, Қатар, Біріккен Араб Әмірліктері, Тунис, Сирия және Египет мүше болып кірді. 1990 жылы МЭЭУ-ға мүше мемлекеттердің үлесіне шамамен барлық капиталистік елдердегі мұнай өндірудің 30%, мұнай экспортының 50% және жер астынан табылған мұнай қорының шамамен 52% тиесілі болды. Ұйым Жарғысы бойынша, араб елдерінің мұнай өндірісін дамыту, мұнай шығару және оны шетелге сатуда ортақ саясат ұстану көзделді.

Осы ұйымның Мұнай экспорттаушы елдер ұйымынан айырмашылығы – арабтар мұнай шығару және сату көлемі мен бағасын белгілемейді. Ұйымның басты органы мұнай өнеркәсібі министрлерінің кеңесі болып табылады, олар жылына екі рет жиналады. Штаб-пәтері Эль-Кувейт қаласында орналасқан. Іс жүзінде жоғарыда аталған араб мемлекеттерінің саяси құрылымы, оның сыртқы саясаты және экономикалық даму деңгейі әр түрлі. Сыртқы экономикалық саясаты Лондон, Париж, Берлин, Нью-Йорктегі және басқа халықаралық банктермен тікелей байланысты болғандықтан, олар кейде бір келісімге келе алмайды.

**Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің  
ынтымақтастық кеңесі  
(Совет сотрудничества арабских государств  
Персидского залива (ССАГПЗ))**

Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі 1981 жылы құрылып, оның Хартиясы 1982 жылы ратификацияланды. Мүше мемлекеттер: Бахрейн, Қатар, Кувейт, Оман, Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы. Негізгі мақсаты – экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларды үйлестіру, ынтымақтастық және интеграция процесін қолдау. Ұйымның саяси мақсаты – Иран ислам революция идеясына тосқауыл қойып, Парсы шығанағындағы араб монархтары өз қауіпсіздіктерін бірлесіп қорғау болып отыр.

Біріккен экономикалық келісім бойынша, осы елдер арасында тарифтік тосқауылдар жойылды. Ұйымға мүше мемлекеттердің азаматтары өндіріс саласы жағынан жұмыстарын осы алты мемлекетте еркін жүзеге асыра алады.

Парсы шығанағындағы мемлекеттердің кеңесі институционалды түрде үш деңгейлі: мемлекеттер басшыларының жоғарғы кеңесі, министрлер кеңесі және бас хатшылық. Жоғарғы кеңестің отырыстары жыл сайын шақырылып, Ұйымның даму стратегиясын анықтайды. Оған төрағалық ету ротациялық негізде алфавит бойынша жүзеге асырылады. Бас хатшылығы Эр-Рияд қаласында (Сауд Арабиясы) орналасқан.

**Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭБҰ)  
(Организация экономического сотрудничества (ОЭС))**

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы 1985 жылы құрылды. Ол 1977 жылы 12 наурызда үш мемлекет – Иран, Пәкістан және Түркия қол қойған Измир келісімі негізінде ұйымдастырылған «Даму үшін өңірлік ынтымақтастық ұйымының» құқықтық мұрагері болып табылады.

Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық ұйымына ресми түрде 1992 жылы қарашада Исламабад қаласындағы (Пәкістан) сыртқы істер министрлері кеңесінің төтенше отырысы барысында қосылды. Бүгінде Ұйымға 10 мемлекет мүше: Түркия, Пәкістан, Иран, Қазақстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Әзірбайжан. ЭБҰ елдерінің өңірі 300 млн. халқы бар 7 млн. шаршы километр территорияны иемденіп отыр және бұл факт ұйымның зор экономикалық және әлеуметтік-қоғамдық потенциалы бар екендігін дәлелдейді.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі байланыс егеменді тепе-теңдік, өзара құрметтеу және әріптестік қағидаттарына негізделген. Жалпы, ЭБҰ-ға мүше елдердің арақатынастарында экономикалық фактор үстемдігі орын алады. Ұйым өңірдегі экономи-

каны дамытуға қолайлы жағдай орнатуды, өзара тиімді экономикалық ынтымақтастыққа қол жеткізуді, сонымен қатар ғылыми-техникалық және өлеуметтік-мәдени байланысты кеңейтуді көздейді. ЭБҮ-ға мүше елдердің сыртқы істер министрлері немесе министрлер дәрежесіндегі өкілетті уәкілдер кеңесі – ұйымның басты консультативтік-атқарушы органы болып табылады.

Министрлер кеңесі жылына кем дегенде бір рет өткізіледі. Бүгінде оның 18 отырысы болып өтті. Тұрақты өкілдер кеңесі ЭБҮ-ның бағдарламасы мен министрлер кеңесі шешімдерін жүзеге асыруда жауапты орган болып табылады. Хатшылық Ұйым жұмысының мониторингін (қадағалауды) өткізеді және үйлестірушілікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ түрлі іс-шаралар өткізуге қатысады. Хатшылықтың штаб-пәтері Тегеран қаласында (Иран) орналасқан. Бүгінде Ұйымға кіретін мемлекеттер өңірлік сауда-экономикалық, қаржылық мүмкіндіктерін толығымен пайдаланбай отыр.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Екіжақты және көпжақты дипломатияның айырмашылығы қандай?
2. Халықаралық саяси ұйымдарды атап беріңіз.
3. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылымы және оның мақсаты.
4. Қазақстан қай халықаралық сауда-экономикалық ұйымдардың мүшесі болып табылады?
5. Ислам Конференциясы Ұйымының органдарын айтып беріңіз.



## 8-ТАРАУ. КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

*Жатқа тізгін берсеңіз,  
жаламенен бас кетер.*

*Бұқар жырау Қалқаман-ұлы*

XI-XII ғасырларда халықаралық қатынастар саласында Еуропа көпестерінің сауда-саттық мүдделерін қорғау үшін Шығыс елдеріне арнайы жіберіп отырған лауазымды адамдары консулдар деп аталды. Кейін консулдық қызмет Еуропа елдерінде кеңінен орын алды. XVIII ғасырдан бастап консулдық қызмет өз функциясын қазіргі күнге дейін сақтап келеді. Консул (*consul* – латын сөзі) басқа мемлекетте өз ел азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтық, азаматтық және экономикалық мүдделерін қорғау үшін жіберілген дипломатиялық статусы бар тұрақты өкіл.

XVIII-XIX ғасырларда кәсіби штаттағы консулдар және штаттан тыс, яғни құрметті консулдар пайда болды. Дипломатиялық өкілдігі жоқ елдерде де консулдар дипломатиялық функцияны атқара береді. Консулдар қызмет бабында дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

### 8.1. Консулдық қатынастар орнату және консулдықтар

Бұрынғы Кеңес Одағы 1911 жылғы Консулдық туралы Каракас конвенциясын, 1928 жылғы Консулдық қызметкерлер туралы Гавана конвенциясын мойындаған жоқ. Кеңестік консулдықтар 1966 жылғы «КСРО территориясындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдері туралы» Ережесі бойынша жұмыс істеді. Қазіргі уақытта барлық мемлекет консулдары өз қызметі аясында Консулдық қатынастар туралы 1963 жылғы Вена конвенциясын, басқа да халықаралық конвенциялар мен келісімдерді, мемлекеттің ішкі заңдарын, үкіметтің қаулыларын, сондай-ақ қалыптасқан әдет-ғұрыптарды басшылыққа алады.

Мемлекеттер арасында консулдық қатынастар өзара келісім арқылы орнатылады. Кейбір жағдайларда дипломатиялық қатынастар үзілгенімен, консулдық қатынастар үзілмейді. Консулдық функциялар

болмыш мемлекеттің келісуімен үшінші, басқа бір мемлекеттің атынан жүзеге асуы мүмкін. Консулдарды тағайындау және белгілі сыныпқа жатқызу болмыш мемлекеттің ішкі заңдарымен реттелінеді.

Консулдықтарда істейтін адамдар лауазымды қызметкерлер (дипломатиялық персонал), консулдық қызметшілер (әкімшілік персонал) және қызмет көрсетуші персонал болып үшке бөлінеді. Консулдық мекеменің функциялары іссапар мерзімінің аяқталуы, экзекватура мерзімінің тоқтауы немесе «*persona non grata*» жариялануы, консулдық мекеменің жабылуы немесе консулдық қатынастардың үзілуіне байланысты жағдайларда тоқтатылады.

Консулдық жұмысты үйлестіру мәселесі сыртқы істер министрлігінің консулдық қызмет департаментіне жүктеледі. Оның негізгі міндеттері: сыртқы қатынастарды консулдық тұрғыдан қамтамасыз ету; жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау; шет елдермен визалық қатынастарды реттеу.

Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес шетелдегі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды шет мемлекеттегі консулдық мекемелер және штаттан тыс (құрметті) консулдармен өзара ықпалдасып жүзеге асырады. Сонымен қатар, шет елдермен консулдық саладағы қатынастарды дамыту туралы ұсыныстар енгізеді; шетел консулдық тәжірибесіне талдау жүргізеді және қызметтің басымдық берілетін бағыттарына ұсыныстар дайындайды. Консулдық департамент өзінің шет елдердегі мекемелерін және шетелдік консулдықтарды өз елінде ашу және олардың консулдық округтерінің шекарасын белгілеу туралы ұсыныстарын дайындайды; сырт елдердегі консулдық мекемелердің басшыларына патенттер ресімдейді, шетелдік дипломаттардың тағайындалуына келісімді хабарлайды және оларға экзекватура ресімдейді.

1991 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға (өзгерістер мен толықтырулар 1993 ж., 1995 ж., 2002 ж., 2004 ж. енгізілген) сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті азаматтық мәселелер жөнінде шешім қабылдайтын лауазымды тұлға болып табылады. Республика азаматтарының мемлекетпен тұрақты саяси-құқықтық байланысын айқындайды, бұл байланыс олардың өзара құқығы мен міндеттерінің жиынтығынан көрінеді.

Республикада әрбір адамның азаматтық алуға құқығы бар. Заңға сәйкес Қазақстанның азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластатуға болмайды. Республиканың азаматтығы туралы Заң күшіне енгізілген күнге дейін тұрақты тұратын, Қазақстан аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын, ҚР азаматтығын алған адамдар Республиканың азаматтары болып табылады. Қазақстанда «қос азаматтық» статусы танылмайды, яғни басқа мемлекет азаматының Қазақстан азаматтығын алуына жол жоқ.

Жалпай кугын-сүргін, күштеп ұжымдастыру (коллективизация) кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар салдарынан Қазақстан территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының тарихи Отанына қайтып оралуы үшін, сондай-ақ басқа мемлекеттерде тұратын қазақтар үшін жағдай жасалған.

Қазақстан азаматының республикадан тыс жерлерде тұруы ҚР азаматтығын тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, Қазақстанның азаматын шет мемлекетке күштеп беруге болмайды.

Республика азаматының немесе азаматшасының шетел азаматымен некеге тұруы, сондай-ақ мұндай некені бұзуы азаматтықтың өзгеруіне әкеп соқтырмайды.

Қазақстан азаматтығы төмендегі негіздерге сәйкес беріледі: Қазақстанда тууы бойынша; Республиканың азаматтығын қабылдау нәтижесінде; халықаралық шарттарда көзделген негіздер мен тәртіп бойынша; бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстанның азаматы болса, онда туған жеріне қарамастан, Қазақстанның азаматы болып табылады.

Ата-анасының азаматтығы әр түрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі ҚР азаматы болған жағдайда бала: 1) Қазақстан Республикасының территориясында туса; 2) Қазақстаннан тыс жерде туса, бірақ ата-анасының немесе олардың біреуінің бұл кезде ҚР территориясында тұрақты тұрғылықты жері болса, ол ҚР азаматы болып табылады.

Қазақстан азаматтығына Республика аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұрған немесе Қазақстан азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұрған адамдардың қабылдануға құқығы бар. Қазақстанның азаматтығына қабылдаған кезде кәмелетке толмағандардан, пайым қабілетін жоғалтқан не Республиканың Президенті белгілейтін тізбе бойынша кәсіптерге сай келетін адамдар мен олардың отбасы мүшелерінен және мемлекет алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардан, сондай-ақ Қазақстан аумағынан кеткен адамдар мен олардың ұрпақтарынан, егер олар тарихи Отаны ретінде тұрақты тұру үшін Қазақстанға қайтып оралған болса, жоғарыда көзделген шарттардың болуы талап етілмейді. Қазақстан азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі – баласы, жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі, апа-қарындасы, ағайнісі, атасы не әжесі бар, Қазақстанға тұрақты тұру мақсатымен келген бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары Қазақстанда тұру мерзіміне қарамастан, қабылданады.

Міндетті әскери қызметін атқарып жүрген және Республика аумағына орналасқан әскери қызметшілердің азаматтығы мәселелері мемлекетаралық шарттармен белгіленеді. Егер ата-анасының біреуі ҚР азаматтығынан шығып, ал екіншісі Қазақстанның азаматы болып қала берсе, 14 жасқа дейінгі бала ата-анасының осы туралы жазбаша өтініші бойынша, ҚР азаматтығын сақтап қалады. Мұндай баланың

Қазақстан азаматтығынан шығуына рұқсат етілуі мүмкін. ҚР азаматы асырап алған басқа мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын 14 жасқа дейінгі бала Республиканың азаматы болады.

Шетелдіктер асырап алған Қазақстан азаматы болып табылатын бала ҚР азаматтығын өзі кәмелетке толғанға дейін сақтайды. Аталған баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына ол кәмелетке толғаннан кейін және оның тілегі бойынша ғана жол беріледі.

Қазақстан Сыртқы істер министрлігі, біздің шетелдегі мекемелер елден тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстанның азаматтығы мәселелері жөнінде арыздар қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Республика Президентінің қарауына жібереді; Республикадан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан азаматтығынан айырылуын тіркейді.

Заңның 29-бабында көрсетілген азаматтық мәселелерді алдын ала қарау мақсатында Қазақстан Президенті жанынан Азаматтық мәселелер жөнінде комиссия құрылды. Азаматтық мәселелер жөніндегі арыздар мен ұсыныстарды қараған кезде Комиссия арыз берушінің дәлелдеріне, мемлекеттік органдардың қорытындыларына және өзге де құжаттарға жан-жақты баға береді. Комиссия шешімі көпшілік дауыспен қабылданады және мәжіліске қатысқан барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Егер Қазақстан бекіткен халықаралық шартта осы заңнан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Сонымен қатар, Қазақстанның азаматтығын алуды жеңілдетуге арналған екіжақты және көпжақты шарттар жасалынды. Мұндай екіжақты шарттар: 1996 жылы – Беларусь мемлекетімен, 2000 жылы – Украинамен қабылданып, 1999 жылы Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей арасында төртжақты шарт қабылданды.

## 8.2. 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы

1963 жылғы 24 сәуірде Венада шақырылған Біріккен Ұлттар Ұйымы конференциясында 92 мемлекеттің өкілі консулдық қатынастарды реттейтін әмбебап Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясын қабылдады (бұдан әрі – Консулдық конвенция немесе Вена конвенциясы).

Кеңес Одағы осы Конвенция жобасын дайындауға белсенді қатысты. Алайда, конференция барысында дайындалған жобаға КСРО-ны қанағаттандырмаған бірқатар ұсыныстар енгізіліп, ол Вена конвенциясына қосылмады, себебі, консулдық тәжірибеге қайшы кейбір баптары КСРО-ның басқа елдермен қабылдаған келісімдеріне сәйкес келмеді.

Атап айтқанда, Вена конвенциясының 31-бабы консулдық үй-жайларға қолсұқпаушылықты қамтамасыз етпейді; 35-бабы консулдық вализалар мен поштаның сақталуына кепілдік бермейді; 36-бабы лауазымды тұлғалардың негізгі міндеттерінің бірі ретінде анықтайтын ережелерге қайшы болып табылады; 70-бабы шетел дипломаттарына болмыш мемлекеттің сыртқы істер министрлігін айналып отір, тікелей қабылдаушы елдің мекемелерімен қатынасу құқығын береді.

Мемлекетаралық саяси, гуманитарлық қатынастардың ұлғаюы, азаматтардың бір елден екінші елге сапарларының көбеюіне байланысты 1989 жылы Кеңес Одағы Вена конвенциясына қосылды. Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және басқа да бұрынғы одақтас республикалар Кеңес Одағының халықаралық келісімдер саласындағы құқықтық мирасқоры ретінде осы Конвенциядан шығатын міндеттемелер мен құқықтарды мойындап, өз жұмысында пайдаланады.

Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы 5 тараудан, 79-баптан тұрады. Преамбулада «Осы Конвенцияның тараптары болып саналатын мемлекеттер:

ежелден халықтар арасында консулдық қатынастардың орнатылғанын атай отырып,

мемлекеттердің егемендік теңдігі, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастың дамуына жәрдем ету жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын назарға ала отырып,

– дипломатиялық қатынастар мен иммунитеттер жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы конференциясының 1961 жылғы 18 сәуірде қол қоюға ашылған Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясын қабылдағанын ескере отырып,

– осындай артықшылықтар мен иммунитеттер жекелеген адамдардың пайдасы үшін емес, тек консулдық мекемелердің өз мемлекеттері атынан міндеттерін тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін берілетінін мойындай отырып,

халықаралық дағдылы құқық нормаларының осы Конвенция ережелерімен тікелей көзделмеген мәселелерді реттеуді жалғастыратынын растай отырып, төмендегідей келісті» деп жазылған.

Біркелкі түсіну мен талқылау мақсатында Конвенция орыс, ағылшын, испан, қытай, француз тілдерінде жасалды. Конвенцияда кездесетін терминдер I-бапта анықталады, атап айтқанда: «консулдық мекеме», «консулдық округ», «консулдық мекеменің басшысы», «консулдық лауазымды тұлға», «консулдық үй-жайлар», «консулдық мұрағаттар» және т.б. терминдерге түсініктеме берілген.

Вена конвенциясының I-тарауы консулдық қатынастар туралы жалпы ережелерге арналған екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлім консулдық қатынастарды орнату мен жүзеге асыру тәртібін, ал екінші бөлім консулдық функцияларды тоқтатуды қарастырады. Мемлекет-

тер арасындағы консулдық қатынастар екі тараптың келісімі бойынша орнатылады. Екі мемлекет арасында дипломатиялық қатынастарды орнатуға берілген келісім консулдық қатынастарды орнатуға да келісімді білдіреді. Сонымен қатар, 2-баптағы екі ел дипломатиялық қатынастарын бұзу «*ipso facto*» автоматты түрде консулдық қатынастарды үзбейді, яғни екі ел консулдық өкілдігі жұмыс істей береді.

Консулдық мекемені ашудың тәртібі мынадай: бір мемлекет консулдық мекемені ашуға ниет білдіріп, екінші елдің басшысы, үкімет, сыртқы істер ведомствосына хат жолдайды. Егер жағымды жауап болса, мемлекеттердің өкілетті делегаттары арасында келіссөздер жүргізіледі. Онда консулдық мекеменің дәрежесі, консулдық округі және орналасатын мекені анықталады. Дайындалған келісімге қажетті деңгейде қол қойылады және көрсетілген мерзімде күшіне енеді.

Вена конвенциясының 5-бабында көрсетілген негізгі консулдық функциялар:

– болмыш мемлекетте консулдыңтың өз мемлекеті мен оның азаматтарының (жеке және заңды тұлғалар) халықаралық құқық шеңберіндегі мүдделерін, құқығын қорғау;

– мемлекеттер арасындағы сауда, экономика, мәдениет және ғылым байланыстарын дамытуға көмектесу. Сонымен қатар, Конвенция ережелеріне сәйкес, екі ел арасындағы достық қатынастарға қолдау көрсету;

– өкілдік ететін елдің азаматтарына паспорт және басқа да құжаттар беру, ал қызмет атқаратын мемлекеттің азаматтарына визалық және басқа консулдық қызмет көрсету;

– нотариат және басқа да тіркеу жұмыстарын атқару;

– өз ел азаматтарының (жеке және заңды тұлғалар) және көмелетке толмаған жас балалардың мүддесін қорғау;

– болмыш мемлекеттің заңына сәйкес сот және басқа да мекемелерде өз азаматтарының атынан іс жүргізу және құқықтарын қорғау;

– шет мемлекетке келген ұлттық ұшақ, кеме, басқа да көлік экипажы құрамына жәрдем және консультация беру;

– болмыш мемлекеттің заңнамасы және тәртібіне сәйкес басқа да консулдық іс-әрекеттер жасауға құқылы.

8-бапқа сәйкес, бір мемлекеттің консулдық мекемесі басқа мемлекеттің консулдық функциясын атқара алады. Оған болмыш елден рұқсат сұрап, келісімін алу қажет.

Конвенцияның 9-бабы консулдық мекеме басшыларын: бас консул, консул, вице-консул, консулдық агент деп төрт сыныпқа бөледі.

Консулды тағайындаушы мемлекет өз дипломатына «патент» құжатын даярлап, оны болмыш елдің Сыртқы істер министріне жібереді. Қабылдаушы жақ жазбаша келісім береді. Консулдық мекемелердің жаңа келген басшыларына қызметке кірісу үшін рұқсат қағазы, яғни «экзекватура» беріледі. Экзекватураны беруден бас тартқан мемлекет

консулды ұсынушы елге себептерін айтпауға құқылы. Ал Вена конвенциясына дейінгі құжаттарда экзекватураны беруден бас тарту себептерін хабарлап отырған.

Консулдық лауазымды тұлғаларға дипломатиялық актілерді жүзеге асыру үшін берілетін құқық туралы конвенцияның 17-бабында айтылады. Алайда, бұл қызметкер дипломатиялық артықшылықтарға ие болмайды. Түрлі себептерге байланысты, дипломатиялық жүйеге қарағанда консулдық жүйесі дамыған елдерде кемсітушілік саясатқа байланысты дипломатиялық миссияның орнына консулдық мекеме ашылады.

Келісімде консулдық персоналдың нақты саны көрсетілмеген болса, болмыш мемлекет консулдық мекеменің міндеттеріне сай және консулдық округтегі жағдайларды ескере отырып, консулдық персоналдың орташа санын белгілейді. Консулдық қызметкер ұсынылған елдің азаматы болуы тиіс, болмыш мемлекеттің азаматтары немесе үшінші мемлекеттің азаматтары консулдық лауазымды тұлғалар бола алмайды. Тек оған қабылдаушы мемлекеттің арнайы рұқсаты керек және бұл рұқсат кез келген уақытта жойылуы мүмкін.

Болмыш мемлекет кез келген уақытта консулдық қызметкерді «*persona non grata*» деп жариялап, оның елден кетуін талап ете алады. Егер өкілдік ететін мемлекет оны қайтарып алмаса, қабылдаушы ел берген экзекватурасын жоққа шығарады.

Консулдық мекеменің басшысы мен қызметкерлерінің функциялары келесі жағдайларда тоқтатылады:

а) консул жіберуші мемлекет болмыш мемлекетке оның функциялары аяқталғаны туралы хабар берген кезде; мұндай хабар консулдық мекеменің жабылуы немесе консулды мерзімінен бұрын шақырту мен мемлекеттер арасындағы консулдық қатынастар тоқтатылған кезде жүзеге асырылады;

б) болмыш мемлекет экзекватураны жоққа шығарған кезде, әдетте, консул болмыш мемлекеттің заңдарын бұзған жағдайда, соған байланысты ол «*persona non grata*» болып жарияланады. Жалпы, 23-бапқа сәйкес болмыш мемлекет кез келген уақытта белгілі бір консулдық тұлғаның «*persona non grata*» екендігі туралы жариялауы мүмкін және оның себептерін түсіндірмеуге құқылы. Мұндай жағдайда өкілдік ететін мемлекет осы азаматты елге қайта шақыруы керек;

с) мемлекеттер арасында соғыс, қарулы қақтығыстың басталуы немесе консулдық қатынастар үзілген жағдайда, өкілдік ететін мемлекет өз азаматтарының мүдделерін қорғай алады, яғни кейбір негізгі консулдық функцияларды орындауы мүмкін. Егер болмыш мемлекетте дипломатиялық, консулдық өкілдіктер болмаса, қорғауды үшінші мемлекет жүзеге асыруы мүмкін (2-тармақ 27-бап).

Вена конвенциясының 2-тарауында консулдық мекемелер мен штаттық консулдық лауазымды тұлғалардың басымдық, артықшылықтары мен иммунитеттері туралы айтылады. Болмыш мемлекет консулдық мекеменің өз жұмысын атқаруы үшін жағдай жасауға тиісті.

Консул миссиясы өз елінің мемлекеттік туы мен елтаңбасын пайдалануға құқылы. Мемлекеттік ту мен елтаңба консулдық ғимарат пен қызметтік көлікке ілінеді.

31-бапта елшілік сияқты консулдық мекемелерге қолсұқпаушылық қамтамасыз етіледі. Осы баптың 2-тармағына сәйкес, болмыш мемлекеттің басшылары консулдық мекеменің қолданыстағы үй-жайына тек консулдық мекеме немесе дипломатиялық өкілдік басшысының рұқсатымен ғана ене алады. Консулдық мекеме басшысының рұқсаты тек өрт немесе басқа да табиғи апат кезінде беріледі. Яғни, қолсұқпаушылық осындай жағдайларда ғана бұзылады. Консулдық ғимарат пен резиденция жергілікті салық, алымдардан босатылады.

Конвенцияда консулдық қызметкерлердің қатынастар еркіндігі қарастырылған. Өкілдік ететін елдің үкімет, дипломатиялық немесе өзге консулдық мекемелермен қатынастары кезінде, олардың орналасу жеріне қарамастан мекемелер барлық қажет қызмет түрлерін қолдана алады. Оған дипломатиялық, консулдық курьерлер, дипломатиялық, консулдық вализалар (пошта), кодталған депештерді жатқызуға болады. Дегенмен, радио-таратқышты болмыш ел билігінің рұқсатымен ғана орнатуға болады.

Конвенцияның 36-бабында консулдық лауазымды тұлғалардың өкілдік ететін елдің азаматтарымен қатысулары туралы айтылады. Осы баптың «с» тармағына сәйкес, «консулдық лауазымды тұлғалар сөйлесу үшін түрмеде, қамауда отырған немесе ұсталған өкілдік ететін мемлекеттің азаматына кіруге құқығы бар, сондай-ақ онымен хат жазысуға және оны заң өкілдігімен қамтамасыз ету шараларын қабылдауға құқылы. Олар өкілдік ететін мемлекеттің кез келген ұсталған азаматына кіруге құқығы бар» делінген. Дегенмен, консулдық лауазымды тұлға түрмеде отырған адамның атынан сөйлеуге тиіс.

Консулдық лауазымды тұлғалар дипломаттар секілді қамауға алынбайды және түрмеге отырғызылмайды. Олар ауыр қылмыс жасаған күнде, оны жауапқа тарту және түрмеге отырғызу сот шешімімен ғана мүмкін. Бұндай жағдайда консулдық қызметкерлер куәгер ретінде сотқа шақырылуы мүмкін. Егер консулдық лауазымды тұлғалардың кінәсінен күтпеген апат, мысалы, жол апаты болса немесе консулдық тұлға өз бетімен бір шартқа отырған жағдайларда оларға азаматтық талап берілуі мүмкін.

Вена конвенциясының 53-бабы консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің мерзімін анықтайды. Осы бапқа сәйкес, олар болмыш мемлекеттің территориясына келіп, қызметіне кіріскеннен бастап, іс жүргізеді. Егер консулдық ол территорияда бұрыннан бар болса, онда консулдық мекемедегі өз функциясына кіріскеннен бастап іс жүргізеді.

Консулдық лауазымды тұлғаның артықшылықтары мен иммунитеттері ол болмыш мемлекеттен оралған соң немесе оның берілген мерзімі өтіп кеткенде тоқтайды. Иммунитеттерді пайдаланатын адамдар



болмыш мемлекеттің заңы мен ережелерін құрметтеп, мемлекеттің ішкі істеріне араласпауы тиіс.

57-бап бойынша штаттық консулдық лауазымды тұлғалар болмыш мемлекетте табыс көру үшін жеке коммерциялық немесе кәсіби сәйкеспен айналыспауы керек.

Консулдық функцияларды атқаратын дипломатиялық агенттердің құқықтық статусын 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы анықтайды.

Сонымен, Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы – тұңғыш рет жасалған халықаралық көпжақты келісім. Ол консулдық қатынастар саласында өмбебап ережелер орнатуымен қатар, мемлекеттер арасындағы консулдық байланысты жүзеге асыру үшін әр түрлі жағдайларды қарастырады. Консулдық конвенцияда халықаралық консулдық қатынастардың дамуына әсеріп тигізген көптеген жағымды құқықтық нормалар жиналған.

### 8.3. Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысы

Барлық елдердің консулдық қызметі 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы негізінде жұмыс атқарады. Қазақстан консулдық қызметінің құқықтық негізі де осы Конвенцияға қосылу туралы 1993 жылғы 31 наурыздағы ҚР Жоғарғы Кеңесімен қабылданған қаулысы болды. Тәуелсіздік алғаннан бері ТМД мемлекеттері өз территорияларына шетел азаматтарының кіру және шығу туралы ережелерін, мемлекеттік шекара бақылауын күшейту жөнінде шарттар қабылдады.

Республика Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйекте бекіткен «Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысы» – елдегі консулдық мекемелердің жұмысын реттеудегі негізгі құжат.

Консулдық қызмет Қазақстан дипломатиялық қызметінің ажырамас бөлігі. Өзінің функциясы мен қызметінің аясында мемлекеттің мүддесі мен құқығын, шетел мемлекеттерімен қарым-қатынастарда заңды және жеке тұлғалардың мүддесін қорғайды. Консулдық қызмет институты халықаралық, мемлекетаралық, сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуда үлкен рөл атқарады. Консулдық құқық дипломатиялық құқықпен тығыз байланысты, сондықтан халықаралық жария құқығы мен жеке құқық саласында маңызды орын алады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін халықаралық қатынастар саласына өзгерістер енгізілді. Қазақстанның халықаралық, экономикалық және саяси беделі өсіп, халықаралық құрылымдар мен нарық қатынастарына белсенді қатысу процесінің кеңеюіне байланысты, консулдық қызметтің маңызы да өсіп келеді.

Консулдық мекемелер Қазақстанның Конституциясына, «Дипломатиялық қызмет туралы» Заңына, өзге де нормативтік-құқықтық

актілерге, халықаралық шарттарға, халықаралық әдет-ғұрыптарға, сондай-ақ ҚР Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі №217 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысына» негізделіп жұмыс істейді. Консулдық Жарғының 2-бөлімінде Қазақстанның заңды тұлғалары мен азаматтары жөнінде міндеттер жазылған.

Бекітілген тәртіп бойынша, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Үкімет, Парламент қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларға қажетті шетелге жол жүру құжаттарын ресімдейді және шетелдік визалар алады. Республиканың мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарын шетелдік визаларды алудың тәртібі мен талаптары, сондай-ақ баратын мемлекетте болу шарттары туралы ақпараттық-анықтамалық материалдармен қамтамасыз етеді, шетелдік азаматтарға визалар береді және виза, паспорттардың үлгілерін құзыретті органдармен бірге дайындайды. Қазақстан мен өзге мемлекеттер консулдық мекемелерінің нотариат, құжаттарды, азаматтық хал актілерінің жазбаларын сұрату мен заңдастыру, консулдық алымдар, күтпеген шығындарды өтеу есебінің төлемдерін өндіріп алу мәселелері бойынша жұмыс тәжірибесін қорытындылайды; шетелдерге жолданатын құжаттарды заңдастырады. Қазақстандағы шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің жауапты тұлғаларының қолтаңбаларын куәландырады; ҚР штаттан тыс (күрметті) консулы институтын пайдалануға байланысты мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Консулдық қызметте азаматтық мәселесі ерекше орын алады. Өз округінде тұратын адамдардан Қазақстанның азаматтығы мәселелері жөнінде өтініштерді қабылдайды, тыс жерде тұратын адамдардың ҚР-дың азаматтығын жоғалтқандығын тіркейді.

Консул Республиканың заңдарына сөйкес, ел азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркейді және сол мемлекетте тұрақты немесе уақытша тұратын мемлекет азаматтарынан, сондай-ақ азаматтық хал актілерін жазу органдарында тіркелген шетел азаматтарынан, азаматтығы жоқ тұлғалардан жоғалтылған азаматтық хал актілері туралы жазбаларды қалпына келтіру және азаматтық хал актілерін жою туралы өтініштер қабылдайды.

Консулдық қызмет функцияларында ерекше орын алатын мәселе – құжаттарды консулдық заңдастыру (легализация). Ол құжаттардың болмыш елдің қолданыстағы заңдарына сәйкестігін тексеру және мұндай құжаттарды басқа мемлекетте пайдалану мақсатымен оларға лауазым иесінің қойған қолы мен мөрінің түпнұсқалығын анықтау және куәландыру болып табылады, яғни халықаралық қатынастардағы құжаттар мен актілердің құқықтық күшін растайды.

Қазақстан заңдарына қайшы келетін немесе өзінің мазмұны бойынша мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін не болмаса Республика азаматтарының ар-ожданы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтер жазылған құжаттар мен актілер заңдастыруға жатпайды.

Республикада әзірленген, бірақ Консулдық қызмет департаментінде заңдастырудан өткізілмеген құжаттар мен актілер жекелеген азаматтардан және мекемелерден келіп түскен жағдайларда, консул ондай құжаттар мен актілерді олардың түшпұсқалығын анықтау мақсатында Қазақстан Сыртқы істер министрлігіне жіберуі тиіс.

Өз округінде жүрген еліміздің азаматтарына арнап мәдени-ағарту шараларын өткізуге жәрдемдеседі, сондай-ақ қылмыстық қудалау мен Қазақстан соттарының міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың Республика азаматтары жөніндегі тапсырмаларын орындайды.

Шет елде тұратын қазақ азаматы қайтыс болған жағдайда, оның артында қалған мүлікті консул қорғауға алады. Консулдық қызметкерлер мұраға қалған мүлікті Отанындағы мұрагерге тапсыру құқығына ие және Қазақстан азаматтарына тиесілі ақша, бағалы заттар, құнды қағаздар мен құжаттарды қабылдап алады.

Консул тұтқындалған (қамауға алынған) немесе қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған, ҚР азаматының бостандығын шектейтін басқа да шараларға ұшыраған жағдайларға байланысты, жергілікті заңдар мен халықаралық шарттардың сақталуын қадағалайды.

Сонымен қатар, консулдың басты функцияларының қатарына паспорттар мен визаларды беру мәселелері жатады. Консул ҚР азаматтарына паспорттар береді, оларды ауыстырады және олардың паспорттарына қажетті өзгерістер енгізеді. Консул еліміздің заңдарына сәйкес Қазақстанға келу, елден кету және ҚР аумағы арқылы транзиттік оту визаларын беру, ұзарту, жою секілді әрекеттер орындайды. Ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, нотариалдық қызмет көрсетеді. Қазақстан заңдары, халықаралық шарттарға сәйкес нотариалдық іс-әрекет жасалған кезде, сол мемлекеттің құқықтық нормаларын қолданады.

Шет елдерде және Қазақстан территориясында көрсетілген консулдық іс-әрекеттер үшін консулдық алымдар алынады. Олардың тарифі ҚР Сыртқы істер министрлігі мен Қаржы министрлігінің келісімдерімен белгіленеді, алымдар шетелде консулдық мекеме орналасқан елдің валютасымен, ҚР-да теңгемен алынады. Алынған алымдар мемлекет бюджетіне түседі.

Жарғының 6-бөлімінде консулдың ҚР азаматтық әуе кемелері жөніндегі міндеттері туралы айтылады. Консул Қазақстан азаматтық әуе кемесінің командирі, экипажы және жолаушыларына консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің өкімет орындарымен қатынас жасауда жәрдемдесу үшін барлық шараларды қолданады. Ол ұшақтың әуежайға қонуы, одан ұшып шығуы және әуежайда болуына көмектесуге; әуе кемесінде болған оқиғалардың жағдайын анықтауға, кеме командирі мен экипаж мүшелерінен сұрастыруға құқылы.

Апатқа ұшыраған немесс қонуға мәжбүр болған ұшақтарды, жүктер мен оқиғаның сипатын айғақтайтын заттай дәлелдерді сақтау үшін шаралар қолданады және тергеуде мамаңдарға жәрдем береді.

Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан авиакомпанияларымен келісімі бойынша, консул дипломатиялық пошта және дипломатиялық жүктерді Қазақстан ұшақтарымен тегін жіберуге құқылы.

Жарғының 7-бөліміне сәйкес автомобиль, теміржол көлігі құралдары және өзен флотының кемелері жөніндегі консулдық міндеттерді орындайды. Консулдық округ аумағында карантиндік аурулар пайда болған жағдайда, консул бұл туралы Республиканың құзырлы мекемелерін ауру таралған ауданның атын және жергілікті өкімет орындарының індетке қарсы қолданған шараларын анықтап, жедел хабардар етеді.

Консулдық қызмет қазақ диаспорасы мәселелерімен айналысады. Сыртқы істер министрлігі мен олардың шетелдегі мекемелері қазақ диаспорасымен қарым-қатынасты қолдау және дамытуда біршама іс-шаралар атқарды. Бұл шаралардың мақсаты – шетелдегі диаспора өкілдерінің санын анықтау және олардың тарихи Отанына оралуына қолдау көрсету. Соңғы уақытта тарихи Отанына қайтуға ниет білдірген қазақтардың саны өсуде. Осыған байланысты, жыл сайын Президенттің Жарлығымен оралмандарға квота бекітіледі. «Шетелдерде тұратын отандастарға қолдау көрсету» мемлекеттік бағдарламасы аясында консулдық мекемелер қазақ диаспораларымен тығыз байланыста.

Елімізде шетел консулдарының қызметке кірісуіне рұқсат беру тәртібі және олардың құқықтары, пайдаланатын жеңілдіктері мен иммунитеті «Қазақстандағы басқа мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдері туралы ереже» бойынша жүзеге асырылады.

Визалық тәртіп енгізіліп, шетелдік азаматтардың транзиттік өту мәселесі қиындағаннан кейін, 1992 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері азаматтарының ТМД аумағы бойынша визасыз жүріп-тұруы жөнінде көпжақты Бішкек және Мәскеу шарттары қабылданды. Консулдық қызметтің түрлеріне байланысты көптеген құжаттар қабылданды: ҚР виза беру туралы ережесі, Азаматтық мәселелер жөнінде құжаттарды рәсімдеу туралы ережесі, Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне байланысты құжаттарды талап ету жөніндегі ережесі, ҚР азаматтарына шетелде тұрақты тұруға рұқсат беруді рәсімдеу жөніндегі ережесі және т.б.

Қазіргі таңда Қазақстан консулдықтары 58 мемлекетте қызмет атқарады. Оның 44-і – елшіліктердің консулдық бөлімшелері, 8-і бас консулдық, 4-і консулдық және Шыңжаң-ұйғыр автономиялық аймағында (ҚХР) паспорттық-визалық қызметі жұмыс жасайды. Олар да республика сыртқы қатынастарының консулдық қызметін қамтамасыз етуде, экономикалық, сауда, мәдени-гуманитарлық, ғылыми және туристік байланыстардың кеңеюіне үлес қосуда.

ҚР Президентінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы №1503 Жарлығына сәйкес, бас консулдықтар – Президент жарлығымен, консулдықтар және консулдық агенттіктер – Үкімет қаулыларымен құрылады. Консулдық бөлімдер Сыртқы істер министрі бұйрықтарымен елшіліктің құрамында жұмыс істейді.

Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері жоқ мемлекеттерде екі мемлекет арасындағы келісім негізінде консулдық мекеме ашылуы және консулға дипломатиялық міндеттер де жүктелуі мүмкін. Консулдық мекеменің мекен-жайы, оның класы мен консулдық округі шет елдің келісімі бойынша белгіленеді. Консулдықтарда елтаңба бейнеленген, қазақ тілінде консулдық мекеме атауларының және мекеме орналасқан болмыш мемлекеттің тілінде жазылған мөрі болады, консулдық мекеме ғимаратына, өз резиденциясына және өзінің көлік құралдарына өз мемлекетінің жалауын пайдалануға құқылы.

Консулдық лауазымды адам дипломатиялық қызметкер болып табылады және Сыртқы істер министрлігінде мемлекеттік қызметте болады. Ал, шаруашылық қызмет көрсетуші персоналы мемлекеттік қызмет есебіне кірмейді. Консул өз округінің шегінде барлық мәселелер бойынша жергілікті билік орындарына өтініш білдіруге құқылы. Оның атқаратын функциялары: ҚР-дың заңды тұлғалары мен азаматтарының мүдделерін қорғау, бала асырап алу, қамқоршылық пен қорғаншылық, паспорттар мен визалар, азаматтық мәселелер, өуе кемелері, автомобиль, теміржол көлігі, өзен флоты жөніндегі және басқа да істер.

*Құрметті консул.* Консулдық Жарғыға сәйкес, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шет елдерде «Құрметті консул» (штаттан тыс) ұстай алады. Консулдық мекеме орналасқан мемлекетпен келісім бойынша жекелеген консулдық міндеттерді орындауды Құрметті консулдарға тапсыра алады. Құрметті консулдар Қазақстанның азаматтары да, сондай-ақ шетелдіктер де бола алады. Олардың міндеттерін Қазақстан Сыртқы істер министрлігі анықтайды және біздің елде мемлекеттік қызметте тұрмайды.

Ол мемлекеттік қызметкер емес, бірақ болмыш мемлекеттің келісімімен тарағындалған қызметкер ретінде консулдық функцияны атқарады. Қазақстан Республикасының Құрметті консулы бір мезгілде басқа мемлекеттің Құрметті консулы бола алмайды. Оның атқаратын функциялары:

– өзінің консулдық аймағында Қазақстан азаматтарының мүдделері мен құқықтарын қорғайды;

– болмыш мемлекет пен Қазақстан арасында достық, сауда-экономикалық, туризм байланыстарының дамуына үлес қосады;

– болмыш мемлекетте дипломатиялық өкілдік пен консулдық мекеменің қызметіне қажетті көмек көрсетеді;

болмыш мемлекеттің билік органдарымен консулдық мәселелер жөнінде байланыс жасауын қамтамасыз етеді.

Құрметті консул Қазақстан Сыртқы істер министрінің бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады. Оны тағайындау және қызметтен босату жөніндегі келісулер дипломатиялық жолмен жүреді. Үміткерлер Министрдің атына өзінің құрметті консул болу тілегіне негіз келтіріп, функцияларды орындау туралы міндеттемелерді алып және ол үшін ақы алмауға келісетіні туралы отінші жазады. Сонымен қоса, анкета, өзінің қызметтік біліктілігі жөнінде мәлімет, болмыш және Қазақстанның белгілі саясаткерлері, іскер адамдары берген кепілдеме хаттарын ұсынады.

Тағайындалған уақытта Құрметті консул патент түрінде оның аты-жөнін, азаматтығын, өз міндеттерін атқаратын консулдық аймағының мекен-жайын, өкілеттілігін айқындайтын құжат алады. Ол өз қызметіне болмыш мемлекеттің келісімін – экзекватурасын алғаннан кейін кіріседі.

Құрметті консул округінде заңды тұлға мен жеке азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге шаралар қолданады; уақытша және тұрақты тұратын Республика азаматтарының есебін жүргізіп, болмыш мемлекеттің заңдары, үкімдері, жергілікті салт-дәстүрі туралы хабардар етіп отырады, мәдени шаралар өткізуге қолдау көрсетеді. Дипломатиялық өкілдік және консулдық мекеменің келісімімен қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін сотта немесе болмыш мемлекеттің басқа органдарында қорғай алады.

Оның функциялары Сыртқы істер министрлігі болмыш мемлекетте Құрметті консул өкілеттілігінің аяқталуы туралы хабардар еткенде, экзекватура өз күшін жойған уақытта, Құрметті консул СІМ-ге жеке тілегі бойынша негізделген арыз жазған кезде тоқтатылады.

#### 8.4. Қазақстанның визалық саясаты туралы

Бұрынғы одақтас республикалар тәуелсіз мемлекет болған соң шетелге шығу мен шетел азаматтарының келуі көбейді. Ресми делегациялар, туристер мен жеке жұмыс бабы бойынша келуші азаматтар жергілікті органдарда тіркелуі тиіс еді. Бастапқы кезде Қазақстан және шетел азаматтарының келіп-кетуіне бақылау әлсіз болды, себебі оған сәйкес құқықтық реттеу тетігі болған жоқ.

Тәуелсіздік алған барлық мемлекеттер шетел азаматтарының өздерінің территориясында болуы немесе кіруі туралы жаңа ережелер қабылдады, мемлекеттік шекарада бақылау органдары құрылды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында шетел азаматтарының еркін жүріп-тұру мәселелерін реттеуге мәжбүр болды. Виза енгізілгеннен кейін Достастық мемлекеттер территориясы арқылы транзиттік жол жүру проблемасы туындады. Осы мақсатта 1992 жылы Бішкек қаласында ТМД мемлекеттері азаматтарының бір-біріне визасыз жүріп-

тұруы жөніндегі көпжақты келісімге қол жетті, кейін Мәскеу қаласында Визаларды өзара тану туралы келісім қабылданды.

Шетел азаматтарының Қазақстанға келуін және болуын реттеу консулдық қызметтің басымды бағыттарының бірі болып табылады.

Елбасының «Қарапайым адамдарға қолдау көрсетуде оң қадам жасау» жөніндегі 1996 жылғы бастамасын жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан мен Украина азаматтарының визасыз жүріп-тұруы және ЕурАзӘҚ аясында бірқатар келісімдер қабылданып, жүзеге асырылды. Азаматтық алудың жеңілдетілген тәртібі туралы Ресей, Беларусь және Украина мемлекеттерімен келісімдерге қол қойылды. Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей арасында азаматтық жөніндегі келісімдер өз күшіне енді.

Жыл сайын ТМД мемлекеттері Консулдық қызмет департаментінің басшылары СІМ-нің консультативті отырысын өткізеді. Бұл кездесулерде азаматтардың өзара жүріп-тұруы жөніндегі келісімдердің іске асырылуы, азаматтық алу тәртібі, заңсыз миграция, шекарадан өтуге құқық беретін және олардың жеке басын куәландыратын құжаттарды үйлестіру сияқты өзекті мәселелер талқыланады.

Консулдық қызмет департаменті, сонымен қатар, басқа да шет елдік сыртқы істер министрліктерімен консультациялар өткізіп отырады және екіжақты халықаралық келісімдерді дайындауда көп жұмыс атқарады. Қазақстан Ресей, Беларусь, Украина, Молдова, Грузия, Венгрия, Польша, Румыния, Қытай, Үндістан, Жапония, Моңғолия, Иран, Түрікменстан, Түркия және Өзбекстан мемлекеттерімен консулдық конвенциялар мен шарттарға қол қойды.

Қазақстан Түрікменстаннан басқа барлық ТМД мемлекеттерімен толық визасыз жүйе ұстанады. Бұл жүйенің құқықтық негізін бірнеше мемлекетаралық және үкіметаралық құжаттар құрайды. Сонымен қатар, кіру және шығу тәртібін нығайту үрдісі ТМД мемлекеттері арасында байқалады. Соңғы кездерде Достастық мемлекеттері арасында қарама-қайшылықтар пайда болып, әскери қақтығыстарға дейін барды. Сондықтан Грузия мен Ресей, Әзірбайжан мен Армения арасында визалық режим орнатылды. Бішкек келісімі ТМД жаңа құрылған кезде ғана белсенді рөл ойнады, ал қазір ол уақыт талабына сай келмейді. 1999 жылдың шілде айында Түрікменстан келісімнен шығып кетті, ал Өзбекстан Республикасы келісімнен шықпаса да, Қырғызстан және Тәжікстанмен екіжақты визалық жүйе орнатты және қазақ-өзбек азаматтарының миграциялық бақылау карточкалары негізінде жүруі туралы келісімге қол қойды. Осыған байланысты, ҚР Үкіметі Бішкек келісімінен шығу және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзӘҚ) аясында бес мемлекет арасында визасыз жүру туралы жаңа келісімге кіру жөнінде шешім қабылдады.

ТМД мемлекеттерін қоспағанда, Азия, Еуропа және Американың 14 мемлекетімен толық және жартылай визасыз режим белгіленді.

Қазақстан Республикасы Моңғолиямен 90 күнге дейін, Түркиямен 30 күнге дейін екіжақты визасыз жүріп-түру келісіміне қол қойды. Екіжақты визасыз режим дипломатиялық және қызметтік паспорттарға ие тұлғалар үшін Словакиямен 3 айға дейін, Венгрия, Израиль, Иран, Куба, Қытай, Пәкістан, Румыния, Үндістан және Түрікменстан, Филиппин мемлекеттерімен 30 күнге дейін бекітілген. ҚР азаматтарының визасыз кіру жолын бірқатар мемлекеттер біржақты ғана шешкен. Мысалы, Малайзия паспорттың барлық түрлеріне визасыз режимді 30 күнге дейін, Таиланд – 15 күнге дейін, Сингапур – дипломатиялық және қызметтік паспорттар үшін 30 күнге дейін белгіледі.

Визалық қатынастарды реттеуде бірқатар мемлекеттермен азаматтардың өзара жүріп-түруы жөнінде үкіметаралық келісімдер дайындалды. Қазіргі таңда ҚР Үкіметі Венгрия, Грузия, Иран, Қытай, Молдова, Моңғолия, Өзбекстан, Пәкістан, Словакия, Тәжікстан, Түркия, Үндістан және Филиппинмен кіру, шығу және тұрақтану тәртібін реттеу жөнінде меморандум мен келісімдерге қол қойды. ҚР Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің отырысында қабылданған шешімге сәйкес, инвесторлардың Қазақстанға кіру және шығу ережесі жеңілдетілді. Мұндай құжаттарды даярлағанда өзге мемлекетпен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар есепке алынып отырады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың шақыруымен келетін қызметтік визаларды рәсімдеу СІМ-нің мемлекет тізімі негізінде және ІІМ келісуімен анықталады. ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес, «Қазақстан Республикасына шетел азаматтарының келіп-кету ережесіне» өзгертулер енгізілді. 2000 жылғы 28 қаңтарда СІМ және ІІМ-нің бірлескен бұйрығымен жаңа «Қазақстан Республикасының виза беру жөніндегі нұсқауы» бекітілді.

Дамыған елдердің азаматтарына және қазақ диаспорасына виза беру тәртібі жеңілдетілді. Қазақстаннан шыққан шетел азаматтарының отанына келуі және туыстарының зираты басына баруы үшін жеке өздерінің сұраулары бойынша (делдал туристік компаниялардың көмегінен) растайтын құжаттар негізінде 3 айға дейін жеке визалар беріледі. Мұндай құжаттарға паспортта арнайы графа бөлінген, ҚР туу туралы куәлігі немесе ҚР-да жерленген туысы бар екенін дәлелдейтін құжат немесе ҚР азаматтығынан шыққаны жөнінде анықтама қағазы болуы қажет. Нұсқаудың жаңашылдығы – Республикада транзиттік мерзім бес күнге дейін созылады.

Қазақ диаспорасынан, гуманитарлық миссияны атқарушылардан, орта және жоғары оқу орындарында оқитын студенттерден, спорт шараларына қатысушылар, ғылыми және шығармашылық жұмыспен келгендерден консулдық алымдар алынбайды. Ал оралмандар басқа жеңілдіктермен қоса, консулдық алымдардан да босатылған.

Халықаралық шарт пен ҚР заңнамасына сәйкес қазақстандық визаны рәсімдеу кезінде мемлекет басшылары, ресми және үкімет делегацияларының мүшелері, ҚР-да аккредиттелген шетел елшіліктері мен



консулдықтардың қызметкерлері, халықаралық ұйымдардың өкілдері, БҰҰ және Қызыл Жарты Ай ұйымдарының дипломатиялық және қызметтік куәлік иелері консулдық алымдардан босатылған.

Түрлі мемлекеттерге қатысты барлық аспектілерді есептей отырып, визалық саясат анықталады. Виза беруде шетел азаматтары Қазақстанда болған кезде заң бұзушылық жасамаған жағдайда, ел экономикасына елеулі инвестиция салу туризм мен экономиканың дамуына пайда келтіретіндігі ескеріледі. Өлемдік мемлекеттер үш топқа бөлінеді: иммигранттары Қазақстан үшін қатерлі елдер, экономикасы дамыған елдер және ТМД елдері.

2004 жылғы 15 ақпаннан бастап, Батыс Еуропа, Солтүстік Америка, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияның ең дамыған 28 елінің азаматтары Қазақстанға бір жолғы дипломатиялық, қызметтік, іскерлік, жеке және туристік визаны ресімдеу кезінде ҚР-нан шақыру немесе визалық қолдауды көрсету қажеттілігінен босатылды. Бүгінгі күні осындай мемлекеттердің қатары 45-ке жетті:

2004 жылғы 15 ақпаннан бастап:	2009 жылғы 19 мамырдан бастап:
1. Австралия	1. Чехия Республикасы
2. Австрия Республикасы	2. Румыния
3. Бельгия	3. Болгария Республикасы
4. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі	4. Кипр Республикасы
5. Грекия Республикасы	5. Мальта Республикасы
6. Дания Корольдігі	6. Словения Республикасы
7. Жаңа Зеландия	7. Литва Республикасы
8. Ирландия Республикасы	8. Латвия Республикасы
9. Исландия Республикасы	9. Эстония Республикасы
10. Испания Корольдігі	10. Оман Сұлтандығы
11. Италия Республикасы	
12. Канада	
13. Лихтенштейн Князьдігі	
14. Люксембург Ұлы Герцогтігі	
15. Малайзия Федерациясы	
16. Монако Князьдігі	
17. Нидерланды Корольдігі	
18. Норвегия Корольдігі	
19. Португалия Республикасы	
20. Сингапур Республикасы	
21. Америка Құрама Штаттары	
22. Финляндия Республикасы	
23. Франция Республикасы	
24. Германия Федеративтік Республикасы	
25. Швейцария Конфедерациясы	
26. Швеция Корольдігі	

27. Жапония	
28. Корея Республикасы	
29. Сауд Арабиясы Корольдігі	
30. Словакия Республикасы	
31. Венгрия Республикасы	
32. Польша Республикасы	
33. Біріккен Араб Әмірліктері	
34. Израиль Мемлекеті	
35. Хорватия Республикасы	

Сонымен, бүгінгі күні Қазақстанда 45 елдің азаматтары жеңілдетілген визалық режимді пайдаланады: шетел азаматы 1-2 күн ішінде іскерлік, туристік және жеке виза ала алады. Ол үшін консулдың атына виза беру туралы өтініш, толтырылған тиісті анкета, консулдық алымды төлегені туралы түбіртек талап етіледі.

Қазақстанға көбіне ТМД елінің азаматтары келеді (транзит, жұмыс бабымен, жеке сапар, туризм), визасыз жүру құқығы барлардың саны 6-7 миллион адамға жетеді. Бұдан басқа, Қазақстан мен Қырғызстан үкіметтері екі елдің шекаралас аудандарындағы келу туризмін дамыту мақсатында туристік визаны өзара тану туралы келісімді ратификациялады.

ҚР дипломатиялық визалары шетелдік дипломатиялық паспорт иелеріне беріледі және дипломатиялық виза беру орынды деп табылған кейбір жағдайларда ғана іске асырылады.

Қызметтік визалар шетел дипломатиялық және басқа өкілдіктер персоналы мен дипломатиялық санатқа жатпайтын халықаралық ұйымдарға, сондай-ақ, Қазақстанның заңды тұлғаларымен шақырылған, қызмет бабымен келе жатқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға беріледі.

2006 жылдан бастап «жұмыс» визасын Қазақстанның шетел жұмыс күшін тарту лицензиясы және визалық қолдауы негізінде ҚР-ның шетелдегі консулдықтары береді. Сондай-ақ, «оқу», «емделу», «тұрақты тұру», «жеке сапар», транзиттік, туристік визалар береді.

*Шенген визалық аймағы.* 2008 жылы Шенген келісіміне 30 мемлекет қол қойды, оның 25-і Шенген визалық аймағына кірді.

Германия, Франция, Бельгия, Нидерланды және Люксембург 1985 жылы 14 маусымда Шенген қаласында (Люксембург) ортақ шекарадағы бақылауды біртіндеп алып тастау туралы келісімге қол қойды. Бұл еуропалық интеграцияның үлкен қадамы еді. Мемлекеттік шекара бақылауын тоқтату (шекара пункті қалады) жөнінде және бірыңғай визалық кеңістік құру, азаматтар мен тауарлардың ортақ шекара арқылы еркін жүріп-тұруын қамтамасыз ету жөніндегі Шенген келісімі 1995 жылы 26 наурызда күшіне енді. Жоғарыда аталған елдермен қоса, оған Испания, Португалия, Австрия және Грекия кірді.

2001 жылы 25 наурызда Шенген келісіміне мүше болып Дания, Исландия, Норвегия, Финляндия және Швеция қосылды.

Шенген тобына кірген елдердің сыртқы шекараларында шекаралық бақылаудың бірыңғай электрондық жүйесі, бірыңғай визалық тәжірибе, полицейлік бақылау, көші-қон саясатының құқықтық мәселесі және есірткі саудасымен күрес жүргізу үйлестірілген. Сонымен қатар, Шенген тобына кіретін мемлекеттерге арнайы Страсбург қаласында бірыңғай ақпараттық жүйе орталығы жұмыс істейді. Онда Еуропалық Одақ елдеріне кіруге тыйым салынған азаматтар жөнінде, ұрланған көлік пен құжаттар жөнінде мәліметтер жинақталған.

Шетел азаматтары Шенген тобына кіретін мемлекеттерге бару үшін бірыңғай үлгідегі кіру визасын алуы қажет. Мұндай визаны 3 ай мерзімге шетелдегі елшіліктер береді. Сонымен қатар, Шенген тобындағы әрбір мемлекет өз ұлттық визасын беру мүмкіншілігін сақтап қалған.

Дипломатиялық, қызметтік паспорттар және халықаралық ұйымдар паспорттарының иелеріне кіру туралы виза әр мемлекеттің ұлттық заңы негізінде жүзеге асырылады. Шенген тобындағы бір мемлекетте ұзақ болуға рұқсат алған дипломаттар, Шенген аймағының басқа да мемлекеттерінде 3 ай мерзімге дейін еркін жүріп-тұру құқығына ие.

Шенген келісіміне Еуропалық Одаққа мүше елдердің басым көпшілігі кіргендіктен, бұл келісім жаңа интеграциялық деңгейге көтерілді. 1999 жылы 17 мамырда жаңа Амстердам келісімі бойынша визалық мәселелер енді Еуропалық Одақтың Кеңесіне ауысты.

Еуропалық Одақтың шығысқа бет алып кеңеюі жаңа жағдай тудырып отыр. Алдағы жылдарда «Шенген визалық аймағы» ТМД мемлекеттерінің шекараларына жақындады, сондықтан Ресей, Украина, Белоруссия осы елдермен виза берін-алу туралы келіссөз жүргізуде.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының мазмұны.
2. Консулдық қызмет қандай мәселелермен шұғылданады?
3. Қазақстан Республикасының консулдық жұмысты реттейтін құжаты.
4. Қазақстанға шет елдердің азаматтары келу үшін шақыру немесе визалық қолдауды қажет етпейтін мемлекеттердің тізімін айтып беріңіз.

## 9-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ПРОТОКОЛ

*Елшіге олім жоқ.*

*(Қазақтың нақыл сөзі)*

*Әйел секілді, саясат та майысқақ бола тұрып,  
тік жолды ұстап тұру керек.*

*Тадеуш Гицгер (поляк жазушысы)*

Протокол – гректің «*protokollon*» («*protos*» – бірінші, *kolla* – жабыстыру) сөзінен шыққан. Орта ғасырларда «протокол» сөзінің мағынасына құжаттарды рәсімдеу мен мұрағаттарды жүргізу ережелері кірген. Кейін «протокол» сөзі дипломатиялық қызметке ене бастады. Соған байланысты, бұл сөздің мазмұны да кеңейе түсті – дипломатиялық құжаттарды рәсімдеумен қатар, дипломатиялық протокол ұғымына этикет пен церемониал мәселелері де ене бастады.

Дипломатия қызметінің міндеттерін атқаруға қажетті құралдар мен тәсілдер: протокол, келіссөздер, дипломатиялық қабылдаулар, дипломатиялық пошта, курьер, дипломатиялық иммунитет және тағы басқалары. Байланыс пен ақпараттың жаңа хай-тек құралдарының пайда болуы мен халықаралық ұйымдардың көбеюі дипломатиялық тәсілдердің мүмкіндіктерін арттырды. Қазіргі уақытта протокол қызметі көптеген талаптар мен ерекшеліктерді қамти отырып, сыртқы іс жүргізудің құрамдас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз мемлекет тарихының ажырамас бір бөлігі мемлекеттік протокол болып табылады. Ерте заманнан келе жатқан протоколда әр түрлі елдер мен ұлттардың қарым-қатынастары, өзара байланыстары көрініс береді.

Мемлекет қалай және қандай жолмен басқа мемлекетке деген өз құрметін көрсете алады? Мемлекет өзінің мәртебесі мен ұлттық құндылықтарын ескере отырып, басқа елдің өкілдерімен қандай қатынас жасап, сұхбатты қалай жүргізуге тиіс? Осындай сұрақтардың жауабын протокол қызметі береді.

«Дипломатиялық церемониал және этикет» еңбегінің авторлары Джон Вуд пен Жан Серре «протокол» ұғымына «үкіметтер мен оның өкілдерінің ресми және бейресми кездесулерінің жиынтығы» деген анықтама берген.

## 9.1. Протоколдың пайда болуы және елшіліктер

V-VI ғасырларда саяси сахнаға түріктер шыға бастады, олар христиандық Византия, сасанидтік Иран, Қытаймен қарым-қатынаста болып, сол аймақтағы геосаяси және геоэкономикалық жағдайларға әсер етті. Шет мемлекеттерде түрік елшілері Византия, Иран, Қытай елшілерімен тең қабылданып, шетел басшыларының сарайында сый-сияпатқа ие болды. Византиядан келген елшілер Түрік қағанының байлығын былай деп баяндайды: «Қаған алтыпмен қапталған тақта отырады, атақты түріктер отырған шатырлар жібектен жасалған, шатырдың ішінде алтын ыдыстар, көптеген күмістен жасалған құралдар бар. Бейбітшілік орнату рәсімі құрбандық шалумен өткізіліп, церемониал мен этикетке ерекше мән береді». Византия оқилдерінің мәлімдеуінше, Батыс Түрік қағанатында үлгі көрсетерлік тәртіп және дамыған шаруашылық болған. Олар сауда мәселесі жөнінде келіссөздер жүргізіп, тұтқындарды босату туралы шарттар жасасты.

Қытайда Таң императоры кезінде басқа елдер билеушілерінің қытай императорынан дәрежесі төмен деп есептеліп, шетел елшілерінің әкелген сыйлықтарын салық деп қабылдаған. Қытайда шетел елшілерін қабылдау мен орналастыруға арналған қызмет жұмыс істеп, сыртқы қатынаспен айналысатын шенеуніктер тағайындалды. Қытай жіберген елшілер үлкен және кіші дәрежелерге бөлінген. Императорлық жолдаулар мен сыйлықтарды табыс ету үлкен елшінің құзырында болды.

Қытай шетел елшілерін айрықша жылы қарсы алып, оларға құрметті титулдар ұсынып отырған. Мұның барлығы халықаралық сахнада өзінің беделін ұстап тұру және көрші мемлекеттерден үстемдігі жоғары екенін көрсету үшін жасалатын.

XVII ғасырда Цинь империясымен дипломатиялық қатынасқа түскен мемлекеттер алым төлейтіндер ретінде қарастырылып, халықаралық қатынаста Қытаймен тең емес деп саналды. Кімде-кім император алдында илетін болса, өзін және өз мемлекетін қытай монархының алым төлеушісі деп есептейтін болады. Мұндай церемониалдан бас тартқан елшілер император сарайына қабылданбайтын. Осылайша, Ф.И. Байков басқарған Ресейдің Қытайға жасаған бірінші елшілік миссиясы сәтсіз аяқталды. Себебі, ол патшаның жіберген грамотасы мен сыйлықтарын қытай императорынан басқа қызметкерге беруден бас тартты. Кейін орыс елшілері мұндай жағдай қайталанбас үшін Қытайдың протоколдық церемониалын орындап, сыйлықтарын императордың қызметшілеріне тапсырған. Содан кейін ғана Қытай императоры оларды қабылдайтын болды.

Орта ғасырларда дипломатияның дамуы мұсылман Шығыс елдерінде өз көрінісін тапты. Арабтар қысқа мерзімде халифаттың территориясын кеңейтуде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Астанасы Дамаск қаласы болған Омейяд халифаты Испанияның Пиренейнен Батыс Үндістанға

дейін, Кавказ және Орта Азиядан Йемен мен Африкаға дейінгі жерлерді алып жатты. Аббасидтердің басқару кезінде Бағдад халифаты Азия, Африка және Еуропа ұштасқан кең-байтақ территорияда бейбітшілік пен сауда жолдарын ашты. Шығыс, Батыс елдерінің әмірлері, сұлтандары Бағдадқа арнайы елшіліктер жіберіп, келіссөз жүргізіп тұрды. Мұның бәрі салтанатты церемония арқылы жасалды.

Халықаралық аренада халифаттың үстемдігі өскен сайын, араб дипломатиясы іске кең түрде кірісе бастайды: елшілік қызметінің ережелері қаланып, сарайлық церемониял мен этикет, дипломатиялық қызметтер дамиды. Бұл кездері араб тілінде этикет пен церемониял жөнінде арнайы әдебиеттер басылды. Мұсылман қоғамының мақсаттарын, ережелерін талқылайтын және сыртқы саясат пен мемлекеттік істерді басқару жөнінде, араб-ислам нақылдары жазылған көп кітаптар пайда болды. Әсіресе, Аббас халифтары басқарған дәуірде ғылым мен өнер жоғары деңгейде дамыды.

Шығыста церемониял айрықша ғылымға айналды. Көптеген әдебиеттердің ішінде Халил ас-Сабидің «Русум дар ал-хилафа» («Халифтер сарайындағы рәсімдер») еңбегінің мәні зор. Бұл халиф сарайының этикет мәселесіне арналған ортағасырлық шығарма болды. Ішкі саяси және әскери сәтсіздіктерден кейін Византия императоры VII Константин Халиф Аль-Муктадирмен табысу жолдарын іздейді. 917 жылы ол халиф сарайына уақытша бітім жасау туралы келіссөздер жүргізу мен тұтқындарды босату мақсатында елші жібереді. Византия елшісіне көрсеткен сый-сияпатты Ас-Сабиді былай суреттейді: «Халифтың сарайына әдемі кілемдер төселініп, қымбат әшекейленген, есік алдында – церемониял басшысы, зал мен аудиенция бөлмесінде – танымал ақсүйек адамдар дәреже бойынша орналасқан». Аббасид кезеңінде церемониял мен этикет өте жоғары деңгейде дамып, билеушілердің мәртебесін көтерді. Халиф сарайының жанында хаджиб институты болған. Аббасидтердің ресми киім түстері өзіндік мәні бар қара түсті еді, сондықтан да сарайға шақырылғандар қара түсті киімде келуге міндетті болды.

XVI ғасырдың екінші жартысында мемлекетаралық саяси, экономикалық және мәдени байланыстар нығая түсті. Еуропа тұрақты дипломатиялық өкілдіктер құрумен сипатталатын халықаралық қатынастардың жаңа деңгейіне көшті. Ара-тұра алмасып отырған, уақытша жіберілген елшіліктер мемлекеттердегі халықаралық байланыстарды қанағаттандырмайтын болды.

Алғашқы тұрақты миссияны 1455 жылы миландық герцог Франческо Сфорцаның Генуяда құрғаны туралы Г. Николсонның «Дипломатия» атты кітабында көрсетілген. Бес жыл өткен соң Савоя герцогі Верчелла қаласының протодиаконы Юзебио Маргарияны Римдегі өзінің тұрақты өкілі етіп тағайындады. 1496 жылы Венеция «Лондонға баратын жол өте ұзақ әрі қауіпті» деген негізбен Лондонда тұратын екі саудагерді елшінің көмекшілері етіп тағайындады. Бірнеше жылдан соң

италиялық дербес қалалар Лондон, Парижде тұрақты елшіліктер құрды. Басқа державалар оларды үлгі тұтты.

XVI ғасырда Венеция, Австрия, Франция Рим қаласында өздерінің тұрақты елшілерін ұстады. Ал Неаполь, Турин, Милан жоке мемлекеттер ретінде Лондон қаласында тұрақты резиденттерін ашты. Қасиетті Рим империясы императорларының, Франция және Испания корольдерінің Венецияда – тұрақты елшілері, ал Римде – нунцийлері болды.

Мемлекеттер өздерінің халықаралық беделін көтеру үшін жүргізген күресі барысында дипломатиялық дәрежелер көптеген өзгерістерге ұшырап отырды. Мысалы, қазіргі кездегі Төтенше және Өкілетті Елші дәрежесі кенеттен пайда болған жоқ. Олар аккредиттелген елшілердің өздерінің протоколдық үлкендігін көрсету барысындағы күресінің нәтижесі еді. Сол кезде басқа да рангілер өзгерістерге ұшырап жатты. Мысалы, шет мемлекеттерге жіберілген дипломатиялық өкілдер «ұлы елші», «елші», «уәкіл» деген дәрежелерге ие болған. Бұл атаулар елшіліктің немесе мемлекеттің мүдде, мақсаттарының қаншалықты маңызды, салтанатты болғанына байланысты жіберіліп отырған.

Еуропада жалпыға ортақ нормалардың болмауы көптеген шиеленістерге әкеп отырды. Тарихта кез келген мемлекеттің дипломатиялық қызметіндегі протоколдың зор маңызын қуаттайтын басқа да мысалдар көп, сонымен қоса кемшілік, қателік, түсінбеушіліктер де кездеседі. Дипломатия тарихында осыған мысал ретінде 1661 жылы испан елшісі Ваттевильдің көмекшілері мен француз елшісі Д'Эстарт арасындағы кортеждегі орын үшін болған таласты келтіруге болады. Сол кездегі француз королі Людовик XIV Испанияға ультиматум қойды, испан елшілері Франция елшілеріне қашан да болсын жол беруі тиіс, көнбеген жағдайда Франция Испанияға соғыс ашумен қорқытты. Бұдан еуропалық мемлекеттер арасында Францияның көшбасшылыққа ұмтылысын көруге болады.

Ресей патшасы I Петр өзі дипломатиялық этикеттің көптеген ережелерін елемесе де, оның нұсқауы бойынша орыс дипломатиясы императорлық титулды халықаралық тұрғыдан таныту үшін табандылықпен күресті. 1721 жылғы 22 қазанда I Петр император деп жарияланды. Оның көзі тірісінде осы титулды Голландия мен Швеция ғана танып, басқа еуропалық, азиялық мемлекеттер оның императорлығын мойындамады және Ресейді империя деп санамады.

Оның протоколға енгізген жаңа еуропалық этикеттерінің астарында үлкен саяси мақсаттар көзделген еді. Атап айтқанда: Ресейді варварлық, артта қалған және мәдениетсіз мемлекет ретінде көретін Батыста қалыптасқан көзқарасты жою, орыс мемлекетінің беделін көтеру. Ресей императорының Еуропаға сапары үлкен делегациядан құралып, өздерімен бірге көп ақша, азық-түлік, бағалы аңдардың терісін алып жүрген, сол сыйлықтар арқылы көп еуропалық монархтар олармен келіссөздерге барған.

Титул туралы мәселеде Ресей патшайымы II Екатерина өте үлкен кінәмшілдік танытты. 1766 жылы Франция королі Екатеринаға жіберген Сенім грамотасында «Ұлы» титулына «Императорлық» сөзін қосудан бас тартты, оның себебін мұндай толықтырулар француз тілінің ережелеріне қайшы келеді деп түсіндірді. Шын мәнінде, бұл Франция королінің II Екатеринаны император деп мойындамағаны еді. Амалсыздан патшайым Петербургке тағайындалған француз елшісінің Сенім грамотасын қабылдап, бүкіл әлем алдында өзін төмен қоюға мәжбүр болды.

1774 жылы Ресейде «шетел елшілеріне арнайы церемониал» туралы қаулы шығарылды. Ол орыс дипломатиялық протокол нормаларының бекітілген бірінші үкіметтік актісі болды.

Дипломатиялық протокол ережелері пайда болып, оларды көпшілік танығанша өте көп уақыт өтті. Мәселен, француз императоры Наполеон жүргізген көп соғысты қорытындылау, шекараларды белгілеу үшін 1815 жылы 19 наурызда Вена конгресі және Қасиетті одақтың 1818 жылы 21 қарашада Аахен конгресі болды. Алдын ала конгрестерге қатысатын монархтар, корольдер мен патшалар, дипломатиялық өкілдіктердің басшылары арасындағы үлкендік ретін анықтау мәселесі бойынша арнайы қаулылар қабылданды. Осы екі протоколдық қаулы 1961 жылға дейін халықаралық тәжірибесінде пайдаланды, сөйтіп 150 жыл дерлік қолданыста болды.

Конгресте қабылданған қаулыларға сәйкес, дипломатиялық өкілдердің төмендегідей сыныптары белгіленді: 1) Елшілер және нунцийлер; 2) Ұәкілдер және интер-нунцийлер; 3) Министр-резиденттер; 4) Уақытша сенімді өкілдер.

Дипломатиялық протоколды ұстану немесе «елшілік әдет-ғұрып» нормаларын Алтын Орда, Византия, Моңғол хандықтары мен Батыс Еуропаның кейбір елдері пайдаланды. Осындай церемониалдар әр мемлекеттің беделін көтеру үшін жасалатын. Патша, хандардың шетел елшілерін қабылдау үшін киген киімі өзіндік бір мәнге ие болды. Тақтың жанында патша билігін көрсететін белгілер (герб, рәміздер) тұрады, олар өздері алтын және әр түрлі тастармен әшекейленген киім киіп және кеудесіне алтын шынжырлар, медальондар тағып, тақта отырады. Церемониалда елшілер патшаның, ханның қолын сүюі ерекше мәнге ие болған. Ел басшысы, әдетте, елшілермен жеке келіссөздер жүргізбеген, олармен қол алысу, сұхбат жүргізу тек өздерімен тең дәрежедегі қабылдаушы мемлекет дипломаттарымен ғана өткізілген.

Халықаралық қарым-қатынаста дипломатиялық қызметтің маңызды құралдарының бірі – дипломатиялық протокол. Ол елдің сыртқы саясаты алдында тұрған мақсаттарды табысты орындауына қызмет етеді. Сол себепті, әрбір дипломат пен сыртқы саяси ведомство қызметкері протоколды жақсы білуі қажет. Сауатты протокол мен дипломатиялық этикет екі ел ресми өкілдерінің араласуы мен әңгімелесуіне қолайлы



жағдай жасайды, дипломатиялық мекеменің ғана емес, тұтастай алғанда мемлекеттің де мәртебесін көтереді.

Көп ғылыми еңбектерде авторлар «халықаралық қарым-қатынаста үкіметтер, сыртқы істер мекемелері, дипломатиялық өкілдіктер, ресми адамдар дипломатиялық протоколды сақтауы тиіс» дейді және «жалпыға бірдей қабылданған ереже, дәстүрлер және шарттардың жиынтығы» ретінде қарайды. Дипломатиялық протокол мемлекеттің, оның өкілдігінің немесе оның сыртқы саяси акциясының сыртқы пішіні, сондай-ақ халықаралық қатынаста пайдаланылатын құрмет пен сыйластық және этикет ережелерінің халықаралық тәжірибеде жалпыға бірдей қабылданған нормасы болып табылады. Қалыптасқан халықаралық ізеттілік пен ережелерді бұзу, әсіресе әдейі бұзу, мемлекеттің мәртебесі мен беделіне нұқсан келтіреді.

## 9.2. Қазіргі заманғы дипломатиялық протокол

1815 жылы Вена конгресі мен 1818 жылы Аахен конгресінде мемлекетаралық деңгейде дипломатиялық дәрежелердің бірыңғай халықаралық классификациясы қабылданды. Бұл құжаттар 1961 жылғы «Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының» даярлануына негіз болды және сол уақытқа дейін халықаралық дипломатиялық қатынастарды реттеп келді. Содан бастап сыртқы істер министрлігі Орталық аппаратының қызметкерлері, дипломатиялық өкілдік басшылары, елшіліктер мен миссиялар персоналдарының әр дәрежедегі дипломатиялық рангілері пайда болып, халықаралық протоколды Еуропа елдері мойындады.

Дипломатиялық протоколда этикетке ерекше мән беріледі. Елшілік орналасқан елде дипломаттардың өз әріптестерімен, үкіметтік, қоғамдық және іскер топтармен араласуында бұрыннан орныққан ережелер сақталады, осы ережелерді ұстанбау – дипломатиялық миссия мен жергілікті билік арасында және қоғамдық ортада түсінбеушілік туғызуы мүмкін.

Егер дипломатиялық протокол мемлекеттер арасындағы қатынаста әдептіліктің көрінісі болса, дипломатиялық этикет лауазымды тұлғалардың, саяси және қоғамдық қайраткерлердің сыпайы мәнер үлгісі болып табылады. Халықаралық дипломатиялық этикет, негізінен, континентте үстемдік жасаған француз этикеті мен мәдениетінен алынды. Дипломатиялық этикет ережесі араласу, хат алмасу, кездесулер мен сұхбаттасу, дипломатиялық қабылдау, ізеттілік сапар жасаудың тәртібін талап етеді. Дипломаттың сыртқы сипатына, оның киім киісіне, сөйлегеніне, мінез-құлқының әдептілігіне назар аударылады.

Елшіліктерде протоколдық жұмыс мәселесімен «протокол бастығы» айналысады, ол елшіге тікелей бағынады. Осы аталған дипломаттың

жұмысын көбінесе елшінің көмекшісі немесе өкілдіктің басқа қызметкері атқарады, өйткені «протокол бастығы» өкілдік басшысының атынан іс-қимыл жасайды да, оның протоколға қатысты нұсқаулары барлық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

Сыртқы істер министрлігінің протокол қызметі немесе протокол басқармасының міндеттері:

- шетелдік елшілік және дипломатиялық корпуспен қызмет бабында тұрақты түрде байланыста болу;

- 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы және жергілікті заңнама ережелерінің сақталуына бақылау жасау;

- мемлекет, үкімет басшыларының, сыртқы істер министрінің шет елдерге сапарлары кезінде, сондай-ақ біздің елге келген шет елдердің мемлекеттік және үкіметтік делегацияларының, мемлекет, үкімет басшыларының, сыртқы істер министрлерінің сапарлары кезінде ұсыныстар әзірлеу және протоколдық, сондай-ақ ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асыру;

- шет мемлекеттердің ұлттық мерекелеріне және басқа да атаулы күндеріне байланысты мемлекет, үкімет басшысының және сыртқы істер министрінің атынан құттықтауды даярлауға және дер кезінде жолдауға бақылау жасау;

- елшілердің Сенім грамоталарын және Кері шақырту грамоталарын дайындау, шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің және халықаралық ұйымдардың басшыларын аккредитациялау, олардың қызметкерлерін тіркеуден өткізу және тиісті құжаттар беру;

мемлекетте тіркелген дипломатиялық өкілдіктер арасында елдің сыртқы және ішкі саясатын түсіндіру жөнінде іс-шараларды дайындау және өткізу.

Елде уақытша жоқ Елшіні, Үөкілді (Посланник) немесе Сенімді өкілді (Поверенный в делах) ауыстыратын дипломат Уақытша сенімді өкіл (УСӨ) (Временный поверенный в делах, ВПД) болып табылады. Егер елші өкілдік орналасқан елде жүрсе немесе денсаулығының жай-күйіне, халықаралық конференцияға қатысуына, тағы басқа себептерге байланысты өзінің міндеттерін орындай алмаса, оның орнына Уақытша сенімді өкіл тағайындалуы мүмкін.

Уақытша сенімді өкіл өз елінің дипломатиялық өкілдігінің басшысы болып есептеледі. УСӨ елшіге немесе уәкілге қарағанда біршама аз көлемде көрсетілетін протоколдық құрметтеулерді есептемегенде, ол дипломатиялық өкілдік басшысының барлық құқықтары мен артықшылықтарын пайдаланады.

Елшілікті немесе миссияны, дипломаттар болмаған жағдайда, администратор ретінде қызметтік персоналға жататын адамның уақытша басқаруы мүмкін, алайда дипломатиялық практикада өте сирек кездеседі. Администраторда дипломатиялық өкілдік басшысының құқықтары мен артықшылықтары болмайды, ол тек техникалық

сипаттағы қызметтерді атқарады, мәселен, дипломатиялық өкілдіктің үй-жайында төртіп сақтау, персоналға жалақы толеу, коммуналдық қызмет үшін есеп айырысу және тағысын тағылар.

Халықаралық практикада белгілі бір елге елшіні тағайындамас бұрын сол ел үкіметінің келісімін (агреман) сұрау қалыптасқан. Бұл туралы 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 4-бабында былай деп жазылған: «Аккредиттеуші мемлекет өкілдік орналасқан мемлекет осы мемлекеттегі өкілдіктің басшысы ретінде аккредитациялауды көздеген тұлғаға агреман бергендігіне көз жеткізуі тиіс».

Егер сыртқы істер министрлігінде агреман сұрау туралы ерекше пайымдаулар болмаса, жаңа елшіге агреманды өзінің қызметін қалдыратын дипломатиялық өкіл арқылы сұратқан орынды. Себебі, ол дипломатиялық өкіл Отанына жол жүріп кеткенге дейін өкілдік орналасқан елде пайдалы дипломатиялық жұмыс жүргізе алады.

Жергілікті жердегі протоколдық практикаға байланысты, бұрынғы елші мемлекет басшысы, үкімет басшысы мен мүшелеріне, дипломатиялық корпустағы өзінің әріптестеріне, өкілдік орналасқан елдің саяси және қоғамдық қайраткерлеріне қоштасу сапарларын жасайды, өзінің құрметіне ұйымдастырылған қабылдауларда болады. Мұның бәрі пайдалы сұхбаттар өткізу, өкілдік орналасқан елдегі өзінің қызметі кезеңінде екі ел арасындағы қатынастарды қорытындылау, осы қатынастардың болашағына қатысты тілектер айтуға және тағы басқаларына мүмкіндік береді. Жекелеген елдерде елшінің радио мен теледидар арқылы шығып сөйлеуіне мүмкіндік беріледі. Дипломатиялық өкіл миссия орналасқан елдің орденімен марапатталуы мүмкін, алайда ол орденді өз үкіметінің рұқсатымен ғана қабылдауы керек.

Жаңа қызметке тағайындалған дипломатқа тиісті елдің кіру визасын алу туралы вербальды нота жолданады. Виза алу дипломатиялық қызметкерге өкілдік орналасқан елге жол жүруіне жеткілікті.

Әскери, әскери-теңіз немесе әскери-әуе атташелерін тағайындаудың жоғарыда аталғаннан кейбір ерекшелігі бар. Көптеген елдердің тәжірибесінде осы атташені тағайындау туралы алдын ала баратын мемлекеттің әскери ведомствосына хабарлайды. Нота сыртқы істер министрлігі арқылы жіберіледі. Нотамен бірге тағайындалатын адам туралы үлгі бойынша өмірбаяндық мәліметтер жіберіледі.

«Сенім білдіру» сөзінен «Сенім грамоталарының» атауы шыққан. Сенім грамоталары алғашқы екі сыныптағы дипломатиялық өкілдік басшыларына: елшілер мен уәкілдерге, сондай-ақ тәуелсіздікті жариялауды және мемлекет басшысының қызметіне кірісуін мерекелеу үшін немесе қаза рәсіміне қатысу үшін белгілі бір елге жол жүріп бара жатқан арнайы делегацияларға және тағы басқа жағдайларда беріледі. 3-сыныптағы сенімді өкілге сыртқы істер министрінің осы дипломатиялық өкілді қабылдайтын елдің сыртқы істер ведомствосына жазған хаты тапсырылады.

Дипломатиялық миссия басшысы келген кезде, оны сыртқы істер министрінің өкілі (әдетте, протокол бастығы немесе оның орынбасары), достас елдер өкілдіктерінің басшылары және уақытша сенімді өкілдер қарсы алады.

Болмыш елдің сыртқы істер министрімен кездесер алдында елші оған өзінің Сенім грамоталарының кошірмесін және өзінен бұрын болған елшіні Кері шақырту грамоталарын, сондай-ақ жергілікті жердегі протокол бойынша сөз сөйлеу көзделсе, өзінің Сенім грамоталарын тапсыру кезінде сөйлейтін сөзінің мәтінін тапсырады. Сонымен қатар, Елші мемлекет басшысына Сенім грамоталарын тапсыру сапарына қатысты сұрақтар қояды. Министрге алғашқы сапар протоколдық деп саналады және, әдетте, қысқа болады. Сенім грамоталарын тапсырғанға дейін басқа ешқандай кездесулер көзделмейді. Социалистік елдер тәжірибесінің кейбір ерекшеліктері болды, мәселен, елші келгеннен кейін алғашқы күндері-ақ бауырлас партия Орталық Комитетінің Бірінші хатшысына немесе Орталық Комитет хатшыларының біріне сапар жасауы мүмкін. Жергілікті жердің дипломатиялық тәртібі туралы қосымша ақпарат алу үшін Сенім грамоталарын тапсырғанға дейін елшінің дипкорпус дуайенімен кездесуі пайдалы.

Сенім грамоталарын немесе Кері шақырту грамоталарын тапсыру әр елдің протоколдық дәстүріне сәйкес өтеді. Оның халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін негізгі элементтері мыналар: Сенім грамоталарын мемлекет басшысы өзінің ресми резиденциясында қабылдайды; мұндай рәсімге мемлекет басшысы мен сыртқы істер министрлігі тарапынан лауазымы жоғары өкілдер қатысады; елшінің жанында жоғары дәрежелі дипломаттар бірге болады; тапсыру кезінде екі жақтан да сөз сөйленеді (барлық жерде ол міндетті емес); Сенім грамоталарын тапсырғаннан кейін мемлекет басшысы елшімен қысқаша жеке әңгімелеседі; мемлекет басшысының резиденциясына Сенім грамоталарын тапсыру рәсіміне жол жүру үшін елшіге мемлекет басшысының гаражынан автокөлік бөлінеді; осы рәсім кезінде елші арнайы костюмге орден, медальдарын тағады, ал кейбір елдердің елшілері ұлттық киімін киеді. Оған мысал ретінде Моңғолия, Араб және Африка елдерінің елшілерін атап өтуге болады.

Дипломатиялық корпус – бұл бір мемлекеттегі шетел дипломатиялық өкілдіктері басшыларының жиынтығы. Олар: елші, сенімді өкіл, уақытша сенімді өкіл, сонымен бірге нунций және интернунцийлер. Ал кеңейтілген «дипломатиялық корпус» ұғымына барлық кеңесшілер, бірінші, екінші, үшінші хатшылар, атташе, сауда өкілдері және олардың орынбасарлары, әскери атташе, сондай-ақ дипломаттардың отбасы мүшелері кіреді. Сыртқы істер министрлігі дипломаттарға сол елде тіркелгені туралы құжат береді.

Қазіргі таңда халықаралық қарым-қатынастар саласына екі жүздей мемлекет қатысады. Олардың әрқайсысының өзінің әлеуметтік-

қоғамдық құрылымы, тарихы, мәдениеті, тілі бар. Өткен тәжірибеге сүйенсек, мемлекеттер арасындағы қатынастар егемендікті, теңдікті, территориялық тұтастықты сақтау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау сияқты ортақ принциптерге сүйенеді. Тарих көрсеткендей, дипломатиялық қатынастарды орнату үшін тек халықаралық нормалар жеткіліксіз, оған қоса, белгілі церемониалдық және протоколдық нормаларды ұстану өте маңызды.

Дипломатиялық протокол өздігінен халықаралық категория болып табылады. Оның нормалары барлық мемлекеттермен бірдей сақталып, ұсталуы тиіс. Сонымен қатар, әрбір мемлекеттің халықаралық протоколының өзіндік ерекшеліктері бар. Мемлекеттердің әлеуметтік, экономикалық құрылымы, ұлттық идеологиясы, тарихи дәстүріне қарай өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отырады.

Қазіргі кезде дипломатиялық протокол нормаларын міндетті түрде ұстану жаңа құрылған мемлекеттерді мойындау, дипломатиялық қатынастарды орнату, өкілдік басшыларын тағайындау, Сенім грамоталарын тапсыру рәсімінде, сұхбаттар, келіссөздер өткізу, шарттарға қол қою кезінде қажет. Мемлекеттік Гимн мен Мемлекеттік Ту туралы ережелерді ұстану аса маңызды болып табылады.

Протоколға сәйкес, дипломатиялық қабылдаулар өткізіледі, келіссөздер, хат алмасулар жүргізіледі, дипломатиялық корпуспен ақпараттық, таныстыру жұмыстары жүзеге асырылады. Дипломатиялық протокол нормалары, негізінен, халықаралық ізеттіліктен туындайды. Ресми сапармен келген шетел басшысына сый-құрмет көрсетудің қатаң белгіленген қандай да бір жазбаша халықаралық заң нормалары жоқ. Әр мемлекет түрлі деңгейдегі шетел қонақтарын қабылдауда қолданыстағы халықаралық тәжірибеге, халқының ұлттық әдет-ғұрпын басшылыққа ала отырып, өз ережелеріне сүйенеді. Әлемдегі саяси өзгерістерге байланысты, протокол нормалары да өзгеріп тұрады, жаңалықтар енгізіледі. Бірақ, барлық мемлекеттердің егемендік және теңдік принциптері сақталады. Шығыс елдері саясаты мен протоколының Батыстан көп айырмашылығы бар.

Әр мемлекет дипломатиясының өздігінше ортақ қалыптасқан дәстүрден айырмашылығы болады. Атап айтқанда, Шығыс мемлекеттерінің дипломатиясы өзінше бір ортада қалыптасқан. Оған Батыстан оқшауланған шарттар негізінде Қытай, Жапония және Еуропаның қол астында болған азиялық және африкалық мемлекеттер немесе бұрынғы КСРО-ның одақтас республикалары, қазіргі тәуелсіз мемлекеттер жатады. Олардың мақсаты – империалистік мемлекеттерден толық тәуелсіздігін алу және Батыс дипломатиясынан кем қалмауға тырысу, себебі өткен ғасырда үлкен державалардың қорқытуы, ішкі істеріне араласуы, сондай-ақ Батыс дипломатиясының «макиавеллизмі» Азия және Африка елдеріне көп зардабын тигізді. Сондықтан Шығыс дипломатиясы көбінесе өздерінің әдіс-тәсілдерін қолданып, айлакерлікке сүйенген. Шығыста

айлакерлік – даналық, тапқырлық синонимі ретінде қарастырылған. Шығыс дипломатиясында ерекше із қалдырған «шығыс базары», яғни саудаласу өнері. Олардың тілі эпитеттерге, сыпайылыққа бай, аға ұрпаққа деген құрметтері де зор.

Шығыс мемлекеттері дипломатиясының тағы бір ерекшелігі – Батыс мемлекеттері арасындағы өзара қарсыластық жағдайды өз пайдасына тиімді қолдана білу.

XX ғасырдың екінші жартысында Қытай дипломатиясы көптеген өзгерістерге ұшырады. Өткен ғасырдың 60-жылдары Қытайда болған «мәдени революция» оның әлемдік имиджіне және дипломатиясына нұқсан келтірді. Соңғы жылдары Қытай миллиардтаған халқымен индустриясы саласында артта қалған мемлекеттен ядролық, өнеркәсібі дамыған державаға айналды. Олар сыртқы саясатта өз позицияларын қатаң түрде ұстанып, келіссөздер тығырыққа тірелген кезде ғана жеңілдіктерге барды және әріптестері жіберген кемшіліктерді өз пайдасына қолдана білді.

Әлемде Азия және Африкада орналасқан жиырмадан астам араб мемлекеті бар. Олардың барлығын ислам өркениеті, әдеби араб тілі байланыстырады, бірақ диалектілері бір-бірінен ажыратылады. Арабтар саяси және дипломатия қайраткерлерінің біліктілігін ескеріп, сұхбатқа тиянақты дайындалғанды ұнатады, олардың барлығы жоғары оқу орындарын, көбі ағылшын, америка, француз университеттерін бітірген. Араб елдерінің дипломатиялық қызметі жақсы да, орташа да ұйымдастырылған. Олар қаражат жағынан мықты болғандықтан, өз елшілерінің қабылдаушы мемлекетте ұзақ уақыт тұрақтанып, дуайен болуын қамтамасыз етеді. Сауд Арабиясының протоколдық ерекшелігі – ресми сапармен келген шетел қонақтары король қонағы болып есептеліп, делегация шығындарын өздері көтереді.

Протоколды барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың орындауы міндетті болып табылады. Мемлекеттік органдардың Мемлекеттік протоколды сақтауын бақылауды, әдетте, сыртқы істер министрлігі не болмаса президенттік (корольдік) протокол жүзеге асырады. Шетел делегацияларының деңгейіне байланысты сапарлар «аса жоғары деңгейдегі» және «жоғары деңгейдегі» болып бөлінеді. «Аса жоғары деңгейдегі» сапарларға мемлекет немесе үкімет басшыларының, ал «жоғары деңгейге» сыртқы саясат жүргізуші министрліктер басшыларының, басқа да ресми адамдардың сапарлары жатады.

Шетел мемлекет басшысының келу бағдарламасы түрлі формат бойынша жеке дайындалады. Мемлекет басшысының елде болу бағдарламасын дайындау барысында, шетел басшыларының қатысуымен откізілетін шаралар ескеріледі және ол ел басшыларын қабылдау протоколына сәйкес жүзеге асырылады. Шетел мемлекет басшысының ресми сапары барлық рәсімдеу құрметінің сақталуын, кездесулер мен шығарып салудың жоғары деңгейде өтуін талап етеді.

Ресми сапардың бағдарламасы негізінен мына шараларды қамтиды:

- әуежайда қарсы алу (шығарып салу) рәсімі;
- шағын және кеңейтілген құрамда өткізілетін келіссөздер;
- екіжақты құжаттарға қол қою;
- бірлескен баспасөз мәслихаты;
- ресми қабылдау;
- қаланың көрікті жерлерін тамашалау.

Әдетте, мейман мемлекеттің протоколдық қызметі қабылдаушы елдің протоколдық қызметіне алдын ала мемлекет басшысы туралы (керек жағдайда – жұбайы туралы), мемлекеттік рәміздердің үлгілері мен ресми қабылдауға қатысатын делегация құрамы жайында ақпарат жібереді.

Халықаралық қатынаста сапардың келесі түрлері болады: мемлекеттік, ресми, жұмыс бабындағы сапарлар, мемлекет басшысының жеке мейман ретіндегі және бейресми, жол-жөнекей кездесу сапарлары. Мемлекет басшыларының алғаш келу сапарлары кезінде мәртебелі мейманды қарсы алу мен шығарып салу айрықша жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі. Сапар барысында мейман елді аралаған кезде қабылдаушы мемлекеттің президенті онымен бірге жүреді.

Мемлекеттік сапардың бағдарламасы ресми сапарлардың ауқымына сәйкес келеді. Белгілі саяси және экономикалық мәні бар ресми сапарлар аса жоғары және жоғары деңгейдегі сапарларға жатады және салтанатты түрде өтеді. Бұл сапарлар барысында мемлекеттік сапарлардағыдай барлық рәсімдік сый-құрмет көрсетіледі, сапар бағдарламасында қарсы алу (шығарып салу) ресми рәсімдері, шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер, екіжақты құжаттарға қол қою, бірлескен баспасөз конференциясы, қабылдау және ел ішін аралау сияқты іс-шаралар көзделеді.

Жұмыс бабындағы сапарларға – келіссөздер, консультациялар өткізу, көрме немесе қандай да бір нысанды ашу; көпжақты кездесулерге – халықаралық кеңестер мен конференцияларға қатысу, мерейтойлық датаны мерекелеу және басқа да осыған ұқсас іс-шараларды өзірлеу сияқты нақты мақсатқа арналған сапарлар жатады.

Президенттің жеке мейманы ретіндегі сапарлар мемлекет басшысының жеке шақыруы бойынша жүзеге асырылады және ұйымдастыру жағынан тараптардың келісіміне сәйкес өткізіледі. Мұндай сапарлардың протоколы және ұйымдастыру мәселелері қабылдаушы мемлекеттің президент өкімшілігінің протоколына жүктеледі.

Шетел мемлекет қайраткерлерінің жеке істер бойынша (демалыс, туризм мақсатында және басқа да) келуі бейресми сапарларға жатады. Мемлекет аумағы арқылы транзитпен өтетін аса жоғары немесе жоғары деңгейдегі ресми делегацияның аз мерзімде тоқтауы – жол-жөнекей кездесу сапарлары болып табылады. Меймандардың өтініші бойынша және тиісті уағдаластыққа қол жеткізілген жағдайда, тараптардың лауазымды адамдармен кездесулері мен сұхбаттасулары ұйымдастырылады.

Екіжақты құжаттарға қол қою кезінде сыртқы істер министрлігінің қызметкері қол қойылатын құжаттардың атауларын оқиды және

құжаттарға қол қоятын ресми адамдарды жариялайды. Мұны, қажет болған жағдайда, аудармашы ағылшын тілінде немесе мейман елінің тілінде жариялайды. Президент және өзге де лауазымды тұлғалар (делегация мүшелері) құжаттарға қол қойған кезде, оларға сыртқы істер елшілігінің қызметкері көмектеседі.

Баспасөз мәслихатын ел президенті ашады, журналистерге өткізілген кездесулер мен келіссөздер туралы қысқаша хабарлайды, содан кейін сөз мейманға беріледі, соңынан журналистер сұрақ қояды.

Шетел мемлекеті басшысы сапарының бағдарламасы шеңберінде президент атынан ресми қабылдауды (таңертеңгілік ас, түскі ас, кешкі ас) ұйымдастыру көзделеді. Мейман жұбайымен бірге келген жағдайда, ресми қабылдауға президенттің жұбайы қатысады.

Әуежайда мейманды шығарып салу рәсіміне сыртқы істер министрі (министрдің орынбасары), бекітілген лауазымды тұлға, мейман елінің елшісі, қабылдаушы мемлекеттің елшісі және қала әкімі (әкімнің орынбасары) қатысады. Мейман әуежайға келісімен, қысқаша сұхбаттасу үшін министрмен (министрдің орынбасарымен) бірге VIP-бөлмеге өтеді. Құрметті қарауыл сап түзеп тұрған кілемшенің бойымен трапқа өтеді.

### 9.3. Дипломатиялық қабылдаулар (Дипломатические приемы)

Ұлттық мерекелерді, мемлекеттің атаулы күндерін, шет мемлекет, үкіметтер басшыларының келу сапарына байланысты және т.б. шараларды атап оту үшін дипломатиялық қабылдаулар өткізіледі. Дипломатиялық қабылдау президент, үкімет басшысы, сыртқы істер министрі, елшілерге және басқа жоғары лауазымды мемлекеттік тұлғаларға арналады. Қабылдау кезінде екі елдің қарым-қатынастарын кеңейту, елдің ішкі және сыртқы байланыстарын нығайту, сондай-ақ экономикалық, гуманитарлық және басқа да мәселелер жөнінде пікір алмасады.

Дипломатиялық қабылдаулар саяси сипатқа ие. Онда ел басшылары, шет мемлекеттер елшілері, саяси, іскер, ғылыми топтар және БАҚ өкілдері қатысады. Халықаралық практикада дипломатиялық қабылдаулар сыртқы істер ведомстволары, сондай-ақ биліктің заң шығарушы және атқарушы органдары қызметі мойындаған және кең тараған түрлерінің бірі болып табылады. Қабылдаулар ресми билік орындарында қызмет атқаратын тұлғалармен, дипломатиялық корпус және шетелдік журналистермен байланыстар орнатудың және дамытудың аса маңызды жолы болып табылады.

Мұндай қабылдаулар шет мемлекеттердің ұлттық мерекелерін, мемлекет тарихындағы маңызды мерейтой, сондай-ақ атаулы күндерді, дипломатиялық қатынастар орнатылу күнін, екіжақты және көпжақты



шарттар мен келісімдерге қол қоюды атап өту үшін откізіледі. Қабылдауды өткізудің тағы бір себебі – сапармен келіп жатқан жоғары мемлекеттік лауазымды тұлғаларға, сондай-ақ ғылым, мәдениет, өнер қайраткерлеріне құрмет пен қонақжайлылық таныту.

Дипломатиялық қабылдаулардың келесі түрлері болады:

«Шампан бокалы». Әдетте, қабылдаудың бұл түрі көп таралған. Сағат 12:00-де басталып, сағат 13:00-де аяқталады. Ұлттық мереке кезінде келген делегацияға, елшінің еліне қайту құрметіне байланысты өткізіледі. Қабылдаудың бұл түрінде шампан, шараптар ішіледі. Қонақтар үстелге отырмайды. Салқын салаттар беріледі. Қабылдау аз уақытта өтетіндіктен, бұл тиімді.

«Таңертеңгі ас» (*Завтрак, Ланч*) сағат 12:00 мен 15:00 арасында беріледі. Көп тараған түрі – сағат 12:00-ден 13:00-ге дейін. Таңертеңгі асқа екі салқын тағам, бір ыстық тағам (балық), еттен жасалынған ыстық тағам және десерт беріледі. Кейбір елдерде 1 салқын, 1 ыстық, 1 десерт беріледі, шай немесе кофе әкелінеді. Қонақтарға салқын тағамға арақ немесе шырын, балықтан жасалған ыстық тағамға – құрғақ шарап, етке – құрғақ шарап, десертке – шампан, кофеге – коньяк немесе ликер ұсынылады. Ланч шартқа қол қою кезінде, делегацияның келуіне байланысты құрметті қонақтарға, елшілерге арнап беріледі.

«Шай», «Кофе» сағат 16:00 мен 18:00 аралығында тек әйелдерге беріледі. Мысалы, елшінің әйелі басқа елшілердің әйелдерін шақырып, шай, кофе береді. Оған сэндвич, сыр, шұжық және төтті тағамдар ұсынылады. Кездесу, келіссөз уақытында меймандарға шай не кофе беріледі, үстелге шоколад, конфет, печенье қойылады. Кейде ешқандай тағамсыз, жалғыз шай немесе кофе берілуі мүмкін. Бүгінде мұндай дипломатиялық әдет барлық мемлекеттік орындармен, іскер адамдармен кеңінен қолданылады.

«Жур фикс» – шақырудың бұл түрін министрдің, елшілердің әйелдері жүргізеді. Күз немесе қыс мезгілдерінде апта сайын белгіленген бір күнде, бір сағатта шақырылатын шара. Тағам беру жағынан «Шай», «Кофе» рәсіміне ұқсайды.

«А ля фуршет» қабылдауы сағат 19:00 мен 21:00 аралығында өтетін шақыру. Қабылдаудың басталу уақыты елдің географиялық және жұмыс тәртібіне сәйкес жарты немесе бір сағатқа өзгеруі мүмкін. Әдетте, «А ля фуршет» қабылдау түрін үлкен ұлттық мерекелерді тойлауда пайдаланады және мұнда көп қонақ шақыруға мүмкіндік бар, сондай-ақ бір-бірімен кең түрде әңгімелесуге жағдай туғызады. Елші, оның зайыбы және басқа жоғары дәрежелі дипломаттар қонақтарды кіреберісте қарсы алады. Түрлі ыстық, салқын тағамдар ұсынылады. Мұнда қонақтар бір үстелден екінші үстелге өтіп жүріп, шарап, сусын алады, тамақтанады. Даяшылар жеңіл тісбасар, сусындарды үлестіреді және ас құралдарын жаңартып отырады. Қонақтар ең алдымен қабылдау берушіні құттықтап, кейін өз таныстарымен араласады. Мұндай үлкен қабылдауда үй иесімен

қоштаспай ақ, ерте кете беруге болады. Қоштаспай кетуді «ағылшынша қоштасу» не «ағылшынша кету» деп атайды.

«Түскі ас» (Обед) – шақырудың елеулі түрінің бірі. Түскі асқа өте көп қонақтар шақырылмайды, оған жақын, араласып жүргендер келеді. Қонақтар сағат 13:00-ге шақырылады. Түскі асты аперетив – екі ыстық тағам, екі салқын тағам, десерт, кофе құрайды. Қонақтарға арақ, виски, шарап беріледі. Әдетте, үй иесі ұлттық тағамдар даярлайды.

«Түскі ас-буфет» (Обед-буфет) театр, кино, концерт сияқты мәдени шаралар премьерасынан кейін ұйымдастырылады. Оның түскі астан ресмилігі төмен. Үстелді буфет ретінде даярлайды, оны қабырғаның жанына немесе бөлменің ортасына орналастырып, үстел бетін дастарханмен жабады. Үстелдің ортасына суық жеңіл тамақ (холодные закуски), шұжық, сыр, нан, салат, печенье, кондитерлік тағамдар, салқындатылған сусындар қойылады. Үстелдің шет жағына рюмка, бокалдар, пышақтар мен шанышқылар қойылады, тарелкалар бірінің үстіне бірі орналастырылады. Зал гүлдермен безендіріледі. Қонақтар үстел басына жақындап, тамақтан алады. Оң жақ қолына шарап немесе шырын құйылған бокал ұстайды. Арақ-шарап, коктейльдер және басқа алкогольді сусындар даяшысы бар арнайы үстелге қойылады.

«Коктейль» сағат 17:00 мен 18:00 аралығында басталады. Қабылдау екі сағаттай және «А ля фуршет» түрінде өтеді. Шақыруда қабылдаудың басталу және аяқталу уақыттары көрсетіледі. Ішімдіктер мен тағамдарды даяшылар залға тасып жүреді және үстел үстіне қояды. Қонақтар белгіленген уақытта келіп, қалаған уақытында кете алады. Бірақ, қабылдаудың басынан аяғына дейін болу – қонақтың үй иесін құрметтеуі деп есептеледі, ал қонақтың қабылдауда аз уақыт болып кетуі екі ел арасында татулықтың жоқ екендігін көрсетеді.

«Кешкі ас» (Ужин). Көптеген елдерде қонақтар үй иесіне сыйлық не гүл әкеледі, оны алдын ала жіберген жөн. Егер кешкі асқа оннан аса адам шақырылса, отырғызу жоспарымен қонақтарды алдын ала таныстыру керек, үстел үстінде әр қонақтың аты-жөні жазылған куверткалар қойылуы тиіс. Үй иелері қонақтарды есік алдында қарсы алып, оларды бір-біріне таныстырады. Егер біреулер кешігіп келсе, олар үй иелерінен кешіккені үшін кешірім сұрап, басқа қонақтарға таныстырылуы қажет.

Ас барысында қабылдаушы мен қонақтар бір-біріне тең көңіл бөлуі қажет. Мысалы, екі жағында отырған әйел адамдарға ер адам олардың сырт келбеті мен мінезіне қарамастан, бірдей көңіл бөлуі тиіс. Үй иесі қонақтардың құрметіне арнап сөз сөйлейді, ал қонақтардың арасындағы жоғары лауазымды тұлға жауапты сөз сөйлейді.

Астың соңында басты қонақтың жұбайы асты қайыруға болады деп белгі берген уақытта, үй иесінің жұбайы орнынан тұрады. Егер ер адамдар үстел басында қалып, жұмыс жайында сөйлескілері келсе, олар үстелдің бір шетіне қарай жиналып, кофе ішіп, сигара тартады.

Тост айтылып бітпей және шарап әкелінбей, сигара тартуға болмайды. Қабылдауда басты қонақ кеткен соң, басқалары да кете бастайды. Егер қабылдауда елшімен бірге елшіліктің қызметкерлері болса, онда соңғылары елшінің кетуін күтеді. Елшілер мен жоғары лауазымды тұлғаларды үй иесі автомобильдеріне дейін шығарып салғаны жөн.

Шақырудың басқа түрлеріне «әдеби, ән кештері» жатады. Кино, спектакль премьераларынан кейін кешкі ас беріледі. Оған коньяк, шарап және салқын тағамдар беріледі.

Шақырудың түрлері өткізілетін шараларға байланысты таңдалады. Шетел елшісінің құрметіне «түскі ас» немесе «таңғы ас» өткізілсе, жауап ретінде елші «коктейль» өткізеді. Көптеген елдердің протоколдағы дәстүрі ескеріледі, мәселен, ұлттық қазалы күндері мұсылман мемлекеттерінде арақ-шарап қойылмайды, рамазан айында шақырулар өткізілмейді. Осы дәстүрлерді ескере отырып, түрлі кездесулер өткізіледі.

Дипломатиялық кешке шақыру арнайы бланкілерде теріледі. Фамилиясы, аты-жөні қолмен жазылады. Ұлттық мейрамдарға арнайы шақыру жіберіледі және кешке шақырудың мән-жайы жазылады. Шақыру билеттері 2-3 апта бұрын поштамен немесе курьер арқылы жіберіледі. Шақыруды алған адам телефон немесе хат арқылы жауап береді.

Кешке шақыру билетінде көрсетілген уақытта келу қажет. Кешігу әдептің бұзылғанын білдіреді. Егер бір мекемеден бірнеше адам шақырылса, шені төмен қызметкер бірінші келуі қажет. Фуршетке, яғни жүріп ішетін асқа, уақытында келіп, кештің аяғын күтпей-ақ, кеткісі келетін уақытында кетуге болады. Шақыру билетінде көрсетілген уақыттан асуға болмайды. Таңғы, түскі астарда және т.б. кештерде тілектер, тостар да айтылады. Кештің жағдайына қарай, тілекті тұрып не отырып айтуға болады.

Кеш жақсы өтуі үшін, ол алдын ала жоспарланып, ұйымдастырылады. Елшілік қызметкерлері арасында өзара атқарылатын міндеттер бөлінеді. Үй иесі қонақтарды қарсы алып, үлкен залға шақырады. Елшілік өткізетін кез келген дипломатиялық қабылдаудың саяси сипаты бар. Қабылдауға қатысқан жергілікті жоғары билік орындары өкілдерінің деңгейі екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың көрсеткіші болып табылады.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары халықаралық протоколдық церемониал және нормалар жеңілдетілді, ресми сапар, жоғары дәрежедегі кездесулерде олардың тиімді жағы ойластырылып, сапарға қатысатын ресми тұлғалардың саны қысқартылды, сапарды ұйымдастыру барысында басы артық даңғаза шаралардан бас тартылды. Мәселен, қарсы алу және шығарып салу кезінде митингілер өткізу, «еңбекші бұқара өкілдерінің» қатысуы, қонақты әуеде қарсы алу үшін истребительдердің құрметті қарауылы, кей жағдайда «салтанатты салют беру» доғарылды.

Алда тұрған сапардың саяси міндеті, оның сипаты белгіленгеннен кейін дайындық жұмыстарын аяқтау үшін сапар жасалатын елге дайындық немесе жұмыс тобы жіберіледі. Әдетте, президент протоколының басшысы және сыртқы істер министрлігінің бір басшысы барады. Осы топ қабылдаушы мемлекеттің протоколдық практикасын, әдет-ғұрпын және дәстүрін ескере отырып, сапардың рәсімдік тұстарын нақтылайды. Дайындық тобының міндетіне сапар барысында делегация болатын объектілерді қарау, ресми делегацияны, бірге жүретін адамдар мен журналистерді қонақ үйлерге орналастыру, қызмет көрсету және көлікпен қамтамасыз етуге байланысты барлық мәселелерді егжей-тегжейлі талқылау, қажетті ақпараттық-анықтамалық материалдарды жасау жатады.

Шетелдік қонақтарды қабылдау халықаралық ізеттілік пен этикеттің ережесін бұлжытпай сақтауды талап етеді. Бұл жерде бәрі де: қарсы алу және шығарып салу рәсімі, ресми қабылдаудың және өткізілетін протоколдық іс-шаралардың сипаты, қабылдаушы тараптан қатысатын ресми тұлғалардың деңгейі, қонаққа ұсынылатын резиденция және басқа да мәселелер маңызды.

Аса жоғары және жоғары деңгейде шетелдік делегацияны қабылдауға, мемлекет басшысы, үкімет басшысы және сыртқы істер министрінің шетелге сапарларын дайындауға және өткізуге қатысатын әрбір қызметкерге ерекше жауапкершілік жүктеледі. Мұндай жауапкершілік істі терең білуді, кең ауқымды саяси және мәдени біліктілікті, күтпеген жағдай туындаған кезде жедел әрі дұрыс шешім қабылдауды талап етеді.

Дипломатиялық протоколда ұсақ-түйек болмайды, бәрі де алдын ала егжей-тегжейлі ойластырылған болса, сапар барысында жұмыс істеу де жеңіл болады. Жоғары деңгейдегі шетелдік делегацияның сапарларын ұйымдастыру барысында осы жұмысты алдын ала ойластырып, ұйымдастыру жағын, дайындалған бағдарламаны іске асырудың барлық міндеттерін өзара бөлісу керек.

Бұл ретте әрбір қызметкерге тапсырылған іс үшін жеке жауапкершілік жүктеледі. Мұндай тыңғылықты дайындық мәртебелі қонақтың сапарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз ететін түрлі министрліктер мен ведомстволардан келген қызметкерлердің барлық буындарының өзара ширақ және дәлме-дәл байланысын қамтамасыз етеді.

Іс-шараны дайындау кезінде бір қарағанда елеусіз көрінетін іске тиісінше мән бермегендіктен, келіссөздердің ахуалы мен олардың нәтижелеріне ықпал еткен мысалдар протокол тарихында өте көп. Сонымен, Протокол – халықаралық қатынаста ізеттілік нормалары мен рәсімдік ережелердің ғасырлар бойы бір ізге түскен жиынтығы ғана емес, сонымен бірге дипломатияның аса маңызды саяси құралы.

### Визит карточкасы

Дипломатия саласында орта ғасырлардан бастап визит карточкасы (визитка) пайдаланылады. Визит карточкаларын алғаш рет Францияда XVI ғасырда қолдана бастады, осыған ұқсас қағаздар Қытайда да болған еді. Визит карточкасы күнделікті өмірде жиі пайдаланылады. XVI ғасырда Еуропада визит карточкасы дворяндар мен жоғары мәртебелі адамдар арасында берік орнықты. Визиткаларда тек аты-жөні ғана емес, оның тектік елтаңбасы да көрініс тапты. Италия, Испания ақсүйектері, сеньорлары осындай визит карточкаларын жоғары мәртебелі мырзалардың таңбаларымен безендірген.

Ал XIX ғасырда, тіпті, күрделілігі «қонақтарға ас беру» этикетінен кем түспейтін «визиттік этикет» орын алды. Бастапқыда біреуге визит карточкасын беру «мен Сізге «визит» жасауға, яғни кездесуге даярмын» деген ұғым берген. Бүгінде визит карточкасы дипломатиялық тәжірибеде кеңінен қолданылады.

Дербес карточканы басқа адамға жіберу, ұсыну белгілі бір ережелерді талап етеді. Ресми қарым-қатынас визит карточкаларымен алмасудан басталады. Дипломатиялық тәжірибеде жеке лауазымды тұлғаларды құттықтау, байланысты үзбеу үшін түрлі мерекелерге өз визит карточкасын жіберіп тұрады. Карточка өзінің иесін сырттай таныстырады және оның атынан әрекет етеді. Кездесу, танысу жағдайларында оның маңызы зор. Ол мемлекеттік тілде немесе қабылдаушы мемлекеттің тілінде басылуы тиіс. Қазіргі таңда карточканың екі жағында, қос тілде басылатын болды. Визит карточкасында адамның аты-жөні, тегі, қызметі, мекеменің мекен-жайы, телефон нөмірі көрсетілуі тиіс. Ханымдарға жасалынатын визит карточкаларында қызметі көрсетілмейді, ал бизнесте, мемлекеттік қызметте жүрген әйелдердің толық мәліметі беріледі.

Визит карточкаларындағы мәтін ұзындығы бойынша басылуы тиіс, бірақ кейбір опер адамдары вертикальді түрін (ені бойынша) пайдаланады. Визит карточкасында үйдің мекен-жайы мен телефон нөмірін көрсету көзделмеген. Ағылшын, француз, жапон және басқа тілдерде визит карточкасында орыстар секілді отчествосы, яғни әкесінің аты қоса жазылмайды, себебі шетелде ондай әдет қалыптаспаған – олар екі фамилия деп санауы мүмкін.

Визит карточкаларының сол жақ төменгі бұрышына нақты жағдайларға байланысты француз тілінде сөздердің бас әріптерін қысқаша жазуға болады:

**p.f.** – (*pour feliciter*) құттықтау; тілек білдіру;

**p.g.** – (*pour remercier*) алғыс айту; игілікті білдіру;

**p.c.** – (*pour condolance*) көңіл айту;

**p.p.** – жаңадан келген дипломатиялық тұлғаның сырттай таныстырылуы (жаңадан келген дипломаттың визит карточкасы дипломатиялық өкілдік басшысының визит карточкасымен қоса жіберіледі);

**p.f.c.** – таныстырылғанға қанағат ету;

р.р.с. – сырттай қоштасу (қабылдаушы мемлекеттен мүлдем кеткен уақытта жеке кездесудің орнына);

р.f.N.A. – Жаңа жыл мерекесімен құттықтау.

Визит карточкаларында басқа да жазулар болуы мүмкін. Мысалы: «Мерекемен құттықтайды», «Құттықтауыңызға алғыс білдіреді», «Естелік ретінде көркем сурет альбомын жібереді» және т.б. Мекемелерге жіберілетін визит карточкаларымен конверттің ішіне қосымша парақ жіберіледі.

Егер қызметкер карточканы өзі берген жағдайда, бір шеті бүгілетін. Бүгінгі күндері бұл әдет қалып бара жатыр. Визит карточкасына жауап ретінде алушы өзінің карточкасын жібереді, сондай-ақ онда қолтаңба мен дата қойылмайды.

Қазіргі кезде визит карточкасы сол адамның имиджін ғана емес, ол жұмыс істейтін мемлекеттік қызмет орны, компанияның да мәртебесін білдіреді. Талғамы биік адамдарға полиграфистер визит карточкасының сан алуан түрлерін ұсынады: ақ-қара, түрлі-түсті, пластиктен, ағаш пен металдан, тіпті алтын жалатқан да дайындайды.

#### 9.4. Дипломатиялық этикет

Әдеп – қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтығы, сондай-ақ ол мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес келтіру әдептің қоғамдағы негізгі қызметі болып табылады. Мәдениеттің қалыптасуы барысында ізгі мінез-құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отыр. Әдептілік – адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп-талаптарын мінсіз орындауы. Өбу-Насыр әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала адамдарының көзқарастары» атты еңбегінде әдепті әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп есептейді.

Дипломатиялық этикет француз ақсүйектері мен зиялы қауымының әдет-ғұрпынан өз бастауын алады деп саналады. Француз сөзі «этикет» (*etiquette*) «әдептің белгіленген тәртібі» деген түсінік береді. Этикет ұғымы әркімнің өзі өмір сүретін қоғамда қабылданған тәртіп үлгісін, сыпайылық ережелері мен әдептілігін білдіреді, яғни ол адамдарға қатысты сыртқы қатынастарды реттеуші ережелердің тізбесі немесе жиынтығы.

Дипломатиялық этикет – түрлі ресми іс-шараларда өз елі атынан өкілдік ететін дипломаттар мен ресми тұлғалардың мінез-құлқының ерекше түрі. Кез келген дипломат өзінің дәстүрі мен мінез-құлқын біреуге күштемей, қабылдаушы мемлекеттің дәстүрлеріне құрметпен қарауы қажет. Дипломатқа қарап, ол өкілдік етіп отырған мемлекет туралы пікір қалыптасады. Елшілікте істейтін тұлға теріс қылығымен өз мемлекетінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Дипломат ресми қабылдауға дәл уақытында келіп, істі тиянақты орындауы тиіс. Қабылдаудың аяқталуына бірнеше минут қалғанда келу дұрыс емес, одан да қабылдаудың басында болып, кейін алдын ала ескертіп кеткен жөн. Дипломаттың сыртқы киім киісі мен мінез-кұлқы, қабылдауда өзін өзі ұстай білуі этикеттің басты элементі болып табылады.

Мемлекеттер, үкіметтердің басшылары, сыртқы істер ведомствосы және халықаралық ұйымдардың лауазымды қызметкерлері өлемде таралған дипломатиялық этикет пен этиканы ұстануы қажет. Соның үлгісі ретінде төмендегі дипломатиялық этикетті беруді жөн көрдік.

### *Дипломатиялық қабылдауда және дастархан басында*

Қонақасы, таңертеңгі ас, кешкі ас, шайға шақырылған болсаңыз, кешікпеңіз.

Ханымдар отырып болмайынша немесе үй иесі не жұбайы дастархан басына шақырмайынша, үстел басына отырмаңыз.

Ханыммен бірге үстел басына отырғанда тағамдарды сол қолыңызбен ұсынбаңыз. Ер адам барлық уақытта ханымға оң қолын ұсынуы тиіс.

Қатар отырған, әсіресе оң жағыңызда отырған ханым, сіздің назар аударғаныңызды, ілтипатыңызды талап етуге құқылы екенін ұмытпаңыз.

Сізді таныстырса да, таныстырмаса да, қатар отырған ханымды назардан тыс қалдырмаңыз.

Қонақтар үстел басына жайғасқаннан кейін қайта танысуға әрекеттенбеңіз.

Үстелге төніп те, одан тым қашық та отырмаңыз.

Салфетканы кеудеңіздің тұсына немесе жағаңыздың сыртына тықпаламаңыз, оны тізеңізге қойыңыз.

Бірінші кезекте ханымдарға қызмет көрсетуіңіз қажет.

Сұйық тамақты қасықтың ұшынан ішпеңіз, сондай-ақ тамақты қайталап құюды сұрамаңыз.

Тамақ құйылған ыдысқа өте еңкеймеңіз, тік отырыңыз.

Егер әлдене алғыңыз келсе, екінші адамның ыдысының үстінен қол созбаңыз.

Нанды шанышқымен емес, қолмен алыңыз.

Нанды тістен бір бөлігін алмаңыз, нанды сындырып алғаның дұрыс.

Нанның тұтас бір бөлігіне май жақпаңыз, оны қажетіңізге қарай үзіп алып, май жағыңыз.

Пышақпен жемеңіз. Пышақты ешқашан аузыңызға апармаңыз.

Пышақтың көмегімен шанышқыға тамақ салмаңыз. Шанышқыға қиындықсыз қаншалықты ас алынса, соншалықты ғана алыңыз.

Асығып-үсігіп тамақ ішпеңіз.

Аштан келгендей, аузыңызды толтырып тамақ ішпеңіз.

Шынтағыңызды столға қоймаңыз.

Стаканды немесе бокалды өте жоғары көтермеңіз.

Шанышқымен жеуге болатын болса, қасықты пайдаланбаңыз.

Сұйық тамақтың соңғы қасығын ішуге өрекеттенбеңіз.

Қосымша сұрап, өзіңіз ыдыс ұсынаңыз. Мұны қызметшілер жасасын.

Ең абзалы, қайталап тамақ сұрамаңыз.

Сүйекті, басқа да қалдықтарды ыдысқа салмаңыз. Жеміс-жидек сүйектерін қасыққа байқатпай салыңыз.

Егер қызметші жақын маңда жүрсе, өлденені алып беруін көршіңізден сұрамаңыз.

Салфеткамен бетіңізді сүртпеңіз, онымен тек ерінді ғана жеңіл-желпі сүйкеңіз.

Егер көршіңізбен сөйлескіңіз келсе, екінші көршіге жотаңызды көрсетпеңіз. Үшінші адаммен көршіңіздің үстінен сөйлеспеуге тырысыңыз.

Егер пышақ немесе шанышқыны түсіріп алсаңыз, қысылып-қымтырылмай, болған жәйтке мән берместен, басқасын сұраңыз.

Қаншама күш-жігер жұмсап және басқалардың назарын аударып ибалы көрінгеннен гөрі, ұсақ-түйек қателік жасағаныңыз дұрыс.

Егер қажеттілік болмаса, дастархан басында тіс шұқығышты пайдаланбаңыз, тіпті болмаса, байқатпай жасаңыз.

Қонаққа ішіп-жеуді үсті-үстіне ұсынбаңыз.

Шарапты көп ішпеңіз.

Қонақ күткен үй иесі немесе оның жұбайы болсаңыз, ешқашан жұрттан бұрын тамағыңызды түгеспеңіз. Қонақтар ішіп-жеуді аяқтағанша күтіңіз.

Ұсынылған асқа қатысты ешқандай ескертпе жасамаңыз. Үстелге қойылған тағамға сын айтпаңыз.

Тағамның қандай да бір түрінен өзіңізге ұнамайтынын немесе зиянды екенін айтып бас тартпаңыз. Себебін айтып жатпастан, бірден бас тартқаныңыз мақұл.

Шай қасықты стаканда немесе кеселе қалдырмаңыз. Шайды немесе кофеңі араластырып болған соң, шай қасықты табақшаға қойыңыз.

Тамақтанып болған соң, салфетканы бүктемей, үстелге қоя салыңыз.

Әйелдер тұрғаннан кейін үстелден тұруды ұмытпаңыз. Олар бөлмеден шығып болғанша, түрегеліп тұрыңыз, егер қалғыңыз немесе темекі шеккіңіз келсе, қайтадан отыруыңызға болады.

Хаттарды немесе құжаттарды дастархан басында оқымаңыз.

Олар өздері қолдарын ұсынбаса, ханымға, сондай-ақ өзіңізден жасы немесе дәрежесі үлкен адамға бірінші болып қолыңызды ресми жерде ұсынбаңыз. Ал қазақтың әдеті бойынша, кіші адам үлкенге бірінші сәлем береді және қолын созады.

Отыруға асықпаңыз. Осындай ұсыныс жасалғанға дейін күте тұрған дұрыс.



Жиһаз, сурет және басқа да бұрын көрмеген заттарға қоз алмастан қарамаңыз.

Өзіңіз туралы және өзіңіздің істеріңіз туралы әңгімелемеңіз. Өз ауру-сырқау, сәтсіздіктеріңіз және т.б. туралы айтпаңыз.

Әңгіме тізгінін қолға алуға өрекеттенбеңіз.

Қатысып отырғандар білмейтін адамдар туралы әңгіме қозғамаңыз.

Басқа біреу туралы әдепсіз әңгіме айтпаңыз. Егер қопақта әлдекім түшкіріп қалса, назар аудармаңыз.

Әзіл айтатындай жағдайды іздемеңіз.

Көп білетініңізді айтып, көзге түсемін демеңіз.

Егер сізден сұраса және ондай өнеріңіз болса, өн айтудан, музыкалық аспапта ойнаудан немесе өлденені әңгімелеуден тартынбаңыз.

Сіздің шамданып немесе жақтырмай отырғаныңызды басқалар сезбейтін болса, нағыз ізетті адам болғаныңыз.

Егер қабылдауда немесе қопақта би ұйымдастырылса, үйдің ханымын, сондай-ақ оның қыздарын биге шақыруды ұмытпаңыз.

Әйелді биге шақырғанда және орнына шығарып салғанда, оған оң қолыңызды ұсыныңыз.

Қазақтың «Кел демек бар, кет демек жоқ» деген нақылын ұмытпаңыз.

Қопақта болғаныңызда гүлді Сізге үй иелері сыйламаса, өз бетіңізбен тұрған гүлді алмаңыз.

Жиі-жиі сағатқа қарамаңыз. Егер Сізге шынында да қопақтар тарқағанша кету қажет болса, үй иелерінен алдын ала кешірім сұрап, басқаларға білдірмей істегеніңіз мақұл.

### *Әдептілік және сыртқы пішін*

Жасы үлкенге құрмет көрсетуді ұмытпаңыз. Бұл, әсіресе, жастарға қатысты, олар өздерінің немқұрайлылығына байланысты егде адамдарға назар аудармайды.

Көлікке жайғасқанда, әйелді бірінші отырғызыңыз. Көліктен бірінші болып шығып, қолыңызды ұсынып, әйелдің шығуына көмектесіңіз. Тап осыны лифтіде де қайталағаныңыз жөн.

Бөлмеге ханым кірген сайын орныңыздан тұруға болады, бірақ ол міндетті емес, бас иіп, сөлемдесу де жеткілікті.

Ханымды ер адамға таныстырмаңыз. Дәрежесіне қарамастан, барлық уақытта ер адам өзін ханымға таныстырады. Жасы кіші ерлер мен ханымдарды, әдетте, жасы үлкендерге таныстырады, керісінше емес.

Қазақтарда әуелі жасы, лауазымы үлкен тұлғаның атын атап, кейін қалғандарымен таныстырады.

Бөлмеге кіргенде немесе одан шыққанда ханымның алдына түспеңіз.

Жұрттың бәрімен қол алысып амандасудың қажеті жоқ. Қожайынмен және әйелімен сөлемдесу міндетті, жақын, қызметтес адамдарға қол беріп, ал қалғандарымен бас иіп амандасқаныңыз дұрыс.

Қопақта өзіңе және әріптесіңе қатысты істер туралы немесе екеуіңе ғана түсінікті тақырып туралы сөйлеспеңіз.

Сыбырлап сөйлеспеңіз. Дауыстап айтуға болмайтын әңгіме болса, мұны ыңғайлы уақытқа кейінге қалдырыңыз.

Әңгіме айтып тұрған кісінің сөзін бөлмеңіз.

Ұсақ-түйекке бола талас тудырмаңыз.

Біреудің үйіне қонуға барсаңыз, үй иелерінің әдет-ғұрпы туралы, мәселен, темекі шегуге болатынын немесе болмайтынына білгеніңіз дұрыс.

Орындықта шалқайып жатпаңыз және теңселіп отырмаңыз. Барлық уақытта сабырлы болыңыз.

Маңайыңыздағылармен ізетті болыңыз. Егер екінші бір адамның тынышын алсаңыз немесе ыңғайсыздық көлтірсеңіз, кешірім сұрауды ұмытпаңыз.

Маңайыңыздағыларға тесіліп қарамаңыз. Адамдарды немесе заттарды саусағыңызбен шошайтып көрсетпеңіз.

Есікті қақпастан бөлмеге кірмеңіз.

Театрда орныңызға өткенде арқаңызды сахнаға беріп жүріңіз.

Өз киіміңізге назар аударуды ұмытпаңыз. Жақсы, лайықты киініңіз.

Өз тұла бойыңыздың ұнамды және таза болуына назар аударыңыз.

Қабылдауда, қоғамдық орындарда немесе көшеде шаш тарап, тырнақ тазалауға, сырт киімді тәртіпке келтіруге болмайды.

Түсі жарқ-жұрқ еткен немесе алабажақ киім абырой әнермейді. Өз көркіңізді ашатын, оңі байыпты киім үлгісін таңдаңыз.

Қалам, қарындаш, көзілдірік, тарақ және тағы басқа заттарды сыртқы қалтаға көрінетін қылып салмаңыз.

Қыртысталған киім, үтіктелмеген көйлек, галстук ешкімге де жараспайды.

Өз жүрісіңізге мән беріңіз. Теңселіп жүрмеңіз. Нық, тіке, еңкейместен және абыройыңызды сақтап жүріңіз.

Барлық уақытта қолды бақылауда ұстау қажет, қолды қалтаға салмау керек.

Қатты дауыстап күлмеңіз.

Басқаларға ұнамаса, темекі шекпеңіз.

Сіздің сыртқы түріңізге және өзіңізді ұстау мәнеріңізге басқалардың назар аударатынын ешқашан ұмытпаңыз.

### *Сый тартудың ерекшеліктері*

Екі мемлекеттің басшылары арасында сыйлықпен алмасу – ертеден қалыптасып келе жатқан дәстүр. Осылайша, африкалық мемлекеттерде пілден және асыл тастардан жасалған бұйымдарды, Иранда – өлемге әйгілі парсы кілемдерін, араб мемлекеттері мен Орталық Азия елдерінде асыл тұқымды аттарды сыйға тарту етеді. Барлық елдерде де алтын және күміс бұйымдары сыйға жүрген. Батыс мемлекеттерінде тұрақты қалыптасқан дипломатиялық дәстүр негізінде сыйлық қоры бар. Италиялық басшылар өздерінің атақты мүсіншілері Микеланджело Буаноротти және Бенвенуто Челлини жұмыстарының күміс

кошірмелерін сыйға тартады. Ал ағылшын премьер-министрлерінің меймандары үшін арнайы британдық символикамен ыдыс шығарылған.

Сыйлықтармен қоса, кішігірім сувенирлермен де алмасу Шығыста көп тараған. Бірінші кезекте кездескен уақытта этикет бойынша келген қонаққа қабылдаушы жақ сыйлық ұсынуы керек. Сыйлықты таңдаған уақытта кімге сыйланатынын нақты білу керек, сонымен қатар қайталанбас үшін одан бұрын не сыйлағаныңды есте сақтау керек. Гүл, конфет наборлары және жергілікті спирт ішімдіктерін ұсыну қайталана беруі мүмкін. Алғашқы кездесулерде авторлық суретті сыйға тартуға болады. Достар мен жақын туыстарға галстук, көйлек, өтір, кітап, ішімдік және т.б сыйға тартуға болады. Әйел қауымына спирт ішімдіктерін сыйға тарту жөнсіз. Өдетте, қол сағатын, айна және пышақ, сондай-ақ жануарларды сыйлауға болмайды.

### 9.5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколы

Қазіргі кездегі протокол жүйесінде белгілі шараны өткізудің қайталанған үлгісінен гөрі, ықшам да жинақы түрі жиі қолданысқа ие. Оларда әр мемлекеттің өзіне тән қайталанбас ұлттық және мәдени ерекшеліктері, мемлекеттік құрылымы мен дәстүрі ғана көрініп қоймайды, сонымен бірге халықаралық құқық пен мәмілегерлік ортақ заңдылыққа да орын беріледі.

Мемлекеттік протоколдың дұрыс жүргізілуі мен үлгісі тәжірибе артқан сайын мемлекеттік механизмнің ажырамас бір бөлігіне айнала түседі. Мұның кең қолданысқа түсуі мен дамуына, мәселен, геральдық (текті зерттеу, елтаңба, ұрпақ жалғастығы, лауазым, титулдар) және марапаттау, ішкі үйлесімді қадағалау сынды арнайы қызмет орындары мүдделілік танытты. Протоколдың кейбір тұсы өткен ғасырлардан қалған ескірген көзқарасқа тән болып көрінуі мүмкін. Бірақ, мемлекеттер бұл заңдылықтарды өзінің тарихи құндылығы ретінде қарастырып, қастерлеп келеді. Қазақстанның мемлекеттік протокол үлгісі де осы жолмен қалыптасты.

Протоколды дұрыс өткізу – мемлекеттік үлкен саясат және ол биліктің беделін жоғары ұстауға ықпал етеді. Сондықтан оған ерекше мән беріліп, алғашқы он жылдың өзінде Мемлекет басшысы оз Жарлығымен (1992 ж. қараша, 1996 ж. маусым, 1999 ж. шілде) протокол ісіне үш мәрте оралып, оның жетілдірілуі – осының айғағы. Сонымен қоса, Республика астанасы Алматыдан Астана қаласына көшуге байланысты болды. Қазіргі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколы» 2006 жылғы 12 қазандағы №201 ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілді. Ол қалыптасқан халықаралық тәжірибеге және ұлттық дәстүрге сәйкес Мемлекет басшысы қатысатын ресми шараларды өткізудің және мемлекеттік деңгейде жасалатын протокол ережелерін реттейді.

Мемлекеттік протоколды Қазақстанның барлық мемлекеттік органдары мен ұйымдарының орындауы міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Мемлекеттік протоколды ұстануын бақылауды ҚР Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады. Қазақстанға сапар ел астанасы не болмаса басқа қаланың әуежайына мейманның ұшағы қонған сәттен басталады.

Қазақстанға келген шетел делегацияларының деңгейіне байланысты сапарлар «аса жоғары деңгейдегі» және «жоғары деңгейдегі» сапарлар болып бөлінеді. «Аса жоғары деңгейдегі» сапарларға мемлекеттер немесе үкіметтер басшыларының, ал «жоғары деңгейге» – сыртқы саясат жүргізуші министрліктер басшылары, басқа да ресми адамдардың сапарлары жатады.

Шетел мемлекет басшысының келу бағдарламасы түрлі формат бойынша жеке дайындалады. Мемлекет басшысының Қазақстанда болу бағдарламасын дайындау барысында шетел басшыларының қатысуымен өткізілетін шаралар ескеріледі және ол елдің басшыларын қабылдау олардың протоколымен келісіп жүзеге асырылады. Шетел мемлекет басшысының ресми сапары барлық рәсімдеу құрметінің сақталуын, кездесулер мен шығарып салудың жоғары деңгейде өтуін талап етеді.

ҚР Президентінің Жарлығы бойынша ресми сапардың бағдарламасы негізінен мына шараларды қамтиды:

- әуежайда қарсы алу (шығарып салу) рәсімі;
- Президент Сарайында ресми қарсы алу рәсімі;
- шағын және кеңейтілген құрамда өткізілетін келіссөздер;
- екіжақты құжаттарға қол қою;
- бірлескен баспасөз мәслихаты;
- ресми қабылдау;
- Отан қорғаушылар монументіне гүл шоқтарын қою және мемлекет басшыларының аллеясында тал отырғызу;
- қаланың көрікті жерлерін тамашалау.

Қазақстан СІМ-нің Мемлекеттік протокол қызметі бағдарлама жобасын дайындайды, онда жоғары мәртебелі қонақтың ұсыныстары ескеріліп, кейін бағдарлама жобасы Президент Әкімшілігіне жіберіледі. Мейман елінің протоколдық қызметі Қазақстан СІМ-нің протоколдық қызметіне алдын ала мемлекет басшысы туралы (керек жағдайда – зайыбы туралы) ақпаратты, мемлекеттік рәміздердің үлгілері мен ресми қабылдауға қатысатын делегация құрамының тізімін жібереді.

Сапардың мынадай түрлері болады: мемлекеттік, ресми, жұмыс бабындағы сапарлар, ҚР Президентінің жеке мейманы ретіндегі және бейресми, жол-жөнекей кездесу сапарлары.

**Мемлекеттік сапарлар.** Шетел мемлекеттері басшыларының Қазақстан Республикасына алғаш келу сапарлары мемлекеттік сапар болып табылады. Бұл сапар кезінде мәртебелі мейманды қарсы алу және шығарып салу айрықша жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі. Сапар

барысында мейман елді аралаған кезде Қазақстан Президенті онымен бірге жүреді. Мемлекеттік сапардың бағдарламасы ресми сапарлардың ауқымына сәйкес келеді.

**Ресми сапарлар.** Белгілі саяси және экономикалық мәні бар ресми сапарлар аса жоғары және жоғары деңгейдегі сапарларға жатады және салтанатты түрде өтеді. Осы санатқа жататын сапарлар барысында мемлекеттік сапарлардағыдай барлық рәсімдік сый-құрмет көрсетіледі. Сапар бағдарламасында қарсы алу (шығарып салу) ресми рәсімдері, шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер, екіжақты құжаттарға қол қою, бірлескен баспасөз конференциясы, қабылдау және ел ішін аралау сияқты іс-шаралар көзделеді.

**Жұмыс бабындағы сапарлар.** Келіссөздер, консультациялар өткізу, көрме немесе қандай да бір нысанды ашу; көпжақты кездесулер, халықаралық кеңестер мен конференцияларға қатысу, мерейтойлық датаны мерекелеу және басқа да осыған ұқсас іс-шараларды өзірлеу сияқты нақты мақсатқа арналған сапарлар жатады. Сапарлар барысында мейманды қарсы алу, шығарып салу және бірге жүру деңгейі ресми сапарлармен салыстырғанда төмен.

**Қазақстан Президентінің жеке мейманы ретіндегі сапарлар.** Бұл сапарлар Мемлекет басшысының жеке шақыруы бойынша жүзеге асырылады және ұйымдастыру жағынан тараптардың келісіміне сәйкес өткізіледі. Мұндай сапарлардың протокол және ұйымдастыру мәселелері Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколына жүктеледі.

**Бейресми сапарлар.** Бейресми сапарларға шетел мемлекет қайраткерлерінің Қазақстанға жеке істері бойынша (демалыс, туризм мақсатында және басқа да) келулері жатады. Қазақ жағы мейманға тиісті протоколдық қызмет көрсетеді.

**Жол-жөнекей кездесу сапарлары.** Қазақстан аумағы арқылы транзитпен өтетін аса жоғары немесе жоғары деңгейдегі ресми делегацияның Республикада аз мерзімді аялдауына байланысты болады. Меймандардың өтініші бойынша және тиісті уағдаластыққа қол жеткізілген жағдайда, Қазақстанның лауазымды адамдарымен кездесулер және сұхбаттасулар ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекеттік протоколын бекіту туралы 2006 жылғы 12 қазан №201 Жарлығының 2-бөлімінде шетел мемлекеттері басшыларының Қазақстанға сапарларын протоколдық және ұйымдастыруды қамтамасыз ету мәселелері айтылады. Шетел мемлекеттері басшыларының мемлекеттік және ресми сапарлары кезінде келесі протоколдық іс-шаралар атқарылады.

### *Әуежайда қарсы алу рәсімі*

Шетел басшысының ресми сапары Астана қаласының әуежайында әскери құрметтеу салтанатты рәсімімен басталады. Жоғары мәртебелі мейман Қазақстанның астанасына тым кеш немесе таңның ертесінде келген жағдайда, бұл рәсім өткізілмейді.

Жоғары мәртебелі мейманды қарсы алған кезде әуежайда екі мемлекеттің тулары көтеріледі. Әуежайдың ұшу алаңы мен VIP-ғимаратында екі елдің мемлекеттік тілдерінде жазылған құттықтау транспаранттары ілінеді. Ұшу алаңында Қазақстан Республикалық ұланының (бұдан әрі – Республикалық ұлан) құрметті қарауылы сап түзейді.

Әуежайда қарсы алудың екі түрі болады:

1) Республикалық ұланның құрметті қарауылы өтетін қарсы алу рәсімі;

2) Республикалық ұланның құрметті қарауылы өтпейтін қарсы алу рәсімі.

Әуежайда құрметті қарауыл өтетін қарсы алу ресми рәсімі бойынша, ұшақ тоқтағаннан кейін Қазақстан Президентінің Протокол басшысы және қонақ елінің елшісі ұшақтың бортына көтеріліп, Жоғары мәртебелі мейманды сыртқа шығуға шақырады. Осы уақытта ресми делегация мүшелері екінші траппен түсіп, арнайы белгіленген орынға орналасады. Мейманды Қазақстан Республикасының Президенті ұшақтың трапында қарсы алады.

Қазақ ұлттық киімін киген қыз бала мейманға гүл сыйлайды (егер мейманның жұбайы бірге келсе, онда екі қыз мәртебелі мейманға және оның жұбайына гүл сыйлайды).

Мемлекет басшысы мейманды белгіленген орынға өтуге шақырады (жұбайы белгіленген орынның оң жағында тұрады). Құрметті қарауылдың бастығы сәлемдік баянат (рапорт) береді. Республикалық ұлан оркестрі екі елдің мемлекеттік гимндерін орындайды. Мейман елінің гимні бірінші болып орындалады.

Мейман мен Президент құрметті қарауыл саптың бойымен өтеді. Қазақстан Туының алдында мейман тоқтайды және басын сәлемімен, өзінің құрметін білдіреді. Саптан өту аяқталғаннан кейін, мейман және Президент екі елдің делегациясына барып, оның мүшелерін бір-бірімен таныстырады. Кейін олар белгіленген орынға өтіп, Құрметті қарауыл ротасының салтанатты сап түзіп өтуін тамашалайды. Мейман Президентпен бірге әуежай ғимаратының ішіндегі арнайы бөлмеге барып (VIP-бөлме), қысқа сұхбат жүргізеді. Әңгіме барысында шәй, сусындар беріледі.

Сұхбаттасудан кейін мейман мен Президент автомобильге жайғасады. Автомобильдерде екі елдің кішігірім мемлекеттік тулары орнатылады. Автомобиль кортежі жол полициясының ілесуімен қалаға бет алады. Халықаралық дипломатиялық тәжірибеге сәйкес мейман жүретін көшелердің коріекті 3-4 жерінде мемлекеттік тулар мен екі елдің мемлекеттік тілдерінде құттықтау транспаранттары ілінеді.

Әуежайда Республикалық ұланның құрметті қарауылы өтпейтін қарсы алу рәсімі бойынша ұшақ тоқтағаннан кейін **Сыртқы** істер министрлігі Мемлекеттік протокол қызметінің басшысы және мейман елінің Қазақстандағы елшісі ұшақтың бортына көтеріліп, мейманды сыртқа шығуға шақырады.

Траптың алдында мейманды ҚР Сыртқы істер министрі немесе оның орынбасары, лауазымды тұлға (Үкімет мүшесі), Қазақстанның шетелдегі елшісі және қала әкімі (әкімнің орынбасары) қарсы алады. Қазақ ұлттық киімін киген қыз бала мейманға гүл ұсынады (егер мейманның жұбайы бірге келсе, онда екі қыз мейманға және оның жұбайына гүл ұсынады).

Сыртқы істер министрі (министрдің орынбасары) қазақ тарапынан ресми адамдарды мейманға таныстырады. Мейман Сыртқы істер министрімен (министрдің орынбасарымен) бірге сапқа тұрған Құрметті қарауылды өтіп, қысқаша сұхбаттасу үшін әуежай ғимаратының VIP-бөлмесіне өтеді. Ал ресми делегацияның мүшелері, бірге жүретін адамдар екінші траппен төмен түсіп, VIP-залға кіреді, кейін одан шығып, белгіленген автомобильдерден орын алады.

### *Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясында қарсы алу рәсімі*

Президент Резиденциясында ресми қарсы алу 1-тарау, 2-параграфта белгіленген, оның екі түрі болады:

1) Республикалық ұланның құрметті қарауылы өтетін қарсы алудың ресми рәсімі;

2) Республикалық ұланның құрметті қарауылы өтпейтін қарсы алудың ресми рәсімі.

Республикалық ұланның құрметті қарауылы өтетін рәсімге Жоғары мәртебелі мейманмен бірге жүретін ресми адамдар, Қазақстандa тіркелген шетел мемлекеттерінің елшілері, ақпарат құралдарының өкілдері қатысады. Құрметті қарауылдың бастығы мейманға сәлемдік баянат (рапорт) береді. Оркестр екі елдің мемлекеттік гимндерін орындайды (мейман елінің гимні бірінші болып орындалады). Гимндерді тыңдап болғаннан кейін Жоғары мейман мен Президент Мемлекеттік туға қарай өтеді, оның алдында мейман тоқтап, басын сәлемдеп, өзінің құрметін білдіреді. Мәртебелі мейман мен Президент делегация мүшелерін бір-біріне таныстырады. Содан кейін олар құрметті қарауыл ротасының салтанатпен өтуін қарайды.

Президент Резиденциясында қарсы алу кезінде Республикалық ұланның құрметті қарауылы өтпейтін ресми рәсімі бойынша мейманның автомобилі Резиденцияның бас кіреберісіне қарсы тоқтайды, ол жерде мейманды және оның жұбайын Президент Протоколының басшысы қарсы алады.

Мейманды жұбайымен бірінші қабаттағы холда ҚР Президенті жұбайымен қарсы алады. Президент мейманды подиумға өтуге шақырады, бұл ретте мейман Президенттің оң жағына тұрады (жұбайлары подиумның оң жағынан бөлінген орынға барып тұрады). Құрметті қарауылдың бастығы мейманға сәлемдік баянат (рапорт) береді. Республикалық ұланның оркестрі екі елдің мемлекеттік гимндерін орындайды. Мейман мен Президент кілемше төселген жол бойымен

Қазақстанның Мемлекеттік туына қарай өтеді, оның алдында мейман тоқтайды және басын сәл иіп, өзінің құрметін білдіреді.

Президенттің келіссөздер жүргізу тәртібін Президент Протоколы анықтайды. Шағын топтағы келіссөздер (келісу бойынша екеуара кездесуі мүмкін) әрбір тараптан 2-3 ресми адамның қатысуымен өткізіледі (әдетте, екі мемлекеттің сыртқы істер министрлері, мемлекет басшыларының көмекшілері, екі ел елшілері кіреді). Кеңейтілген құрамдағы келіссөздерге Президентпен бірге 10 ресми адам қатысады.

Құжаттарға қол қою кезінде Сыртқы істер министрлігінің қызметкері қол қойылатын құжаттардың атауларын оқиды және құжаттарға қол қоятын ресми адамдарды қазақ тіліне жариялайды. Қажет болған жағдайда аудармашы ағылшын тіліне немесе мейман елінің тіліне аударады. Президент және өзге де лауазымды тұлғалар (делегация мүшелері) құжаттарға қол қойған кезде, оларға Сыртқы істер министрлігінің қызметкері көмектеседі.

Пресс-конференцияны Президент ашады. Ол журналистерге өткізілген кездесулер мен келіссөздер туралы қысқаша хабарлап, кейін сөз мейманға беріледі, соңынан журналистер сұрақтар қояды.

Шетел мемлекет басшысы сапарының бағдарламасы шеңберінде Президент атынан ресми қабылдауды (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас) ұйымдастыру козделеді. Шетелдік және қазақ тараптарынан қабылдауға қатысатын құрам бойынша ұсыныстарды бекіту үшін Сыртқы істер министрлігі Президент Әкімшілігіне ұсынады. Мейман жұбайымен бірге келген жағдайда, ресми қабылдауға Президенттің жұбайы қатысады. Мейманға және делегация мүшелеріне естелік сыйлықтар тапсырылады.

Әуежайда мейманды шығарып салу рәсіміне Сыртқы істер министрі (министрдің орынбасары), бекітілген лауазымды тұлға, мейман елінің елшісі, Қазақстанның елшісі және қала әкімі (әкімнің орынбасары) қатысады. Мейман әуежайға келісімен, Сыртқы істер министрімен (министрдің орынбасарымен) бірге VIP-бөлмеге өтеді. Әуежайда қазақтың ұлттық киімін киген қыз мейманға гүл ұсынады. Құрметті қарауыл сап түзең тұрған кілемшенің бойымен ол трапқа көтеріледі.

### *Шетел мемлекеттері басшыларының жұмыс бабындағы сапарлары*

Әуежайда мейманды Сыртқы істер министрі (министрдің орынбасары), бекітілген лауазымды тұлға, мейман елінің елшісі, Қазақстанның елшісі және қала әкімі (әкімнің орынбасары) қарсы алады және шығарып салады.

Әуежайда ұшу алаңы жағынан екі елдің мемлекеттік тулары көтеріледі. Ұшақтан бастап әуежай ғимаратына дейін салтанатты киім киген Республикалық ұланның әскери қызметшілері сап түзейді. Бекітілген лауазымды тұлға автомобильмен қонақ үйге (резиденцияға) дейін мейманмен бірге жүреді. Жұмыс бабындағы сапармен келген шетел мемлекеті басшысының құрметіне қабылдау беріледі.



### *Жол-жөнекей сапарлар*

Басқа елдерге бара жатқан жолында ұшағы Қазақстан Республикасының әуежайларына қонатын кезде, шетел мемлекетінің басшысын Қазақстанның ресми лауазымды тұлғасы (тапсырма бойынша), Сыртқы істер министрінің орынбасары, қала әкімінің орынбасары, мейман елінің елшісі қарсы алады.

Мейман елінің мемлекеттік туы көтерілмейді, Республикалық ұланның шерулік бөлімі сапқа тұрғызылмайды. Шетел мемлекет басшысының Республикада болу ұзақтығына байланысты, ол қонақ үйге (резиденцияға) орналастырылуы мүмкін. Не болмаса VIP-залда мейманмен ҚР Президенті келісім бойынша өзі кездеседі. Мейманның құрметіне қабылдау (таңертеңгілік ас, түскі ас, кешкі ас) беріледі.

### *Қазақстан Президентінің жеке мейманы ретіндегі сапарлар*

Президенттің жеке шақыруы бойынша келетін шетелдің мемлекет, саясат, қоғам, мәдениет және спорт қайраткерлері сапарларының қабылдау ауқымы және олардың болу бағдарламасы Мемлекет басшысының нұсқауымен жасалады. Әуежайда мейманды Президенттің өкілі қарсы алады (шығарып салады).

### *Бейресми сапарлар*

Шетел мемлекеттері басшыларының бейресми сапарларының ауқымы, протоколдық ұйымдастыруды қамтамасыз етуі мен бағдарламасы Президенттің нұсқауымен айқындалады. Шетел мемлекет басшысының бейресми сапары барысында делегация қонақ үй, автокөлік, тамақ және жеке күзетпен қамтамасыз етіледі.

### *Қазақстан Республикасы Президентінің шетелдік сапарлары*

Президенттің шетелге сапарлары ауқымы бойынша мемлекеттік, ресми, жұмыс бабындағы, қабылдаушы мемлекет басшысының жеке мейманы ретіндегі сапарлар, бейресми сапарлар және жол-жөнекей кездесу сапары болып бөлінеді.

Президенттің шетелдік сапарларын өткізу мерзімдерін Сыртқы істер министрлігі келіседі. Сапарды ұйымдастыру мақсатында шетелге құрамына Қазақстан Президенті Протоколы, баспасөз және күзет қызметі, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің өкілдерінен тұратын жұмыс тобы жіберіледі.

Сыртқы істер министрлігі шетелдік және қазақ тараптарынан кездесуге қатысушылардың құрамы жөніндегі ұсыныстарды Президент Әкімшілігіне енгізеді. Президенттің кездесу тәртібін Президент Протоколы айқындайды.

Президент шетел мемлекетіне кеткен (келген) кезде әуежайда шығарып салуға (қарсы алуға) Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің **Басшысы** және қала әкімі қатысады. Қазақстан Президентінің жұмыс

бабындағы кездесулері, Елбасының шетел мемлекеттерінің саяси және іскер топтары өкілдерімен жұмыс бабындағы кездесулерін Президент Әкімшілігі белгіленген тәртіпшен жоспарлайды, келіседі және қамтамасыз етеді. Сыртқы ресми бағдарламасын орындауға Қазақстан Елшісі қатысады.

### *Шетел мемлекеттері үкімет басшыларының Қазақстанға сапарлары*

Шетел мемлекеттерінің үкімет басшылары қатысатын протоколдық іс-шаралар елдердің мемлекеттік құрылымдарын ескере отырып өткізіледі. Әуежайда екі елдің мемлекеттік тулары ілінеді. Әуежай ғимаратында Қазақстан және мейман елінің мемлекеттік тілдерінде құттықтау транспаранттары ілінеді. Үшу алаңында Республикалық ұланның құрметті қарауылы сан түзейді.

Үкімет басшысын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (министрдің орынбасары), Сыртқы істер министрінің орынбасары, мейман елінің және Қазақстанның елшілері мен Астана қаласы әкімінің орынбасары қарсы алады (шығарып салады).

Қазақ ұлттық киімін киген қыз бала мейманға гүл ұсынады (мейман жұбайымен келген жағдайда, екі қыз бала оларға гүл ұсынады).

Үкімет басшысы үкіметаралық комиссияның тең төрағасымен және Сыртқы істер министрінің орынбасарымен бірге құрметті қарауыл сан түзеп тұрған кілемшенің бойымен жүріп, қысқаша сұхбаттасу үшін әуежай ғимаратының VIP-бөлмесіне өтеді (сұхбат кезінде шай, сусындар беріледі). Осы уақытта делегация мүшелері VIP-зал арқылы өтіп, автокөліктерге жайғасады.

Қысқаша сұхбаттан кейін ҚР Премьер-Министрі мейманмен бірге автомобильге отырады. Мейман отырған автомобильге оның мемлекеттік туы орнатылады. Қала көшелерінің 3-4 жерінде мемлекеттік тулар және екі елдің мемлекеттік тілдерінде құттықтау транспаранттары ілінеді. Кортөж жол полициясымен бірге қалаға бет алады. Мейман қонақүйіне (резиденциясына) сол елдің мемлекеттік туы ілінеді.

Шетел үкімет басшысы ресми сапары бағдарламасының аясында Қазақстан Премьер-Министрімен келіссөздер, екіжақты құжаттарға қол қою, баспасөз мәслихаты, ресми қабылдау және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады.

### *Шетел мемлекеттері үкімет басшыларының жұмыс бабындағы сапарлары*

Үкімет басшыларының жұмыс бабындағы сапарларын өткізу кезінде Премьер-Министрмен келіссөздер жүргізу, бірлескен құжаттарға қол қою, баспасөз мәслихатын және қабылдау (таңертеңгілік ас, түскі ас, кешкі ас) ұйымдастыруды көздейтін бағдарлама жасалады.

Шетел үкіметінің басшысын Қазақстан министрі (министрдің орынбасары), үкіметаралық комиссияның тең төрағасы және/немесе Сыртқы

істер министрінің орынбасары, екі елдің елшілері қарсы алады және шығарып салады. Әуежайда екі елдің мемлекеттік тулары ілінеді. Ұшу алаңында Республикалық ұланның құрметті қарауылы сап түзейді. Мейманның резиденциясында сол елдің мемлекеттік туы көтеріледі.

Жол-жолкей сапарлар кезінде шетел мемлекетінің Үкімет басшысы қонақ үйде (резиденцияда) орналасады, ол жерде мейман елінің мемлекеттік туы көтеріледі. Мейманның тілегі бойынша Қазақстан Премьер-Министрі немесе Үкімет мүшесімен кездеседі. Мейман құрметіне қабылдау ұйымдастырылады.

Бейресми сапарда шетел үкімет басшысы Қазақстан Үкімет мүшелерімен кездеседі. Әуежайда мейманды қазақ министрі не болмаса оның орынбасары мен мейман елінің елшісі қарсы алады.

### ***Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шетелдік сапарлары***

Сыртқы істер министрлігі Премьер-Министрдің шетел мемлекеттеріне сапарының мерзімдерін келіседі. Сапарды ұйымдастыру үшін, қажет болса, сол елге жұмыс тобы жіберіледі. Оның құрамына Премьер-Министр Кеңесі, Сыртқы істер министрлігі, Президенттің күзет қызметі және басқа да мүдделі органдардың өкілдері кіреді.

Премьер-Министрді әуежайда шығарып салуға (қарсы алуға) Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы қатысады. Премьер-Министр қатысатын іс-шаралар, оның ішінде шетел мемлекеттерінің өкілдерімен жұмыс бабындағы кездесулер мен сұхбаттарын белгіленген тәртіппен Сыртқы істер министрлігі мен Премьер-Министр Кеңесі жоспарлайды, келіседі және қамтамасыз етеді. Сырты елдегі бағдарламасына ҚР елшілігі толық қатысады.

### ***Шетел мемлекеттері орталық өкілдік органдары басшыларының сапарлары***

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат және Мәжіліс шақырулары бойынша шетел парламенттік делегациялары келеді. Олардың сапар бағдарламаларын ҚР Парламенті палаталарының төрағалары бекітеді.

Әуежайда қарсы алу (шығарып салу) кезінде екі елдің мемлекеттік тулары көтеріледі. Шет ел парламенттік делегацияларымен жұмыс істеу Сенат және Мәжіліс протокол бөлімдеріне жүктеледі.

Астанадағы әуежайда меймандарды қарсы алуға (шығарып салуға) Парламент Палатасы төрағасының орынбасары, Парламент Палатасының халықаралық істер жөніндегі комитетінің төрағасы және мейман елінің Қазақстандағы елшісі қатысады. Қазақтың ұлттық киімін киген қыз мейманға гүл тапсырады (мейман жұбайымен бірге келген жағдайда, екі қыз оларға гүл ұсынады). Бұқаралық баспасөз құралдары келіссөз барысын және келісімдерді жариялап отырады.

## *Шетел мемлекеттері Сыртқы істер министрлерінің сапары*

Қазақстанға ресми сапармен келген шетел мемлекеттері Сыртқы істер министрлерін әуежайда Сыртқы істер министрінің орынбасары не болмаса министрліктің департамент басшылары, сол елдің Қазақстандағы елшісі, мейман еліндегі қазақ елшісі қарсы алады және шығарып салады. Әуежайда екі елдің мемлекеттік тулары ілінеді.

Сыртқы істер министрінің орынбасары (министрліктің департамент басшысы) әуежайдан қонақ үйге (резиденцияға) дейін автокөлікте мейманмен бірге жүреді. Автомобильде мейман елінің мемлекеттік туы орнатылады.

Егер мейман жұбайымен келсе, ол үшін жеке бағдарлама көзделеді.

Сапардың сипаты мен мақсатын ескере отырып, шетел мемлекеті сыртқы саясат ведомствосы басшысының елде болу бағдарламасында Республика Президенті, Премьер-Министр, Парламент палаталары төрағалары және басқа да ресми адамдармен кездесулер көзделуі мүмкін. Сапар кезінде мейманға және делегация мүшелеріне естелік сыйлықтар тапсыру жоспарланады.

## *Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің шетелге сапарлары*

Сыртқы істер министрі ресми сапармен шетелге шыққан, шетелден қайтып келген кезде әуежайда шығарып салуға (қарсы алуға) Сыртқы істер министрлігі Мемлекеттік протокол қызметінің бастығы, министрдің көмекшісі қатысады. Екі мемлекеттің елшілері министрді шығарып салады және қарсы алады.

## *Шетел мемлекеттері елшілерінің Сенім грамоталарын қабылдау*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколы бойынша, шетел мемлекетінің елшісі Сенім грамоталарын Қазақ мемлекетінің басшысына не болмаса Мемлекеттік хатшыға тапсырады. Белгіленген уақытта Елші Сыртқы істер министрлігі Мемлекеттік протокол қызметінің басшысымен бірге қазақ тарапынан ұсынылған автомобильде Президент Резиденциясы Ақордаға келеді. Кіреберісте оны Президент Протоколының бастығы қарсы алады. Резиденция холында әскери комедант мәртебелі елшіге баянат (рапорт) береді. Республикалық ұланның оркестрі екі елдің мемлекеттік гимндерін орындайды (мейман елінің гимні бірінші болып орындалады). Елші Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне келіп, басын сәл иіп, өзінің құрметін білдіреді.

Президент, Сыртқы істер министрі, Әкімшілік басшысы және көмекшісімен бірге елшіні мәрмәр залында қабылдайды. Елші сөз сойлейді және Сенім грамоталарын Президентке тапсырады. Суретке түскеннен кейін Президент және елші екеуара сұхбаттасады.

Қазақстан Республикасында қоса атқарушы (посол по совместительству) болып тіркелген елшінің Сенім грамоталарын ҚР Мемлекеттік хатшысы қабылдайды. Гимндер орындалмайды, ал басқа рәсімдер жоғарыда айтылғандарға ұқсас өткізіледі. Бұл церемонияда Мемлекеттік хатшы мен Сыртқы істер министрінің орынбасары және Мемлекеттік хатшының кеңесшісі бірге болады.

*Қазақстан мен шетел мемлекеттерінің ұлттық мерекелеріне және басқа да оқиғаларға байланысты іс-шаралар*

Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның Тәуелсіздік күніне (16-17 желтоқсан) арнайы Республикада тіркелген дипломатиялық корпус басшыларын Үкімет атынан салтанатты жиналысқа және қабылдауға (фуршет), ұлттық мерекеге байланысты басқа да іс-шараларға шақырады.

Дипломатиялық қатынастар орнатылған шетел мемлекеттерінің ұлттық мерекелеріне байланысты осы елдің басшыларына Қазақстан Республикасы Президентінің атынан құттықтау хаттар жолданады.

Шетел мемлекет, үкімет және сыртқы саясат ведомствосы басшыларының қызметке кірісуіне байланысты, тиісінше Қазақстан Президенті, Премьер-Министрі және Сыртқы істер министрі қол қоятын құттықтау хаттар жолданады. Сондай-ақ екі тарап шарттар жасасудың жылдығына, мерейтойлық күндер мен жылдарға байланысты құттықтау хаттармен алмасады. Ұлттық мейрамдарға жатпайтын мерекелерге (жаңа жыл, діни мейрамдар) байланысты құттықтаулар әр жақтың қалауына қарай жіберіледі.

Ұлттық мерекелерге байланысты шетел мемлекеттерінің дипломатиялық миссиялары қабылдау, көрме, концерт ұйымдастырады. Бұл шараларға Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің басшылығы (Министр немесе министрдің орынбасары), Парламенттің, министрліктер мен мекемелердің өкілдері қатысады. Сол елмен қарым-қатынастың сипаты ескеріле отырып, Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша Қазақстан тарапынан бас мейман анықталады.

Шетел мемлекетінің басшысы, Үкімет және Парламент басшылары қайтыс болған жағдайда, тиісінше Президент, Премьер-Министр, Парламент палаталарының төрағалары, Сыртқы істер министрі, әдетте, шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігіне келеді және көңіл айту кітабына қол қояды.

Шетел мемлекеттеріндегі азалы іс-шараларға қатысу үшін: Мемлекет басшысының қайтыс болуына байланысты – Президент немесе Президенттің өкілі, Президент Әкімшілігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының басқа да ресми адамдары; Үкімет басшысының қайтыс болуына байланысты – Премьер-Министр немесе оның өкілі, Премьер-Министр Кеңесімен келісім бойынша Республиканың басқа да ресми адамдары; Парламент басшысының қайтыс болуына байланысты – Қазақстан Парламенті Палаталары бірінің Төрағасы, басқа да рес-

ми адамдар барып қайтады. Делегация құрамына Қазақстанның тиісті елдегі Елшісі енгізіледі.

**Шақыру, үстелге ретпен жайғастыру  
(Приглашение, рассадка за столом)**

Соңғы ғасырларда көптеген мемлекеттер құрылып, әртүрлі әлеуметтік және мәдени дәстүрлер қалыптасып, дамыды. Сондықтан дипломатиялық қарым-қатынастар да күрделене түсті. Ал дипломатиялық қабылдаулар кезінде әр ұлттың дәстүрі мен әдет-ғұрпын ескеру қажет. Жалпы, әр қонақтың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, жергілікті халықтың қалыптасқан дәстүріне басымдылық берген жөн. Дипломатиялық қабылдаудың мақсаты – қонақтар арасында жылы әрі достық орта құру.

Қонақты қабылдауда үй иесінің басты мақсаты – қонақтарға барынша жағдай жасау. Ал дипломаттар үшін мұндай қабылдаулар барлық ережелерді қатаң қадағалау негізінде өтеді. Қонақты үлкен-кішілігін сақтап, рет-ретімен үстел басына отырғыза білу (рассадка) үлкен мәдениет. Төменде қонақты шақыру, жайғастыру тәртіптерін беріп отырмыз.

Шақыру 2-3 жұма бұрын жіберіледі. Ол үшінші жақта, елшілік тіркелген елдің мемлекеттік тілінде жазылуы керек. Сонымен қатар, шетел елшілігі өз ресми тілінде аударманы қосып жазуы мүмкін. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін Астанада орналасқан біраз елшіліктер шақыруларын қазақ мемлекеттік тілінде жазбай, орыс не ағылшын тілдерінде жібереді.

Келесі беттерде түрлі дипломатиялық іс-шараларға шақыру үлгілері беріліп отыр.

**Қазақстан Республикасының Израиль Мемлекетіндегі Елшісінің  
Қазақстанның Ұлттық мереке күніне орай ресми қонақтарды және  
жұртшылықты шақыруы**



**ON THE OCCASION OF THE NATIONAL DAY OF KAZAKHSTAN  
the Ambassador of the Republic of Kazakhstan Kairat Abdrahmanov  
request the pleasure of the company of**

**at a Reception on Monday, December 14, 2005  
from 19.00 to 21.00 hrs**

**Hotel Dan Panorama  
10, Kaufman St., Tel Aviv**

**R.S.V.P  
Tel: 03-5163411, Fax: 03-5163437  
Email: tas@kzisir.com**

**Admits two- Please present this invitation at the entrance**

№2 қлгі

**Француз Республикасының Қазақстан Республикасындағы  
Елшісінің Ұлттық мереке құрметіне орай шақыруы**



**Ұлттық Мереке құрметіне орай  
Францияның Қазақстандағы Елшісі  
және Мартин КУАНОН ханым  
Сізді ресми қонақасына шақыруды  
өздеріне мәртебе санайды  
сейсенбі, 14-шілде, 19:00-21:00**

**A l'occasion de la Fete Nationale  
l'Ambassadeur de France au Kazakhstan  
et Madame Martin Couanon  
vous prient de leur faire l'honneur à une  
réception  
le mardi, 14 juillet de 19 à 21 heures**

REGINS.

**«Астаналық» сауда орталығы  
Сол жағалау, Тәуелсіздік көшесі 33-үй  
АСТАНА  
Шақыру билетін көрсетуіңізді сұраймыз.**

REGINS.

**Business Centre «Astanalik»  
Rive Gauche, 33, rue Tawuelsizdek  
ASTANA  
RSVP: (7172) 795 100  
Prière de vous munir de cette invitation.**

**Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы  
Елшісінің түскі асқа шақыруы**



Түркия Республикасының Елшісі және Атилла Гюнай ханым  
мырза мен ханымды

17 қыркүйек күні сағат 13.00-ге түскі асқа  
аса құрметпен шақырады.

Мекен-жайы: Астана қаласы, Салтанат сарайы.

Жауап беруіңізді сұраймыз.  
Телефон. 278-41-65

**Қазақстан Республикасындағы Қатар Мемлекеті Елшісінің  
Ұлттық күніне орай шақыруы**



Құрметті

Қатар Мемлекетінің негізін қалаушы  
Шейх Жасим бин Мухаммад бин  
Санид билікке келген Ұлттық күніне  
орай, Қатар Мемлекетінің Қазақстан  
Республикасындағы мәртебелі  
Елшісі Насир бин Рашид ал-Нуэйми,

Сізді 2009 жылы 18 желтоқсанда жұма  
күні, сағат 19.00-21.00 аралығында «Rixos»  
қонақ үйінің Жеруық залында өтетін  
салтанатты кешке қатысуға шақыруды  
мәртебе тұтады.

Байланыс телефондары:  
(7172) 28-61-23, 28-61-11

On the occasion of the anniversary  
of the Day for the accession of Sheikh Jassim  
bin Mohamed bin Thani the founder  
of the state of Qatar to the rule of the country  
Ambassador Nasser bin Rashed al-Nuaimi  
Extraordinary and Plenipotentiary  
of the State of Qatar to the Republic of  
Kazakhstan

Requests the pleasure of your company at a  
reception On Friday, 18 December 2009,  
From 19.00 to 21.00 at President hotel  
«Rixos»/Zheryik

Regrets only:  
tel: +7 7172 28-61-23, 28-61-11



**Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы  
Елшісінің Ұлттық мереке құрметіне орай шақыруы**



Америка Құрама Штаттарының  
Елшісі  
Ричард Ю. Хоунгланд  
Сізді құрметпен Америка Құрама  
Штаттары  
Тәуелсіздігінің 233 жылдығын  
Тойлауға шақырады.  
Бейсенбі, 2009 жылдың 2-шілдесі  
сағат 19.30-да  
Киім түрі: іскерлік  
АҚШ Елшілігі, Астана қ-сы,  
Ақ Бұлақ-4, 23 к-сі, 3-үй.

Шақыру қағазын кірерде  
көрсетіңіз.



The Ambassador of the United States of  
America  
Richard E. Hoagland  
Requests the pleasure of your company at  
a celebration of the 233-rd Anniversary of  
the Independence of the United States of  
America.  
On Thursday, July 2, 2009 at 19.30 o'clock  
Dress: Business  
U.S. Embassy  
23 Street, Building 3  
Ak-Bulak 4, Astana.

Please present this card on arrival.

Кей жағдайда, орынды болса, асқа шақыруды елшіліктің хатшысы телефон арқылы хабарлауы мүмкін, бірақ жоғары лауазымды тұлғаларға жазба шақыру жіберу жөн. Қонақтардың келісімін алғаннан кейін шақырушы жақ осы шараға қатысты ақпарат жібереді: «Ескерту» – қонақтардың титулдары мен атқаратын қызметі жайында тізім береді. Бұл қонақтарға алдын ала мәлімет беру үшін жасалады. Кешкі асқа шақырылуда киім түрі көрсетілуді мүмкін: «Смокинг немесе фрак», әйелдер үшін – «Кешкі көйлек».


Қонақтарды отырғызу тәртібі: түскі ас немесе кешкі ас беру алдында үстел басына қонақтарды отырғызу жоспары алдын ала құрылады. Біріншіден, саяси, әлеуметтік негізде жеке тұлғалардың араларында шиеленіс туындамайтындай етіп, екіншіден, қонақтардың дәрежелерін ескере отырып, дастарханға отырғызу керек.

Егер қабылдауда тек дипломаттар ғана болса, онда қонақтарды отырғызу тәртібі қиындық туғызбайды. Өйткені, әр қонақтың рангі өзі айтып тұр. Алайда, қабылдауға дипломатиялық корпус өкілдерінен басқа да қонақтар шақырылса, қиындықтар тууы мүмкін. Мұндай жағдайда, сыртқы істер министрлігінің ең жоғары дипломатиялық лауазымы мен қызметкерлерін, ал басқа шақырылған қонақтар арасы-

нан жасы мен әлеуметтік статусына қарай анықтайды. Егер отырғызу тәртібімен қиындықтар туындаса, жергілікті протокол қызметкерімен кеңесуге болады. Қабылдау ұйымдастырған үй иесінің жұбайы қызмет жасайтын персоналдың жұмысын қадағалап отыру мақсатында ас үйге қарсы отырады. Еуропада жұбайлар бір-бірінің жанында отырмайды және әйел адамның жанына әйел адамды, ер адамның жанына ер адамды отырғызбайды.


*№1 схема*

Қабылдауды ұйымдастырған жақтың иесі жалғыз болса, ал қонақтардың барлығы тек ер адамдар немесе әйел адамдар болса, мұндай жағдайда басты қонақ үй иесінің оң жағынан, екінші қонақ сол жақтан отыра береді. Үшінші қонақ, беделі бойынша, басты қонақтың оң жағына, төртінші – екінші қонақтың сол жағына отырғызылады және т.с.с.




*№2 схема*

Шақырылған 11 қонақ үшін берілетін түскі ас пен кешкі астың отырғызу жоспары мынадай түрде болады:




№3 схема

Үй иелерінің екеуі де үстел басында отырса, аралас компанияны отырғызу жоспары мынадай түрде болады: «е» – ер адам, «ә» – әйел адам:




№4 схема


Дипломатиялық тәжірибеде дөңгелек үстел жиі қолданылады. Отырғызу схемасы тікбұрышты үстелге отырғызумен бірдей. Дөңгелек үстел қатысушы тараптардың дәрежелері тең болғанда тиімді.



«П»-тәріздес үстел басында отырғызу схемасы.  
 Үй иелері бір-біріне қарама-қарсы отырады



«Т»-тәріздес үстелге отырғызу схемасы



Дипломатиялық тәжірибеде үстел басындағы орындарды белгілеу тәртібі қалыптасқан. Ол үшін арнайы отырғызуға куверт карточкалары дайындалады. Куверткаға қонақтың аты-жөні жазылып, ол үстелдің үстіне қонақтың нақты отыратын орнын көрсету үшін қойылады.

Қонақтар жиналатын қабылдау бөлмесінің кіреберісіндегі кішігірім үстелге не тақтаға отырғызу тәртібінің схемасы қойылады. Қабылдау откізу сценарийінде үй иелерінің қонақтарды қай жерде тұрып қарсы алатынын да ескеруі керек. Арнайы қызметкер келген қонақтарға қабылдау бөлмесіне откенге дейін ілесіп отыруы керек.

Ұлттық мерекеге байланысты салтанатты қабылдауда елші бас қонақты күтіп алып, үстел басына дейін өзімен бірге алып барады. Бұл барлық қонақтар үшін қабылдаудың ресми бөлігінің басталғаны туралы белгі болады.

Қабылдау ұлттық мереке не үлкен датаға байланысты откізілгенде, елші сөз сөйлейді. Онда болмыш мемлекет тарапынан сыртқы істер министрлігінің бір басшысы жауап қайтарады. Сөйлейтін сөздерінің мәтінін алдын ала жазбаша түрде дайындап, оқуы мүмкін.

### *Автомобильге отырғызу тәртібі*

Этикет ережелеріне сөйкес, автомобильде де құрметті орындар болады. Бірінші құрметті орын автомобильдің артқы оң жағы болып табылады. Құрметті қонақ бірінші кіреді және шығады. Машинаның есігін күзет қызметкері, жүргізуші, аудармашы немесе атқосшы дипломат ашады. Қонақ зайыбымен келген болса, зайыбы сол жағында орналасады. Егер зайыбы екінші машинада келсе, онда ол да оң жақ құрметті орында отырады. Қонақтың қасындағы екінші құрметті орынға қабылдаушы делегацияның басшысы отырады. Егер тағы бір адам отырғызу козделсе, ол екі басты қонақтың арасына отырады. Көп қатарлы орындығы бар машинада орындар келесі түрде үйлестірілген: құрметті орын үшінші қатардағы оң жақ, екінші қатарда – протокол қызметкері, бірінші қатар – жүргізуші отыратын орын. Жүргізушінің жанына күзет қызметкері немесе аудармашы отырады.

### *Қазақстан Республикасы Президентінің протоколы*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Мемлекеттік протокол қызметінің сыртында ҚР Президентінің де протоколы бар. Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Оның негізгі міндеттері:

– халықаралық байланыстар мен жұмыс бабындағы кездесулерді, сырт мемлекеттермен байланыстарды және жұмыс сапарларын;

– Республика Президентінің және Бірінші ханымның шетелдік сапарларын хаттамалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету;

– Қазақстан Президенті мен Бірінші ханымның қатысуын коздейтін Республика ішінде жасалатын сапарларды жоғары деңгейде протокол

рәсімдерін орындау және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

– Қазақстан Президенті мен Бірінші ханымның халықаралық сапарларын, кездесулерін ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық ақпарат агенттіктеріне хат-хабарларды қамтамасыз ету;

– шет мемлекеттер басшыларының қызметін хаттамалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық тәжірибелерді талдау негізінде жоғарыда айтылған жұмыстарды жетілдіру;

Республика Президентінің қызметін жариялауға бағытталған басылымдарды әзірлеу, сондай-ақ Қазақстандағы протоколдық және ұйымдастырушылық тәжірибені одап әрі жүйелендіру болып табылады.

Бұрынғы Кеңес Одағының протокол жүйесіне ұлттық бояу, нақыш кірістірілмеді, себебі бұл мемлекет әр түрлі ұлттар мен ұлыстардан құралған еді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы протоколының тарихына бұрынғы дәстүрді сіңіру, қайтадан қалпына келтіру қажеттілігі туды. Алдымен Ресей империясының құрамында, кейін Кеңес дәуірінде Мәскеудің құзырында болған Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің пәрмені барынша шектелген жас мемлекет үшін бұл бірден-бір мақсатты іс еді.

1991 жылы өз Тәуелсіздігін жариялаған тұста аз да болса Қазақстанның кәсіби дипломаттары мен мемлекеттік және ішкі саяси мәселелер протоколында біршама алатын тәжірибесі бар болатын. Ендігі жерде Республиканың Мемлекеттік протоколына ұлттық рең беру жайы талданып, жүзеге асты. Сонымен бірге, оның құқықтық және нормативтік базасы жасақталып, тиісті кадрлар даярланды. ҚР Президентінің инаугурациясы, Мемлекет басшысы мен мүшелерінің ант беру салтанаты сынды жаңа дәстүрлер мен жоралғылар қалыптасты.

Шетелге іссапар мен елшілерді қабылдау және тағы басқа да көптеген шаралар мәмілегерлік протоколды осы заманға сай жетік жүргізе білуді талап етеді. Елдің ұлттық салт-дәстүрлерін енгізуді тереңдету мақсатында протоколға қатысушылардың киген киімі, қонақтарға ұсынған дәмі, жасаған сый-құрметі, орындаған музыкасы – қай-қайсысы да ұлттың ерекшелігін айғақтап тұруы тиіс. Бұл жетістіктің бір нәтижесі протоколдың кейбір нәзік тұстарын терең меңгере алғандықта. Қазақстан әлем елдері арасында өзінің өркениетті мемлекет екендігін дәлелдеді.

Қазақстанда соңғы жылдары аса ауқымды халықаралық форумдарды өткізетін орталыққа айналды. Мәселен, Алматыда 2000 жылғы 3-5 маусымда Азиядағы бейбітшілік пен өзара түсіністіктің ұйытқысы атанған Қазақстан Республикасы 16 мүше мемлекетінің басын қосып, алғашқы Саммиті және 2006 жылы 17 маусымда екінші Саммиті өткізілді. Астанада 2003 жылғы қыркүйек айында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I съезінің өткізілуі дүниежүзі жұртшылығы мен бұқара-

лық ақпарат құралдарының назарында болды. Сондай-ақ, Елордада ОАЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының бірлескен Кеңесі, БЭК-ке қатысушы Мемлекеттер басшыларының Кеңесі, Мемлекетаралық ЕурАзЭҚ-тің мәжілісі және соңғы жылдары ҰҚШҰ-ға бірлескен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі Кеңесінің сессиясы сынды аса маңызды халықаралық кездесулер жоғары дәрежеде ұйымдастырылуда.

Жыл сайын елге ондаған шетел делегациясы келіп, Мемлекет және Үкімет басшыларымен кездесулер өткізеді. Жылда ҚР Президентінің Протоколымен рәсімделетін 200-дей шара өткізіледі. Орта есеппен жыл сайын Елбасы, ел ішіндегі барлық облыстарға, қалаларға жасаған сапарларын қоспағанда, 16-20-дан астам шетелдік іссапарға шығады.

ҚР Президенті қатысқан ел өміріндегі қоғамдық-саяси мәні бар кездесулерде жасалатын протокол мен ұйымдастыру мәселелерін тиісінше толтыруға ерекше мән беріледі. Жыл сайын «Президенттің бір жылы» атты жинақты шығару дәстүрге айналған. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколы» және «ҚР Мемлекеттік протоколын тәжірибелік басшылыққа алу» атты басылымдар жарық көріп келеді.

Мемлекет басшысының халықаралық деңгейде алмасатын хаттарып мемлекеттік тілде жүргізуге де ден қойылып отыр. Президент қатысатын кездесулер мен іс-шаралардың протоколы мен ұйымдастыру мәселелері, іссапар мен концерттік бағдарламалары, түрлі шақырулар, құттықтаулар мемлекеттік тілде өтуі керек.

Қазіргі кезеңде Президенттің Протокол қызметінде және жалпы елде, оның ішінде Астанадан бастап, аудан орталығына дейін протокол рәсімін жүргізу шараларын іске асыруға баса назар аударылып отыр. Мұның өзі мемлекет өмірінің барлық сатысында протоколды және ұйымдастыруды қамтамасыз етуді жетілдіре береді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жалпы протокол қызметінің пайда болу тарихы.
2. Қазіргі замандағы дипломатиялық протоколдың қалыптасуы.
3. Дипломатиялық қабылдаулардың қандай түрлері бар?
4. ҚР Президентінің протоколы жайлы мәлімет беріңіз.

## **10-ТАРАУ. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

*Игі істің басы – тіл, тәрбие басы – тіл.*

*М. Қашқари (ортағасырлық түркі ғалымы)*

Дипломатиялық қызметтің бір қыры – құжаттармен жұмыс істей білу өнері. Ресми хат, баяндама, саяси есеп жазу, дипломатиялық нота, коммюнике, мәлімдеме және т.б. Құжаттарды даярлау кең көлемді білімді талап етеді. Еуропалық орта ғасыр кезеңінің өзінде өз өмірін дипломатияға арнаған әр адам кем дегенде 3 кәсіби сапаға лайық болуға, атап айтқанда, жақсы сойлей білуге, жақсы жаза білуге және рим құқығын жақсы білуге тиіс еді.

Мемлекеттер арасындағы қатынасты жүргізуде дипломатиялық құжаттармен жұмыс істеу – сыртқы саясат ведомстволарының басты қызметінің бірі болып табылады. Оның халықаралық іс жүргізуде аса маңыздылығы жайында дипломатиялық және консулдық қатынастар туралы Вена конвенцияларында жазылған, яғни дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің құжаттары әр уақытта, орналасқан жеріне қарамастан, қолсұқпаушылыққа ие. Шетел өкілдіктерінің ағымдағы және мұрағаттық құжаттарына қолсұқпаушылықты қамтамасыз ету болмыш мемлекеттің міндеттеріне жатады.

Дипломатиялық және қызметтік құжаттарды ұйымдастыру сыртқы істер министрлігі жүйесінде елеулі жұмыс болып табылады. Алайда, ол ресми халықаралық құжаттарды тек шартты-бюрократиялық құраумен ғана шектелмейді. Дипломатиялық іс жүргізу қызметі, кеңсе жұмысын құжаттамалық қамтамасыз ету, хат-хабар алмасу қай кезде болмасын дипломатиялық қызметтің маңызды бөлігі болып саналады.

### **10.1. Дипломатиялық сұхбат (Дипломатические беседы)**

Дипломатиялық қызметтегі күрделі де маңыздысы және айрықша жауапкершілік жүктелетін іс дипломатиялық сұхбат болып табылады. Маңызды мәселелер бойынша министрдің, елшінің шетелдік лауазымды тұлғалармен жүргізген сұхбатын күнделік ретінде олардың көмекшілері



не болмаса сұхбатқа қатысқан кіші дәрежелі дипломаттар міндетті түрде қағазға түсіреді. Сұхбатты барлық дипломаттар жүргізуі керек. Дипломат қызметтік жағдайы және дәрежесіне байланысты өкілдік орналасқан елде, мемлекет қайраткерлері; сыртқы істер министрлігінің және басқа да ведомстволардың ресми адамдары; дипломатиялық корпусстың мүшелері; партиялар, кәсіподақтар және өзге де қоғамдық ұйымдардың саяси қайраткерлері; әскери топтардың өкілдері; мәдениет, өнер мен ғылым қайраткерлері; іскерлік топтар және басқа да адамдармен сұхбаттаса алады.

Сұхбат барысында сыртқы саясат саласындағы маман ретінде дипломаттың эрудициясы, оның саяси және кәсіби пайымы, дайындығы, кең ауқымды білімі көрініс табады. Дипломатиялық сұхбат көп жағдайларда анықтамалық материал, іс қағаздарын қолма-қол қолданбастан жүргізіледі, сондықтан әңгіме барысында дипломат орасан зор көлемдегі ақпарат, фактілерді жадында ұстауы тиіс. Сұхбатқа баратын дипломат нақты бір мәселені шешу үшін, не болмаса басқа информация алуға не екінші жаққа керекті мәліметті жеткізуді мақсат қояды.

Дипломатиялық сұхбат жүргізе алмайтын немесе сұхбатты жүргізуге өресі жетпейтін, демек, өкілдік орналасқан елдегі байланыстарға қолдау көрсете алмайтын дипломат мемлекеттік қызметтің сыртқы саяси сахнасында өзін толыққанды қызметкер деп санай алмаса керек. Әрине, дипломатиялық құжаттарды жасай білу де дипломатиялық қызметтің аса маңызды әрі қажетті сипаты болып табылады, оның үстіне бұл кәсіби білім-біліктен басқа, белгілі бір дәрежеде әдеби дарынды да талап етеді. Бірақ, көпшілік жағдайда жасалатын құжат жеке сұхбаттар, кездесулер, пікір таластардың нәтижесі болып табылады. Жасалатын құжат дипломатиялық қызметтің белсенді тұстарына назар аударады және қорытындылайды.

### *Келіссөздер (Переговоры)*

Лауазымды адамдар арасында мемлекетаралық қарым-қатынастарды дамытудың құралы ретінде халықаралық келіссөздер мен делдалдық кең түрде пайдаланылады. Әлемде саяси, экономикалық, техникалық және гуманитарлық байланыстар көбейген сайын, келіссөз жүргізудің құрамы, тақырыбы мен әдістері де әр алуан және ауқымды.

Халықаралық келіссөздер екі мемлекет бір-бірін тану және дипломатиялық қатынастар орнату үшін не болмаса үзілген дипломатиялық қатынастарды қайта орнату үшін жүргізіледі. Ол мемлекеттер арасындағы қатынастардың ең маңызды саласына жатады. Келіссөздер дипломаттар және жеке тұлғалар арасында, мемлекетаралық қарым-қатынастарды дамытуға, салалық байланыстарды орнатудан бастап, аймақтық және кәсіптік деңгейге дейінгіні қамтиды. Екіжақты және көпжақты қатынастардың саяси, экономикалық, гуманитарлық және басқа да мәселелерін ресми талқылау – әлемдік даулар мен жанжалдарды бейбіт жолмен шешудің негізгі құралы.

Екіжақты келіссөздерді жүргізер алдында делегация мүшелері барлық материалдармен танысуы тиіс, тек осындай жолмен ғана оның принципін, міндеті мен мақсаттарын жақсы түсінуге болады. Келіссөз стратегиясын, тактикасын немесе тиісті дипломатиялық іс-қимыл жазау алдында үлкен дайындық жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ, екі жақ алдыңғы келіссөздердің уақытын ұзартуға келісімін білдіреді. Өйткені, келіссөз жүргізу мерзімі шектеулі. Мемлекеттер бұрынғы уағдаласқан жағдайдың кейбір шарттарына өзгерістер енгізу үшін алдын ала келіссөзге барады. Тараптар қолданыстағы шарттардың түрлерін біршама өзгертуде жаңа келісімге қол жеткізу үшін келіссөз бастайды. Кейде екі ел делегациясы келіссөз арқылы мәселені шешу, келісімге келу үшін емес, өздерінің жеке көзқарастарын қорғау, тек екінші жақтың позициясын анықтау үшін, өзінің саясатын жақсы жағынан көрсету, насихаттау үшін ғана жүргізеді. Мысалы, 60 жылдан астам уақыт ішінде Израиль Палестина жерін күшпен басып алып, арабтармен келіссөздер бастады. Кейін түрлі себептерді пайдаланып, оскери қақтығыстар ұйымдастырады да, келіссөздерді тоқтатады. Араб жерлерін қайтару туралы белгі БҰҰ резолюцияларын орындамау үшін тағы да келіссөзге кіріседі. Сөйтіп, оккупацияланған жерлерде еврей қалаларын салып, оны игеруді жалғастыруда.

Халықаралық деңгейдегі келіссөздер үлкен рөл атқарады. Екі тарап бір-бірін жау ретінде қабылдап, соғыс жүргізіп жатқан жағдайда келіссөз бастау өте қиын. Мысалы, Америка Құрама Штаттары көп жылдар бойы Вьетнам Демократиялық Республикасымен, ал Кеңес Одағы Ауғанстанда соғысты. Бұл екі жағдайда да соғыста қаза тапқан адамдар, материалдық шығындар өте үлкен көлемде болды, демек, бұрын көзделген басқыншыл жоспарлардың мақсаттары орындалмады. АҚШ әскерлері және Кеңес Армиясы жеңіліске ұшырады. Жалпы, халықаралық деңгейде қалыптасқан мұндай дағдарыстар, Батыс елдерінің агрессиялары вьетнам, ауған, иран, ирак және басқа халықтарына үлкен апат алып келді әрі халықаралық жағдайды шиеленістіріп жіберді. Нәтижесінде, бейбіт келіссөз жүргізу мүмкін болмай қалды.

Келіссөз тақырыбы неғұрлым күрделі болса, келіссөз жүргізудің деңгейі соғұрлым биік болады. Халықаралық деңгейде келіссөз жүргізетін тұлғалардың көп жағдайда дайын болмауы кездесулердің аяқсыз қалуына әкеп соғады. Жас елдер делегациясы өзінен күшті мемлекеттердің делегациясымен келіссөз жүргізу барысында, оның әлсіз жағын тауып, пайдалануға тырысуы керек. Мәселен, Азия, Африка дамушы елдері капиталистік Батыс не социалистік Шығыс мемлекеттерімен саяси, сауда-экономикалық, техникалық келіссөздер барысында екі әскери-саяси блоктың қарсыластығын өз мүддесіне пайдаланады.

### *Кейбір ұлттардың қалыптасқан дәстүрлері*

Келіссөздер жүргізу барысында әр ұлттың өдет-ғұрпы, мәдениетінің әр түрлі болатынын ескеру қажет. Бұл туралы Э.В. Соловьевтің «Современный этикет» деген кітабында былай делінген:

*Америкалықтар* мәселені шешу барысында екі жаққа да ортақ қолайлы жақтарды шешу және келісілген келісімдердің жүзеге асуын талқылауға тырысады. Олар ақжарқын, адал мінезді адамдарды бағалайды, формалдық жағдайларға аса мән бермей, мәселенің мән-мағынасына тез арада көшеді. Келісілген кездесулерге кешікпей, уақытында келгенді ұнатады. Американдық дипломаттар келіссөздерде ұлыдержавалық позицияны ұстанады.

*Ағылшындар* келіссөздерге тиянақты түрде дайындалғанды ұнатады. Британдықтардың пайымдауынша, әріптестерін қарсылық көрсетпей, зейін қойып тыңдап, өзін-өзі ұстау – адамдардың ең басты қасиеті. Ұқыптылық Ұлыбританияда қатаң ереже болып саналады. Қол ұстасып амандасу бірінші кездесуде ғана орынды деп санайды.

*Арабтар* келіссөздерде өзара сенім білдіру атмосферасын ұстанады. Алғашқы кездескен уақытта әріптестеріне жылы шырай мен ілтипаттылық таныту олардың дәстүріне сай. Олар «иә», «жоқ» дегеннің орнына, «иншалла» не «машалла» деген сөздерді қолданады. Сондай-ақ, олар «саудаласқанды» ұнатады, келісімге келмеген уақытта да өздерінің байланыстарын үзбей, одан әрі жалғастыруға тырысады. Келіссөздер барысында қонақтарға кофе ұсынылады, ал егер кофенің орнына салқындатылған сусындар ұсынылса, кездесуге берілген уақыттың аздығын білдіреді. Таяу және Орта Шығыста құжаттарды, сувенирлер, визит карточкаларын сол қолмен беруге болмайды – Ислам мемлекеттерінде ол «таза емес, харам» деп есептелінеді.

*Қытайлар* кездесу барысында екі нәрсеге басты назар аударады: келіссөздердің тақырыбына байланысты мәліметтердің жинақталуына және «достық» қарым-қатынастың орнауына. Іскерлік кездесулерде кезең-кезеңімен шектеулер қойылады: бастапқы позицияларды алдын ала нақтылау, оларды талқылау және қорытындылау. Келіссөздерде олар бірінші болып өз позицияларын көрсетпейді. Келіссөздерді өз жерінде, кейде өз үйлерінде өткізгенді ұнатады, себебі қонақ бірінші болып сөйлейді. Қытайлықтар келіссөздерді ұзақ уақытқа созғанды ұнатады, кейде бірнеше күннен бірнеше айға дейін созылуы мүмкін.

*Кәрістер* жеке қатынастарды жоғары бағалайды. Сондықтан да олармен тікелей қатынасқа түспей, мәселенің мән-жайын шешу қиындық туғызады, сондай-ақ жазбаша түрде байланыс орнату және кездесу ұйымдастыру да оңай емес, яғни делдалдың көмегіне жүгінуді қажет етеді. Бейресми байланыстарға үлкен мән беріледі. Олар, жалпы алғанда, ашық, байланысқа беіімді, әдепті адамдар. Ойдың ашықтығы мен турашылдығын бағалайды. Киімге олар аса үлкен мән береді, іскерлік костюм кию міндет болып табылады. Жасы үлкен немесе лауазымы жоғары адамдардың алдында шылым шегуге болмайды.

**Немістер** келіссөздерді белгілі бір шешімге келетініне көзі жеткен жағдайда ғана бастайды. Пунктуалдықты өте бағалайды, өздері педанттылығымен танымал, сондықтан протоколдық нормаларды қатаң түрде сақтау керек. Олар бір мәселені шешпей, келесі мәселеге көшпейді. Турашылдық пен ашықтықты бағалайды. Келіссөз барысында фактілер мен мысалдар, әсіресе диаграммалар мен цифрлар келтіруді ұнатады.

**Француздар** ресми мәселелерді бетпе бет шешуден қашқақтайды. Мәселелердің түпнұсқасын білмейінше, шешім қабылдамайды, сондықтан да олармен өткізілетін кездесулер ұзақ уақытқа созылады. Француздар контраргументтер немесе ескертулер жасауды ұнатады, бірақ саудаласуға бейім емес. Келіссөздер барысында өзгерістер енгізгенді ұнатпайды, сондықтан да алдын ала келісіп алған жөн. Ұзақ уақыт бойы француз тілі дипломатиялық тіл болып табылғандықтан, кездесу барысында француз тілінде сөйлегенді жөн көреді. Келіссөздерді түске таман бастағанды ұнатады, бірақ пунктуалдық оларға тән қасиет емес және компромиске келгенді жек көреді. Мәселені талқылауға кофеден, шәйден кейін кіріседі.

**Ал қазақтарға** келсек, автордың ойынша, оларда келіссөз жүргізу дәстүрі мен тәртібі әлі қалыптасуда. Оған себеп – қазақтардың 200 жылдық бодандықтан кейін қайтадан өз мемлекеттігін қалпына келтіруі болды. Қазақ дипломаттары, негізінен, Кеңес Одағы, орыс дипломатиясының тәжірибелерін қолданады. Сұхбат жүргізу барысында қазақтар мақтағанды ұнатады. Қандай жағдай болмасын, келісімге қол жеткізуге тырысады. Келіссөзге тиянақты дайындалу әлі де болса жеткіліксіз. Қазақтар келіссөз жүргізу уақытымен санаспайды, шек қоймайды. Сыйлық беру, сыйлық алу рәсімдерін жақсы көреді. Өз мүдделерін қорғауға тырысады, бірақ көңілсіз келеді. Алайда, осындай кемшіліктерді қазіргі жас дипломаттар буыны заман талабына сай лайықтап, түзетеді деген сенім бар.

## 10.2. Дипломатиялық құжаттардың түрлері

Сақталу мерзімі бойынша құжаттар тұрақты, ұзақ мерзімді (10 жылдан аса) және уақытша (10 жылға дейін), сондай-ақ жариялылығы мен қолжетімділігі бойынша құжаттар құпия, қызметтік пайдалану үшін және қаранайым (ағымдағы) болып бөлінеді.

Дипломатиялық құжаттарға Сенім грамоталары, жолдаулар, хаттар, ноталар, сонымен қоса декларациялар, мәлімдемелер, меморандумдар, хаттамалар, анықтамалар және тағы басқалары жатады.

Дипломатиялық хат-хабарлар ішкі ведомстволық және мемлекеттер арасында ресми қатынастар орнататын және халықаралық өмірде мемлекеттің түрлі аспектілерде ұстанымы анықталатын әр алуан құжаттардан тұрады. Дипломатиялық материалдар құпия бо-

лып келеді, сондықтан жарияланбайды. Бірақ, осындай құжаттардың белгілі бір бөлігі мемлекеттің сыртқы саяси ұстанымдары жайында қоғамды ақпараттандыру мақсатымен жариялануы мүмкін. Дипломатиялық қызметті құжаттамалық қамтамасыз етудегі құпиялық пен сенімділік, әсіресе, мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді қорғау – құжаттармен жұмыс істеудегі маңызды бағыт. Маңыздылығы, құндылығы, мәліметтердің қай мекемеге жататынына байланысты: құпия мемлекеттік және қызметтік болып бөлінеді. Мемлекеттік құпия – мемлекеттің әскери, ішкі және сыртқы саяси, экономикалық, барлау, жедел іздестіру салаларына қатысты мәліметтерін қамтиды. Ал оны тарату ел қауіпсіздігіне елеулі нұқсан келтіреді. Қызметтік құпия саяси, басқару, ғылым мен техниканың кез келген салаларында мемлекетпен қорғалады. Оны жария ету мемлекеттің жекелеген ведомствосы мен жекелеген тұлғаларының мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін.

Дипломатиялық қызметте сенім тапсырылған құпияны сақтауда дербес жауапкершілік аса маңызды. Дипломатиялық қызметкерлер тек тиісті рұқсат алғаннан кейін ғана құпия құжаттармен жұмыс істеуге жіберіледі.

Құпиялық тәртіпті сақтау тұрғысынан құжаттармен жұмыс істеуде дипломатиялық қызметкердің міндетіне:

– қызмет бабына байланысты танысуға рұқсат берілген құжаттармен ғана танысу;

– өзінде бар қызметтік құжаттарға есеп жүргізу;

– құжаттардың жоғалғаны немесе жетіспейтіндігі, артық немесе есепке алынбаған құжаттардың пайда болуы туралы тікелей басшысы мен тиісті қызметке жедел хабарлау;

– күн сайын жұмыс уақытының аяғында құпия құжаттарды тексеріп, оларды тиісті қызметке сақтауға тапсыру жатады.

Министрліктің істер номенклатурасы құжаттарды жүйелеу мен есепке алудың маңызды элементі болып табылады. Ол уақытша және тұрақты сақталатын істердің жеке тізімдемесін құрайды. Номенклатура түрінде әрбір жеке істің тақырыптық индексі болады, ол министрліктің түрлі құрылымдық бөлімшелері және оның шетелдік мекемелерінде құралатын барлық біркелкі істерге беріледі.

Дипломатиялық деңгейдегі ресми хат алмасудың қызметтік іс жүргізуден үлкен ерекшелігі бар, мұнда халықаралық құқық, әдет-ғұрып нормалары қатаң сақталады. Хат алмасуда жалпы нормалардан алшақтау немесе оларды елемей, іс жүргізу мәдениетінің кемдігі мен хат жолданған мемлекетке деген құрметінің төмендігін көрсетеді.

Дипломатиялық құжаттардың мазмұны мен протоколдық ерекшеліктері жағынан бір-бірінен айырмашылықтары бар.

**Аккредиттеу грамотасы** (*Аккредитивная грамота*) – дипломатиялық бөлімнің өкілеттігін куәландыратын құжат, бастапқыда оның пайда болуы бір патша басқа мемлекеттің басшысына жіберген елшілігін рас-

тайтын грамота болды. Бүгінде бұл грамота елшілер тапсыратын Сенім грамоталарына айналды.

**Сенім грамоталары (Верительные грамоты)** – шет мемлекетте Төтенше және Өкілетті Елші ретінде тағайындалған тұлғаны растайтын құжат. Қабылдаушы мемлекеттің басшысына жолдаған Сенім грамоталарына дипломатиялық өкілді жіберуші мемлекеттің басшысы мен сыртқы істер министрі қол қояды. Сенім грамоталары елшілерге, кей жағдайларда уәкілдерге және арнайы делегациялардың басшыларына беріледі. Осыған орай, белгілі мәселелерге байланысты келіссөздер жүргізу немесе шартқа қол қою үшін оған арнайы өкілеттік беріледі.

**Кері шақырту грамоталары (Отзывные грамоты)** – дипломатиялық өкілді жіберуші мемлекет басшысының дипломатиялық өкілді қабылдаушы мемлекеттің басшысына жіберген, дипломатиялық өкілді кері шақырту туралы ресми хаты. Кері шақырту грамоталарының кіріспе бөлімінде дипломатиялық өкілді кері шақырту жөнінде қысқаша мәлімет беріліп, өкілдің екі мемлекет арасындағы қатынастардың дамуы мен қолдауына ықпал жасағаны туралы сенім білдіреді. Кері шақырту грамоталары Сенім грамоталары секілді толтырылады.

**Хабарландыратын грамота (Извещительная грамота)** мемлекет басшысын өзінің тағайындалуы және қызметке кірісуі жөнінде, дипломатиялық қатынас орнатылған мемлекет басшыларын хабарлау мақсатында жолданатын хат. Мұндай хатта мемлекеттер арасындағы қатынастар және олардың одан әрі дамуы жөнінде айтылып, дипломатиялық арналар арқылы жіберіледі.

**Вербальды нота (Вербальная нота)** – Сыртқы істер министрлігі сол елде аккредитациядан өткен елшіліктермен хат алмасуды арнайы дипломатиялық нота формасында жүргізеді. Бұл – дипломатиялық хат алмасудың кең тараған түрі. Сыртқы істер министрлігі немесе елшілік атынан үшінші жақта жазылады және бұған қол қойылмайды, мекеменің мөрі басылады. Вербальды нота комплиментпен басталып, комплиментпен аяқталады. Ол дипломатиялық құжат ретінде белгілі бір мақсатты көздейді, халықаралық, екіжақты мәселелер жөнінде мемлекеттің ұстанымын айқындап, олардың дамуына ықпал етеді. Нота жазу үлгісін дипломатиялық корпусқа кіретін елшіліктер өзара байланыста қолданады.

**Жеке нота (Личная нота)** – маңызды және принципті мәселелерді шешу үшін қолданылады. Ол белгілі бір жағдай жайында ресми ақпарат ретінде жіберіледі. Мұндай нота хат түрінде және бірінші жақта ноталық бланкте мекен-жайы көрсетіліп жазылады, мөр басылмайды. Вербальды және жеке ноталарда мәселелердің нақты регламенті берілмейді. Нотамен алмасу – дипломатиялық хат алмасудың түрі. Жеке нотаның мәтіні қаратпа сөзбен басталып, құрметпен (комплиментпен), яғни сыпайылықпен аяқталады.

Соңғы жылдарда мемлекет және үкімет басшылары бір-бірімен жеке жолдау хаттар арқылы (бүгінде – факс не электрондық пошта

арқылы) алмасып тұрады. Олар өзекті, кейінге қалдыруға болмайтын мемлекетаралық, не болмаса халықаралық мәселелер туралы пікірлерімен алмасады. Кей жағдайда олар сыртқы саясат мекемесін іске кірістірмей, мәселені өзара шеше береді.

**Жаднамалық жазба (Памятная записка).** Дипломатиялық тәжірибеде дипломатиялық жаднамалық жазбаның екі түрі кездеседі: 1) Алушының өз қолына тікелей берілетін; 2) Курьер арқылы жіберілетін. Жаднама хат өзінше жеке құжат немесе вербальды нотаға қосымша құжат ретінде жіберілуі мүмкін. Мұндай хаттың мақсаты – мәселенің әрі қарай жылжуын жеңілдету, ресми сұхбат, ауызша мәлімдемені дұрыс түсінуді қамтамасыз ету.

**Меморандум (Меморандум)** – жеке құжат болып немесе вербальды нота және жеке нотамен бірге жіберілетін дипломатиялық құжаттың бір түрі. Оның басқа құжаттардан ерекшелігі – кез келген мәселе нақты және құқықтық негізге сүйеніп көрсетіледі. Австриялық дипломат Х. Вильднер «Дипломатия техникасы» кітабында меморандум мәселені объективті түрде қарастыруға мүмкіндік береді деп есептеген.

**Жартылай ресми сипаттағы жеке хат (Частное письмо полуофициального характера)** дипломатиялық корреспонденцияның тағы ресми тұлғаларға жіберілетін түрі. Ол, әдетте, кей мәселелерді шешуде автордың мүдделерін көрсеткісі келмей, болып жатқан жағдайларға, оқиғаларға жеке өзінің көзқарасын, қатынасын білдіргісі келгенде жазылады.

**Декларация (Декларация)** мемлекеттердің, үкіметаралық және халықаралық ұйымдардың саяси, халықаралық қатынас, халықаралық құқық салаларындағы принциптерін анықтайтын біржақты, екіжақты және көпжақты акт болып табылады. Декларацияның үлкен саяси-дипломатиялық мағынасы бар және ол мемлекеттік деңгейде қабылданады.

**Мәлімдеме (Заявление)** – халықаралық өмірдегі белгілі бір мәселелерге байланысты ресми көзқарасты білдіреді. Мәлімдеме нақты мемлекетке байланысты жасалмайды және ресми жауапты қажет етпейді. Нота, меморандумға қарағанда, мәлімдеменің мазмұны айрықша маңызға ие.

**Баспасөзге арналған мәлімдеме (Заявление для печати)** – мемлекеттің ресми түрдегі белгілі бір мәселеге қатысты ұстанымын көрсетеді. Халықаралық жиындар мен халықаралық ұйым отырыстарында мемлекет, үкімет басшыларының сөйлеген сөздері, ауызша жасаған мәлімдемелері дипломатиялық құжат болып табылады. Мұндай мәлімдемелер аталған жиындар мен конференциялардың құжаты ретінде рәсімделіп, тіркеледі. Мемлекет басшысының БҰҰ, ЕҚЫҰ, ТМД, ЕурАзЭҚ, ИКҰ, ШЫҰ және басқа ұйымдардың сессиясында сөйлеген сөздері негізгі құжатқа жатады. Онда өзекті мәселелер бойынша ұстанымдар анықталып, нақты ұсыныстар енгізіледі және мемлекеттің сыртқы саясатының басты басымдықтары айтылады.

*Жеделхат (Телеграмма)* – бұқаралық ақпарат құралдарында, телеарналарда жарияланатын дипломатиялық құжаттың бір түрі. Ол мемлекет, үкімет, парламент басшыларының атынан ұлттық мереке, көңіл айту, белгілі бір қызметке тағайындалуына байланысты жіберіледі. Жеделхат қысқалығымен және саяси мазмұндылығымен ерекшеленеді. Оған жауап берілуі тиіс.

Халықаралық қол қойылған құжаттар – шарт, келісім, конвенция, трактат, пакт, хаттама, акт, мәлімдеме, статут, хартия, коммюнике тәрізді түрлі атауларға бөлінеді.

Дипломатиялық құжаттармен жұмыс жасаудың маңызды бір бағыты – *Халықаралық шарттар (Международные договоры)* мәтінін озірлеу. Шарттар саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, құқық мәселелері бойынша жасалады. Олар екіжақты және көпжақты негізде шартқа отырады. Шарттың мәтінін жасау барысында түсініктемелер мен арнайы терминологиялар құрылады. Олар: «қатысушы», «үшінші мемлекет», «шарттағы тараптар», деп жазылады. Халықаралық және мемлекетаралық шарттардың өзіндік ерекшелігі бар. Жазу барысында мұндай ерекшеліктерді ескеріп отырған жөн. Шарт атауы мен кіріспеден (преамбуладан), негізгі және қорытынды бөлімдерден тұрады, оған тараптар қол қояды. Шарттың негізгі бөлімі кей жағдайларда өзінің атауларына ие баптар мен бөлімдерден тұрады. Мемлекет өкілдерінің екеуі де қол қойғанда, қолдары бір қатарда немесе бірінің астына бірі орналасады. Шарттың қорытынды бөлімінде оның күшіне енуі және күшін жоюы туралы талаптар мен шарт жазылған тілдің түпнұсқалығы көрсетіледі. Шарт мәтіні арнайы парақта басылып, тиісті мемлекеттің ұлттық туы түсіндегі тоқыма баумен байланады және елтаңбасы бар мөрмен бекітіледі.

Халықаралық шарттардың хаттама, ереже, алмасу хаттар түрінде қосымшалары болады. Қалыптасқан халықаралық тәжірибеге сәйкес, қатысушы мемлекетке арналған шарт нұсқаларында осы мемлекеттің атауы, өкілдің қолы және осы мемлекеттің тіліндегі шарттың мәтіні бірінші орынға қойылады. Ал басқа елдерге арналған нұсқаларда бұл елдің атрибуттары (белгілері) екінші орынға қойылады.

Шарт жасасу тәжірибесінде халықаралық шарт жасасудың жеңілдетілген түрі ретінде нотамен алмасады әрі бұл шарттардың кеңінен тараған түрі болып саналады. Ол халықаралық ұйымдар, мемлекетаралық шарттар жасасуда дипломатиялық қатынастар орнату, дипломатиялық өкілдіктерді елшілікке айналдыру, белгілі бір шарттардың ережелерін анықтау, оның күшінің жойылуы және т.б. мәселелерді шешу үшін қолданылады.

Жоғарыда аталған дипломатиялық құжаттарсыз халықаралық қатынасты реттеу мүмкін емес. Сондықтан да дипломаттар материалдарды дайындауда сол салада қажетті түрде дағдыланған болуы керек. Халықаралық қатынастарда сөз (жазбаша және ауызша түрде) өте



маңызды рөл ойнайды. Сондықтан әр сөз алдын ала ойлап айтылуы тиіс. Бұл жайында қазақ халқының: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген мақалы дәл айтылған.

Дипломатия тарихында бір мемлекеттің ресми өкілінің байқаусызда айтылған сөзі сол мемлекетке зиян келтіріп, халықаралық дау тудырған жағдайлар да болған. Сондықтан дипломатиялық құжаттардағы сөздер өте үлкен маңызға ие. Кей жағдайларда мемлекеттің саяси, экономикалық, әскери, территориялық мүдделері сөздің орынды не орынсыз қолданылуына да байланысты болады.

Белгіленген протоколдық формалар мемлекет басшыларының жеке жолдауларында, жеке және вербальды ноталарда, жаднамалық жазбада қолданылады. Дипломатиялық құжаттардың басқа түрлері протоколдық формаларды қажет етпейді. «Протокол бойынша» құжат тұлғаға арналып жазылады, құжаттың басында сыпайылық, ал соңында ілтипат таптытылады. Мемлекет, үкімет басшыларының жолдауларында: «Жоғары Мәртебелі» немесе «Құрметті Президент мырза!», «Құрметті Премьер-министр мырза!» – деп басталып, соңында: «Құрметпен», «Ізгі ниетпен» деп аяқталады.

Егер Жеке нота Қазақстанның Сыртқы істер министрі атынан шетел мемлекетінің министріне жолданатын болса, онда: «Министр мырза!» немесе «Құрметті Министр мырза!» делінеді, елшілерге де сол формаларда беріледі. Қазақстанның дипломатиялық тәжірибесінде Жеке нота жолдау өте сирек кездеседі. Вербальды нота сыпайы сөзбен басталады, бірақ үкімет деңгейінде жіберілетін нотаның елшілік пен сыртқы істер министрлігі деңгейінде жіберілетін нотадан айырмашылықтары бар.

Дипломатиялық құжаттардың дұрыс ресімделуі өте маңызды. Мемлекет басшысының жеке жолдаулары оң жақта Қазақстан Республикасының елтаңбасы орналасқан арнайы қағазда басылады. Оң жақ жоғары бұрышта хатты жіберген қаланың аты, жіберілген күні жазылады. Соңында мәтінді жіберуші қол қояды. Мұндай жағдайда фамилиясы мен қызметін көрсету маңызды емес. Жеке нота мемлекеттік елтаңбасы бар арнайы бланкте жазылады, сол жақ астыңғы бұрышта жіберушінің толық мекен-жайы, аты-жөні, қызметі көрсетіледі.

Вербальды нота арнайы бланкіде жазылады, нотаға СІМ-нің немесе елшіліктің мөрі қойылады. Мәтіннің астында нота жіберілген күн мен орны көрсетіледі, қол қойылмайды. Жоғарғы сол жақ бұрышта, елтаңбаның астында шығыс нөмірі қойылады. Астыңғы сол жақ бұрышта мекен-жайы көрсетіледі. ҚР Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық тәжірибесінде визалық мәселелер бойынша ноталар кең тараған. Халықаралық тәжірибеде жалпы қабылданған протоколдық формалар қолданылады.

Дипломатиялық хат алмасуда нотаға нотамен, ал жаднамалық жазбаға жаднамалық жазба арқылы жауап беру керек. Хат жазысуда ізеттілік пен әдептілікті ұстанған жөн, қатты сөздер мен басқа да

мемлекеттің намысына не болмаса ел басшыларының көңіліне тиетін сөздер айтылмауы керек.

Жаднамалық жазба жеке кездесуде берілген болса, елтаңбасы ноталық бланкіде жазылады. Егер курьер арқылы жіберілетін болса, вербальды нотадағыдай үшінші жақта жазылады. Мор қойылмайды, мекен-жай жазылмайды. Нотаға қосымша ретінде тіркелген меморандум елтаңбасыз бланкіде жазылады. Нөмірі, мөрі, мекен-жайы көрсетілмейді. Жеке түрде берілген немесе курьер арқылы жіберілген меморандум ноталық бланкіде басылады, онда жіберілген күні мен орны ғана көрсетіледі, мөр мен нөмір қойылмайды. Бейресми жеке хат арнайы бланкіде жазылады. Хатта нөмір қойылмайды, тек күні мен қолы ғана қойылады. Жіберушінің аты-жөні конверттің сыртында көрсетіледі.

*Коммюнике (Коммюнике)* – халықаралық келіссөздердің барысы немесе халықаралық шарттардың қабылдануы жөніндегі ресми хабарлама. Ол қысқа немесе кеңейтілген түрде болады. Коммюнике жалпы хабарлау ретінде болса, бірлескен мәлімдеме – көпжақты халықаралық немесе екіжақты мәселелердің бар екендігін көрсететін құжат. Коммюникенің тілі ықшам және нақты.

Дипломатиялық іс-жүргізуге, сонымен қоса, ішкі айналымдағы жазбалар кіреді. Яғни, ақпараттық-анықтамалық материалдар; қабылдаушы мемлекеттің, мәдениет, дипломатия әлеміндегі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, іскерлердің саяси мінездемесі; болмыш мемлекеттің нақты саяси оқиғасына байланысты баспасөзге шолу; шетел мекеме басшылары мен басқа дипломатиялық қызметтестер сұхбаттарының жазбасы; консулдық жылдық және статистикалық есептер; консулдық мәселелер бойынша хат-хабар алмасу.

*Сұхбаттар мен келіссөздердің жазылуында (Запись беседы и переговоров)* айрықша ерекшеліктер бар. Ол екі түрге бөлінеді. Біріншісі – мәселенің мән-жайын түсіндіретін жұмыс барысындағы жеке сұхбаттар, екіншісі – кеңейтілген сұхбаттар (ресми келіссөздер барысындағы немесе жоғары деңгейдегі сұхбаттар). Сұхбатты ресімдеу барысындағы автордың сілтемесінде сұхбатты жазып алған адамның аты-жөні мен фамилиясы көрсетіледі. Сұхбат жазбаға автордың қолы мен лауазымы қойылады. Сұхбат кімнің бастамасымен болғаны жайлы да жазылады. Өткізілген сұхбаттың мазмұны толық болуы керек. Сұхбаттасушылардың айтқан сөздерін және сұраққа берген жауаптарын жазып алу керек.

Жоғары деңгейдегі кеңейтілген келіссөздерде авторға сілтеме жасамайды. Мәтіннің атауы төмендегіше ресімделеді: «Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ресей Федерациясы Президенті Б.П. Ельцинмен жүргізген сұхбаттың жазбасы». Бұл құжатта жоғары лауазымды тұлғаның қолы қойылмайды, тек сұхбатты жазып алған қызметкердің аты-жөні мен қызметі көрсетіледі.

Дипломатиялық тіл екі түрлі мағына береді. Біріншіден, ресми қарым-қатынас, келіссөздер жүргізілетін және халықаралық құқыққа негізделген тіл; екіншіден, қалыптасқан терминдер мен сөз тіркестерін пайда-

ланады. Тіл түсінікті болуы қажет және оның басты мақсаты – мемлекет қарастырып отырған мәселенің саяси мәні екімағышалы болмауға тиіс.

ҚР Сыртқы істер министрлігі және мемлекеттік органдары ресми түрдегі халықаралық хат-хабар алмасуды мемлекеттік тіл – қазақ тілінде жүргізуі керек. Құжаттың түпнұсқасына шетел тіліне аударылған көшірмесі қоса беріледі.

Егер нота, жолдау, меморандум біржақты дипломатиялық құжаттар болса, онда коммюнике, біріккен мәлімдеме және декларациялар көп мемлекеттердің бірлесіп жасаған еңбегінің нәтижесі және екі немесе одан да көп тараптар ұстанымының көрінісін береді. Мәлімдеме, коммюнике, декларацияның жариялануы дипломатияның ашықтығы мен сыртқы саяси акциялардың айқындығын көрсетеді.

Ішкі мекемелік хат алмасудағы құжаттар: күнделікті ақпараттық-анықтамалық материалдар, саяси хаттар, есептер, консулдық мәселелер бойынша хат алмасулар, шифртелеграммалар, анықтамалар. Қазақстан Сыртқы істер министрлігі мен елшіліктерінде іс жүргізу 2008 жылғы 17 маусымдағы құпия емес құжаттармен жұмыс істеу туралы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Құпия іс жүргізу тәртібі арнайы нұсқаулықпен белгіленген. Құжаттама айналымын басқару тікелей министрліктің Әкімшілік және бақылау департаментіне жүктелді. 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» ҚР Заңы және Қазақстан СІМ-нің 2008 жылғы қарашадағы бұйрығына сәйкес, 2009 жылдан бастап министрлікте және оның шетелдегі мекемелерінде іс жүргізу қазақ тіліне көшірілді.

Министрлікке келген құжаттардың барлығы міндетті түрде тіркелуге тиіс, тіркелмеген құжаттар жұмыс бабында қабылданбайды. «Жеке өзіне» деген белгісі бар конверттер ашылмай жеткізіледі. Тіркелген құжаттар басшылыққа арналған құжаттар және жеке азаматтардың өтініштері болып бөлінеді.

Дипломатиялық поштаны жөнелту кезінде құжаттың төменгі сол жақ бұрышына белгі қойылады, бұл жөнелту күні мен министрліктің құрылымдық бөлімшесінің атауын көрсетеді және құжаттың бұрын электрондық пошта немесе факспен жөнелтілгенін білдіреді. Бланкілер үш түрмен белгіленген: хаттар үшін, бұйрықтар үшін, ноталар үшін. Алғашқы парақтың сыртқы бетінің сол жақ төменгі бұрышында орындаушының аты-жөні, телефоны көрсетіледі.

Қазақстанның Елшілеріне, халықаралық ұйымдар жапындағы Тұрақ өкілдеріне, Бас консулдары мен Уақытша сенімді өкілдеріне жіберілетін хаттарға Министр, оның орынбасарлары немесе Жауапты хатшы ғана қол қоя алады.

ҚР Премьер-Министрінің, Мемлекет басшысының және Президент Әкімшілігі басшылығының бақылауында тұрған тапсырмалар қысқа мерзім белгіленбеген жағдайда, 20 күндік мерзімде орындалуға тиіс. Азаматтардың өтініштері мен шағымдары берілген күннен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде қаралуға тиіс.

### 10.3. Дипломатиялық қатынас құжаттарының үлгілері

Жоғары мемлекеттік деңгейде жазылатын құжаттар ресми бланкте толтырылады. Төменде мемлекеттер басшылары арасындағы хат алмасу, құттықтау, Сенім грамоталарын және сыртқы істер министрлігі жанында акредиттелген елшіліктермен хат жазысу, нота жіберу үлгілерін беріп отырмыз.

№1 үлгі



#### Қазақстан Республикасының Президенті

200...ж. / \_\_\_ / \_\_\_\_\_

АСТАНА, АҚОРДА

**Жоғары Мәртебелі,**

Сіздің жылы лебізіңіз және еліңізге сапармен келіп қайтуға шақырғаныңыз үшін шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіз.

Елдеріміздің арасындағы қарым-қатынастардың жедел дамуын оң бағалай отырып, арадағы достық байланыстарды одан өрі нығайтуға Қазақстанның ұмтыла беретіндігін атап өткім келеді.

Украинаға ресми сапармен келіп қайтуға шақыруыңызды зор қуаныш сезіммен қабылдаймын.

Жоғары Мәртебелі, өзіңізге зор денсаулық пен баянды бақыт, достас Украина халқына өркендеу мен өрлеу тілеген ақ ниетімді қабыл алыңыз.

Ізгі ниетпен,

Нұрсұлтан Назарбаев

**Жоғары Мәртебелі**  
**Виктор Ющенко мырзаға**  
**Украина Президенті**  
**Киев**



**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

200...ж. /\_\_\_/\_\_\_\_\_

АСТАНА, АҚОРДА

**Жоғары Мәртебелі,**

Египет Араб Республикасының Ұлттық мерекесі – Революция күніне орай, Қазақстан халқы мен өз атымнан шын жүректен құттықтауымды, шынайы лебізімді жолдағым келеді.

Осы орайда, екі ел арасындағы түрлі саладағы өріптестікті қамтамасыз етуге және екі ел экономикалары байланысын тереңдетуге бағытталған ынтымақтастықтың дамуын жоғары бағалаймыз.

Жоғары Мәртебелі, өзіңізге зор денсаулық және бақыт, достас Египет халқына гүлдену тілеймін.

**Нұрсұлтан Назарбаев**

**Жоғары Мәртебелі  
Хосни Мүбәрәк мырзаға  
Египет Араб Республикасының  
Президенті  
Каир**



**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

200...ж. /\_\_\_/\_\_\_\_\_

АСТАНА, АҚОРДА

**Жоғары Мәртебелі,**

Сізді жөнестас Пәкістан халқын Тәуелсіздік күніне орай Қазақстан халқының және жеке өз атымнан шын жүректен құттықтаймын.

Қазақстан мен Пәкістан арасындағы саяси және экономикалық салалардағы тығыз достық қарым-қатынастар алдағы уақытта одан өрі нығайып, халықтарымыздың игілігі үшін дами беретіндігіне үміттімін.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебелі, Сізге зор денсаулық және табыс, ал Пәкістан халқына игілік пен өркендеу тілеймін.

Ізгі ниетпен,

**Нұрсұлтан Назарбаев**

**Жоғары Мәртебелі,**

**Асиф Али Зардари мырзаға**

**Пәкістан Ислам Республикасының Президенті**

**Исламабад**



**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

200...ж. / \_\_\_ / \_\_\_\_\_

АСТАНА, АҚОРДА

**Жоғары Мәртебелі,**

Дүниежүзі мұсылмандарының қасиетті мейрамы – Құрбан айттың басталуына орай шын жүректен құттықтаймын.

Қазақстан мен Сирия арасындағы әр түрлі салалардағы өріптестікті нығайтуға және екі елдің экономикалық байланыстарын әрі қарай өркендетуге бағытталған ынтымақтастықтың алдағы уақытта жалғаса беретініне сенімім көміл.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жоғары Мәртебелі, Сізге зор денсаулық, жауапты қызметіңізге табыс, ал достас Сирия халқына бейбітшілік пен гүлдену тілеймін.

Ізгі ниетпен,

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

**Жоғары Мәртебелі**

**Башар әл-Асад мырзаға**

**Сирия Араб Республикасының Президенті**

**Дамаск**



**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

200...ж. /\_\_\_/\_\_\_\_\_

АСТАНА, АҚОРДА

**Жоғары Мәртебелі,**

Венесуэла Республикасының Ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күніне орай Сізге ыстық ықыласты құттықтауымды жолдау – мен үшін зор қуаныш.

Қазақстан мен Венесуэла арасындағы достық қатынастар алдағы уақытта да халықтарымыздың игілігі жолында жалғасын тауып, дами беретіндігіне сенім білдіремін.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Сізге, Жоғары Мәртебелі, зор денсаулық, қызметіңізде табыс, ал достас Венесуэла халқына құт-береке тілеймін.

Ізгі ниетпен,

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

**Жоғары Мәртебелі  
Уго Чавес Фриас мырзаға  
Венесуэла Республикасының  
Президенті  
Каракас қаласы**



**СЕНІМ ГРАМОТАСЫ****Жоғары Мәртебелі!**

Халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту саясатына сәйкес және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық қатынастарды дамытуды көздей отырып, мен (аты-жөні) \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі етіп тағайындауды мақұл көрдім.

\_\_\_\_\_ мырзаны осы Сенім грамоталарымен тіркей отырып, **ЖОҒАРЫ МӨРТЕБЕЛІ**, оны ізгі ниетпен қабылдауыңызды, бұл кісінің менің атымнан және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан СІЗГЕ баяндағандарының бәріне қалтқысыз сенуіңізді өтінемін.

**Н. НАЗАРБАЕВ**

Астана, 2009 жыл, ... .. күні, айы

Сендіруші М. Тәжин  
Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі

**КЕРІ ШАҚЫРУ ГРАМОТАСЫ****Жоғары Мәртебелі!**

Мен (аты-жөні) \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінен кері шақырып алуды, оны басқа қызметке тағайындауды ұйғардым.

\_\_\_\_\_ мырза Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық қатынастардың сақталуына ұдайы жәрдемдесті деген сеніммен мен, Сізден, **ЖОҒАРЫ МӨРТЕБЕЛІ**, оны Кері шақыру грамотасын қабылдауыңызды өтінемін.

**Н. НАЗАРБАЕВ**

Астана, 2009 жыл, ... .. күні, айы

Сендіруші М. Тәжин  
Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі

**ВЕРБАЛЬДЫ НОТА ҮЛГІСІ**

(Арнайы ноталық бланкіде жазылады)

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігіне өзінің ілтипатын білдіреді және Елшіліктің 2008 жылғы 27 шілдедегі №... нотасына жауап ретінде төмендегіні хабарлауды өзіне мөртебе санайды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Түркия Республикасының Ұлттық білім министрі Х. Челиктің сапарын және Қазақ-түрік тұрақты комиссиясының кезекті отырысын үстіміздегі жылғы қыркүйекте өткізуді қолдай отырып, 24-26 қыркүйек аралығын ұсынады.

Министрлік осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Елшілікке өзінің зор ілтипатын білдіретіндігіне тағы да сендіреді.

Астана, 2008 жылғы \_\_\_\_ шілде

Түркия  
Республикасының  
Елшілігі  
Астана қаласы

№9 үлгі

**ВЕРБАЛЬДЫ НОТА ҮЛГІСІ**

(Арнайы ноталық бланкіде жазылады)

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Рияд қаласындағы Елшілігі Ислам Конференциясы Ұйымының Бас хатшылығына өзінің ілтипатын білдіреді және Қазақстан Республикасының әр жылдың 29 тамызын Ядролық қарудан бас тартудың Бүкіләлемдік күні деп жариялау жөніндегі бастамасын қолдау талабына қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі аталған бастама Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы сессиясының жұмысында алдында ресми көтерілген жағдайда оны қолдау туралы шешімін құрмет тұтады.

Қазақстан Республикасының Рияд қаласындағы Елшілігі осы орайлы сәтті пайдалана отырып, Ислам Конференциясы Ұйымының Бас хатшылығына өзінің ілтипаты мен терек құрметін қайта қуаттайды.

2009 жылғы \_\_ қыркүйек

Ислам Конференциясы Ұйымының  
Бас хатшылығына  
Джидда қаласы

## **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Халықаралық қатынастардағы дипломатиялық құжаттардың орны.
2. Дипломатиялық сұхбат жүргізудің тәсілдері қандай?
3. Дипломатиялық құжаттардың түрлерін атап беріңіз.
4. Вербальды нота үлгісі және оның сипаттамасы.

## 11-ТАРАУ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТТІК ДИПЛОМАТИЯ

*Біз істі басқаруға тырысамыз, ал шындығына  
келгенде, іс біздің өзімізді басқарады.*

*Пьер Буаст (француз философы)*

Дипломатия шет мемлекеттермен сыртқы саясатпен қоса сауда-экономикалық қатынастар орнату, әлемдік шаруашылық, қаржы-валюта мәселелерімен де шұғылданады. Өткен ғасырдың өзінде-ақ капиталистік мемлекеттер дипломатияны шет елдерге тауар өткізу, өздеріне шикізат табу көзі мен шетелге капитал салу құралына айналдырды.

Егер XVIII-XIX ғасырларда дипломатия қызметі негізінен мемлекетаралық саяси қатынастарды жүргізу, мемлекеттер мен үкіметтер басшылары арасында байланыстар орнату, өздерінің ерекшеліктерін насихаттау және Азия, Африка халықтарын отарлау мәселелерімен шұғылдана, XX ғасырдың басындағы дипломатия сауда, экономика, банк жүйесімен айналыса бастады. Оған Еуропа мемлекеттерінің отар елдерді өз қарамағында ұстауы және олардың жер байлығын қолдарына алып, пайда табулары негізгі себеп болды. Ескі отаршыл державалардың (Англия, Франция, Испания, Португалия, Голландия, Бельгия) колонияларын, нарығын тартып алу үшін жаңа пайда болған мықты алпауыт мемлекеттер (Германия, Италия, Жапония) өзара таласа бастады, яғни отарланған территорияларды, әлемдік рынокты қайта бөлісуге кірісті. Бұл істе мемлекет, оның сыртқы саясатын жүргізетін дипломатия қызметі алдыңғы қатарға шықты.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары халықаралық экономикалық қатынастарда мемлекеттердің рөлі арта түсті. Ғылыми-техникалық революция, жаңа халықаралық коммуникацияның құрылуы мен оның дамуы, экономикалық және ғылыми шарттардың көбеюі – кәсіпкерлік келіссөздерге және әр түрлі халықаралық ұйымдардың құрылуына әкелді.

## 11.1. Сауда-экономикалық қатынастардағы дипломатияның рөлі

Елдер арасындағы сауда қатынастары, инвестиция тарту, кедендік мәселелер сыртқы саясаттың айнымас бір бөлігіне айналды. Шекара арқылы елге тұрмыс бұйымдарынан бастап ірі өнеркәсіп тауарлары, автомашина, техника өтетіндіктен, олардың сапасы мен бағасына сәйкес екі мемлекеттің ортақ келісімі негізінде кедендік тарифтер мен кедендік баж салығы алына бастады. Мемлекеттік шекарадан өткізер кезде тауарлардан, мүліктерден және құнды заттардан алынатын ақшалай алым «кедендік баж салығы» деп аталады. «Баж салығы» – мемлекеттен не өзара кәсіби қатынастар жасайтын жеке адамдардан, заңды ұйымдардан өндіріліп алынатын тұтыну салығының бір түрі. Мемлекеттер арасындағы достық байланыстарды ескере отырып, шеттен әкелінетін тауарларға ерекше қолайлы жағдай жасауды, яғни баж салығына жеңілдіктерді «преференция беру» деп атаймыз.

Мемлекеттер арасындағы тауар қозғалысы барысында кедендік және өзге де кедергілерді алып тастау арқылы еркін сауда пайда болды. Еркін сауда идеясын жақтайтын елдер – экономикасы, ғылымы мен технологиясы жоғары дамыған Еуропа елдері, Америка мен Жапония.

Сыртқы сауданы реттеуде түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады: тариф, салық, акциздік және өзге де алымдар, экспортталатын, импортталатын тауарлар санын мөлшерлеу, лицензия беру және тағы басқа. Ең көп таралған тәсіл – кедендік тариф. Кедендік тарифті пайдалана отырып, төмендегідей мақсаттарға қол жеткізуге болады: дамушы және өтпелі экономикасы бар мемлекеттер үшін қосымша қаражат көзіне ие болу, сыртқы сауда ағымдарын реттеу (көбіне бұл дамушы мемлекеттерге тән қасиет) және ұлттық өндірушілерді қорғау.

Мемлекеттің мүддесіне сәйкес баж салығы фискалды не протекционистік мазмұнға ие болады, оны үкімет сауданы реттеудің құралы ретінде қолданады. Капитализм дамуының алғашқы сатысында импорттан түскен баж салығы барлық салықтық түсімдердің едәуір бөлігін құрады. Ал қазіргі таңда олардың маңыздылығы төмендеп, салықтың өзге түрлері де көбейді. Егер өткен ғасырдың басында АҚШ-та импорттан түскен баж салығы бюджетке түскен жалпы қаражаттың 50% -ын құраса, қазіргі таңда бұл үлес 2,5% -дан аспайды. Мұндай жағдай өнеркәсібі дамыған басқа мемлекеттерде де орын алып отыр. Өндірісі дамымаған басқа мемлекеттерде импорттан түсетін баж салығының үлесі көп жоғары.

Саясат пен экономика бір-бірін толықтырып, мемлекет дамуының негізгі тетіктері болып келеді. Экономиканың қайнар көзі болып табылатын сауда-қаржы мәселелері де дипломатияның назарында. Көптеген елдердің үкіметтері өз экономикасын дамыту үшін шетелге тауарларын көп мөлшерде экспорттауға мүдделі және бай мемлекеттер табыс табу үшін қашанда шетелге өз капиталын салуды көздейді.

Мемлекеттер арасындағы шаруашылық байланыстар мен тауар алмасудың ұлғаюына байланысты дипломатия халықаралық сауда-экономикалық қатынастарға кірісе бастады. Осының дәлелі ретінде 1944 жылғы Бреттон-Вудс келісіміне сөйкес, Халықаралық валюта қоры, Халықаралық қайта құру және даму банкі, аймақтық банктер құрылды. Кейін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Дүниежүзілік сауда ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдар пайда болды. Сонымен, мемлекеттер арасындағы екіжақты келісімдер мен шарттарда сауда мен экономика негізгі мәселеге айналды. Әлемдік мұнай-газ, көмір және басқа да энергия ресурстары, азық-түлік, экология, мұхиттар мен теңіздерде балық аулау, тағы басқа шаруашылықтарды шешу мәселелері дипломатияға жүктелді.

XX ғасырда халықаралық қатынастарға қатысушы үш басты күш: империалистік мемлекеттер, социалистік елдер және тәуелсіздігін жаңа алған жас мемлекеттер бар еді. Осыған сөйкес, XX ғасырдың ортасынан бастап әлемдік экономика үшке бөлінді: дамыған капиталистік елдер экономикасының жүйесі, социалистік елдер экономикасы және дамушы елдер (Азия, Африка, Латын Америкасы) шаруашылығы. Социалистік лагерьдің азаюына байланысты экономиканы мемлекеттік жоспарлаудың жүйесі құлдырады. Кеңес Одағының құрамынан шыққан тәуелсіз мемлекеттер капиталистік жолға түсті. Қалған социалистік елдер Қытай, Вьетнам, Куба т.б. нарықтық қатынасқа көшті, сөйтіп экономика саласында социализм мен капитализм тіл табысып, әлемде «конвергенция» процесі басталды. Соңғы 30-ға жуық жылдың ішінде екі тараптың бір-бірінен өздеріне ұтымды жағын алу процесі жүрде. Осыған қарамастан, екі блоктың идеологиялық қайшылықтары да сақталуда. Бүгінде ғылымы мен техникасы, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы дамыған Батыс елдерінің экономикасы артта қалып отырған афро-азиялық дамушы елдердің дәстүрлі шикізат өндіруші шаруашылығымен бір мезгілде, қатар өмір сүрде. Осы технологиялық, қаржылық қарама-қайшылықтар әлемдік еркін бәсекелестік нарығында тауар айналымының теңсіздігіне әкеп соғуда.

Дамушы мемлекеттердің экономикалық осалдығын пайдаланып және неокOLONиализмнің түрлі әдістерін қолдана отырып, капиталистер өздерінің бұрынғы отарларын тонаудың жолын кеңейтуде. Ресми деректерге сүйенсек, XX ғасырдың 70-80-жылдары Азия мен Африканың дамушы елдерінен Америка Құрама Штаттарына түскен табыс осы елдерге АҚШ-тан келген капиталдан 13 есе жоғары болды. Он жылда Америка монополистері Латын Америкасына тікелей инвестиция түрінде 3,4 млрд. доллар берген болса, одан 10,8 млрд. доллар табыс түсірген.

Батыстан келген техника, көлік, электроника құралдарының бағасы көтерілген сайын, дамушы елдер осы тауар түрлері үшін өз шикізат, ауыл шаруашылық өнімдерін оларға түгелдей беруге мәжбүр. Сондықтан халықаралық сауда айналымы экономикасы мен техникасы

нашар дамыған елдер үшін өте қолайсыз. Азия және Африка елдерінің табиғи байлығын капиталистік мемлекеттер өтеусіз иемденуде. Мысалы, 1980 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта дамушы елдердің экспорт көлемі 59 пайызға өскен, ал олардың экспортқа шығарылатын тауарлар бағасының индексі 24 пайызға төмендеген. Бұл елдердің табиғи шикізат пен субтропикалық өнімдерді өткізуге тәуелділігін пайдалана отырып, шетел монополистері оларды шикізат тауарларының бағасын төмендетуге және өнімнің көп бөлігін арзан сатуға мәжбүр етеді. Сөйтіп, нашар дамыған елдердің эквиваленттік емес сыртқы саудадан жыл сайынғы шығыны миллиардтаған долларды құрайды.

Халықаралық экономикалық қатынас өр алуан елдердің өндірісін интеграциялық негізде қалыптастырып, жаһандану үдерісіне (глобализацияға) тартып бара жатыр. Азия, Африка және Латын Америкасындағы дәстүрлі экономика бұрынғы қалыптасқан шикізат өндіру, жергілікті ауылшаруашылық тропикалық өнімдерін Еуропа мен Америкаға сату және дамыған елдерден машина, авиация, электротехника, электроника, қару-жарақ, тұтыну бұйымдарын импорттаумен шектеліп отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының дамушы елдерге арналған өнеркәсіп, машина жасау, индустрияландыру бағдарламасы іске аспай қалды. Себебі, бірнеше ғасыр колониализм бұғауында болған елдер осы күнге дейін техника, технология саласы бойынша Батыс Еуропа, АҚШ пен Жапонияға тәуелді және Батыстың бұл үстемдігі әлі де жүре бермек.

Халықаралық экономикалық, қаржылық қатынастарды реттеуде мемлекеттің тікелей араласуына тура келеді, себебі сауда-экономикалық байланыстарды дамыту үшін халықаралық тәртіп, ереже, оны реттейтін қағида, нормалар жасау қажет болды. Бұл мәселелерді шешу дипломатияға жүктелді. Яғни, капитал, байлық жеке капиталистердікі болғанымен, үкімет оларға жәрдем беріп отыр. Сондықтан бүгінде шетелдегі елшіліктердің негізгі қызметінің бірі – өз мемлекетінің сауда, экономикалық, қаржылық мүддесін, банк жүйесін қорғау және оны ынталандыру болып табылады. Әдетте, елшіліктерде экономика, сауда жөніндегі маман-дипломаттар қызмет атқарады. Дипломатия экономиканың мемлекеттік секторымен қоса жеке бизнестің, коммерсант және капиталистердің мүддесін қорғайды. Еларалық қатынастардың ұлғаюы мен интернационализацияның дамуына байланысты әлемдік экономикада мемлекеттің рөлі күшейе түсті.

Өткен ғасырдың екінші жартысында халықаралық сахнадағы Азия, Африканың жас тәуелсіз мемлекеттері капиталистік экономика жүйесінен шыға алмай, социалистік мемлекеттер құрамына кірмеді. Олардың көпшілігі дүниежүзілік капиталистік шаруашылықта қалды. Бұл елдердің экономикалық тәуелсіздігі жойылмайынша, Батыс жартылай қанаушы ролін атқара береді. Демек, саяси тәуелсіздікті жеңіп алу – ұлттардың қайта өркендеу жолындағы алғашқы қадамы. Екінші басты қадам – экономикалық бостандық алу.

**Жаңа халықаралық экономикалық тәртіп** (ЖХЭТ) орнату бағдарламасы 1974 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының VI арнайы сессиясында мақұлданды. ЖХЭТ-тің негізгі талаптары: әрбір мемлекеттің өз байлығы, табиғи ресурстары және экономикалық қызметіне толық егемендігі; шикізат тауарлары бойынша бірлескен бағдарламаны жүзеге асыру; тәуелсіздік алған елдердің өндіріс тауарларын сыртқы нарыққа еш кедергісіз шығару; осы елдерге озық технологиялар беру; трансұлттық корпорациялар қызметінің кері әсерін шектеу; экономикалық дамуын қаржыландыру; халықаралық валюта жүйесін реформалау; экономикалық ынтымақтастықты нығайту. Алайда, дамыған батыс елдері осы үрдіске басынан бастап қарсы болды.

Әлемде «жаңа халықаралық экономикалық тәртіпті құру» Азия және Африка елдерінің экономикалық дипломатиясына ортақ ұран бола бастады. Оған бүкіл дамушы елдердің нақты халықаралық экономикалық проблемалары мен экономикалық стратегиясындағы ұсыныстары бағынады. Өзінің тәуелсіздігін енді алған (отарлықтан шыққан) жас дамушы елдердің басты мақсаты – артта қалған экономикасын түзеп, экономикалық даму көрсеткішін дамыған елдермен теңестіру.

Дипломатия тарихындағы басты іс-шара – БҰҰ-ның Женевадағы Сауда және даму халықаралық конференциясы болды. Конференцияда Батыстың саясаты мен халықаралық еңбекті бөлісу жүйесі қайта қарастырылды. Женева конференциясына қатысқан дипломаттарды шартты түрде 2 топқа бөлуге болады. Батыс елдерінің делегаттары конференция жұмысына ашықтан-ашық қарсы келмесе де, «кедей» халықтың жағдайын жақсартамыз дегенді бүркемелеп, оларды шетел, әсіресе жеке меншік капиталға үлкен мүмкіншіліктер беру, экономикада мемлекеттік секторды дамытудан бас тарту талаптарын қабылдауға мәжбүр етті. Батыс елдерінің екінші тобы, Азия, Африка елдері, қазіргі заманғы ғылым, техникаға жете алмайды, сондықтан бұрынғыша ауылшаруашылық өнімдері мен табиғи шикізат өндіруші болып қала беру керек деген пікірді ұстанады. Ал ауылшаруашылығы, тау-кен өнеркәсібіне керек машина, құрал-жабдықтарды Еуропа, Америкадан сатып алуға болады, яғни Азия, Африка мемлекеттері мәңгі «әлемдік деревня» болып қалуы керек деп санайды.

Америка мен Германияның инвестициялық ресурстары өте көп және бұл елдер «артық» капиталдарының экспортын кеңейтуге мүдделі. Олар өз инвестицияларын сақтап қалу үшін, үкіметтік кепілдіктер алу мақсатымен дамушы елдердің басшыларын бопсалау, қорқыту әдісін қолданады.

Бұрынғы отарлаушы империялар – Англия, Франция, Бельгия азат болған елдерде қалыптасқан экономикалық үстемдігін сақтап қалды, себебі олар «дәстүрлі» сауда және экономикалық байланыстарды, нарықтардың бейімділігін, валюта-қаржы жүйесінің ұқсастығын – «ағылшын стерлинг зонасы» мен «француз франк зонасын» тірек етеді.



Лондон мен Париж экономикасы томен мемлекеттерге аздаған көмек көрсетіп, жеңілдіктер беріп, бұрынғы колонияларын қолдан шығармауға тырысуда, яғни дамушы елдердің өнеркәсіп орындарын, банктерін мемлекеттік мүлікке аударуға және мемлекеттік бақылауға жол бермеуде.

Батыс елдерінің дипломатиясы бұрынғы ГАТТ (Сауда және тарифтер жөніндегі бас келісім), бүгінде Дүниежүзілік сауда ұйымын (ДСҰ) әлемдік сауданы реттеп отырған негізгі құрал ретінде сақтап қалды. Негізінен, ДСҰ индустриалды елдерге жұмыс істеуде. Сондықтан Батыс елдері Сауда ұйымының кемшіліктерін айтудан бас тартып, оның тиімді жағын ғана айтады. Батыс дипломатиясы Азия, Африка елдерінде өздерінің монополиялық құқығын қалпында қалдыру, мүдделерін сақтауға арналды. Оның мақсаты – бұрыннан қалыптасқан халықаралық еңбекті бөлісу жүйесін сақтау, тіпті болмаса оның өзгеруін бөсеңдету.

Аталған державалар трансұлттық және басқа да монополиялардың қызметін пайдалана отырып, дамушы елдердің индустриалдану, экономикалық құрылымдарын жаңғырту және әртараптандыру үдерістерін өздеріне пайдалы арнаға бағыттауда. Монополистік капиталдың одан әрі өктемдік жүргізуіне қолайлы саяси және инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында оларға милитаризация саясатын күштеп таңып отыр. Сондықтан планетаның әр жерлерінде кіші соғыс ұйымдастырып, капиталистік елдердің қару-жарағын сатып алуға мәжбүрлеп отыр.

Кеңес Одағы және басқа да бұрынғы социалистік мемлекеттер бостандық алған елдерге көп жәрдем берді. Бұл мемлекеттердің дамушы елдермен экономикалық ынтымақтастығының тәсілдері әр түрлі болады: әділетті түрдегі сауда, несие мен қарыздар, техникалық көмек, кадрларды даярлау және т.б. Бұл тәсілдер социалистік және дамушы елдер арасында өзара қолайлы, тең құқылы алмасулар мен әлемдік социалистік қоғамдастық тарапынан дамушы елдерге көмек көрсетеді. Социалистік мемлекеттер дипломатиясы отарларды тонап, байыған дамушы елдердің Батыс елдеріне қоятын экономикалық талаптарын қолдады.

Өткен ғасырдың ортасынан бастап мемлекетаралық деңгейде «экономикалық дипломатия» деген ұғым айқындалды. Әр алуан елдердің бірлестігі «Трансұлттық корпорациялар» (ТҮК) («Транснациональная корпорация» – ТНК) деп аталады. 60-70-жылдары Трансұлттық корпорациялардың күшеюіне байланысты, жекелеген мемлекеттердің экономикасында жағымсыз факторлар пайда болды. Кейін ірі капитал мемлекеттік шеңберден шығып, түрлі елдердің капиталистері бірігіп, әлемдік деңгейдегі үлтсыз капитал құрды. Бүгінде трансұлттық капитал жергілікті үкіметтерге бағынбай, ішкі табыс салықтары мен кедендік баж салықтарын төлеуден бас тартуда. Сол себепті, жергілікті үкімет экономикасын қорғау және капиталдың шекарадан өтуін бақылау үшін шаруашылықты басқаруға кірісіп, отандық бизнеске жәрдем беруде.

XX ғасырда әлемдік экономикада көп өзгерістер, атап айтқанда, өндірістің жаңа түрлері, әлемдік сауда жүйесі пайда болды, бір елдің капиталы өз ұлттық қасиетін жоғалтып, көпұлттық капиталға айналды, яғни басты капиталистік мемлекеттер бірігіп, басқа елдердің байлығын қанауға кірісті. Халықаралық Трансұлттық корпорациялар әлемдік экономиканың тауар, капитал және жаңа технологиясының жартысынан көбін өз бақылауына алды. Оның үстіне, әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарысты пайдаланып, трансұлттық корпорациялар дамушы елдерді қанауын күшейтті. Оларға өз тауарлары мен капиталдарын экспорттау үшін жаңа нарық, жаңа елдер қажет болды. ТҮК осы мақсатпен бұрын Кеңес Одағының құрамында болған елдер мен Қазақстанға өз тауарларымен және капиталымен кіруде. Инвестиция салу арқылы осы елдердің мықты ірі өндіріс орындарын, мұнай-газ, энергетика салаларын өз меншігіне алып алды. Осы бағытта, әсіресе, АҚШ, Еуропалық Одақ елдерінің дипломатиясы көп іс атқарды.

Бүгінде ТҮК-ның экономикалық өктемдігі, құрылымы корпорация мүдделеріне толығымен бағынатын шетел инвестицияларына көп ықпал етеді. Трансұлттық компаниялардың арналары арқылы жеке капиталдың барлық экспортының 90 пайызы жүзеге асырылады. Негізгі шаруашылықты, банктерді қолына алған ТҮК қожайындарының жергілікті үкіметке бағынбай кетуі орын алып отыр.

Белгілі ресейлік дипломат-ғалым Е. Примаковтың айтуынша, «Трансұлттық корпорация» (ТҮК) әлемдік еңбек бөлісудің неоколониалдық түрін жасап, капиталистік Батыстап тәуелсіздігін жаңа алған елдерден аграрлық-шикізаттық «периферия» жасап отыр. Неоколониализмнің ТҮК көмегімен әлемдік капиталистік шаруашылықта азаттық алған елдерге әлемдік шаруашылықта беріп отырған бұрынғы орны еш өзгерген жоқ, себебі олардың тәуелділігі, қаналуы мен экономикалық артта қалушылығының формасы қазіргі техникалық негізге сай жаңғыртылды (И. Орнатский, Экономическая дипломатия. 1985 ж., 136 бет).

Трансұлттық корпорациялар бостандық алған елдердің экономикасын, саудасын, банк жүйесін толық бақылауда ұстауда. Сонымен, тәуелсіздік алған мемлекеттердің экономикалық даму мәселелері ғасырлар бойы бұрынғы Еуропа отаршылдары қанауының ауыр салдарларын жоя алмай келеді.

*Халықаралық экономикалық қатынастарды қайта құру* мәселелері бүгінде қайта көтеріліп отыр. Қайта құру кемсітушілік пен халықаралық саудадағы теңсіздік көріністерін, экономикалық қатынастардағы индустриалды мемлекеттердің және ТҮК-ның үстемдігін жоюды көздейді.

Жаңадан пайда болған постиндустриалды аралас жүйе қоғамның біршама икемді, тұрақты әлеуметтік-экономикалық негізінің қалыптасуына нақты мүмкіндік береді, мемлекетшіл және либералды

теориялардың ерекшеліктерін жинақтайды. Әлемдік экономикада неоллиберализм және неокейнсиандық теориялар таза түрде қала алмайды, өйткені бүгінде толық жеке меншік не толық мемлекеттік (қоғамдық) болып табылатын экономика, қаржы секторлары қалған жоқ. Көптеген елдерде аралас экономика қалыптасты, яғни жеке меншік сектормен қоса, мемлекеттік сектор қатар өмір сүруде.

Социалистік жүйенің құлдырауынан кейін оның құрамынан шыққан егемен мемлекеттердің алдында қандай экономикалық құндылықтарды ұстанатындығы жөнінде сұрақ тұрды. Сол жылдардан бастап капиталистік елдердің экономикасын құраған нарықтық принцип тәуелсіз мемлекеттердің де ұлттық экономикасының сипатына айналды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) мен Шығыс Еуропадағы әлеуметтік-экономикалық үдерістер нарықтық бағыт алды. Нарықтық экономикаға қарай жылжу барлық индустриалды мемлекеттердің қалыптасуы мен жаңару жолы болды.

Экономикалық жүйе мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты, мемлекеттік идеологиясы, әскери-өнеркәсіптік комплексімен тығыз байланысты. Экономикалық саясат үкіметтің саяси көзқарасын, мемлекеттің саяси доктринасын іске асырады, сонымен қатар ол елдің экономикалық негізін жасауға мүмкіндік туғызады. Саяси күштер мен партиялар да мемлекеттің экономикалық даму бағытына өз әсерін тигізі алады. Қазіргі уақытта экономикадағы мемлекеттің шынайы рөлі – ол нарықтық процестерді реттеу мен белсенді басқару функциялары. Көптеген индустриалды дамыған мемлекеттердің тауар шығару және қызмет көрсету салаларындағы мемлекеттік сектордың үлесі орта есеппен 20% -ды құрайды.

Мемлекеттің экономикалық саясаты – негізгі экономикалық бағытты анықтау, қойылған мақсаттар мен мәселелерге жеткізетін жолдарды, ішкі әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен сыртқы саудаға, шетелге капитал салу саясатын анықтап беру. Бұл саясатты шет елде дипломатиялық миссиялар жүргізеді. Қазіргі заман дипломатиясында экономика саласының алатын орны қомақты. Бүгін материалдық өндіріс пен қызмет көрсету саласындағы халықаралық экономикалық қатынастарға экономикалық жаһандану үдерісі өз ықпалын тигізіп отыр.

Сонымен, дипломатиялық миссия жұмысында экономикалық қызмет пен сауда қызметінің маңызы зор. Елшіліктерде сауда және экономикалық бөлімдер не болмаса сауда атташелері жұмыс істейді. Экономикалық қызмет болмыш ел үкіметінің экономика және қаржы саясатын талдап, сыртқы сауда мәселелері бойынша баяндама дайындап отырады. Бүгінде Интернет, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалаң статистикалық сандар алу қиындық туғызбайды, ал экономика мәселелерімен шұғылданатын дипломаттардың жұмысы – жүріп

жатқан сауда-инвестиция үрдісін бақылап, сандардың артында тұрған деректерді сараптау және түсіндіре білу.

## 11.2. Халықаралық ұйымдар және дамыған мемлекеттердің экономикалық дипломатиясы

Екінші дүниежүзілік соғыстап кейін мемлекеттер халықаралық экономикалық ұйымдардың қызметіне назар аудара бастады. Ғылыми-техникалық революция, халықаралық сауда байланыстарының қарқынды өсуі, экономикалық және технологиялық салалардағы алмасулар мен келісімдердің артуы – халықаралық ұйымдар мен мекемелердің шеңберінде көпжақты ынтымақтастықтың күшеюіне негіз болды. Көпжақты экономикалық дипломатия рөлінің жоғарылауы түрлі әлеуметтік-экономикалық даму жүйесіндегі елдердің жалпыға ортақ мәселелердің шешімін бірлесіп іздеуіне өсер етті. Бұл ұйымдардың ішінде беделді әрі қатысушы мемлекеттердің саны жағынан әмбебап болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының алатын орны ерекше.

Әлемдік экономиканың дамуындағы күрделі процестер, империализмнің отарлық жүйесінің құлдырауы, осының негізінде халықаралық аренада экономикалық жағынан артта қалған, жас тәуелсіз ұлттық мемлекеттердің пайда болуы, олардың өзге әлеуметтік жүйедегі мемлекеттермен ынтымақтастық орнату және кеңейту мәселелері – БҰҰ-ның әлеуметтік және экономика мәселелермен шұғылдануына әкелді. Соңғы онжылдықтарда БҰҰ-ның экономикалық, әлеуметтік салалардағы қызметі оның негізгі жұмыстарының біріне айналды.

Экономика мәселелерін, дамушы мемлекеттердің артта қалушылығын азайту, аштықпен және аурулармен күрес, қоршаған ортаны қорғау, мұхиттарды игеру және басқа да глобалды проблемаларды барлық мемлекеттердің бірлеспей шеше алмайтыны айқын болды. Халықаралық экономикалық қатынас пен саясат бір-бірімен тығыз байланысқан және өзара ықпалдастықта. Ұйымның Жарғысында халықаралық экономикалық ынтымақтастыққа арналған бөлімдер бар. Онда БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің ұйыммен экономикалық, әлеуметтік даму шеңберінде халықты толықтай жұмыспен қамтуы, шаруашылық, әлеуметтік және өзге де салалардағы халықаралық мәселелерді шешу, экологияны сақтау үшін ынтымақтастықты арттыру секілді салаларда ортақ әрі жекелей қатынастардың дамуына құқықтық негіздеме жасалған.

Жарғыға сәйкес, экономикалық және әлеуметтік салалардағы қызметтің жауапкершілігі Бас Ассамблеяға қарасты Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеске (ЭКОСОС) жүктелген. Ұйымның күн тәртібіндегі экономикалық және қаржылық мәселелерді Екінші (экономикалық) комитет, ал әлеуметтік дамуды Үшінші комитет жүргізеді. Жекеле-

ген мәселелер бойынша комитеттердегі талқылаулар мен қабылданған қарарлар Бас Ассамблеяға беріледі.

Жер шарының әр бөлігіндегі экономикалық қатынастарды жүргізу мақсатында ЭКОСОС-тың шешімімен аймақтық экономикалық комиссиялар құрылды: БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы (ЕЭК – 1947 ж.), БҰҰ-ның Азия және Тынық мұхит аймағындағы экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (ЭСКАТО – 1947 ж., Қазақстан осы комиссияға жатады), БҰҰ-ның Латын Америкасына арналған Экономикалық комиссиясы (ЭКЛА – 1948 ж.), Африкаға арналған Экономикалық комиссия (ЭКА – 1958 ж.), Батыс Азияға арналған Экономикалық комиссия (БАЭК – 1973 ж.).

Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінде экономикалық даму мәселелерімен шұғылданатын қосалқы органдар, бағдарламалар мен ұйымдар баршылық. Олардың қатарына көпжақты дамушы мемлекеттерге техникалық және инвестиция алуға көмек көрсетуге маманданған Даму бағдарламасы (ПРООН), Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (ЮНЕП), Сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД), Өндірістік даму жөніндегі ұйым (ЮНИДО), Балалар қоры (ЮНИСЕФ) және тағы басқалары кіреді. БҰҰ-ның жүйесінде дамушы мемлекеттерде дипломат кадрларды дайындау, түрлі экономикалық мәселелерге байланысты зерттеулер жүргізуге арналған Білім беру және ғылыми-зерттеу институты (ЮНИТАР) да жұмыс істейді. Сонымен қатар, Токио қаласында БҰҰ-ның университеті бар.

Көпжақты экономикалық дипломатия жұмысында БҰҰ Хатшылығының, оның ішінде Халықаралық экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменттің алар орны қомақты. Онда 20 мыңдай қызметкер жұмыс істейді. Хатшылық көптеген зерттеулер мен баяндамалар, қарарлардың жобалары мен ұсыныстар дайындап, түрлі сессиялар мен мәжілістер ұйымдастырады.

1975 жылдың наурызында Лимада (Перу) ЮНИДО-ның екінші бас конференциясы өткізілді. Конференцияның қорытындысында Іс-қимылдар жоспары мен Лима декларациясы қабылданды. Онда өнеркәсіптік дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын негіздеу, әр мемлекетті потенциалына сәйкес индустрияландыру және оған жәрдемдесу, нәтижесінде түскен пайданы халық арасында тең болу, шикізат пен жұмыс күшін қарқынды пайдалану, ішкі нарық сұраныстарын қанағаттандыру қарастырылған. Сонымен қатар, стратегияның негізгі міндеті 2000 жылға дейін индустрияландырудың көмегімен дамушы мемлекеттердің өлемдік өнеркәсіптік өндірістегі үлесін 7%-дан 25%-ға арттыру керек еді. Бұл, өз кезегінде, АҚШ, Жапония тарапынан қолдау таппады. Америка мен Еуропа мемлекеттері іс жүзінде дамушы мемлекеттердің индустрияландыру жоспарын және Лима декларациясын орындаудан бас тартты. Ақыры бұл индустрияландыру стратегиясы іске аспады.

Халықтардың өз табиғи байлықтарын игерудегі егемендігі жөніндегі ұстанымы мемлекеттің экономикалық құқықтары мен міндеттері

Хартиясы, Жаңа халықаралық экономикалық тәртіп орнату жөніндегі Декларация, ЮНКТАД пен ЮНИДО шешімдері, блоктарға қосылмаған мемлекеттердің конференциялары сияқты маңызды халықаралық құжаттарда орын алған.

БҰҰ Бас хатшысының халықтардың өз табиғи байлықтарын игерудегі ажырамас егемендігі жөніндегі баяндамасында былай делінген: «Егемендік ұғымына өз кезегінде әр мемлекеттің өз табиғи ресурстарын толығымен пайдалану құқығы, оны тиімді пайдаланудың қандай да экономикалық структуралар құру арқылы орындауы кіреді. Сонымен қатар, егемендік шетелдік тікелей капитал салудың қандай салаға құйылатындығы және оның түрлері мен шарттарын анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттің табиғи байлықтарын ұлт меншігіне қайтып алуы (ұлттандыру – национализация) – бұл егемендік құқығының ажырамас элементі болып табылады».

Қорытындылай келгенде, барлық мемлекеттер БҰҰ-ның шеңберінде екіжақты және көпжақты қаржы, шарушылық қатынастардың нығайып өрі кеңейіп келеді. Осыған сәйкес, әр мемлекеттің өзінің жеке істеріне араласпау принципінің өміршеңдігі, әлемдік нарықта пайданың тиімді өрі тең бөлінуіне барлық халықтар ұмтылуда. ХХІ ғасыр халықаралық экономикалық дипломатияның алдына үлкен мақсаттар мен жауапты міндеттер қойып отыр.

Батыс елдерінің дипломаттарды дайындау қағидаларында бизнеспен қалай жұмыс істеу туралы мынадай нұсқауы бар: өз елінің сауда саласындағы мүддесін қорғау; келген отандық кәсіпкерлерге ақпарат жинап беру; жоғарыда аталған мақсаттарды жүзеге асыру жолында болмыш мемлекеттің кәсіпкерлерімен және экономикалық ведомстволарымен жақсы қатынастар орнату. Сонымен, экономикасы мен технологиясы дамыған капиталистік елдердің басты мақсаты сыртқы саясатта экономикалық факторлардың рөлін күшейтіп, экономикалық дипломатияның әдіс-тәсілдері арқылы өздерінің монополиялық үстемдігін сақтап қалу. Бүгінде экономикалық бағыт сыртқы істер министрліктерінің жұмысындағы негізгі бір сала болып есептеледі. Австрия экономисі Г. Хэберлердің айтуынша, соңғы жылдары дипломаттар өз уақыттарының 80%-ын экономика мәселелеріне арнайды. Біздің ойымызша, әр елде әр түрлі мақсаттар түр, сондықтан елшіліктер жарты уақытын экономикаға, сауда, банк салаларына бөледі деуге болады.

1929 жылдан бастап *Америка Құрама Штаттары* шет елдегі елшіліктерінің құрамына Ауылшаруашылығы министрлігіне бағынатын ауылшаруашылығы мәселелері жөніндегі атташе қосылды. Олардың міндетіне басқа елдердегі ауылшаруашылығы ахуалын бақылау және американдық ауылшаруашылығы өнімдеріне өтім нарығын (*орысша: рынок сбыта*) табу кірген.

АҚШ экономикалық дипломатиясының белсенділігімен қатар, американдық елшіліктер жұмысындағы ұстапымдары да өзгерді.

«Дипломатиялық өкілдіктің басты міндеті Америка сыртқы экономикалық саясатының мүдделерін ілгерілету және шетелдегі американдық сауда мен ауылшаруашылығының жалпы және ерекше мүдделерін қамтамасыз етуге жағдай жасау», деп мәлімдеді Мемлекеттік департамент. 1970 жылы шыққан «*Diplomacy for the 70s. Wash*» журналында: «АҚШ-тың сыртқы саудасына ықпал ету және бизнеске көмек беру елшіліктер қызметінде басымдық алуы қажет», – деп жазылған. Елшіліктердің қызметкерлері жеке американдық инвестиция мәселелеріне аса көңіл бөледі. Сырттан келген бизнесмендерге АҚШ-тың жалпы саяси, экономикалық ахуалы мен оның іскерлік белсенділікке ықпалына қатысты брифингтер ұйымдастыру, сондай-ақ, жергілікті билікпен және іскерлік топтармен қатынастарды ретке келтіру – олардың жұмысының маңызды бөлігі болып саналады. Қабылдаушы мемлекетте американдық жеке меншікті эспроприациялаған жағдайда американдық бизнестің мүдделерін қорғау міндеті, импорттық шектеулерді енгізу елшілікке жүктелген. Американдық дипломат Р. Чилдс: «Құрама Штаттардың шетелдік қызметі – бұл американдық көсіпкерлердің шет елдердегі көзі мен құлағы», – деген болатын.

Елшіліктер нақты тауарлар үшін отім нарығы мен өздерінің товарларымен болмыш елге кіру мүмкіндігіне қатысты мәліметтерді де талдайды. Олар өз қызметтерін АҚШ компаниялары мен монополияларының мүдделерін шет мемлекетте қамтамасыз етумен ғана шектемейді, сонымен бірге осы елге тәуелді мемлекеттер мен территорияларда өз ұстанымдарын нығайтуға белсенді атсалысады.

Елшілікте істейтін экономистер өз бизнесмендері үшін тұрақты түрде болмыш мемлекеттің қаржы, шаруашылық, ішкі және сыртқы сауда жағдайларын зерттеп, қажетті ақпаратты орталыққа жіберіп отырады. Америкада болашақ дипломаттарды дайындауда сауда, экономика мәселелеріне айрықша көңіл бөлініп, тесттер өткізіледі, сараптама дайындалып, анықтамалар жазылады.

Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде маңызы артып отырған ғылыми-техникалық байланыстар мен алмасулар дипломатияның жаңа саласы болып табылады. Американдық елшіліктердің міндетіне әлемдегі аса дамыған мемлекеттердегі ғылым мен техника жетістіктерін бақылау және ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы ақпарат беру жатады. Олар ғылымы мен техникасы озық дамыған мемлекеттерге осы мәселелер бойынша арнайы ғалым-атташелерді жібере бастады. Бұл қызметкерлер ресми функцияларынан тыс, болмыш мемлекеттегі ғылыми-техникалық жұмыстар мен ғылыми жаңалықтарға қатысты барлау деректерін жинау бойынша тапсырмаларды орындайды.

Белгілі кеңес дипломаты В.А. Зорин былай деген: «АҚШ монополиялары нақты экономика салаларында қызығушылығы бар елдердегі елшіліктермен тікелей байланыс жасау үшін осы монополиялардың

өкілдерін жібереді. Осылайша, АҚШ мұнай монополияларының мүдделері бар елдердегі (мысалы, Венесуэлада) елшіліктерде арнайы мұнай өнеркәсібімен шұғылданатын және американдық мұнай монополияларының мүдделерін қамтамасыз ететін дипломаттар бар» (Зорин В.А. Основы дипломатической службы. – М., 1977. – С.237).

Американдық өкілдіктердің міндеті – халықаралық ұйымдарда, Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және басқа да органдарының АҚШ-қа қолайлы шешімдер қабылдауына қол жеткізу, ал олардың қызметі, әдеттегідей, антисоциалистік бағытты ұстанатыны мәлім. Соңғы жылдары американдық дипломатияның БҰҰ-ға және оның әлеуметтік-экономикалық органдарына ықпалы өрши түсті. Дамушы мемлекеттердің өз табиғи байлығы мен жалпы экономикалық егемендігін қорғауына, шетелдік капиталдың іс-әрекетіне бақылау жасауына американдықтар орынсыз наразылық білдіріп отыр.

АҚШ-тың басқарушы топтары сыртқы саяси мақсаттарға жету жолында экономикалық дипломатияның құралдары мен әдістерін одан әрі күшейтті. Олар енді әскери-саяси құралдармен қатар, көбіне экономикалық әдістер мен тетіктерді де тірек етуде. Мысалы, жалдамалы топтарды қаржыландыру арқылы Вашингтон өзіне ұнамсыз үкіметтерді құлату (Никарагуа мен Ауғанстан) және экономикалық блокадамен түрлі санкцияларды қолдану (Куба, Солтүстік Корея, Ливия, Иран т.б. елдер), сондай-ақ «жалған жәрдем» беру үшін халықаралық қорлар құрып, оның атын бүркемеленіп, қысым жасайды.

*Ұлыбританияда* билеуші топтардың сыртқы экономикалық саясатын жүргізетін басты мекеме – Сыртқы істер және достастық істері жөніндегі министрлік (1947 жылға дейін – «Британ ұлттар достастығы – Британское содружество наций»). Англияның шетелдегі экономикалық дипломатиясын жүзеге асыру 1965 жылы құрылған «Біріккен шетелдік қызметтің» құзыретінде.

1992 жылы 7 ақпанда Маастрих шартына сәйкес, «Еуропа экономикалық қауымдастығы» «Еуропалық Одақ» болып өзгерді. Осыған байланысты Одаққа мүше елдердің сыртқы саясат мекемелерінде өзгерістер болды. Англияның сыртқы істер министрлігінде БҰҰ бөлімі саяси мәселелер жөніндегі және экономикалық-әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімдер болып екіге бөлінді. Жалпы алғанда, шамамен Англияның шет елдердегі өкілдіктеріндегі дипломаттардың 34%-ы экономика мәселелерімен шұғылданады.

Әлемдік нарық бәсекелестігінің шиеленісуіне байланысты, ағылшын экспортын кеңейту жұмыстарына басты назар аударады. Қазіргі кезде Англияның сыртқы істер министрлігінде экономикалық мәселелермен келесі функционалдық бөлімдер айналысады: сауда қатынастары мен экспорт; қаржы қатынастары; ғылым мен техника; кеме қатынасы мен колік; энергетика; батысеуропалық интеграция; БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік мәселелер бөлімдері және т.б.



**Франция Республикасы** сыртқы істер ведомствосында экономикалық дипломатияны жүзеге асыруға бірінші кезекте экономика және қаржы департаменті (оған экономикалық, сауда, қаржы және өнеркәсіп ынтымақтастығы бөлімдері кіреді); мәдени және ғылыми-техникалық байланыстардың бас дирекциясы (оның құрамында мәдени және ғылыми-техникалық ынтымақтастық пен ғылыми байланыстар бөлімі бар) жауапты. Ғылым мен техника және экономикалық проблемалар бөлімі заң департаментінде де бар.

Француз дипломатиясы «еуропалық құрылысқа» және ең алдымен бұрынғы «Ортақ рынок» шеңберіндегі Париж бен Берлиннің басымдылығымен ынтымақтастықтың дамуына үлкен мән береді. Ол ұдайы Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер, үкіметтер басшыларымен сауда-экономикалық мәселелерді шешіп отырады.

Соңғы жылдары **Германия Федеративтік Республикасында** экономикалық дипломатия мәселелерінің маңызы арта түсуде. Экономикалық және оған шектес проблемалармен ГФР Сыртқы істер министрлігінде бірнеше бөлімдер айналысады. Солардың ішінде, бірінші кезекте, сыртқы экономикалық саясат, дамушы елдер және еуропалық интеграция мәселелерімен айналысатын бөлімдерді атап өткен жөн. Даму, халықаралық қаржы ынтымақтастығы, «Солтүстік-Оңтүстік» диалогі салаларындағы сыртқы саяси принциптерді даярлау; БҰҰ-ның шеңберіндегі халықаралық экономикалық ынтымақтастық мәселелері, соның ішінде «жаһандық келіссөздер» мен ЮНКТАД; халықаралық шикізат саясаты мәселелері; әлемдегі азық-түлік мәселелері; халықаралық энергетика саясаты; дамушы елдермен сыртқы саяси мәселелер және техникалық ынтымақтастық принциптері; Батыс елдерімен экономикалық қатынастары; Батыс – Шығыс экономикалық қатынастары және т.б. жатады. Төртінші бөлімнің функцияларына Германияның шетелдегі өкілдіктерінің экономикалық бөлімдеріне басшылық жасау, олармен тығыз байланыста болу; экономика және сауда саласындағы шетел заңнамаларын қадағалау; экспорты мен импортын дамытуға ықпал ету; сауда шарттарын жасасу; көлік және қару-жарақтың экономикалық мәселелері жатады.

Германия Сыртқы істер министрлігінде дипломаттардың үштен бірі сауда, тауар экспорттау және капиталды шетке шығару мәселелерімен айналысады. Француз елшіліктерінде экономика, сауда, өнеркәсіп, ауылшаруашылық, қызмет көрсету салаларымен шұғылданатын, экономика саласында маманданған дипломаттар отыр.

Шет елде ГФР түрлі ведомстволарының ресми өкілдіктері міндетін біріккен дипломатиялық қызмет атқарады. Экономикалық мәселелер жөніндегі қызметкерлердің лауазымында көбінесе жеке бизнестің өкілдері жұмыс жасайды. Соңғы кездері дипломаттарды бір саладан екінші салаға ауыстыру үдерісі байқалады.

Жалпы айтқанда, Германия елшіліктерінде экономика тақырыбымен айналысатын қызметкерлер саны мен олар жұмыс істейтін елдер-

дің сапы Америкаға қарағанда екі есе көп. Экономикалық мәселелерге жергілікті фирмалармен байланысы бар ГФР-дің консулдықтары да тартылады. Шет елдегі өкілдіктердің міндетіне сол мемлекет экономикасының қаржысын, олардың экспорттық және импорттық мүмкіншіліктерін, сауда мен кедендік реттеу және т.б. жағдайларын зерттеу жатады. Алайда, басты мақсаты – неміс монополияларының сыртқы экономикалық өктемдігін кедейту үшін оны жаңа жолдармен және құралдармен қамтамасыз ету, басқа мемлекеттердің компаниялары мен фирмаларына қарсы бәсекелестікте өз позицияларын күшейту.

Экспортты көтермелеу және тауар өткізу рыногын кедейту *Жапония* Сыртқы істер министрлігінің басты міндеттерінің бірі. Германия сияқты, Жапонияның өнеркәсібі көбінесе экспортқа бағытталған және Экономикалық ұйымдардың ұлттық федерациясына (Кейданрэнге) кіретін қауымдастықтар (ассоциация) бойынша ұйымдастырылған. Жапондық корпорациялар осы іскер топтардың беделді ұйымы арқылы өздеріне қолайлы сыртқы экономикалық саясат жүргізу үшін үкіметке ықпал етеді. Сыртқы істер министрлігімен қатар, сыртқы экономикалық бағытты белгілеу және жүзеге асырумен қаржы, сауда және өнеркәсіп министрліктері де айналысады.

Мемлекеттің белсенді қолдауы жапон монополияларының сыртқы экономикалық өктемдігіне, олардың әлемдік тауар сату нарыгын жаулап алуына, Жапонияның капиталистік елдердің ішінде үшінші күшке (АҚШ және Батыс Еуропамен қатар) айналуына едәуір мүмкіндік берді.

Жапония заманауи электрондық технологиясы дамып, қаржы-экономикалық күші артқан сайын, өзге елдермен, соның ішінде Батыстағы серіктестерімен және АҚШ-пен келіссөздері барысында экономикалық дипломатияны жиі қолданады.

Сыртқы істер министрлігі бірқатар территориялық және бес функционалдық департаментпен тұрады. Соның ішінде экономикалық дипломатияны жүзеге асыруға экономикалық департамент пен экономикалық ынтымақтастық департаменті тікелей атсалысады. Басқа департаменттер де (шарт жасау, мәдениет пен ақпарат, БҰҰ істері жөніндегі) сыртқы экономикалық саясаттың жеке аспектілерімен шұғылданады.

Токионың экономикалық дипломатиясы дамушы елдерге, бірінші кезекте Қиыр Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне ерекше назар аударады. Сонымен бірге, жапон дипломатиясы барлық «ақ нәсіл еместердің», бірінші кезекте азиялық халықтардың «тағдырлары мен мүдделерінің ортақтығы» туралы насихатты кең пайдаланады. Токио БҰҰ-дағы афро-азиялық топтың қызметіне қатысып, Шығыс пен Батыс арасында делдал рөлін атқаруға тырысады.

Соңғы жылдары *Қытай Халық Республикасының* дүниежүзілік саудадағы үлесі өсіп келе жатыр. Қытай экономикасында мемлекеттік сектор басым орын алып отыр. Ал машина жасау, энергетика, индус-

трия, электроника салалары, теміржол, әуе жолы, теңіз флоты т.б. секторлары түгелдей мемлекеттің иелігінде. Қолында бар басым өндірістік индустрияны және валюта-қаржы қорын пайдаланып, ҚХР үкіметі сыртқы сауда, экономикалық саясатын жүргізуде. Дипломаттар міндетті түрде әлемдік экономикалық оқытатын курстарды төмамдайды. Қытай елшіліктерінің жанында сауда-экономикалық өкілдіктері қызмет атқарады. Қытай дипломатиясы елдің экспорттық саясатына үлкен қолдау көрсетуде. Шетелдің ірі инвестицияларын тарту үшін Пекин нарық ұстанымдарын қабылдап, кәсіптік бастамаларды ынталандырып, саяси тұрақтылықты сақтап отыр. Қытайдың үлкен нарығында орын алып қалу үшін Батыстың индустриалды мемлекеттері өз капиталдарын осында кіргізуге ынталы. ҚХР-дың артынан Вьетнам нарықтық жолмен жүре бастады.

Ал, *Қазақстан дипломатиясына* келсек, ҚР-дың «Дипломатиялық қызмет туралы» заңына сәйкес, Сыртқы істер министрлігі әлемдік экономикалық, қаржылық жағдай мен негізгі шетел валюталарының өзгерістерін және банк жүйесін зерттеп, Президент пен Үкіметке дер кезінде хабарлап отыруы тиіс. Қазақ дипломатиясы отандық тауарларды шетке шығару, шетелдік инвестицияны республикаға тарту мәселесімен шұғылданады және жергілікті бизнесмендерді әлемдік нарық конъюктурасымен хабардар етеді. Индустрия және жаңа технологиялар, Қаржы, Экономикалық даму және сауда, Мұнай және газ министрліктеріне және басқа да ведомстволарға консультация беріп отырады. ҚР Сыртқы істер министрлігінің Орталық Азия департаментінде Интеграциялық мәселелер басқармасы, Еуропа департаментінде Еуропалық интеграция басқармасы және Көпжақты ынтымақтастық департаментінде Көпжақты экономикалық ынтымақтастық және Экономикалық-экологиялық басқармалары, ТМД департаментінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық және ҰҚШҰ басқармасы жұмыс істейді. Осы бағытты күшейту мақсатында 2010 жылы ҚР СІМ-де халықаралық экономикалық ынтымақтастық комитеті құрылды.

Қазақстанның шет елдердегі елшіліктерінде сауда-экономикалық қатынастармен шұғылданатын дипломаттары бар. Олар шетел экономикасы мен мемлекеттік бюджетінің орындалуын назарда ұстап, болмыш елдің Республикамен сауда-экономикалық қатынастарын зерделейді, еларалық байланыстарды нығайту жолдарын және келісім-шарт жасасуды қарастырады. Елшіліктер отандық компанияларға, бизнесмендерге, саудагерлерге болмыш елдің қаржы, сауда, экономика салалары туралы мәліметтер жіберіп, тұрақты жәрдем көрсетіп отырады.

Басқа мемлекеттердің басшыларымен қатар, Қазақстан Президенті Н. Назарбаев әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстан шығу жолдары ретінде мынадай ой тастады. Халықтар әлемдік валюта қабылдауға да, қызметіне де қатыспайды. Сондықтан да ескі әлемнің әлемдік валютасы қай тұрғыдан да демократиялық болып табылмайды. Осыған бай-

ланысты, жаңа әлемдік валютаны пайдаланушылар – барлық негізгі субъектілер әлемдік валюта эмиссиясын жасауда демократиялық органдарын құра алады. Президенттің ойынша, алдағы Жаңа әлемнің даму моторы мен жан-жүрегі басқа бір түбегейлі жаңа әлемдік капитал болады. Дәлірек айтсақ – жаңа ақаусыз әлемдік валютаға негізделген өздігінен өсуші әлемдік байлық болады. Осынау түбегейлі жаңа әлемдік байлықты анықтау үшін басқа бір, әлдеқайда баламалы белгіні тапқан дұрыс болар еді. Жаңа әлемнің біз енді ғана қадам басқан осу кезеңінің жаңа қасиетін айқындайтын шешуші сөз ретінде «транзит» сөзін алуға әбден болады. Онда ішінара ақаусыз әлемдік валютаға негізделген транзиттік әлемдік байлықтың осынау жаңа түрін біз әзірше «акмекапитал» деп емес, «транзикапитал» деуімізге келеді. Және ескі әлемдік «дефекталдан» жаңа әлемдік «транзикапиталға» көшу секілді осынау жаңарту ХХІ ғасырдың бірінші ширегінің жаһандық тренді болуы тиіс.

Батыс жеке державаларының экономикалық дипломатиясын ұжымдық (коллективный) дипломатия толықтырады. Өндірісі, валюта қаржысы бүкіл әлемге таралған трансұлттық корпорациялар (ТҮК) дамушы елдеріне қарсы біркелкі позиция ұстануда, яғни оларға батыс елдеріне ортақ экономикалық дипломатия жүргізу тән. Америка, Еуропа Батыс мемлекеттері (оған Жапония мен Оңтiстiк Корея да кiредi) бiрiгiн, дамушы мемлекеттерде өздерiне пайдалы бiркелкi сауда-қаржы саясатын жүргізуде. Афро-азиялық мемлекеттердiң ТҮК-тiң зауыт, фабрикаларына шикiзат, энергетика ресурстарымен қамтамасыз ету және арзан жұмыс күшiн беруi өлi күнге дейiн жалғасуда.

Алайда, Батыс елдерiнiң ұжымдық дипломатиясы халықаралық экономикалық ұйымдар арқылы ғана жүзеге асырылмайды. Әлемдiк экономикалық iстерде олардың бiрлескен бағытын әскери-саяси НАТО блогы заманауи қару-жарақ шығару тапсырысы және оны сату арқылы атқарады. 1950 жылы социалистiк мемлекеттерге қарсы сауда саясатын үйлестiру жөнiндегi АҚШ-та Арнайы комитет (КОКОМ) құрылды. Ол социалистiк елдерге шығарылған Батыстың экспортын бақылады және Кеңес Одағына сатуға тыйым салынған көптеген тауарлар тiзiмiн жасады. Кейiнгi жылдары Арнайы комитеттiң бағыты бойынша АҚШ КСРО-ға сатуға тыйым салынған жаңа технологиялық электроника, машина, станоктар, транспорт тауарлары тiзiмiн ұлғайтып отырды.

Ұжымдық және көпқырлы Батыстың экономикалық дипломатиясы халықаралық ұйымдарды, ең алдымен БҰҰ жүйесiндегi қаржы, экономикалық ұйымдарды пайдаланады. Iс жүзiнде халықаралық экономикалық, валюта қатынасында АҚШ, Англия, Франция, ГФР және Жапония секiлдi алпауыт елдер үстемдiк жасап отыр. Соның нәтижесiнде, әлемдiк нарықта шикiзат сатушы дамушы елдер жақсы ұйымдастырылған халықаралық монополистермен қақтығысады. Батыс монополистерi шикiзат бағасын төмен ұстап тұру үшiн алдын ала келiсiп алып, дамушы елдердiң нарығын бөлiседi де, шикiзат экспорттаушы ел-

дерге өз саясатын жүргізеді. ТҮК шикізат тауарлары нарығының басым көпшілігін бақылайды. ЮНКТАД-тың зерттеулері бойынша, «дамушы елдерден экспортталатын шикізат тауарларының іс жүзінде барлық халықаралық саудасы трансұлттық корпорациялардың бақылауында болуы жалғасуда». Дамушы елдер шикізат бағасын төмендетпеу үшін әрекет жасауда. Мысалы, тәуелсіздік алған «үшінші әлемдегі» шикізат өндірушілер қауымдастығының құрылуы – «Мұнайды экспорттаушы елдер ұйымының» (ОПЕК) табысты қызметіне едәуір серпін берді. ОПЕК – 1960 жылы Венесуэланың бастамасымен құрылған 13 ірі мұнай өндіруші мемлекеттен (Алжир, Венесуэла, Габон, Индонезия, Ирак, Иран, Қатар, Кувейт, Либия, Нигерия, Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы және Эквадор) тұратын ұйым. Ол капиталистік монополиялардың қысымы мен бопсалауына қарсылық көрсете отырып, нарықтық конъюнктурада шешуші факторға ие болды.

ТҮК басшыларының әлемдік қаржы мен банк жүйесін және негізгі экономиканы өз қолдарына ұстауы – оларды тікелей саяси күшке айналдырды. Олардың экономикалық және қаржылық күшті шоғырландыруы жеке үкіметтердің саясатына ғана әсер етіп қоймай, әлемдік капиталистік экономикада болып жатқан процестерді өз пайдасына өзгертуде. Сонымен, бүгінде трансұлттық корпорация әлемдік капиталистік шаруашылықтың басым күші болып отыр.

Жалпы, мемлекеттер арасындағы экономикалық өзара байланыстың ұлғаюын, әлемдік экономиканы біртұтас деп қарауды заңды құбылыс деп түсіну керек. Бірақ, шаруашылық пен елдің ішкі жағдайын нақты есептей отырып, «интернационализация», «глобализацияның» зардабын бәсеңдетуге күш салу керек. Сонымен қатар, трансұлттық корпорациялардың үстемдігін шектеу туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының бірнеше шешімдері де орындалмай келеді.

Әлемдік ірі державалар халықаралық экономикалық қатынастарды, сауда мен қаржы мәселелерін, экология мен инновацияны, жалпы экономикалық саясатты бірігіп бақылау үшін жабық топтар құруда. Оның ішінде «Үлкен сегіздік (G8)» пен «Үлкен жиырмалық (G20)» топтардың алатын орны айрықша. Жыл сайын тұрақты түрде алпауыт жеті мемлекет пен үкіметтің басшылары кездесіп, арнайы саммитте әлемдік экономика, қаржы және валюта мәселелерін талқылауы, әлемдік экономиканы басқаруы үрдіске айналды. Соңғы жылдары Америка, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Канада және Жапония құрған «Жетілікке» Ресей Федерациясы да қосылып, саммит «Сегіздік», яғни «G8» деген атқа ие болды.

«G8» тобы әлемдік мәселелерді бірігіп шешуге осы блокқа қатысушы мемлекеттердің жерінде саммиттер өткізіп отырады. 2003 жылғы саммит Францияның Эвиан қаласында, ал 2004 жылы Американың Си-Айленд қаласында өткізілді. 2005 жылы «Сегіздікке» кіретін мемлекеттердің басшылары Ұлыбританияның Эдинбург қаласындағы саммитте бас

қосып, әлемдік экономика мәселесін, климаттың өзгеруі, сыртқы саясат пен Африка елдерінің проблемаларын және терроризмге қарсы күрес мәселелерін талқылады. Бұл жиынға әлемнің басқа да бес ірі дамушы мемлекеттері: Үндістан, Қытай, Мексика, Бразилия және Оңтүстік Африка Республикасы қатысты. Қорытындылай келе, олар келесі шешімдер қабылдады:

– Африка континентіндегі халықтарға қосымша 50 млрд. доллар бөлу;

– әділетті сауда жүргізу жөнінде жаңа келісім жасау;

– мұнай шығарушы бай елдердің инвестициясын шетелге көбірек шығаруына және осы арқылы олардың әлемдік экономиканың дамуына ықпал етуіне жол ашу.

2006 жылғы 15-17 шілдеде Ресейдің Санкт-Петербург қаласында «Сегіздіктің» кезекті саммиті өткізілді. Онда «Жаһандық энергетикалық қауіпсіздік», «Инфекциялық аурулармен күрес» және «XXI ғасырдағы информацияланған қоғамға арналған білім», «Жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлықпен күрес», «Сауда» туралы коммюникелер қабылданды. 2007 жылғы 6-8 маусымда Германияда (Хайлигендамм қаласында) өткен саммит басқа мәселелермен қоса, Африканың экономикалық дамуы туралы шешім қабылдады.

Бүкіл әлемдік экономика проблемасын және қаржы-экономикалық дағдарысты «Сегіздік» шеше алмағандықтан, соңғы жылдары бұл топқа тағы да экономикасы дамыған ірі 12 мемлекет, атап айтқанда Аргентина, Австралия, Бразилия, Қытай, Үндістан, Индонезия, Мексика, Сауд Арабиясы, Оңтүстік Африка Республикасы, Оңтүстік Корея, Түркия және Еуропалық Одақ кірді. Сөйтіп, 2008 жылғы 15 қарашада Вашингтон қаласында (АҚШ) «Әлемдік қаржы дағдарысына қарсы» тақырыбында бірінші дүниежүзілік саммит болып өтті. Оған әлемдегі экономикасы мықты 20 мемлекеттің басшылары қатысып, әлем экономикасын жақсарту үшін өзара байланыстарды нығайтуға уағдаласқанымен, ортақ келісімге келе алмады. Себебі, әр ел дағдарыстан шығудың жолын өзінше қарастырмақ болды. Венесуэла президенті Уго Чавестің айтуынша, Вашингтондағы «жиырмалық топ» басшыларының кездесуі уақытты босқа өткізу болды.

2009 жылғы 2 сәуірде британ астанасының жанында орналасқан Питтсбург қаласында әлемнің осы жиырма жетекші мемлекет пен үкімет басшылары және негізгі халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен саммит өтті. Мемлекеттер басшылары кездесуінің алдында «Сегіздіктің» қаржы министрлері өзара пікір алмасулар өткізді. Онда дағдарысқа қарсы жоспарлардың орындалу барысына талдау жасалды. Алайда, бұл талдаудың қорытындысы көңіл көншітпеді. Себебі, дамыған мемлекеттер дамушы елдерге көмек көрсетуден бұрын, өз мүдделерін алға қойды. Өткен саммитте шешілген дамушы елдерге көмекке берілетін 500 млрд. орнына бар болғаны 50 млрд. доллар ғана жиналды. Олар кедей елдер-

ге көмек беруден бұрын, АҚШ-тың экономикалық тұрақтылығына қолдау көрсетуге тырысты. «Жиырма» жетекшілері қол қойған барлық жалпы сипаттағы құжаттар, сарапшылардың айтуы бойынша, тек жетілдірілу үстінде және олар Халықаралық валюта қоры мен Әлемдік банктің келесі сессиясында қаралатын болды.

Питтсбургте өткен «G20» саммитінде дағдарысқа қарсы уақытша шаралар бекітіліп қана қоймай, дағдарыстан кейінгі кезеңдегі ірі шешімдер қабылданатын болады деген шешімге келді. Ал «G8»-ге кіретін мемлекеттер әлемдік экономика тақырыбына көп бара бермей, негізінен, ұлттық қауіпсіздік мәселесімен айналысушы ұйым ретінде өз жұмысын жалғастыра береді, бұл топтың тек әлемдік экономика мәселесімен ғана емес, жаһандық саясатта орын алған мәселелерді шешетін орган екендігін сездіртті.

Кейбір сарапшылар бұл саммит экономикаға өзгеріс әкелмеді әрі принципады жаңалық та болған жоқ деген баға беруде. Дегенмен, Питтсбургтағы саммитке қатысқан жиырма мемлекеттің басшылары қорытынды коммюникенің барлық пункттері бойынша ортақ келісімге келді. Бір жағынан, олар дағдарысқа қарсы 1,1 трлн. доллар болуға сөз берсе, екінші жағынан, әлемдік экономиканың бақылауын күшейту жөніндегі еуропалық ұсыныстарды қолдады. «G20»-ға кіретін мемлекеттерде әлемдік жалпы ұлттық өнімнің 90%-ы өндіріледі, әлемдік сауда көлемінің 80%-ы солардың үлесінде және ғалам халқының үштен екі бөлігін қамтып жатыр, яғни олар дүниежүзілік экономиканы ұстап тұр.

Қорытындылай келгенде, қалыптасқан экономикалық-саяси жағдайларға байланысты «G8» және «G20» форумдарының халықаралық саяси және экономикалық мәселелерді шешуде алатын орны келешекте зор болмақ. Ал осы экономикалық саммиттерді жоғары деңгейде ұйымдастыру және қаржы-экономикалық дағдарысқа қарсы іс-шараларды дайындау дипломатияға жүктеліп отыр.

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстан шығу тақырыбында Қазақстан басшылығы да маңызды ой-пікірлер мен ұсыныстар айтуда. Президент Н.Ә. Назарбаевтың шетелдік және отандық басылымдарда жариялаған бірқатар мақалаларында және түрлі халықаралық басқосуларда мәлімдегеніндей, жаһандық дағдарыстың басты себебі, бүгінгі таңдағы әлемдік резервтік валюталардың (доллар, евро және т.б.) генетикалық ақаулары болып табылады. Сондықтан бұл дағдарысты еңсерудегі ең тиімді жол – жаңа санаттағы ұлтаралық (немесе ұлтүстілік) валюта әзірлеу және айналымға енгізу. Ал бұл мақсатқа көпшілік елдердің бірлескен күш-жігері арқылы ғана жетуге болады.

Елбасының пайымдауынша, бұл жолдың түбегейлі жаңалығы – құнды иллюзиялық бағалаудың ескі валюталық бірлігінен тауарлар мен қызметтердің шынайы құндылығын нақты бағалаудың жаңа құралдарына саналы да мақсаткерлікпен көшуде.

### 11.3. Парламенттік және қоғамдық дипломатия

Шет елдермен қарым-қатынас жасауда сыртқы істер министрлігімен қатар, басқа да салалық министрліктер, парламент қызмет атқарады. Көптеген елдер Парламенттік Ассамблея, Одақ, Қоғамдастық құруда. Олардың негізгі мақсаты – әр елдердің заңдарын дайындауда өлемдік халықаралық стандарттарды басшылыққа ала отырып, мемлекеттердің заңдарын бір-біріне сәйкестендіру. Халықаралық істерде парламенттік дипломатияның рөлі жылдан-жылға артып келеді.

1992 жылы 27 наурызда Алматы қаласында *Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының* Парламент басшылары Парламентаралық Ассамблеяны (ПАА) құрды. Ассамблея – заңнамалық құжаттар жобасын дайындау үшін құрылған консултативтік орган. ТМД ПАА өз қызметінде Достастыққа қатысушы мемлекеттердің заңнамаларын жақындастыру және үйлестірумен байланысты мәселелерге басты назар аударады. Құру барысында Достастыққа мүше елдер парламенттері мен халықаралық парламенттік ұйымдардың тәжірибесі ескерілді.

ПАА Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағындағы интеграциялық процестердің дамуына белсенді атсалысып, экономика, қауіпсіздік, қылмыс, терроризм және есірткі бизнесіне қарсы күрес салаларындағы ынтымақтастық жөнінде өзекті болып табылатын мәселелер бойынша осы ұйым мемлекеттер басшылары кеңесіне және үкіметтер басшыларының кеңесіне ұсыныстар жібереді.

Парламентаралық Ассамблеясының аса маңызды міндеттерінің бірі бітімгершілік қызметі болып қала бермек. Ол аймақтық Молдова, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Ресей араларындағы қақтығыстарды реттеуге қатысудың құқықтық негіздерін әзірлеумен қатар, тікелей Достастық елдері арасындағы қақтығыстарға бітімгершілік акцияларын да көздейді. Парламенттік Ассамблея депутаттары әскери іс-қимылдарға қарсы аймақтардың, атап айтқанда, Солтүстік Кавказдың, Қырғызстан мен Тәжікстанның тұрақты мониторингін жүргізіп отыр.

Соңғы жылдары әлеуметтік саясат проблемаларын шешуде, адамның негізгі құқықтары мен бостандығын ұстануда келісілген тәсілдерді әзірлеуде ТМД Парламентаралық Ассамблеясының рөлі артуда.

*Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Парламенттік Ассамблеясы* 1991 жылы сәуірде Мадрид қаласында ЕҚЫҰ елдерінің парламенттері басшыларының кездесуінде құрылды. Ассамблея Ұйымға мүше 56 мемлекеттің 320 парламентарийлері кіретін ЕҚЫҰ институттарының бірі болып табылады. Орындар бекітілген келісімге сәйкес бөлінеді, мысалы, АҚШ – 17 депутаттық орын, Ресей – 15, Ұлыбритания, Германия, Италия, Франция – әрқайсысы 13-тен орын иемденген. Қазақстанның 6 орны бар.

Проблемаларды талқылау және резолюциялар мен ұсыныстарды қабылдау арқылы ЕҚЫҰ кеңестігіндегі демократияны ілгерілетуде



парламентаралық келіссөздерді жүзеге асырады. Ассамблеяға қатысушы мемлекеттердің Ұйым шеңберіндегі міндеттемелерін орындауын қадағалайды, шіеленістердің алдын алу және реттеу тетіктерін озірлейді және енгізеді, демократиялық институттарды нығайтуға жәрдем береді.

Тұрақты комитет, Бюро және үш Бірлескен комитет Ассамблеяның негізгі органдары болып табылады. ЕҚЫҰ ПА Халықаралық хатшылығы Копенгаген (Дания) қаласында орналасқан. Ассамблеяның жыл сайынғы сессиясы ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің бірінде өтіп отырады. 2008 жылғы кезекті сессиясы Астана қаласында өтті.

*Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы (ЕКПА)* мәселені кеңесіп шешетін орган болып табылады. 320 мүшесі мен олардың 320 орынбасары өздерінің құрамынан ұлттық парламенттерімен сайланады немесе тағайындалады. Ассамблея өз күн тәртібін белгілеуде еркін, ол қазіргі қоғам мен халықаралық саясаттың түрлі аспектілеріне қатысты өзекті әрі перспективті мәселелерді қарастырады.

Бұл Парламенттік Ассамблеяның жұртшылыққа ашық пленарлық отырыстары Страсбург қаласында жылына 4 рет өтеді. Сессиялар арасындағы кезеңде Ассамблея атынан шешімдерді құрамына Бюро мүшелері, ұлттық парламенттік делегациялар жетекшілері және ЕКПАның саяси топтары мен комитеттерінің төрағалары кіретін Тұрақты комитет қабылдайды.

Ассамблея арнайы салалық комитеттерімен дайындалған материалдармен жұмыс істейді, атап айтқанда: Кеңейтілген бірлескен комитет, Тұрақты комитет, Саяси мәселелер жөніндегі комитет, Заң мәселелері және адам құқықтары жөніндегі комитет, Мәдениет, ғылым мен білім жөніндегі комитет және т.б.

ЕКПА Еуропалық Кеңестің Бас хатшысын, оның орынбасарын, Парламенттік Ассамблеяның Бас хатшысын, әр мемлекеттен Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың судьяларын, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі комиссарды сайлайды.

*Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Парламентаралық Ассамблеясы* қызметінің мақсаттары Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың жұмыс істеуін құқықтық қамтамасыз ету, Қоғамдастыққа қатысушы мемлекеттер заңнамаларын үйлестіру және оны ЕурАзЭҚ шеңберінде жасасқан шарттарға сәйкестендіру болып табылады.

ЕурАзЭҚ-тың келісілген құқықтық саясатын құру, оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етуші ұлттық парламенттердің заң шығарушы қызметтерін үйлестіру, парламентаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және т.б. Ассамблеяның негізгі міндеттері болып табылады. Өз отырыстарын жылына бір рет өткізеді.

Парламентаралық Ассамблеяның тұрақты атқарушы органы – Хатшылық. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Парламен-

таралық Ассамблеясы тұрақты комиссиясының жалпы құзыреті мәселелеріне келесілер жатады:

Парламентаралық Ассамблеяның нормативтік құқықтық актілер жобаларын, соның ішінде ЕурАзЭҚ заңнамалары негіздерінің жобаларын әзірлеу;

– ЕурАзЭҚ-тың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етуші ұлттық парламенттердің заң жобалары қызметін үйлестіру бойынша ұсыныстарды дайындау;

– ғылыми-сараптама кеңестерінің жұмысын ұйымдастыру және т.б.

Шет елдерде атқарушы билік сыртқы саясат қызметінде «парламенттік картаны» толығымен пайдаланады. Мысалы, АҚШ Мемлекеттік департаментінің (Сыртқы істер ведомствосы) шенеуніктері өздеріне қиын жағдайда және Американың империалистік амбициясын орындау үшін Конгресс мүшелерінің кейбір шарттарын бекітпей, «келіспеушілік» білдіруге жүгінеді. Бұл биліктің өкілдік және атқарушы органдары арасындағы ұстанымының айырылысуы емес, ұлы державалардың басқа елдерге қысым жасауын депутаттар арқылы іске асыру болып табылады.

Парламентаралық Ассамблеяға ҚР Парламенті депутаттарының бірқатары мүше. Қазақстанның сыртқы саяси қызметіне Сенат пен Мәжіліс депутаттары белсенді араласуда. Қазақстанда маңызды жалпыұлттық мәселелерді халықпен ақылдасып, демократиялық жолмен құрылтай арқылы шешу дәстүрі Қазақ хандығынан бері келе жатыр. Ол кез өзіндік ерекшеліктері бар дала демократиясының үстемдік құрған кезеңі болды. Кеңес Одағында Коммунистік партияға бағынышты КСРО Жоғарғы Кеңесі де сыртқы саясатпен айналысты. Алайда, оған одақтас республикалар ешқандай ықпал ете алмады. Барлық сыртқы саясат Мәскеудің құзырында болды.

Парламентаризмнің бастауы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болды. Республика әлемдік тәжірибені зерттеп, өзіне керектісін таңдады. Қазіргі заман бүкіл дүние жүзіне әсер етіп отырған жаңа қауіп-қатерге толы жаһандану процесінің өсуімен сипатталады. Әлемнің алпауыт мемлекеттері де мұндай қалыптасқан қауіптер мен жаңа талаптарға өздігінше тура жауап таба алмай отыр. Бұл өз кезегінде сауда, қаржы, экология, қауіпсіздік, халықаралық терроризм, ұлтаралық қылмыс, заңсыз миграция, есірткі трафигі салаларында мемлекеттердің өзара байланысының ұлғаюымен сипатталады. Осындай жағдай парламентаралық ынтымақтастықты іске асыруды талап етеді.

Парламенттік дипломатия әлемдік қоғамдастықты қобалжытатын мәселелерді шешуде атсалысып отыр. Депутаттар халықтың заңды өкілі және азаматтардың тілектері мен үкімет саясатын жалғастыратын жүйе ретінде қызмет атқаруы тиіс.

Соңғы жылдары әлемде көп мемлекеттердің тәуелсіздіктерін алуына байланысты халықаралық қатынастар ұлғая түсті. Дипло-

матиялық қатынасты бекіту, мемлекетаралық және үкіметаралық ынтымақтастықты ұлғайту оз алдына екіжақты және көпжақты деңгейде парламентаралық қатынас көлемін де ұлғайтты.

ТМД мемлекеттерінің Парламентаралық Ассамблеясы, Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы, Ислам Конфедерациясы Ұйымына мүше мемлекеттердің Парламенттік Одағы, Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясы сияқты парламентаралық ұйымдарға Қазақстанның Сенат, Мәжіліс депутаттары қатысуда. Сенатта Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөнінде Комитет жұмыс істейді. Жаһандану, сырттан келген агрессия, халықаралық терроризм, экология және тұрақты даму мәселелері парламенттік көзқарасты талап етеді. Көпжақты байланыспен қатар, Қазақстан Парламенті соңғы жылдары басқа мемлекеттердің парламенттерімен екіжақты қатынастарды ұлғайтты. Сенатта шет мемлекеттермен ынтымақтастық бойынша 23 адамнан тұратын депутаттық топ құрылды. Осындай депутаттық топ Парламент Мәжілісінде де жұмыс істейді. Делегация алмасу барысында екі елдің парламентарийлері өз әріптестерінің қызметімен танысып, заң шығару тәжірибелерімен алмасып, мемлекеттік шекара, сыртқы сауда-экономикалық қатынастарды талқылайды.

Парламенттік дипломатия халықтық және кәсіби дипломатияның қиылысында тұр. Ол мемлекеттің Конституциясына сәйкес стратегиялық бағытты ұстануымен қатар, Президенттің, Сыртқы істер министрлігі, Қауіпсіздік Кеңесінің жұмысын толықтырып, Қазақстанның әлемдік сахнадағы лайықты орнын таба білу мәселелерін де қарайды.

Шетелмен жаңа парламентаралық қатынасты орнатудың мақсаты олардың тәжірибесімен танысу, біздің елдің саяси, экономикалық жетістіктерін жеткізу және әлемдік қауымдастықта дос мемлекеттердің санын көбейту. Парламенттің шетелдік сапарлары мемлекеттің сыртқы саясатының мақсаттарымен сәйкес келуі тиіс. Бүгінде Орталық Азия мемлекеттері Парламенттерінің арасында Парламенттік Ассамблея құрылмаған.

Қазақстанның Азиядағы белсенді саясаты парламентаралық байланысты дамытуда. Барлық жерде парламентаризм деңгейі бірдей емес, бірақ жас парламенттерге халықаралық байланыс өте қажет. Бұл жерде Шанхай ынтымақтастық ұйымы күшті аймақ бірлестігіне айналды. ШЫҰ мемлекеттер мүшелерінің арасында тек мемлекетаралық және үкіметаралық қатынасты ғана емес, сонымен қатар парламентаралық қатынастар орнату да ойы бар.

Қазақстан Парламенті халықаралық шартты, Республиканың халықаралық ұйымдарға мүшелікке кіруін, ішкі және сыртқы саясатының бағытын, сыртқы экономикалық келісімдерді бекітеді. Ол өзінің ресми, ведомстволық және халықтық дипломатиясымен қоса, түрлі халықаралық мәселелерді шешуге өз үлесін қосады. Сыртқы сая-

сатты жүргізуге үкіметтік органдармен қатар, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар, сарапшы мамандар атсалысады. Демек, халық дипломатиясы кәсіби дипломатиямен өзара байланыста.

Парламенттік дипломатияның әлемдік аренада мемлекеттің стратегиялық мақсатын іске асыруға өз үлесін қосуына мүмкіндігі мол. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне байланысты, Қазақстан Парламентінің «ЕҚЫҰ-ның еуразиялық өлшемі» атты Парламенттік форумы өтіп, онда қауіпсіздік, толеранттық және еуразия кеңістігіндегі даму мәселелері қаралды. Қазақстан депутаттары Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының 35 жылдығына, Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясының 25 жылдығына және Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 65 жылдығына орай үлкен іс-шараларға қатысты.

Жалпы, Қазақстан Парламентінің шетелдік әріптестермен ынтымақтастығы, өзара байланысы ұлғайып, тереңдеуде. Әлемдік сахнада ҚР Парламенті бірқатар маңызды бастамаларды ұсынды. Бүгінгі Қазақстанның сыртқы саясатын жүргізуде, тұрақтылықты сақтау және күшейту, әлемдік аренада біздің елдің беделді ұстанымын бекітуде Сенат пен Мәжілістің еңбегі зор.

Қазақстан адам құқығын қорғау саласында негізгі халықаралық келісімдердің қатысушысы болып табылады. БҰҰ-ның азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар бойынша халықаралық пактілеріне қол қойды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы өткен 65 жыл аралығында барлық адамның негізгі құқықтарын, адам тұлғасының қадір-қасиеті мен құндылығын, еркектер мен әйелдердің тең құқылығын іске асыру үшін төмендегі 5 құжатты қабылдады:

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы;
2. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;
3. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;
4. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге қатысты факультативтік хаттама;
5. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге қатысты екінші факультативтік хаттама.

Бұлар Адам құқықтары туралы «Халықаралық билль» деп аталатын халықаралық актілер. 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымын құрудың басты мақсаттарының бірі бүкіл адамзат баласының жалпы құндылықтарын қорғау мен дамыту болды. Адам құқықтары адамзатқа тән қадір-қасиеттің өзекті компоненті ретінде қаралды.

БҰҰ аясында адам құқықтары туралы көптеген халықаралық-құқықтық актілер қабылданды. 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы жетекші құжатқа айналды және ол адам құқықтарын қорғау бо-

йынша барлық әрекеттерді және күш-жігерді қолдайды. Декларация халықаралық құқықтың бір бөлігі болып саналады. Оның нормалары бірқатар халықаралық шарттарда, декларацияларда, қарарларда дами түсті. Аталмыш пактілер факультативтік хаттамалармен бірге адам құқықтарына байланысты құқықтық қатынастарды реттейді. Олар азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қорғайды. Пактілер, сондай-ақ, осы құқықтарды ұлттық заңдарда бекітуді және мүше мемлекеттердің құқық қолдану тәжірибесінде іске асыруды қамтамасыз ету арқылы іс жүргізу (процессуалды) кепілдіктерін береді. Қазіргі кезде БҰҰ-ның 140-тан астам мүше мемлекеттері қос пактіні (Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт) қабылдады.

Халық мемлекеттік институттардан шынайы азаматтық қоғам орнату үшін қолайлы саяси жағдайлар жасауды, ұлтаралық ауызбірлік негізінде тең мүмкіндіктер ұйымдастыруды және бүкіл халықтың әл-ауқатының ұдайы артып отыруын талап етуге құқылы. Бұл – барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың жоспарлы түрде қызмет істеуінің негізі. Қоғамдық ауызбірлік – ұлтаралық теңдіктің кепілі, бұл – біздің лайықты өмір сүруіміз бен халықаралық сахнадағы абыройымыздың кепілі.

Тәуелсіздік жариялағаннан бастап, Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік бағдардағы мемлекет ретінде жариялап, Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен принциптерін жақтайтынын мәлімдеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында «Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен еркіндіктері Конституцияға сәйкес танылады және кепілдендіріледі, адам құқықтары мен еркіндіктері дүниеге келген әрбір адамның еншісіне жатады, олар абсолютті және ажыратылмас болып танылады» деп жазылған. Пактілерге қосылу Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа бұдан былай кірігуі мен еліміздің адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық процеске қатысуы үшін қызмет атқаратынын атап өтуге болады. Ойткені, бұл жаһандану, яғни ұлттардың тіл, мәдениет, әдет, дәстүрлерін жою заманында аса маңызды.

Қазақстан адамның негізгі құқықтары мен еркіндіктерін сақтауға және қорғауға байланысты халықаралық міндеттемелер алды. Сондай-ақ, ол адам құқықтарын қорғау жөніндегі бірқатар халықаралық конвенциялардың қатысушысы болып табылады. Оларды орындау үшін күш-жігерін салуда.

Қазақстан Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын, Халықаралық пактілерді қолдайды және адам құқықтары саласының негізін қалаушы халықаралық-құқықтық актілерге қосылу – Республиканың ұзақ мерзімді дамуының ресми саясаты, сондай-ақ ол еліміздің Конституциясында жарияланған мұраттармен сәйкес келеді.

Пакт ережелерін іске асыру үшін ҚР конституциялық және заңнамалық негізін құруда.

Республика азаматтарының Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық билльде көрсетілген құқықтарын сақтауда Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдігі (Омбудсмен) және ҚР-дың Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталығы жұмыс істейді. Сонымен қоса, Республика Президентінің жанында Адам құқықтары жөнінде комиссия бар. Оның құрамына 23 адам: депутаттар, қоғамдық ұйым басшылары, жазушылар, заңгерлер және жұртшылық өкілдері кіреді.

### *Дипломатиядағы діни факторлар*

Діндер пайда болғаннан бері, олар мемлекеттің рухани, саяси, білім беру және тәрбие салаларында белсенді жұмыс атқаруда. Көп елде дін, мешіт, шіркеу, ғибадатхана қызметкерлері мемлекеттік іспен айналысып, патша, корольдерді таққа отырғызған. Сонымен қатар, мемлекет басшылары да өз билігін жүргізу үшін дін өкілдерімен байланыста болып, дінді өзінің тағын нықтау үшін пайдаланды. Халықаралық қатынастарда және сыртқы саясат жүргізуде дін басшылары тікелей араласқан кездері тарихтан көп кездестіруге болады.

Көне Иудей және Христиан діни басшыларының биліктің басында болғаны не болмаса король, монархтардың саясатына көп ықпал еткені белгілі. Айта берсеңіз, Христиан дінінің негізін қалаушы Иса пайғамбарды Құдайға теңеп, оны патша деп жариялады. Біздің заманымыздың I ғасырында Палестинада үстемдік еткен Рим императорлары өз билігін сақтап қалу үшін жаңа пайда болған Иса пайғамбардың жақтаушыларын қудалай бастады. Оған қарамастан, христиан идеясы халық арасында және билікте отырғандардың біразына тарағандықтан, бұл дін күшейіп, соңында Рим империясының өзі христиандықты ресми дін ретінде қабылдады. Ол заманда діни қайраткерлер мен басқарушы династия мұрагерлері арасында билік үшін күрес тұрақты құбылыс болатын.

622 жылдан бастау алған Ислам діні Алла Тағаланың Расулы Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың Арабияда құрған мұсылман қауымы (үмбеті) Араб халифатының ең алғашқы түп негізі болды. 632-656 жылдардағы халифаттың астанасы Мекке, Медина қалаларында орналасты. Араб жорықтарының бірінші кезеңінде халифаттың құрамына Сирия, Палестина, Мысыр, Ирак, Иран, Кавказдың басым бөлігі кіріп, оның халықтары Исламды қабылдады. Екінші кезеңінде Омейяд халифатының тұсында (астанасы Дамаск қаласында) Солтүстік Африка, Пиреней түбегі, Орта Азия, Қазақстан және басқа Азия жерлеріне Ислам діні таралды. Одан кейін Бағдатта орналасқан Аббас халифат басшылары кезінде сыртқы саясатта Ислам діні шешуші рөл атқарды, себебі мемлекет басшылығы мен дін басшылығы бір тұлғаның қолында шоғырланды.

922 жылы Булгар хандығының астанасына Бағдат халифатының елшісі ретінде саяхатшы Ибн Фадлан бастаған делегация келді. Тарихи деректерге сүйенсек, Ибн Фадланның жазбаларында Батыс Қазақстан территориясындағы Оғыз тайпаларының діні жайында бағалы деректер кездеседі. «Шынында, олар – көпшенділер, олардың үйлері жүнінен, олар бірде тоқтайды, бірде кейіп кете береді... Олар мұсылмандыққа жақындап, «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед – оның пайғамбары» дегенін естідім», – деп жазды (Ковалевский А.П. Ибн Фадлан. Харьков, 1956). Оңтүстік Қазақстан халқы, Өзбекстан, Түрікменстан тұрғындарымен бірге Исламға кіріп, бірінші мешіт IX ғасырда Тараз қаласында салынды.

Қазақ даласында пайда болған Дешті-Қыпшақ (Алтын Орданың бір бөлігі) мемлекетінің басшысы Берке хан XIII ғасырда Ислам дінін қабылдап, бүкіл ел мұсылмандыққа кірді. XIX ғасырдағы Ресей саяхатшысы А.И. Левшин 1820-1922 жылдары қазақ жеріне келді. Оның атақты «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы» еңбегінде қазақ қоғамын сипаттай отырып: «...қазақтар исламды жақсы біледі» деп жазады. Ал, ғалым Ш. Уәлиханов оны «қазақ халқының Геродоты» деп атаған.

Алтын Орда тарихында дін мен дипломатия тығыз байланыста болды. Өзбек Мұхаммед хан (XIV ғасырда) Ислам дінін Алтын Орданың мемлекеттік діні ретінде жариялады. Сонымен қатар, христиан азаматтарымен әділ қатынаста болуға тырысып, орыс князьдары және Византиямен келіссөздер жүргізіп отырды. 1318 жылы Алтын Орданың билеушісі Өзбек ханның христиан дінінің азаматтарына әділдігі және олармен жомарт қатынасы үшін Рим папасы оған алғысын білдіреді. Дешті-Қыпшақ мемлекеті мен Мысыр Мамлүк мемлекетінің діни, дипломатиялық, саяси байланыстары туралы 1.3-тараушада толық айтылады.

Русьте бір Құдайға сыйынуды таңдау ұзақ уақытқа созылды. Орыс князінің ордасына әр мемлекеттерден елші-миссионерлер келіп, өз діндерінің дұрыстығын көрсетіп, соған қошуге шақырды. Иудаизмді (Хазар қағанатынан), Исламды (Еділ булгарларынан), православиеді (Грекия, Византиядан), католицизмді (Рим Папасынан) насихаттаушы діндарлар орыстарға келді. Сол уақытта шіркеу қызметкерлері мемлекеттегі дипломатиялық қызметтерге белсенді қатысты. Мысалы, епископ Евфимий 1149 жылы Изяслав Киевский және Юрий Долгорукийдің арасында мәмілегер болды. Үлкен діни, саяси жұмыстың нәтижесінде 988 жылы Византия империясының басшылары орыс князі Святой Владимирдің тұсында Русьті өздерінің православие дініне кіргізіп, шоқындыру арқылы көнімді саяси-діни одақтас мемлекет тапты. Сол уақыттағы Еуропадағы христиан халықтарының, мемлекеттерінің католицизм, протестанттық және православиялық болып бөлінуі, олардың бүгінгі замандағы мемлекетаралық геосаяси бағыттарын негіздеп отыр.

Еуропа елдері Батыс христиандар және Шығыс христиандар деп екіге бөлінді, мұның нәтижесі саясатта да байқалып отыр.

Мемлекеттердің сыртқы саясатында және дипломатиялық қарым-қатынастарындағы түрлі діндердің ролін христиандық Еуропа мемлекеттерінің мұсылман Таяу Шығысына жасаған Крест жорықтарынан көруге болады. Еуропа монархтары дінді бұркемелеп, бай Шығыс, Араб елдерін жаулап алуға кірісті. XIII ғасырда Рим Папасы монах Плато Карпиниді Азияға жіберді. Француз королі IX Людовик мұсылмандарға қарсы Кіші Азиядағы христиандар арасынан одақтас іздеді.

Батыс Еуропа монархтары мен діни басшылары ұйымдастырған Бірінші Крест басқыншылық жорығы 1096-1270 жылдар аралығында болды. Олар XI ғасырдың 70-жылдарында Салжұқ түрік мемлекетінің Кіші Азиядағы Палестинаны, оның ішінде Иерусалим (арабша Әл-Құдыс, Қасиетті деп аударылады) қаласын жаулап алуын сылтау етті. Византия Батыс Еуропа христиандарынан көмек сұрап, әскери жорыққа шықты. Бұл жорыққа Батыс Еуропаның ақсүйектері, рыцарьлар бастаған жәй шаруалар қатысты. Жауынгерлердің киімдерінде крест белгісі болғандықтан, оларды «крестшілер» деп атады. 1095 жылы Рим Папасы II Урбан барлық христиандар, католиктерге Иерусалим қаласында жатқан Иса пайғамбардың табытын мұсылмандардан босатамыз деген үндеу тастап, әскер жинады. Бірінші Крест жорығына 1096 жылы қатысқан әскерлер Иерусалим қаласын басып алып, үш жыл қолында ұстады. 1144 жылы түрік әскерлері Иерусалимді крестшілерден азат етті.

Екінші Крест жорығын герман императоры I Фридрих, француз королі II Филипп, ағылшын I Ричард басқарды. Мысыр сұлтаны Салах ад-Дин оларды Сирия мен Палестина жерлерінен қуып шығады. Одан кейінгі мұсылмандарға қарсы Батыс елдерінің жорықтары сәтсіздікке ұшырайды. Соңғы, сегізінші Крест жорығына Мысыр сұлтаны Бейбарыс (1217-1277 жж.) басқарған әскер тойтарыс беріп, крестшілерді Иерусалимге жібермеді, ақырында еуропалықтарды Таяу Шығыстан түгел қуып шықты. Сұлтан Бейбарыс Ислам дінін, мұсылман мемлекеттерін аман сақтап қалуда үлкен роль атқарды. Сонымен, 174 жылға созылған бұл әділетсіз, басқыншылық соғыс Шығыс елдерінің үлкен адам шығындарына және шаруашылыққа зиянын келтірді. Содан бастап әлем қарсылас христиандық Батысқа және мұсылмандық Шығысқа бөлінді. Еуропа, Азия, Африка түйіскен жері, әлемдік өркениеттің бесігі болған Таяу Шығыс пен Оңтүстік Еуропа елдерінде халықаралық саяси, діни шиеленістің негізі салынды, ал бүгінде оған қоса бұл аймақ дипломатиялық, әскери-стратегиялық, сауда-экономикалық күреске ұласты.

Тверь қаласынан шыққан орыс саудагері Афанасий Никитин (XV ғасыр) саяхатшы ретінде 4 жыл Үндістан жерінде тұрған. Оның жолы Қазан арқылы Еділ өзенімен Алтын Орда, Дешті-Қыпшақ, Астра-



хань және Иран арқылы Үндістанға жүрді. А. Никитин ондағы әр алуан халықтарының мәдениеті мен тарихы жайында, мұсылмандар мен үндістердің дәстүрлері, мұсылман елдерінің дипломатиялық байланысы жайында бай мәліметтер жинады. Мұсылман жерінде жүрген соң ол қожа Юсуф Хорасани деген бұркеме мұсылман атып пайдаланды. Ол өзінің кітапшасына діндер жайында, түрік, араб, парсы халықтары туралы жазды.

Тарих тағылымының жалғасы ретінде дін мәселесінің ішкі саясатпен қатар елдің сыртқы саясаттағы бастамаларына ерекше әсер етуін ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап көруге болады. Батыс пен Шығыс әлемі ортақ көзқарас қалыптастыруда, әлемдегі бейбітшілікті орнықтыруда діни саладағы ынтымақтастықтың қажет екенін түсінді. Соның нәтижесі ретінде, қазіргі кезеңде халықаралық қатынастарда орын алған діни басқосулардың алатын орны ерекше. Оған айқын мысал ретінде, Еуропа мемлекеттерінде өтетін Еуропа Кеңесі Халықаралық форумының «Мәдениет диалогі және дінаралық ынтымақтастық» басқосуын, ЮНЕСКО-ның жанында Дінаралық ынтымақтастық жөніндегі топтың құрылуын, 2008 жылғы Сауд Арабиясының Королі Абдалла бен Абдель Азиздің бастамасымен Испанияда «Діндер диалогі» әлемдік конференциясының өткізілуін айта кету керек. Жылда Египеттің Александрия қаласында әлем діндер басшыларының және теолог ғалымдардың апталық симпозиумы өтеді. Ресейде Дінаралық диалог жөніндегі халықаралық форум, Қазақстанда үш мәрте – 2003, 2006, 2009 жылдары өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер съездері отті. Ал осындай салиқалы конфессияаралық диалогтер планетада бейбітшілікті, халықтар арасында түсіністікті сақтауда әр түрлі діндердің қосқан үлесі, ынтымақтастығы болып табылады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сауда және тарифтер жөніндегі бас келісімнің (ГАТТ) пайда болу себептері.
2. Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) қалай құрылды?
3. Трансұлттық корпорациялардың (ТҮҚ) әлемдік саудадағы монополистік үстемдігін талдап беріңіз.
4. Жаңа халықаралық экономикалық тәртіп (ЖХЭТ) орнату бағдарламасының мазмұнын айтып беріңіз.
5. Дүниежүзілік сауда ұйымына қандай ТМД мемлекеттері мүше? Қазақстанның ДСҰ-ға кіру проблемасы қандай?

## 12-ТАРАУ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

*Бай болсаң, халыққа пайдаң тисін,  
Батыр болсаң, дұшпанға найзаң тисін.  
Бай болып, пайдаң тимесе,  
Батыр болып, найзаң тимесе,  
Жұрттан алаөтен үйің күйсін!*

*Әйтеке би*

*Менің сыртқы саясаттағы негізгі принципім –  
мемлекеттің ішінде жақсы басқару.*

*Уильям Гладстон*

Қазақстан Республикасы дипломатия қызметінің негізгі міндеті мемлекеттің тәуелсіздігін, қауіпсіздігін, территориялық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

Республиканың сыртқы саяси бағытын іске асыру, сыртқы экономикалық саясатын жүргізу, шетел инвестицияларын тарту және халықаралық сахнада елдің беделін нығайтуға жәрдемдесу де сыртқы істер ведомствосының қызметіне жатады.

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша, Қазақстан Президентінің халықаралық бастамасы және ҚР Конституциясында бекітілген сыртқы саясатты іске асыруда тәуелсіздік жылдары көп жетістіктерге қол жеткізілді. Шет мемлекеттермен достық және ынтымақтастық қарым-қатынастар арқасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттермен кең ауқымды саяси және сауда-экономикалық байланыстар орнатылды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның мамандандырылған мекемелері және басқа да халықаралық және аймақтық бірлестіктермен тығыз жұмыс істеуде.

## 12.1. Республиканың теңдестірілген сыртқы саясаты

1992 жылы 2 наурызда Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының кезектен тыс сессиясында Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне кіріп, халықаралық қауымдастықтың дербес субъектісі болып танылды. Осындай халықаралық ұйымға кіру еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің кепілі болып табылды. Сондай-ақ, ол жас мемлекеттің өз тағдырын өзі шешу құқығы мен жаһандық саяси және экономикалық үрдістерге қатысуына жол ашты. Халықаралық деңгейдегі түрлі конференциялар, кездесулер, форумдарға қатысу жас мемлекет дипломатиясының дамуына өз септігін тигізді.

1992 жылы 5 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев алғаш рет Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 46-сессиясында сөз сойледі. Ол Қазақстанның бейбітсүйгіш мемлекет ретінде БҰҰ Жарғысымен толық келісетінін айтты.

Қазақстан Президенті ең басты әлемдік қауіпсіздіктерде Азия мәселелеріне тоқталып, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) өткізу туралы ұсыныс жасады. Кеңесті шақыру идеясы Қазақстанның халықаралық бастамалары ішіндегі ең табысты әрі маңыздыларының бірі екені белгілі. АӨСШК бүгінде халықаралық қатынастардың ықпалды факторына айналып отыр және Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

Сонымен, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде халықаралық істерге араласу құқығына ие болып, Ұйымның жинақталған халықаралық зор тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік алды.

БҰҰ Қазақстанның ядролық қарусыздану және оны таратпау режимін нығайту ісіндегі тарихи үлесін жоғары бағалады. Қазақстан Президентінің жарлығымен Семейдегі ядролық сынақ полигонының жабылуын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер қызу қолдады. Қазақстан территориясында орналасқан ядролық қарулар келешекте келісімдік процестер шеңберінде жойылып, республика ядролық қарусыз мемлекет дәрежесін алды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан 130-дан астам шет мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатып, 57 елде елшілік, 19 бас консулдық және консулдықтар ашты. Біздің мемлекет көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болды және олардың тұрақты өкілдіктері Қазақстанда ашылды. 1992 жылы Қазақстан Халықаралық валюта қоры, Халықаралық қайта құру және даму банкі (Дүниежүзілік банк), Халықаралық даму ассоциациясы, Инвестицияға кепілдік беретін қолжақты агенттік, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және басқа мекемелерінің мүшесі болды.

Республиканың сыртқы саяси бағыты шекаралас мемлекеттермен, оның ішінде ТМД-мен толық сенім принциптері негізінде өзара тиімді

достық қатынасты сақтау, сондай-ақ, барлық басқа мемлекеттермен әділетті және серіктестік негізде байланыстарды кеңінен дамыту болып табылды.

1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет құруының іргетасы, оның мемлекеттігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін кепілі – жаңа Конституциясы қабылданды. Конституция бойынша, Қазақстан Республикасы – өзінің барлық азаматтарын бірдей құқықпен қамтамасыз ететін демократиялық, зайырлы және біртұтас мемлекет. Сондай-ақ, оның территориясының тұтастығы, бөлінбейтіндігі және оған сырттан қол сұғуға болмайтындығы атап көрсетілген. Республикада мемлекеттік өкімет үш биліктен құрылады: заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері.

БҰҰ-ның жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілдігі мемлекет мүддесін қорғауда бірқатар дипломатиялық әрекеттер жасады. Соның ішінде, 1997 жылы 16 желтоқсанда Бас Ассамблеяның 52-сессиясында «Қазақстанның Семей ядролық аймағындағы халықты реабилитациялау (өз қалпына келтіру) және экологиялық, экономикалық дамуы үшін халықаралық ынтымақтастық және іс-әрекеттеріне координация жасау туралы» резолюциясы қабылдапды (52/169М). Қазақстан Үкіметі Бас Хатшыға арнаған хатында Семей өңіріндегі ядролық зардаптарға байланысты экономикалық және экологиялық көмек керек екенін баяндады. Резолюция барлық мемлекеттер мен үкіметтерді, үкіметтік емес ұйымдарды осыған өз үлестерін қосуға шақырды.

Қазақстанның БҰҰ-дағы жұмысын баяндау үшін мына мәліметтерді келтіруге болады. Бас Ассамблеяның 52-сессиясында Қазақстан 26 әр алуан резолюцияның бірлескен авторы болды және халықаралық мәселелер бойынша қазақ делегациясы жиырма рет сөз сөйледі. Бас Ассамблеяның 53-сессиясында басты әлемдік экономикалық және экологиялық дағдарыс мәселелері бойынша Қазақстан өз көзқарасын білдірді. Сондай ақ, 1998 жылы Бас Ассамблея сессиясында Үндістан мен Пәкістандағы атом ядролық сынақтары талқыланды. Қазақстан өкілі еліміздегі ядролық жарылысқа деген наразылығын әлемге жеткізді.

2005 жылғы 19 қыркүйекте Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 60-сессиясының жалпы пікірталасында Қазақстан Республикасының әлемдік саясатта ұстанатын бағыты туралы баяндамасында былай деді: *«Таяуда ғана аяқталған Біріккен Ұлттар Ұйымының Саммиті біздің Ұйымымыз үшін бетбұрысты болды деп сеніммен айта аламыз. Оның нәтижелері бүкіл БҰҰ тарихында барынша түбегейлі реформалардың негізін қалады. Бұл реформалардың түпкі мақсаты – жаһандық сынның тезі мен қатерлеріне ұлттар қоғамдастығының тиімді жауап қайтаруы. Қазақстан БҰҰ-ның баламасы жоқ универсалды ұйым ретінде алдына қойған мақсаттарына жете аларына сенім білдіреді.*

*Құрметті Тораға!*

Қазақстан қазіргі заманның қиы негізгі факторы – даму, бостандық және бейбітшіліктің өзара тәуелділігін нығайтуды принципті түрде жақтайды. Бұл орайда даму мәселелері бұрынғысынанша әлемдік қоғамдастықтың басты назарында болуға тиіс. Мыңжылдық даму мақсаттарында қойылған талаптардың мүддесінен шығу әріптестік пен ынтымақтастыққа сүйену негізінде, халықаралық қоғамдастықтың белсенді араласуының арқасында ғана мүмкін.

Қазақстан Мыңжылдық даму мақсаттарына уақтылы және тиімді жету жолындағы өз міндеттемелеріне сенімді. Мыңжылдықтың даму жетістіктері туралы таяуда жарияланған елдік Есеп осы саладағы маңызды міндеттердің біздің елімізде табысты жүргізілген реформалардың нәтижесінде орындалуға жақын екендігін куәландырады.

Бүгінде Қазақстан бұрынғы Кеңестік кеңістік бойынша барлық макроэкономикалық көрсеткіштер жөнінен алда келеді. Қазақстан Үкіметі әлеуметтік саланы одан әрі дамытуға бағытталған ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруда. Мемлекеттің барлық қиы-жігерінің назарында адам түр.

Қазақстан орнықты дамудың жаңа деңгейіне шығып отыр. Ел Үкіметі кедейлікпен күреске, әйелдердің жұмыспен қамтылуына, кедей отбасыларын қаржыландыруға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, сондай-ақ ауқымды білім беру мен медициналық және экологиялық бағдарламаларды жүзеге асыруға бірінші кезекте маңыз береді.

Біз БҰҰ және оның арнайы мекемелерінің Арал маңындағы және Семей өңіріндегі экологиялық апаттардың салдарын жоюға көмек көрсетудегі қиы-жігерін жоғары бағалаймыз. Аталған өңірлердің проблемасы халықаралық сипатқа ие, өйткені экологиялық жағдай адамның өмір сүру әрекетіне жаһандық ауқымда әсер етеді. Біз халықаралық қауымдастықты белсенді ынтымақтастыққа шақырамыз. Атап айтқанда, Қазақстан авторы болып табылатын, БҰҰ Бас Ассамблеясының 60-сессиясындағы «Семей өңірінің проблемалары» жөніндегі резолюция жобасын қолдауға шақырамыз.

Дамудың ең бір маңызды факторы – халықаралық сауда. Қазақстан үшін Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру басты міндет болып табылады. Біз сауданың одан әрі ырықтануы мен ДСҰ-ға кіруді елдің дамуына арналған жалпы стратегияның негізгі элементі деп қарастырамыз.

2003 жылы Қазақстан Транзиттік тасымалдар саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша министрліктің халықаралық конференциясын өткізді. Бұл форумға зор маңыз бере отырып, біз теңізге шығатын жолы жоқ елдердің айрықша қажеттілігі ескерілуге тиіс деп білеміз.

Қазақстан мен Орталық Азиядағы басқа да мемлекеттердің әлемдік экономикаға интеграциялануы – біздің өңіріміздің әлеуметтік-

экономикалық дамуы мен жалпы әлемдік экономика үшін де маңызды. Еліміз Орталық Азия мемлекеттерімен қандай да бір саяси конъюктураны көздемей-ақ, жан-жақты ынтымақтастықты жақтайды.

**Құрметті Төраға!**

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан демилитаризация және ядролық қарусыздануға бағытталған өзінің принципті саясаты туралы мәлімдеді. Біз бұл саладағы халықаралық құралдардың универсалдануын жақтаймыз. Бұрынғы Кеңес Одағынан мұраға қалған барлық ядролық зарядтардың Қазақстан аумағынан шығарылғанына биыл 10 жыл толады. Қазақстан үлгісі қайталауға әбден лайық – әлемдегі төртінші ядролық арсенал ерікті түрде жойылды, бес жүздеу ядролық жарылыс жасалған сынақ алаңы жабылды.

Қазіргі кезеңде жаһандық қауіпсіздік жүйесі күрделі дағдарысты басынан кешіп отыр. Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа сәйкес, үстіндегі жылдың мамыр айындағы Конференцияда мүше мемлекеттер ядролық қаруды таратпаудың халықаралық режимін нығайтуға және оны толық жоюға ықпал ете алатындай теңгермелі және жалпыға бірдей тетікті жасай алмады. Саммиттің қорытынды құжатында да таратпау және қарусыздану мәселелері бойынша нақты ұсыныстардың болмауы одан сайын алаңдатады.

Біз «Ядролық қаруды таратпау туралы» шартты, сондай-ақ, бүтіндей алғанда таратпау режимін бұзатын елдерге қарсы халықаралық санкция тетігін жасап даярлау қажет деп санаймыз. Олай болмағанда, біз бүкіл әлемге ядролық қарудың таралуын тоқтата алмаймыз.

Біздің еліміз ядролық, химиялық және биологиялық материалдардың, сондай-ақ, осы өлім себетін қарудың лаңкестер қолына түсуіне жол бермеу үшін оларды өндіру технологияларына бақылау тетігін жасау мен нығайтуды жақтайды. Қазақстан МАГАТЭ-нің ерекше рөлін мойындайды, Қазақстанның бүкіл ядролық қызметі оның стандарттары және бақылауы бойынша атқарылады. Химиялық және биологиялық қаруға тыйым салу туралы Халықаралық конвенциялар шеңберінде дәл осындай тиімді органдарды құруға кіріскен жөн болар еді.

Әлемдік қоғамдастық қарудың кез келген түрінің айналымымен күрес шараларын босаңсытпауға тиіс. БҰҰ-ның бағамдауынша, бүгінде дүние жүзінде атқыш құралдар және жеңіл қарудың 500 миллион данасы айналымда жүр. Біз Бас хатшының атқыш қаруды «жаппай қырып-жоятын қарумен» салыстырған пікірімен келісеміз. Өйткені, соның салдарынан күн сайын әлемде жүздеген мың адам құрбан болуда, зорлық пен террор мәдениеті қалыптасып, адам құқықтары бұзылуда.

**Құрметті Төраға!**

Қазақстан терроризмнің қандай да болмасын түрі мен көрінісін қатаң айыптайды, бұл қазіргі заманның ең қатерлі құбылысы деп санайды.

Лаңкестіктің туындауына экономикалық және әлеуметтік артта қалушылық, кедейлік пен жоқшылық себеп болады. Сондықтан да, кедей елдердің экономикалық дамуына көмектесу – аса маңызды міндет. Лаңкестік идеологиясы да – өте күрделі мәселе. Жастарды халықаралық терроризм идеологиясына тарту үрдісі барған сайын ұлғайып барады. Терроризммен күрес бірінші кезектегі маңызды мәселеге жатады. Сондықтан террористік операцияларға адамдарды тартуға жол бермеуге жіті мән берген жөн.

Халықаралық қауымдастық Орталық Азия аумағы арқылы жүретін есірткі тасымалын жоюда жедел шаралар қолдануға тиіс. Біз Ауғанстандағы есірткі тасымалына байланысты жағдайға барынша алаңдаймыз. Қазақстан БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасымен ынтымақтастығын жоғары бағалайды.

Халықаралық терроризмге қарсы күресте өңірлік ынтымақтастықты нығайту да маңызды. Бұл арада Шанхай ынтымақтастық ұйымы лайықты мысал бола алады.

Қазақстан терроризммен күресте халықаралық ынтымақтастық халықаралық құқық нормаларына толық сай жүргізілуге тиіс деп санайды. Біз антитеррорлық уағдаластық тетіктерін одан әрі универсалдандыру және жетілдіруді қолдаймыз. Бұл ұстанымның нақты қуатталуының бір белгісі Қазақстанның «Ядролық терроризм актілерімен күресу» халықаралық конвенциясына қол қоюы болып табылды. Біз, сондай-ақ, халықаралық терроризм туралы жалпыға бірдей конвенция арқылы жұмыстың жылдам аяқталуын күтеміз. Халықаралық қоғамдастықтың антитеррорлық іс-қимылдарының басты элементі – осы зұлымдықты тоқтатуға бағытталған бірлескен нақты шаралар болып табылды.

**Құрметті Тораға!**

БҰҰ-ның аясындағы халықаралық бітімгершілік операциялары дағдарыстардың алдын алу мен реттеуде, сондай-ақ жаһандық және өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етуде тиімді құрал ретінде қалып отыр. Бітімгершілік саласында күйреткіш жанжалдардың пайда болу себебін болдырмайтын жалпыға бірдей және тиімді тетіктің жоқтығы үлкен проблемаға айналды. Алдын алу шаралары мен жанжалдан кейінгі бейбіт құрылыс пайда болған дағдарыстық жағдайларға БҰҰ-ның кешенді жауап қайтаруының маңызды элементтері болып табылды.

Қазақстан Бейбітшілікті құру комиссиясын жасау – дұрыс бағыттағы қадам деп санайды. Комиссияның басты міндеті бейбіт құрылыс стратегиясының болмауынан туындайтын ішкі жанжалдардың ұлғаюына және мемлекеттердің егеменді қызметін тиімді және жауапты түрде орындау қабілетін жоғалту жағдайына жол бермеу болуы керек.

Біздің еліміз Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨШК) мәселелері бойынша белсенді жұмыс жүргізіп

келеді. Бұл Азия өңірінде қауіпсіздік проблемалары бойынша пікір алмасу үшін маңызды және пайдалы форум деп санаймыз. АӨСШК-нің қанаты қатайып, қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың салмақты факторына айналуы қуанышты.

*Құрметті Төраға!*

Қазақстан қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда заң үстемдігі принципіне жетекші рөл берілуге тиіс деп есептейді. Өйткені, бұл принципке мән бермеу жаһандық қауіпсіздікке қатер төндіретін факторлардың біріне жатады.

Қазақстан БҰҰ-ның халықаралық шарттарына қосылу мен олардың ережелерін орындау жұмысын жүйелі жүргізе отырып, ұлттық және халықаралық деңгейде заң үстемдігі принципін мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз етуде.

Біздің еліміздің дамуы әрбір адамның құқығы мен бостандығын құрметтеуге негізделген демократиялық қоғам құрумен тығыз байланысты. Қазақстан мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау және егемендік теңдік принципі негізінде азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз етуге бағытталған БҰҰ-ның демократиялық институттарды нығайту идеясы мен құқық қорғау тетіктерін қолдайды.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымын, оның басты органдарын қамтитын, жан-жақты реформалау бойынша күш-жігерді қолдайды. Біздің ойымызша, ең негізгі назарды басты кеңес, нұсқау беретін және өкілетті орган ретінде Бас Ассамблеяға аудару қажет.

Қауіпсіздік Кеңесін реформалау сынды күрделі сұрақ кең көлемді халықаралық келісім негізінде шешілуі тиіс. Біз Қауіпсіздік Кеңесін әділ географиялық уәкілеттік негізінде, мемлекеттердің әлемдік экономикаға және халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесін ескере отырып шешу, көптеген елдердің мүддесіне сай келіп, БҰҰ-ның жалпыны қамтыған реформаларын жүзеге асыруға ықпал етеріне сенімдіміз.

БҰҰ ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне үлес қосатын өңірлік ұйымдармен ықпалдастығын жетілдіруге тиіс. Қазақстан Бас хатшылық жанынан өңірлік ынтымақтастықты үйлестіруші қызметін атқаратын, тұрақты жұмыс істейтін орган құру жөнінде бірнеше мәрте ұсыныс жасаған болатын. Осыған орай, біз Өңірлік ұйымдардың тұрақты комитетінің құрылуын қолдаймыз.

Қазақстан ХХІ ғасырдағы бейбітшілік пен қауіпсіздік әр түрлі діндер, мәдениеттер және өркениеттердегі халықтар арасындағы ықпалдастыққа тәуелді екеніне сенімді. Қазақстан конфессияаралық диалогті дамыту бастамасын қолдағаны үшін әлемдік қауымдастыққа алғысын білдіреді. БҰҰ Қазақстанның бұл саладағы жағымды рөлін Бас Ассамблеяның тиісті резолюция қабылдауы арқылы атап өтті.



### *Құрметті Төраға!*

Өткен 60 жыл Біріккен Ұлттар Ұйымы біздің елдер мен халықтар арасын байланыстыруға қызмет етіп келеді, болашақта да солай болатынына мен сенімдімін. БҰҰ біздің планетамызды тәртіпсіздік пен ойран ордасына айналдыруға жол бермейді. Бұл байланысты нығайтуға біздің күшіміз жетеді. Қазақстан Саммитінің қорытынды құжаттарында көрсетілген уағдаластықтар қазіргі сынақтар мен қатерлер алдында халықтардың шынайы бірігу ісіне қызмет ететіндігіне, қауіпсіздікті, әлем халықтарының өркендеуі мен лайықты өмірін қамтамасыз етеріне, сондай-ақ, осы абыройлы мақсаттарға жету үшін Ұйымның өзін нығайтатынына сенім білдіреді.

*Құрметті Төраға, Сізге алысымды білдіремін».*

Бұл баяндаманы жалғыз Сыртқы істер министрлігінің пікірі емес, Республика Президенті, Үкіметі ұстанып отырған сыртқы саясаттың тұжырымдамасы негізінде жүргізіліп отырған Қазақстанның сыртқы саясатының ұстанымы деп түсіну керек.

2009 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясында бүкіл әлемді толғандыратын төмендегі мәселелер күн тәртібінде қаралды:

- халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау;
- БҰҰ-ның резолюциялары мен шешімдеріне сәйкес экономиканың өсуі мен оның тұрақты дамуына қолғабыс көрсету;
- Африканы дамыту;
- адам құқығын қолдау;
- гуманитарлық көмек көрсетуде нәтижелі координация жасау;
- сот әділдігі мен халықаралық құқықты дамыту;
- қарусыздандыру;
- нашақорлықты бақылау, қылмысты алдын ала ескерту және халықаралық терроризмнің барлық формалары мен олардың әрекеттерін болдырмау.

Сессияның күн тәртібінде Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау туралы пунктінде «Таяу Шығыстағы жағдай», «Палестина мәселесі», «Ауғанстандағы жағдай», «Әзірбайжанның оккупацияланған территориясындағы жағдай», «Америка Құрама Штаттарының Кубаға қарсы енгізген экономикалық, сауда және қаржылық блокадасын тоқтату қажеттігі» және басқа да халықаралық қауымдастықты елеңдетіп отырған өзекті проблемалар қарастырылды.

Жоғарыда айтылған және әлемдік мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының ұстанымын ҚР Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қ. Саудабаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясында былай деп баяндады: «Қазақстан 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның төрағасы ретінде Ұйымның негізгі басымдығы болып табылатын Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға күшін жұмылдырмақ.

Ядролық қарудың таратылуы, оның террористік ұйымдармен иемденуі адамзатқа төнген үлкен қауіптердің бірі болып қала бермек.

Ядролық сынақтардың зиянын өз басынан кешкен, әлемдегі екінші ядролық сынақ полигонын, әлемдегі төртінші ракета-ядролық арсеналынан бас тартқан мемлекет ретінде Қазақстан қарусыздандыру мәселесінде батыл қадам жасауды талап етуге және жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимін тұбегейлі күшейтуін қатал талап етуге толық моральдық құқығы бар.

Бас Ассамблеяның назарын Қазақстан Президентінің 29 тамыздағы «Халықаралық бейбітшілік үшін, ядролық қарудан бос бейбітшілік күні» ретінде белгілеу ұсынысына аударғым келеді. Бұл дата біз үшін ерекше болып табылады. Бұл күні 1949 жылы Кеңес Одағы Семей полигонында ядролық қаруға бірінші сынақ өткізсе, 1991 жылы дәл сол күні полигон біздің Мемлекет басшысының шешімімен мәңгілікке жабылған болатын. Бас Ассамблея осы бастаманы қолдайды деп сенеміз.

2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, 2011 жылы Ислам Конференциясы Ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің төрағасы ретінде, Қазақстан түрлі мәдениеттер мен оркениеттер арасындағы сындарлы өзара ықпалдастықты нығайтуға бар күшін салмақ. Оның бір айаағы ретінде, Қазақстанның 2003 жылдан бері БҰҰ тарапынан қолдау тапқан 3 рет өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін атап өту қажет.

Қазақстанның бастамасы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-сессиясында 2010 жылды Халықаралық мәдениеттер жақындасуының жылы ретінде жариялау туралы резолюция қабылданды».

Қазақстанның 29 тамызды «Халықаралық бейбітшілік үшін, ядролық қарудан бос бейбітшілік күні» деп жариялау ұсынысы БҰҰ Бас Ассамблеясында жан-жақты талқыланып, оған өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде, 2009 жылы 30 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы 29 тамызды «Ядролық қаруды сынауға қарсы іс-қимылдардың халықаралық күні» деп жариялау жөнінде басқа резолюция қабылдады.

2008 жылғы 19-20 қарашада Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқасында Президент Н. Назарбаев сөз сөйледі. Әлемдегі қазіргі ахуалдың күрделілігіне қарамастан, Қазақстан Республикасы сыртқы әсерлерге сенімді әрі лайықты жауап беріп келе жатқанын атап өтті. Әр алуан бағыттардағы дипломатиялық белсенділік арқасында біздің еліміз жаһандық үдерістердің толыққанды және белсенді қатысушысына айналды. Сонымен қатар, Н. Назарбаев қазіргі заманғы жағдайда ұстанымдарды, мақсаттар мен оларға жетудің мүмкін болатын құралдарын ашық айқындау негізінде сыртқы саясат қызметін елеулі жандандыру қажеттігін атап өтті.

2009 жылы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан сыртқы саясатының жаңа Тұжырымдамасын әзірледі. Құжатта әлемдегі қазіргі ахуалға терең талдау жасалып, маңызды халықаралық проблемалар бойынша

біздің еліміздің ұстанымдары, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының жаһандық және өңірлік істердегі сыртқы саясат мүдделері мен ролі нақты белгіленген. Сыртқы саясаттың басымды бағыттары тиімді және өзара ұтымды өріптестіктің жаңа мазмұнымен толықтырылды.

Басымдықтар ретінде Ресейді, Қытайды, АҚШ-ты, Орталық Азияны, Еуропалық Одақ пен Парсы шығанағы мемлекеттерін атады. Сонымен қатар, Жапония, Үндістан, Египетпен, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу және Орта Шығыс, Латын Америкасының іргелі мемлекеттерімен өріптестік қатынастарын дамыту Қазақстанның басты назарында қала береді. Республика сыртқы саясатының алдына ТМД мемлекеттерімен және Орталық Азиядағы интеграцияны кеңейту міндеті қойылып отыр. Өлемдік қаржы, экономикалық дағдарыс кезінде елдің экономикасының тұрақты дамуы үшін Үкімет арнайы дағдарыстан өту бағдарламасын қабылдады. Кеңес Одағы құрамынан шыққан мемлекеттердің ішінде Қазақстан бірінші болып 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету қарсаңында 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, Батыс пен Шығыс арасында Қазақстанның саяси-мәдени көпір болуын қамтамасыз ету туралы тағы бір бастаманы іске асырудың бірегей мүмкіндігі жасалмақшы.

Республиканың Сыртқы саясаты тұжырымдамасына сәйкес, Еуропа елдерімен жаң-жақты ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның стратегиялық мүддесін білдіреді. Қазіргі уақытта Еуропа елдерімен екіжақты қарым-қатынастардағы технологиялық, энергетикалық, сауда және көліктік ынтымақтастық өлеуеті толық іске асырылмауда.

Еуропалық Одақ елдері тұтас алғанда Орталық Азия мемлекеттерімен, атап айтқанда, Қазақстанмен ынтымақтастыққа да айрықша назар аударатынын ескеру қажет. Олардың ортақ ұстанымы 2007 жылғы маусымда Еуроодақтың саммитінде қабылданған «ЕО және Орталық Азия: өріптестіктің жаңа стратегиясы» атты құжатта көрсетілген. Еуропалық Одақтың ішкі құжаты болып табылатын Стратегия ЕО-ның Орталық Азиямен және Қазақстанмен өзара іс-қимылының маңызды бағыттарын қамтиды.

«Еуропаға жол» бағдарламада аталған елдердің ЕО мемлекеттерімен және еуропалық құрылымдармен ынтымақтастығын дамытудың оң тәжірибесін ескере отырып әзірленген. Оны іске асыру Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі принципі – тепе-теңдік және прагматизм қағидатын дамытуға жәрдемдеседі.

«Еуропаға жол» бағдарламасы Қазақстанның еуропалық елдермен экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, технологиялар мен басқару тәжірибесін алуға, ішкі заңнаманы жетілдіруге, ЕҚЫҰ-дағы төрағалықтың негізгі бағыттарын әзірлеуге арналған. Қазақстанның экономикалық реформаларды жүзеге асыру саласында бірнеше жетістіктері бар.

Мәдениеттердің, діндер мен өркениеттердің диалогі саласындағы көпжақты ынтымақтастық Қазақстанның сыртқы саясатында елеулі орын алып отыр. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съездерін өткізу халықтар арасындағы өзара түсіністікті кеңейтуге үлес қосып отыр. Астанада 2003 және 2006 жылдары Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екі съезі өтті. Егер 2003 жылғы съезге әр түрлі діни конфессиялардан 17 делегация келген болса, II съезге 29 делегация қатысты. Сондай-ақ, бұл іс-шараға діни конфессиялар лидерлері ғана емес, Еуропа мен Азия елдерінің саяси қайраткерлері, ғалымдары мен сарапшылары келді. Дінаралық диалогке қатысушылар ауқымын кеңейту және оның мәртебесін арттыру мақсатында белсенді жұмыс жүргізілуде.

Съездердің мақсаты – адамзат баласының рухани, саяси, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан өзекті проблемаларын шешу үшін әлемдік діндердің қолындағы үлкен мүмкіншіліктер мен қорларды пайдалану қажеттілігін көрсету. Ұлтаралық және дінаралық келісімнің моделі Қазақстанның кемсітушілікпен күрес, өзара құрмет пен түсіністікті ынталандырудың жалпы әлемдік үдерісіне қосқан үлесі ретінде тек республика аумағында ғана емес, бүкіл әлемдік қоғамдастыққа таралуда.

2009 жылғы 1-2 шілдеде Астана қаласында осымен үшінші рет Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезі өтті. Әлемнің 35 елінен дінбасылары мен арнайы шақырылған құрметті меймандардың діни-рухани бағыттағы басқосулары оның тиімділігі мен қажеттілігін ұғынудың айғағы болып отыр.

Дінаралық түсіністік, терроризм мен экстремизмнен арылу, өркениеттер және діндер үнқатысуын тұрақты дамыту сияқты күн тәртібіндегі бұрыннан бар мәселелермен қатар, атақты дін жетекшілері мен интеллектуал ғалымдар тұтас планеталық өркениеттік бағытына қатысты, яғни келешек ғасырларға жетелейтін проблемаларды іздестіруі осы форумның бұрынғылардан өзгешелігі болды.

Қазақстанның мәдениеттер арасындағы диалогті дамыту туралы жасаған ұсынысы 2007 жылы желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен бірауыздан қолдау тапты. Қазақстанның бастамасымен 2010 жыл Мәдениеттер жақындасушының халықаралық жылы болып жарияланды.

2008 жылғы қазанда Астанада өткен Батыс және мұсылман әлемінің бірқатар мемлекеттерінің сыртқы саясат ведомстволарының басшылары қатысқан «Ортақ әлем: әралуандылық арқылы – прогреске» атты Сыртқы істер министрлерінің Конференциясы мұндай диалог алаңының қажеттігін көрсетті. Жоғары деңгейдегі саяси диалогті жалғастыру үшін Форум «Астана декларациясын» қабылдады. Қазақстанның сыртқы саясатын тепе-тең ұстау және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жандандыруды қолдау тұрғысында Министрлік Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Ислам Конференциясы Ұйымы

аясында ынтымақтастықты дамытуды жалғастырмақ. Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымының Министрлік конференциясына төрағалық етуі 2011 жылға жоспарлануда.

Өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тетіктерін одан әрі нығайтуда 2010 жылы Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің кезекті Саммиті Түркияда өтеді.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және Орталық Азия аймағы елдері арасында алғаш болып беделді еуропалық ұйым - Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымға төрағалық етті. Соның арқасында Республика халықаралық аренада танымалдыққа, құрметке ие болуда.

11 жылдық үзілістен кейін ЕҚЫҰ Саммитінің Астанада өткізілуін Қазақстан төрағалығының басты нәтижесі ретінде айта кеткен жөн. Оған 56 мүше-мемлекеттердің делегациясы, халықаралық және үкіметтік емес құрылымдардың өкілдері жиналды. Астана Саммитіне 38 мемлекет және үкімет басшылары, 1 вице-президент, 7 үкімет басшысының орынбасарлары және 14 министр қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ЕҚЫҰ-ның Саммитінде сөйлеген сөзінде: «Біздің халқымыз «қырғиқабақ соғыстың» қатал салқынын өз басынан кешті. Бұл, ең алдымен – Семей ядролық полигоны. Оны жабу туралы менің Жарлығым және ядролық қарудан бас тарту жалпыеуропалық үдеріске Қазақстан қосқан бірінші кезектегі үлес болды.

Бүгін біз, сондай-ақ, ЕҚЫҰ бойынша өріптестерімізді Жалпыға ортақ ядролық қарусыз әлем декларациясын қабылдау туралы біздің бастамамызға қолдау білдіруге шақырамыз.

Бүгін Еуразияның жүрегінде, байырғы қазақ жерінде мыңжылдықтар бойы адамзат тарихын жасаған ұлы халықтардың ұнқатысуы басталды. Саммитке ұсынылып отырған Астана декларациясы мен Ис-жоспарының жобалары Ұйымның барлық мүшелері тарапынан қолдау табады деп сенемін. Бұл біздің халықтарымыздың қауіпсіздігі мен гүлденуіне қосылған үлкен үлес болар еді. Алып Еуразия құрлығын сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік сынды жалпы құндылықтарға негізделген ортақ кеңістікке айналдыру өз қолымызда», – деді.

ЕҚЫҰ-ға төрағалық барысында Қазақстан Республикасы бөлінбес және жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолымен Хельсинки рухын қалпына келтіруге өз үлесін қосты. Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру Қазақстан төрағалығының маңызды басымдылығы болды. Экономикалардың өзара тиімді ықпалдасуы Ауғанстан мен Орталық Азия өңірінің мемлекеттері тап болып отырған қауіптерге қарсы тұрақтылық пен тыныштықтың кепіліне айналуы тиіс.

ЕҚЫҰ Саммитінің пленарлық отырысында АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон: «Жалпы, ЕҚЫҰ-ның кез келген өңіріндегі тұрақсыздықтың орын алуы біздің барлығымыз үшін қатер бо-

лып табылады. Алайда, бүгін сөз сойлегендердің айтуларына қарағанда, өңірлік дағдарыстар мен трансұлттық қауіптер біздің халықтарымызға әлі де қатерлер төндіруін одан сайын жалғастырып келеді. Қайсыбір жерлерде демократия қысым аясында қалып отыр, ал ұзаққа жалғасқан жанжалдар әлі де шешімін тапқан емес. Дәл сондықтан да, біз ЕҚЫҰ қызметі үшін маңызды кезеңде бас қосып отырымыз», – деді.

Саммиттің пленарлық отырысында БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун: «Алайда, қатерлер әлі де баршылық. Бұл ретте мен ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттер қызметіне ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің жаппай қырып-жою қаруларын таратпау мәселелері жөніндегі 15/40 қарарын орындауға қатысты ағымдағы ынтымақтастықты қолдаймын. Сонымен қатар, жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпауда Ядролық сынақтарға тыйым салу туралы келісімнің маңызы зор. Бұл ретте мен бірнеше мәрте барлық елдерді, оның ішінде келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекеттерді құжатты ратификациялауға шақырған едім» – деп атап өтті.

Астана саммиті Ыстанбұл саммитінен кейінгі 11 жыл үзілістен кейін жоғары деңгейдегі кездесулер өткізу дәстүрін жалғастырды. Астанада Еуроатлантикалық, Еуразиялық қауымдастығының бірегей және болшектенбейтін қауіпсіздігін қалыптастыру идеясы айтылды. Саммит алғаш рет көп жағдайда Хельсинки қорытынды актісінің ережелері мен қағидаттары арқасында тәуелсіз болған қазақ мемлекетінде өтті. Қазақстанның ЕҚЫҰ Саммитіндегі табысты төрағалығы біздің еліміз үшін халықаралық қауымдастықтың жауапты, құрметті мүшесі ретінде өз қабілетін танытуына мүмкіндік берді.

Саммит қорытындысында Астана декларациясы қабылданды. Бұл құжатқа қол қою арқылы ЕҚЫҰ-ның барлық қатысушылары бірлестіктің қағидаттары мен стандарттарына адалдығын көрсетті.

### **ЕҚЫҰ Саммитінің Астана декларация баптарынан үзінділер:**

« 3. ... Өз қауіпсіздігін нығайту кезінде ұйымның мүше-елдері басқа мүше-мемлекеттердің қауіпсіздігіне зиян келтірмеуіне міндеттеме алады. ЕҚЫҰ кеңістігінде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде ЕҚЫҰ-дің еш мемлекетіне немесе мемлекеттер тобына немесе ұйымға артықша жауапкершілік берілмейді және еш мемлекет немесе мемлекеттер тобы немесе ұйым ЕҚЫҰ территориясының қай бір бөлігін өз ықпалының сферасы деп есептей алмайды.

6. ... Адам құқығын толық қамтамасыз етуде, негізгі бостандықтар, демократия, еркін және әділетті сайлау және заңның үстемділігін сақтауды қоса, азаматтық қоғам және еркін БАҚ-тың өзекті рөлін біз бағалаймыз.

7. ... БҰҰ Жарғысы және Хельсинки қорытынды актісінде белгіленген халықаралық құқық нормалары мен принциптерін сақтап, көпшілік қабылдаған формат шеңберінде ЕҚЫҰ территориясындағы бар қақтығыстарды бейбіт келіссөз жолымен шешу жұмыстарын күшейту керек. Жаңа дағдарыстар пайда болуының алдын алу керек.

12. ЕҚЫҰ-ның жаңа төрағасына, Корфу процесі мен Астана Саммитіне даярлық шеңберінде мүше-елдердің жасаған идеялары мен ұсыныстарын ескере отырып, қабылдаған формат шеңберінде осы шешімдердің қорытындысына сәйкес, келешек жұмысын ұйымдастыру тапсырылды. Ұйымға мүше-елдер Қазақстан төрағалық еткен уақыттағы жұмыс негізінде келесі төрағаға нақты іс жоспарын даярлауда барлық күшімен жәрдем беруге уәде берді. Қол жеткен прогресс келесі ЕҚЫҰ министрлер кеңесінде 2011 жылғы 6-7 желтоқсанда Вильнюс қаласында қаралады.

13. Біздің кездесуімізді өткізгені үшін және 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның төрағасы ретінде күрделі мәселелерді атқаруда күш-жігерін салғаны үшін біз Қазақстанға үлкен алғысымызды білдіреміз. Біз 2011 жылы Литваның ЕҚЫҰ-да төрағалығын, 2012 жылы Ирландияның және 2013 жылы Украинаның төрағалығын құптаймыз».

Республика тәуелсіздік жылдары сыртқы саяси жетістіктерімен қатар, мемлекет ішіндегі тұрақтылықты сақтап, соның арқасында экономиканың айтарлықтай өсуіне қол жеткізді. 2008 жылдың соңында еліміздің жалпы резерві, Ұлттық қорды есепке алғанда, 47 млрд. долларды құрады, жан басына шаққандағы Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) осыдан он жыл бұрынғы 400 доллармен салыстырғанда 7 мың доллар шамасына жетті. Бүгінде 70 миллиард долларға жуық тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. Қазақстанның өзі де шетелге 4,5 млрд. доллар инвестиция салып, белсенді инвесторға айналды. Қаржы дағдарысына қарамастан, энергетикалық сектор мемлекеттің басты экономикалық бренді болып қалуда. Республика өзінің инвестициялық тартымдылығын сақтап қалды.

## 12.2. Қазақстанның мемлекеттік шекарасы

### *Қазақстан шекарасының қалыптасу тарихы*

XV ғасырдың басында Қазақ хандығына кірген барлық ұлыстар бір қазақ халқып құрды және олардың мекендеген жерлері түгелдей дерлік жаңа мемлекеттің территориясы болды. XVI-XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, оның шекарасы қазақтардың этникалық территориясының едәуір бөлігін қамтыды. Орта Азия, Иран, Еділ бойы елдерімен, Ресеймен сауда және дипломатиялық байланыстар жасалды.

Қазақ хандығы сол замандағы халықаралық қатынастарға бірте-бірте тартылды. XVI-XVII ғасырларда қазақ хандығы және жекелеген ұлыстардың шекаралары хандар мен сұлтандардың әскери жеңістеріне немесе сыртқы саяси жағдайға, аймақтағы ұлы державалардың жүргізген геосаясатына байланысты жиі өзгеріп отырды. Есім ханның тұсында Сырдария бойындағы қалалар қазақ хандығының құрамына қосылды.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ шекарасының қалыптасуына сол кезеңде Орта Азияда болған саяси жағдайлар, әсіресе Қазақстан мен Қытай, Қазақстан мен Жоңғария, Жоңғария мен Циндік Қытай арасындағы соғыстар, сондай-ақ, көпжақты қарым-қатынастар ықпалын тигізді. Осы мемлекеттердің бір-бірімен арақатынасында маңызды мәселелердің бірі – территория, яғни мемлекеттердің бір-бірімен түйсетін шекаралары болды.

1757 жылы Қытай әскері Жоңғарияны талқандағаннан кейін, бірқатар қазақ жерлері Циндік Қытайдың құрамына отіп кетті. Қытай империясы жоңғарлардың кезінде қазақтардан тартып алған Ұлы және Орта жүздердің жерлерін жоңғарлардың жері есебінде қабылдады. Осылайша, Қытай әскері мен Абылай хан жасақтарының арасындағы әскери қақтығыстардан кейін екі мемлекет арасында қарым-қатынастар мен келіссөздер жүргізіле бастады.

Орыс мемлекеті XVIII ғасырдың басында нығая түсті. Бұл құбылыс аталған мемлекетте Шығыс елдерімен экономикалық байланыстарды дамытудың кілті мен қақпасы болған қазақ хандықтарын жаулап алу ниетін тудырды. Сыртқы саяси қауіп қазақ халқын күйзелтіп, қайғы-қасіретке ұшыратты. Жоңғарбасқыншыларының жалпы өмірсүрулеріне қатер төндірген үздіксіз шапқыншылықтары Ресейден көмек сұрауына, ал кейіннен Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуына негіз болды.

XV ғасырға дейін Ресейдің шығыс шебі төменгі Еділ өзеніне дейін созылып жатты. Орыстардың әскері Орал тауынан Сібірге өлі асқан жоқ болатын, қазіргі Орынбор облысы қазақтың жері еді. Орта Азияға еіп, Үндістан мен Қытайға жол ашу үшін Ресейге ең алдымен Еділ-Жайықтың шығыс жағындағы қазақ даласын басып алу керек болды. Азияға кіру екі бағытта: батыста Каспий теңізінің жағалауы, шығыста – Ертіс өзені арқылы жүргізілді. Бұл жөнінде I Петр патша: «Қырғыз-қазақ даласы – Орта Азияның кілті, сондықтан да Ресей қазақ хандығын өз қол астына алу керек», – деген (Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. – Алма-Ата: Наука, 1988. – С.134).

XIX ғасырда Қазақстанның солтүстігі, Орта жүз территориясы Ресей әскери өкімшілігінің қол астына өтті. XIX ғасырдың екінші жартысында орыс әскерлері Жетісу өңірін басып алды. Соның нәтижесінде, 1854 жылы Верный әскери бекінісі салынып, Қазақстанның оңтүстігі де Ресей қарамағына кірді. 1864 жылы Ресей әскері Оңтүстік Қазақстанды жаулап алып, Өзбекстанның (бұрынғы Қоқан хандығы) шекарасына шықты. Осылай, 133 жылға (1731-1864 жж.) созылған Ресейдің қазақ жерін толық оккупациялауы аяқталып, Орта Азия елдерінің шекаралары өзгерді.

Орыстар жаулап алған қазақ жерлері Ресейді Циндік Қытайдың шекарасына алып келді, бұл бірқатар мемлекетаралық мәселелерді, атап айтқанда, орыс-қытай шекаралық, сауда қатынастарын және Орта



Азиядағы орыс-қытай мемлекеттік-территориялық шектесуінде талас тудырды. Қытай мен Ресей арасында Орта Азияда шекара сызығын жүргізу жөніндегі бірінші ресми құжат – 1860 жылғы 2 қарашадағы Пекин келісімі болды. Бұл кейін, 1864 жылы Шәуешек хаттамасымен толықтырылды.

Пекин келісімінің 2-бабы бойынша, шекаралық сызық Енисей өзенінің бастауынан, Томск және Енисей генерал-губернаторлықтарының шекарасынан Зайсан көліне дейін, одан Жоңғар Алатауына қарай, Іле өзенін кесіп отып, Тянь-Шаньнан Қоқан иеліктеріне дейін созылады (Сборник договоров России с другими государствами. 1856-1917. – М.).

1879 жылғы 20 қыркүйекте Ресей мен Қытай арасындағы Ливадия келісіміне қол қойылған соң, оның 1-бабы бойынша Ресей Іле өңірін Қытайға қайтып берді. Ал, осы келісімнің 3-бабы бойынша Іленің Ресей құрамына кірген территориясында тұратын халық бірден Ресей тұрғындары болып шыға келді. Сөйтіп, қазақ жері оккупация кезінде Батыс пен Шығыстағы екі империяның саудасына түсті. Халықта: «Көршіні таңдап алмайды, оны Алла тағала белгілейді» деген нақыл сөз бар. Абылай хан ең алдымен Ресей, Қытай, Хиуа және Бұқармен тату коршілік қатынастар орнатуға ұмтылды.

Ресей империясының құрамына Орталық Азия елдері кіргеннен кейін, аймақтағы саяси-әкімшілік карта бірнеше рет өзгерді. 1920 жылы Ресей Федерациясы құрамында Қырғыз (Қазақ) Автономиялық республикасы құрылды. Астанасы Орынбор еді. Ал, 1924 жылғы Орталық Азиядағы ұлттық-территориалдық бөліну кезінде Кеңес республикаларымен шекаралар этникалық, экономикалық, әкімшілік факторлар бойынша орнатылды. Оңтүстіктегі бес облыс: Талдықорған, Алматы, Өулиеата, Шымкент және Ақмешіт Қазақ Республикасының құрамына кірді.

Кеңес Одағы құрамындағы 15 республика арасында шын мәнінде мемлекеттік шекара белгіленбей, Кремльдің шешімі бойынша әкімшілік шекара деп белгіледі. Өзбек КСР-і мен Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы, оның сипаттамасы екі республиканың және КСРОның Жоғарғы Кеңестерінің Жарлықтарымен ресімделген. Қырғыз КСР-і және Түрікмен КСР-імен арадағы шекаралар Бүкілодақтық Атқару Комитетінің 1930 жылғы, 1932 жылғы қаулыларында жалпы сипатталған. Қазақ ССР-інің РСФСР-мен толық шекарасының анықтамасы болған жоқ, Қазақстан – Ресей шекарасының бар болғаны екі учаскесі ғана КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлықтарымен бекітілген болатын. Көп жер ашық далада болғандықтан, шекара белгілері қойылмады. Алайда, барлық одақтас республикалардың территориялары картаға түсіріліп, Кеңес Одағының заңдарымен белгіленген.

Қазақ халқы ғасырлар бойы күресіп, армандап өткен тәуелсіздікке қол жеткізген уақытта мемлекет тұғырының беріктігі мен мызғымастығы болып табылатын мемлекеттік шекарашың тұтастығы айрықша маңызды. 1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы Декларациясы

қабылданып, онда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Бұл құжатта ТМД-ға қатысушы барлық мемлекеттердің бір-бірінің территориялық тұтастығы мен КСРО ыдыраған уақытта қалыптасқан қазіргі шекарасын танытындығы әрі құрметтейтіндігі туралы бап бар. Декларацияға сәйкес, Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны делимитациялау кезінде құқықтық негіз ретінде КСРО мен одақтас республикалардың заңдық актілері; КСРО Мемлекеттік геодезиялық қадағалаудың аумақтық инспекциясының кезекші карталары; жерді пайдалану мен орман шаруашылығын жүргізудің материалдары басшылыққа алынды. ТМД-ға мүше мемлекеттер шекараларының негізі ретінде одақтас республикалар арасында нақты қалыптасқан әкімшілік-аумақтық шекара танылды.

Тәуелсіз мемлекеттер үшін өз мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау мәселелерін шешу, мемлекеттік территорияның бүтіндігін сақтау және шекараларды белгілеу аса маңызды іс болды. Бақылаусыз шекара – заңсыз миграция, қару-жарақ пен есірткі айналымының есігі болып табылады. Осы аталған заңсыз айналымдар тек бір ғана мемлекет үшін емес, әлем қауымдастығына да қауіпті. Шекараларды делимитациялау мәселелері қашанда мемлекетаралық қатынастардың жалпы мағынасында ерекше мәнге ие болған. Бұл мәселе әр мемлекет үшін саяси тәуелсіздікті және әлемдік қауымдастықпен де-юре және де-факто жүйелерін мойындағаннан кейін басты орында тұрады.

Кез келген мемлекет, ең алдымен, мемлекеттік шекарадан басталатыны белгілі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік егемендікті бекітуде алғашқы болып көршілес елдермен байланысып жатқан шекараны заңдастыру мәселесі туындады. Шекара мәселесін толығымен шешпейінше, кез келген көршілес ел шекара дауларын тудырады. Одақ құрамынан шыққан республикалар өз мемлекеттік шекараларын оған қатысты барлық белгілермен, яғни тексеру-өткізу пункттері, шекара әскері, кеден, карантин қызметтерімен жабдықтауда.

Қазіргі уақытта қазақ дипломатиясы халықаралық келісімдер орнату арқылы мемлекеттік шекараны заңдастыруда. Шекараларды заңдастыру – қоршаған әлемнен бөліну емес, керісінше, бұл көршілермен көпжақты ынтымақтастықты реттейді және күшейтеді. «Жақын көрші алыстағы ағайыннан артық» демекші, қазақ дипломатиясы осындай қағидаларды ұстанады.

КСРО ыдырағаннан кейін оның әкімшілік шекарасын көрші республикалармен қандай күйде болса, сол күйінде өзгеріссіз қалдыру проблемалары туындады. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін өз территориясын, көрші елдермен шектесетін мемлекеттік шекараларын анықтауға кірісті.

1988 жылы қазан айында кеңес-қытай шекарасының батыс бөлігі бойынша Мәскеуде Кеңес Одағы мен Қытайдың бірлескен үшінші пленарлық отырысы өтті. Ол кезде Қытаймен шекаралас төрт кеңестік республика: РСФСР, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан Кеңес Одағының құрамында еді. 1991 жылы Кеңес Одағы мен Қытай Халық Республикасының үкіметтік делегациялары соңғы бесінші раундта Кеңес Одағы мен Қытай мемлекеттік шекарасын белгілеуде 90% өзара түсіністікке келген болатын. Осы кездесуге Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан өкілдері бірінші рет қатысты.

КСРО ыдырағаннан кейін, 1991 жылғы желтоқсанда Қытай шекарасында жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Қытай 1992 жылдың қаңтарында Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстанмен дипломатиялық қатынастар орнатты.

Қазақстан Үкіметі Қытаймен шекара туралы келіссөз бастар алдында кеңестік кезден қалған екі ел арасындағы жағымсыз «мұраны» ұмытып, шығыстағы үлкен елмен тату көршілік орнатуды мақсат етті. Себебі, Қытай экономикалық дамуда үлкен державаға айналды, ал Қазақстан өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуде онымен тұрақты және көзделген қатынастар жүргізуге тиіс болды. Екі ел арасында өлі күнге дейін сауда және құқық қорғау салаларында шешімін таппаған мәселелер бар. Оларды екі ел ынтымақтастығына кедергі келтірмейтіндей етіп шешу абзал. Қытаймен шекара мәселелерін шешу оңайға түскен жоқ. Қытай сияқты тәжірибелі әріптеспен өзіне ғана пайдалы саясат жүргізу мүмкін болмағандықтан, қазақ жағы компромиске барды.

1992 жылы 24 қазанда Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары шекара мәселелері бойынша келіссөздер барысында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Қытай шекаралық территориясының топографиялық картасын құру туралы негізгі принциптер құжатына қол қойды.

Әдетте, екі мемлекет ресми қатынас орнатарда, мемлекетаралық шарт не болмаса басқа да түрлі келісімдерге қол қойылады. Сол шартта екі ел арасында өтетін шекара белгіленеді немесе қосымша шекара делимитациялау картасы беріледі. Келіссөздер арқылы екі ел арасындағы мемлекеттік шекараны географиялық картада анықтау «делимитация» (латын сөзі *delimitatio* – орнату) деп аталады. Мұндай келісіп орнатылған шекара сызығы – оны жер бетінде анықтау мен белгілер орнатуға негіз болады. Делимитациядан кейін екі жақ демаркацияға кіріседі. Екі елдің мемлекеттік шекарасын арнаулы белгілермен (шекаралық бағана, столб, қада және тағы басқа белгілер) айыруын «демаркация» (латын сөзі *demarcation* – бөлу, айыру) деп атайды. Демаркация жүргізу үшін келісуші екі жақтан аралас министрлік не үкіметаралық комиссия

құрылады. Демаркация жөніндегі протокол мемлекеттің шекара сызығы мен белгілерін көрсететін схема, фотосуреттер және тағы басқа құжаттар арқылы жасалады.

1992 жылы қарашада Қытай Сыртқы істер министрі Цянь Цичэнь Қазақстанға ресми сапармен келді. Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасын анықтап, белгілеу туралы мәселе қойды. 1992-1996 жылдары Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан бірлескен делегациясының арасында жұмысшы топ деңгейінде Қытаймен шекаралық мәселелерді шешу бойынша келіссөздер жалғаса түсті.

1994 жылы сәуірде қол қойылып, 1995 жылы қыркүйекте күшіне енген 1700 километрге жуық Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасының делимитациясы туралы шарт бүкіл шекара бойындағы территорияны қамтыды. Тек Сарышiлдi озенi мен Шаған-Оба асулары бойынша даулы территория бұл келісімге кірген жоқ.

1997 жылы ҚХР Мемлекеттік Кеңес премьері Ли Пэн Қазақстанға ресми сапары барысында Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесіп, ұзындығы 11 километрді құрайтын Хан Тәңірі ауданында Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасының отуі туралы шартқа қол қойды. 1998 жылы 4 шілде күні Алматы қаласында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында мемлекеттік шекара туралы қосымша келісім жасалды. Онда тараптар Шаған-Оба мен Баймырза асулары және Сарышiлдi озенiндегi даулы 944 шаршы километрлік территорияның Қазақстан жағына 537 шаршы километрiн, ал Қытай жағына 407 шаршы километрiн болдi (Интервью Токаева К.К. Что кроется за соглашением о границе с Китаем? «Казахстанская правда», 1998, 15 июля).

1999 жылы 5 мамырда Алматы қаласында Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы, ал 1999 жылы 25 тамызда – Қазақстан, Қытай және Қырғызстан арасындағы үш мемлекет шекараларының түйісу нүктесі туралы шарттарға қол қойылды. Қазақстан мен Қытай арасындағы шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі – трансшекаралық өзендер. Қазіргі уақытта Қытай батыс аудандарындағы су тапшылығын Қара Ертіс, Іле өзендерін бұру арқылы шешпек, ал бұл мәселе Қазақстанға зиян келтіретіні белгілі. Екі ел арасындағы тарихи шекара, трансшекаралық өзендер мәселелері – кеңес дәуірінен келе жатқан күрделі мәселе.

### *Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасының бекітілуі*

Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылған 1920 жылдан бастап Қазақстан – Ресей шекарасы бірнеше рет өзгерді. Қазақ Автономиялық Республикасының бірінші астанасы Орынбор (Оренбург) 1925 жылы Ресейге толық өтіп кетті, жаңа астана болып Қызылорда қаласы (бұрынғы Ақмешіт) белгіленді. Жалпы, КСРО кезінде

інші өкімшілік шекара шаруашылық жүргізу үшін және жұрттың бір республикадан екінші республикаға көшуіне шектеулер қоймады, ал қалыптасқан шынайы жағдай территориялық карталарда көрсетілген шекара сызығына сәйкес келе бермеді.

1992 жылы 25 мамырда екі ел басшысы – Н. Назарбаев пен Б. Ельцин Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында мемлекеттік шекараны қорғау, бір-бірінің территориялық тұтастығын сақтау, оған қол сұқпау жөнінде және өзара көмек көрсету, достық қарым-қатынас туралы шартқа қол қойды. Соған қарамастан, Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасын делимитациялау туралы келіссөздер тек 1999 жылдың қыркүйегінде ғана басталды. Оған себеп Кремльдің саясаты болды. Ол Қазақстанда тұратын орыстарды территория мәселесінде пайдаланғысы келді және көп жерде шекараның анық белгіленбегенін сылтау етіп, келіссөзден бас тартты.

Елбасы саясатының арқасында 2005 жылғы 17-18 қаңтарда Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойылды. Бұл жерде СІМ және ҰҚК-і Шекара департаменті қызметкерлері көп іс тындырды. Аталған шарт тәуелсіз Қазақстанның солтүстіктегі көршісімен қарым-қатынасы тарихында аса маңызды құжат болып табылады. Көршілес мемлекеттермен шектесетін ортақ шекарамыздың ең ұзыны – Ресей Федерациясы. Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасының құрлықтағы бөлігінің жалпы ұзындығы 7590 километр. Қазақстан мен Ресей арасындағы тұрақты тату көршілік қатынас ұзақ мерзімді және берік қауіпсіздіктің салмақты факторы болып табылады. Екі ел арасындағы халықаралық құқық нормаларына сай бекітілген мемлекеттік шекара болашақта бейбітшіліктің шекарасы болып қалу үшін осы қағаздағы келісімді жүзеге асыру, екі ел шекарасын іс жүзінде демаркациялау, яғни жер бетіндегі мемлекеттік белгілерін қою қажет. Мәскеу әр түрлі себептер айтып, жер бетіне демаркация жасаудан бас тартып отыр.

### *Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасы*

Орталық Азия республикалары тәуелсіздік алған жылдары шекараларын анықтап, белгілеу мәселелерін басынан қолға алмай, келіссөздерді кеш бастады.

Қазақстан мен Өзбекстан шекарасының жалпы ұзындығы шамамен 2150 километрді құрайды. Екі ел арасында мемлекеттік шекараның делимитациясы бойынша басталған үрдіс бұрынғы Кеңес уақытында болған өкімшілік-территориалдық бөлінуге негізделді. 1991 жылғы 21 желтоқсандағы Алматы декларациясына сәйкес, шекаралардың бүтіндігі мемлекеттік территорияның біртұтастығын құрметтеу және мойындау принциптерімен жүргізілді. Екі елдің территориялық межелеу мәселесі Қазақ хандығы кезеңінен бастау алады, сол кездер жерлер, қалалар, мекендер бір хандықтың иелігінен екінші хандықтың иелігіне немесе керісінше өтіп жатқан уақыт еді.

Кеңес Одағы Коммунистік партиясының бірінші хатшысы Н. Хрущевтің озбырлық шешімімен Қазақстанның оңтүстіктегі Жетісай, Мақтаарал және Киров аудандары Өзбекстанға беріліп, ол тек 60-жылдары ғана қайтарылды.

2000 жылы өзбек шекарашылары қазақтарға қару қолданғаннан кейін, мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау мәселесі шиеленісіп кетті. Оны шешу үшін Қазақстанның үкіметтік комиссиясы құрылды. Дипломаттар және осы бағыттағы мамандардың арқасында пәтижелі келіссөз өткізіліп, екі жақ дәмелі жерлерді бөлiсуде мәмілеге келді. «Түркістан» шаруашылық қожалығы Өзбекстанға, ал Бағыс ауылы Қазақстанға тиесілі болды.

Мемлекеттік шекара сызығы Қазақстан мен Өзбекстан арасында екі шартпен белгіленді. Анықталған күрделі учаскелер мен тараптардың ұсыныстары өзара сыйластық пен теңқұқылық қағидаттар негізінде, жергілікті халықтың мүдделері ескеріле отырып шешілді. Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау процесі екі кезеңде өтті. Бірінші кезеңде: шекара сызығы ұзындығының 96 пайызы анықталды, 2001 жылғы 16 қарашада Астанада қол қойған Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары арасындағы мемлекеттік шекара туралы шарты дайындалды. Екінші кезеңде: 2002 жылғы 9 қыркүйекте Астанада Қазақстан мен Өзбекстан Президенттері мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелері туралы шартқа қол қойды. Сөйтіп, дипломатиялық келіссөздер арқылы ортақ мемлекеттік шекара сызығын анықтау толығымен аяқталды. Тәуелсіздік алғаннан кейін екі ел арасында су ресурстарын бірлесіп пайдалану, аймақтық қауіпсіздік және басқа да маңызды мәселелер бойынша келіссөздер жүргізілуде (Айдарбаев С. Делимитация границ с Узбекистаном. 2002 г., 6 февраля).

### *Қазақстан – Қырғызстан мемлекеттік шекаралары*

Қазақстан Қырғызстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі келіссөздер 1999 жылдың қарашасынан 2001 жылдың желтоқсанына дейін жалғасып, мемлекет басшыларының 2001 жылғы 15 желтоқсанда Астанада Қазақстан – Қырғызстан мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қоюымен аяқталды. Екіжақты келіссөздер өзара сыйластық және теңқұқылық қағидаттарына негізделіп, іскерлік және сындарлы жағдайда өтті. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы мемлекеттік шекараның жалпы ұзындығы 1241 километрді құрады. Тараптар делегациялары ортақ шекараны демаркациялау процесінің ұйымдастырушылық және техникалық мәселелерін талқылап, 2001 жылғы 15 желтоқсандағы шартты қырғыз тарапы ратификациялағаннан кейін, екі елдің бірлескен комиссиясы шеңберінде демаркациялау мәселелері келісілді. Делимитациялау кезінде бірқатар қиыншылықтар болды, атап айтқанда, екі елді бөлетін өзендер мен тау жоталарының

бағыттары белгіленген ескі және жаңа карталарда бір-біріне сәйкес келмеуі; топографиялық карталарда сызылған шекара сызығы мен географиялық шеңбер (рубеж) сызығы арасында үлкен өзгерістердің болуы. 2003 жылғы шілдеде Қазақстан осы тарихи құжаттың күшіне енуі үшін өзінің ішкі мемлекеттік рәсімдеу процестерін аяқтады. Өзара тиімді шешімдерді қабылдаудың нәтижесінде талас территориядан Қырғызстан тарапына 6880 гектар жер өтті, ал Қазақстан жағына 4802 гектар жер тиесілі болды.

### ***Қазақстан – Түрікменстан мемлекеттік шекарасы***

Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау және оны демаркациялау процесі туралы шартқа мемлекет басшылары 2001 жылдың 5 шілдесінде Астанада қол қойды.

Осы келіссөздер 2000-2001 жылдары сындарлы әрі іскерлік жағдайда өтті. Тараптар 1972 жылы Қазақ КСР-і мен Түрікмен КСР-і арасында келісілген мемлекеттік шекара сызығын өзгерту туралы ешбір ұсыныстар білдірмеді. Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының құрылықтағы бөлігінің ұзындығы 426 километрді құрайды, шекара көбінесе елсіз далада өтеді. Ортақ шекараны демаркациялауға бағытталған іс-шаралар 2003 жылы басталды. Шекаралық белгілерді орнатуға тараптар 2005 жылы кірісті.

***Шекара делимитациясы мен демаркациясы қауіпсіздік факторы ретінде қаралуы керек.*** Жаңа тәуелсіз мемлекеттер қазіргі уақытқа дейін көрші елдермен мемлекеттік шекара делимитациясын аяқтаған жоқ. Осындай жағдай Орталық Азияда да байқалады. Каспий теңізі жағалауында орналасқан бес мемлекет – Қазақстан, Ресей, Өзірбайжан, Түрікменстан және Иран теңіз бетіндегі шекарасын анықтамай отыр. Шекараны делимитациялау процесін талқыламас бұрын, ең алдымен Қазақстанмен көршілес мемлекеттердің сыртқы саяси қызметіндегі кейбір аспектілерді қадағалау керек. Кеңес Одағына кірген мемлекеттер өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін, шекара делимитациясын ең алдымен сыртқы шекаралардан бастаған еді. Яғни, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің барлығы өздерінің күштерін Кеңес Одағына кірмеген мемлекеттермен шекараны орнатуға және оны барынша сақтап қалуға жұмсады. Сол кездері жаңа тәуелсіз мемлекеттердің сыртқы шекаралары бүкіл Кеңес Одағының шекаралары деп қарастырылды. Делимитацияны көптеген шекарадағы өткір қиынлыстардан өткізбеудің себебі: жаңа мемлекеттердің көбі бұрынғы шекараларын ұстанды. Ресей де бұл үдеріске қатысып, Даманск аралын Қытайға берген болатын. 2004 жылы қазан айында Ресей мен Қытай кезекті шекаралық мәселені шешіп, онда екі даулы – Амур мен Аргун өзендеріндегі аралдарды Қытайға қайтарып берді. Қырғызстан Қытаймен шектесетін мемлекеттік шекараны делимитациялау барысында 1996 жылғы және 1999 жылғы екі шарт бо-

йынша шамамен 125 мың гектар жерді Қытайға берген еді. Қытаймен даулы территория мәселесі Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның Қытайға барған сапарында шешілді.

Қазіргі уақытта Орталық Азияда мемлекеттік шекараны делимитациялау процесі іс жүзінде аяқталды. Енді Қазақстан Республикасы үшін келесі бір өзекті мәселе – шекараға демаркация жасау. Іс жүзінде демаркация жасау әлдеқайда ұзақ мерзімге созылады. Ол екі негізгі факторға: жоспарды қаржыландыруға және Қазақстанның территория көлемінің үлкейдігіне байланысты.

Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету аса күрделі мәселелер санатына жатады. Қазақстанның оңірдегі Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен НАТО-ның арнайы бағдарламалары секілді қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелерінің жұмысына қатысуы Орталық Азиядағы ішкі саяси тұрақтылыққа оң ықпал етеді.

Тұрақты шекара – кез келген мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы екені даусыз. Қазіргі кезде халықаралық қауымдастықтың әр мүшесі осыған қол жеткізуге талпынуда. Заңды түрде белгіленген шекаралар халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің орындалуына, атап айтқанда, шекараның мызғымастығы және мемлекеттік шекараның тұтастығына кепілдік етеді. ҚР Президенті бастаған Үкімет, Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және басқа да мемлекеттік органдардың белсенді жұмысының арқасында сыртқы шекаралар бойынша тату көршілік пен серіктестік ахуалы орнатылды.

### 12.3. Сыртқы қатынас мамандарын даярлау

Қазақстан тәуелсіздігін жариялар алдында Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігінде небары 20 шақты дипломатиялық қызметкер жұмыс істеді, соның ішінде халықаралық қатынас саласында арнайы білімі бар мамандар саусақпен санарлық болды. Салыстырып қарасақ, КСРО Сыртқы істер министрлігінде Мәскеуде 5 мыңнан астам қызметкер, оның 3 мыңы дипломаттар еді. Кеңес Одағы СІМ-де негізінен орыс, украин, беларус және грузин, армян, еврей ұлт өкілдері қызмет етті. Орта Азия республикаларынан, Қазақстаннан шыққан дипломаттар өте аз болды. Мәселен, Кеңес Одағы Сыртқы істер министрлігінде 1980 жылдары баржоғы он шақты қазақ дипломаты жұмыс істеді: Құрманғожин Сәлім, Сүлейменов Төлеутай, Тоқаев Қасым-Жомарт, Райымбеков Дәстем, Нәдіров Шәйкен, Жұматов Сапар, Аманғалиев Ибрагим, Омаров Қайыр, Физзатов Вячеслав, Жанқулиев Аманжол, Ахметов Әбүтәліп, Жиенбаев Рүстем, Дәненов Нұрлан және осы кітаптың авторы Батырша-ұлы Сайлау.

Оның себебі, халықаралық қатынастар саласы бойынша дипломаттарды, журналистерді, экономистерді, заңгерлерді, қорғаныс және



қауіпсіздік органдарында істейтін мамандарды тек Мәскеудің жоғары оқу орындарында ғана даярлайтын, ал жалпы одақтас республикаларда осы саладағы мамандарды даярлауға тыйым салынған. Тек Киев мемлекеттік университетінде халықаралық қатынастар факультетінде, Минскіде Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне мамандар дайындауға рұқсат берілді. Одақтас республикаларға жыл сайын квота бойынша Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынас институтына 5-6 орын және Дипломатиялық академияға 1 орын беріліп отырды.

1991 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі дербес жұмыс істей бастағанда, халықаралық қатынас бойынша кадрлардың жетіспеушілігі қатты байқалды. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Қазақстандағы оншақты университет пен институттарда халықаралық қатынас, әлемдік экономика, халықаралық журналистика және халықаралық құқық саласы бойынша факультеттер ашылды. 1996 жылы Республика СІМ-нің жанынан Дипломатиялық академия құрылды. Кейін аталған оқу орны ҚР Президенті жанындағы Басқару Академиясының құрамына Дипломатиялық институт болып кірді. Бүгінде Қазақстанның тәуелсіздік алуының арқасында, қызмет-техникалық персоналды қоспағанда, дипломатия саласында 900-ден астам оперативтік-дипломатиялық қызметкер жұмыс істейді.

Қазақстанның білім саласындағы реформаларына сәйкес, халықаралық қатынастар мамандарын дайындау екісатылық кезеңнен тұрады: біріншісі – бакалавриат, екіншісі – магистратура. Бакалавриат деңгейінде студент негізгі халықаралық қатынас пен шет тілдерін оқиды. Ал, магистратурада дипломатиялық қызмет, халықаралық қақтығыстар және экономикалық дипломатия тереңдетіліп оқытылады. Олар магистратурада нақты елдер, аймақтар бойынша мамандандырылуға тиіс. Мысалы, Қытай, Ресей, Еуропа, Америка, Араб және мұсылман мемлекеттері тереңдетіліп оқытылады.

Елімізде «халықаралық қатынастар», «әлемдік экономика», «саясаттану» салаларындағы мамандар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абылай хан атындағы Өлем тілдері және халықаралық қатынастар университеті, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогика университеті және тағы басқа жоғары оқу орындарында даярланады. Жоғары кәсіби оқытудың басты мақсаты – маманның негізгі кәсіби даярлықтан өтуін қамтамасыз ету, білім және тәжірибе арқылы оның адамгершілік-этикалық тәрбиесін қалыптастыру. Аталған білім ошақтарының профессорлық-оқытушылық құрамы алға қойылған мақсаттарға өз үлестерін қосуда.

Қазіргі уақытта тәуелсіз Қазақстанның халықаралық қатынас саласында жас мамандар өсіп келеді. Дипломатия жолын құған жастарға кең мүмкіндіктер бар. Дипломатия дәстүрінде қалыптасқан тәжірибе

мен кәсіби білімді игере отырып, өзіндік білім қорын кеңейтіп, сыртқы саясат, теория мен тәжірибе саласындағы жетістіктерді ескере отырып, кәсіби шеберлік деңгейін шыңдай алады.

Дипломатиялық қызметте жас мамандардың біліктілік деңгейін көтеру – маңызды әрі өзекті мәселе. Сыртқы істер министрлігінің ішкі аппараттық жүйесінің негізінде қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатындағы мерзімдік білім алу бағдарламаларын қалыптастыру қажет. Оқу барысындағы өзекті мәселелерге қатысты дөңгелек үстелдер, жас дипломаттардың семинар сабақтары, тәжірибе жинау мектептері қызметкерлердің біліктілігін көтеру жолы болып табылады. Басқармалар мен департаменттерде шет тілдерінде әр алуан тақырыптарға (еліміздегі ішкі жағдай, тарихи оқиғалар, халықаралық жағдай, өлем елдерінің тарихы мен мәдениеті) байланысты пікірталас, ой бөлісулердің өткізілуі халықаралық қатынас мамандарының алғырлығын қалыптастыруға көп үлес қосады.

Жас дипломаттарға төмендегідей білікті талаптар қойылады: шет тілдерін жақсы меңгеруімен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Дипломатиялық қызмет туралы» Заңын және халықаралық келісімдерді жақсы білу. Халықаралық сахнада өтіл жатқан жаһандану процесінің жағымсыз жақтарына тосқауыл жасай білу, өз елінің ұлттық мүддесі және қауіпсіздікті сақтау жолымен таныс болу. Сонымен қатар, жас дипломаттардан компьютерді жақсы игеру, Интернет жүйесін меңгеру, ақпараттық және техникалық бағдарламаларды еркін қолдану, ағымдағы ақпаратты талдап отыру талап етіледі. Жұмыс барысында қызметкер мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен шет тілдерде өз мамандығы мәселесі төңірегінде еркін сұхбат жүргізе және сараптамалық құжаттар жаза білуі керек.

Жас қызметкер өзін моральдық, этикалық жағынан дамыта отырып, сұхбат жүргізу кезінде, ұжыммен қарым-қатынастарда жылы, ілтипатты, қарапайым болуға әрі сыйластық қатынасты ұстануға тиіс. Сонымен қатар, шетелге елшілік қызметке барғанда өте сақ болып, сол елдің заңын, тәртібін сақтауы шарт. Оның маман ретінде қалыптасуына алғашқы дипломатиялық тәжірибесі негіз болмақ. Ноталарды жазудағыларын қалыптастыру үшін басшылық жас мамандарға тапсырмалар беріп отырады.

Сондай-ақ, көп жыл істейтін тәжірибелі дипломаттар әрдайым өз білімін, кәсіби деңгейін көтеру керек, мемлекеттік қызметтің жүйесін жақсы білуі қажет. Шетелдік өкілмен сауатты сұхбат жазбаларын жүргізу үшін олар министрлік басшыларымен бірге келіссөздерге қатысқаны жөн.

Әр дипломаттың басты қасиеті – оның Отанына деген сүйіспеншілігі, ел мүддесін ойлап, соған қалтқысыз қызмет етуі, адамгершілігі мен гуманизм және азаматтық, идеологиялық ұстанымының жоғары болуында. Сонымен бірге, дипломат ешбір партияның мүшесі болмауы керек,

ойткені ол топтардың, партиялардың мүддесіне емес, тұтас мемлекеттің мүддесіне қызмет етеді. Білікті дипломат өз елінің тарихын, мәдениетін жақсы біледі.

Халықаралық қатынас саласындағы жас мамандармен жүйелі жұмыстың нәтижесінде озық ойлы, дарынды білім иелері дипломатиялық қызметтің жауапкершілігін арттырады. Еліміздің, халқымыздың мүддесін қорғауда жоғары білікті, ұлтжанды, жаңаша ойлайтын, халықаралық өмірдің жаһандық мәселелерін шешуде үшқырлық таныта білетін дипломатиялық қызметкерлер тәрбиелеуді басты назарда ұстау – уақыт талабы.

Сонымен, нағыз дипломаттың бойында келесі қабілет-қасиеттер қалыптасуы қажет:

– Қазақстанның абырой-беделін шет елдерде жоғары мәртебеде көрсете білу, Отанымыздың, халықтың ұлттық мүдделерін қорғау;

– қорытынды, талдау жасай отырып, жан-жақты мүмкіндіктерді қарастыру, жұмыс барысында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану;

– қазақ елінің тарихында қалыптасқан дипломатиялық дәстүрдің, оның ішінде Алтын Орда, Дешті-Қыпшақ және Қазақ хандығы дәуіріндегі ұлттық елшіліктің салттарын бүгінгі заманға лайықтап және халықаралық протоколды ескере отырып, тиімді пайдалану;

– халықаралық сахнадағы саяси үрдістерге, көрші және өлемдегі басты алып мемлекеттердің дипломатиясына нақты, жан-жақты талдау жасау.

Әр дипломатқа осы аталған біліктілік пен білгірлік жылдар бойғы ізденіс пен тәжірибенің нәтижесінде келеді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қазақстанның теңдестірілген сыртқы саясатын түсіндіріп беріңіз.
2. Мемлекеттік шекара тәуелсіздіктің негізгі белгілерінің бірі екендігін дәлелдеп беріңіз.
3. Делимитация мен демаркация терминдерін түсіндіріп беріңіз.
4. Шет елдермен қатынас және дипломатиялық кадрларды даярлайтын оқу орындары туралы айтып беріңіз.
5. ЕҚЫҰ-ның Астана Саммитінің қорытындысы.

## 13-ТАРАУ. ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

*Саясат – нақты ғылым емес.*

*Отто фон Бисмарк (Германия канцлері)*

Қазіргі заманда ірі шет мемлекеттердің дипломатиялық қызметі, олардың сыртқы саясатты жүргізу құралдары – сыртқы істер министрліктерінің құрамы, олардың жұмыс істеу тәсілдері мен тәжірибелерінің ұтымды жақтары жас тәуелсіз Қазақстан мемлекеті үшін пайдалы. Халықаралық қатынастар мамандығында оқып жатқан студенттер, магистранттар және дипломаттар үшін шет елдердің сыртқы саяси, экономикалық, идеологиялық саясатын жүргізуші сыртқы саясат ведомстволарының жұмысын зерттеу, олардың оңтайлы жақтарын Қазақстан дипломатиясын жетілдіруде қолдану қажет. Әр мемлекеттің сыртқы істер министрліктерінің өзіндік тарихы, ерекшеліктері мен алдына қойған мақсаттары бар. Сонымен қатар, жалпы сыртқы саясат жүргізуде шет мемлекеттердің дипломатиясында ортақ, бәріне тән құрылымдар мен тәсілдер, методтары бар.

### 13.1. Батыс мемлекеттерінің сыртқы істер министрліктері

#### *Америка Құрама Штаттары*

АҚШ-тың 1789 жылы қабылданған Конституциясына сәйкес, Шетел жұмыстары бойынша департаменті Мемлекеттік департаментке жаңғыртылып, Президентке бағынатын болды. Америка Құрама Штаттарында кәсіби дипломатиялық кадрлар сыртқы саясатты жүзеге асыруда негізгі рөл атқарды. Әдетте, жаңадан сайланған ел Президенті орталық дипломатиялық ведомствоның басшысын қайта тағайындайды. АҚШ-тың сыртқы саясат ведомствосын «Мемлекеттік департамент» деп атайды және оны Мемлекеттік хатшы басқарады. Оның жалпы министрлік мәселелері бойынша 5 бірінші орынбасары (жаһандық мәселелермен айналысады), 16 орынбасары (нақты мемлекеттер және аймақтар бойынша мәселелер шешеді) және 10-нан астам директоры бар. Басқармаларда

жедел жұмыстар жүргізіледі, оны кәсіби дипломаттар, мемлекеттік хатшының орынбасары не директор басқарады. Ал жоғары қызмет орындарында «сырттан келген адамдар», яғни үкіметте отырған билеуші партия белсенділері отырады.

Қазіргі кезде АҚШ-тың 170-тен аса мемлекетте 260 дипломатиялық миссиясы және консулдық мекемесі бар. Мемлекеттік департаменттің штат құрамы 14 мың, ал кадрлы кәсіби дипломатиялық мамандардың саны 4 мыңнан асады. Департаменттің қол астында басқа министрліктер, агенттіктерден жіберілген қызметкерлер жұмыс істейді.

Көп жылдар бойы америкалық саясаткерлер кәсіби дипломатиялық қызмет құру қажетсіз деп санады. Өз ұстанымдарында олар АҚШ-тың Республикалық құрылымы, ескі Еуропадағы монархиялық дипломатиялық институттар және олардың дәстүрлері қолайсыз деген себепті желеу етті. Сондай-ақ, Президент Э. Джексонның «мемлекеттік қызметкерлердің міндеттері соншалықты қарапайым, оны кез келген саналы адам орындай алады» деген пікірі де аргумент болды. Бұл идея тағайындаулар жүйесін енгізуге, соның ішінде дипломатиялық қызметке де өз әсерін тигізді. Атап айтқанда, жаңа сайланған Президент басты билік орындарына өз партиясынан одақтастары мен достарын тағайындап, олардың кәсіби жарамдылығы ескерілмеді.

Мемлекеттік департаменттің өз оқу орталығы – Шетелде қызмет ету институты бар. Дипломаттар осы институтта үш рет даярлау және қайта даярлаудан өтеді: бірінші рет – мемлекеттік қызметке алынғаннан кейін, екінші рет – қызметінің орта кезінде, үшінші рет – дипломаттардың кәсіби деңгейін жоғарылату мақсатындағы арнайы тәжірибе семинарында. Өр дипломат кәсіби деңгейін көтеріп отыруға міндетті. «АҚШ-тың шетелдегі қызметі туралы» заңына сәйкес, дипломат өзінің 15 жыл қызметінің 3 жылын Отанында, яғни мемлекеттік департаментте, шетелде қызмет ету институтында, басқа да университеттерде стажировкада өткізуге тиіс.

*АҚШ-тың Мемлекеттік департаменті* – басты сыртқы саяси ведомствосы, ал Мемлекеттік хатшы АҚШ Президентінің сыртқы істер жөніндегі бас кеңесшісі болып табылады. Мемлекеттік департамент шет елдердегі дипломатиялық миссиялары арқылы Американың мақсаты мен мүдделерін алға жылжытады. Ол Сауда министрлігі мен Халықаралық даму агенттігінің және басқа мекемелердің сыртқы саяси қызметін үйлестіреді. Департаменттің сыртқы саяси іс-әрекеттері, атап айтқанда, шет елдерде ел мүддесін қорғау, шетел үкіметтеріне ықпал ету, халықаралық қылмыспен күрес, азаматтарының мүдделерін қорғау және әлемдегі АҚШ лидерлігін сақтау болып табылады.

Мемлекеттік департаменттің негізгі рөлі:

– сыртқы саясатты жүргізу;

сыртқы істер және басқа да сыртқы саяси шараларға бөлінген бюджеттік қаржыны басқару;

– шетелдегі АҚШ өкілдіктерін басқару, өз елшіліктері мен консулдықтары, дипломатиялық миссиялары арқылы халықаралық ұйымдарда Американың сыртқы саясатын жүргізу;

– сыртқы саудадан бастап ядролық қарулануға дейінгі көптеген мәселелер бойынша келіссөздер өткізу мен келісім-шарттар жасасу;

халықаралық деңгейде басқа америкалық ведомстволар мен мекемелердің іс-әрекеттерін үйлестіру және қолдау болып табылады.

Мемлекеттік департамент келесі қызметтерді жүзеге асырады:

шет елдерде тұратын немесе саяхатта жүрген АҚШ азаматтарын қорғау және жәрдемдесу;

– әлемдік нарықта отандық бизнеске жәрдем ету;

– Америка жұртшылығын елдің сыртқы саясаты және басқа елдермен қатынастары туралы хабардар ету.

Шетелде дипломаттар Құрама Штаттар атынан өкілдік етіп, болмыш мемлекеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік үрдістерін талдайды және Орталыққа баяндайды. Елшілік шет елдегі Орталық барлау басқарма өкіліне, әскери атташе және басқа американдық мекемелермен бірігіп жұмыс атқарады.

Мемлекеттік хатшының кеңсесі штаб бастығынан, орынбасардан, орындаушы көмекшіден, екі арнайы көмекшіден, жұмысты жоспарлау бойынша қызметкерден, кадрлар бойынша және екі дербес көмекшіден тұрады. Кеңсе Мемлекеттік хатшының кездесулерін, оның ресми сапарларын ұйымдастыруды қоса алғанда, күнделікті жұмыстармен айналысады. Мемлекеттік хатшының орынбасары оның «дублері» болып табылады, ол жоқ кезде Хатшының міндетін атқарады. Атқарушы Хатшылық жауапты хатшы мен оның үш орынбасарынан тұрады.

Мемлекеттік хатшыға төмендегі бюро мен офис басшылары тікелей жұмыс бабымен шыға алады:

– БҰҰ-дағы Тұрақты өкілі;

– заң шығару мәселелері бюросының бастығы;

– барлау қызметі және зерттеу бюросының бастығы;

– ревизор;

– заң жөніндегі консультант.

Хатшының орынбасарлары саяси, экономика, бизнес, қару-жарақты бақылау, халықаралық қауіпсіздік, демократия, жаһандық мәселелер (экология, адам құқығы, денсаулық сақтау) салалары бойынша тікелей Мемлекеттік хатшыға баяндайды.

Саяси мәселелер жөніндегі хатшының орынбасары дағдарыс ахуалдарының менеджері және АҚШ-тың екіжақты қатынастарында саясат, экономика, жаһандану және қауіпсіздік мәселелерін интеграциялауға жауапты болып табылады.

Мемлекеттік департаментте 11 функционалдық және 5 аумақтық бюро бар:

– Африка істері жөніндегі бюро;

- Шығыс Азия және Тынық мұхит аймағы істері жөніндегі бюро;
- Еуропа және Еуразия істері жөніндегі бюро;
- Таяу Шығыс істері жөніндегі бюро;
- Оңтүстік және Орталық Азия істері жөніндегі бюро;
- Халықаралық ұйымдар істері жөніндегі офис.

Мемлекеттік хатшының арнайы экономика, энергетика және ауылшаруашылығы істері жөніндегі орынбасары қосымша авиация мәселелері бойынша жұмыстарды да жүргізеді.

Хатшының қару-жарақ пен халықаралық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі орынбасары АҚШ-тың әлемдегі қауіпсіздігі саясатына, атап айтқанда, қару-жарақты таратпау, оны бақылау, аймақтық қауіпсіздік пен қорғаныс істеріне жетекшілік етеді.

Демократия істері және жаһандық мәселелер жөніндегі орынбасары АҚШ-тың түрлі жаһандық мәселелері бойынша сыртқы саясатын, демократия, азаматтық құқық, қоршаған орта, ғылым, есірткіге қарсы күрес, босқындар мен миграция мәселелерін бақылайды. Қоғамдық дипломатия және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі орынбасары Мемлекеттік департаменттің қоғамдық дипломатия бойынша мәдениет, білім, халықаралық ақпараттық бағдарламалар және АҚШ азаматтарына ақпарат беру, қоғаммен байланыс жасау қызметімен шұғылданады. Сонымен қатар, Америка мүшесі болып табылатын 50-ден аса халықаралық ұйым мен жыл сайын әлемде өтетін 800-ден астам халықаралық конференцияның жұмысына қатысады.

Көп жылдық дипломатиялық тәжірибеден көргенім, американдық кіші, орта буындағы дипломаттар өзіне тиісті мәселе бойынша пікірін ашық айта алады және оны қорғайды. Ал Азия, Африка елдерінің дипломаттары жоғарыдан қандай нұсқау келеді деп күтіп отырады, оның себебі, олардың пікірімен басшы санаспайды, дипломат – тек орындаушы.

### *Германия Федеративтік Республикасы*

Германияның дипломатиялық қызметін, әдетте, аса тиімді, табысты сыртқы саяси қызметтер қатарына жатқызады. Елдің дипломатиясы мен оның персоналы жаңа герман тарихында күрделі саяси жағдайларға дұшар болды. Соңғы бір жарым ғасыр ішінде Германия дипломатиясы екі рет елдің бірігу мәселесін шешу, екі дүниежүзілік соғыс зардабын оту, ал кейін ауыр жеңілістерден кейін Германияның әлемдегі орны мен беделін қалпына келтірумен айналысты. Нацистік режимнің құлдырауынан кейін әлемдік қоғамдастық тарапынан немістерді жек көрушілік, жалпы қоғамдағы кері итерушілік тәрізді қиындықтардан өте білу, еуропалық қауіпсіздік жүйесіне Германияны қосу – неміс дипломатиясының үлкен еңбегінің нәтижесі.

Германияның қазіргі дипломатиялық қызметінің қалыптасуы 1949 жылы екі неміс мемлекеті – Германия Федеративтік Республикасы (ГФР)

мен Германия Демократиялық Республикасының (ГДР) құрылуынан кейін басталды. Германия Федеративтік Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ескі атауы – сыртқы істер мекемесі қайта берілді.

Сонымен қатар, социалистік ГДР-дің дипломатиялық қызметі де қалыптасты. Алайда, батыс державалары қызу қолдаған «Хальштейн доктринасын» жүзеге асыру нәтижесінде көп уақыт бойы социалистік лагерь шегінде орналасқан социалистік Германияға шет мемлекеттермен дипломатиялық қатынас орнату оңайға соқпады. 1970 жылғы тамыздағы Мәскеу шарты, 1971 жылғы қыркүйектегі Батыс Берлин бойынша төртжақты келісім және 1973 жылы екі неміс мемлекетінің БҰҰ-ға кіруінен кейін ғана «Хальштейн доктринасының» беті қайтып, екі мемлекет те халықаралық қатынастың теңқұқылы субъектісі болып табылды. 1990 жылы екі Германияның бірігуі салдарынан ГДР-дағы барлық мемлекеттік институттар таратылды. Буржуазиялық идеологиялық көзқарастар басым болып, Федеративтік Германия бұрынғы ГДР-дің жоғары дәрежелі, шетелдерде білім алған тәжірибелі дипломаттарын сыртқы саяси ведомство жұмысына алмады.

ГФР Конституциясына сәйкес, елдің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын Федералды канцлер анықтайды. Алайда, бұл сыртқы істер министрлігінің рөлі мен міндетін кемітпейді. Министрлердің ауысуы мен басшылыққа түрлі партия өкілдерінің келуі кадрлық өзгерістерге әкелмейді. Қай партияның өкілі болса да, дипломат өз жұмыс уақытында партия қызметімен айналыспайды. Сыртқы саясат ведомствосында мемлекеттік қызметтің партия мүшелігінен жоғары тұратын принципті қатаң сақталады.

Министрдің «басқарушы штабында» 5 бөлім бар: министр бюросы, парламент пен министрлер кабинеті мәселелерімен айналысатын бөлім, жұртшылықпен жұмыс істеу бөлімі, баспа және байланыс бөлімдері. Сондай-ақ, министрге тікелей жоспарлау штабы бағынады. Оның басты міндеті – сыртқы саясаттағы концептуалды мәселелерді әзірлеу, дағдарыс жағдайларын реттеу. Министрдің орынбасарлары ретінде екі статс-хатшысы бар, олар кәсіпқой дипломаттар, жоғары дәрежедегі шенеуніктер болып табылады. Бірінші статс-хатшы министрліктің барлық өкімшілік қызметін, аймақтық халықаралық ұйымдар қызметін, Еуропа және Солтүстік Америка мемлекеттерімен қатынастарын реттейді. Әдетте, сол статс-хатшы министрдің бірінші орынбасары болып табылады. Екінші статс-хатшы жаһандық проблемалар, БҰҰ-ның қызметі, экономика, мәдениет, халықаралық-құқықтық мәселелер мен протокол қызметін басқарады. Бұдан басқа, министрліктің құрамындағы екі мемлекеттік министр – кәсіпқой дипломаттар емес, саяси қайраткерлер. Олар үкіметтің құрамына кіріп, кабинет ауысқанда өзгеріп отырады. Мемлекеттік министрлер сыртқы істер министрінің парламенттегі қатынасын, ол болмаған жағдайда, кабинет отырыстарында оның атынан сөз сойлейді, министрлік аралық қатынастарға, ішкі



қоғамдық-саяси шараларға қатысады. Министрліктің құрамында 10 департамент (орталық департамент, 2 саяси департамент, экономикалық, құқықтық, мәдени ынтымақтастық және т.б.) пен жеке протоколдық қызмет жұмыс істейді. Сондай-ақ, ГФР СІМ шеңберінде АҚШ және Франциямен ынтымақтастық координаторлары, адам құқықтары мен гуманитарлық көмек жөніндегі уәкілі бар. Федеративтік Республиканың дипломатиялық қызметі Орталық аппараттап – сыртқы істер министрлігі мен шетелдегі өкілдіктерден тұрады. 2004 жылы осы салада 9550 адам қызмет етті. 2800-ден астамға жуығы СІМ-нің Орталық аппаратында, 6750-ге жуық адам шетелдік өкілдіктерде. ГФР-дің шетелде – 142 елшілігі, 56 бас консулдығы мен консулдықтары, халықаралық ұйымдарда 12 тұрақты өкілдігі бар.

Қазіргі уақытта басқа Еуропалық Одақ мемлекеттерінің дипломатиясы сияқты, герман дипломатиясының басты ерекшеліктерінің бірі Германияның ұлттық саясатын еуропалық жалпы бағытқа өрімдеп қосу болып табылады. Тарих көрсеткендей, әскери күшпен проблеманы шешуден гөрі, дипломатияны тура пайдаланып, келісім және ынтымақтастық саяси жолымен жақсы нәтижелерге жетуге болатынын немістер жақсы түсінді.

### *Ресей Федерациясы*

Ресей дипломатиялық қызметі, негізінен, Кеңес Одағы Сыртқы істер министрлігінің құрылымы мен жүйесін сақтап қалды. Мәскеу шетелдердегі барлық кеңестік елшіліктер, консулдық, резиденцияның ғимараттарын, тұрақты өкілдіктерді, көлік және тағы басқа да көп мүліктерді өзіне басып қалды.

Ресейдің халықаралық аренадағы сыртқы саясаты, қозғарастар жүйесі, мақсаттары, принциптер мен мемлекеттің сыртқы саяси қызметінің бағыттары 2000 жылғы 28 шілдеде РФ Президенті бекіткен Концепцияда көрсетілген. «Ресей Федерациясы субъектілерінің халықаралық және сыртқы экономикалық байланыстарын үйлестіру туралы» РФ Президентінің 1998 жылғы 2 желтоқсанда қол қойған Жарлығы бойынша, РФ субъектілеріне (республикалар, өлке, облыстар) шетелде өкілдіктер не болмаса өз территориясында шетелдік өкілдік ашу үшін Ресей Сыртқы істер министрлігінің келісімі керек. РФ СІМ-нің федералдық өкілдері мен өкілдіктерінің жұмысына координация жасау және бақылау міндеттелген. Сонымен, барлық Ресей ведомстволары мен мекемелері, ұйымдары мен өнеркәсіптері келісім, контракт, жоспарларын өздеріне тиісті СІМ-нің департаментімен келіседі. Ресей Федерациясының 40-қа жуық субъектілерінде сыртқы істер министрлігінің өкілдіктері жұмыс істейді. Бұл қызмет Мәскеудің билігін күшейтіп, Ресей субъектілерінде мемлекет пен қоғамды біріктіру мүдделерін қорғайды.

Әлемде стратегиялық және тактикалық міндеттерді сәтті жүргізу үшін сыртқы істер министрлігінде жоғары кәсіби дипломатиялық қызметтің болуы талап етіледі. Ол – Ресей Федерациясының шет мемлекеттер және халықаралық ұйымдармен қатынастарындағы атқарушы биліктің орталық федералды органы болып табылады. СІМ жүйесіне орталық аппарат, дипломатиялық өкілдіктер және шетелдегі консулдық мекемелер, халықаралық ұйымдардағы Ресей Федерациясының тұрақты өкілдіктері, Дипломатиялық академия және Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (МГИМО) кіреді. Дипломатиялық академияның мақсаты кәсіби біліктілікті арттыруға бағытталған және әлемдік саяси, экономикалық проблемаларды зерттейді.

Министрліктің басшы құрылымы:

– министр, Ресей Федерациясы үкіметінің мүшесі;

– министрдің бірінші орынбасары;

орынбасарлары – 8 адам. Барлығы президент жарлығымен тағайындалады;

– министрліктің коллегиясы;

– бас хатшы.

Министрдің құзырында Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшілер бар. Олар «А» дәрежесіндегі мемлекеттік қызметті атқарады және «Ресей Федерациясы мемлекеттік қызметінің негіздері» туралы Заңына сәйкес, министр сияқты мемлекеттік қызметкер болып табылмайды, әкімшілік немесе ақпараттық-сараптамалық жұмыспен айналыспайды, тек саяси функцияларды атқарады.

Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің басты міндеттері:

– мемлекеттің сыртқы саясатының жалпы стратегиясын дайындау;

– сыртқы саяси бағытты жүзеге асыру;

– халықаралық байланыстарды реттеу;

– егемендік, қауіпсіздік, территориялық тұтастықты сақтау және тағы басқа мүдделерді дипломатиялық құралдар арқылы қамтамасыз ету;

шетелдегі Ресей азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

– Ресейдің шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар арасындағы дипломатиялық және консулдық қатынастарын қамтамасыз ету;

– атқарушы билік органдарының шет мемлекеттермен бірыңғай саяси бағытты ұстануын бақылау.

Ресей Федерациясы Президенті және Үкіметіне әлемдік жағдай туралы, шет мемлекетпен қатынастары жайында анықтама-ақпараттарды әзірлеп, ұсынып отыру Сыртқы істер министрлігінің бірден-бір маңызды міндеттеріне жатады.

Министрлікте Ресейдің басқа мемлекеттер арасындағы қатынастарымен айналысатын территориялық аймақтық департаменттері бар, олар өздігінше бөлімдерге бөлініп, нақты мемлекеттермен айналысады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіретін мемлекеттермен арнайы департамент айналысады. Мәскеудің алдына қойған мақсаты болашақта ТМД елдерін жоспарланған Еуразия Одағына кіргізу болып отыр.

Ресейдің Еуропа мемлекеттері бойынша төрт еуропалық департаменті бар. Азия мемлекеттерімен айналысатын департамент те төрт аймақтық бөлімдерге бөлінген, солардың бірі Ресейдің Австралия, Жаңа Зеландия және Мұхит аймағы елдерімен халықаралық қатынастарын қамтамасыз етеді. Соған сәйкес, Африка, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка департаменттері де бар. Америка континенті елдерімен Солтүстік Америка және Латын Америкасы департаменттері айналысады. Таяу шетелдермен айналысатын департаментке айрықша мән берілген.

Функционалдық қызметі бойынша министрлікте мынадай департаменттер мен басқармалар бар: құқықтық департамент, Мемлекеттік протокол департаменті, ақпарат және баспасөз, экономикалық ынтымақтастық, халықаралық ұйымдар департаменті, валюта-қаржы департаменті, жалпыеуропалық ынтымақтастық департаменті, қауіпсіздік және қарусыздандыру, мәдени байланыстар және ЮНЕСКО департаменті, консулдық қызмет, отандастар мен адам құқықтары жөніндегі департамент, кадрлар департаменті, сыртқы саясатты жоспарлау департаменті және жаңа қыр көрсетулер мен қауіпсіздік мәселелері жөніндегі басқарма, жалпы азиялық мәселелер басқармасы, заң басқармасы және т.б.

### *Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі*

XIX ғасырдан бастап Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігі жоғары статусқа ие. Министрдің келісімінсіз Үкімет ешқандай сыртқы саяси шешім қабылдамайды. Яғни, Сыртқы істер министрлігі саяси басшылардан едәуір тәуелсіз екендігін көрсетеді. 1965 жылғы 1 қаңтарда ұзақ жылдар бойы бөлек жұмыс істеген үш сыртқы істер ведомствосы (дипломатиялық қызмет, Форин офистің кәсіпқой кадрлары және сауда комиссарларының шетел қызметі) бірыңғай «Королеваның дипломатиялық қызметіне» біріктірілді. 1968 жылы 17 қазанда – бұрынғы Форин офис, яғни Достастық министрлігі мен Колониялар министрлігі бірыңғай мекемеге біріктірілді. Сөйтіп, Ұлыбританияның Сыртқы істер және достастық істері жөніндегі министрлігі деген атпен жаңа Форин офисі құрылды. Осы дипломатиялық жүйе күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді.

Сыртқы істер министрлігі мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асыруда негізгі рөл атқарады. Басты бағыттары – шет мемлекеттермен қатынастарды ұстау, халықаралық ұйымдарға қатысу, жаһандық мәселелерді шешу, мемлекеттегі жағдайлар туралы халықаралық қауымдастықты хабардар ету, ағылшын тілін тарату, шетелдегі өз мемлекеті азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Ұлыбританияның 182 мемлекетте үш жүзден астам дипломатиялық және консулдық мекемесі бар. Форин офистің шетелдегі дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің штаттық тізбесі 6 мың адамды құрап отыр, сонымен қоса, британдық елшіліктерде келісім бойынша 7,5 мың шетел азаматы жұмыс істейді.

Сыртқы істер және достастық істер министрлігінің штаттық тізбесіне Британ Кеңесі, Би-Би-Си телерадиокорпорациясы халықаралық қызметінің басым көпшілігі кіреді. Сондай-ақ, ағылшын дипломатия қызметінің негізгі принципі – мәселелерді келіп түскен уақытынан бастап барынша төменгі басқарма деңгейінде шешу. Олардың көбі министрлердің орынбасарларына жетпей, департамент деңгейінде шешіледі. Министрдің орынбасарларына өте маңызды және күрделі жұмыстар жүктеледі. СІМ-нің басшылары тек мемлекеттік маңыздылығы бар, елдің қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді шешкен жағдайда ғана іске кіріседі, көбіне министр кәсіби дипломаттардың біліктілігіне сенім артады.

Британ дипломатиялық қызметінде 10 қызметтік дәреже бекітілген. Кеңсе жұмысшыларына төменгі ранг – 10-дәреже беріледі, кеңсе құрамы дипломатиялық құрылымға кірмей, тек көмекші персонал ретінде қызмет атқарады. Конкурстық таңдау негізінде өткен қызметкерлерге 9-дәреже атташе рангісі беріледі. 8-7-дәрежелер жас азаматтарға беріледі, бұл біздің үшінші және екінші хатшыларымызға сәйкес, 7-дәреже беделді университетті бітірген, практикалық және ғылыми жұмыстармен шұғылданатын, жасы 26-дан асқан жас дипломатқа беріледі. «А» санаты қызметкерлерге 5 және 7-дәрежеден кейін беріледі, негізінде олар саяси талдаумен шұғылданады. «Е» санаты үшін 36-40 жас аралығында болу керек деп белгіленген, көбінесе олар консулдық, ақпараттық, сауда-экономика, мәдени бағыттарда қызмет атқарады.

Англияда дипломатиялық қызметке кіру үшін жоғары білім, қабілет, іскерлік және мәдениетті болу лазым. Үміткерлердің саяси қозғарасы, діни сенімі, нәсілі, жынысы, отбасы жағдайына көңіл бөлінбейді, олар теңқұқылы деп саналады. Шын мәнінде, ақ нәсілдіктер дипломатия қызметінде Корольдіктің азаматтары – афроазиялық кішігірім халықтар өкілдеріне шектеу жүргізеді. Дипломатиялық қызметке аларда, оларға ешқандай жеңілдік, белгіленген орындар (квота) берілмейді. Сырттан келген басқа этнос өкілдеріне жергілікті ағылшындармен бірдей білім, біліктілік жоғары талаптар қойылады, яғни бұл ақ нәсілді ағылшындар басқа нәсілді азаматтарға дипломатия, қорғаныс салаларында мемлекеттік билікке жол бермейді деген сөз. Аристократ Э. Сатоудың айтуынша, «Дипломат жоғары білімді джентлмен болуы керек» деген қағида британ сыртқы саяси мекемесінде орын алған. Ал, Ұлыбританияның афроазиялық азаматтарына «джентлмендік» дәрежеге жету оңай емес.

Бұрын осы салада қызмет ететін әйелдер аз болатын. Соңғы жылдары әйел мен еркек теңдігі әлемдік үрдісі етек алып, Сыртқы істер және достастық істер министрлігінде олардың саны көбейді. Бүгінде ондағы қызметкерлердің төрттен бірін әйелдер құрайды. Жалпы, Ұлыбритания Форин офиске конкурс негізінде іріктеу, білімін жетілдіру, дәрежесін көтеру, өлеуметтік қорғау, жоғары зейнетақы тағайындауы жағынан үздік елдердің қатарында саналады.

### *Франция Республикасы*

XVII-XVIII ғасырларда Францияның дипломатиясы басқа еуропалық мемлекеттерге үлгі болды. Бұрын халықаралық қатынастарда қолданылып жүрген латынның орнына француз тілі дипломатиялық тіл болып пайдаланылды. Халықаралық аренада ұзақ уақыт бойы Францияның беделі дипломатиялық ғылымы мен шеберлік өнері арқылы өсіп, оның сыртқы істер министрлігі баянды қызметімен және халықаралық салт-дәстүрімен әлемге танылды.

1958 жылы қабылданған Франция Конституциясы бойынша, мемлекеттің сыртқы саяси өмірін анықтау мен жүргізудегі шешуші рөл Президенттің құзырында. Ол мемлекет атынан шарттарға қол қояды және парламентте ратификация өткізген соң, оны бекітеді. Сыртқы істер министрі оның тапсырмасымен сыртқы саясатты жүзеге асырады. Францияға сапармен келетін шетел басшыларымен сұхбат, келіссөздерді Президенттің өзі жүргізеді және СІМ-нің дипломатиялық хат алмасуы мен басқа да ведомстволардан қажетті материалдарды сол алады. Үкіметтің сыртқы саяси қызметі туралы парламентке ақпарат беру, сондай-ақ, осы салада түрлі министрліктердің қызметін үйлестіруді жүзеге асыру Премьер-министрдің міндетіне жүктелген.

Парламенттің сыртқы саяси мәселелерді талқылауға, парламент депутаттары мен сенаторлардың сыртқы істер министріне ауызша және жазбаша сауал қоюға құқылары бар. Жыл сайын парламент СІМ-нің бюджеті туралы мәселелерді қарастырады. Ал бұл сыртқы саяси қызмет мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді.

Сыртқы істер министрі – Үкімет мүшесі және сыртқы саясат жөнінде Президенттің бас консультанты болып саналады, мемлекеттік қорғаныс комитетінің құрамына кіреді. Ол Францияның күнделікті дипломатиялық қызметін басқарып, шетелдің үкімет басшыларымен келіссөздер жүргізіп отырады. Апта сайын үкімет отырысында халықаралық проблемалар жөнінде баяндама жасайды. Барлық француз министрліктерінің халықаралық мәселелер жөнінде бір сыртқы саяси бағытты ұстануын қамтамасыз ету Сыртқы істер министріне жүктелген. Министр мемлекеттік барлау және сыртқы барлау (контрразведка) қызметімен тұрақты байланыста.

Күнделікті жұмыста оған кабинет мүшесінің құрамы көмек беріп отырады. Олар басты проблемаларға назар аударып, жеделхат, есеп, хаттар, анықтамалар арасынан маңызды ақпарат жинастырады. Министр Кабинетінің қызметкерлері тұрақты түрде Президенттің бас хатшылығымен байланыста болады. Министрдің жанында Сараптау және болжау орталығы, франко-герман мәселесі бойынша министрлік аралық комиссия, діни проблемалар бойынша кеңесші жұмыс істейді.

1998 жылы Сыртқы істер министрлігіне Ынтымақтастық істер жөніндегі министрлік қосылып, бірлескен министрліктің құрамы 9500 адам болды. Оның 3800 қызметкері Орталық аппаратта, 4400 адам шетел елшіліктерінде, қалғаны мәдениет, француз тілін тарату мекемелерінде қызмет атқарады. Ресми түрде сыртқы саяси ведомстваның аты – Франция Республикасы Сыртқы және еуропалық істер министрлігі деп аталады. Еуропа істері жөніндегі Мемлекеттік хатшы және Ынтымақтастық пен франкофония істері жөніндегі Мемлекеттік хатшы тікелей Министрге бағынады.

Министрлікте Еуропалық ынтымақтастық, континентальды Еуропа, Африка және Үнді мұхиты, Солтүстік Африка және Таяу Шығыс, Америка және Кариб теңізі, Азия мен Океания секілді территориялық департаменттер бар.

Басқа мемлекеттердің сыртқы істер министрлігінің құрылымымен салыстырғанда, Францияда министр орынбасарларының институты жоқ еді. 2010 жылы жаңа Еуропалық қатынастар мәселелері бойынша министрдің орынбасары тағайындалды. Орталық аппаратта министрден кейінгі екінші қызметтік тұлға бас хатшы болып табылады. Бас хатшы қызметіне халықаралық жағдайды жақсы білетін, орталық аппарат пен шетел мекемелері ұйымдастыру салаларының білікті маманы болып табылатын тәжірибелі елші тағайындалады. Ол дипломатиялық ведомствоның әкімшілік басқару функциясын атқарады. Бас хатшының келісімінсіз, министр өз бетінше шешім қабылдамайды.

Бас хатшының орынбасары дирекцияның басқарушысы болып табылады. Министрлік құрамының саяси мәселелер мен қауіпсіздік бойынша, әкімшілік мәселелер, халықаралық ынтымақтастық және даму бойынша үш бас дирекциясы бар. Саяси мәселелер мен қауіпсіздік мәселелері бойынша бас дирекцияға Біріккен Ұлттар Ұйымы және халықаралық ұйымдар департаменті; стратегиялық істер, қауіпсіздік пен қарусыздану департаменті; әскери ынтымақтастық мәселелері және қорғаныс департаменті жатады. Халықаралық ынтымақтастық және даму бас дирекциясы халықаралық ынтымақтастық пен даму саясатын жоспарлайды. Шетелдермен техникалық ынтымақтастық орнатып, олардың экономикалық, әлеуметтік дамуына ықпал ететін шараларды анықтайды және жүзеге асырады.

Франция СІМ-нің құрамына қосымша протокол қызметі; экономикалық және қаржы департаменті; халықаралық қаржы және сауда-

экономика мәселелері бойынша, қоршаған ортаны қорғау туралы; шетелдегі француздар мен Франциядағы шетел азаматтары жөніндегі мәселелер департаменті; заң департаменті; байланыс және ақпарат басқармасы кіреді.

Министрліктің Халықаралық ынтымақтастық және дамудың бас дирекциясы халықаралық байланысты кеңейту саясатын жоспарлайды. Шет елдермен техникалық ынтымақтастықты, олардың экономикалық, сыртқы сауда, әлеуметтік дамуына ықпал ететін шараларды анықтайды және жүзеге асырады.

СІМ-нің мәдени ынтымақтастық және француз тілі департаменті мәдениет, опер, француз тілін оқыту мен шетелге тарату салаларында жобалар дайындап, оларды іске асырады. Шет елдерде француз тілін оқыту бойынша агенттік пен «Альянс франсез» қауымдастығының стратегиясын анықтайды және қызметін бақылайды.

Мәдени ынтымақтастық және француз тілі департаменті мәдениет, опер, француз тілін оқыту және тарату салаларында бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырады. Елшіліктер француз мекемелеріне, атап айтқанда Өртістік қызметтің француз қауымдастығына, мәдениет, опер адамдарына қолдау жасайды.

Дипломатия қызметкерлері «А», «В», «С» деп үш санатқа бөлінеді. «А» санатына уәкіл, кеңесші және сыртқы істер министрлігінің хатшылары мен кеңесшілері, аудармашылар; «В» санатына – әкімшілік хатшылар, шифрлік байланыс қызметкерлері мен әлеуметтік мәселелер бойынша ассистенттер; «С» санатына техникалық құрам кіреді. Олар: стенографистер, есепшілер, мамандандырылған жұмысшылар және т.б.

## 13.2. Шығыс елдерінің сыртқы істер ведомстволары

### *Египет Араб Республикасы*

Египет Таяу Шығыстағы ең ірі араб мемлекеті ретінде өткен заманнан бері белсенді сыртқы саясат жүргізіп келеді. XIX ғасырда Мысырдың сыртқы саясатын патша Мұхаммад Али құрған «Сыртқы істер диваны» (кеңсесі) атқарды. Оның негізгі мақсаты – елдің сыртқы және ішкі істері, сонымен қатар сыртқы сауда мәселелерімен шұғылданду.

Египет 1922 жылы 22 ақпанда Британиядан тәуелсіздік алып, 1922 жылғы 15 наурызда Сыртқы істер министрлігі қайта құрылды. Министрлік негізгі 4 департаменттен тұрды: министрдің диваны; саяси және сауда істері департаменті; консулдық департаменті; әкімшілік департаменті.

1952 жылғы шілде революциясынан кейін министрліктің құрылымына бірқатар өзгерістер енгізілді. Президент Гамаль Абдель Насер патшалық дәрежелер мен атақтарды жойып, жаңа республикалық ди-

пломатия жүйесін құрды, араб елдерін біріктіретін ұлтшыл саясат жүргізді. Сонымен қатар, антиимпериалистік, социализм елдерімен жақындасу саясатын жүргізді. 1955 жылғы 21 қыркүйекте елдің сыртқы саясатын жүзеге асыруда Министрліктің рөлін айқындайтын №453 заң қабылданды. 1966 жылы министрліктің жанынан Дипломатиялық зерттеулер институты құрылып, аталған институт бүгінгі күнге дейін дипломаттар дайындауға өз үлесін қосуда.

Президент Хосни Мұбарак Сыртқы істер министрлігіне реформа жасады. Бұрынғы «Біріккен Араб Республикасы» мемлекетінің атын «Египет Араб Республикасы» деп өзгертті. Вена дипломатиялық және консулдық конвенцияларына сәйкес болу үшін 1982 жылы «Дипломатия мен консулдық қатынастар туралы» №45 жаңа заң шығарды. Заң бойынша, СІМ елдің Министрлер Кабинетінің бағыты бойынша барлық сыртқы қатынастарды жүргізуге жауалты. Ол әлемдік үрдістерге әсер ететін саясат, экономика, мәдениет және ғылым салалары бойынша маңызды ақпараттар жинауда маңызды рөл атқарады. Оған қоса, министрлік сыртқы саясатты жоспарлау мен жүзеге асыруды, шетелдермен байланыс жасайтын басқа мемлекеттік органдармен үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Мысырдың дамуына негіз болатын жағымды инвестициялық климатты орнықтыру, экономикалық қолдау мен көмек тарту, жаңа технологияларды игеру және өзге де даму шараларын жүргізуде Сыртқы істер министрлігі маңызды рөл атқарады. Осы шараларды нәтижелі үйлестіру әрі басқару мақсатында министрлік жүйесінде халықаралық ынтымақтастық және экономикалық қатынастарға маманданған бөлімдер құрылды.

Африка және Араб елдерімен тұрақты ынтымақтастық Африкалық одақ және Араб мемлекеттерінің лигасы секілді аймақтық беделді ұйымдардың шеңберінде жүзеге асырылады. Египет дипломатиясы екіжақты тұрақты консультациялар өткізу, түрлі салалардағы қатынастарды нығайту, тәжірибе алмасу, келіссөз жүргізуді кең пайдаланады. Стратегиялық әріптестерінің ішінде АҚШ, Ұлыбритания мен Франция және басқа да Еуропа елдерінің алатын орны зор.

Египет СІМ-нің басшылық құрамына министр және министрдің 20 көмекшісі кіреді, ал құрылымында 8 департамент, 9 бөлім және 2 дирекция бар. Әрбір министрдің көмекшісі жеке территориялық және функционалдық салаларды басқарады. Министрдің көмекшісі деген дәрежесі бола тұра, олар әрқайсысы жеке функционалдық қызметтерді атқарады. Мәселен, Дипломатиялық зерттеу институтының директоры, халықаралық институттар мен ұйымдар мәселелері, мәдениет, халықаралық ынтымақтастық және экономикалық мәселелері, протокол департаментінің директорлары, сонымен қатар министрдің көмекшілері болып есептеледі.

Территориалдық географиялық бөлімдерді, атап айтқанда, Батыс араб елдері (Магриб елдері) және Либия мемлекеттеріне арналған, Еуропалық



Одақ пен Шығыс Еуропа мемлекеттері, АСЕАН және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері, Шығыс араб мемлекеттері (Машриқ елдері), Батыс Еуропа мемлекеттері, Шығыс және Оңтүстік Еуропа мемлекеттері, Батыс және Орталық Азия мемлекеттері министр көмекшісінің орынбасарлары басқарады. Египет сыртқы саясат ведомствосы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі елдермен қатынастарды тереңдету мақсатында Техникалық ынтымақтастық қорын құрған. Онда жыл сайын ТМД елдерінің жүздеген мемлекет, ішкі істер қызметкерлері, саяси, гуманитарлық саладағы мамандары өз біліктілігін көтеру курстарында оқиды. Аталмыш қордың екінші аналогі Африка елдеріне арналады. Сыртқы істер министрлігі Білім министрлігімен, Аль-Азхар университеті және Ислам жоніндегі жоғарғы кеңеспен бірлесе отырып, Азия, Африка елдеріне жоғары оқу орындарға көп стипендия тағайындайды және көне мысыр мәдениетін шет елге таныстыру жұмысымен айналысады.

Қазіргі кезеңде Мысырдың сыртқы саяси мекемесі БҰҰ және оның мамандандырылған ұйымдарымен тығыз қатынастар орнатқан. Азия, Африка және Еуропада Мысыр дипломатиясының ролі жоғары. Каирде Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен ірі халықаралық конференция, семинар, кездесулер және басқа да форумдар жиі өткізіледі.

### *Израиль Мемлекеті*

Көне заманнан бастап яһудилер әлемге жайылып кеткен халық еді. Израиль мемлекет болып тек 1948 жылы құрылды. Сондықтан Израиль Сыртқы істер министрлігінің үлкен дипломатиялық тарихы, қалыптасқан салт-дәстүрі болған жоқ. Сыртқы саясат министрлігінің құрылымы негізінен еуропалық үлгіде құрылды және еуропалық дипломатиялық тәсілдерді пайдаланды. Біраз дипломаттары мен барлау қызметкерлерін АҚШ, Франция, Италия, Испанияда оқытып алды.

1948-1949 жылдардағы араб-еврей соғысында Иерусалимнің жартысын, ал 1967 жылғы маусымда қалған мұсылман палестиндықтар тұратын қала бөлігін толығымен жаулап алып, Иерусалимді Израильдің астанасы етіп заңсыз жариялады. Бірақ, бұл шешімді БҰҰ-ға мүше мемлекеттер мойындамай, барлық елшіліктер ресми астана Тель-Авив қаласына орналасты, тіпті Израильдің қолдаушысы, одақтасы – Американың елшілігі де Тель-Авивте отыр. Бүгінде Израиль Сыртқы істер министрлігі 1947 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының шешіміне қайшы келетін халықаралық әкімшілік статусы бар Иерусалим қаласында орналасқан, ал Тель-Авивте Сыртқы істер министрлігінің филиалы бар. Халықаралық өмірде СІМ үлкен үгіт, насихат жұмысын атқаруда. Оған әлемдік сионизм идеологиясын дөріптеу, дүние жүзіндегі еврейлерді Израиль мемлекетіне жәрдем беруге шақыру, қолдауды ұйымдастыру тапсырылған. Израиль елшіліктері сол мақсатта шет елдегі жергілікті еврей мәдени-гуманитарлық, сионистік, иудаизм діни ұйымдарын,

қоғамдарды пайдаланады. Еврей дипломаттары шет мемлекеттерде және халықаралық ұйым, конференция, форумдарда Израильдің ішкі саясатын, араб елдерінің жерлерін оккупациялау, Палестина халқын отарлау саясатын ақтаумен, арабтардың ұлт-азаттық күресін қасақана терроризмге айналдыру мәселелерімен шұғылданады.

XX ғасырдың 60-жылдары Израиль Таяу Шығыстағы ядролық қаруы бар жалғыз мемлекетке айналған соң, біраз араб территориясын жаулап алып, сыртқы саясаты имперлік-басқыншыл бағыт алды. Соған байланысты, министрліктің құрамы, атқаратын міндеттері де өзгерді. Халықаралық аренада Израиль дипломатиясы әскер жаулап алған жерлерді оккупациялау, заңдастыру әрекеттерімен шұғылданды.

Сыртқы істер министрлігі Израиль үкіметінің сыртқы саясатын тұжырымдайды және жүзеге асырады. Министрлік шетелдегі еврей диаспорасы қоғамдастықтарымен қатынастарын кеңейтіп, шет мемлекеттердегі өз азаматтарының құқықтарын қорғайды.

Израиль парламенттік мемлекет, яғни сайлауда жеңген партия үкіметті құрайды. Елде оннан астам партия болғандықтан және халық сионизм, иудаизмнің алуан түрлерін ұстануына байланысты, бір де бір партия 50% -дан астам дауыс ала алмайды. Сондықтан үкімет бірнеше партиядан құралған коалиция негізінде болады, яғни министр кәсіби дипломат болмайды. Ол техникалық, гуманитарлық салалардың маманы не болмаса таза саясаткер болуы мүмкін. Министр жалпы сыртқы саяси бағытты жүргізеді, шарттарға, ресми құжаттарға қол қою құқы бар, бірақ министрліктің ішкі жұмысына араласпайды. Министрліктің штатында министрдің орынбасары деген лауазым белгіленбеген. Мекеменің аппаратын, бюджетін басқару, үкіметтің шешімдерін дипломатиялық тәсілдермен жүзеге асыру, сыртқы стратегиялық жоба, сараптама жасау, дипломатиялық корпуспен жұмыс істеу министрліктің Бас директорына жүктелген.

Бас директордың офісі министрлікті басқарудағы түрлі әрекеттерді жүргізеді. Атап айтқанда, күнделікті міндеттерді орындау, арнайы операцияларды іске енгізу және қадағалау, сондай-ақ, басқа министрліктермен байланысты үйлестіру. Бірінші кезекте СІМ Қорғаныс министрлігі және оның «АМАН» әскери барлауымен, «МОССАД» сыртқы барлау қызметі және «ШАБАК» ішкі барлау қызметімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бас директордың офісіне 5 бюро тәуелді:

– Үйлестіру бюросы: бөлімдер, арнайы операциялар, әлемдік жағдай кабинеті, ақпараттық орталық, хабарлама, арнайы әрекеттерді үйлестіру;

- Протокол және ресми қонақтар;
- Әлемдік еврейлік іс-әрекеттері;
- Иудаизм діни істері;
- Персоналды оқыту және дамыту бюролары.

Сонымен қатар, 3 бюро министрлікке тікелей бағынады: Консулдық істер, Саяси жоспарлау, Аймақтық қауіпсіздік және қару-жараққа бақылау.

Министрліктің келесі құрылымын Бас директордың атқарушы өкілі басқарады. Таяу Шығыс басқармасы израиль-араб қатынастары мәселелерімен шұғылданады:

- Иордания бөлімі;
- Солтүстік Африка, Сирия және Ливан бөлімі;
- Парсы шығанағы елдері бөлімі;
- Египет бөлімі;
- Палестина істері бөлімі;
- Иерусалим істері бөлімі;
- Таяу Шығыс жобалары бөлімі;
- көпжақты үйлестіру бөлімі.

Солтүстік Америка басқармасы Құрама Штаттармен және Канадамен жұмыс істейді.

Батыс Еуропа басқармасында 4 бөлімше бар:

- Еуропа 1 (Португалия, Германия, Испания, Франция, Бенилюкс елдері және Италия);

Еуропа 2 (Түркия, Кипр, Грекия, Мальта, Швейцария және Австрия);

- Еуропа 3 (еуропалық ұйымдар, НАТО, Еуропа Кеңесі және Еуропалық Одақ);

- Еуропа 4 (Ұлыбритания, Ирландия, Швеция, Норвегия және т.б.).

Орталық Еуропа және Еуразия басқармасында 2 бөлімше қамтылған:

1) Орталық Еуропа;

2) Еуразия (Ресей, Украина, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Озбекстан және т.б.).

Азия және Тынық мұхит басқармасында Оңтүстік Шығыс Азия (Үндістан, Вьетнам, Индонезия, Малайзия, Пәкістан және т.б.), Солтүстік Шығыс Азия (Қытай, Жапония, Моңғолия және т.б.)

Африкалық басқарма 2 бөлімшеден тұрады: 1) Солтүстік және Орталық Африка елдері; 2) Оңтүстік Африка елдері.

Халықаралық ұйымдар және Біріккен Ұлттар Ұйымы басқармасында 3 бөлімше бар: 1) Халықаралық ұйымдар, жұмысшы күш, денсаулық, ЮНЕСКО және т.б.; 2) БҰҰ-ның саяси мәселелері, Бас Ассамблея және Қауіпсіздік Кеңесі және т.б.; 3) Экономика, ЮНКТАД және т.б.

Экономикалық басқармада 4 бірлік бар. Халықаралық ынтымақтастық оқыту орталығында (MASHAV), ақпарат және БАҚ бөлімшесі, мәдени және ғылыми істер бөлімшесі бар.

Заң басқармасы дипломатиялық, әкімшілік құқық, келісімдер, халықаралық құқық, экономикалық құқық, жалпы заң бөлімі және консулдық істер жөніндегі бөлімдерден тұрады. Айта кету керек,

Израильдің сыртқы істер министрі өзгеруіне байланысты, министрліктің құрылымы өзгеріп тұрады.

Көп Азия, Африка мемлекеттері Израиль үкіметінің агрессивтік саясатына қарсы бойкот жасады, сондықтан Тель-Авивтің сұрауы бойынша, ол еуропалық сауда-экономикалық ұйымдарына, конференцияларына қатысады және халықаралық спорт жарыстарында еуропалық жүйеге кіреді.

### *Жапония*

Жапонияның дипломатиялық қызметі мемлекеттік институт ретінде 1868 жылы «Мэйдзиді қайта жаңғыртудан» кейін құрыла бастады. ХХ ғасырдың басынан бастап Жапония көптеген жылдарға созылған оқшаулануын тоқтатып, әлемдік саясатқа белсене араласа бастады. Азия, Тынық мұхит аумағында Токионың дипломатиялық, әскери, мәдени саясаты мықты болды.

1905 жылы Жапония шет елдерде алғашқы елшіліктерін аша бастады. Бастапқы кезеңдерде дипломатиямен қоса, сыртқы сауда мәселелері де қамтылды. Виза, лицензия беру және ноталармен алмасу жүріп жатты. Саяси мәселелерді шешу барысында дипломатиядан гөрі әскери басшылық шешуші рөл атқарды. 40-жылдары Жапония Германия және Италиямен саяси-әскери одақ құрып, Азия континентінде үстемдік жасады. Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшыраған ел үшін жаңа дипломатия жүргізу қажет болды. Қазіргі кездегі Жапония дипломатиясы ХХ ғасырдың 40-50-жылдары қайта құрылып, демократиялық принцип негізіндегі мемлекеттік қызметтің бірегей жүйесі енгізілді.

1946 жылы 3 қарашада қабылданған Конституцияның 9-бабына сәйкес, Жапония соғысты сыртқы саясатты жүргізу құралы ретінде қолданудан бас тартты. Бұл бап «Соғыстан бас тарту» деп аталады. Жапон дипломатиясының құқықтық негізін 1947 жылғы «Жапония мемлекеттік қызметі туралы» және 1948 жылы қабылданған «Мемлекеттік әкімшілікті ұйымдастыру туралы» заңдар құрайды. Осы заңнамаларда мемлекеттік қызмет болып саналатын дипломатияның да принциптері белгіленген.

1951 жылғы 1 желтоқсанда «Сыртқы істер министрлігін қайта құру туралы» және 1952 жылғы 31 наурызда «Дипломатиялық қызметкерлер туралы» дипломатиялық қызметке қатысты арнайы заң актілері қабылданды. Осы заңдарға сәйкес, министрліктің функциялары мемлекеттік-әкімшілік және ведомстволық (ішкі министрлік жұмыстары) болып екі топқа бөлінген. Бірінші топтағының мақсаттары: сыртқы саяси бағыт құрып, үкіметтік жоспарларды жүзеге асыру; сауда және теңіз салаларында мемлекеттің мүддесін қорғау және алға ілгерілету; экономикаға және шет елдердегі жапон ғылыми-техникалық фирмаларының өкілдіктеріне қолдау көрсету; дипломатиялық және

консулдық өкілдерді шетке жіберу және басқа мемлекеттердің сыртқы саяси миссияларын қабылдау; Біріккен Ұлттар Ұйымы және өзге де аймақтық ұйымдармен ынтымақтастық орнату мен халықаралық конференцияларға қатысу; Жапонияның сыртқы және ішкі саясаты туралы ақпарат тарату және шет мемлекеттермен мәдени байланыстарды дамыту; сыртта жүрген жапон азаматтарының мүддесін қорғау. СІМ-ге шарттар және басқа құжаттарды, мұрағатты сақтау, кадр мәселелерін шешу, елшіліктерді басқару, мемлекеттік протоколды ұстану және тағы басқа іс-әрекеттер міндеттеледі.

1999 жылы 16 шілдеде Жапония СІМ туралы Заңның жаңа редакциясы бекітілді. Бұл заң Жапонияның халықаралық қоғамдастықта байсалды саяси мәртебесі бар, әлемдегі екінші экономикалық держава ретінде қазіргі сыртқы саяси қызметінің болмысына жақынырақ және тұжырымды болды. Заң 4 бөлім, 13 баптан тұрады. Бірінші бөлімде заңның мақсаттарына қатысты жалпы ережелер, екінші бөлімінде «СІМ-нің міндеттері мен ведомстволық функциялары» туралы жазылған.

СІМ-нің міндеттеріне тұрақты және қауіпсіз әлемдік қоғамдастықты сақтауға ықпал ете отырып, қолайлы халықаралық ахуалды құру мақсатында пақты және белсенді іс-шаралар қолдану, сондай-ақ, үйлестірілген халықаралық байланыстарды қолдап және дамыта отырып, әлемдік қоғамдастықта Жапония мен жапон халқының мүдделерін алға тартуға ұмтылыс жасау жатады.

**Жапонияның сыртқы саясаттағы басымдылықтары:**

- жапон мемлекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- сыртқы сауда, экономикалық байланыстар;
- экономикалық ынтымақтастық;
- халықаралық мәдени және басқа да алмасулар.

Заңның 2-бабы, 2-тармағы бойынша, СІМ-нің «саяси міндеттеріне» келіссөздер жүргізу, Жапон үкіметінің атынан шет мемлекеттердің үкіметтерімен ынтымақтастықты жүзеге асыру және басқа да шет елдерге қатысты мәселелерді шешу жатады.

СІМ-нің, сондай-ақ, халықаралық ұйымдар мен конференцияларға қатысу, шарттар жасасу, оларды орындау, сыртқы саяси ақпаратты жинау және талдау, шет елдер мен ұйымдар туралы зерттеу жүргізу, Жапонияның экономикалық мүдделерін қорғау және алға тарту, визалық және консулдық функциялар, түрлі протоколдық және мұрағаттық мәселелері бойынша бұрынғы функциялары сақталып қалды.

Заңның үшінші бөлімі министрліктің ұйымдастыру құрылымына арналған. Министрден басқа, оның екі орынбасары мен протокол шефі тағайындалуға тиіс. Бұл заңнамалық ереже СІМ жұмысының ерекшелігін ескере отырып енгізілген. Министр орынбасарының біреуі – саяси, екіншісі – экономикалық мәселелерге жетекшілік етеді. Протокол шефінің ерекше мәртебесі шет мемлекеттер басшылары мен жоғары мәртебелі қонақтарды ресми қабылдау іс-шараларының көптігіне байла-

нысты қажет. Министрліктің басқа штаттық құрылымдары мемлекеттік қызметін реттеуші жалпы заң ережелері негізінде құрылады.

Сонымен қатар, Жапонияның шет елдегі мекемелеріне қатысты баптар бар. Елшіліктер, миссиялар, бас консулдықтар, консулдықтарды және үкіметтік өкілдіктерді Төтенше және Өкілетті Елшілер, Төтенше және Өкілетті Үкілдер, Бас консулдар, консулдар басқарады.

Үкімет министрді, оның екі орынбасары мен протокол басшысын тағайындайды. 2007 жылдың басында Жапония сыртқы істер министрлігінде 5300-дей адам қызмет атқарды, оның 2100-і – орталық аппаратта, 3200-і шет елдердегі дипломатиялық миссияларда. Шетелде 115 елшілік, 72 бас консулдық пен ресми өкілдіктер бар.

Ведомствода үш деңгейлік құрылым жұмыс істейді: министр – департамент (не басқарма) бөлім. Министрдің қызметіне кадрлы дипломат емес, басқарушы партияның мүшесі және парламент депутаты, атақты саясаткер тағайындалады. Министр депутат ретінде өз жұмыс кестесін парламенттік сессиямен ақылдасып, парламент отырыстарына қатысады. Министрлікте екі статс-секретарь жұмыс істейді, олар министр елде болмаған уақытта оның орнына шешім қабылдай алады және депутаттардың сауалдарына жауап береді. Министрлік аппараты басқарумен министрдің хатшылығы айналысады. Хатшылыққа кадр, ақпараттық байлаңыс, бухгалтерлік есеп, шетел мекемелері мен жұмыс істеу бөлімдері және т.б. жатады. Орталық аппаратта құзыреттеріне байлаңысты басқару сатылары былайша бекітілген: министр – министрдің бірінші орынбасары – министрдің орынбасары – департаменттің бас директоры – департамент директорының орынбасары – бөлім бастығы – бөлім бастығының орынбасары – бөлім бастығының көмекшісі – бөлім қызметкері. Министрлік жұмысында компьютер және заманауи теле, видеобайлаңысты кең түрде қолданады, әлемдік жаңалықтар, ақпаратты тарату, оны талдау жақсы жолға қойылған.

Сыртқы істер министрлігіне үміткерлер қызметке кірер алдында бірыңғай мемлекеттік емтихан тапсырады. Әдетте, дипломатия қызметіне Токио, Кэйо университеттерінен, Токио шет тілдер институтынан және өзге де беделді оқу орындарынан қабылданады. Қызметке аларда оның білім деңгейі, квалификациясы және әр адамның қабілеті тексеріледі. Министрлікте кадр ротациясы жүргізіледі, яғни дипломатиялық персоналды өзгертіп, жаңартып отырады. Кадр алмасу министрлік ішіндегі бөлімдермен ғана шектелмейді, сонымен қоса, Қорғаныс басқармасы, Экономика, сауда және өнеркәсіп, Қаржы министрліктерімен де кадр алмастырылып тұрады. Қызметкерлер сыртқы істер министрлігінің қарамағындағы Халықаралық проблема институты, Жапония халықаралық ынтымақтастық ұйымы, Жапон мәдени және гуманитарлық байлаңыс қорына тәжірибе жинау мақсатында жіберіліп, ведомствоға қайтарылып отырады.

Жапон дипломатиясының ерекшелігі ол министрлік жанында үкіметтік емес ұйымдармен байланыс жасау орталығы жұмыс істейді, жұртшылыққа сыртқы саясат туралы хабарлар етіп тұрады.

Министрлік дипломаттардың саяси-өлеуметтік, психологиялық аспектілерге де көңіл бөледі. Сыртқы істер министрлігі жыл сайын «Сыртқы саясат жөнінде көк кітап» шығарады. Онда мемлекеттің сыртқы саяси бағыты, шет мемлекеттермен жасасатын екіжақты шарттары, халықаралық ұйымдармен байланысы және халықаралық жағдайларға сараптама беріледі.

### *Қытай Халық Республикасы*

Қазіргі кездегі дипломатия 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылғаннан бұрын қалыптасты, яғни ол кезде Гомиьндан үкіметі шетел мемлекеттерімен кең байланыс орнатқан. Коммунистік Қытай құрылған соң дипломатиялық кадрлар жөнінде мәселе туындады. Бастапқыда Сыртқы істер министрлігінің кадрлар жинақтауы барысында оның құрамына Халықты азат ету армиясының саяси қызметкерлері, кейін партия органдарының өкілдері мен журналистері кірді. Бүгінде бұл ведомство халықаралық қатынас, өлемдік экономика мен халықаралық құқық салаларында білімі бар кадрлармен толықтырылған.

Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатын жүргізу Сыртқы істер министрлігіне жүктелген. Ол шет мемлекеттермен ресми дипломатиялық қатынастар орнату және елшілерді тағайындау, кері шақыртып алу, халықаралық шарттарға қол қоюға құқылы. Сыртқы саясаттың негізгі бағыты Қытай Коммунистік партиясы съездерінде, ҚКП Орталық Комитетінің Саяси бюросында бекітіледі. Орталық Комитеттің құрамында халықаралық байланыс бөлімі бар. Партия Орталық Комитетінің жанында «сыртқы істер жөнінде басқарушы топ» құрылған, ал Мемлекеттік Кеңестің (үкімет) жанында «сыртқы саясат жөнінде консультативтік-зерттеу тобы» жұмыс істейді. Басқа ірі державалардағыдай, осы ақылдасу-жобалау тобына тәжірибелі, қарт дипломаттар, саясаткерлер мен ғалымдар қатысады.

Қытайда дипломатиялық кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін жетілдіру оң жолға қойылған. Атап айтқанда, Дипломатия институты мен Дипломатия академиясында шет тілдерді оқытумен қатар, арнайы елтану және өлемдік проблемалар талдан оқытылады. Соңғы жылдары халықаралық қатынаста саяси мәселеден гөрі, сауда-экономикалық бағыттың күшеюін өскере отырып, барлық дипломаттарға экономикалық курс оқыту ұйымдастырылған. Барлық қызметкерлер қызметтік және кәсіби аттестациядан өтеді, ол партия комитеті және кадр басқармасының бақылауында болады. Дипломатиялық қызметкер Компартия мүшесі болуы керек. Сыртқы істер министрлігімен қоса мемлекеттік, партия және әскери делегациялардың шет елдерге сапар-

лары және жоғары деңгейдегі шетел делегацияларын қабылдау кезінде сыртқы саяси функцияларды атқарады.

Коммунистік партия елді билеуші және басқарушы партия болғандықтан, сыртқы істер министрлігі шетелдерде оның ұстанымын жүргізеді, халықаралық жағдайлар туралы ақпараттар дайындап береді. СІМ шетелдегі отақдастарымен байланыс жасау, барлық консулдық функцияларды атқарумен айналысады. Оған ішкі провинциялар, ұлттық автономиялық аймақ және орталыққа қарайтын қалалар деңгейіндегі кеңселер бағынышты. Англия отаршылдығынан қайтып алынған Гонконг қаласында, бүгінде қытайша Сянган Әкімшілік аймағында СІМ-нің өкілетті басқармасы бар. Қытайдың Сыртқы істер министрі бір мезгілде министрліктің партия комитетінің хатшысы болып саналады. Орталық аппаратта партиялық төртінші қадағалау комиссиясы бар, оған министрдің орынбасарлары, көмекшілері, заңгер, кеңесшілер кіреді.

Министрлікте 8 территориалдық департамент – Азия, Батыс Азия және Солтүстік Азия, Африка, Шығыс Еуропа және Орталық Азия, Батыс Еуропа, Солтүстік Еуропа, Солтүстік Америка және Океания, Латын Америкасы, Гонконг, Макао, Тайвань жөнінде жұмыс істейді. Және алты функционалды департамент бар: протоколдық, ақпараттық, халықаралық ұйымдар мен конференциялар, қаруға бақылау жасау, консулдық. СІМ-нің әкімшілік-техникалық жұмысына әкімшілік, валюта-қаржы, бақылау-тексеру, кадрлар, аударма бюросы, редакторлық-басылым бюросы, дипломат-ардагерлермен жұмыс жасау бюросы, шетелдегі қытай миссияларының жұмысымен айналысу бюросы жатады.

Сонымен қатар, министрліктің жанында халықаралық мәселелер жөнінде екі ведомстволық ғылыми-зерттеу институты бар. СІМ мемлекеттің дипломатиялық имиджіне айрықша көңіл бөледі. Қытай дипломаттары келіссөз барысында асықпай, өзінің ұстамдылығын байқатып, сондай-ақ, Қытайдың ұлы держава екенін ешқашан ұмытпай, әріптесінің есіне салып отырады. Олардың сыртқы саяси бағытта көздеген мақсаты – ҚХР-ды әлемдегі орталық күш деп санау және аз көлемдегі шығынмен халықаралық аренада өз мүдделерін жүзеге асыру. Осы мақсатта, СІМ ішкі ақпараттық басылымдар мен сыртқы саяси насихаттарға ықпал етеді. Министрліктің ақпараттық бөлімінен басқа, Үкімет жанындағы радио мен теледидардың бас басқармасының, «Синьхуа» агенттігі мен шетелдерде тұрақты корреспонденттері бар газеттердің рөлі жоғары.

Қызметкерлердің жұмыс істеген мерзіміне байланысты дипломатиялық дәрежелер беріледі. Жас маманға қызметке кіріскеннен үш жылдан соң аттас дәрежесі, үш жылдан кейін үшінші хатшы, тағы үш жылдан кейін – екінші хатшы дәрежесі беріледі. Осы дәрежеден бастап келесі дипломатиялық дәрежелер берудің мерзімдері бекітілмеген, одан әрі қызметкер дәрежесінің осуі оның қабілетіне байланысты. Жас мамандарды үш ай әр түрлі бөлімшелерде тәжірибе алуға жіберіп, кейін



оның қабілетіне қарап, министрлікке немесе шетелдегі елшіліктерге жұмысқа жібереді.

Қытайлықтардың бір өзгешелігі – Екінші хатшы дәрежесіне дейінгі дипломаттар ұзақ шетелдік іссапарға жұбайларсыз шығады. Сонымен қатар, оларға өзімен бірге балаларын алуға рұқсат етілмейді. Елшіліктер мен консулдықтардың қызметін бақылау үшін министрлік үнемі онда инспекторлар жіберіп отырады.

### *Өзбекстан Республикасы*

Өзбекстанның Сыртқы істер министрлігі Министрлер Кабинеті жүйесіне кіреді. Өзбекстан Конституциясына сөйкес, СІМ халықаралық құқық нормаларына негізделген сыртқы саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы.

Министрлік өз қызметін Республика Президентінің басқаруымен жүзеге асырады. Оның басты қызметі – мемлекеттің егемендік принциптерін және сыртқы саясатының бағыттарын жүзеге асыру, Өзбекстанның шетелдегі азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады. Елдің сыртқы саясатының стратегиясы жөніндегі мәселелерді, халықаралық проблемалар туралы ұсыныстарды әзірлейді, басқа министрлік, ведомстволардың халықаралық байланыстарды дамыту жөніндегі қызметін үйлестіреді, сыртқы экономикалық байланыстардың дамуына, оларға халықаралық қаржы ұйымдарымен байланыс орнатуға жәрдемдеседі; паспорттар мен виза құжаттамаларын ресімдейді, шетел мемлекеттері және халықаралық ұйымдармен келіссөздер жүргізіп, шарттар жасасады. Олий Мәжілісіне (Парламентке) мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялауға ұсынады.

Сыртқы істер министрінің бір бірінші орынбасары және төрт орынбасары бар. Министрлік құрылымының территориялық басқармаларына: Еуропа елдерімен ынтымақтастық басқармасы, АҚШ және Америка елдері басқармасы, Орта және Таяу Шығыс елдерімен ынтымақтастық басқармасы, Азия-Тынық мұхит аймағы елдері басқармасы, ТМД елдері және Ресей басқармасы жатады. Функционалдық қызметке: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы және Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылымдарымен ынтымақтастық басқармасы, БҰҰ мен халықаралық ұйымдар жөніндегі басқармасы, Мемлекеттік протокол, Шарттар және құқықтық басқармасы, Кадр және оқу мекемелері, Консулдық, Қаржы-экономикалық, Мәдени және гуманитарлық байланыстар басқармалары жатады. Министрліктің Талдау және сыртқы саяси қызмет стратегиясы бас басқармасы, прессекретары және баспасөз қызметі бар. Министрліктің жанында Байланысты қамтамасыз ету, компьютерлік система және интернет желісі басқармасы жұмыс істейді. Министрліктің Іс басқармасы және «Жа-

хон• ақпараттық агенттігі жұмыс істейді. Республика Сыртқы істер ведомствосына кадрлар даярлайтын және олардың біліктілігін арттыру мәселесімен Әлемдік экономика және дипломатия университеті шұғылданады. 2010 жылы шет елде Өзбекстанның 37 елшілігі мен 14 Бас консулдығы және консулдығы жұмыс істеді.

Өзбекстан сыртқы саясатының негізі – саяси, экономикалық, қаржылық бостандықты сақтау, сондықтан мемлекеттің үстінен қарайтын ТМД шеңберінде құрылған ұйымдарға кіруден бас тартады. Мәселен, өзбектер Ресей, Белоруссия, Қазақстан мүше болып табылатын Кедендік одаққа, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының әскери құрылымына кірмейді. Өзбекстан Президенті Орталық Азия Одағын құру әлі ерте деп есептейді, себебі аймақтағы мемлекеттердің саяси, экономикалық бағыттары мен даму деңгейлері әр түрлі.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік департаментінің қызметі туралы не білесіз?

2. Германия Федеративті Республикасы мен Германия Демократиялық Республикасы қай жылы қосылды? Біріккен Германияның Еуропадағы жаңа рөлі.

3. Франция Сыртқы және еуропалық істер министрлігінің құрылымы мен саяси бағытын айтып беріңіз.

4. Палестина – Израиль қақтығысындағы Египет дипломатиясының қазіргі саясаты.

5. Қытайдың Сыртқы істер министрі бір мезгілде министрліктің қандай лауазымын және не себепті атқарады?

## БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Ескертулер	
Пресамбула	
I тарау. Мақсаттары мен принциптері	1-2 баптар
II тарау. Ұйымның мүшелері	3-6 баптар
III тарау. Органдары	7-8 баптар
IV тарау. Бас Ассамблеясы	9-22 баптар
V тарау. Қауіпсіздік Кеңесі	23-32 баптар
VI тарау. Дауларды бейбіт шешу	33-38 баптар
VII тарау. Бейбітшілікке төнген қауіпке, бейбітшіліктің бұзылуына және агрессия актілеріне қатысты іс-әрекеттер	39-51 баптар
VIII тарау. Аймақтық келісімдер	52-54 баптар
IX тарау. Халықаралық экономикалық және өлеуметтік ынтымақтастық	55-60 баптар
X тарау. Экономикалық және Өлеуметтік Кеңес	61-72 баптар
XI тарау. Өздігінен басқарылмайтын территорияларға қатысты декларация	73-74 баптар
XII тарау. Халықаралық қамқорлық жүйесі	75-85 баптар
XIII тарау. Қамқорлық жөніндегі Кеңес	86-91 баптар
XIV тарау. Халықаралық Сот	92-96 баптар
XV тарау. Хатшылық	97-101 баптар
XVI тарау. Түрлі қаулылар	102-105 баптар
XVII тарау. Өтпелі кезеңдегі қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар	106-107 баптар
XVIII тарау. Түзетулер	108-109 баптар
XIX тарау. Ратификация және қол қою	110-111 баптар

## Ескертулер

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына 1945 жылғы 26 маусымда Сан-Францискода өткен Халықаралық Ұйым құру жөніндегі Біріккен Ұлттар Конференциясының қорытынды отырысында қол қойылды. Жарғы 1945 жылғы 24 қазанда күшіне енді. Халықаралық Соттың Статуты Жарғының құрамдас бөлігі болып табылады. Жарғының 23, 27 және 61-баптарына енгізілген түзетулерді 1963 жылы 17 желтоқсанда Бас Ассамблея қабылдады және олар 1965 жылғы 31 тамызда күшіне енді. Бас Ассамблея 1965 жылғы 20 желтоқсанда қабылдаған 109-бапқа түзету 1968 жылғы 12 маусымда күшіне енді.

Жарғының 23-бабына енгізілген түзету Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын он бірден он беске дейін ұлғайтады.

Түзетілген 27-бап Қауіпсіздік Кеңесінің процедуралық мәселелер бойынша шешімінің, ол үшін тоғыз мүшенің дауысы (бұрын жеті) берілсе және барлық басқа мәселелер бойынша, ол үшін Қауіпсіздік Кеңесінің бес тұрақты мүшесінің сәйкес келген дауыстарын қоса алғанда, тоғыз мүшенің дауысы (бұрын жеті) берілсе, қабылданды деп саналуын көздейді.

61-бапқа енгізілген түзету Экономикалық және Өлеуметтік Кеңес мүшелерінің санын он сегізден жиырма жетіге дейін ұлғайтады. Осы бапқа енгізіліп, 1973 жылғы 24 қыркүйекте күшіне енген келесі түзету Кеңес мүшелерінің санын жиырма жетіден елу төртке дейін ұлғайтады.

109-баптың бірінші тармағына енгізілген түзету мүше мемлекеттердің Жарғыны қайта қарау мақсатында Бас конференцияны өткізу уақыты мен орнын белгілеу Бас Ассамблея мүшелерінің үштен екісінің дауыстарымен және Қауіпсіздік Кеңесінің кез келген тоғыз мүшесінің дауысымен (бұрын жеті) белгіленеді.

109-баптың Жарғыны қайта қарау мақсатында конференция шақыруды көздейтін 3-тармағы 1955 жылы өткізілген Бас Ассамблеяның оныншы кезекті сессиясында Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті сессиясында қаралды және оның «Қауіпсіздік Кеңесінің кез келген жеті мүшесінің дауыстарымен» деген бастапқы нұсқасы қалдырылды.

### **Преамбула**

#### ***БІЗ, ШЕШІМДЕРГЕ ТОЛЫ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ХАЛЫҚТАРЫ,***

болашақ ұрпақты біздің өмірімізде адамзатқа екі рет орны толмастай қайғы әкелген соғыс апатынан құтқару, және

адамның негізгі құқықтарына, адамның жеке басының ар-намысы мен құндылығына, ерлер мен әйелдердің тең құқылығы мен көп және аз ұлттардың теңдігіне деген сенімді қайта бекіту, және

шарттар мен халықаралық құқықтың басқа да көздерінен туындаған міндеттемелерге әділдікті сақтау және құрметтеу мүмкіндігіне жағдай жасау, және

өлеуметтік прогресс пен көбірек еркіндік жағдайда тұрмысының жақсаруына жәрдемдесу

#### ***ЖӘНЕ ОСЫ МАҚСАТТАРДА***

төзімділік танытуға және бір-бірімен мейірбан көрші ретінде бірге бейбіт өмір сүруге, және

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін біздің күшімізді біріктіруге, және

қарулы күштердің жалпы мүдделерден басқаға пайдаланылмауы үшін принциптер қабылдау мен әдістер белгілеуді қамтамасыз етуге, және

халықаралық аппаратты барлық халықтардың экономикалық және өлеуметтік прогресіне ықпал ету үшін пайдалануға,

## **ОСЫ МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН БІЗДІҢ КҮШ-ЖІГЕРІМІЗДІ БІРІКТІРУГЕ ШЕШІМ ЖАСАДЫҚ.**

Осыған сәйкес, біздің тиісті үкіметтеріміз Сан-Франциско қаласында жиналған, өздерінің тиісті формада болып табылатын өкілеттіктерін білдірген өкілдері арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының осы Жарғысын қабылдауға келісті және осымен «Біріккен Ұлттар» деген атпен халықаралық ұйымды құрады.

### **І ТАРАУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ**

#### **1-бап**

**Біріккен Ұлттар Ұйымы Мақсаттары:**

1. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және осы мақсатта әлемге төнген қауіп-қатердің алдын алу мен жою және басқыншылық актілерін немесе бейбітшілікті бұзатын басқа да бұзушылықтарды басу үшін тиімді ұжымдық шараларды қабылдауға және әділдік принциптері мен халықаралық құқыққа сәйкес бейбіт құралдармен бейбітшіліктің бұзылуына соқтыратын халықаралық даулар немесе жағдайларды бітістіру немесе шешуді;

2. Теңдік принциптерін құрметтеу және халықтардың өзін-өзі билеуі негізінде ұлттар арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуды, сондай-ақ жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту үшін басқа да тиісті шараларды қабылдауды;

3. Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуде, сондай-ақ адам құқығын құрметтеуді және пәсілі, жынысы, тілі мен дінінің айырмашылығынсыз, барлығы үшін негізгі бостандықты көтермелеу мен дамытуда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды, және

4. Осы ортақ мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың іс-әрекеттерін үйлестіру үшін орталық болуды көздейді.

#### **2-бап**

1-бапта көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Ұйым мен оның Мүшелері келесі Принциптерге сәйкес іс-әрекеттер жасайды:

1. Ұйым оның барлық Мүшелерінің егеменді теңдік принциптеріне негізделген;

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық Мүшелері олардың барлығына Ұйымның Мүшелері құрамына жататындықтан туындайтын құқық пен басымдықты жиынтықта қамтамасыз ету үшін, осы Жарғы бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін адал ниетпен орындайды;

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық Мүшелері өздерінің халықаралық дауларын халықаралық бейбітшілікке және қауіпсіздік пен әділдікке қатер төндірмеу үшін бейбіт шаралармен шешеді;

4. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық Мүшелері олардың халықаралық қатынастарында күшпен қауіп төндіруден немесе оны

аймақтық қол сұғылмаушылық немесе кез келген мемлекеттің саяси тәуелсіздігіне, сол сияқты қандай да бір басқа түрде Біріккен Ұлттар Ұйымының Мақсаттарымен үйлеспейтін күш көрсетуді қолдаудан бас тартады;

5. Осы Жарғыға сәйкес, Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық Мүшелері ол қолданатын барлық іс-әрекеттерде оған жан-жақты көмек көрсетеді және Біріккен Ұлттар Ұйымы превентивті немесе мәжбүрлеу сипатында кез келген мемлекетке қарсы қолданған әрекеттерін қолдап, оған қолдау көрсетуден бас тартады;

6. Ұйым халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін қажет болуы мүмкін болатындықтан, оның Мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер осы Принциптерге сәйкес іс-әрекет жасауын қамтамасыз етеді;

7. Осы Жарғы Біріккен Ұлттар Ұйымына мәні бойынша кез келген мемлекеттің ішкі құзыретіне жататын істерге ешбір шамада араласу құқығын бермейді және мұндай істерді Біріккен Ұлттар Ұйымы Мүшелерінен осы Жарғының тәртібімен шешуге ұсынуды талап етпейді; алайда бұл принцип VII тараудың негізінде мәжбүрлеу шараларын қолдануды қозғамайды.

## II ТАРАУ ҰЙЫМНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

### 3-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының бастапқы Мүшелері Сан-Францискода өткен Халықаралық Ұйым құру жөніндегі конференцияға қатысқан немесе бұдан бұрын 1942 жылғы 1 қаңтарда Біріккен Ұлттар Декларациясына қол қоя отырып, осы Жарғының 110-бабына сәйкес қол қойған және ратификациялаған мемлекеттер болып табылады.

### 4-бап

1. Ұйымның Мүшелігіне қабылдау осы Жарғының құрамындағы міндеттемелерді өзіне қабылдайтын және Ұйымның пайымдауынша, осы міндеттемелерді орындай алатын және орындауға ниет білдіретін барлық басқа бейбітсүйгіш мемлекеттерге ашық;

2. Ұйымның Мүшелігіне кез келген мұндай мемлекетті қабылдау Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблеяның қаулысымен жасалады.

### 5-бап

Егер Қауіпсіздік Кеңесі Ұйымның қандай да бір Мүшесіне қарсы превентивті немесе мәжбүрлеу сипатындағы әрекет қолданған болса, Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблея оған Ұйымның Мүшесі ретінде тиесілі құқықтар мен артықшылықтарды жүзеге асыруды тоқтата тұруға құқылы. Бұл құқықтар мен артықшылықтарды жүзеге асыруды Қауіпсіздік Кеңесі қалпына келтіре алады.

### **6-бап**

Осы Жарғының құрамындағы принциптерді жүйелі түрде бұзушы Ұйымның Мүшесі Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблея Ұйымынан шығарылуы мүмкін.

## **III ТАРАУ ОРГАНДАРЫ**

### **7-бап**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының бас органдары ретінде Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Қамқорлық жөніндегі Кеңес, Халықаралық Сот және Хатшылық бекітіледі.

2. Қажетті болып табылған көмекші органдар осы Жарғыға сәйкес құрылуы мүмкін.

### **8-бап**

Біріккен Ұлттар Ұйымы ерлер мен әйелдердің құқықтарына қатысты оның басты немесе көмекші ұйымдарына кез келген лауазымда және тең жағдайларда қатысуына ешқандай шектеу қоймайды.

## **IV ТАРАУ БАС АССАМБЛЕЯ Құрамы**

### **9-бап**

1. Бас Ассамблея Ұйымның барлық Мүшелерінен тұрады.

2. Ұйымның әрбір Мүшесінің өкілі Бас Ассамблеяда бестен артық болмайды.

### **Функциялары мен Өкілеттіктері**

### **10-бап**

Бас Ассамблея осы Жарғының аясындағы немесе осы Жарғымен көзделген кез келген органдардың өкілеттігі мен функцияларына жата-тын, 12-бапта айтылғандарды қоспағанда және кез келген мәселелерді немесе істерді талқылауға, Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе Қауіпсіздік Кеңесі Мүшелеріне немесе Ұйым Мүшелері де және Қауіпсіздік Кеңесі де кез келген осындай мәселелер мен істер бойынша ұсыныстар жасауға уәкілеттендіріледі.

### **11-бап**

1. Бас Ассамблея халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік, соның ішінде қарусыздандыру мен қару-жарақты реттеуді айқындау принциптерін қолдау ісінде ынтымақтастықтың жалпы принциптерін қарауға және осы принциптерге қатысты Ұйым Мүшелеріне немесе Қауіпсіздік Кеңесіне және/немесе Ұйым Мүшелері мен Қауіпсіздік Кеңесіне ұсыныс жасауға уәкілеттендіріледі.

2. Бас Ассамблея оның алдына Ұйымның кез келген Мүшесі немесе Қауіпсіздік Кеңесі немесе Ұйымға Мүше болып табылмайтын мемлекет қойған, 35-баптың 2-тармағына сәйкес, 12-бапта айтылғандарды қоспағанда, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қатысты кез келген мәселелерді талқылауға, мүдделі мемлекетке немесе мемлекеттерге немесе Қауіпсіздік Кеңесіне және мүдделі мемлекетке немесе мемлекеттерге кез келген осындай мәселелерге қатысты ұсыныс жасауға уәкілеттендіріледі. Ол бойынша іс-әрекет қабылдау қажет болатын кез келген мұндай мәселені талқылауға дейін немесе талқыланғаннан кейін Бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесіне береді.

3. Бас Ассамблея халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіруі мүмкін жағдайларға Қауіпсіздік Кеңесінің назарын аудара алады.

4. Осы бапта жазылған Бас Ассамблеяның өкілеттілігі 10-баптың жалпы мазмұнын шектемеуі тиіс.

### *12-бап*

1. Қауіпсіздік Кеңесі қандай да бір дауға немесе жағдайға қатысты оған осы Жарғымен жүктелген функцияларын орындаған кезде, егер Қауіпсіздік Кеңесі бұл туралы сұраныс жасамаса, Бас Ассамблея осы дауға немесе жағдайға қатысты қандай да бір ұсыныс жасай алмайды.

2. Бас Хатшы Қауіпсіздік Кеңесінің келісуімен, Бас Ассамблеяға оның әрбір сессиясында Қауіпсіздік Кеңесінің қарауында жатқан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қатысты барлық мәселелер туралы хабарлайды және дәл осындай түрде Бас Ассамблеяға хабарлайды, ал егер Бас Ассамблея отырыс жасамаса, онда Қауіпсіздік Кеңесі мұндай мәселелерді қарауды тоқтата салысымен, Ұйым Мүшелеріне дереу хабарлайды.

### *13-бап*

1. Бас Ассамблея мынадай мақсаттарда зерттеулерді ұйымдастырады және ұсыныс жасайды:

а) Саяси салада халықаралық ынтымақтастыққа қолғабыс көрсету және халықаралық құқықтың прогрессивтік дамуы мен оның кодификациялануын ынталандыру;

б) Экономикалық, әлеуметтік, мәдениет, білім және денсаулық сақтау салаларында халықаралық ынтымақтастыққа қолғабыс көрсету және адам құқығы мен нәсілі, жынысы, тілі және дінінің айырмашылығына қарамастан, барлығы үшін негізгі бостандықтарының жүзеге асырылуына жәрдемдесу.

2. 1b тармағында аталған мәселелерге қатысты бұдан арғы Бас Ассамблеяның міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері ІХ және Х Тарауларда айтылған.

### *14-бап*

12-баптың ережелерін сақтай отырып, Бас Ассамблея, Біріккен Ұлттардың Мақсаттары мен Принциптерін баяндайтын осы Жарғының ережелерін бұзу нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоса алғанда,



ұлттар арасындағы жалпы игілік немесе достық қарым-қатынастарды, Ассамблеяның пікірінше бұзуы мүмкін деген кез келген оқиғаны, оның шығу жағдайына қарамастан, бейбіт шешу жолдарын ұсынуға уәкілеттендіріледі.

#### **15-бап**

1. Бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесінің жыл сайынғы және арнайы баяндамасын алады және қарастырады; бұл баяндамаларда халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау бойынша Қауіпсіздік Кеңесі алдын ала қам жасаған немесе іске кіріскен шаралар туралы есеп қамтылуы тиіс.

2. Бас Ассамблея Ұйымның өзге органдарының баяндамаларын алады және қарастырады.

#### **16-бап**

Бас Ассамблея халықаралық қамқорлық жүйесіне қатысты, стратегиялық қатарына жатпайтын аумақтар үшін қамқорлық туралы келісімдерді бекітуді қоса алғанда, оған XII және XIII тараулар негізінде жүктелген функцияларды орындайды.

#### **17-бап**

1. Бас Ассамблея Ұйымның бюджетін қарайды және бекітеді.

2. Ұйым мүшелері Бас Ассамблея белгілеген бөлісі бойынша оның шығыстарын көтереді.

3. Бас Ассамблея 57-бапта айтылған мамандандырылған мекемелермен кез келген қаржылық және бюджеттік келісімдерді қарайды және бекітеді және осындай мамандандырылған мекемелердің әкімшілік бюджетін мүдделі мекемелерге ұсыныс жасау мақсатында тексереді.

### **Дауыс беру**

#### **18-бап**

1. Бас Ассамблеяның әрбір Мүшесі бір дауысқа ие.

2. Бас Ассамблеяның маңызды мәселелер бойынша шешімдері қатысып отырған және дауыс беруші Ассамблея мүшелерінің үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады. Бұл: халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қатысты ұсыныстар, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелерін сайлау, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің мүшелерін сайлау, Қамқорлық жөніндегі Кеңестің мүшелерін сайлау, 86-баптың 1-тармағына сәйкес, Біріккен Ұлттар Ұйымына жаңа мүшелерді қабылдау, Ұйым мүшелерінің құқықтары мен артықшылықтарын тоқтата тұру, оның мүшелерін Ұйымнан шығару, қамқорлық жүйесінің қызметіне қатысты мәселелер мен бюджеттік мәселелерді қамтиды.

3. Дауыстардың үштен екісі көпшілігімен шешуге жататын мәселелердің, қосымша категориядағы мәселелерді анықтауды қоса алғанда, басқа мәселелер бойынша шешімдер қатысушылардың және дауыс беруге қатысып отырғандардың жай көпшілігімен қабылданады.

### **19-бап**

Ұйымға ақшалай жарна төлеуден қарызы бар Ұйым Мүшесі, егер оның қарыз сомасы өткен толық екі жыл үшін одан алынуы тиіс жарнаның сомасымен бірдей немесе артық болса, Бас Ассамблеяда дауыс беру құқығына айырылады. Бас Ассамблея, егер төлемді уақытында төлемеу одан тәуелсіз себептерден болғанын мойындаса, Ұйымның мұндай Мүшесіне дауыс беруге қатысуға рұқсат етуі мүмкін.

### **Процедура**

#### **20-бап**

Бас Ассамблея жыл сайынғы кезекті сессияларға және жағдайлар талап еткенде, осындай арнайы сессияларға жиналады. Арнайы сессияларды Қауіпсіздік Кеңесінің немесе Ұйым Мүшелері көпшілігінің талап етуі бойынша Бас Хатшы шақырады.

#### **21-бап**

Бас Ассамблея өзінің жеке рәсім ережелерін белгілейді. Ол әрбір сессияға өз Төрағасын сайлайды.

#### **22-бап**

Бас Ассамблея өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажет деп санайтын көмекші органдарын құруға уәкілеттендіріледі.

## **V ТАРАУ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ Құрамы**

#### **23-бап**

1. Қауіпсіздік Кеңесі Ұйымның он бес мүшесінен тұрады. Қытай Республикасы, Франция, Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі мен Америка Құрама Штаттары Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері болып табылады. Бас Ассамблея, әсіресе бірінші кезекте, Ұйым Мүшелерінің халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мен Ұйымның басқа мақсаттарына қол жеткізуге қатысуы дәрежесіне, сондай-ақ әділ географиялық бөлісуге тиісті көңіл бөле отырып, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес өкілі ретінде Ұйымның басқа он Мүшесін сайлайды.

2. Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелері екі жылдық мерзімге сайланады. Қауіпсіздік Кеңесінің он бірден он беске дейін көбеюінен кейін тұрақты емес өкілдердің алғашқы сайлаулары кезінде төрт қосымша мүшелердің ішінен екеуі бір жылдық мерзімге сайланады. Қауіпсіздік Кеңесінен шыққан мүше дереу қайта сайлануға жатпайды.

3. Қауіпсіздік Кеңесінің әр мүшесінің бір өкілі болады.

**24-бап**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының жедел әрі тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру үшін оның Мүшелері Қауіпсіздік Кеңесіне халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін бас жауапкершілікті жүктейді және оның осы жауапкершіліктен туындайтын міндетін орындау кезінде Қауіпсіздік Кеңесі олардың атынан әрекет етеді деп келіседі.

2. Қауіпсіздік Кеңесі бұл міндеттерді орындау кезінде Біріккен Ұлттардың Мақсаттары мен Принциптеріне сәйкес әрекет етеді. Осы міндеттерді орындау үшін Қауіпсіздік Кеңесіне берілген тиісті өкілеттік VI, VII, VIII және XII тарауларда айтылған.

3. Қауіпсіздік Кеңесі Бас Ассамблеяның қарауына жыл сайынғы баяндаманы және қажеттілігіне қарай арнайы баяндаманы ұсынады.

**25-бап**

Ұйым Мүшелері осы Жарғыға сәйкес Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдеріне бағынуға және оларды орындауға келіседі.

**26-бап**

Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті әлемдік адам күштері мен қарулану үшін экономикалық ресурстарды ең аз көлемде тартумен орнатуға және қолдауға жәрдемдесу мақсатында Қауіпсіздік Кеңесі оларды Ұйым мүшелеріне ұсыну үшін 47-бапта көрсетілген Әскери-Штаб Комитетінің көмегімен қарулануды реттеу жүйесін құру жоспарын қалыптастыруға жауапты болады.

**Дауыс беру**

**27-бап**

1. Қауіпсіздік Кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие.

2. Қауіпсіздік Кеңесінің процедура мәселелері бойынша шешімдері ол үшін Кеңестің тоғыз мүшесі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

3. Қауіпсіздік Кеңесінің барлық басқа мәселелер бойынша шешімдері оларға Кеңестің барлық тұрақты мүшелерінің келіскен дауыстарын қоса алғанда, Кеңестің тоғыз мүшесі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Сонымен қатар, дауға қатысушы тарап VI тараудың негізінде және 52-баптың 3-тармағы негізінде шешім қабылдаған кезде дауыс беруден қалыс қалуы тиіс.

**Процедура**

**28-бап**

1. Қауіпсіздік Кеңесі үздіксіз жұмыс істейтіндей етіліп ұйымдастырылады. Осы мақсатта Қауіпсіздік Кеңесінің әрбір мүшесі үнемі Біріккен Ұлттар Ұйымы орналасқан жерде болуы тиіс.

2. Қауіпсіздік Кеңесі кезеңдік отырыстарға жиналады, оған оның әр мүшесі өз қалауы бойынша не үкіметтің мүшесі немесе қандай да бір ерекше тағайындалған өкілі қатысуы мүмкін.

3. Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы Ұйым тұрған жерде ғана емес, сол сияқты, Кеңестің пікірі бойынша, оның жұмысына аса тиімді басқа жерде де өткізілуі мүмкін.

#### **29-бап**

Қауіпсіздік Кеңесі өз функцияларын орындауға қажет деп санайтын көмекші органдар құра алады.

#### **30-бап**

Қауіпсіздік Кеңесі өзінің жеке процедуралық ережелерін, оның ішінде өз Төрағасын сайлау тәртібін орнатады.

#### **31-бап**

Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Ұйымның кез келген Мүшесі, Қауіпсіздік Кеңесі Ұйымының осы Мүшесінің мүддесі арнайы қозғалған деп тапқан барлық жағдайда, Қауіпсіздік Кеңесіне енгізген кез келген мәселені дауыс беру құқығынсыз талқылауға қатыса алады.

#### **32-бап**

Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Ұйымның кез келген Мүшесі немесе Ұйымға Мүше емес кез келген мемлекет, егер олар Қауіпсіздік Кеңесі қарайтын даудың қатысушы жағы болып табылса, осы дауға қатысты талқылауға дауыс беру құқығынсыз қатысуға шақырылады. Қауіпсіздік Кеңесі Ұйымға Мүше емес мемлекеттің қатысуы үшін оның алдына өзі әділ деп тапқан талаптарды қояды.

## **VI ТАРАУ ДАУЛАРДЫ БЕЙБІТ ШЕШУ**

#### **33-бап**

1. Жалғасы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қауіп төндіруі мүмкін кез келген дауға қатысушы Тарап дауды алдымен келіссөздер жүргізу, зерттеу, делдалдық, татуласу, арбитраж, соттық талқылау, аймақтық органдарға немесе келісімдерге жүгіну немесе өз қалауы бойынша өзге бейбіт құралдармен шешуге тырысуы тиіс.

2. Қауіпсіздік Кеңесі қажет деп санаған кезде, тараптардан олардың дауын осындай құралдардың көмегімен шешулерін талап етеді.

#### **34-бап**

Қауіпсіздік Кеңесі, халықаралық соқтығысуларға алып келетін немесе дау тудыратын кез келген дауларды немесе кез келген оқиғаларды, осы даудың немесе оқиғаның жалғасы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қауіп төндіруін анықтау үшін тексеруге уәкілеттендіріледі.

#### **35-бап**

1. Ұйымның кез келген Мүшесі 34-бапта көрсетілген сипаттағы кез келген дау немесе оқиға туралы Қауіпсіздік Кеңесіне немесе Бас Ассамблеяға хабарлауына болады.

2. Ұйымға Мүше болып табылмайтын мемлекет, егер оған алдын ала осы Жарғыда көзделген дауларды бейбіт шешу туралы міндеттемелерді жауапкершілігіне алатын болса, өзі қатысушы жақ болып табылатын кез келген дау туралы Қауіпсіздік Кеңесіне немесе Бас Ассамблеяның назарына жеткізе алады.

3. Бас Ассамблеяның оның назарына осы баптың негізінде жеткізілген істерді шешуі, 11 және 12-баптардың ережелерін ескерумен жасалады.

### **36-бап**

1. Қауіпсіздік Кеңесі 33-бапта көрсетілген сипаты бар даудың кез келген кезеңінде немесе осындай сипаттағы оқиғаға тиісті процедура немесе реттеу әдістерін ұсынуға уәкілеттендіріледі.

2. Қауіпсіздік Кеңесі осы дауды шешу үшін, тараптар қабылдаған кез келген процедураны назарға алады.

3. Осы баптың негізінде ұсыныс жасай отырып, Қауіпсіздік Кеңесі заң сипатындағы дауларды тараптар жалпыға бірдей тәртіп бойынша Соттың Статуттық ережелеріне сәйкес Халықаралық Сотқа беруі тиістігін назарға алады.

### **37-бап**

1. Егер тараптар 33-бапта көрсетілген сипатқа ие дауда оны осы бапта көрсетілген құралдармен шеше алмаса, олар оны Қауіпсіздік Кеңесіне жібереді.

2. Егер Қауіпсіздік Кеңесі осы даудың жалғасуы шын мәнінде халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қауіп төндіруі мүмкін деп санаса, ол 36-баптың негізінде іс-әрекет жасауды немесе ол дауды шешудің мұндай талабын лайықты деп тапса, осындай талапты ұсыруды шешеді.

### **38-бап**

Егер кез келген дауға қатысушы барлық тараптар бұл туралы сұраса, Қауіпсіздік Кеңесі 33-37-баптардың ережелеріне зиян келтірмей, осы дауды бейбіт шешу мақсатында тараптарға ұсыныс жасауға уәкілеттендіріледі.

## **VII ТАРАУ**

### **БЕЙБІТШІЛІККЕ ТӨНГЕН ҚАУІПКЕ, БЕЙБІТШІЛІКТІҢ БҰЗЫЛУЫНА ЖӘНЕ АГРЕССИЯ АКТІЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР**

### **39-бап**

Қауіпсіздік Кеңесі бейбітшілікке төнген кез келген қауіптің, бейбітшіліктің кез келген бұзылуын немесе агрессия актісінің барын анықтайды және ұсыныстар жасайды немесе 41 және 42-баптарға сәйкес, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау немесе қалпына келтіру үшін қандай шаралар қабылдау керектігін шешеді.

#### **40-бап**

Ахуалдың ушығуының алдын алу үшін Қауіпсіздік Кеңесі ұсыныс немесе 39-бапта көзделген шараларды қабылдау туралы шешім жасағанға дейін, ол мүдделі тараптардан қажет немесе қабылдануы дұрыс деп санаған уақытша шараларды орындауын талап етуге уәкілеттендіріледі. Мұндай уақытша шаралар мүдделі тараптардың құқықтарына, үмітіне немесе жағдайына зиян келтірмеуі тиіс. Қауіпсіздік Кеңесі осы уақытша шаралардың орындалмауын тиісті түрде ескереді.

#### **41-бап**

Қауіпсіздік Кеңесі оның шешімдерін жүзеге асыру үшін қарулы күштерді қолдануға байланысты емес қандай шаралар қабылдануы тиіс екенін шешуге уәкілеттендіріледі және ол Ұйым Мүшелерінен осы шараларды қабылдауды талап ете алады. Бұл шаралар экономикалық қатынастар, теміржол, теңіз, әуе, пошта, телеграф, радио немесе басқа да байланыс құралдарының толық немесе ішінара үзілісін, сондай-ақ дипломатиялық қатынастардың ажырауын қамтуы мүмкін.

#### **42-бап**

Егер Қауіпсіздік Кеңесі 41-бапта көзделген шаралар жеткіліксіз болады немесе қазірдің өзінде жеткіліксіз деп тапса, ол халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға немесе қалпына келтіруге қажет болып табылатын осындай әрекеттерді әуе, теңіз немесе құрлықтағы әскери күштермен жасауға уәкілеттендіріледі. Мұндай әрекеттер шешуге шығу, қоршауға алу немесе Ұйым Мүшелерінің әуе, теңіз немесе құрлықтағы әскери күштерінің басқа операцияларын қамтуы мүмкін.

#### **43-бап**

1. Ұйымның барлық Мүшелері халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау ісіне өз үлесін қосу үшін Қауіпсіздік Кеңесінің қарауына оның талабы бойынша және ерекше келісім немесе келісімдерге сәйкес, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қажетті қарулы күштерді беруге, көмек және өткел құқығын қоса алғанда, қызмет көрсетуге тиісті құралдарды беруге міндеттенеді.

2. Мұндай келісім немесе келісімдер әскер санын немесе түрін, олардың дайындық дәрежесін және олардың жалпы орналасуы мен ұсынылатын қызмет көрсету құралдары мен көмектің сипатын белгілейді.

3. Келісім немесе келісімдер жасау туралы келіссөздер Қауіпсіздік Кеңесінің бастамасы бойынша, мүмкіндігінше ең қысқа мерзімде жасалады. Олар Қауіпсіздік Кеңесі мен Ұйым Мүшелерінің арасында немесе Қауіпсіздік Кеңесі мен Ұйым Мүшелері топтарының арасында жасалады және оларға қол қойған мемлекеттердің олардың конституциялық рәсімдеріне сәйкес бекітуіне жатады.

#### **44-бап**

Қауіпсіздік Кеңесі күш қолдануға шешім қабылдаған кезде, Кеңеске мүше болып тұрақты кірмеген Ұйым Мүшесінен оның 43-баптың

негізінде қабылдаған міндеттемесін орындау үшін қарулы күшті беруін талап етпес бұрын, Қауіпсіздік Кеңесі, егер соңғысы ниет білдірсе, осы Ұйым Мүшесінің қарулы күштер контингентін пайдалануға қатысты Қауіпсіздік Кеңесінің шешімін қабылдауға қатысуға осы Ұйымның Мүшесін шақырады.

#### *45-бап*

Біріккен Ұлттар Ұйымы үшін шұғыл әскери шараларды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында, Ұйым Мүшелері бірлескен халықаралық мәжбүрлеу әрекеттер үшін ұлттық әскери-әуе күштерінің контингентін жедел дайындық жағдайда ұстауы тиіс. Бұл контингенттердің саны мен дайындық дәрежесін және олардың бірлескен іс-әрекеттерінің жоспарларын Қауіпсіздік Кеңесі Әскери-Штаб Комитетінің көмегімен 43-бапта айтылған ерекше келісім немесе келісімдер шеңберінде белгілейді.

#### *46-бап*

Қарулы күштерді қолдану жоспарларын Қауіпсіздік Кеңесі Әскери-Штаб Комитетінің көмегімен жасайды.

#### *47-бап*

1. Әскери-Штаб Комитеті Қауіпсіздік Кеңесіне халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және оның қарауына берілген әскерді пайдалану және оны басқару, сондай-ақ қарулануды реттеу мен болуы мүмкін қарусыздандыру ісінде Қауіпсіздік Кеңесінің әскери сұранымына қатысты барлық мәселелер бойынша кеңес беру және көмек көрсету үшін құрылады.

2. Әскери-Штаб Комитеті Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері Штаб Бастықтарынан немесе олардың өкілдерінен тұрады. Комитетке тұрақты кірмеген Ұйымның кез келген Мүшесі, егер Комитеттің міндетін тиімді жүзеге асыру осы Ұйым Мүшесінің Комитет жұмысына қатысуын талап ететін болса, оны Комитет ынтымақтасуға шақырады.

3. Қауіпсіздік Кеңесіне бағынышты Әскери-Штаб Комитеті Қауіпсіздік Кеңесінің қарауына берілген кез келген қарулы күштерге стратегиялық басшылық жасауға жауапты. Мұндай күштерге басшылық жасауға қатысты мәселелер кейінірек өзірленуі тиіс.

4. Әскери-Штаб Комитеті Қауіпсіздік Кеңесінің рұқсатымен және тиісті аймақтық органдардан консультация алғаннан кейін өздерінің аймақтық шағын комитетін құра алады.

#### *48-бап*

1. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мақсатында Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерін орындау үшін талап етілетін іс-әрекеттерді, Қауіпсіздік Кеңесінің қалай белгілеуіне байланысты, Ұйым Мүшелерінің бәрі немесе олардың кейбіреулері қолданады.

2. Мұндай шешімдерді Ұйым Мүшелері тікелей, сондай-ақ олардың оздері мүшелері болып табылатын тиісті халықаралық мекемелерде іс-әрекет жасауы арқылы орындайды.

#### **49-бап**

Ұйым Мүшелері ол туралы Қауіпсіздік Кеңесі шешім қабылдаған шараларды жүргізуде өзара көмек жасау үшін бірлесуі тиіс.

#### **50-бап**

Егер Қауіпсіздік Кеңесі қандай да бір мемлекетке қарсы превентивті немесе мәжбүрлі шаралар қолданса, алдында жоғарыда айтылған шараларды өткізуден туындаған арнайы экономикалық проблемалар тұрған әрбір мемлекет, Ұйым Мүшелігінде тұрған-тұрмағанына қарамастан, Қауіпсіздік Кеңесімен осындай проблемаларды шешуде консультация алуға құқығы бар.

#### **51-бап**

Осы Жарғы, егер Ұйым Мүшесіне қарулы шабуыл жасалса, Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қажетті шаралар қабылдағанға дейін жеке немесе ұжымдық өзін-өзі қорғаудың ажыратылмайтын құқығын қозғамайды. Өзін-өзі қорғау құқығын жүзеге асыру кезінде Ұйым Мүшелері қабылдаған шаралар дереу Қауіпсіздік Кеңесіне хабарлануы тиіс және Қауіпсіздік Кеңесінің осы Жарғыға сәйкес, кез келген уақытта халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қажет деп тапқан мұндай шараларды қабылдауға қатысты өкілеттіктері мен жауапкершілігін ешқандай шамада қозғамайды.

### **VIII ТАРАУ АЙМАҚТЫҚ КЕЛІСІМДЕР**

#### **52-бап**

1. Осы Жарғы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қатысты мұндай мәселелерді шешу үшін аймақтық іс-әрекеттерге лайықты болып табылатын және аймақтық келісімдердің немесе органдардың болуына осындай келісімдер немесе органдар және олардың қызметі Ұйымның Мақсаттары және Принциптерімен үйлескен жағдайда ешбір шамада кедергі келтірмейді.

2. Осындай келісімдер жасаған немесе осындай органдарды құрайтын Ұйым Мүшелері жергілікті дауларды осындай аймақтық келісімдердің немесе осындай аймақтық органдардың көмегімен бейбіт түрде шешу мақсатында, бұл дауларды Қауіпсіздік Кеңесіне бергенге дейін, бейбіт шешімге қол жеткізу үшін өздерінің барлық күштерін салулары тиіс.

3. Қауіпсіздік Кеңесі осындай аймақтық келісімдердің немесе осындай аймақтық органдардың көмегімен не мүдделі мемлекеттердің бастамасы бойынша не болмаса өзінің жеке бастамасы бойынша жергілікті дауларда бейбіт шешімдердің қолданылуын дамытуды ынталандыруы тиіс.

1. Осы бап 34 және 35-баптарды қолдануды ешбір шамада қозғамайды.



### **53-бап**

1. Қауіпсіздік Кеңесі, қисынды болатын жерде, өз басшылығымен осындай аймақтық келісімдерді немесе органдарды мәжбүрлі іс-әрекеттер үшін пайдаланады. Алайда, осы баптың 2-тармағында белгіленгендей, кез келген жау мемлекетке қарсы 107-бапта көзделген шараларды немесе мүдделі Үкіметтердің сұрауы бойынша Ұйымға мұндай мемлекет тарапынан бұдан арғы агрессиясының алдын алуға жауапкершілік жүктелуі мүмкін уақытқа дейін, кез келген мұндай мемлекет тарапынан басқыншылық саясатты жаңғыртуға қарсы бағытталған аймақтық келісімдерде көзделген шараларды қоспағанда, Қауіпсіздік Кеңесінің өкілеттігінсіз осындай аймақтық келісімдердің күшімен немесе аймақтық органдармен ешқандай мәжбүрлі әрекеттер қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында қолданылған «жау мемлекет» деген термин Екінші дүниежүзілік соғыс уақытында осы Жарғыға қол қойған кез келген мемлекеттің жауы болып табылған мемлекеттерге қатысты.

### **54-бап**

Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін аймақтық келісімдердің немесе осындай аймақтық органдардың күшімен қолданылған немесе қолданылатын іс-әрекеттер туралы орқашан толық хабардар болуы тиіс.

## **ІХ ТАРАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ**

### **55-бап**

Халықтардың теңдігі мен өзін-өзі билеу принциптерін құрметтеуге негізделген ұлттар арасындағы бейбіт және достық қатынастарға қажетті тұрақтылық пен игілік жағдайларын жасау мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымы:

а) Тұрмыс деңгейін көтеруге, халықтың еңбекпен толық қамтылуы және экономикалық және әлеуметтік прогресс пен даму жағдайларына;

б) Экономикалық, әлеуметтік, денсаулық сақтау салаларындағы халықаралық мәселелерді және осыған ұқсас мәселелерді шешуге, мәдениет пен білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа;

с) Нәсілі, жынысы, тілі мен дінінің айырмашылығына қарамастан, адам құқығының және барлығы үшін бостандықтың жалпы құрметтелуі мен сақталуына жәрдемдеседі.

### **56-бап**

Ұйымның барлық Мүшелері 55-бапта көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін Ұйыммен ынтымақтастықта бірлесе отырып және өз бетімен іс-әрекет жасауға міндеттеме алады.

### **57-бап**

1. Үкіметаралық келісімдермен құрылған және олардың құрылтайшы актілерінде экономикалық, әлеуметтік, денсаулық сақтау, мәдениет

нен білім беру салаларында және ұқсас салаларда халықаралық жауапкершілік белгіленген түрлі мамандандырылған мекемелер 63-баптың ережелеріне сәйкес Ұйыммен байланыста болады.

2. Көрсетілген түрде Ұйыммен байланыста болатын мұндай мекемелер келесі баптарда «мамандандырылған мекемелер» деп аталады.

#### **58-бап**

Ұйым мамандандырылған мекемелердің саясаты мен қызметін келісу бойынша ұсыныс жасайды.

#### **59-бап**

Ұйым 55-бапта көрсетілген мақсаттарды орындау үшін керек болатын, қажет болған жағдайда, мүдделі мемлекеттер кез келген жаңа мамандандырылған мекемелер құру туралы келіссөздерге кірісуі үшін ұсыныс жасайды.

#### **60-бап**

Ұйымның осы тарауда көрсетілген функциясын орындау үшін жауапкершілік Бас Ассамблеяға және Бас Ассамблеяның жетекшілігімен осы мақсаттар үшін оған Х Тарауда көрсетілген өкілеттігі берілген Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеске жүктеледі.

### **Х ТАРАУ**

#### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕҢЕС**

##### **Құрамы**

#### **61-бап**

1. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес Бас Ассамблея сайлайтын Ұйымның елу төрт Мүшесінен тұрады.

2. 3-тармақта айтылған ережелерді сақтай отырып, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің он сегіз мүшесі жыл сайын үш жылдық мерзімге сайланады. Кеңестің құрамынан шығып қалған мүшесі дереу қайта сайлана алады.

3. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің сашын жиырма жетіден елу төртке дейін көбейткеннен кейінгі алғашқы сайлауларда өкілеттік мерзімі осы жылдың соңында бітетін тоғыз мүшенің орнына жиырма жеті қосымша мүшелер сайланады. Қосымша сайланған жиырма жеті мүшенің осындай түрде сайланған тоғызының өкілдік мерзімі Бас Ассамблеяның қаулысына сәйкес бірінші жылдың соңында, ал басқа тоғыз мүшенің өкілеттік мерзімі – екінші жылдың соңында бітеді.

4. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің әр мүшесінің бір өкілі болады.

##### **Функциялары мен Өкілеттіктері**

#### **62-бап**

1. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес экономикалық, әлеуметтік, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау салаларында халықаралық

мәселелер бойынша және ұқсас мәселелер бойынша зерттеу жүргізуге және баяндама жасауға немесе бұған басқаларды итермелеуге, сондай-ақ осы мәселелердің кез келгені бойынша Бас Ассамблеяға, Ұйым Мүшелеріне және мүдделі мамандандырылған мекемелерге ұсыныс жасауға уәкілеттендіріледі.

2. Кеңес адам құқығын және барлығы үшін негізгі бостандықты құрметтеу мен сақтауды ынталандыру мақсатында ұсыныс жасауға уәкілеттендіріледі.

3. Кеңес Бас Ассамблеяға ұсыну үшін оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша конвенция жобаларын дайындауға уәкілеттендіріледі.

4. Кеңес Ұйым бекіткен ережелерге сәйкес оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша халықаралық конференциялар шақыруға уәкілеттендіріледі.

#### *63-бап*

1. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес 57-бапта көрсетілген мекемелердің кез келгенімен, онда тиісті мекеме Ұйыммен байланысқа қойылатын талаптарды белгілейтін келісімге келуге уәкілеттендіріледі. Мұндай келісімдер Бас Ассамблеяның бекітуіне жатады.

2. Кеңес мамандандырылған мекемелердің қызметін олармен консультация жүргізу арқылы және мұндай мекемелерге ұсыныстар беру және Бас Ассамблея мен Ұйым Мүшелеріне ұсыныстар арқылы келісіп, жүргізіп отыруға уәкілеттендіріледі.

#### *64-бап*

1. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес мамандандырылған мекемелерден жүйелі түрде баяндама алып тұру үшін тиісті шаралар қабылдауға уәкілеттендіріледі. Кеңес олардан оның өз ұсыныстарын және Бас Ассамблеяның оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша берген ұсыныстарын орындау үшін қолданылған шаралары туралы олардан баяндамалар алу мақсатында Ұйым Мүшелерімен және мамандандырылған мекемелермен келісімдер жасауға уәкілеттендіріледі.

2. Кеңес осы баяндамалар бойынша өзінің ескертулерін Бас Ассамблеяға хабарлауға уәкілеттендіріледі.

#### *65-бап*

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес Қауіпсіздік Кеңесіне ақпарат беріп тұруға уәкілеттендіріледі және Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша, оған көмектесуге міндетті.

#### *66-бап*

1. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес Бас Ассамблеяның ұсыныстарын орындауға байланысты оның құзыретіне енетін функцияларды жүзеге асырады.

2. Кеңес Бас Ассамблеяның мақұлдауымен, Ұйым Мүшелерінің сұрауы бойынша және мамандандырылған мекемелердің сұрауы бойынша жұмыстарды орындауға уәкілеттендіріледі.

3. Кеңес осы Жарғының басқа бөліктерінде аталған немесе оған Бас Ассамблея жүктеуі мүмкін басқа функцияларды орындауы тиіс.

## Дауыс беру

### 67-бап

1. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің әр мүшесі бір дауысқа ие болады.

2. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің шешімі қатысып отырған және дауыс беруге қатысқан Кеңес мүшелерінің көпшілік дауыстарымен қабылданады.

## Процедура

### 68-бап

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес экономикалық және әлеуметтік салаларда және адам құқықтарын ынталандыру бойынша комиссиялар, сондай-ақ оның функцияларын орындауға талап етілуі мүмкін осындай басқа комиссиялар құрады.

### 69-бап

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес Ұйымның кез келген Мүшесін Ұйымның дауыс беру құқығынсыз, осы Ұйым Мүшесі үшін ерекше қызығушылық білдірілетін кез келген мәселені талқылауға қатысуға шақырады.

### 70-бап

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес мамандандырылған мекемелердің өкілдерін дауыс беру құқығынсыз, Кеңесте немесе ол құрған комиссияларда талқылауға қатысуға, сондай-ақ Кеңес өкілдерінің мамандандырылған мекемелердегі мәселелерді талқылауға шақыруы үшін іс-шаралар өткізуге уәкілеттенеді.

### 71-бап

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес оның құзыретіне енетін мәселелерге мүдделі үкіметтік емес ұйымдардан консультация алу үшін тиісті іс-шаралар өткізуге уәкілеттендіріледі. Мұндай іс-шаралар мүдделі Ұйым Мүшесінен консультация алғаннан кейін халықаралық ұйымдармен, қажет болған жағдайда ұлттық ұйымдармен белгіленуі мүмкін.

### 72-бап

1. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, өз Төрағасын сайлауды қоса алғанда, өзінің жеке процедура ережелерін белгілейді.

2. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, оның мүшелерінің көпшілігінің талап етуі бойынша, отырыс шақыру ережесін қамтуы тиіс болатын өз ережелеріне сөйкес, қажеттілігіне қарай шақырылады.

## ХІ ТАРАУ ӨЗДІГІНЕН БАСҚАРЫЛМАЙТЫН ТЕРРИТОРИЯЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ДЕКЛАРАЦИЯ

### 73-бап

Халқы өзін-өзі толық басқаруға қол жеткізе алмаған территорияларды басқару үшін жауапкершілік алатын немесе өзіне қабылдап алатын Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері осы территория халқының мүдделері бірінші кезекте сапалуы принципін мойындайды және осы территорияны мекендеген халықтың игілігіне осы Жарғымен белгіленген халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік жүйесі шеңберінде қасиетті борышы ретінде осы мақсатта:

а) Аталған халықтың мәдениетіне, олардың саяси, экономикалық және әлеуметтік прогресіне, білім беру саласындағы прогреске, олармен әділ қарым-қатынас жасай отырып және оларды қиянаттан қорғауды қамтамасыз етуге;

б) Өзін-өзі басқаруды дамыту, осы халықтардың саяси ұмтылыстарын тиісті түрде ескеру және олардың өркелкі даму сатыларындағы әрбір территория мен оның халқына тән өзіндік жағдайға сәйкес, олардың еркін саяси институттарын прогрессивтік дамытуға оларға көмек көрсетуге;

с) Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға;

д) Жасампаз іс-шаралардың дамуына ықпал ету, зерттеулерді көтермелеу және бір-бірімен және қай жерде және қашан бұл орынды болатын болса, осы бапта жазылған әлеуметтік, экономикалық және ғылыми мақсаттарға қол жеткізу үшін мамандандырылған халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға, және

е) Бас Хатшыға ақпарат беру үшін және кейбір шектеулермен қауіпсіздік және конституциялық тәртіпке сәйкес қандай талап етілетін болса, статистикалық және басқа арнайы ақпараттарды, атап айтқанда, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар, сондай-ақ ХІІ және ХІІІ Тараулардың күші қамтитын территориядан басқа, олар жауапкершілік алған территориялардағы білім беру туралы жүйелі түрде беріп тұруға барынша ықпал етуге өзіне жауапкершілік алады.

### 74-бап

Ұйым Мүшелері, сондай-ақ осы Тараудың күші таралатын территорияларға қатысты әлеуметтік, экономикалық және сауда істерінде өзге әлемнің мүдделері мен игілігін тиісті түрде ескерумен, олардың саясаты, метрополияларға көзқарасы тату көршіліктің жалпы принципіне негізделуі тиіс екендігімен келіседі.

## XII ТАРАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

### 75-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің басшылығымен кейін жеке келісімдермен оған қосылуы мүмкін территорияларды басқару үшін және осы территорияларды қадағалау үшін халықаралық қамқорлық жүйесін құрады. Бұл аумақтар бұдан әрі «қамқорлықтағы территориялар» деп аталады.

### 76-бап

Қамқорлық жүйесінің осы Жарғының 1-бабында жазылған Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарына сәйкес міндеттері мыналардан тұрады:

а) Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту;

б) Қамқорлықтағы территорияда тұратын тұрғындардың саяси, экономикалық және әлеуметтік прогресіне, оның білім саласындағы прогресіне, өзін-өзі басқару немесе тәуелсіздік бағытында прогрессивтік дамуына ықпал ету. Әрбір аумақ пен оның халқының ерекше жағдайларына ыңғайлы болуы мүмкін және осы халықтардың еркін айтылған тілектерін ескере отырып және қамқорлық туралы әрбір келісімнің талаптарында көзделуі мүмкін болатындай ықпал ету;

с) Нәсілі, жынысы, тілі, дінінің ерекшелігіне қарамастан, адам құқығы мен барлығы үшін негізгі бостандықты құрметтеуді ынталандыру және әлем халықтарының өзара байланыстылығын мойындауды ынталандыру;

д) Ұйым Мүшелеріне және олардың азаматтарына саяси, әлеуметтік, экономикалық және сауда салаларында тең қатынасты, оларға сот жүргізудегі тең қарым-қатынас жасауды, сондай-ақ жоғарыда қойылған міндеттерде қол жеткізуге зиян тигізбей және 80-баптың ережесін сақтай отырып, қамтамасыз ету.

### 77-бап

1. Қамқорлық жүйесі белгілі санаттағы территориялармен қамтылады. Қамқорлық жөнінде келісімдері бар төмендегідей территориялар бұл санатқа кіре алады:

а) Қазір мандатта тұрған территориялар;

б) Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде жау мемлекеттерден күшпен тартып алынуы мүмкін территориялар, және

с) Оларды басқаруға жауапты мемлекеттердің қамқорлық жүйесіне өз еркімен енгізген территориялар.

2. Жоғарыда аталған санаттардағы территориялардың қайсысы және қандай талаппен қамқорлық жүйесіне енгізілуі тиіс деген мәселе келесі келісімнің мәні болады.

### **78-бап**

Қамқорлық жүйесі Ұйымға Мүше болған, олардың арасындағы қарым-қатынастар егемендік теңдік принципін құрметтеуге негізделуі тиіс елдерді қамтымайды.

### **79-бап**

Қамқорлық жүйесіне енгізілуге жататын әрбір территория үшін қамқорлық талаптары, соның ішінде барлық өзгерістер мен түзетулер, территория Ұйым Мүшелерінің бірінің мандатында тұрса, мандатарии елдерін қоса алғанда, тікелей мүдделі мемлекеттердің келісімдерімен белгіленеді және 83 және 85-баптарда көзделгендей бекітіледі.

### **80-бап**

1. Қамқорлық туралы әрбір территорияны қамқорлық жүйесіне қосатын 77, 79 және 81-баптарға сәйкес бекітілген жеке келісімдерде келісілген жағдайды қоспағанда және келесіде мұндай келісімдерді жасасқанға дейін осы тараудағы кез келген мемлекеттің немесе кез келген халықтың қандай да бір құқықтарын немесе тиісінше Ұйым Мүшелері қатысушылары бола алатын қолданыстағы халықаралық келісімдердің шарттарын қандай да бір түрмен өзгертілген деп түсіндірілмеуі тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағы 77-бапта көзделгендей мандатта тұрған және басқа территорияларды қамқорлық жүйесіне енгізу туралы келіссөздерді және келісімдер жасауды тоқтата тұру немесе кейінге қалдыруға негіз беруші ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

### **81-бап**

Қамқорлық туралы келісім әр жағдайда қамқорлықтағы территория басқарылатын шарттарды, сондай-ақ қамқорлықтағы территорияны басқаратын билікті белгілеуді қамтуы тиіс. Бұдан әрі басқарушы билік деп аталатын мұндай билік бір немесе бірнеше мемлекетті немесе Біріккен Ұлттар Ұйымын білдіруі мүмкін.

### **82-бап**

Қамқорлық жөніндегі кез келген келісімде өздерінде қамқорлықта болатын территорияның бір бөлігін немесе толықтай территорияны қамтитын стратегиялық аудан немесе аудандар белгіленуі мүмкін. Олар 43-баптың негізінде бекітілген ерекше келісім немесе келісімдерге зиян тигізбей таратылуы тиіс.

### **83-бап**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының, қамқорлық туралы келісімдердің шарттарын және оларға енгізілген өзгерістер мен түзетулерді қоса алғанда, стратегиялық аудандарға қатысты барлық функциясын Қауіпсіздік Кеңесі жүзеге асырады.

2. 76-бапта жазылған негізгі мақсаттар стратегиялық әр ауданның халқына қатысты болады.

3. Қауіпсіздік Кеңесі қамқорлық туралы келісімнің талаптарын сақтай отырып және қауіпсіздік талаптарына зиянын тигізбей, Біріккен Ұлттар Ұйымының қамқорлық жүйесіне сәйкес саяси, экономикалық және

әлеуметтік мәселелерге, сондай-ақ стратегиялық аудандардағы білім беру мәселелеріне жататын функцияларын орындау үшін, Қамқорлық жөніндегі Кеңестің көмегін пайдаланады.

#### *84-бап*

Басқарушы биліктің міндеті қамқорлықтағы территорияның халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауда өз ролін атқаруын қамтамасыз ету болып табылады. Осы мақсатта басқарушы билік ерікті қарулы күштерді, қызмет көрсету құралдары мен осыған қатысты басқарушы биліктің Қауіпсіздік Кеңесінің алдында қабылданған міндеттемелерін орындау кезінде қамқорлықтағы территорияның және сонымен қатар, жергілікті қорғаныс, заң мен тәртіпті қолдау үшін жасалатын көмекті пайдалануға уәкілеттендіріледі.

#### *85-бап*

1. Келісімнің талаптарын және оларға енгізілген өзгерістер мен түзетулерді қоса алғанда, стратегиялық болып есептелмейтін барлық аудандар үшін қамқорлық туралы келісімге қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының функцияларын Бас Ассамблея жүзеге асырады.

2. Бас Ассамблеяның басшылығымен әрекет жасайтын Қамқорлық жөніндегі Кеңес Бас Ассамблеяға осы функцияларды орындауға көмектеседі.

### **XIII ТАРАУ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС**

#### **Құрамы**

#### *86-бап*

1. Қамқорлық жөніндегі Кеңес Біріккен Ұлттар Ұйымының мынадай Мүшелерінен тұрады:

а) Қамқорлықтағы территорияларды басқаратын Ұйым Мүшелері;

б) 23-бапта аталған қамқорлықтағы территорияларды басқармайтын Ұйым Мүшелері;

с) Қамқорлық жөніндегі Кеңестің жалпы саны қамқорлықтағы территорияларды басқаратын және басқармайтын Ұйым Мүшелерінің арасында тең бөлінуін қамтамасыз етеді, Бас Ассамблея үш жылдық мерзімге тағайындалатын Ұйым Мүшелерінің тепе-теңдігін ұстанады.

2. Қамқорлық жөніндегі Кеңестің әрбір мүшесі оның Қамқорлық жөніндегі Кеңестегі өкілі болатын бір білікті тұлғаны тағайындайды.

#### **Функциялары мен Өкілеттіктері**

#### *87-бап*

Бас Ассамблея және оның басшылығымен жұмыс істейтін Қамқорлық жөніндегі Кеңес өздерінің функцияларын орындау кезінде:

а) Басқарушы билік ұсынған есептерді қарауға;

б) Петициялар қабылдауға және басқарушы биліктен консультация ала отырып, оларды қарауға;



с) Басқарушы билікпен келісілген мерзімдерде қамқорлықтағы тиісті территорияларға мезгілді барып тұруды ұйымдастыруға; және

д) Қамқорлық туралы келісімнің талаптарына сәйкес аталған және басқа да іс-әрекеттерді қабылдауға уәкілеттенеді.

#### 88-бап

Қамқорлық жөніндегі Кеңес қамқорлығындағы әрбір территория халқының тиісті саяси, экономикалық және әлеуметтік прогресіне, сондай-ақ оның білім саласындағы прогресіне қатысты анкетаны, ал Бас Ассамблеяның құзыретіне кіретін басқарушы билік Бас Ассамблеяға осы анкеталардың негізінде жыл сайын жылдық баяндама әзірлейді.

#### Дауыс беру

#### 89-бап

1. Қамқорлық жөніндегі Кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

2. Қамқорлық жөніндегі Кеңестің шешімі қатысып отырған және дауыс беруге қатысқан Кеңес мүшелерінің көпшілік дауыстарымен қабылданады.

#### Процедура

#### 90-бап

1. Қамқорлық жөніндегі Кеңес, өз Төрағасын сайлау тәртібін қоса алғанда, өзінің жеке процедура ережелерін қабылдайды.

2. Қамқорлық жөніндегі Кеңестің отырысы, Ұйым мүшелерінің көпшілігінің талап етуімен отырысты шақыру қажеттілігіне қарай оның процедура ережелеріне сәйкес шақырылады.

#### 91-бап

Қамқорлық жөніндегі Кеңес тиісті жағдайларда олар мүдделі болатын мәселелерге қатысты Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес пен мамандандырылған мекемелердің көмегін пайдаланады.

### XIV ТАРАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОТ

#### 92-бап

Халықаралық Сот Біріккен Ұлттар Ұйымының басты сот органы болып табылады. Ол Халықаралық Әділ Соттың Тұрақты Палатасының Статутына негізделген, Қосымшада берілген Статутқа сәйкес іс-әрекет жасайды және осы Жарғының ажырамас бөлігін құрайды.

#### 93-бап

1. Ұйымның барлық Мүшелері Халықаралық Сот Статутының *ipso facto* қатысушылары болып табылады.

2. Ұйымға Мүше болып табылмайтын мемлекет Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынуы бойынша Бас Ассамблеямен әрбір жеке жағдайда белгіленетін шарттармен Халықаралық Сот Статутының қатысушысы бола алады.

#### **94-бап**

1. Ұйымның әрбір Мүшесі, ол тарапы болып табылатын іс бойынша Халықаралық Соттың шешімін орындауға міндеттенеді.

2. Егер қандай да бір тарап оған Соттың шешімімен жүктелген міндеттемесін іс жүзінде орындамаса, басқа тарап Қауіпсіздік Кеңесіне жүгіне алады. Қауіпсіздік Кеңес, егер мұны қажет деп мойындаса, ұсыныс жасай алады немесе шешімді орындау үшін шара қабылдау туралы шешім шығарады.

#### **95-бап**

Осы Жарғы Ұйым Мүшелеріне қолда бар келісімдердің немесе келешекте жасалуы мүмкін келісімдерге сәйкес, өздерінің келіспеушіліктерін басқа сотпен шешуге еш уақытта кедергі келтірмейді.

#### **96-бап**

1. Бас Ассамблея немесе Қауіпсіздік Кеңесі Халықаралық Соттан кез келген заңдық мәселе бойынша консультативтік қорытынды сұрата алады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа органдары және мамандандырылған мекемелері олардың іс-әрекеті шеңберінде туындайтын заңдық мәселелер бойынша Бас Ассамблеяның бұған кез келген уақытта рұқсатын алып, соттың консультативтік қорытындысын сұрата алады.

### **XV ТАРАУ ХАТШЫЛЫҚ**

#### **97-бап**

Хатшылық Бас Хатшыдан және Ұйымға қажет болуы мүмкін персоналдан тұрады. Бас Хатшы, Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша, Бас Ассамблеямен тағайындалады. Бас Хатшы Ұйымның бас әкімшілік лауазымдық тұлғасы болып табылады.

#### **98-бап**

Осы лауазымда Бас Хатшы Бас Ассамблеяның, Қауіпсіздік Кеңесінің, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің және Қамқорлық жөніндегі Кеңестің барлық отырыстарында қатысады және осы органдар оған жүктейтін осындай басқа функцияларды орындайды. Бас Хатшы Бас Ассамблеяға Ұйымның жұмысы туралы жылдық есеп тапсырады.

#### **99-бап**

Бас Хатшы, оның пікірі бойынша, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қауіп төндіретін кез келген мәселелер туралы Қауіпсіздік Кеңесінің назарына жеткізуге құқылы.

#### **100-бап**

1. Өз міндеттерін орындау кезінде Бас Хатшы мен Хатшылық персоналы Ұйымнан тыс, басқа, қандай да бір үкіметтен немесе биліктен нұсқау сұратуына немесе алуына болмайды. Олар тек Ұйымның алдында ғана жауапты болатын халықаралық лауазымды тұлға ретінде өздерінің жағдайына әсер ететін кез келген іс-әрекеттен бой тартулары тиіс.

2. Ұйымның әрбір Мүшесі Бас Хатшы мен Хатшылық персоналы міндеттерінің қатаң халықаралық сипатын құрметтеуге және олар өз міндеттерін орындаған кезде оларға қысым корсетуге тырыспауға міндеттенеді.

#### *101-бап*

1. Хатшылықтың персоналы Бас Ассамблея белгілеген ережелерге сәйкес Бас Хатшымен тағайындалады.

2. Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесте, Қауіпсіздік Кеңесінде және қажеттігіне қарай Ұйымның басқа органдарында тұрақты жұмыс істеу үшін тиісті персонал бөлінеді. Бұл персонал Хатшылықтың бір бөлігін құрайды.

3. Қызметке қабылдаған кезде және қызметтің талаптарын белгілегенде, басты түрде жұмысқа қабілетін, біліктілігін және адалдықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігін басшылыққа алу керек. Персоналды мүмкіндігінше кең географиялық негізде іріктеудің маңыздылығына тиісті көңіл аударылуы тиіс.

### **XVI ТАРАУ ТҮРЛІ ҚАУЛЫЛАР**

#### *102-бап*

1. Осы Жарғы күшіне енгеннен кейін, Ұйымның кез келген Мүшесімен жасалған кез келген шарттар мен кез келген халықаралық келісімдер алғашқы мүмкіндік болған кезде Хатшылыққа тіркелуі және жариялануы тиіс.

2. Тараптардың ешқайсысы осы баптың 1-тармағына сәйкес тіркелмеген кез келген шартта немесе халықаралық келісімде Біріккен Ұлттар Ұйымының бір де бір органында мұндай шартқа сілтеме жасай алмайды.

#### *103-бап*

Ұйым Мүшелерінің осы Жарғы бойынша міндеттемелері олардың қандай да бір басқа халықаралық келісім бойынша міндеттемелерімен қайшы келген жағдайда, осы Жарғы бойынша міндеттеме басым күшке ие болады.

#### *104-бап*

Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің әрбір Мүшесінің территориясында, оның функцияларын орындау және мақсатқа қол жеткізу үшін қажет болатын құқықтық қабілеттілігін пайдаланады.

#### *105-бап*

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің әрбір Мүшесінің территориясында оның мақсаттарына жету үшін қажет болатын артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Ұйым Мүшелерінің өкілдері және олардың лауазымдық тұлғалары, сондай-ақ олардың өздерінің Ұйымның қызметімен байланысты функ-

цияларын өз бетімен орындау үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

3. Бас Ассамблея осы баптың 1 және 2-тармақтары қолданылуының егжей-тегжейлерін анықтау үшін ұсыныс жасай алады, сондай-ақ Ұйым Мүшелеріне осы мақсатта конвенция ұсына алады.

## **XVII ТАРАУ ОТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР**

### *106-бап*

Алдағы уақытта Қауіпсіздік Кеңесінің пікірі бойынша, 42-бапқа сәйкес оған өзінің 1943 жылғы 30 қазанда Мәскеуде Төрт Держава Декларациясының қатысушылары және Франция қол қойған міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін 43-бапта айтылған ерекше келісімдер күшіне енгенге дейін, осы Декларацияның 5-тармағының ережелеріне сәйкес, бір-бірімен және қажет болған жағдайда Ұйымның басқа Мүшелерімен Ұйымның атынан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қажет болуы мүмкін осындай бірлескен әрекеттер жасау мақсатында кеңесетін болады.

### *107-бап*

Осы Жарғы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде осы Жарғыға қол қойған мемлекеттердің кез келгеніне жау болған кез келген мемлекетке қатысты жасаған мұндай әрекеттері үшін жауапкершілік алатын мемлекеттердің, Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде қабылдаған немесе санкцияланған әрекеттерін ешбір шамада заңдық күшінен айырмайды, сондай-ақ осындай әрекеттерге кедергі келтірмейді.

## **XVIII ТАРАУ ТҮЗЕТУЛЕР**

### *108-бап*

Осы Жарғыға жасалған түзетулер Ұйымның барлық Мүшелері үшін Бас Ассамблея мүшелерінің үштен екісінің дауыстарымен қабылданған және олардың конституциялық тәртібіне сәйкес, Қауіпсіздік Кеңесінің барлық тұрақты өкілдерін қоса алғанда, Ұйым мүшелерінің үштен екісі бекіткеннен кейін күшіне енеді.

### *109-бап*

1. Осы Жарғыны қайта қарау мақсатында Бас Ассамблея мүшелерінің үштен екісінің және Қауіпсіздік Кеңесінің кез келген тоғыз мүшесінің дауысымен анықталуы тиіс мерзім мен орында Біріккен Ұлттар Ұйымы Мүшелерінің Бас конференциясы шақырылуы тиіс. Ұйымның әр Мүшесі Конференцияда бір дауысқа ие.

2. Конференцияға қатысушылардың үштен бірінің дауыстарымен ұсынылып, осы Жарғыға енгізілген кез келген өзгерістер олардың

конституциялық тәртібіне сәйкес, Қауіпсіздік Кеңесінің барлық тұрақты өкілдерін қоса алғанда, Ұйым Мүшелерінің үштен екісі бекіткеннен кейін күшіне енеді.

3. Егер мұндай Конференция осы Жарғы күшіне енгеннен бастап санағанда Бас Ассамблеяның жыл сайынғы отырысы сессиясына дейін өткізілмесе, мұндай Конференцияны шақыру туралы ұсыныс Бас Ассамблеяның осы сессиясының күн тәртібіне енгізіледі және егер бұл Бас Ассамблеяның жай көпшілік дауысымен және Қауіпсіздік Кеңесінің кез келген жеті мүшесінің даусымен шешілетін болса, Конференция шақырылады.

## XIX ТАРАУ РАТИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ҚОЛ ҚОЮ

### *110-бап*

1. Осы Жарғы оған қол қойған мемлекеттердің олардың конституциялық процедурасына сәйкес бекітілуіне жатады.

2. Ратификацияланған грамоталар Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне сақтауға тапсырылуы тиіс, ол әрбір грамотаның сақтауға тапсырылғаны туралы Жарғыға қол қойған барлық мемлекеттерге, сондай-ақ Ұйымның Бас Хатшысы сайланғаннан кейін оған хабарлайтын болады.

3. Осы Жарғы, Жарғыға қол қойған Қытай Республикасы, Франция, Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі және Америка Құрама Штаттары және басқа да мемлекеттердің көпшілігі бекіткен грамоталарды тапсырған бойда күшіне енеді. Содан кейін Америка Құрама Штаттарының Үкіметі ратификациялық грамоталардың сақтауға тапсырылғаны туралы хаттама жасайды, оның көшірмелері Жарғыға қол қойған барлық мемлекеттерге жіберіледі.

4. Осы Жарғыға қол қойып, күшіне енгеннен кейін, оны ратификациялаған мемлекеттер, өздерінің тиісті ратификациялық грамоталарын сақтауға тапсырған күннен бастап, Біріккен Ұлттар Ұйымының Вастапқы Мүшелері болады.

### *111-бап*

Қытай, француз, орыс, ағылшын және испан мәтіндері дәлме-дәл (аутентичность) болып табылатын осы Жарғы, Америка Құрама Штаттары Үкіметінің мұрағатында сақталатын болады. Бұл Үкімет оған қол қойған барлық басқа мемлекеттердің Үкіметтеріне тиісті түрде расталған Жарғының көшірмесін жеткізеді.

Біріккен Ұлттар Үкіметтерінің өкілдері жоғарыдағыны РАСТАП, осы Жарғыға қол қойды.

Сан-Франциско қаласында, бір мың тоғыз жүз қырық бесінші жылғы жиырма алтыншы маусымда жасалды.

## ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТУРАЛЫ ВЕНА КОНВЕНЦИЯСЫ Вена, 18 сәуір 1961 жыл

Осы Конвенцияның Тараптары болып табылатын мемлекеттер, барлық елдердің халықтары ежелгі заманнан бастап дипломатиялық агенттіктердің мәртебесін таниды деп атап өте отырып,

мемлекеттердің егеменді теңдігіне, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғауға және мемлекеттер арасында достық қатынастарды дамытуға жәрдем көрсетуге қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптерін назарға ала отырып,

дипломатиялық қатынастар, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы халықаралық конвенцияны жасасу, мемлекеттік және қоғамдық құрылыстағы айырмашылықтарына қарамастан, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға мүмкіндік туғызатынына көміл сенім білдіре отырып,

мұндай артықшылықтар мен иммунитеттер жекелеген адамдардың пайдасы үшін емес, өкілдік ететін мемлекеттің органдары ретінде дипломатиялық өкілдіктердің өздерінің функциясын тиімді түрде жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін берілетінін пайымдай отырып,

өдеттегі халықаралық құқық нормалары осы Конвенцияның ережелерінде тікелей көзделмеген мәселелерді реттеуді жалғастыра беретінін қуаттай отырып,

төмендегілер туралы к е л і с т і:

### 1-бап

Осы Конвенцияда төменде келтірілетін терминдердің мынадай мағынасы бар:

а) «өкілдік басшысы» дегеніміз – аккредиттеуші мемлекет осындай сипатта іс-қимыл жасау міндетін жүктейтін тұлға;

б) «өкілдік қызметкерлері» дегеніміз өкілдік басшысы және өкілдік персоналының мүшелері болып табылады;

с) «өкілдік персоналының мүшелері» дегеніміз өкілдіктің дипломатиялық персоналының, әкімшілік-техникалық персоналының және қызмет көрсетуші персоналдың мүшелері болып табылады;

д) «дипломатиялық персонал мүшелері» дегеніміз дипломаттық дәрежесі бар, өкілдік персоналының мүшелері болып табылады;

е) «дипломатиялық агент» дегеніміз өкілдік басшысы немесе өкілдіктің дипломатиялық персоналының мүшесі;

ф) «әкімшілік-техникалық персоналдың мүшелері» дегеніміз өкілдікке әкімшілік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын өкілдік персоналының мүшелері болып табылады;

г) «қызмет көрсетуші персоналдың мүшелері» дегеніміз өкілдікке қызмет көрсету жөнінде, міндеттерді орындайтын өкілдік персоналының мүшелері болып табылады;

h) «жеке үй жұмыскері» дегеніміз өкілдік қызметкерінің үй жұмыскері міндетін атқаратын және аккредиттеуші мемлекеттің қызметшісі болып табылмайтын адам;

і) «өкілдіктің үй-жайы» дегеніміз ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі орналасқан жер учаскесін қоса алғанда, меншік құқығы кімге тиесілі екендігіне қарамастан, өкілдік басшысының резиденциясын қамтитын, өкілдіктің мақсаттары үшін пайдаланылатын ғимаратты немесе ғимараттың бір бөлігін білдіреді.

### **2-бап**

Мемлекеттер арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнату және тұрақты дипломатиялық өкілдіктер құру өзара келісім бойынша жүзеге асырылады.

### **3-бап**

1. Дипломатиялық өкілдіктің функциясы мыналардан тұрады, атап айтқанда:

а) өкілдік орналасқан мемлекетте аккредиттеуші мемлекеттің атынан өкілдік ету;

б) өкілдік орналасқан мемлекетте аккредиттеуші мемлекеттің және оның азаматтарының мүдделерін, халықаралық құқық жол беретін шекте қорғау;

с) өкілдік орналасқан мемлекеттің үкіметімен келіссөздер жүргізу;

д) өкілдік орналасқан мемлекеттегі жағдайлар мен оқиғаларды барлық заңды жолдармен анықтау және олар туралы аккредиттеуші мемлекеттің үкіметіне хабарлау;

е) аккредиттеуші мемлекет пен өкілдік орналасқан мемлекет арасында достық қатынастарды көтермелеу және олардың экономика, мәдениет және ғылым салаларындағы өзара қатынастарын дамыту.

2. Осы Конвенцияның бірде-бір ережесі дипломатиялық өкілдіктің консулдық функцияларын орындауына кедергі келтіретін сияқты түсіндірілмеуі тиіс.

### **4-бап**

1. Аккредиттеуші мемлекет өкілдік орналасқан мемлекет осы мемлекеттегі өкілдіктің басшысы ретінде аккредитациялауды көздеген тұлғаға ағреман бергендігіне көз жеткізуі тиіс.

2. Өкілдік орналасқан мемлекет ағреман беруден бас тартудың себептерін аккредиттеуші мемлекетке хабарлауы міндетті емес.

### **5-бап**

1. Аккредиттеуші мемлекет өкілдік орналасқан тиісті мемлекеттерге қажетті түрде хабарлап, өкілдік орналасқан мемлекеттердің кез келгенінің тарапынан қарсылық болмаса, өкілдік басшысын немесе дипломатиялық персоналдың кез келген мүшесін, жағдаяттарға қарай,

бір немесе бірнеше басқа мемлекетке аккредитсәйді немесе тағайындай алады.

2. Егер аккредиттеуші мемлекет өкілдік басшысын бір немесе бірнеше басқа мемлекетке аккредиттесе, онда ол өкілдік басшысы тұрақты түрде болмайтын әрбір мемлекетте уақытша сенімді уәкіл басқаратын дипломатиялық өкілдік құра алады.

3. Өкілдік басшысы немесе өкілдіктің дипломатиялық персоналының кез келген мүшесі кез келген халықаралық ұйымда аккредиттеуші мемлекеттің өкілі ретінде іс-қимыл жасай алады.

#### 6-бап

Егер өкілдік орналасқан мемлекет қарсылық білдірмесе, екі немесе бірнеше мемлекет басқа мемлекетте өкілдік басшысы ретінде бір адамды аккредиттей алады.

#### 7-бап

5, 8, 9 және 11-баптарда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, аккредиттеуші мемлекет өкілдіктің персонал мүшелерін еркін тағайындай алады. Әскери, теңіз немесе авиациялық атташеге қатысты айтатын болсақ, өкілдік орналасқан мемлекет өзінің мақұлдауы үшін олардың аты-жөнін алдын ала хабарлауды ұсына алады.

#### 8-бап

1. Өкілдіктің дипломатиялық персоналының мүшелері принципіде аккредиттеуші мемлекеттің азаматтары болуы тиіс.

2. Өкілдіктің дипломатиялық персоналының мүшелері өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылатын адамдар қатарынан тағайындалмайды, оған осы мемлекеттің келісімі қажет және бұл келісімнің күші кез келген уақытта жойылуы мүмкін.

3. Өкілдік орналасқан мемлекет бір мезгілде аккредиттеуші мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын, үшінші мемлекеттің азаматтарына қатысты жоғарыда аталғандай құқықты сақтай алады.

#### 9-бап

1. Өкілдік орналасқан мемлекет өзінің шешімінің себептерін түсіндіріп жатпастан, өкілдік басшысы немесе өкілдіктің дипломатиялық персоналының қайсыбір мүшесі *persona non grata* болып табылатындығын немесе өкілдік персоналының кез келген басқа да мүшесін қабылдай алмайтындығын аккредиттеуші мемлекетке кез келген уақытта хабарлай алады. Мұндай жағдайда аккредиттеуші мемлекет тиісінше аталған тұлғаны кері шақырып алуы немесе өкілдіктегі оның функциясын тоқтатуы тиіс. Белгілі бір адам өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағына келемін дегенше *persona non grata* немесе қабылдауға болмайды деп жариялануы мүмкін.

2. Егер аккредиттеуші мемлекет осы баптың 1-тармағында көзделген өзінің міндеттемелерін орындаудан бас тартса немесе ақылға қонымды мерзім ішінде орындамаса, өкілдік орналасқан мемлекет аталған адамы өкілдік қызметкері деп танудан бас тарта алады.



### **10-бап**

1. Өкілдік орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігі немесе оған қатысты уағдаластық бар басқа министрлік:

а) өкілдік қызметкерлерінің тағайындалғаны, олардың келгендігі туралы және олардың түпкілікті кеткендігі туралы немесе өкілдіктегі олардың қызметі тоқтатылғандығы туралы;

б) өкілдік қызметкерінің отбасына жататын адамның келгендігі және түпкілікті кеткендігі туралы және тиісті жағдайларда, белгілі бір адам, өкілдік қызметкерінің отбасы мүшесі болғандығы немесе болуын тоқтатқандығы туралы;

с) осы тармақтың «а» тармақшасында айтылған адамдарда қызметте тұрған жеке үй жұмыскерлерінің келгендігі және түпкілікті кеткендігі туралы және тиісті жағдайларда осындай адамдардағы қызметін қалдырғандығы туралы;

д) артықшылықтар мен иммунитеттерге құқығы бар, өкілдік қызметкерлері немесе үй жұмыскерлері ретінде өкілдік орналасқан мемлекетте тұратын адамдарды жалға алу немесе жұмыстан шығару туралы хабарлайды.

2. Сондай-ақ, келгендігі және түпкілікті кеткендігі туралы хабарландыру, мүмкіндігіне қарай, алдын ала жасалынуы тиіс.

### **11-бап**

1. Өкілдік персоналының саны туралы нақты келісім болмаған жағдайда, өкілдік орналасқан мемлекет осы мемлекетте қалыптасқан жағдайлар мен шарттарды және аталған өкілдіктің мұқтаждықтарын ескере отырып, ақылға қонымды және қалыпты деп санайтын шекте өкілдік персоналының саны сақталуын ұсына алады.

2. Өкілдік орналасқан мемлекет тап сондай негіздерде және кемсітушіліксіз, белгілі бір санаттағы лауазымды адамдарды қабылдаудан бас тартуы мүмкін.

### **12-бап**

Аккредиттеуші мемлекет өкілдік орналасқан мемлекеттің алдын ала анық білдірілген келісімінсіз өкілдіктің өзі құрылған жерден басқа елді мекендерде дипломатиялық өкілдіктің бір бөлігін құрайтын кеңсе құра алмайды.

### **13-бап**

1. Өкілдік басшысы өкілдік орналасқан елде бар тәжірибеге байланысты, әдетте ол біркелкі қолданылуы тиіс, мәселен, өзінің сенім грамоталарын тапсырған сөттен бастап не өзінің келгендігі туралы хабарлаған және сенім грамоталарының куәландырылған көшірмелерін өкілдік орналасқан мемлекеттің сыртқы істер министрлігіне немесе оған қатысты уағдаластық бар басқа министрлікке тапсырған сөттен бастап, өкілдік орналасқан мемлекетте өзінің функциясын орындауға кірісті деп саналады.

2. Сенім грамоталарын тапсырудың немесе олардың куәландырылған көшірмелерін табыс етудің кезектілігі өкілдік басшысы келген күнмен және сағатпен айқындалады.

#### **14-бап**

1. Өкілдіктер басшылары үш сыныпқа, атап айтқанда:

а) мемлекеттер басшылары жанында аккредиттелетін елшілер мен нунцийлер және баламалы дәрежедегі басқа да өкілдіктер басшылары сыныбына;

б) мемлекеттер басшылары жанында аккредиттелетін сенімді уәкілдер мен интернунцийлер сыныбына;

с) сыртқы істер министрлері жанында аккредиттелетін уақытша сенімді уәкілдер сыныбына бөлінеді.

2. Жасы үлкендігіне және этикетке қатысты болмаса, олардың белгілі бір сыныпқа тиесілігіне байланысты өкілдіктер басшылары арасында ешқандай айырмашылық жүргізілмеуі тиіс.

#### **15-бап**

Өкілдіктер басшылары жатуы тиіс сынып мемлекеттер арасындағы келісім бойынша айқындалады.

#### **16-бап**

1. Тиісті сынып өкілдіктері басшыларының үлкендігі олардың 13-бапқа сәйкес өзінің функцияларын орындауға кіріскен күнмен және сағатпен белгіленеді.

2. Өкілдік басшысының сенім грамоталарындағы сыныбының өзгеруіне әкеліп соқпайтын өзгерістер оның үлкендігіне ықпал етпейді.

3. Осы бап өкілдік орналасқан мемлекетте қабылданған Ватикан өкілінің үлкендігіне қатысты практикаға ықпал етпейді.

#### **17-бап**

Өкілдіктің дипломатиялық персоналы мүшелерінің үлкендігін өкілдік басшысы сыртқы істер министрлігіне немесе оған қатысты уағдаластық бар басқа министрлікке хабарлайды.

#### **18-бап**

Өкілдік басшыларын қабылдау кезінде әрбір мемлекетте сақталатын тәртіп әрбір сыныпқа қатысты бірдей болуы тиіс.

#### **19-бап**

1. Егер өкілдік басшысының қызметі бос болса немесе егер өкілдік басшысы өзінің функцияларын орындай алмаса, уақытша сенімді өкілдік басшысы міндеттерін уақытша орындаушы болып табылады. Уақытша сенімді өкілдің аты-жөнін өкілдік орналасқан мемлекеттің сыртқы істер министрлігіне немесе оған қатысты уағдаластық бар басқа министрлікке өкілдік басшысы не егер ол мұны істей алмаса, аккредиттеуші мемлекеттің сыртқы істер министрлігі хабарлайды.

2. Өкілдіктің дипломатиялық қызметкерінің бірде-біреуі өкілдік орналасқан мемлекетте болмаған жағдайда, өкілдік орналасқан мемлекеттің келісімімен әкімшілік-техникалық персоналдың мүшесін

аккредиттеуші мемлекет өкілдіктің ағымдағы өкімшілік істерін жүргізуге жауапты деп тағайындай алады.

#### **20-бап**

Өкілдік және оның басшысы өкілдік басшысының резиденциясын, сондай-ақ оның көліктерін қоса алғанда, өкілдіктің үй-жайларында аккредиттеуші мемлекеттің туын және эмблемасын пайдалануға құқылы.

#### **21-бап**

1. Өкілдік орналасқан мемлекет өзінің заңдарына сәйкес, өз аумағында аккредиттеуші мемлекеттің оның өкілдігі үшін қажетті үй-жайларды сатып алуына көмек көрсетуі немесе аккредиттеуші мемлекеттің қандай да бір өзге жолмен үй-жайлар алуына көмек көрсетуі тиіс.

2. Өкілдік орналасқан мемлекет, қажет болған жағдайда, сондай-ақ олардың қызметкерлері үшін лайықты пәтерлер алуына өкілдіктерге көмек көрсетуі тиіс.

#### **22-бап**

1. Өкілдіктің үй-жайына қол сұғылмайды. Өкілдік орналасқан мемлекеттің өкімет орындары өкілдік басшысы келісімін бермесе, осы үй-жайларға кіре алмайды.

2. Өкілдік орналасқан мемлекетке өкілдікке баса-көктеп кіруден немесе нұқсан келтіруден және оның тыныштығын кез келген бұзудың немесе оның ар-намысын жәбірлеудің алдын алу үшін өкілдік үй-жайын қорғайтындай барлық тиісті шараларды қабылдайтын арнайы міндет жүктеледі.

3. Өкілдіктің үй-жайлары, ондағы заттар және басқа да мүліктері, сондай-ақ өкілдіктің жүріп-тұру құралдары тінтуден, реквизициядан, тыйым салудан және атқарушы іс-қимылдардан иммунитетті пайдаланады.

#### **23-бап**

1. Аккредиттеуші мемлекет және өкілдік басшысы қызмет көрсетудің нақты түрлері үшін төлем төлеуді білдіретін салықтарды, алымдарды және баждарды қоспағанда, жеке меншігіндегі немесе жалға алған өкілдіктің үй-жайларына қатысты барлық мемлекеттік, аудандық және муниципалдық салықтардан, алымдар мен баждардан босатылады.

2. Осы бапта айтылатын қаржылық алып тастаулар өкілдік орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес аккредиттеуші мемлекетпен немесе өкілдік басшысымен келісім-шарттар жасасатын адамдарға салыпатын салықтарға, алымдар мен баждарға қатысы жоқ.

#### **24-бап**

Өкілдіктің мұрағаттары мен құжаттарына кез келген уақытта және олардың орналасқан жеріне қарамастан, қол сұғылмайды.

#### **25-бап**

Өкілдік орналасқан мемлекет өкілдіктің функциясын орындауы үшін барлық мүмкіндіктерді жасауы тиіс.

## 26-бап

Бұл өзі мемлекеттік қауіпсіздік ұғымы бойынша кіруге тыйым салынған немесе реттелетін аймақтар туралы заңдар мен ережелерге қайшы келмейтіндіктен, өкілдік орналасқан мемлекет өзінің аумағы бойынша өкілдіктің барлық қызметкерлерінің еркін жүріп-тұруын қамтамасыз етуі тиіс.

## 27-бап

1. Өкілдік орналасқан мемлекет барлық ресми мақсаттар үшін өкілдіктің еркін қарым-қатынастарына рұқсат беруі және қорғауы тиіс. Аккредиттеуші мемлекеттің үкіметімен және олар қайда орналаспасын, басқа да өкілдіктермен, консулдықтармен қарым-қатынастары кезінде дипломатиялық курьерлерді және кодталған немесе шифрланған депешаларды қоса алғанда, өкілдік барлық қолайлы құралдарды пайдалана алады. Дегенмен, өкілдік радиотаратқышты өкілдік орналасқан мемлекеттің рұқсатымен ғана орнатуы және пайдалануы мүмкін.

2. Өкілдіктің ресми хат-хабарларына қол сұғылмайды. Ресми хат-хабарлар дегеніміз өкілдікке және оның функциясына жататын барлық хат-хабарлар болып табылады.

3. Дипломатиялық пошта ашуға да, кідіртуге де жатпайды.

4. Дипломатиялық поштаны құрайтын барлық орындардың олардың сипатын көрсететін және көзге түсетін сыртқы белгілері болуы тиіс, сондай-ақ олар ресми пайдалануға арналған дипломатиялық құжаттар мен заттардан ғана тұрады.

5. Дипломатиялық поштаны құрайтын, оның мәртебесі мен орын саны көрсетілген ресми құжатпен жабдықталуы тиіс дипломаттық курьер өзінің міндеттерін орындау кезінде өкілдік орналасқан мемлекеттің қорғауында болады. Ол жеке қол сұғылмаушылықты пайдаланады және қандай да бір нысанда болсын, тұтқындалуға немесе ұсталуға тиісті емес.

6. Аккредиттеуші мемлекет немесе өкілдік *ad hoc* дипломаттық курьерлерін тағайындай алады. Мұндай жағдайларда да өзіне тапсырылған дипломатиялық поштаны тағайындаған жері бойынша курьер жеткізгеннен кейін барлық иммунитеті тоқтатылатынын есептегенде, осы баптың 5-тармағының ережелері қолданылады.

7. Дипломатиялық пошта қонуы рұқсат етілген әуежайға ұшып бара жатқан азаматтық ұшақ экипажының командиріне тапсырылуы мүмкін. Командир поштаны құрайтын орын саны көрсетілген ресми құжатпен жабдықталуы тиіс, бірақ ол дипломаттық курьер болып саналмайды. Өкілдік ұшақ командирінен дипломатиялық поштаны тікелей және кедергісіз қабылдап алуы үшін өз қызметкерлерінің біреуін жіберуі мүмкін.

## 28-бап

Өзінің ресми міндеттерін орындау кезінде өкілдік өндіріп алатын сыйақылар мен алымдар барлық салықтардан, алымдар мен баждардан босатылады.

### 29-бап

Дипломатиялық агенттің жеке басына қол сұғылмайды. Ол қандай да бір нысанда болсын, тұтқындалмайды немесе ұсталмайды. Өкілдік орналасқан мемлекет оған тиісті құрметпен қарауға және оның жеке басына, еркіндігі мен ар-абыройына қандай да бір нұқсан келтіруді болдырмау үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндетті.

### 30-бап

1. Дипломаттық агенттің жеке резиденциясына өкілдіктің үй-жайы сияқты қол сұғылмайды және қорғауда болады.

2. 31-баптың 3-тармағында көзделгендерді қоспағанда, оның қағаздары, хат-хабарлары, оның мүлкі тең сипатта қол сұғылмаушылықты пайдаланады.

### 31-бап

1. Дипломатиялық агент өкілдік орналасқан мемлекеттің қылмыстық юрисдикциясынан иммунитетті пайдаланады. Ол, сондай-ақ, азаматтық және әкімшілік юрисдикциядан иммунитетті пайдаланады, бұған төмендегі жағдайлар қосылмайды:

а) егер ол жеке меншікті өкілдіктің мақсаттары үшін аккредиттеуші мемлекеттің атынан немденбесе, өкілдік орналасқан мемлекет аумағында орналасқан жеке жылжымайтын мүлікке қатысты заттық талаптар;

б) дипломатиялық агент мұраға қатысты өсиеттің орындаушысы, мұраға қалған заттардың қамқоршысы, аккредиттеуші мемлекеттің атынан емес, жеке тұлға ретінде мұрагер немесе бас тартушы сипатында іс-қимыл жасайтын мұраға қатысты талаптар;

с) өзінің ресми функцияларының шегінен тыс, өкілдік орналасқан мемлекетте дипломатиялық агент жүзеге асыратын кез келген кәсіби немесе коммерциялық қызметке қатысты талаптар.

2. Дипломатиялық агент куәгер ретінде айғақ беруге міндетті емес.

3. Осы баптың 1-тармағының «а», «б» және «с» тармақшаларына жататын жағдайларды қоспағанда, дипломатиялық агентке қатысты ешқандай атқарушы шаралар қолданылмайды және тиісті шаралар басқаша емес, оның жеке басы мен оның резиденциясына қол сұғылмаушылықты бұзбаған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

4. Дипломатиялық агенттің өкілдік орналасқан мемлекеттің юрисдикциясынан иммунитеті оны аккредиттеуші мемлекеттің юрисдикциясынан босатпайды.

### 32-бап

1. Дипломатиялық агенттердің және 37-бапқа сәйкес иммунитетті пайдаланатын адамдардың юрисдикциялық иммунитетінен аккредиттеуші мемлекет бас тарта алады.

2. Бас тарту барлық уақытта анық білдірілуі тиіс.

3. Дипломатиялық агенттің немесе 37-бапқа сәйкес юрисдикциялық иммунитетті пайдаланатын адамның іс қозғауы негізгі талаппен тікелей байланысты қарсы талаптарға қатысты оны юрисдикциялық иммунитетке сілтеме жасау құқығынан айырады.

4. Азаматтық немесе әкімшілік іске қатысты юрисдикцияға байланысты иммунитеттен бас тарту шешімінің орындалуына қатысты иммунитеттен бас тартуды білдірмейді, ол үшін ерекше бас тарту талап етіледі.

### **33-бап**

1. Осы баптың 3-тармағының ережесін сақтаған жағдайда, өкілдік орналасқан мемлекетте қолданылатын әлеуметтік қамсыздандыру туралы қаулы аккредиттеуші мемлекетке көрсетілетін қызметке қатысты дипломатиялық агентке қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген алып тастаулар дипломатиялық агенттің қызметінде ғана жүрген үй жұмыскерлеріне де төмендегі жағдайларда қолданылады:

а) олар өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайды немесе ол жерде тұрақты түрде тұрмайды,

б) аккредиттеуші мемлекетте немесе үшінші мемлекетте қолданылатын әлеуметтік сақтандыру туралы қаулы оларға да қолданылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген алып тастаулар қолданылмайтын адамдарды жалға алған дипломатиялық агент өкілдік орналасқан мемлекетте қолданылатын әлеуметтік қамсыздандыру туралы қаулылармен жұмыс берушілерге жүктелетін міндеттемелерді орындауы тиіс.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген алып тастаулар өкілдік орналасқан мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне ерікті түрде қатысуға кедергі келтірмейді, мұндай қатысуға осы мемлекеттің рұқсат беруі назарға алынады.

5. Осы баптың ережелері бұрын жасалған әлеуметтік қамсыздандыру туралы екіжақты немесе көпжақты келісімдерге ықпал етпейді және болашақта осындай келісімдер жасасуға кедергі келтірмейді.

### **34-бап**

Дипломатиялық агент жеке және мүлдіктік, мемлекеттік, аудандық және муниципалдық барлық салықтардан, алымдар мен баждардан босатылады, оған мынадай жағдайлар:

а) әдетте тауарлардың немесе қызмет көрсетулердің бағаларына қосылатын жанама салықтар;

б) егер ол өкілдіктің мақсаттары үшін аккредиттеуші мемлекеттің атынан иемденбесе, өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағында орналасқан жеке жылжымайтын мүлікке арналған алымдар мен салықтар;

с) 39-баптың 4-тармағында көзделген алып тастаулары бар, өкілдік орналасқан мемлекетте өндіріліп алынатын мұрагерлікке арналған салықтар және мұрагерлікке арналған баждар;

д) өкілдік орналасқан мемлекетте орналасқан жеке табыстар көзі арналған алымдар мен салықтар және өкілдік орналасқан мемлекетте коммерциялық кәсіпорынға күрделі капитал салуға арналған салықтар;

е) қызмет көрсетудің нақты түрлері үшін алынатын алымдар;

ғ) 23-бапта көзделген алып тастаулары бар, жылжымайтын мүлікке қатысты тіркеу, соттық және тізілім баждары, ипотекалық алымдар мен елтаңбалық алымдар қосылмайды.

### **35-бап**

Өкілдік орналасқан мемлекет, олардың сипатына қарамастан, дипломатиялық агенттерді барлық мемлекеттік және еңбекке қатысты міндеткерліктен, сондай-ақ реквизиция, контрибуция, әскери қоныс беру сияқты әскери міндеткерліктерден босатуға міндетті.

### **36-бап**

1. Өкілдік орналасқан мемлекет өзі қабылдаған заңдар мен ережелерге сәйкес, қоймалық алымдарды, тасымалдау үшін алымдарды және осыған ұқсас қызметтерді қоспағанда, төмендегілерді әкелуге рұқсат береді және барлық кедендік баждардан, салықтардан және осыған байланысты алымдардан босатады:

а) өкілдіктің ресми пайдалануына арналған заттар;

б) үй жабдығына арналған заттарды қосқанда, дипломатиялық агенттің немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке пайдалануына арналған заттар.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған алып тастаулар қолданылмайтын заттар немесе әкелуге және әкетуге тыйым салынған немесе өкілдік орналасқан мемлекеттің карантиндік ережелерімен реттелетін заттар бар деп ұйғаруға айтарлықтай негіз жоқ болса, дипломатиялық агенттің жеке қол жүгі тексеруден босатылады. Мұндай тексеру дипломатиялық агенттің немесе оның уәкілетті өкілінің қатысуымен ғана жүргізілуі тиіс.

### **37-бап**

1. Дипломатиялық агенттің өзімен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмаса, 29-36-баптарда көрсетілген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Өкілдіктің әкімшілік-техникалық персоналының мүшелері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, егер олар өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмаса немесе онда тұрақты түрде тұрмаса, 29-35-баптарда көрсетілген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады, 31-баптың 1-тармағында көрсетілген, өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтық және әкімшілік юрисдикциясы өздерінің міндеттерін орындау кезінде олар жасаған іс-қимылға қолданылмайды. Олар, сондай-ақ, бастапқы мүлік жинау заттарына қатысты 36-баптың 1-тармағында көрсетілген артықшылықтарды пайдаланады.

3. Өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын немесе онда тұрақты түрде тұрмайтын өкілдіктің қызмет көрсетуші персоналының мүшелері өздерінің міндеттерін орындау кезінде олар

жасаған іс-қимылға қатысты иммунитетті пайдаланады және өзінің қызмет бабы бойынша алатын жалақысына арналған салықтардан, алымдар мен баждардан босатылады, сондай-ақ 33-бапта аталған босатуды пайдаланады.

4. Өкілдік қызметкерлерінің үй жұмыскерлері, егер олар өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмаса және онда тұрақты түрде тұрмаса, өзінің қызмет бабы бойынша алатын жалақысына арналған салықтардан, алымдар мен баждардан босатылады. Басқа жағдайларда олар өкілдік орналасқан мемлекет рұқсат беретін деңгейде ғана артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана алады. Алайда, өкілдік орналасқан мемлекет осы адамдарға қатысты өзінің юрисдикциясын өкілдіктің функциясын жүзеге асыруға орынсыз түрде араласатындай жүзеге асырмауы тиіс.

### **38-бап**

1. Өкілдік орналасқан мемлекет беруі мүмкін қосымша артықшылықтармен және иммунитеттермен қатар, өкілдік орналасқан елдің азаматы болып табылатын немесе онда тұрақты түрде тұратын дипломатиялық агент өзінің функциясын орындау кезінде өзі жасаған ресми іс-қимылға қатысты юрисдикциядан иммунитетті және қол сұғылмаушылықты ғана пайдаланады.

2. Өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылатын және онда тұрақты түрде тұратын өкілдік персоналының басқа да мүшелері мен үй жұмыскерлері өкілдік орналасқан мемлекет қаншалықты рұқсат берсе, соншалықты деңгейде ғана артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. Алайда, өкілдік орналасқан мемлекет осы адамдарға қатысты өзінің юрисдикциясын өкілдіктің функциясын жүзеге асыруға орынсыз түрде араласатындай жүзеге асырмауы тиіс.

### **39-бап**

1. Артықшылықтар мен иммунитеттерге арналған құқығы бар әрбір адам өзінің қызметімен айналысу үшін жол жүріп бара жатқан кезде өкілдік орналасқан мемлекеттің аумағына аяқ басқан сәттен бастап немесе егер ол осы аумақта жүрген болса, оның тағайындалуы туралы сыртқы істер министрлігіне немесе оған қатысты уағдаластық бар басқа министрлікке хабарлаған сәттен бастап артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Егер артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын адамның функциясы аяқталатын болса, осы артықшылықтар мен иммунитеттер ол елді қалдырған кезден бастап немесе осыны істеу үшін ақылға қонымды уақыт өтісімен тоқтатылады, бірақ тіпті қарулы қақтығыс жағдайында да жоғарыда аталған уақытқа дейін өзінің күшін сақтайды. Алайда, осындай адам өкілдік қызметкері функциясын орындау кезінде жасаған іс-қимылға қатысты иммунитет сақталуын жалғастырады.

3. Өкілдік қызметкері қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелері өкілдік орналасқан елді тастап кеткенше ақылға қонымды уақыт



өткенше, заңды құқықтары бар артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануды жалғастырады.

4. Өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматы болып табылмайтын немесе онда тұрақты түрде тұрмайтын өкілдік қызметкері немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда, өкілдік орналасқан мемлекет қаза тапқанның жылжымалы мүлкін өкетеуге рұқсат беруі тиіс, бұған осы елде сатып алынған және оның қазасы кезінде өкетеуге тыйым салынған мүліктің барлығы қосылмайды. Мұраға арналған салық және мұрагерлік етуге арналған баж өкілдік орналасқан мемлекетте болуы қаза тапқанның өкілдік қызметкері немесе өкілдік қызметкерінің отбасы мүшесі болуына ғана байланысты жылжымалы мүліктен алынбайды.

#### *40-бап*

1. Егер дипломатиялық агент қажеттілікке байланысты өзіне виза берген үшінші мемлекеттің аумағы арқылы өтетін болса немесе өзінің қызметіне кірісу үшін немесе осы қызметіне немесе өзінің еліне қайтып келе жатқанда осы аумақта жүрсе, осы үшінші мемлекет оған қол сұғылмаушылықты және оның жол жүруін немесе қайта оралуын қамтамасыз ету үшін талап етілуі мүмкін басқа да иммунитеттерді береді. Бұл, сондай-ақ, дипломатиялық агентпен бірге жүретін немесе оған қосылу үшін немесе өзінің еліне қайту үшін жеке жүретін, артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын оның отбасының кез келген мүшесіне де қатысты.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларға ұқсас жағдайларда, үшінші мемлекет өкілдіктің өкімшілік-техникалық немесе қызмет көрсетуші персоналының мүшелеріне және олардың отбасы мүшелеріне өз аумағы арқылы жол жүруіне кедергі келтірмеуі тиіс.

3. Үшінші мемлекет кодталған немесе шифрланған депешаларды қоса алғанда, транзиттік жол үстіндегі ресми хат-хабарларға және басқа да ресми хабарларға өкілдік орналасқан мемлекет беретіні сияқты, тап сондай еркіндік пен қорғауды беруі тиіс. Олар қажеттілік туындаса, виза берілген, транзиттік жол үстіндегі дипломатиялық курьерлерге және дипломатиялық поштаға өкілдік орналасқан мемлекет беруге міндетті қол сұғылмаушылық пен қорғанысты беруі тиіс.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көзделген үшінші мемлекеттердің міндеттері осы тармақтарда аталған адамдарға және үшінші мемлекеттің аумағында болуы форс-мажорлық жағдайлардан туындаған ресми хабарлар мен дипломатиялық поштаға да қатысты.

#### *41-бап*

1. Артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық адамдар өздерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірместен, өкілдік орналасқан мемлекеттің заңдары мен қаулыларын құрметтеуге міндетті. Олар, сондай-ақ, осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

2. Аккредиттеуші мемлекет өкілдікке сеніп тапсырған барлық ресми істер өкілдік орналасқан мемлекеттің сыртқы істер министрлігімен немесе осы министрлік арқылы не оған қатысты уағдаластық бар басқа министрлікпен немесе осы басқа министрлік арқылы жүргізіледі.

3. Өкілдіктің үй-жайы осы Конвенцияда көзделген өкілдіктің функцияларымен немесе жалпы халықаралық құқықтың басқа да нормаларымен немесе аккредиттеуші мемлекет пен өкілдік орналасқан мемлекет арасында күші бар қандай да бір арнайы келісімдермен сыйыспайтын мақсаттарда пайдаланылуы тиіс емес.

#### **42-бап**

Дипломатиялық агент өкілдік орналасқан мемлекетте жеке пайда-сы мақсатында кәсіби немесе коммерциялық қызметпен айналыспауға тиіс.

#### **43-бап**

Дипломатиялық агенттің функциясы, атап айтқанда,

а) аккредиттеуші мемлекеттің өкілдік орналасқан мемлекетке дипломатиялық агенттің функциясы тоқтатылғандығы туралы хабарламасы бойынша;

б) 9-баптың 2-тармағына сөйкес, өкілдік орналасқан мемлекет дипломатиялық агентті өкілдіктің қызметкері ретінде танудан бас тартатыны туралы аккредиттеуші мемлекетке хабарламасы бойынша тоқтатылады.

#### **44-бап**

Өкілдік орналасқан мемлекет, тіпті қарулы қақтығыс жағдайында да, өкілдік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын, артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын адамдардың және азаматтығына қарамастан, осындай адамдардың отбасы мүшелерінің мүмкіндігінше жеделдетіп кетулеріне қажетті жәрдем көрсетуі тиіс. Өкілдік орналасқан мемлекет, атап айтқанда, қажет болған жағдайда, олардың өздері және олардың мүліктері үшін талап етілетін тасымал құралдарын олардың қарамағына беруі тиіс.

#### **45-бап**

Екі мемлекет арасында дипломатиялық қарым-қатынастар үзілген не өкілдікті түпкілікті немесе уақытша шақырып алған жағдайда:

а) өкілдік орналасқан мемлекет, тіпті қарулы қақтығыс жағдайында да, өкілдіктің үй-жайын оның мүлкімен және мұрағаттарымен бірге құрметтеуі және қорғауы тиіс;

б) аккредиттеуші мемлекет өкілдік орналасқан мемлекет үшін қабылдауға болатын үшінші мемлекетке өз өкілдігінің үй-жайларын оның мүлкімен және мұрағаттарымен бірге күзетуіне сеніп тапсыруы мүмкін;

с) аккредиттеуші мемлекет өкілдік орналасқан мемлекет үшін қабылдауға болатын үшінші мемлекетке өзінің мүдделерін және өз азаматтарының мүдделерін қорғауды сеніп тапсыруы мүмкін.

#### **46-бап**

Аккредиттеуші мемлекет өкілдік орналасқан мемлекеттің алдын ала келісімімен өкілдік орналасқан елде өкілдігі жоқ үшінші мемлекеттің өтініші бойынша, осы үшінші мемлекеттің және оның азаматтарының мүдделерін уақытша қорғауды өзіне ала алады.

#### **47-бап**

1. Осы Конвенцияның ережелерін қолданған кезде өкілдік орналасқан мемлекет мемлекеттер арасында кемсітушілікті жүргізбеуі тиіс.

2. Алайда:

а) егер өкілдік орналасқан мемлекет аккредиттеуші мемлекетте өзінің өкілдігіне осы Конвенцияның қандай да бір ережесін осы ереженің шектеулі түрде қолданылуына байланысты шектеулі сипатта қолданатын болса;

б) егер әдет-ғұрып бойынша немесе келісім бойынша мемлекеттер бір-біріне осы Конвенциядағы ережелер талап ететіннен гөрі анағұрлым қолайлы режим ұсынатын болса, кемсітушілік орын алды деп есептелмейді.

#### **48-бап**

Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымына немесе мамандандырылған мекемелерге мүше барлық мемлекеттердің, Халықаралық Сот Статутына қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Конвенцияға қатысушы болуға шақырған кез келген басқа да мемлекеттің 1961 жылғы 31 қазанға дейін – Австрия Сыртқы істерінің федералдық министрлігінде, ал сосын 1962 жылғы 31 наурызға дейін – Нью-Йорктағы Біріккен Ұлттар Ұйымының орталық мекемелерінде қол қоюы үшін ашық.

#### **49-бап**

Осы Конвенция ратификациялауға жатады. Ратификациялық грамоталар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады.

#### **50-бап**

Осы Конвенция 48-бапта санамаланған төрт санаттың біреуіне жататын кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық. Қосылу туралы актілер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады.

#### **51-бап**

1. Осы Конвенция жиырма екінші ратификациялық грамотаны немесе қосылу туралы актіні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

2. Конвенцияны ратификациялаған немесе оған қосылған әрбір мемлекетке қатысты Конвенция жиырма екінші ратификациялық грамотаны немесе қосылу туралы актіні сақтауға тапсырғаннан кейін осы мемлекет өзінің ратификациялық грамотасын немесе қосылу туралы актісін сақтауға тапсырғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

### **52-бап**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы 48-бапта санамаланған төрт санаттың біреуіне жататын барлық мемлекеттерге:

а) осы Конвенцияға қол қойылғандығы туралы және 48, 49 және 50-баптарға сәйкес, ратификациялық грамоталардың немесе қосылу туралы актілердің сақтауға тапсырылғандығы туралы;

б) 51-бапқа сәйкес, осы Конвенцияның күшіне ену күні туралы хабарлайды.

### **53-бап**

Ағылшын, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндері дәлме-дәл болып табылатын осы Конвенцияның түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына тапсырылатын болады, ол оның куәландырылған көшірмелерін 48-бапта санамаланған төрт санаттың біреуіне жататын барлық мемлекеттерге жібереді.

**ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН** тиісті түрде өз үкіметтерінен уәкілеттік алған төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Бір мың тоғыз жүз алпыс бірінші жылғы он сегізінші сәуірде  
**ВЕНАДА ЖАСАЛДЫ.**

**КОНСУЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТУРАЛЫ  
ВЕНА КОНВЕНЦИЯСЫ  
Вена, 24 сәуір 1963 жыл**

Осы Конвенцияның тараптары болып саналатын мемлекеттер, ежелден халықтар арасында консулдық қатынастардың орнатылғанын атай отырып,

мемлекеттердің егемендік теңдігі, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастардың дамуына жәрдем ету жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын назарға ала отырып,

дипломатиялық қатынастар мен иммунитеттер жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Конференциясының 1961 жылғы 18 сәуірде қол қоюға ашылған Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясын қабылдағанын ескере отырып,

консулдық қатынастар, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы халықаралық Конвенцияны жасасу, сондай-ақ олардың мемлекеттік және қоғамдық құрылымы өзгешеліктеріне қарамастан, мемлекеттер арасындағы достық қатынастардың дамуына жәрдем ететініне сенім білдіре отырып,

осындай артықшылықтар мен иммунитеттер жекелеген адамдардың пайдасы үшін емес, тек консулдық мекемелердің өз мемлекеттері атынан міндеттерін тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін берілетінін мойындай отырып,

халықаралық дағдылы құқық нормаларының осы Конвенция ережелерімен тікелей көзделмеген мәселелерді реттеуді жалғастыратынын растай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

**Анықтаулар**

1. Осы Конвенцияда келтірілген төмендегі терминдер келесі мағынаны береді:

а) «консулдық мекеме» кез келген бас консулдық, консулдық, вице-консулдық немесе консулдық агенттікті білдіреді;

б) «консулдық округ» консулдық міндеттерін атқару үшін консулдық мекемеге бөлінген ауданды білдіреді;

с) «консулдық мекеменің басшысы» осы лауазымда қызмет атқару жүктелген кез келген тұлғаны білдіреді;

д) «консулдық лауазымды тұлға» консулдық мекеменің басшысын қоса алғанда, консулдық міндеттерді атқару жүктелген кез келген тұлғаны білдіреді;

е) «консулдық қызметші» консулдық мекемеде әкімшілік немесе техникалық міндеттерді атқарушы кез келген тұлғаны білдіреді;

ғ) «қызмет көрсетуші персонал жұмыскері» консулдық мекемеге қызмет көрсету міндеттерін орындаушы кез келген тұлғаны білдіреді;

г) «консулдық мекеменің қызметкерлері» консулдық лауазымды тұлға, консулдық қызметші, қызмет көрсетуші персонал жұмыскерлерін білдіреді;

н) «консулдық персонал жұмыскерлері» консулдық лауазымды тұлғаларды (консулдық мекеменің басшысын қоспағанда), сондай-ақ консулдық қызметшілер мен күтуші персонал жұмыскерлерін білдіреді;

і) «жеке үй жұмыскері» консулдық мекеме қызметкерінің тек жеке қызметінде тұратын тұлғаны білдіреді;

ж) «консулдық үй-жайлар» жеке меншік құқығы кімнің атында болса да, тек қана консулдық мекеменің мақсатына пайдаланылатын ғимарат немесе ғимарат бөлігі мен осы ғимаратқа немесе ғимарат бөлігіне қызмет көрсетуші жер телімін білдіреді;

к) «консулдық мұрағаттарға» қорғалуын немесе сақталуын қамтамасыз етуге арналған барлық қағаздар, құжаттар, хат-хабарлар, кітаптар, фильмдер, дыбыс жазба ленталары, шифр және кодтар, картотекалар, жасау-жабдықтың кез келген заттары мен консулдық мекеменің тізілімі бірге жатады.

2. Консулдық лауазымды тұлғалардың екі санаты бар, атап айтқанда: штаттағы консулдық лауазымды тұлғалар және құрметті консулдық лауазымды тұлғалар. Осы Конвенцияның II тарауының ережелері штаттағы консулдық лауазымды тұлғалар басқаратын консулдық мекемелерді қамтиды, III тараудың ережелері құрметті консулдық лауазымды тұлғалар басқаратын консулдық мекемелерді қамтиды.

3. Болмыш мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе сонда тұрақты тұратын консулдық мекемелер қызметкерлерінің мәртебесі осы Конвенцияның 71-бабымен реттеледі.

## I ТАРАУ

### КОНСУЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### I Бөлім. Консулдық қатынастарды орнату және жүзеге асыру

##### 2-бап

#### Консулдық қатынастарды орнату

1. Мемлекеттер арасында консулдық қатынастарды орнату өзара келісім арқылы жүзеге асады.

2. Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнатуға берілген келісім, егер ескертулер болмаған жағдайда, консулдық қатынастарды да орнату келісімін білдіреді.

3. Дипломатиялық қатынастардың үзілуі консулдық қатынастардың *ipso facto* үзілуіне өкен соқпайды.

### 3-бап

#### Консулдық қызметтерді атқару

Консулдық қызметтерді консулдық мекемелер атқарады. Сондай-ақ, оларды осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес дипломатиялық өкілдіктер де атқарады.

### 4-бап

#### Консулдық мекемені ашу

1. Болмыш мемлекеттің аумағында консулдық мекемені тек сол мемлекеттің келісімімен ғана ашуға болады.

2. Консулдық мекеменің мекен-жайы, оның сыныбы мен консулдық округін өкілдік ететін мемлекет анықтайды және оны болмыш мемлекет мақұлдауы тиіс.

3. Өкілдік ететін мемлекет консулдық мекеменің мекен-жайы, оның сыныбы немесе консулдық округтегі бұдан былайғы өзгерістерді болмыш мемлекеттің келісімімен ғана жүзеге асыруы мүмкін.

4. Сондай-ақ, егер қандай да бір бас консулдық немесе консулдық өздері тұратын жерден басқа елді мекенде вице-консулдық немесе консулдық агенттік ашуы үшін, болмыш мемлекеттің келісімі талап етіледі.

5. Сондай-ақ, болмыш мемлекеттің алдын ала нақты көрсетілген келісімі, жұмыс істеп тұрған консулдық мекеменің қайда орналасқанына қарамастан, оның құрамдас бөлігі болып табылатын кеңсені ашу үшін де қажет.

### 5-бап

#### Консулдық функциялар

Консулдық функциялар:

а) болмыш мемлекетте өкілдік ететін мемлекеттің және оның азаматтарының (жеке және заңды тұлғалардың) халықаралық құқық шеңберінде мүдделерін қорғау;

б) өкілдік ететін және болмыш мемлекеттер арасындағы сауда, экономика, мәдени және ғылыми байланыстардың дамуына ықпал етіп, сондай-ақ осы Конвенция ережелеріне сәйкес екі ел арасындағы достық қатынастардың басқа да жолдармен дамуына қолдау көрсету;

с) болмыш мемлекеттің сауда, экономика, мәдениет және ғылым салаларындағы жағдай, оқиғаларын барлық заңды жолдармен анықтап, сол туралы өкілдік ететін мемлекеттің үкіметін хабардар ету және мүдделі адамдардың мәліметтерін ұсыну;

д) өкілдік ететін мемлекеттің азаматтарына паспорттар мен жол жүру құжаттарын және болмыш мемлекет тұлғаларының өкілдік ететін мемлекетке баруы үшін виза немесе тиісті құжаттар беру;

е) өз елінің азаматтарына (жеке және заңды тұлғаларға) көмек, жәрдем беру;

б) болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларына қайшы келмейтін жағдайларда ғана нотариус, азаматтық хал актілерін тіркеуші және басқа да осы тәрізді міндеттерді атқару, сондай-ақ өкімшілік сипаттағы кейбір міндеттерді орындау;

г) болмыш мемлекет аумағында өкілдік ететін мемлекет азаматтарының (жеке және заңды тұлғалардың) «*mortis causa*» (өлім) жағдайында мұрагерлік мүдделерін болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларына сәйкес қорғау;

б) болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларының белгіленген шеңберінде өкілдік ететін мемлекеттің азаматтары болып саналатын көмелетке толмаған және әрекеттік қабілеті толық емес басқа да тұлғалардың, әсіресе осындай тұлғаларға қандай да бір қорғаншы немесе қамқоршы белгіленуі талап етілгенде, мүдделерін қорғау;

і) өкілдік ететін мемлекеттің азаматтарына болмыш мемлекеттің сот және басқа да мекемелерінде осы азаматтардың құқықтары мен мүдделерін шектейтін алдын ала шаралар туралы өкімдерді алу мақсатымен болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларына сәйкес, егер болмауы немесе басқа да себептерге байланысты осындай азаматтар уақытында өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыра алмайтын болса, болмыш мемлекетте қалыптасқан тәжірибе мен тәртіпті сақтай отырып, өкілдік немесе тиісті өкілдікпен қамтамасыз ету;

ж) қолданыстағы халықаралық келісімдерге сәйкес немесе осындай келісімдер болмаған жағдайда, болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларына қайшы келмейтін кез келген басқа да тәртіпте өкілдік ететін мемлекеттің соттары үшін соттық және соттық емес құжаттарды беру немесе сот тапсырмаларын, жазбаша түсініктеме алу жөніндегі тапсырмаларды орындау;

к) өкілдік ететін мемлекеттің ұлттық кемелері және осы мемлекетте тіркелген ұшақтар, сондай-ақ олардың экипажына қатысты өкілдік ететін мемлекеттің заңдары мен қағидаларында көзделген қадағалау және инспекция құқықтарын жүзеге асыру;

л) өкілдік ететін мемлекеттің заңдары мен қағидаларында көзделгендіктен, осы баптың «к» тармағында аталған кемелер мен ұшақтарға және оның экипажына жәрдем беру, кемелердің жүзуіне қатысты өтініш қабылдау, кеме құжаттарын қарау әрі рәсімдеу және де болмыш мемлекет өкіметінің құқықтарына нұқсан келтірмей, жолда болған кез келген оқиғаларға тексеру жүргізу және капитан, командалық құрам мен матростар арасындағы түрлі дау түрлерін шешу;

м) болмыш мемлекеттің заңдары, қағидаларымен тыйым салынбайтын немесе орындалуына болмыш мемлекет қарсы емес немесе өкілдік ететін мемлекет пен болмыш мемлекет арасындағы қолданыстағы халықаралық шарттарда көзделген өкілдік ететін мемлекеттің консулдық мекемеге жүктеген басқа да функцияларын орындау болып табылды.



### **6-бап**

#### **Консулдық округтің шегінен тыс жерде консулдық функцияларды атқару**

Консулдық лауазымды тұлға ерекше жағдайларда болмыш мемлекеттің келісімімен өзінің консулдық округінің шегінен тыс жерде өз міндеттерін атқара алады.

### **7-бап**

#### **Консулдық функцияларды үшінші мемлекетте атқару**

Өкілдік ететін мемлекет тиісті мемлекеттерді хабардар еткен соң, бір мемлекетте ашылған консулдық мекемесіне, егер осы мемлекеттер тарапынан қандай да бір нақты көрсетілген қарсылық туындамаса, басқа мемлекетте консулдық функцияларын атқаруды жүктей алады.

### **8-бап**

#### **Үшінші мемлекет атынан консулдық функцияларды атқару**

Болмыш мемлекетті тиісті түрде хабардар еткен соң, өкілдік ететін мемлекеттің консулдық мекемесі, егер болмыш мемлекет тарапынан қарсылық болмаса, үшінші мемлекет атынан болмыш мемлекетте консулдық міндеттерді атқара алады.

### **9-бап**

#### **Консулдық мекеме басшыларының сыныптары**

1. Консулдық мекеме басшылары төрт сыныпқа бөлінеді, атап айтқанда:

- a) бас консулдар,
- b) консулдар,
- c) вице-консулдар,
- d) консулдық агенттер.

2. Осы баптың 1-тармағы кез келген Уағдаласушы Тараптардың консулдық мекеме басшылары болып табылмайтын консулдық лауазымды тұлғалардың атауларын белгілеу құқығын ешбір шектемейді.

### **10-бап**

#### **Консулдық мекеме басшыларын тағайындау және рұқсат беру**

1. Консулдық мекеме басшылары өкілдік ететін мемлекет арқылы тағайындалады және болмыш мемлекеттің рұқсатымен өз міндеттерін атқаруға жіберіледі.

2. Осы Конвенцияның ережелерін ұстанған жағдайда консулдық мекеме басшыларын тағайындау мен рұқсат беру шарттылықтары, тиісінше, өкілдік ететін мемлекет пен болмыш мемлекеттердің заңдары, қағидалары және әдет-ғұрыптарымен анықталады.

### **11-бап**

#### **Консулдық патент немесе тағайындау туралы хабарлама**

1. Өкілдік ететін мемлекет консулдық мекеме басшысын патент түріндегі немесе әрбір тағайындаған сайын жасалатын соған ұқсас оның лауазымы куәландырылып, жалпы ережеге сәйкес толық аты, тегі,

қай санат немесе сыныпқа жататыны, консулдық округ пен консулдық мекеменің мекен-жайы көрсетілген кесіммен қамтамасыз етеді.

2. Өкілдік ететін мемлекет осы патентті немесе соған ұқсас кесімді дипломатиялық немесе басқа да тиісті жолдар арқылы консулдық мекеме басшысы өз міндеттерін атқаруы тиіс аумақтағы мемлекеттің үкіметіне жібереді.

3. Егер болмыш мемлекет келісім берсе, өкілдік ететін мемлекет патент немесе соған ұқсас кесімнің орнына болмыш мемлекетке осы баптың 1-тармағында аталған мәліметтері бар хабарлама жібере алады.

### **12-бап**

#### **Экзекватура**

1. Консулдық мекеме басшысы болмыш мемлекет тарапынан экзекватура деп аталатын рұқсат қағазын алғаннан кейін, осындай рұқсат қағазы қай түрде болмасын, өз міндеттерін орындауға кірісе алады.

2. Экзекватураны беруден бас тартқан мемлекет өкілдік ететін мемлекетке себептерін айтуға міндетті емес.

3. 13 және 15-баптарда қарастырылған жағдайлардан басқасында консулдық мекеме басшысы экзекватураны алмайынша, өз міндеттерін атқаруға кірісе алмайды.

### **13-бап**

#### **Консулдық мекеме басшыларына уақытша рұқсат беру**

Экзекватура берілмей тұрып, консулдық мекеме басшысына уақытша өз міндеттерін атқаруға рұқсат берілуі мүмкін. Сондай жағдайда осы Конвенция ережелері қолданылады.

### **14-бап**

#### **Консулдық округ биліктерін хабардар ету**

Консулдық мекеме басшысы уақытша болса да өз міндеттерін орындауға кірісісімен, болмыш мемлекет жедел түрде сол туралы консулдық округтің құзырлы билік басшыларын хабардар етеді. Сонымен қатар, ол консулдық мекеме басшысы өз лауазымы бойынша міндеттерін атқару және осы Конвенцияның артықшылықтарын пайдалануға қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етеді.

### **15-бап**

#### **Консулдық мекеме басшысының міндеттерін уақытша орындау**

1. Егер консулдық мекеме басшысы өз міндеттерін орындай алмаса немесе егер консулдық мекеме басшысының лауазымы бос болса, консулдық мекеме басшысының міндеттерін уақытша консулдық мекеме басшысының міндетін атқарушы орындай алады.

2. Консулдық мекеме басшысы міндетін атқарушының толық аты мен тегі болмыш мемлекеттің сыртқы істер министрлігіне немесе осы министрлік көрсеткен органына өкілдік ететін мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе, егер осы мемлекеттің болмыш мемлекетте осындай өкілдігі болмаған жағдайда, консулдық мекеме басшысымен немесе егер ол осыны орындай алмағанда, өкілдік ететін мемлекет-

тің кез келген құзырлы органымен хабарланады. Жалпы ережедегідей, осы мәлімет ертерек беріледі. Болмыш мемлекет өз келісімімен өкілдік ететін мемлекеттің болмыш мемлекетте не дипломатиялық агенті, не консулдық лауазымды тұлғасы емес адамды консулдық мекеме басшысының міндетін атқаруға рұқсат беруге себепкер болады.

3. Болмыш мемлекеттің құзырлы органдары консулдық мекеме басшысының міндетін атқарушыға көмек көрсетеді және қорғайды. Ол мекемені басқарып тұрған кезде, тиісті консулдық мекеме басшысына қолданылатын осы Конвенцияның ережелері сондай негізде оған да жүреді. Дегенмен, болмыш мемлекет, консулдық мекеме басшысының міндетін уақытша атқарушы жауапты емес жағдайларға байланысты консулдық мекеме басшысы пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттерді мекеме басшысының міндетін уақытша атқарушыға ұсынуға міндетті емес.

4. Егер болмыш мемлекеттегі өкілдік ететін мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі дипломатиялық персоналының мүшесі осы баптың 1-тармағындағы ережелерге сәйкес, өкілдік ететін мемлекеттің консулдық мекемесі басшысының міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалса, егер болмыш мемлекет оған қарсы болмаған жағдайда, ол дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді одан әрі пайдалана береді.

#### **16-бап**

#### **Консулдық мекемелер басшылары арасындағы үлкендік қатынас**

1. Консулдық мекеме басшыларына экзекватура берілген күнімен анықталатын үлкендік тәртібі бойынша әрбір сыныпта түрлі орындар беріледі.

2. Егер, бірақ, консулдық мекеме басшысына экзекватура алғанға дейін уақытша өз міндеттерін атқаруға рұқсат берілсе, үлкендік тәртібі бойынша оның орны уақытша рұқсат берген күнмен белгіленеді; осы орын оған экзекватура берілгеннен кейін де сақталады.

3. Экзекватура алған немесе өз міндеттерін уақытша орындауға рұқсат бір күнде берілген екі немесе бірнеше консулдық мекеме басшылары арасындағы үлкендік тәртіп болмыш мемлекетке патенттерін ұсынған күнмен немесе соған ұқсас актілер немесе 11-баптың 3-тармағында ескертілген хабарлама күнімен анықталады.

4. Консулдық мекеме басшыларының міндетін атқарушылар үлкендік тәртіп бойынша барлық консулдық мекеме басшыларының соңынан келеді, ал олардың арасындағы үлкендік тәртіп 15-баптың 2-тармағына сәйкес жасалған хабарламадағы мекеме басшысының міндетін уақытша атқаруға кіріскен күнмен анықталады.

5. Консулдық мекеме басшылары болып табылатын құрметті консулдық лауазымды тұлғалар әрбір сыныпта алдыңғы тармақтарда аталған тәртіп пен қағидаларға сәйкес штаттағы консулдық мекеме басшыларынан кейінгі орындарды алады.

6. Консулдық мекеме басшыларына үлкендік тәртіп бойынша осындай мәртебесі жоқ консулдық лауазымды тұлғалардан жоғары орындар тиесілі.

### **17-бап**

#### **Консулдық лауазымды тұлғалардың дипломатиялық әрекеттерді жасауы**

1. Өкілдік ететін мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі жоқ мемлекетте және ол онда үшінші мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі арқылы ұсынылмаса, консулдық лауазымды тұлға болмыш мемлекеттің келісімімен өрі оның консулдық мәртебесінің өзгерісін, дипломатиялық әрекеттерді жасауға уәкілдік ете алады. Консулдық лауазымды тұлғаның осындай әрекеттерді жасауы оған дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерге үміттену құқықтарын бермейді.

2. Консулдық лауазымды тұлға болмыш мемлекетті хабардар еткен соң өкілдік ететін мемлекеттің өкілі ретінде кез келген үкіметаралық ұйымдарда іс-қимыл жасай алады. Осы қызметті атқара жүріп, ол дағдылы халықаралық құқық немесе халықаралық шарттармен осындай өкілге ұсынылатын барлық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануға құқығы бар. Алайда, оның кез келген консулдық міндеттерін атқаруына қатысты осы Конвенцияға сәйкес құқықтары бар консулдық лауазымды тұлғаның заңдық құзыретінен артық иммунитетке құқығы жоқ.

### **18-бап**

#### **Екі немесе бірнеше мемлекеттің бір адамды консулдық лауазымды тұлға ретінде тағайындауы**

Екі немесе бірнеше мемлекет болмыш мемлекеттің келісімімен бір адамды осы мемлекетте лауазымды тұлға ретінде тағайындай алады.

### **19-бап**

#### **Консулдық персонал қызметкерлерін тағайындау**

1. 20, 22 және 23-баптарда қарастырылған ерекшеліктермен өкілдік ететін мемлекет консулдық персонал қызметкерлерін еркін тағайындай алады.

2. Болмыш мемлекет, егер ол қаласа, 23-баптың 3-тармағында көзделген өз құқықтарын жүзеге асыра алуы үшін өкілдік ететін мемлекет алдын ала консулдық мекеме басшысынан өзге барлық консулдық лауазымды тұлғалардың толық аты-жөні, санаты мен сыныбын болмыш мемлекетке хабарлайды.

3. Өкілдік ететін мемлекет, егер ол оның заңдары, қағидаларымен талап етілсе, болмыш мемлекеттен консулдық мекеме басшысы болып табылмайтын консулдық лауазымды тұлғаға экзекватура беру туралы сұрай алады.

4. Болмыш мемлекет, егер бұл оның заңдары, қағидаларымен талап етілсе, консулдық мекеме басшысы болып табылмайтын консулдық лауазымды тұлғаға экзекватура бере алады.

## 20-бап

### Консулдық персонал саны

Консулдық персонал саны туралы нақты келісім болмаған жағдайда, болмыш мемлекет консулдық округтегі жағдайлар мен шарттар және осы консулдық мекеменің мұқтаждықтарын ескере отырып, ақылға қонымды әрі қалыпты деп санайтын шектен аспайтын өкілдік персонал санын ұсына алады.

## 21-бап

### Консулдық мекеменің консулдық лауазымды тұлғалары арасындағы үлкендік тәртібі

Өкілдік ететін мемлекеттің болмыш мемлекетте дипломатиялық өкілдігі немесе егер осы мемлекеттің мұндай өкілдігі болмаса, консулдық мекеме басшысы болмыш мемлекеттің сыртқы істер министріне немесе осы министрлік көрсеткен органға консулдық мекеменің консулдық лауазымды тұлғалары арасындағы үлкендік тәртібі, сондай-ақ осы реттегі кез келген өзгерістер туралы хабарлайды.

## 22-бап

### Консулдық лауазымды тұлғалардың азаматтығы

1. Негізінде консулдық лауазымды тұлғалар өкілдік ететін мемлекеттің азаматтары болуы тиіс.

2. Консулдық лауазымды тұлғалар болмыш мемлекет азаматтарының ішінен тағайындала алмайды, тек сол мемлекеттің нақты көрсетілген келісімі болмаса, оның үстіне осы келісім кез келген уақытта жойылуы мүмкін.

3. Болмыш мемлекет дәл сондай құқықты бір мезгілде өкілдік ететін мемлекеттің азаматы болып табылмайтын үшінші мемлекеттің азаматына қатысты өзіндік түсініктеме жасауы мүмкін.

## 23-бап

### «*Persona non grata*» болып жарияланған тұлғалар

1. Болмыш мемлекет кез келген уақытта өкілдік ететін мемлекетке сол немесе консулдық лауазымды басқа тұлғаның «*persona non grata*» болып табылатынын немесе консулдық персоналдың кез келген қызметкерінің қолайсыз екендігін хабарлай алады. Осындай жағдайда өкілдік ететін мемлекет, тиісінше, осы тұлғаны кері шақырып алуға немесе оның консулдық мекемедегі міндетін тоқтатуға тиіс.

2. Егер өкілдік ететін мемлекет осы баптың 1-тармағында көзделген өз міндеттерін орындаудан бас тартса немесе белгіленген мерзімде орындамаса, болмыш мемлекет, тиісінше, осы тұлғаның экзекватурасын жоюы немесе оны консулдық персонал қызметкері деп санамауы мүмкін.

3. Консулдық мекеме қызметкері ретінде тағайындалған тұлға болмыш мемлекеттің аумағына келмей тұрып немесе егер ол болмыш мемлекетте сол мезгілде болған жағдайда, консулдық мекемедегі міндеттерді атқаруға кіріспей тұрып, ол қолайсыз деп жариялануы мүмкін. Кез келген осындай жағдайда өкілдік ететін мемлекет оны тағайындауды жояды.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларда болмыш мемлекет өкілдік ететін мемлекетке өз шешімінің себебін хабарлауға міндетті емес.

#### **24-бап**

### **Болмыш мемлекетті тағайындаулар, келу және кетулер туралы хабарлар ету**

1. Болмыш мемлекеттің сыртқы істер министрлігі немесе осы министрлік көрсеткен орган:

а) консулдық мекеме қызметкерлерін тағайындау, консулдық мекемеге тағайындалғаннан кейін олардың келуі, олардың түбегейлі кетуі немесе олардың міндеттерінің тоқтатылуы және консулдық мекеме жұмысы кезінде олардың мәртебесіне ықпал ететін басқа да барлық өзгерістер туралы;

б) консулдық мекеме қызметкері отбасының мүшесі және үнемі онымен тұратын, сондай-ақ тиісті жағдайларда сол немесе басқа тұлға сондай отбасы мүшесі болып саналатыны немесе болмайтыны туралы тұлғаның келу немесе түбегейлі кетуі туралы;

с) жеке үй қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың қызметінің тоқтатылуы туралы, келу немесе түбегейлі кетуі туралы;

д) болмыш мемлекетте тұратын, артықшылықтар мен иммунитеттерге құқығы бар консулдық мекеме қызметкерлері немесе жеке үй қызметкерлерін жалдау мен жұмыстан босату туралы хабарланады.

2. Келу немесе түпкілікті кетуі туралы хабарлама мүмкіндігінше ертерек берілуге тиіс.

## **II Бөлім. Консулдық міндеттерді тоқтату**

### **25-бап**

#### **Консулдық мекеме қызметкерлерінің міндеттерін тоқтату**

Консулдық мекеме қызметкерлерінің міндеттері тоқтатылады, атап айтқанда:

а) өкілдік ететін мемлекет болмыш мемлекетті консулдық функцияларының тоқтатылуы туралы хабарлама бойынша;

б) экзекватураны жою бойынша;

с) болмыш мемлекет оны консулдық персонал қызметкері деп санамайтыны туралы өкілдік ететін мемлекетке хабарламасы бойынша.

### **26-бап**

#### **Болмыш мемлекеттен кетуі**

Болмыш мемлекет, тіпті қарулы қақтығыс кезінде де, болмыш мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын консулдық мекеме қызметкерлері мен жеке үй жұмыскерлеріне, қай елдің азаматы екеніне қарамастан, олармен тұратын отбасы мүшелеріне, елден кетуге дайындалу үшін уақыт пен жағдай жасап, қызметкерлердің міндеттері аяқталған соң жедел кетуіне ықпал етуге тиісті. Атап айтқанда, қажет болған жағдайда, оларға немесе болмыш мемлекетте алынған, кетерінде өзімен

алып кетуге тыйым салынған мүлкітен басқа заттарын тасымалдауға қажет көлік құралдарын ұсынуға тиіс.

#### 27-бап

**Консулдық үй-жайлар мен мұрағатты, сондай-ақ ерекше жағдайларда өкілдік ететін мемлекеттің мүдделерін қорғау**

1. Екі ел арасындағы консулдық қатынастар үзілген жағдайда:

а) болмыш мемлекет, тіпті қарулы қақтығыс кезінде де, консулдық үй-жайларды, сондай-ақ консулдық мекеме мүлкі мен консулдық мұрағатты құрметтеп, сақтауы тиіс;

б) өкілдік ететін мемлекет консулдық үй-жайлар, сондай-ақ ондағы мүліктер мен консулдық мұрағатын болмыш мемлекетке қолайлы үшінші мемлекетке сеніп тапсыра алады;

с) өкілдік ететін мемлекет өзінің және азаматтарының мүддесін болмыш мемлекет үшін қолайлы үшінші мемлекетке сеніп тапсыра алады.

2. Консулдық мекеме уақытша немесе түбегейлі жабылған жағдайда осы баптың 1-тармағы «а» тармақшасының ережелері қолданылады. Сонымен қатар,

а) егер өкілдік ететін мемлекеттің болмыш мемлекетте дипломатиялық өкілдігі болмаса, бірақ осы мемлекет аумағында басқа консулдық мекемесі болған жағдайда, сол консулдық мекемеге жабылған консулдық мекеменің үй-жайын, мүлкін, консулдық мұрағатын сеніп тапсыра алады және болмыш мемлекеттің келісімімен, осы консулдық мекеме округінде консулдық міндеттерді орындай алады; немесе

б) егер өкілдік ететін мемлекеттің болмыш мемлекетте не дипломатиялық өкілдігі не консулдық мекемесі болмаса, осы баптың 1-тармағындағы «б» және «с» тармақшаларының ережелері қолданылады.

## II ТАРАУ.

**КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ, ШТАТТАҒЫ КОНСУЛДЫҚ  
ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕҢІҢ  
БАСҚА ДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ,  
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ИММУНИТЕТТЕРІ**

**I Бөлім. Консулдық мекемелердің басымдықтары,  
артықшылықтары мен иммунитеттері**

#### 28-бап

**Консулдық мекеменің жұмысын жеңілдету**

Консулдық мекеме міндетін орындау үшін болмыш мемлекет барлық мүмкіндіктерді жасауы тиіс.

**Мемлекеттік ту мен елтаңбаны пайдалану**

1. Өкілдік ететін мемлекет осы баптың ережелеріне сәйкес, болмыш мемлекетте өзінің мемлекеттік туы мен елтаңбасын пайдалануға құқығы бар;

2. Өкілдік ететін мемлекеттің мемлекеттік туы консулдық мекеме орналасқан ғимаратта, сондай-ақ консулдық мекеме басшысының резиденциясында ілініп, оның кіреберіс есіктерінде елтаңбасы бекітіледі және де бұл қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты болған кезде, оның көлігіне де ілінеді.

3. Осы бапта көзделген құқықтарды жүзеге асыру барысында болмыш мемлекеттің заң, қағидалары мен өдет-ғұрпы ескерілуі тиіс.

**30-бап**

**Үй-жайлармен қамтамасыз ету**

1. Болмыш мемлекет өз аумағында өз заңдары мен қағидаларына сәйкес өкілдік ететін мемлекеттің консулдық мекемесіне қажетті үй-жайларды не сатып алуға көмектесуге, не болмаса оған үй-жайларды басқа жолмен алуға жәрдемдесуі тиіс.

2. Сондай-ақ, ол қажет болған жағдайда консулдық мекеменің қызметкерлеріне қолайлы үй-жайларды алуға көмектесуге тиіс.

**31-бап**

**Консулдық мекемелерге қол сұқпаушылық**

1. Консулдық үй-жайларға осы бапта көзделген шекте қол сұғылмайды.

2. Болмыш мемлекеттің өкімет билігі консулдық үй-жайдың консулдық мекеменің жұмысы үшін ғана пайдаланылатын бөлігіне кіре алмайды, тек өкілдік ететін мемлекеттің консулдық мекеме басшысы, онымен тағайындалған тұлға немесе дипломатиялық өкілдік басшысының келісімі болған жағдайларда ғана мүмкін. Дегенмен, консулдық мекеме басшысының келісімі шұғыл қорғану шараларын талап ететін орт немесе басқа табиғи апаттар жағдайында сұралуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелерін ұстанған жағдайда, болмыш мемлекет консулдық үй-жайларды кез келген баса-көктеп кіру немесе залал келтіруден және консулдық мекеменің тыныштығын бұзу немесе абыройын қорлауды болдырмауға барлық тиісті шаралар қабылдаудың арнайы міндетін өзіне алады.

4. Консулдық үй-жайлар, олардың жасау-жабдықтары, консулдық мекеме мүлкі мен олардың көліктері мемлекеттік қорғаныс мақсатында немесе қоғамдық қажеттілік үшін кез келген иеліктен айыру түрлеріне қатысты иммунитетті пайдаланады. Жоғарыда аталған мақсаттарға үй-жайлар иелігінен айыру қажет болған жағдайда, консулдық міндеттер бұзылуын болғызбау үшін барлық мүмкіндігі бар шаралар қабылданады және өкілдік ететін мемлекетке тиісті, тиімді өтемақы кідіріссіз төленеді.



### **32-бап**

#### **Консулдық үй-жайларды салықтардан босату**

1. Өкілдік ететін мемлекет немесе оның атынан әрекет етуші кез келген тұлға иесі немесе жалға берушісі болып табылатын консулдық үй-жайлар мен штаттағы консулдық мекеме басшысының резиденциясы тек нақты қызмет көрсету түрлеріне төленетін ақылардан басқа, барлық мемлекеттік, аудандық және муниципалдық салық, алым мен баждардан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салық алымдары болмыш мемлекеттің заңдары бойынша өкілдік ететін мемлекетпен немесе оның атынан әрекет ететін тұлғалармен шарт жасасқан тұлғаларды салық, алым мен баждардан босатпайды.

### **33-бап**

#### **Консулдық мұрағат пен құжаттардың қол сұғылмаушылығы**

Консулдық мұрағаттар мен құжаттарға, оның қайда орналасқанына қарамастан, кез келген уақытта қол сұғылмайды.

### **34-бап**

#### **Еркін жүріп-тұрулар**

Мұның өзі мемлекеттік қауіпсіздік түсінігі бойынша, кіруге тыйым салынатын немесе реттелетін аймақтар туралы заңдар мен қағидаларға қайшы келмейтіндіктен, болмыш мемлекет өзінің аумағы бойынша консулдық мекеменің барлық қызметкерлерінің еркін жүріп-тұруы мен саяхат жасауын қамтамасыз етуге тиісті.

### **35-бап**

#### **Еркін қатынастар**

1. Болмыш мемлекет барлық ресми мақсаттар үшін консулдық мекеме қатынастарының еркіндігіне рұқсат беруге және қорғауға тиісті. Консулдық мекеме өкілдік ететін мемлекеттің, олар қайда орналасқанына қарамастан, үкімет, дипломатиялық өкілдіктер және басқа да консулдық мекемелермен қатынастары барысында дипломатиялық және консулдық курьерлер, дипломатиялық және консулдық пошталар мен кодталған немесе шифрланған жеделхаттарды қоса алғанда, барлық қолайлы құралдармен пайдалана алады. Алайда, радиотаратқышты тек болмыш мемлекеттің рұқсатымен ғана орнатып, пайдалануға болады.

2. Консулдық мекеменің ресми хат-хабарына қол сұғылмайды. Ресми хат-хабарға консулдық мекеме мен оның міндеттеріне қатысты барлық хат-хабарлар жатады.

3. Консулдық поштаны ашуға не кідіруге болмайды. Алайда, болмыш мемлекеттің құзырлы билік органдары поштада осы баптың 4-тармағында аталған хат-хабар, құжат немесе заттардан басқа заттың болуына байыпты негізі бар болғанда, олар өкілдік ететін мемлекеттің уәкілетті өкілінен поштаны ашуды талап ете алады. Егер өкілдік ететін мемлекеттің билік органдары осы талапты орындаудан бас тартса, онда поштаны жіберген жеріне қайтарады.

4. Консулдық поштаны құрайтын барлық орындарда олардың сипатын көрсететін көзге түсетін сыртқы белгілері болуы және тек ресми пайдалануға арналған ресми хат-хабар, құжаттар мен заттардан ғана тұруы тиіс.

5. Консулдық курьер оның мәртебесі мен консулдық поштаны құрайтын орын саны көрсетілген ресми құжатпен қамтамасыз етіледі. Болмыш мемлекеттің келісімі болған жағдайда басқасында, ол болмыш мемлекеттің не азаматы, не, егер өкілдік ететін мемлекеттің азаматы болмаса, болмыш мемлекетте тұрақты тұратын тұлға бола алмайды. Өз міндеттерін орындау кезінде ол болмыш мемлекеттің қорғауында болады. Ол жеке қол сұғылмаушылықты пайдаланады және қай түрде болмасын тұтқындалуға немесе ұсталуға тиісті емес.

6. Өкілдік ететін мемлекет, оның дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемесі *ad hoc* консулдық курьерлерін тағайындай алады. Мұндай жағдайларда осындай курьер өзіне сеніп тапсырылған консулдық поштаны белгіленген жеріне жеткізген кезде жоғарыда аталған иммунитеттер тоқтатылатынын есептемегенде, сондай-ақ осы баптың 5-тармағының ережелері қолданылады.

7. Консулдық вализа қонуы әуежайға рұқсат етілген немесе теңіз айлағына бағытталған кеме немесе азаматтық ұшақ командиріне тапсырылуы мүмкін. Ол вализадан тұратын орын саны көрсетілген ресми құжатпен қамтамасыз етіледі, бірақ ол консулдық курьер болып саналмайды. Консулдық мекеме жергілікті құзыретті билік органдарының келісімі бойынша, кеме немесе ұшақ командирінен поштаны тікелей және еш кедергісіз қабылдап алу үшін өзінің бір қызметкерін жібере алады.

### 36-бап

#### Өкілдік ететін мемлекеттің азаматтарымен қатысулар және байланыстар

1. Өкілдік ететін мемлекет азаматтарына қатысты консулдық міндеттерді орындауды жеңілдету мақсатында:

а) консулдық лауазымды тұлғалар өкілдік ететін мемлекет азаматтарымен еркін қатынасып, оларға кіре алады. Өкілдік ететін мемлекет азаматтарының да дәл осылай өкілдік ететін мемлекеттің консулдық лауазымды тұлғаларымен қатынасуы, оларға кіре алу еркіндігі бар;

б) болмыш мемлекеттің құзыретті органдары өкілдік ететін мемлекеттің консулдық мекемесін оның консулдық округі бойынша сол мемлекеттің қандай да бір азаматы тұтқындалып, түрмеге түскенде немесе сотта істі қарағанша қамауға алынғаны туралы, егер сол азамат оны талап етсе, кідіріссіз хабарлауға тиісті. Тұтқындалған, түрмеде, қамауға алынған немесе ұсталған тұлғаның сол консулдық мекемеге жіберген барлық хабарламалары сол органдармен кідіріссіз консулдық меке-

меге жіберіледі. Аталған органдар сол тұлғаға осы тармақшаға сәйкес құқықтары туралы шұғыл түрде хабарлауы тиіс;

с) консулдық лауазымды тұлғалар сөйлесу үшін түрмеде, қамауда отырған немесе ұсталған өкілдік ететін мемлекеттің азаматына кіруге құқығы бар, сондай-ақ онымен хат жазысуға және оны заң өкілдігімен қамтамасыз ету шараларын қабылдауға құқылы. Олар, сондай-ақ, түрмеде, қамауда отырған немесе сот шешімін орындау үшін сол округте ұсталған өкілдік ететін мемлекеттің кез келген азаматына кіруге құқығы бар. Дегенмен, консулдық лауазымды тұлғалар түрмеде, қамауға алынған немесе ұсталған азамат, егер ол белгілі түрде қарсы болған жағдайда, оның атынан сөйлеуден бас тартуы тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында айтылған құқықтар болмыш мемлекеттің заң, қағидаларына сәйкес жүзеге асуы тиіс, алайда осы заңдар мен қағидалар осы бапқа сәйкес берілетін құқықтарға арналған мақсаттарды толығымен жүзеге асыратын жағдайда жәрдем етуге тиіс.

### **37-бап**

#### **Өлім, қамқоршылық немесе қорғаншылық жөнінде және кеме мен ұшақтардың апаттары туралы хабарлау**

Болмыш мемлекеттің құзыретті билік органдарында тиісті ақпарат болған жағдайда осы өкімет:

а) өкілдік ететін мемлекеттің азаматы қайтыс болған жағдайда жедел түрде өлім болған округтегі консулдық мекемені хабардар етуге;

б) қамқоршы немесе қорғаншыны тағайындау өкілдік ететін мемлекеттің азаматы болып табылатын көмелеттік жасқа толмаған баланың немесе толық әрекет ету қабілеті жоқ өзге де тұлғаның мүдделерін коздейтін кез келген жағдай туралы құзыретті консулдық мекемені кідіріссіз хабардар етуге. Алайда, осы ақпаратты беру осындай тағайындауларға қатысты болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларын қолдануға кедергі келтірмеуге тиіс;

с) егер өкілдік ететін мемлекеттің ұлттық кемесі болмыш мемлекеттің аумақтық немесе ішкі суларында апатқа ұшырап немесе қайраңға отырып қалғанда немесе егер өкілдік ететін мемлекетте тіркелген ұшақ болмыш мемлекет аумағында апатқа ұшырағанда, бұл туралы кідіріссіз оқиға болған жерге жақын орналасқан консулдық мекемені хабардар етуге міндетті.

### **38-бап**

#### **Болмыш мемлекет органдарымен қатынастар**

Өз міндеттерін орындау барысында консулдық лауазымды тұлғалар:

а) өзінің консулдық округінің жергілікті құзыретті органдарымен;

б) егер рұқсат берілсе, болмыш мемлекеттің құзыретті орталық органдарымен және бұл болмыш мемлекеттің заң, қағидалары мен әдет-ғұрыптары немесе тиісті халықаралық шарттармен рұқсат етілетін дәрежеде болса, қатынаса алады.

**Консулдық алымдар**

1. Консулдық мекеме болмыш мемлекет аумағында жасалған консулдық актілер үшін өкілдік ететін мемлекеттің заңдары мен қағидаларында көзделген алым мен баждарды ала алады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған алым мен баждар түрінде жиналатын сома мен осындай алым мен баждарды алғаны туралы түбіртектер болмыш мемлекетте барлық салық, алым мен баждардан босатылады.

**II Бөлім. Консулдық мекемелердегі штаттық консулдық лауазымды тұлғалар мен басқа да қызметкерлердің басымдықтары, артықшылықтары мен иммунитеттері**

**40-бап**

**Консулдық лауазымды тұлғаларды қорғау**

Болмыш мемлекет консулдық лауазымды тұлғаларға тиісті құрметпен қарап және олардың жеке басы, бостандығы немесе абыройына қандай да бір нұқсан келтірудің алдын алу үшін барлық тиісті шараларды қолдануға міндетті.

**41-бап**

**Консулдық лауазымды тұлғалардың жеке басына қол сұғылмаушылық**

1. Консулдық лауазымды тұлғалар не тұтқындалмайды не алдын ала қамауға алынбайды, тек ауыр қылмыс жасаған жағдайда құзыретті сот билігі қаулысының негізінде ғана.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған жағдайларды есептемегенде, тек заңды күшіне енген сот қаулысын орындау үшін болмаса, консулдық лауазымды тұлғалар түрмеге жабылмайды және жеке бас бостандығын шектейтін ешқандай басқа түрдегі шектеулер оларға қолданылмайды.

3. Егер консулдық лауазымды тұлғаға қарсы қылмыстық іс қозғалса, онда ол құзыретті органға келуі керек. Алайда, оның ресми жағдайын ескере отырып, істі өндіру барысында, осы баптың 1-тармағында қарастырылған жағдайдан басқасында, құрметпен қарап, оның консулдық міндетін атқаруға мүмкіндігінше аз кедергі келтірілуі тиіс. Осы баптың 1-тармағына сойкес, консулдық лауазымды тұлғаны ұстаудың қажеттілігі туындаған кезде, оған қарсы соттық құдалау мүмкіндігінше қысқа мерзімде басталуы тиіс.

**42-бап**

**Тұтқындау, алдын ала қамауға алу немесе соттық құдалау туралы хабарлау**

Консулдық персоналдың қандай да бір қызметкерін тұтқындап немесе алдын ала қамауға алған жағдайда немесе оған қарсы қылмыстық іс қозғалғанда, болмыш мемлекет шұғыл консулдық мекеме басшысын хабардар етеді. Егер оның өзі осындай жағдайда болғанда, болмыш мемлекет өкілдік ететін мемлекетті дипломатиялық арналары арқылы хабардар етеді.

### **43-бап**

#### **Заң құзыретінен иммунитеттер**

1. Консулдық лауазымды тұлғалар мен консулдық қызметкерлер консулдық функцияларын орындау барысында жасаған әрекеттеріне қатысты болмыш мемлекеттің сот немесе әкімшілік органдарының юрисдикциясына жатпайды.

2. Алайда осы баптың 1-тармағының ережелері азаматтық талап арызға:

а) консулдық лауазымды тұлғалар немесе консулдық қызметкерлері, олар өкілдік ететін мемлекеттің агенті ретінде тікелей немесе жаппама түрде міндеттерді өздеріне алмай тұрып жасасқан шарттардан туындайтын; немесе

б) болмыш мемлекетте жол көлігі, кеме немесе ұшақ апатынан болған жазатайым оқиғалардан үшінші тарапқа келтірген залалға қатысты қолданылмайды.

### **44-бап**

#### **Күәгерлік жауаптарды беру міндеті**

1. Консулдық мекеме қызметкерлері күәгер ретінде сот немесе әкімшілік істерді өндіруде шақырылуы мүмкін. Консулдық қызметкер немесе қызмет көрсету персоналының жұмыскері, осы баптың 3-тармағында аталған жағдайлардан басқасында, күәгерлік жауаптан бас тарта алмайды. Егер консулдық лауазымды тұлға күәгерлік жауап беруден бас тартса, оған ешбір күштеу немесе жазалау шаралары қолданылмайды.

2. Консулдық лауазымды тұлғаның күәгерлік жауабын қажет ететін орган, осы тұлғаның өз міндеттерін орындауына кедергі келтірмеуі тиіс. Ол мүмкіндігінше осындай күәгерлік жауапты осы тұлғаның үйінде немесе консулдық мекемеде немесе одан жазбаша қабылдай алады.

3. Консулдық мекеменің қызметкерлері өз міндеттерін орындауға байланысты мәселелер бойынша күәгерлік жауап беруге немесе олардың міндеттеріне жататын ресми хат-хабар мен құжаттарды ұсынуға міндетті емес. Олар, сондай-ақ, өкілдік ететін мемлекеттің заңнамаларын түсіндіретін күәгерлік жауап беруге міндетті емес.

### **45-бап**

#### **Артықшылықтар мен иммунитеттерден бас тарту**

1. Өкілдік ететін мемлекет консулдық мекеме қызметкерінің 41, 43 және 44-баптарда қарастырылған кез келген артықшылықтар мен иммунитеттерінен бас тарта алады.

2. Осы баптың 3-тармағында қарастырылған жағдайдан басқасында, осындай бас тарту әрқашан анық белгіленіп, ол туралы болмыш мемлекетке жазбаша түрде хабарлануы тиіс.

3. Консулдық лауазымды тұлға немесе консулдық қызметкермен іс қозғалған кезде, ол 43-бапқа сәйкес юрисдикция артықшылықтарын пайдалана алмайды, осы істі қозғау негізгі талап-арызбен тікелей бай-

ланысты қандай да болмасын қарсы талап-арызға қатысты юрисдикция артықшылықтарына сілтеме жасау құқығынан айырады.

4. Азаматтық немесе өкімшілік іске қатысты юрисдикция артықшылықтарынан бас тарту сот шешімінің нәтижесі болып табылатын атқару әрекеті артықшылықтарынан бас тартуды білдірмейді; осындай әрекеттерге қатысты жеке бас тарту қажет.

#### **46-бап**

### **Шетелдіктерді тіркеуден және тұруға рұқсат алудан босату**

1. Консулдық лауазымды тұлғалар, консулдық қызметкерлер және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері шетелдіктерді тіркеуге, тұруға рұқсат алуға қатысты болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларында көзделген барлық міндеттерден босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері, алайда, өкілдік ететін мемлекеттің тұрақты қызметкері болып табылмайтын немесе табыс табу үшін болмыш мемлекетте жеке ісімен айналысып жүрген кез келген консулдық қызметкерге, сондай-ақ осындай қызметкердің кез келген отбасы мүшесіне қолданылмайды.

#### **47-бап**

### **Жұмысқа рұқсат алудан босату**

1. Консулдық мекеме қызметкерлері өкілдік ететін мемлекет үшін орындалатын жұмысқа қатысты шетелдіктерді жұмысқа алу туралы болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларында белгіленген жұмысқа рұқсат етуге байланысты, кез келген міндеттерден босатылады.

2. Консулдық лауазымды тұлғалар мен консулдық қызметкерлердің жеке үй жұмыскерлері, егер олар болмыш мемлекетте табыс табу үшін басқа ешқандай жеке қызметпен айналыспаса, осы баптың 1-тармағында аталған міндеттерден босатылады.

#### **48-бап**

### **Әлеуметтік қамтамасыз етуге қатысты алынулар**

1. Осы баптың 3-тармағында қарастырылған жағдайлардан басқасында, болмыш мемлекетте қолданылатын әлеуметтік қамтамасыз ету туралы қаулылар өкілдік ететін мемлекет үшін орындалатын жұмысқа қатысты консулдық мекеме қызметкерлері мен олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қамтымайды.

2. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған алынулар, сондай-ақ тек консулдық мекеме қызметкерлеріне қызмет ететін жеке үй жұмыскерлерін:

а) олар болмыш мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын және онда тұрғылықты тұрмайтын; және

б) өкілдік ететін мемлекетте немесе үшінші мемлекетте қолданылатын әлеуметтік қамтамасыз ету туралы қаулылар оларды сол жағдайларда ғана қамтиды.

3. Осы баптың 2-тармағында қарастырылған алынулар қамтымайтын тұлғаларды жұмысқа алған консулдық мекеме қызметкерлері бол-

мыш мемлекетте қолданылатын әлеуметтік қамтамасыз ету туралы қаулылармен жалға алушыға жүктелетін міндеттерді орындауға тиісті.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында қарастырылған алынулар болмыш мемлекеттің әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне сол мемлекетпен осындай қатысуға рұқсат берілген жағдайда ерікті түрде қатысуға кедергі жасамайды.

#### **49-бап**

##### **Салықтық алынулар**

1. Консулдық лауазымды тұлғалар мен консулдық қызметкерлер, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері мына жағдайлардан, яғни:

а) тауарлар мен қызмет көрсету құнына әдетте қосылатын жанама салықты;

б) болмыш мемлекет аумағында орналасқан жеке жылжымайтын мүліктің алымы және салықтарын, 32-баптың ережелерінде қарастырылған алынуларды;

с) болмыш мемлекет алатын мұрагерлік мүлік салығы немесе мұрагерлікке баж немесе мүліктің өтуіне арналған салықтарды, 51-баптың «б» тармағындағы ережелермен қарастырылған алынуларды;

д) болмыш мемлекеттегі капитал көзінен түскен табысты қоса алғанда, жеке табысқа салық пен алымдар және болмыш мемлекеттегі коммерциялық немесе қаржылық мекемелерге салған күрделі жұмсалымға салынатын салықты;

е) нақты қызмет көрсету түрлеріне алынатын алымдарды;

ғ) тіркеу, сот және тізілімдік баждар, ипотекалық алымдар, герб алымдары, 32-баптың ережелерінде қарастырылған алымдарды қоспағанда, барлық салық, алым мен жеке және мүліктік, мемлекеттік, аудандық және муниципалдық баждардан босатылады.

2. Қызмет көрсету персоналы қызметкерлерінің өз жұмысы үшін алатын еңбекақысы салық, алым мен баждардан босатылады.

3. Консулдық мекеме қызметкерлері болмыш мемлекетте еңбекақысы табыс салығынан босатылмаған тұлғаларды жұмысқа жалдағанда, осы мемлекеттің табыс салығын алуға қатысты жалға алушыларға қолданатын заңдары мен қағидаларының міндеттерін орындайды.

#### **50-бап**

##### **Кедендік баж бен тексеруден босату**

1. Болмыш мемлекет, қолданыстағы заңдары мен қағидаларына сөйкес:

а) консулдық мекемемен ресми пайдалануға арналған заттар;

б) консулдық лауазымды тұлға немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке пайдалануына арналған заттар, оның тұрмысына арналған заттарды қоса алғандағы өкелімдерге тек сақтау, тасымалдау және осыған ұқсас қызметтер алымынан өзге барлық кедендік баждар,

салықтар мен осы алыммен байланысты босатуларға рұқсат беріледі. Тұтыну тауарларының саны тиісті тұлғалардың тікелей тұтынуына қажетті санынан аспауы тиіс;

2. Консулдық қызметкерлер бастапқы тұрмыстық мүліктену кезінде әкелінген заттарға қатысты, осы баптың 1-тармағында қарастырылған артықшылықтар мен босатуларды пайдаланады;

3. Консулдық лауазымды тұлғалар және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің бірге алып жүрген жеке бағажы тексеруден босатылады. Ол тек осы баптың 1-тармағы, «b»-тармақшасында аталған заттардан басқа зат немесе болмыш мемлекеттің заңдары, қағидаларымен әкелуге және әкетуге тыйым салынған немесе оның карантиндік заңдары мен қағидаларына қайшы келсе, сонда ғана тексеріледі. Осындай тексеріс тиісті консулдық лауазымды тұлға немесе оның отбасы мүшесінің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

### **51-бап**

#### **Консулдық мекеме қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің мұрагерлік мүлкі**

Болмыш мемлекет консулдық мекеме қызметкері немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда:

а) қайтыс болған адамның тек болмыш мемлекетте алған, оның қазасы кезінде әкетуге рұқсат берілмеген мүлкінен өзге жылжымалы мүлкін әкетуге рұқсат береді;

б) қайтыс болған адамның болмыш мемлекетте тек консулдық мекеме қызметкері немесе оның отбасы мүшесі ретінде болуына ғана байланысты әкелінген жылжымалы мүлктен ешқандай мемлекеттік, аудандық немесе муниципалдық мұраға арналған салық немесе мұрагерлік етуге арналған баждар алынбайды.

### **52-бап**

#### **Жеке міндеттілік пен салымдардан босату**

Болмыш мемлекет консулдық мекеме қызметкерлері мен онымен бірге тұратын отбасы мүшелерін олардың сипатына қарамастан, барлық еңбек және мемлекеттік міндеткерліктерден, сондай-ақ реквизиция, контрибуция және әскери қоныс беру сияқты әскери міндеткерліктерден босатуға міндетті.

### **53-бап**

#### **Консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің басы мен соңы**

1. Әрбір консулдық мекеме қызметкері өзін тағайындаған жерге жол жүріп бара жатқан кезде, болмыш мемлекеттің аумағына аяқ басқан сәттен бастап немесе егер ол осы аумақта тұрып жатқан жағдайда, консулдық мекемеде өз міндеттерін орындауға кіріскеннен бастап, осы Конвенцияда қарастырылған артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Консулдық мекеме қызметкерімен бірге тұратын отбасы мүшелері мен оның жеке үй жұмыскерлері осы баптың 1-тармағына сөйкес,



артықшылықтар мен иммунитеттер берілген мезгілден бастап немесе олар болмыш мемлекет аумағына келген кезден немесе оның отбасы мүшесі немесе жеке үй жұмыскері болып саналған кезден бастап, осы Конвенцияда қарастырылған артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

3. Консулдық мекеме қызметкерінің міндеті тоқтатылған жағдайда, оның артықшылықтары мен иммунитеттері, сондай-ақ онымен бірге тұратын отбасы мүшесі немесе жеке үй жұмыскерінің де артықшылықтары мен иммунитеттері, әдетте, осы тұлға болмыш мемлекеттен кеткенде немесе кетуге әзірленген ақылға қонымды мерзім ішінде, осылардың қайсысы ерте болуына байланысты тоқтатылады, алайда жоғарыда аталған мезгілге дейін, тіпті қарулы қақтығыс жағдайында да иммунитеті сақталына береді. Осы баптың 2-тармағында аталған тұлғалардың артықшылықтары мен иммунитеттері олар консулдық мекеме қызметкерінің отбасы мүшесі болмай немесе сондағы қызметінен кеткенде тоқтатылады, бірақ мынадай ескертпемен, егер осындай тұлғалар болмыш мемлекеттен ақылға қонымды мерзім ішінде кететін болса, онда олардың артықшылықтары мен иммунитеттері олар кеткенше сақталады.

4. Алайда, консулдық лауазымды тұлға немесе консулдық қызметкердің өз функцияларын орындау барысындағы іс-қимылға қатысты юрисдикциядап иммунитеті шектелмейтін мерзімге жалғаса береді.

5. Консулдық мекеме қызметкері қайтыс болған жағдайда, онымен бірге тұратын отбасы мүшелері болмыш мемлекетті тастап кеткенше немесе болмыш мемлекеттен кетуге берілген ақылға қонымды мерзім ішінде, осылардың қайсысы ерте болғанда, оларға берілген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана береді.

#### *54-бап*

#### **Үшінші мемлекеттің міндеттері**

1. Егер консулдық лауазымды тұлға өзін тағайындаған елге жол жүріп бара жатқанда немесе өкілдік ететін мемлекетке қайтар жолда оған, егер ол қажет болғанда, виза берген үшінші мемлекеттің аумағы арқылы немесе үшінші мемлекеттің аумағында болғанда, осы үшінші мемлекет оның жол жүруін немесе қайтуын қамтамасыз етуге талап етілуі мүмкін осы Конвенцияның басқа баптарымен көзделген барлық иммунитеттерді ұсынады. Бұл консулдық лауазымды тұлғамен бірге тұратын және онымен бірге осындай артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын бірге немесе өкілдік жіберген елге оларға қосылу немесе оралу үшін жеке келе жатқан отбасы мүшелерін де қамтиды.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған жағдайларда үшінші мемлекет олардың аумағы арқылы өтетін консулдық мекеменің басқа қызметкерлері немесе олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің өтуіне кедергі жасамауы тиіс.

3. Үшінші мемлекет транзитпен келе жатқан ресми хат-хабар мен басқа ресми хабарламаларды, кодталған немесе шифрланған жедел-

хаттарды қоса алғанда, осы Конвенцияға сәйкес, болмыш мемлекетпен ұсынылуы тиіс осындай еркіндік пен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Олар, егер қажет болса, виза берілген консулдық курьерлерге, сондай-ақ транзитпен келе жатқан консулдық поштаға осы Конвенцияға сәйкес болмыш мемлекеттің ұсынуы міндетті осындай қол сұқпаушылық пен қорғауды ұсынуы тиіс.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында қарастырылған үшінші мемлекеттің міндеттері, сондай-ақ тиісінше үшінші мемлекет аумағында болуы форс-мажорлық жағдайлардан туындаған, осы тармақтарда аталған тұлғалар мен ресми хабарламалар, консулдық вализаны да қамтиды.

#### **55-бап**

##### **Болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларын құрметтеу**

1. Артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық тұлғалар олардың артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірмей, болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларын құрметтеуге міндетті. Олар, сондай-ақ, осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

2. Консулдық үй-жайлардың консулдық функцияларды орындауға лайық емес мақсаттарда пайдаланылуы тиіс емес.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелері консулдық үй-жайлар орналасқан ғимараттың бөлігінде тек осындай кеңселерге бөлінген үй-жайлар консулдық мекеме пайдаланатын үй-жайдан бөлінген жағдайларда ғана кеңсе немесе басқа да органдар мен мекемелердің орналасу мүмкіндігі барып жоққа шығармайды. Бұл жағдайда аталған кеңселер осы Конвенцияға сәйкес консулдық үй-жайлардың бөлігі болып табылмайды.

#### **56-бап**

##### **Үшінші тұлғаларға келтірілген зияннан сақтандыру**

Консулдық мекеме қызметкерлері болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларында көзделген кез келген жол көлігі құралдары, кеме немесе ұшақты пайдалануға байланысты үшінші тұлғаларға келтірілуі мүмкін зияннан сақтандыруға қатысты кез келген талаптарды ұстануы тиіс.

#### **57-бап**

Табыс табу мақсатындағы жеке қызметке қатысты арнайы ережелер

1. Штаттағы консулдық лауазымды тұлғалар болмыш мемлекетте жеке табыс табу мақсатымен кәсіптік немесе коммерциялық қызметпен айналыспауы тиіс.

2. Осы тарауда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер:

а) болмыш мемлекетте табыс табу мақсатымен жеке қызметпен айналысатын консулдық қызметкерлер мен қызмет көрсету персоналы жұмыскерлеріне;

б) осы тармақтың «а»-тармақшасында аталған тұлғалардың отбасы мүшелеріне немесе оның жеке үй жұмыскерлеріне;

с) болмыш мемлекетте оздері табыс табу мақсатымен жеке қызметпен айналысатын консулдық мекеме қызметкерінің отбасы мүшелеріне берілмейді.

### **ІІІ ТАРАУ**

## **ҚҰРМЕТТІ КОНСУЛДЫҚ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАР МЕН ОСЫНДАЙ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАР БАСҚАРАТЫН КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӨРТІН**

### **58-бап**

**Басымдылықтар, артықшылықтар мен иммунитеттерге қатысты  
жалпы ережелер**

1. 28, 29, 30, 34, 35, 36, 37, 38 және 39-баптар, 54-баптың 3-тармағы мен 55-баптың 2 және 3-тармақтары құрметті консулдық лауазымды тұлғалар басқаратын консулдық мекемелерді қамтиды. Сонымен қатар, осындай консулдық мекемелердің басымдылықтары, артықшылықтары мен иммунитеттері 59, 60, 61 және 62-баптармен реттеледі.

2. 42 және 43-баптар, 44-баптың 3-тармағы, 45 және 53-баптар мен 55-баптың 1-тармағы құрметті консулдық лауазымды тұлғаларды қамтиды. Сонымен қатар, осындай консулдық лауазымды тұлғалардың басымдылықтар, артықшылықтар мен иммунитеттері 63, 64, 65, 66 және 67-баптармен реттеледі.

3. Осы Конвенциямен көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер құрметті консулдық лауазымды тұлғалар мен құрметті консулдық лауазымды тұлға басқаратын консулдық мекемеде жұмыс істейтін консулдық қызметкердің отбасы мүшелеріне берілмейді.

4. Құрметті консулдық лауазымды тұлғалар басқаратын және түрлі мемлекеттерде орналасқан екі консулдық мекеме арасында консулдық вализалармен алмасу тиісті екі мемлекеттің келісімінсіз рұқсат етілмейді.

### **59-бап**

#### **Консулдық үй-жайларды қорғау**

Болмыш мемлекет құрметті консулдық лауазымды тұлға басқаратын консулдық мекемеде консулдық үй-жайларды кез келген баса-көктеп кіру немесе залал келтіруден және консулдық мекеменің тыныштығын бұзу немесе абыройын қорлауды болдырмаудан қорғау үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндетті.

### **60-бап**

#### **Консулдық үй-жайларды салықтардан босату**

1. Иесі немесе жалға алушысы өкілдік ететін мемлекет болып табылатын құрметті консулдық лауазымды тұлға басқаратын консулдық мекемедегі консулдық үй-жайлар тек нақты қызмет көрсету түрлеріне толнетін ақылардан басқа, барлық мемлекеттік, аудандық және муниципалдық салық, алым мен бажардан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған салықтардан босату, болмыш мемлекеттің заңдары мен қағидаларына сөйкес, окілдік ететін мемлекетпен шарт жасасқан тұлғамен төленуі тиіс алым, баж және салықтарды қамтымайды.

### **61-бап**

#### **Консулдық мұрағат пен құжаттарға қол сұғылмаушылық**

Құрметті консулдық лауазымды тұлға басқаратын консулдық мекеменің консулдық мұрағаты мен құжаттарға олардың қайда орналасқанына қарамастан, кез келген мезгілде қол сұғылмайды және де олар басқа қағаздар мен құжаттардан және соның ішінде консулдық мекеме басшысы және онымен қызметтес кез келген тұлғаның жеке хат-хабарынан, сондай-ақ олардың кәсібі немесе қызмет түріне қатысты материалдар, кітаптар мен құжаттардан бөлек сақталады.

### **62-бап**

#### **Кедендік баждан босату**

Болмыш мемлекет, онда қабылданған заңдар мен қағидаларға сөйкес әрекет ете отырып, әкелімге рұқсат береді және келесі заттарды сақтау, тасымалдау мен соған сөйкес қызмет түрлерінен алынатын алымдардан басқа, тек олар құрметті консулдық лауазымды тұлға басқаратын консулдық мекемеде ресми пайдалануға арналған жағдайда ғана барлық кедендік баж, салық және осымен байланысты алымдардан босатылады: мемлекеттік елтаңбалар, тулар, ғимаратқа ілетін жазбалар, мөрлер мен мөртабандар, кітаптар, ресми басылым материалдары, кеңсе жиһаздары, кеңсе жабдықтары және консулдық мекеменің окілдік ететін мемлекеттен алдыртатын немесе соңғысының талап еткен басқа да осындай заттар.

### **63-бап**

#### **Қылмыстық істер**

Егер құрметті консулдық лауазымды тұлғаға қарсы қылмыстық іс қозғалса, ол құзыретті органдарға келуі тиіс. Алайда, оның ресми жағдайын ескере отырып, істі өндіру барысында құрметпен қарап, қамауға алынған немесе ұсталған жағдайдан басқасында, оның консулдық міндетін атқаруға мүмкіндігінше аз кедергі келтірілуі тиіс. Құрметті консулдық лауазымды тұлғаны ұстаудың қажеттілігі туындаған кезде, оған қарсы соттық қудалау мүмкіндігінше қысқа мерзімде басталуы тиіс.

### **64-бап**

#### **Құрметті консулдық лауазымды тұлғаларды қорғау**

Болмыш мемлекет құрметті консулдық лауазымды тұлғаға атқаратын қызметінің ресми жағдайына байланысты талап етілетін тиісті қорғауды ұсынуға міндетті.

### **65-бап**

#### **Шетелдіктерді тіркеу және тұруға рұқсат алудан босату**

Құрметті консулдық лауазымды тұлғалар, болмыш мемлекетте жеке табыс табу үшін кез келген кәсіптік немесе коммерциялық қызметпен ай-

налысып жүргендерден басқасы, шетелдіктерді тіркеуге, тұруға рұқсат алуға қатысты болмыш мемлекеттің заңдары және қағидаларымен жүктелетін барлық міндеттерден босатылады.

#### **66-бап**

#### **Салықтық алынымдар**

Құрметті консулдық лауазымды тұлға өкілдік ететін мемлекеттен консулдық функциясын орындағаны үшін алатын сыйақы мен еңбекақыға салыпатын барлық салық, алым, баждардан босатылады.

#### **67-бап**

#### **Жеке міндеттілік пен салымдардан босату**

Болмыш мемлекет құрметті консулдық лауазымды тұлғаларды, олардың сипатына қарамастан, барлық еңбек және мемлекеттік міндеткерліктерден, сондай-ақ әскери борышкерлік, реквизиция, әскери контрибуция және әскери міндеткерлік сияқтылардан босатуға тиіс.

#### **68-бап**

#### **Құрметті консулдық лауазымды тұлғалар институтының қосымша сипаты**

Құрметті консулдық лауазымды тұлғаларды тағайындауды немесе қабылдауды әрбір мемлекет өз еркімен шешеді.

### **IV ТАРАУ.**

#### **ЖАЛПЫ ҚАУЛЫЛАР**

#### **69-бап**

#### **Консулдық мекеме басшылары болып табылмайтын консулдық агенттер**

1. Өкілдік ететін мемлекет консулдық мекеме басшысы етіп тағайындамаған консулдық агенттер басқаратын консулдық агенттіктерді құрама, құрмай ма, әрбір мемлекет өз еркімен шешеді.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған консулдық агенттіктер өз функцияларын орындауға жағдайлар, сондай-ақ оларды басқаратын консулдық агенттер пайдалана алатын артықшылықтар мен иммунитеттер өзі өкілдік ететін мемлекет пен болмыш мемлекет арасындағы келісім бойынша белгіленеді.

#### **70-бап**

#### **Дипломатиялық өкілдіктердің консулдық функцияларды орындауы**

1. Сондай-ақ, дипломатиялық өкілдіктің консулдық функцияларды орындау жағдайларында осы Конвенцияның ережелері сол сияқты контекстен шығатын дәрежеде қолданылады.

2. Консулдық бөлімге тағайындалған немесе басқа түрде өкілдіктің консулдық міндетін атқару жүктелген дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің аты-жөндері болмыш мемлекеттің сыртқы істер министрлігі немесе осы министрлікпен көрсетілген органға хабарланды.

3. Дипломатиялық өкілдік консулдық функцияларды орындау барысында:

а) консулдық округтің жергілікті билігіне;

б) егер болмыш мемлекеттің заңдары, қағидалары және әдет-ғұрпы немесе тиісті халықаралық келісімдер рұқсат етсе, болмыш мемлекеттің орталық билігіне жүгіне алады.

4. Осы баптың 2-тармағында айтылған дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері дипломатиялық қатынастарға қатысты халықаралық құқық нормаларымен реттелуі жалғаса береді.

### **71-бап**

#### **Болмыш мемлекет азаматтары мен онда тұрақты тұратын тұлғалар**

1. Егер болмыш мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын консулдық лауазымды тұлғаларға болмыш мемлекет қандай да бір қосымша басымдылықтар, артықшылықтар мен иммунитеттер ұсынбаса, олар тек юрисдикция иммунитеттері мен өз міндеттерін орындау барысындағы ресми әрекеттеріне жеке қол сұқпаушылық және 44-баптың 3-тармағында козделген артықшылықтарды пайдаланады. Осы лауазымды тұлғаларға қатысты болмыш мемлекет, сондай-ақ, 42-бапта айтылған шарттарды ұстануға міндетті. Егер осындай консулдық лауазымды тұлғаға қарсы қылмыстық іс қозғалса, бұл тұлға қамауға алынған немесе ұсталған жағдайлардан басқасында, сотта ісі қаралуы оның консулдық міндетін атқаруға мүмкіндігінше аз кедергі келтірілетіндей тәртіпте жүргізілуі тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында сөз болған болмыш мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын консулдық мекеменің басқа қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ консулдық лауазымды тұлғалардың отбасы мүшелері басымдылықтар, артықшылықтар және иммунитеттермен болмыш мемлекет ұсынған дәрежеде ғана пайдаланады. Болмыш мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын консулдық мекеме қызметкерлерінің отбасы мүшелері мен жеке үй жұмыскерлері сондай-ақ басымдылықтар, артықшылықтар және иммунитеттерді болмыш мемлекет ұсынған дәрежеде ғана пайдаланады. Болмыш мемлекет, алайда, осы тұлғаларға қатысты өз юрисдикциясын консулдық мекеме функцияларын орындауда қажетсіз кедергілерді келтірмейтін тәртіпте жүзеге асыруы тиіс.

### **72-бап**

#### **Кемсітушілікті болдырмау**

1. Болмыш мемлекет осы Конвенция ережелерін қолдану барысында мемлекеттер арасында кемсітушілікті болдырмауы тиіс.

2. Алайда, кемсітушілік орын алды деп саналмайды:

а) егер болмыш мемлекет өкілдік ететін мемлекетте олардың консулдық мекемелеріне сол ережені шектеулі қолдануына байланысты осы Конвенцияның қандай да бір ережелерін шектеулі қолданғанда;

б) егер мемлекеттер әдет бойынша немесе келісім бойынша осы Конвенцияның ережелерімен талап етілетін тәртіптен гөрі бір-біріне қолайлы тәртіп ұсынғанда.

#### **73-бап**

**Осы Конвенцияның басқа халықаралық келісімдерге қатынасы**

1. Осы Конвенция ережелері оған қатысушы мемлекеттер арасында қолданылатын басқа халықаралық келісімдерге әсер етпейді.

2. Осы Конвенцияның бірде-бір ережесі мемлекеттерге олардың ережелерін қуаттайтын, толықтыратын немесе кеңейтетін халықаралық келісім жасауға кедергі келтірмейді.

### **V ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **74-бап**

**Қол қою**

Осы Конвенция барлық Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше-мемлекеттер немесе мамандандырылған мекемелер немесе Халықаралық Сот Статусының қатысушылары болып табылатын мемлекеттер, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы Конвенцияға қатысуға шақырған кез келген басқа мемлекеттердің қол қоюына ашық: 1963 жылғы 31 қазанға дейін Австрия Республикасының Федералды сыртқы істер министрлігінде, содан кейін 1964 жылғы 31 наурызға дейін – Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде.

#### **75-бап**

**Ратификация**

Осы Конвенция ратификациялауға жатады. Ратификациялау грамоталары Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

#### **76-бап**

**Қосылу**

Осы Конвенция 74-бапта атап өтілген төрт санаттың біріне жататын кез келген мемлекеттің қосылуына ашық. Қосылу туралы актілер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

#### **77-бап**

**Күшіне енуі**

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жиырма екінші ратификациялау грамотасы немесе қосылу туралы актілерді сақтауға тапсырылғаннан кейінгі отызыншы күні күшіне енеді.

2. Конвенцияны ратификациялайтын немесе жиырма екінші ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы актілерді сақтауға тапсырғанан кейін, оған қосылатын әрбір мемлекетке қатысты Конвенция осы мемлекет өзінің ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы актілерін сақтауға тапсырғанан кейінгі отызыншы күні күшіне енеді.

### **78-бап**

#### **Бас хатшы жіберетін хабарламалар**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы 74-бапта атап өтілген төрт санаттың біріне жататын барлық мемлекеттерді:

а) Осы Конвенцияға қол қойылғаны және 74, 75 және 76-баптарға сөйкес ратификациялау грамоталары немесе қосылу туралы актілердің сақтауға тапсырылуы туралы;

б) 77-бапқа сөйкес осы Конвенцияның күшіне енетін күні туралы хабардар етеді.

### **79-бап**

#### **Дәлме-дәл мәтіндер**

Осы Конвенция ағылшын, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндерінің түпнұсқасы тең дәлме-дәл болып табылады, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады, ол 74-бапта атап өтілген төрт санаттың біріне жататын барлық мемлекеттерге оның куәландырылған көшірмелерін жібереді.

**ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН** өз Үкіметінен тиісті түрде уәкілеттік алған төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Бір мың тоғыз жүз алпыс үшінші жылғы жиырма төртінші сәуірде Венада ЖАСАЛДЫ.



## ИСЛАМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

*Мейірімді, Рақымшыл Алланың атымен*

Біз, Ислам Конференциясы Ұйымына мүше мемлекеттер:

1969 жылғы 22-25 қыркүйекке сәйкес келетін Хижра бойынша 1389 жылғы Ражаб айының 9-12 күнінде Рабатта өткен мүше мемлекеттердің корольдері, мемлекеттер және үкіметтер басшылары конференциясының, сондай-ақ 1972 жылғы 29 ақпан-4 наурызға сәйкес келетін Хижра бойынша 1392 жылғы Мұхаррам айының 14-18 күнінде Жиддада өткен Сыртқы істер министрлері конференциясының шешімдеріп назарға алуға;

мүше мемлекеттер арасында олардың халықаралық аренадағы ортақ мүдделерін қамтамасыз ету ісіндегі ілгерілеудің маңызды сипатын, сондай-ақ бірлік пен ынтымақтастықты нығайтуды растай отырып, бірлік пен бауырластықтың игілікті исламдық құндылықтарын басшылыққа алуға;

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, осы Жарғының және халықаралық құқықтың принциптеріне деген өзіміздің адалдығымызды растауға;

исламның бейбітшілік, аяушылық, төзімділік, теңдік, әділеттік және адам абыройы құндылықтарын сақтауға және ілгерілетуге;

әлемдік ауқымдағы, мүше мемлекеттер халықтарының орнықты дамуын және прогресі мен гүлденуін қамтамасыз етудегі Исламның бағыттаушы ролін қалпына келтіру жөніндегі жұмысқа күш-жігер жұмсауға;

мұсылман халықтары мен мүше мемлекеттер арасында бірлік пен татулық дәнекерлерін нығайту мен бекемдеуге;

барлық мүше мемлекеттердің ұлттық егемендігін, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын құрметтеуге, сақтауға және қорғауға;

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке, өркениеттер, мәдениеттер және діндер арасындағы түсіністік пен диалогке үлес қосуға және достық қарым-қатынастар мен тату көршілікті, өзара құрмет пен ынтымақтастықты ілгерілетуге және көтермелеуге;

мүше мемлекеттердегі конституциялық және заңнамалық жүйелерге сәйкес олардың адам құқықтары мен іргелі бостандықтарын, тиісті басқаруын, заң үстемдігін, демократия мен жауапкершілікті дамытуға ықпал етуге;

мүше мемлекеттер және басқа да мемлекеттер арасындағы сенімді нығайту және достық қатынастардың, өзара құрмет пен ынтымақтастықтың дамуына ықпал етуге;

ұстамдылыққа, тозімділікке, мәдени ерекшеліктерді құрметтеуге, ислам нышандары мен ортақ мұраны сақтауға қатысты игілікті ислам құндылықтарын нығайтуға және ислам дінінің әмбебаптығын қорғауға; зияткерлік кемелдікке қол жеткізу үшін исламның игілікті мұраттарымен үндесетін білімге не болу және оны танымал етуді жетілдіруге;

серіктестік және теңдік принциптеріне сөйкес, әлемдік экономикаға тиімді интеграциялану мақсатында орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізу үшін мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа ықпал етуге;

қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін қоршаған ортаны сақтауға байланысты барлық аспектілердің нығаюына ықпал етуге;

әрбір мүше мемлекеттің өзін-өзі басқару және ішкі істеріне араласпау құқығын құрметтеуге, сондай-ақ егемендігін, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын құрметтеуге;

қазіргі кезде шетелдік басқыншылыққа ұшырап отырған Палестина халқының күресін қолдауға, оның өзін-өзі билеу, бұл ретте қаланың тарихи және исламдық сипатын, сондай-ақ онда орналасқан қасиетті жерлерді сақтай отырып, астанасы Әл-Құдыс әл-Шариф болатын егемен мемлекет құру құқығын қоса алғанда, сондай-ақ өзінің ажырама сұққығына қол жеткізуіне мүмкіндік беруге;

мүше мемлекеттердің құқықтық нормалары мен заңнамасына сөйкес, әйелдердің құқықтарын қорғауға және жүзеге асыруға, олардың өмірдің барлық салаларына қатысуына ықпал етуге;

мұсылман балалары мен жастарына толыққанды тәрбие беру үшін қолайлы жағдайлар жасауға және білім арқылы мәдени, әлеуметтік, имаандылық және этикалық мұраттарын нығайту мақсатында олардың бойында білім арқылы ислам құндылықтарын тәрбиелеуге;

мүше мемлекеттерден тыс жерлердегі мұсылман азшылықтары мен қоғамдарына жәрдемдесуге, олардың өз қадір-қасиетін, мәдени және діни сөйкестігін сақтап қалуға;

негізінен, кез келген мемлекеттің ішкі құзыретіне жататын істерге қол сұқпау принциптерін мүлтіксіз басшылыққа ала отырып, осы Жарғының, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, халықаралық құқықтың, сондай-ақ халықаралық гуманитарлық құқықтың мақсаттары мен принциптерін ұстануға;

мүше мемлекеттер арасында теңдік және өзара құрметтеу, сондай-ақ олардың ішкі құзыретіне жататын істерге араласпау принциптері негізінде халықаралық деңгейде тиісті түрде басқаруға қол жеткізуге және халықаралық қатынастарды демократияландыруға күш-жігер жұмсауға шешім қабылдадық;

сондай-ақ, осы өзгертілген Жарғымен келісе отырып, аталған мақсаттарға жету үшін ынтымақтасуға қаулы еттік.

# І ТАРАУ

## МАҚСАТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

### 1-бап

Ислам Конференциясы Ұйымының мақсаттары мыналар болып табылады:

1. мүше мемлекеттер арасындағы бауырластық пен татулық дөңкерлерін жақсарту және нығайту;

2. мүше мемлекеттердің ортақ мүдделерін сақтау мен қорғау, заңды құқықтарын қолдау, сондай-ақ ислам әлемі алдындағы, атап айтқанда, халықаралық қоғамдастық алдындағы сын-тегеуріндерді ескере отырып, мүше мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіру мен біріктіру;

3. әр мүше мемлекеттің өзін-өзі билеу құқығын құрметтеу, ішкі істеріне араласпау, сондай-ақ тәуелсіздігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын құрметтеу;

4. басқыншылық салдарынан жаулап алынған кез келген мүше мемлекеттің толық егемендігі мен аумақтық тұтастығын халықаралық құқық және тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдармен ынтымақтастық негізінде қалпына келтіруге қолдау көрсету;

5. мүше мемлекеттердің ортақ мүдделерін қорғау үшін саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудың жаһандық процестерінде олардың белсене қатысуын қамтамасыз ету;

6. жаһандық бейбітшілікті, қауіпсіздік пен үндестікті қамтамасыз ету үшін өділеттілік, өзара сыйластық және тату көршілік негізінде мемлекетаралық қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;

7. БҰҰ Жарғысында және халықаралық құқықта көзделген халықтардың құқығын қолдауды жаңадан растау;

8. Палестина халқының өзін-өзі билеу және астанасы Әл-Құдыс Әл-Шариф қаласы мен қаланың тарихи және исламдық ерекшелігін, сондай-ақ онда орналасқан қасиетті жерлерді сақтай отырып, егемен мемлекет құру құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін қолдау және көмек беру;

9. исламдық ортақ нарықты құруға әкелетін экономикалық интеграцияға қол жеткізу мақсатында ислам мемлекеттері арасындағы экономикалық және сауда ынтымақтастығын нығайту;

10. мүше мемлекеттерде адами әлеуетті және экономикалық әлеуақатты дамытуды орнықты және тұтастай қамтуға қол жеткізу үшін күрес;

11. ұстамдылыққа және төзімділікке негізделген ислам ілімдері мен құндылықтарын тарату, ілгерілету және сақтау, ислам мәдениетін ілгерілету және ислам мұрасын сақтап қалу;

12. исламның шынайы бейнесін сақтау мен қорғау, Исламға жала жабуға қарсы күресу және оркениеттер мен діндер арасындағы диалогті көтермелеу;

13. ғылым мен техникашы нығайту және дамыту, мүше мемлекеттердің осы салалардағы зерттеулері мен ынтымақтастығын көтермелеу;

14. әйелдерді, балаларды, жастарды, егде адамдарды және мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоса алғанда, адам құқықтары мен іргелі бостандықтарын жүзеге асыру мен қорғауға жәрдемдесу, сондай-ақ исламның отбасылық құндылықтарын сақтау;

15. қоғамның табиғи және негіз қалаушы болшегі ретінде отбасының роліне айрықша маңыз беру, қорғау және жәрдемдесу;

16. мүше болып табылмайтын мемлекеттердегі мұсылман қоғамдастықтары мен азшылықтың құқықтарын, қадір-қасиетін, сондай-ақ діни және мәдени сәйкестіктігін қорғау;

17. халықараралық форумдарда ортақ мүдделілікті білдіретін мәселелер бойынша бірыңғай ұстанымды ілгерілету және қорғау;

18. терроризмге, оның барлық түрлері мен көріністеріне, ұйымдасқан қылмысқа, есірткінің заңсыз айналымына, сыбайлас жемқорлыққа, ақшаның жылыстауына және адам саудасына қарсы күрес мәселелері бойынша ынтымақтасу;

19. табиғи апаттар сияқты төтенше жағдайлар кезінде ынтымақтасу және ізгілік көмекті үйлестіру;

20. мүше мемлекеттер арасында әлеуметтік, мәдени және ақпараттық салалардағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

## **2-бап**

Мүше мемлекеттер 1-бапта көрсетілген міндеттерді іске асыру үшін қастерлі ислам ілімдері мен құндылықтарын басшылыққа ала отырып, одан күш-жігер алады, сондай-ақ мынадай принциптерге сәйкес әрекет етеді:

1. барлық мүше мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптерін ұстанады;

2. мүше мемлекеттер егемен, тәуелсіз және тең құқық пен міндеттерге ие;

3. барлық мүше мемлекеттер даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешеді және өзара қарым-қатынастарында күш көрсетуден немесе қатер төндіруден бас тартады;

4. барлық мүше мемлекеттер бір-бірінің ұлттық егемендіктерін, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастықтарын құрметтеуге міндеттенеді, бір-бірінің ішкі істеріне араласпайды;

5. осы Жарғыда, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысында, халықаралық құқықта және халықаралық гуманитарлық құқықта бекітілгеніндей, барлық мүше мемлекеттер халықаралық бейбітшілікті және қауіпсіздікті сақтауға өз үлестерін қосуға міндеттенеді және бір-бірінің ішкі істеріне араласудан бас тартады;

6. БҰҰ Жарғысында көрсетілгеніндей, осы Жарғының бірде-бір ережесі Ұйымға және оның органдарына шын мәнінде кез келген

Мемлекеттің ішкі құзыретіне енетін немесе соған байланысты істерге араласуға құқық бермейді;

7. мүше мемлекеттер тиісті басқаруға, демократияға, адам құқықтарын және негізгі бостандықтарды, сондай-ақ заң үстемдігін сақтауға ел деңгейінде және халықаралық ауқымда қолдау көрсетеді және жәрдемдеседі;

8. мүше мемлекеттер қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға ынта білдіреді.

## **II ТАРАУ МҮШЕЛІК**

### **3-бап**

1. Ислам Конференциясы Ұйымы 57 мүше мемлекеттен және 3-баптың 2-тармағына сәйкес, осы Жарғыға қосыла алатын басқа да мемлекеттерден тұрады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше, халқының көпшілігі мұсылман болып табылатын және осы Жарғы талаптарын орындайтын, мүшелікке өтінім берген кез келген мемлекет Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде қабылданған келісілген өлшемдер негізіндегі бәтуа жолымен Сыртқы істер министрлері кеңесі шешім қабылдаған жағдайда ғана Ұйымға мүше бола алады.

3. Осы Жарғыдағы ештеңе де қазіргі мүше мемлекеттердің мүшелігіне немесе кез келген басқа да мәселелеріне қатысты құқықтары мен артықшылықтарын қозғай алмайды.

### **4-бап**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болып табылатын Мемлекетке бақылаушы мәртебесін беру туралы шешімді Сыртқы істер министрлерінің кеңесі тек Сыртқы істер министрлері кеңесінің келісілген өлшемдер негізіндегі ортақ бәтуасы жолымен ғана қабылдайды.

2. Халықаралық ұйымға Бақылаушы мәртебесін беру туралы шешімді Сыртқы істер министрлерінің кеңесі тек Сыртқы істер министрлері кеңесінің келісілген өлшемдері негізіндегі ортақ бәтуа жолымен ғана қабылдайды.

## **III ТАРАУ ОРГАНДАР**

### **5-бап**

Ислам Конференциясы Ұйымының органдары мыналар болып табылады:

1. Ислам саммиті;
2. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі;
3. Тұрақты комитеттер;
4. Атқарушы комитет;
5. Халықаралық Ислам Соты;

6. Адам құқықтары жөніндегі тәуелсіз тұрақты комиссия;
7. Тұрақты өкілдер комитеті;
8. Бас хатшылық;
9. Қосалқы органдар;
10. Мамандандырылған мекемелер;
11. Аффилирленген ұйымдар.

#### **IV ТАРАУ** **ИСЛАМ САММИТІ** *6-бап*

Ислам саммиті мүше мемлекеттердің корольдерінен және мемлекеттер мен үкіметтер басшыларынан тұрады және Ұйымның жоғары басқарушы органы болып табылады.

##### *7-бап*

Ислам саммиті саяси шешімдерді талқылайды және қабылдайды, Жарғыда көрсетілген мақсаттардың орындалуына қатысты барлық мәселелерге басшылық етуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ мүше мемлекеттер және Умма үшін мүдделік танытатын басқа да мәселелерді қарайды.

##### *8-бап*

1. Ислам саммиті мүше мемлекеттердің бірінде әрбір үш жыл сайын шақырылады.

2. Саммиттің күн тәртібін және оны шақыруға арналған басқа да барлық қажетті іс-шараларды дайындауды Бас хатшылықтың жәрдемдесуімен Сыртқы істер министрлерінің кеңесі жүргізеді.

##### *9-бап*

Уммаға қатысты өмірлік маңызы бар мәселелерді, соған сәйкес Ұйым саясатын үйлестіруді қарау үшін кезектен тыс сессиялар Умма мүддесі талап еткен кез келген уақытта өткізіледі.

Кезектен тыс сессияларды, егер мұндай бастама мүше мемлекеттердің қарапайым көпшілігінен қолдау тапқан болса, Сыртқы істер министрлері кеңесінің ұсынысымен немесе мүше мемлекеттердің бірінің немесе Бас хатшының бастамасымен өткізуге болады.

#### **V ТАРАУ** **СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІ** *10-бап*

1. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі жылына бір рет мүше мемлекеттердің бірінде шақырылады.

2. Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезектен тыс сессиясы, егер мұндай бастаманы мүше мемлекеттердің қарапайым көпшілігі мақұлдаған болса, кез келген мүше мемлекеттің немесе Бас хатшының бастамасымен шақырылуы мүмкін.

3. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі Умма үшін мүдделілік білдіретін нақты мәселелерді қарау үшін басқа да салалық министрлер кеңесін шақыру туралы ұсыным енгізе алады. Мұндай кеңестер өз есептерін Ислам саммитіне және Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне беруге тиіс.

4. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі Ұйымның ортақ саясатын жүзеге асыруды:

а) Ұйымның ортақ саясатын және мақсатын іске асыру кезінде ортақ мүдделілік білдіретін мәселелер бойынша шешімдер мен қарарлар қабылдау;

б) алдыңғы Саммиттерде және Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде қабылданған шешімдер мен қарарларды орындау барысын тексеру;

с) Бас хатшылық пен көмекші органдардың бағдарламаларын, бюджетін, сондай-ақ басқа да қаржылық және әкімшілік есептерін қарап, бекіту;

д) мүдделі мүше мемлекет әлдебір тиісті шаралар қолдану туралы қажетті отінші жасаған барлық жағдайда бір немесе бірнеше мүше мемлекетті қозғайтын кез келген мәселені қарау;

е) кез келген жаңа орган немесе комитетті құру туралы ұсынымдар енгізу;

а) Жарғының 16 және 18-баптарына сөйкес, тиісінше Бас хатшыны сайлау және Бас хатшының көмекшілерін тағайындау;

г) қажет болған жағдайда кез келген басқа да мәселені қарау арқылы тұжырымдайды.

## VI ТАРАУ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕР

### 11-бап

1. Ұйым және оған мүше мемлекеттер үшін айрықша маңызды мәселелерді ілгерілету мақсатында Ұйым мынадай тұрақты комитеттерді құрды:

I. Әл-Құдыс қаласы істері комитеті;

II. Ақпарат және мәдениет істері жөніндегі тұрақты комитет (COMIAC);

III. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комитет (COMSEC);

IV. Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комитет (COMSTECН).

2. Тұрақты комитеттерді корольдер мен мемлекеттер және үкіметтер басшылары басқарады және Саммиттің шешімдеріне сәйкес немесе Сыртқы істер министрлері кеңесінің және осы комитеттер мүшелерінің ұсынымы бойынша құрады.

## **VII ТАРАУ** **АТҚАРУШЫ КОМИТЕТ**

### *12-бап*

Атқарушы комитет, қазіргі, алдыңғы және болашақ ислам саммиттерінің және Бас хатшылықтың Штаб-пәтері орналасқан елдің сыртқы істер министрлері кеңестерінің төрағаларынан, сондай-ақ атқаратын қызметіне қарай комитет мүшесі болып табылатын Бас хатшыдан тұрады. Атқарушы комитеттің отырысы оның Регламентіне сәйкес жүргізілетін болады.

## **VIII ТАРАУ** **ТҰРАҚТЫ ӨКІЛДЕР КОМИТЕТІ**

### *13-бап*

Тұрақты өкілдер комитеті жұмысының айрықша құзыреті мен тәртібін Сыртқы істер министрлерінің кеңесі белгілейді.

## **IX ТАРАУ** **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИСЛАМ СОТЫ**

### *14-бап*

1987 жылы Кувейтте құрылған Халықаралық ислам соты, оның Статуты күшіне енген сәттен бастап Ұйымның басты заңдық органы болады.

## **X ТАРАУ** **АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ**

### *15-бап*

Адам құқықтары жөніндегі тәуелсіз тұрақты комиссия ислам құндылықтарына сәйкес, Ұйымның шарттары мен декларацияларында, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей келісілген құжаттарда бекітілген азаматтық, саяси, әлеуметтік және экономикалық құқықтарды қорғауға бағытталған.

## **XI ТАРАУ** **БАС ХАТШЫЛЫҚ**

### *16-бап*

Бас хатшылық Ұйымның бас лауазымды тұлғасы болып табылатын Бас хатшыдан, сондай-ақ Ұйымға қажетті қызметкерлер штатынан тұрады. Бас хатшыны Сыртқы істер министрлерінің кеңесі тек бір рет қайта сайлану мүмкіндігімен бес жыл мерзімге сайлайды.

Бас хатшы, әділ географиялық бөлініс, ротацияны және құзыреттілікті, адалдық пен тәжірибені ескере отырып, барлық мүше мемлекеттер үшін тең мүмкіндіктер қағидаттарына сәйкес, мүше мемлекеттер азаматтарының арасынан сайланады.



### 17-бап

**Бас хатшының төмендегідей міндеттері бар:**

а. Оның пікірінше, Ұйымның мақсаттарына септігін тигізуі немесе залал келтіруі мүмкін мәселелерді Ұйымның құзыретті органдарының назарына жеткізуі;

б. Ислам саммиттері, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі және басқа да министрлік отырыстары шешімдерінің, қарарлары мен ұсынымдарының орындалуын қадағалау;

с. Ислам саммиттері мен Сыртқы істер министрлері кеңесінің шешімдерін, қаралары мен ұсынымдарын орындау мақсатында мүше мемлекеттерді жұмыс бабындағы құжаттармен және меморандумдармен қамтамасыз ету;

д. Ұйымның тиісті органдарының жұмысын үйлестіру мен келісу;

е. Бас хатшылықтың жұмыс бағдарламасы мен бюджетін дайындау;

ғ. Мүше мемлекеттер арасындағы байланыстарды дамыту, консультациялар өткізу мен пікір алмасуға, сондай-ақ мүше мемлекеттер үшін маңызды бола алатын ақпаратты таратуға жәрдемдесу;

г. Ислам саммиті немесе Сыртқы істер министрлері кеңесі оған жүктеген басқа да функцияларды атқару;

h. Ұйымның жұмысы туралы Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне жыл сайынғы есептерді ұсыну.

### 18-бап

1. Бас хатшы әділ географиялық бөлініс қағидатына сәйкес және құзыреттілікті, адалдық пен Жарғы мақсаттарына адалдықты ескере отырып, Бас хатшы көмекшілері лауазымына 5 жыл мерзімге тағайындау үшін Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне кандидатуралар ұсынады. Бас хатшы көмекшілерінің бірі Әл-Құдыс әл-Шариф және Палестина мәселелерімен айналысатын болады және осы лауазымға кандидатты Палестина Мемлекеті белгілейді.

2. Бас хатшы ислам саммиттері мен сыртқы істер министрлері кеңестерінің қарарлары мен шешімдерін орындау үшін арнайы өкілдерді тағайындай алады. Мұндай тағайындауларды, сондай-ақ, арнайы өкілдердің міндеттері шеңберін Сыртқы істер министрлерінің кеңесі бекітеді.

3. Бас хатшы қағидаттарға және әділетті географиялық бөлініске сәйкес құзыретін, лауазым талаптарына сәйкестігін, адалдығы мен жынысын ескере отырып, мүше мемлекеттер азаматтарының қатарынан Бас хатшылықтың персоналын тағайындайды. Бас хатшы уақытша негізде сарапшылар мен консультанттарды тағайындай алады.

### 19-бап

**Бас хатшы**, Бас хатшының көмекшілері, сондай-ақ Бас хатшылықтың персоналы өз міндеттерін атқару кезінде Ұйымнан басқа ешбір үкіметтен немесе органнан сұрау салуға немесе олардан нұсқау алуға тиіс емес. Олар тек Ұйым алдында ғана жауап беретін халықаралық қызметшілер

мәртебесіне залал келтіретін қандай да бір болмасын әрекеттен аулақ болуға. Мүше мемлекеттер олардың қызметінің осы ерекше халықаралық сипаттамасын құрметтеуге тиіс және өз міндеттерін атқаруы кезінде оларға қандай да бір ықпал етуге әрекеттенбеуге тиіс.

#### **20-бап**

Бас хатшылық тиісті өкімшілік және ұйымдастырушылық мәселелер шегінде қабылдаушы елмен тығыз ынтымақтаса отырып, ислам саммиттері мен Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырыстарын дайындайды.

#### **21-бап**

Әл-Құдыс қаласы азат етілгенге дейін Бас хатшылықтың штаб-пәтері Джида қаласында орналасады, ол Ұйымның тұрақты штаб-пәтері болады.

### **XII ТАРАУ ҚОСАЛҚЫ ОРГАНДАР**

#### **22-бап**

Ұйым Қосалқы органдар, Мамандандырылған мекемелер құра алады және оларды Сыртқы істер министрлерінің кеңесі Жарғыға сөйкес бекіткеннен кейін Аффилиирленген ұйымдар мәртебесін бере алады.

#### **23-бап**

Қосалқы органдар Ұйым шеңберінде Ислам саммиті немесе Сыртқы істер министрлері кеңесі қабылдаған шешімдерге сөйкес құрылады, ал олардың бюджеттерін Сыртқы істер министрлерінің кеңесі бекітеді.

### **XIII ТАРАУ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКЕМЕЛЕР**

#### **24-бап**

Ұйымның мамандандырылған мекемелері Ұйым шеңберінде Ислам саммиті мен Сыртқы істер министрлері кеңесінің шешімдеріне сөйкес құрылады. Мамандандырылған мекемелердегі мүшелік ерікті және Ұйым мүшелері үшін ашық болып табылады. Олардың бюджеттері тәуелсіз болып табылады және оларды өздерінің Регламентінде ескертілгеніндей тиісті директивалық органдар бекітеді.

### **Аффилиирленген ұйымдар**

#### **25-бап**

Аффилиирленген ұйымдар мақсаттары осы Жарғының мақсаттарына сай келетін және Сыртқы істер министрлерінің кеңесі аффилиирленген ұйымдар ретінде таныған ұйымдар немесе органдар болып табылады. Бұл ұйымдарға мүшелік ерікті және мүше мемлекеттердің органдары мен ұйымдары үшін ашық болып табылады. Олардың бюджеттері

Бас хатшылықтың, қосалқы органдардың және мамандандырылған институттардың бюджеттерінен тәуелсіз болып табылады. Аффилиирленген ұйымдарға Сыртқы істер министрлері кеңесінің қарары негізінде бақылаушы мәртебесі берілуі мүмкін. Олар қосалқы органдардан немесе мамандандырылған мекемелерден, сондай-ақ мүше мемлекеттерден ерікті көмек ала алады.

#### **XIV ТАРАУ**

### **ИСЛАМ ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **26-бап**

Ұйым осы Жарғыда баяндалған мақсаттар үшін ислам ұйымдарымен және басқа да ұйымдармен ынтымақтастығын нығайтады.

#### **XV ТАРАУ**

### **ДАУЛАРДЫ БЕЙБІТ ЖОЛМЕН ШЕШУ**

#### **27-бап**

Одан өрі созылуы Ислам Ұммасының мүдделеріне залал келтіретін немесе халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін қандай да бір дауға қатысушы мүше мемлекеттер дауды өз қалауынша ізгі ниетті әрекеттер, келіссөздер, сауал жолдау, делдалдық, татуласу, төрелік сот, соттық реттеу көмегімен немесе өзге де бейбіт жолмен шешуге ұмтылатын болады. Осы орайда, ізгі ниетті әрекеттерге Атқарушы комитетпен және Бас хатшымен консультацияларды жатқызуга болады.

#### **28-бап**

Ұйым халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, сондай-ақ дауларды бейбіт жолмен шешу мақсатында басқа халықаралық және оңірлік ұйымдармен ынтымақтаса алады.

#### **XVI ТАРАУ**

### **БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ**

#### **29-бап**

1. Бас хатшылық пен Қосалқы органдардың бюджетін мүше мемлекеттер өздерінің ұлттық табыстарына барабар түрде қаржыландырады.

2. Ұйым Ислам саммитінің немесе Сыртқы істер министрлері кеңесінің мақұлдауымен салымдарын мүше мемлекеттер, жеке тұлғалар мен ұйымдар ерікті негізде қоса алатын арнаулы және діни-қайырымдылық қорлар (вакуфтер) құра алады. Мұндай арнаулы және діни-қайырымдылық қорлар Ұйымның қаржылық жүйесіне есеп береді және оны жыл сайын қаржылық бақылау органы тексеріп отырады.

#### **30-бап**

Бас хатшылық және қосалқы органдар өзінің қаржылық істерін Сыртқы істер министрлерінің кеңесі мақұлдаған Қаржы регламентіне сай басқарады.

### **31-бап**

1. Сыртқы істер министрлері кеңесі мақұлдаған ережелерге сәйкес, Бас хатшылықтың және оның қосалқы органдарының бағдарламасы мен бюджетін түбегейлі рәсімдеу үшін Ұйымның Штаб-пәтерінде кездесетін қатысушы мүше мемлекеттердің аккредиттелген өкілдерінен Сыртқы істер министрлерінің кеңесі Тұрақты қаржы комитетін құрады.

2. Тұрақты қаржы комитеті бағдарлама мен бюджетті қарастырып, бекітетін Сыртқы істер министрлері кеңесіне жыл сайын есеп ұсынады.

3. Мүше мемлекеттердің қаржы сарапшыларынан (аудиторларынан) тұратын Қаржылық бақылау органы ішкі ережелер мен нұсқаулықтарға сәйкес, Бас хатшылық пен оның қосалқы органдарына аудит жүргізеді.

## **XVII ТАРАУ**

### **ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ МЕН ДАУЫС БЕРУ**

#### **32-бап**

1. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі жұмыстың жеке регламентін қабылдайды.

2. Сыртқы істер министрлерінің кеңесі ислам саммитіне жұмыс регламентін ұсынады.

3. Тұрақты комитеттер өздерінің тиісті регламенттерін белгілейді.

#### **33-бап**

1. Ислам Конференциясы Ұйымы отырыстарының кворумы мүше мемлекеттердің үштен екісін құрайды.

2. Шешімдер бәтуа арқылы қабылданады. Бәтуаға келу мүмкін болмаған жағдайда, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, шешім қатысушылар мен дауыс беруші мүшелердің үштен екісінің даусымен қабылданады.

## **XVIII ТАРАУ**

### **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **АРТЫҚШЫЛЫҚТАР МЕН ИММУНИТЕТТЕР**

#### **34-бап**

1. Ұйым өз функцияларын жүзеге асыру және өз міндеттерін орындау үшін мүше мемлекеттерде қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Мүше мемлекеттердің өкілдері мен Ұйымның ресми тұлғалары 1976 жылғы Артықшылықтар мен иммунитеттер туралы келісімде көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

3. Бас хатшылықтың, қосалқы органдар мен мамандандырылған ұйымдардың персоналы Ұйым мен қабылдаушы елдер арасындағы келісім бойынша өз міндеттерін атқару үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

4. Ұйымға қаржы жарналарын толеу бойынша берешегін өтемеген мүше мемлекет, егер оның берешек сомасы алдыңғы толық екі жылдық

жарна сомасына тең немесе асып кеткен жағдайда, Сыртқы істер министрлері кеңесінде дауыс беру құқығынан айырылады. Солай бола тұрса да, егер борыш мүше мемлекетке қатысты емес жағдайларға байланысты орын алған деп таныса, Кеңес мұндай мүше мемлекетке дауыс беруге қатысуға рұқсат бере алады.

### **35-бап**

#### **Ұйымнан шығу**

1. Кез келген мүше мемлекет өзінің шығуынан бір жыл бұрын Бас хатшыны хабардар етуі арқылы Ұйымнан шыға алады. Мұндай хабарлама барлық мүше мемлекеттерге таратылады.

2. Шығу туралы өтініш берген мемлекет шығу туралы өтініш берілген қаржылық жыл аяқталғанға дейін өз міндеттемелеріне байланысты болады. Ол, сондай-ақ, Ұйым алдындағы кез келген басқа берешекті жабуға міндеттенеді.

### **36-бап**

#### **Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар мынадай рәсімдерге сәйкес жүргізіледі:

а. кез келген мүше мемлекет осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Сыртқы істер министрлері кеңесіне ұсына алады.

б. өзгерістер мен толықтырулар Сыртқы істер министрлері кеңесінде дауыстардың үштен екісімен мақұлданған және мүше мемлекеттердің үштен екі даусымен ратификацияланған жағдайда күшіне енеді.

### **37-бап**

#### **Түсінік беру**

1. Осы Жарғының кез келген бабына түсінік беру, қолдану немесе орындау барысында туындауы мүмкін кез келген даулар бейбіт жолмен және барлық жағдайларда консультациялар, келіссөздер, татуластыру немесе төрелік сот арқылы шешілуі тиіс.

2. Осы Жарғының ережелерін мүше мемлекеттер өздерінің конституциялық талаптарына сәйкес орындайды.

### **38-бап**

#### **Тілдер**

Ұйымның тілдері араб, ағылшын және француз тілдері болып табылады.

#### **Өтпелі ережелер**

### **РАТИФИКАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНУ**

### **39-бап**

1. Осы Жарғы Сыртқы істер министрлері кеңесінде дауыстардың үштен екісімен қабылданады және әрбір мүше мемлекеттің конституциялық рәсімдеріне сәйкес, мүше мемлекеттердің қол қоюы және ратификациялауы үшін ашық.

2. Ратификациялық грамоталар Ұйымның Бас хатшысында сақталады.

3. Осы Жарғы 1974 жылғы 1 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркелген Ислам Конференциясы Ұйымының Жарғысын алмастырады.

Екі мың сегізінші жылғы он төртінші наурызға сай келетін, Хижра бойынша бір мың төрт жүз жиырма тоғызыншы жылғы Раби әл-Аваль айының жетінші күнінде Дакар қаласында (Сенегал Республикасы) жасалған.

# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ 2002 жылғы 7 наурыздағы №299

## МАЗМҰНЫ

*Ескерту: Мәтіндегі «республикалық бюджет қаражаты» деген сөздер «бюджет қаражаты» деген сөздермен ауыстырылды – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. №13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді).*

Осы Заң Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі жұмысының құқықтық негіздерін, сондай-ақ ұйымдастырылу тәртібін айқындайды.

## 1-тарау ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1-бап

Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі (бұдан әрі – дипломатиялық қызмет) – Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіби қызметі.

2. Қазақстан Республикасының консулдық қызметі – дипломатиялық қызметтің халықаралық құқық жол беретін шектерде мемлекеттің, Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қарым-қатынастарын дамытуға, экономикалық, сауда-саттық, ғылыми-техникалық, ізгілік-мәдени байланыстарды және туризмді кеңейтуге жәрдемдесетін бір бөлігі.

3. Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері – дипломатиялық қызмет органдарында штаттық дипломатиялық лауазымдарды атқаратын, өдетте, дипломаттық дәрежесі бар және лауазымдық өкілеттіктері мен міндеттерін дипломатиялық қызмет органдарына жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру мақсатында жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер.

4. Дипломатиялық қызметтің жұмыскерлері дипломатиялық қызмет органдарында штаттық әкімшілік-техникалық лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер.

5. Дипломатиялық қызметтің персоналы – дипломатиялық қызметтің қызметкерлері мен жұмыскерлері.

6. Ротация – дипломатиялық қызмет персоналының Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – Сыртқы істер министрлігі) мен шетелдік мекемелер арасында, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелері арасында лауазымдық орын ауыстыруы.

7. Шет елдердегі мекемелер – Қазақстан Республикасының шет елдерде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері.

*Ескерту: 1-бапқа өзгерту енгізілді – Қазақстан Республикасының 2006.05.22. №143 Заңымен.*

## **2-бап**

### **Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, осы Заңмен реттелмеген бөлігінде мемлекеттік қызмет туралы заңдардан, өзге де нормативтік құқықтық актілерден және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан тұрады.

2. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

## **3-бап**

### **Дипломатиялық қызмет органдарының мәртебесі**

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар дипломатиялық қызмет органдары болып табылады.

## **4-бап**

### **Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесі**

Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесін Сыртқы істер министрлігі, оның ведомстволары, шет елдердегі мекемелер, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған ведомстволық бағыныстағы ұйымдар, Сыртқы істер министрлігінің қарауындағы оқу орындары құрайды.

Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесін Сыртқы істер министрлігі басқарады.

## **5-бап**

### **Дипломатиялық қызмет органдарының міндеттері**

Дипломатиялық қызмет органдарына мынадай міндеттер жүктеледі:



1) Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне тиісті ұсыныстар беру;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті үшін ұсыныстар әзірлеу және Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру;

3) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу;

4) Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы қорғауды қамтамасыз ету;

5) шет елдерде Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6) Қазақстан Республикасының халықаралық бейбітшілікті, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы іске асыру;

7) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарын жүзеге асыру;

8) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық бірыңғай бағытын және инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқа да орталық атқарушы органдардың халықаралық қызметін үйлестіру;

9) әлемдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға, шет мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жасау және орталық мемлекеттік органдарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

#### **6-бап**

#### **Дипломатиялық қызмет органдарының негізгі функциялары**

Дипломатиялық қызмет органдарына мыналар жүктеледі:

1) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

2) Қазақстан Республикасы халықаралық саясатының стратегиясын іске асыру;

3) келіссөздер жүргізуді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасуды ұйымдастыру;

4) халықаралық шарттарды жасасу, орындау, қолданылуын тоқтата түру және күшін жою туралы ұсыныстар дайындау, оларды Қазақстан

Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің қарауына белгіленген тәртіппен енгізу;

5) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламентіне және Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар мен ұсынымдар жасау;

6) Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың қызметіне қатысуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық қоғамдастық мүшесі ретінде ғаламдық және аймақтық проблемаларды шешудегі ролін арттыруға жәрдемдесу;

7) Қазақстан Республикасының су ресурстары мен қоршаған ортаны халықаралық қорғау және ұтымды пайдалану, Дүниежүзілік мұхит ресурстарын игеру, ғарыш кеңістігін зерттеу саласындағы мүдделерін қамтамасыз етуге қатысу;

8) Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін, құқық тәртібін қорғауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен сауда-экономикалық, қаржы, ғылыми және ғылыми-техникалық, мәдени, сондай-ақ өзге де байланыстарын дамыту мен кеңейту жөніндегі іс-шараларды өзірлеуге қатысу;

9) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуын жалпы қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар саласындағы заңдарын жетілдіру, оны Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтық міндеттемелеріне сай келтіру жөнінде ұсыныстар өзірлеу;

11) Қазақстан Республикасының мемлекетшілік және халықаралық іс-шараларын протоколдық-ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету;

12) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетшілік және халықаралық іс-шараларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Мемлекеттік протоколды сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

13) дипломатиялық және консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының басқа елдермен парламентаралық байланыстарын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

15) Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде халықаралық-құқықтық нормалармен және Қазақстан Республикасының заңдарымен регламенттелетін консулдық функцияларды жүзеге асыру;

16) шет елдерде тұратын отандастармен байланыстарды және қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;

17) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеудің, есепке алудың және сақтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

18) Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік дипломатиялық және соларға тецестірілген окілдіктердің және консулдық мекемелердің жұмыс істеуіне жәрдемдесу, өз құзыреті шегінде оларға қызмет көрсететін ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру;

19) аштыққа және артта қалушылыққа, халықаралық терроризмге, діни және саяси экстремизмге, ұйымдасқан қылмысқа және есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсас заттардың, прекурсорлардың және қару-жарақтың заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар зардаптарын жою жөніндегі халықаралық акцияларға өз құзыреті шегінде қатысу;

20) шет елдерде Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпарат таратуға жәрдемдесу;

21) Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардың депозитарий функцияларын жүзеге асыру;

22) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының транзиттік-көліктік әлеуетін тиімді пайдалануға жәрдемдесу және энергетика мен мұнай-газ салаларында Қазақстан Республикасының өлемдік қауымдастықпен ынтымақтастығы жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және жүргізуге қатысу;

23) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

24) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарың, бұқаралық ақпарат құралдарың Қазақстан Республикасының халықаралық жағдайы мен сыртқы саясаты туралы хабардар ету;

25) инвестициялық ахуалдың жақсаруына жәрдемдесу және халықаралық нарықта Қазақстан Республикасының жағымды бейнесін қалыптастыру;

26) мемлекеттік бағдарламаларды, басым жобаларды іске асыру үшін тікелей қаржы ресурстарың, соның ішінде халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдары тарапынан берілетін заемдар мен гранттар есебінен тартуға қатысу;

27) қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық нарыққа шығуына жәрдемдесу;

28) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

## 7-бап

### Байланыс, мұрағат, қауіпсіздік және баспа басылымдары

1. Дипломатиялық қызмет органдарының дербес байланысы мен мұрағаты болады.
2. Дипломатиялық қызмет органдары өздерінің жеке телекоммуникациялар желісі мен курьерлік қызметін пайдаланады.
3. Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында халықаралық шарттардың түпнұсқалары және (немесе) дұрыс көшірмелері, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да материалдар сақталады.
4. Дипломатиялық қызмет органдары Қазақстан Республикасының аумағындағы және шет елдердегі өзіне қарасты объектілердің қауіпсіздік жүйесін ұйымдастырады.
5. Дипломатиялық қызмет органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, баспа басылымдарын шығаруға құқылы.

## 2-тарау.

### ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕРСОНАЛЫ, ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЛАУАЗЫМДАРҒА ТАҒАЙЫНДАУ

## 8-бап

### Дипломатиялық қызмет персоналы

1. Дипломатиялық қызмет персоналын мыналар құрайды:

- 1) дипломатиялық қызмет қызметкерлері;
- 2) дипломатиялық қызмет жұмыскерлері.

2. алынып тасталды.

*Ескерту: 8-бапқа өзгерту енгізілді – Қазақстан Республикасының 2006.05.22. №143 Заңымен.*

## 9-бап

### Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке түру

1. Дипломатиялық қызметке жоғары білімі бар, мемлекеттік тіл мен орыс тілін еркін меңгерген және өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті іскерлік, моральдық, кәсіби қасиеттерге қол жеткізген әрі денсаулық жағдайы дұрыс Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілерін Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдерін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және кері шақырып алады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасарлары, ведомстволардың басшылары Қазақстан Республикасының заңдарына

сөйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз (16-18-тармақтары).

Басқа лауазымдарға тағайындауды және дипломатиялық қызметтен босатуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі жүргізеді.

3. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке түру азаматтар алдын ала міндетті арнайы тексеруден өткеннен кейін жүзеге асырылады.

4. Шет елдегі жұмыстан кейін Қазақстан Республикасына оралған дипломатиялық қызметтің қызметкері, егер ол осы Заңның 22-бабында көзделген жазаларға тартылмаған болса, бұрын Сыртқы істер министрлігінде атқарған лауазымынан төмен емес лауазымға тағайындалады.

5. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке алғаш тұрған адамдар үшін үш айға дейін міндетті сынақ мерзімі белгіленеді.

Сынақ мерзімінен отудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілейді.

6. Бұрын сотталған және ақтала алмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, сондай-ақ ұнамсыз себептермен мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар дипломатиялық қызмет органдарына қызметке қабылданбайды.

*Ескерту: 9-бапқа өзгерту енгізілді – Қазақстан Республикасының 2006.05.22. №143 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 3-тарау.

## ДИПЛОМАТТЫҚ ДӘРЕЖЕЛЕР

### 10-бап

#### Дипломаттық дәрежелер

Дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне атқаратын лауазымы және біліктілігі ескеріле отырып, мынадай дипломаттық дәрежелер беріледі:

- 1) атташе;
- 2) үшінші хатшы;
- 3) II сыныпты екінші хатшы;
- 4) I сыныпты екінші хатшы;
- 5) II сыныпты бірінші хатшы;
- 6) I сыныпты бірінші хатшы;
- 7) II сыныпты кеңесші;
- 8) I сыныпты кеңесші;
- 9) II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 10) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 11) Төтенше және Өкілетті Елші.

### 11-бап

#### Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі

1. Төтенше және Өкілетті Елші, I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломаттық дәрежелерін Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Басқа дипломаттық дәрежелерді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі береді.

Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережемен белгіленеді.

2. Қызметкердің дипломаттық дәрежесі, әдетте, дипломатиялық қызметте атқаратын лауазымына сәйкес болуға немесе бір саты жоғары не төмен болуға тиіс.

3. Дипломаттық дәрежелерді беру тиісті куәліктер тапсырумен және қызмет тізіміндегі (еңбек кітапшасындағы) жазбалармен расталады. Осы Заңның 13-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, дипломаттық дәрежелер өмір бойына беріледі және сақталады.

### *12-бап*

#### **Дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдері**

1. Дипломатиялық қызмет қызметкерлері үшін дипломаттық дәрежелерде болудың мынадай мерзімдері белгіленеді:

1) атташе, үшінші хатшы, II және I сыныпты екінші хатшы үшін – екі жыл;

2) II және I сыныпты бірінші хатшы, II сыныпты кеңесші үшін – үш жыл.

I сыныпты кеңесшіден бастап және оған жоғары дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдері белгіленбейді.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдеріне:

1) Сыртқы істер министрлігіндегі және оған бағынысты ұйымдардағы жұмыс;

2) шет елдердегі мекемелердегі жұмыс;

3) Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктеріндегі жұмыс;

4) бұрынғы КСРО мен одақтас республикалардың сыртқы істер министрліктеріндегі жұмыс;

5) халықаралық ұйымдардағы жұмыс;

6) Сыртқы істер министрлігінің жоғары оқу орындарындағы және ғылыми мекемелеріндегі ғылыми немесе оқытушылық жұмыс;

7) Сыртқы істер министрлігінің саласы бойынша оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілікті арттыру;

8) Сыртқы істер министрлігі жоғары оқу орындарына, аспирантураға, докторантураға және ғылыми мекемелерге уақытша жіберген адамдардың оқу мерзімі есептеледі.

### 13-бап

#### Дипломаттық дәрежені мерзімнен бұрын және кезектен тыс беру, төмендету, одап айыру және қалпына келтіру

1. Жекелеген жағдайларда, жұмыста елеулі табыстарға қол жеткізсе немесе айрықша еңбек сіңірсе, белгіленген мерзім өткенге дейін (мерзімінен бұрын дәреже беру) немесе дәреже берудің кезегі сақталмастан (кезектен тыс дәреже беру) дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дәрежесі өсірілуі мүмкін.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлері, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінен жұмыстан босатылған адамдар Қазақстан Республикасының және өздері болатын елдердің заң актілерінде көзделген жауаптылыққа өкеп соғатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда олардың дипломаттық дәрежесі төмендетілуі немесе олар дипломаттық дәрежесінен айырылуы мүмкін.

Мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін дипломатиялық қызмет органдары жүйесінен босатылған кезде дипломатиялық қызмет қызметкері сонымен бір мезгілде дипломаттық дәрежесінен де айырылады.

Дипломатиялық қызмет қызметкерін дипломаттық дәрежесінен айыру немесе оның дәрежесін төмендету дәреже берілгендегідей тәртіппен жүргізіледі.

Дипломатиялық қызмет қызметкерінің бұрынғы дипломаттық дәрежесін қалпына келтіру қызметтік аттестаттаудан өткеннен кейін жүргізіледі.

### 4-тарау.

#### ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ӨТУ

### 14-бап

#### Дипломатиялық қызмет органдарында лауазым ауыстыру, қызмет атқару

1. Дипломатиялық қызмет персоналының лауазым ауыстыруы кадрлардың біліктілігі, кәсіби даярлығы, олардың ротациясы мен мандану принциптері ескеріле отырып, қызмет бабындағы қажеттілікке сәйкес жүзеге асырылады.

Дипломатиялық қызмет органдарында бос қызмет орындарына түру, келесі жоғары тұрған және төмен тұрған санаттарда қызметке түру жолымен қызмет бабында орын ауыстыруды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерінің лауазымы шет елдердегі мекемелердегі жұмысы кезеңінде, оның шет елде болу мерзімі қызмет бабындағы қажеттілікке байланысты ұзартылған жағдайларды қоспағанда, бір реттен артық өсірілмейді.

## Ротация

1. Дипломатиялық қызмет органдарында дипломатиялық қызмет персоналының ротациясы жүзеге асырылады.

Ротация шеңберінде дипломатиялық қызмет персоналы, оның кәсіби даярлығы мен мамандануы ескеріле отырып, шет елдегі дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберіледі немесе өздерінің қызметін Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жүзеге асырады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналының ротациясы мынадай түрлерге бөлінеді:

1) сыртқы ротация – Сыртқы істер министрлігінен шет елдердегі мекемелерге және шет елдердегі мекемелерден Сыртқы істер министрлігіне ауысу;

2) ішкі ротация – Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелері арасында ауысу.

3. Дипломатиялық қызметке алғаш тұрған адамдар Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істегеніне бір жыл өткеннен кейін ғана, олардың кәсіби білімі мен тіл білуі ескеріле отырып, шет елдердегі мекемелерге жұмысқа жіберілуі мүмкін.

Шет елдердегі мекемелердегі жұмыс арасындағы кезеңде дипломатиялық қызмет персоналының Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істеу мерзімі кемінде екі жылды құрауға тиіс.

4. Дипломатиялық қызмет персоналының шет елдердегі мекемелердегі үздіксіз жұмыс мерзімі үш жылдан аспауға тиіс.

Қызмет бабындағы қажеттілік пен сол адамның келісімі бойынша аталған мерзімді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір жылдан аспауға тиіс.

5. Дәлелсіз себептермен шет елдегі мекемеге жұмысқа барудан бас тарту тәртіптік тұрғыдан теріс қылық болып табылады және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз бола алады.

Шет елдегі мекемеге жұмысқа барудан бас тарту үшін дәлелді деп танылатын себептердің тізбесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілейді.

6. Шет елдегі дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберу кезінде дипломатиялық қызмет персоналына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде біржолғы жәрдемақы төленеді.

7. Осы бантың 3, 4-тармақтарының күші шет елдердегі мекемелердің басшылары ретінде жұмысқа жіберілетін адамдарға, кеңесші-уәкілдерге, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдерінің орынбасарларына, сондай-ақ сирек кездесетін шет тілдерін меңгерген дипломатиялық қызмет персоналына қолданылмайды.



### **16-бап**

#### **Қызметтік аттестаттау**

Дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес қызметтік аттестаттаудан өтеді.

### **17-бап**

#### **Жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелерге жіберу**

1. Дипломатиялық қызмет қызметкерлері өздерінің келісімімен кәсіби даярлық пен тағылымдамадан өту, кокейкесті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан талдап өзірлеу үшін Қазақстан Республикасының не басқа елдердің жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне уақытша жіберілуі мүмкін. Мұндай жағдайда, олар Сыртқы істер министрлігінің кадрлар резервіне енгізіледі.

2. Тағылымдама немесе ғылыми іссапар аяқталғаннан кейін дипломатиялық қызмет қызметкері өзі кадрлар резервіне енгізілгенге дейін атқарған қызметінен төмен емес дипломатиялық қызметке тағайындалады.

### **18-бап**

#### **Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастарын тоқтату**

1. Дипломатиялық қызметті тоқтату үшін:

1) дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің өз еркімен жұмыстан босату туралы өтініш беруі;

2) еңбек шарты мерзімінің бітуі не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзу;

3) дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің өз табысы мен мүлкі туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамау;

6) аттестаттаудың теріс нәтижелері;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де себептер негіз болып табылады.

2. Дипломатиялық қызметтің персоналын жұмыстан дипломатиялық лауазымға тағайындау құқығы берілген тиісті лауазымды адам босатады.

Дипломатиялық қызметтің персоналы дипломатиялық қызмет органдарынан өз еркімен кеткен кезде Сыртқы істер министрлігінің резервіне алынады.

Сыртқы істер министрлігінің резерві туралы ережені Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі бекітеді.

## 5-тарау.

# ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

### 19-бап

#### Дипломатиялық қызмет персоналының құқықтары мен міндеттері

1. Өзінің кәсіби функцияларын жүзеге асырған кезде дипломатиялық қызмет персоналының:

1) дипломатиялық қызмет органдарының қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) шет елде болу кезеңінде халықаралық құқық нормаларына сәйкес белгіленген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануға;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарына Конституцияда және Қазақстан Республикасының заң актілерінде кепілдік берілген өзге де құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға құқығы бар.

Дипломатиялық қызмет қызметкерлері мемлекеттің сыртқы саясаты мәселелері, Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар саласындағы заңдарын жетілдіру жөнінде, оны Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне сай келтіру жөнінде ұсыныстар енгізуге де құқылы.

2. Дипломатиялық қызмет персоналы:

1) дипломатиялық қызмет атқаруға байланысты міндеттерді адал орындауға;

2) болатын мемлекетінің заңдарын, дәстүрлері мен әдет-ғұрпын құрметтеуге;

3) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, дипломатиялық қызмет аяқталғаннан кейін де, жарияламауға;

4) өзінің кәсіби деңгейін, біліктілігін, жалпы саяси даярлығын арттыруға, мемлекеттік және шет тілдерді білуін жетілдіруге;

5) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

### 20-бап

#### Дипломатиялық қызмет органдарында қызметте болуға байланысты шектеулер

Дипломатиялық қызмет персоналы үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы және мемлекеттік қызмет туралы заңдарында козделген шектеулер қолданылады. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз).

### 21-бап

#### Дипломатиялық қызмет персоналын көтермелеу

1. Қызмет бабындағы міндеттерін үлгілі атқарғаны, орындаған тапсырмаларының жоғары сапасы, бастамашылдығы, шығармашылық белсенділігі, ұзақ әрі мінсіз қызметі, ерекше маңызды және күрделі тап-

сырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін дипломатиялық қызмет персоналы:

- 1) дипломаттық дәрежесін мерзімінен бұрын осірумен;
- 2) біржолғы ақшалай сыйақымен;
- 3) Сыртқы істер министрлігінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ведомстволық наградалармен;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген көтермелеу шараларының өзге де нысандарымен көтермеленуі мүмкін.

2. Ерекше еңбек сіңіргені үшін дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсынылуы мүмкін.

### **22-бап**

#### **Дипломатиялық қызмет персоналының жауапкершілігі**

1. Дипломатиялық қызмет персоналы өзіне жүктелген міндеттерді бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады;

2. Дипломатиялық қызмет персоналына мынадай тәртіптік жазалар қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) дипломаттық дәрежені беруді бір жылға дейін кідірте тұру;
- 5) лауазымын немесе дипломаттық дәрежесін томендету;
- 6) дипломаттық дәрежесінен айыру;
- 7) қызметке сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 8) жұмыстан босату.

3. Дипломатиялық қызмет персоналына тәртіптік жаза қолдану Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **23-бап**

#### **Дипломатиялық қызмет персоналын кері шақырып алу**

1. Шет елдердегі мекемелерде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналы қызметтік міндеттерін орысқел бұзған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының немесе болатын елінің заң актілерінде белгіленген жауаптылыққа өкеш соғатын әрекеттер жасаған жағдайда оған тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға қоса, ол Қазақстан Республикасына мерзімінен бұрын кері шақырылып алынады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналын мерзімінен бұрын кері шақырып алуға отбасы мүшелерінің дәл сондай әрекеттер жасауы да негіз болып табылады.

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ,  
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕРСОНАЛЫНА БЕРІЛЕТІН  
КЕПІЛДІКТЕР МЕН ОТЕМДЕР, ОЛАРДЫ МАТЕРИАЛДЫҚ  
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**24-бап**

**Дипломатиялық қызметті қаржылық және  
материалдық-шаруашылық жағынан қамтамасыз ету**

1. Дипломатиялық қызметті және оның органдарын қаржылық жағынан қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Дипломатиялық қызмет органдары консулдық іс-әрекеттер жасаған кезде жұмсайтын күтілмеген шығыстар Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Консулдық жарғыда белгіленген тәртіппен өтелуге жағдайы.

3. Құрметті консул аппаратының қызметін және соған байланысты іс-шараларды қаржыландыру құрметті консул бөлетін қаражат есебінен жүзеге асырылады.

4. Дипломатиялық қызмет органдары көлікпен, қызметтік үй-жайлармен, байланыс құралдарымен және басқа да қажетті мүлікпен қамтамасыз етіледі.

5. Дипломатиялық қызмет органдарының Қазақстан Республикасының аумағы мен шет елдегі жылжымайтын және өзге мүлікті иелену, пайдалану және оларға билік ету тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

**25-бап**

**Дипломатиялық қызмет персоналына берілетін  
кепілдіктер мен отемдер**

1. Дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелерін материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету атқаратын қызметінің қиындығы, оған байланысты қауіп-қатер, сондай-ақ шет мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Шет елде болу дипломатиялық қызмет персоналына және отбасы мүшелеріне қандай да болсын зиян келтірмеуге тиіс.

Шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелеріне көмек көрсету мен қорғауға байланысты міндеттерді шет елдегі мекеменің жетекшісі орындайды.

Шет елдегі қызметі кезінде дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе жұмыскері не оның отбасы мүшелері ауырған, қайтыс болған, отбасында бала туылған жағдайда, дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерде жәрдемақы алуға құқығы бар.

2. Дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелері бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемімен қамтамасыз етіледі.

3. Шет елдегі мекемеде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналының және бірге тұратын отбасы мүшелерінің жыл сайынғы ақылы демалыс берілуіне не отбасы мүшелерінің бірі қайтыс болуына байланысты барып-қайту қолік шығыстарының толенуіне құқығы бар.

4. Дипломатиялық қызмет персоналы өзімен бірге тұратын отбасы мүшелерінің саны, лауазымдық жағдайы, жергілікті мән-жай және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін нормативтер ескеріле отырып, шет елде тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Тұрғын үйді ұстауға төлейтін нақты шығыс Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалардан асып кеткен жағдайда, ол бюджет қаражаты есебінен өтелуге тиіс.

5. Шет елдегі жұмыс кезеңінде дипломатиялық қызмет персоналының балаларына жалпы орта білім беру бюджет қаражаты есебінен толенуге тиіс.

6. Шет елдегі мекемеде әкімшілік-техникалық бос қызмет орындары болған жағдайда, шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналы отбасыларының мүшелеріне уақытша жұмысқа тұру құқығы берілуі мүмкін.

7. Қарулы немесе азаматтық жапжалдар жағдайында не шет елдердегі мекемелер мен олардың персоналының қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда, сондай-ақ шет елдердегі мекемелер орналасқан жерлердегі төтенше жағдайлар кезінде Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғау үшін қажетті шаралар қолданады.

Дипломатиялық қызметтің қызметкеріне немесе жұмыскеріне не оның отбасы мүшелеріне шет елде болу уақытында, өзінің қызметтік міндеттерін не солармен байланысты қызметті атқару кезінде келтірілген залал Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өтеледі.

8. Дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде не шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақаттың салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қаза тапқан жағдайда, дипломатиялық қызметтің қайтыс болған қызметкерінің немесе жұмыскерінің отбасы мүшелеріне оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысы бойынша есептелетін алыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

9. Дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда, қаза тапқан адамның отбасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқығы бар.

10. Дипломатиялық қызметтің қызметкеріне немесе жұмыскеріне шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақат, жаралану (контузия), мертігу, ауру салдарынан болған мүгедектік белгіленген

кезде, оған оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысымен есептелген мөлшерде:

- 1) I топтағы мүгедекке – отыз айлық ақшалай қаражат;
- 2) II топтағы мүгедекке – он сегіз айлық ақшалай қаражат;
- 3) III топтағы мүгедекке – алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде

біржолғы өтем төленеді.

11. Дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке әкеп соқпаған ауыр мертігу (жарақат, жаралану, контузия) жағдайында, оған оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша есептелетін – үш айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде, жеңіл мертігу жағдайында бір айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

12. Егер дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің қаза табуы (қайтыс болуы), жарақаттануы, жаралануы (мертігуі), ауыруы қызметтік міндеттерді орындауға байланысы жоқ жағдайларда болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, аталған сома төленбейді.

#### **26-бап**

##### **Жерлеуге жұмсалатын шығыстарды өтеу**

1. Дипломатиялық қызметтің шет елде қайтыс болған (қаза тапқан) қызметкерін немесе жұмыскерін жерлеу үшін оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы қызметі бойынша лауазымдық айлықақысынан есептелетін үш айлық қаражат мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

2. Дипломатиялық қызметтің қайтыс болған (қаза тапқан) қызметкерінің немесе жұмыскерінің мәйітін Қазақстан Республикасына жеткізу және осыған байланысты шығыстар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

#### **27-бап**

##### **Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастарын реттеу**

Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастары осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Шет елдердегі мекемелерде қызметтерді қоса атқаруға немесе уақытша жоқ қызметкерлердің немесе жұмыскерлердің міндеттерін орындауға рұқсат етіледі.

Шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек жағдайларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **28-бап**

##### **Дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу**

Дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

Шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу болатын елінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және материалдық-тұрмыстық жағдайлары ескеріле отырып айқындалады.

#### **29-бап**

### **Дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне ақшалай төлемдер жасау**

Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дипломаттық дәрежесі үшін, шет тілдерін білгені үшін, мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ақшалай төлем алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өкілдік керек-жарағы құнының мөлшерінде жыл сайынғы ақшалай өтем алуға құқығы бар. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің өкілдік керек-жарағы туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз.).

#### **30-бап**

### **Жыл сайынғы демалыстар**

1. Дипломатиялық қызметтің персоналына ұзақтығы отыз күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі.

2. Дипломатиялық қызметтің шет елдердегі мекемелерде жұмыс істейтін қызметкеріне немесе жұмыскеріне кезекті еңбек демалысына шыққан кезде сауықтыру үшін оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының екі еселенген мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

#### **31-бап**

### **Дипломатиялық қызметтің персоналын зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау**

Дипломатиялық қызметтің персоналын зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

#### **32-бап**

*Ескерту: 32-бап алынып тасталды – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. №13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

#### **7-тарау.**

### **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **33-бап**

### **Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
2. «Дипломатиялық қызмет туралы» 1997 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 21, 275-құжат; 1999 ж., № 23, 916-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

*Бас Ассамблеяның 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (XXI) резолюциясымен қабылданды және жария етілді*

## ПРЕАМУЛА

Адам баласының барлық мүшелеріне тәп қадір-қасиетін, құқықтарының теңдігі мен тартып алынбайтындығын тану, бостандық пен әділдіктің және жалпыға бірдей бейбітшіліктің негізі болып табылатынына *назар аударатырып,*

адам құқықтарына деген елемеушілік, менсінбеушіліктің адам баласы арының зығырданын қайнататын тағылық жағдайға әкеліп соғатынына және дүние жүзі адамдары сөз бен наным-сенім бостандықтарына ие болып, үрей мен мұқтаждықтан ада бола алатын ортаны құру – адам баласының жоғары мәртебелі ұмтылысы деп жарияланғанына *назар аударатырып,*

адам баласы зорлық-зомбылық пен қанауға қарсы көтеріліске мәжбүр болатын жағдайды тудырмау үшін, адам құқықтары заң билігімен қорғалуы керек екеніне *назар аударатырып,*

халықтар арасында достық қарым-қатынастың дамуына жәрдемдесу керек екеніне *назар аударатырып,*

Біріккен Ұлттар елдері өз Жарғысында негізгі адам құқықтарына, жеке адам басының қадір-қасиеті мен құндылығына және ер азаматтар мен әйелдердің теңдігіне сенімдерін растап, әлеуметтік прогресс пен адамға лайық өмір сүру деңгейін шақтыланған бостандықтардан тыс, кең ауқымды бостандықтарда арттыруға жәрдемдесу керек деген шешімге келгендеріне *назар аударатырып,*

мүше мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымымен ынтымақтаса отырып, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары жалпыға бірдей құрметтеліп сақталуына ықпал жасауға міндеттенгендеріне *назар аударатырып,*

осы міндеттемелерді толығымен жүзеге асыру жолында осы құқықтар мен бостандықтардың мән-мағынасы мен ерекшеліктерін ұғынып-түсінудің маңызы зор екендігіне *назар аударатырып,*

*Бас Ассамблея,*

*Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын* бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы әр адаммен қатар, қоғамның әр органы осы декларацияны үнемі жадында тұтып, білім беру және ағарту жұмыстары арқылы осы құқықтар мен бостандықтарды қадір тұтуға ықпал жасап, ұлттық халықаралық шаралар арқылы Ұйымның мүше мемлекеттерінің халықтарымен қоса, олардың юрисдикциясына қарасты аумақтардың халықтары арасында да, жалпыға бірдей тиімді түрде танылып, жүзеге асырылуы үшін алға қойылған мақсат ретінде жария етіп отыр.



### **1-бап**

Барлық адамдар тумысынан азат және өз қадір-қасиеті мен құқықтарында тең болып дүниеге келеді. Оларға ақыл-парасат, ар-ождан берілген және бір-бірімен бауырмалдықта қарым-қатынас жасаулары тиіс.

### **2-бап**

Әр адам пәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан, осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей ие болуы тиіс.

Сонымен қатар, ешкім де өзі тұратын елінің не болмаса аумақтың саяси, құқықтық немесе халықаралық мәртебесінің негізі бойынша және де ол аумақ тәуелсіз, әлде біреудің қарамағында, әлде өзін-өзі басқарушы емес немесе оның өз егемендігі әр түрлі нысанда шектеулі болған күннің өзінде де, алаланбауы тиіс.

### **3-бап**

Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы.

### **4-бап**

Ешкім де құлдықта немесе кіріптарлықта ұсталуы тиіс емес. Құлдық пен құл саудасына қандай түрде болса да тыйым салынады.

### **5-бап**

Ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай, адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге немесе жазалануға тиіс емес.

### **6-бап**

Әр адам қай жерде жүрсе де, құқықтық субъекті ретінде танылуына құқылы.

### **7-бап**

Заң алдында адамдардың бәрі тең және де заң арқылы алаланбай, бірдей тең қорғалуға құқылы. Барлық адам осы Декларацияның ережелерін бұзатын кемсітуден және кемсітуге арандатушылықтың барлық түрінен тең қорғалуға құқылы.

### **8-бап**

Әр адам конституциямен немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда, құқығын құзыретті ұлттық сот арқылы тиімді түрде қалпына келтіруге құқылы.

### **9-бап**

Ешкім де негізсіз тұтқындалуға, қамауда ұсталуға немесе қуғынға ұшыратылуға тиіс емес.

### **10-бап**

Әр адам өзінің құқықтары мен міндеттерін анықтап, өзіне тағылған қылмыстық айыптаудың негізділігін белгілеу үшін, ісі толық теңдік

негізінде оділеттік талаптарға сай, тәуелсіз және әділ сот арқылы ашық қаралуына құқығы бар.

#### **11-бап**

1. Қылмыс жасады деп айыпталған әр адам, қорғану құқығы қамтамасыз етіліп, заңды және ашық соттың істі қарауы оның кінәсін толық анықтағанға дейін, кінәсіз деп есептелуге құқығы бар.

2. Ешкім де әрекеті немесе әрекетсіздігі негізінде жасаған қылмысы үшін, егер олар ұлттық заңдар немесе халықаралық құқық бойынша қылмыс болып саналмаса, жауапқа тартылмайды. Сонымен қатар, қылмыс үшін берілген жаза, қылмыс жасалған кезде заңмен көзделген жазадан ауыр болмауы тиіс.

#### **12-бап**

Әр адам жеке өзінің және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуынан, озбырлық жасап баспанасына, хат-хабар алмасу құпиясына қол сұғуынан, ар-намысы мен абырой-беделіне нұқсан келтіруінен қорғалуға құқығы бар.

#### **13-бап**

1. Әр адамның әр мемлекеттің шегінде жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

2. Әр адам кез-келген елден, соның ішінде өзінің туған елінен басқа елге қоныс аударуға және өз еліне қайтып оралуға құқылы.

#### **14-бап**

1. Әр адамның қуғынға ұшыраған жағдайда, басқа елдерден баспана іздеп және сол баспананы пайдалануға құқығы бар.

2. Бұл құқық, шын мәнінде, саяси емес қылмыстың негізінде немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы келетін әрекеттері үшін қуғындалғандарды қамтымайды.

#### **15-бап**

1. Әр адамның азаматтыққа құқығы бар.

2. Ешкімді де азаматтығынан немесе азаматтығын өзгерту құқығынан еріксіз айыруға болмайды.

#### **16-бап**

1. Кәмелеттік жасқа толған ер азаматтар мен әйелдер өздерінің нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан, некеге тұрып, отбасын құруға құқылы.

Олар некеге тұрған, некеде болған және некені бұзған кезде бірдей құқықтарды пайдаланады.

2. Неке тек екі жақтың өзара еркін және толық келісімі бойынша ғана қиылады.

3. Отбасы қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылады және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы.

#### **17-бап**

1. Әр адамның дүние-мүлікті жеке өзі немесе басқалармен бірлесіп иемденуге құқығы бар.

2. Ешкім де өз мүлкінен еріксіз айырылмауға тиіс.

#### *18-бап*

Әр адам ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз ділін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз ділін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

#### *19-бап*

Әр адам наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруге құқылы; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез-келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтиды.

#### *20-бап*

1. Әр адамның бейбіт жиналыстар және ассоциацияларды құру бостандығына құқығы бар.

2. Ешкімді де белгілі бір ассоциацияға зорлықпен кіргізуге болмайды.

#### *21-бап*

1. Әр адамның өз елін басқару ісіне тікелей өзі немесе ерікті түрде сайланған өкілдері арқылы қатысуға құқығы бар.

2. Әр адам өз елінде мемлекеттік қызметке тең дәрежеде қол жеткізуге құқылы.

3. Халықтың еркі үкімет билігінің негізі болуы тиіс; бұл ерік мерзімді және бұрмаланбаған сайлау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сайлау жалпыға бірдей, тең сайлау құқығы негізінде, жасырын дауыс беру жолымен немесе сайлау бостандығын қамтамасыз ететін, осы мәндес басқа әдістер арқылы өткізілуі тиіс.

#### *22-бап*

Әр адамның, қоғам мүшесі ретінде, әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуына және оның қадір-қасиеті қолдау табуына, жеке басы еркін кемелденуіне қажетті экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалар бойынша құқықтары әрбір мемлекеттің құрылымы мен ресурстарына сай, ұлттық ықпал және халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуына құқығы бар.

#### *23-бап*

1. Әр адамның еңбек етуге, жұмыс түрін еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайына, жұмыссыздықтан қорғалуына құқығы бар.

2. Әр адам құндылығы тең еңбегі үшін, ешбір кемсітусіз, тең еңбекақы алуға құқылы.

3. Жұмыс істеп жүрген әр адам өзінің және отбасының лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететіндей әділ және қанағаттанарлық және қажет болған кезде, басқа әлеуметтік қамсыздандыру құралдары арқылы толықтырылып отыратын сый-сияпатқа құқылы.

4. Әр адам кәсіподақтар құруға және өз мүдделерін қорғау үшін, кәсіподақтарға кіруге құқылы.

#### *24-бап*

Әр адам тыңығуға және мәдени демалуға, оның ішінде ақылға қонымды шектеулі жұмыс күніне және мерзімді ақылы демалысқа құқылы.

#### *25-бап*

1. Әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы және де жұмыссыз қалған күнде, науқас болған кезде, мүгедек, жесір болып қалған күнде, қартайған шағында немесе өзіне байланысты емес басқа да себептермен тіршілік ету мүмкіншілігінен айырылған жағдайларда қамсыздандырылуына құқылы.

2. Ана және нәресте болу жағдайы айрықша қамқорлық пен көмек алуға құқық береді. Балалардың бәрі (некелі немесе некесіз туған) бірдей әлеуметтік қорғауды пайдаланады.

#### *26-бап*

1. Әр адамның білім алуға құқығы бар. Білім беру, ең болмағанда бастауыш және жалпы білім тегін болуы тиіс. Бастауыш білім – баршаға міндетті. Техникалық және кәсіптік білім көпшіліктің қолы жетерліктей және жоғары білім де әркімнің қабілетіне қарай көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс.

2. Білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыруға бағытталуы тиіс. Білім беру барлық ұлттар, нәсілдік және діни топтар арасында түсіністік, шыдамдылық пен достық қарым-қатынастар орнатуға және Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қуаттау жолындағы жұмысына ықпал жасап, дем беруі тиіс.

3. Ата-аналардың өздерінің жас балаларына білім беру түрін таңдау құқығы басымды.

#### *27-бап*

1. Әр адам қоғамның мәдени өміріне еркін қатысуға, өнерден рахат-ләззат алуға, ғылыми прогреске ат салысуға әрі оның игілігін пайдалануға құқылы.

2. Әр адам өзі автор болып табылатын ғылыми еңбегінің, әдеби немесе көркем шығармаларының нәтижесінде туындайтын рухани және материалды мүдделерінің қорғалуына құқылы.

#### *28-бап*

Әр адам осы декларацияда баяндалған құқықтар мен бостандықтарды толық жүзеге асыра алатын әлеуметтік және халықаралық тәртіпке құқылы.

#### *29-бап*

1. Әр адамның адам баласының еркін және толық кемелденуіне мүмкіндік беретін қоғам алдында міндеттері бар.

2. Өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда әр адам тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мен демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана, заңмен белгіленген шектеуге ұшырауы тиіс.

3. Осы бостандықтар мен құқықтардың жүзеге асырылуы Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы келмеуі тиіс.

### *30-бап*

Осы Декларациядағы ешбір қағида қайсыбір мемлекетке, адамдар тобына немесе жеке адамдарға аталмыш Декларацияда баянды етілген құқықтар мен бостандықтарды жоюға қызметпен айналысу немесе іс-әрекет жасау құқығын береді деп пайымдалуға тиіс емес.

## ҚАЗАҚСТАНМЕН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАС ОРНАТҚАН МЕМЛЕКЕТТЕР

Мемлекеттің атауы және астанасы	Тәуелсіздік жариялаған уақыты мен ұлттық мерекелері	Қазақстанмен дипломатиялық қатынас орнатқан күні
Австралия Одағы, астанасы – Канберра қаласы	26 қаңтар 1788 жыл Тәуелсіздік күні	22 маусым 1992 жыл
Австрия Республикасы, Вена	26 қазан 1955 жыл Ұлттық күн	19 ақпан 1992 жыл
Албания Республикасы, Тирана	28 қараша 1912 жыл Тәуелсіздік күні	21 қыркүйек 1993 жыл
Алжир Халық Демократиялық Республикасы, Алжир	1 қараша 1954 жыл Революция күні	2 наурыз 1992 жыл
Америка Құрама Штаттары, Вашингтон	4 шілде 1776 жыл Тәуелсіздік күні	26 желтоқсан 1991 жыл
Ангола Республикасы, Луанда	11 қараша 1975 жыл Тәуелсіздік күні	4 қазан 1994 жыл
Аргентина Республикасы, Буэнос-Айрес	9 шілде 1816 жыл Тәуелсіздік күні; 25 мамыр 1810 жыл Мамыр революциясы	25 маусым 1993 жыл
Армения Республикасы, Ереван	21 қыркүйек 1991 жыл Тәуелсіздік күні; 28 мамыр 1918 жыл Республика күні	27 тамыз 1992 жыл
Ауғанстан Ислам Республикасы, Кабул	19 тамыз 1919 жыл Тәуелсіздік күні	12 ақпан 1992 жыл
Әзірбайжан Республикасы, Баку	28 мамыр 1918 жыл Республика күні	27 тамыз 1992 жыл
Бангладеш Халық Республикасы, Дакка	26 наурыз 1971 жыл Тәуелсіздік күні	4 ақпан 1992 жыл
Бахрейн Корольдігі, Манама	16 желтоқсан 1971 жыл Ұлттық мереке	28 мамыр 1992 жыл
Беларусь Республикасы, Минск	3 шілде 1991 жыл Тәуелсіздік күні	16 қыркүйек 1992 жыл
Бельгия Корольдігі, Брюссель	15 қараша 1866 жыл Король династиясының күні; 21 шілде 1831 жыл Корольдің ант берген күні	18 тамыз 1992 жыл
Босния және Герцеговина, Сараево	25 қараша 1943 жыл Ұлттық күн	20 желтоқсан 1996 жыл
Болгария Республикасы, София	3 наурыз 1878 жыл Осман империясынан азат етілген күн	5 маусым 1992 жыл

Бразилия Федеративтік Республикасы, Бразилиа	7 қыркүйек 1822 жыл Тәуелсіздік күні	22 қыркүйек 1993 жыл
Ватикан	19 сәуір 2005 жыл XVI Папа Бенедиктің жоғарғы басқаруының басталған күні	17 қазан 1992 жыл
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі, Лондон	21 сәуір 1926 жыл Королеваның туған күні	19 қаңтар 1992 жыл
Венгрия Республикасы, Будапешт	20 тамыз 1848 жыл Венгрия мемлекетін құрушы әулие Иштван күні	23 наурыз 1992 жыл
Венесуэла Республикасы, Каракас	5 шілде 1811 жыл Тәуелсіздік күні	8 мамыр 1996 жыл
Вьетнам Социалистік Республикасы, Ханой	2 қыркүйек 1945 жыл Демократиялық Республиканы жариялаған күн	29 маусым 1992 жыл
Гана Республикасы, Аккра	6 наурыз 1957 жыл Тәуелсіздік күні	14 тамыз 1992 жыл
Гвинея-Бисау Республикасы, Бисау	24 қыркүйек 1973 жыл Тәуелсіздік күні	6 маусым 1992 жыл
Гвинея Республикасы, Конакри	2 қазан 1958 жыл Тәуелсіздік күні; 3 сәуір 1984 жыл Екінші Республика күні	29 маусым 1992 жыл
Германия Федеративтік Республикасы, Берлин	3 қазан 1990 жыл Германияның Біріккен күні	12 ақпан 1992 жыл
Гондурас Республикасы, Тегусигальпа	15 қыркүйек 1821 жыл Тәуелсіздік күні	28 қараша 1995 жыл
Грек Республикасы, Афина	25 наурыз 1821 жыл Тәуелсіздік күні	1 қазан 1992 жыл
Грузия Республикасы, Тбилиси	26 мамыр 1991 жыл Мемлекеттік тәуелсіздікті қалпына келтірген күн	23 шілде 1992 жыл
Дания Корольдігі, Копенгаген	16 сәуір 1940 жыл Королеваның туған күні	6 мамыр 1992 жыл
Египет Араб Республикасы, Каир	23 шілде 1952 жыл Революция күші	6 наурыз 1992 жыл
Конго Республикасы, Браззавиль	15 тамыз 1960 жыл Тәуелсіздік күні	21 қыркүйек 1999 жыл
Жаңа Зеландия, Веллингтон	6 ақпан 1840 жыл Вайтанга күні (тайпалар көсемдерінің Англия үкіметімен шарт жасасқан күні)	16 ақпан 1992 жыл
Жапония, Токио	23 желтоқсан 1933 жыл Императордың туған күні	26 қаңтар 1992 жыл
Замбия Республикасы, Лусака	24 қазан 1964 жыл Тәуелсіздік күні	25 наурыз 1996 жыл

Израиль Мемлекеті, Тель-Авив	30 сәуір 1948 жыл Тәуелсіздік күні	10 сәуір 1992 жыл
Үндістан Республикасы, Дели	15 тамыз 1947 жыл Тәуелсіздік күні; 26 қаңтар 1950 жыл Республика күні	23 ақпан 1992 жыл
Зимбабве Республикасы, Хараре	18 сәуір 1980 жыл Тәуелсіздік күні	10 сәуір 1992 жыл
Индонезия Республикасы, Джакарта	17 тамыз 1945 жыл Тәуелсіздік күні	2 маусым 1993 жыл
Иордан Хашимит Корольдігі, Амман	25 мамыр 1946 жыл Тәуелсіздік күні	8 ақпан 1993 жыл
Ирак Республикасы, Багдад	14 шілде 1958 жыл Республика күні	14 қыркүйек 1995 жыл
Иран Ислам Республикасы, Тегеран	11 ақпан 1979 жыл Ислам революциясы күні	29 қаңтар 1992 жыл
Ирландия Республикасы, Дублин	17 наурыз Әулие Патрик күні	10 сәуір 1992 жыл
Испания Корольдігі, Мадрид	12 қазан 1492 жыл Испан ұлтының күні	11 ақпан 1992 жыл
Италия Республикасы, Рим	2 маусым 1946 жыл Республика күні	12 маусым 1992 жыл
Йемен Араб Республикасы, Сана	22 мамыр 1990 жыл Йеменнің бірлігі күні	9 желтоқсан 1997 жыл
Кабо-Верде Республикасы, Прая	5 шілде 1975 жыл Тәуелсіздік күні	30 шілде 1992 жыл
Канада, Оттава	1 шілде 1867 жыл Канада күні	10 сәуір 1992 жыл
Қатар Мемлекеті, Доха	18 желтоқсан Ұлттық күні	1 шілде 1993 жыл
Кения Республикасы, Найроби	12 желтоқсан 1963 жыл Тәуелсіздік күні	15 қараша 1993 жыл
Кипр Республикасы, Никосия	1 қазан 1960 жыл Тәуелсіздік күні	2 сәуір 1992 жыл
Қытай Халық Республикасы, Пекин	1 қазан 1949 жыл Республиканы жариялаған күн	3 қаңтар 1992 жыл
Колумбия Республикасы, Санта-Фе-де-Богота	20 шілде 1810 жыл Тәуелсіздік күні	23 шілде 1992 жыл
Конго Республикасы, Киншаса	15 тамыз 1960 жыл Тәуелсіздік күні	21 қыркүйек 1999 жыл
Корея Республикасы, Сеул	15 тамыз 1945 жыл Азаттық күні	28 қаңтар 1992 жыл
Корей Халық Демократиялық Республикасы, Пхеньян	9 қыркүйек 1948 жыл Республиканың құрылған күні	28 қаңтар 1992 жыл
Коста-Рика Республикасы, Сан-Хосе	15 қыркүйек 1821 жыл Тәуелсіздік күні	1 қазан 1996 жыл
Куба Республикасы, Гавана	1 қаңтар 1959 жыл Азаттық ұлттық күні	24 наурыз 1992 жыл



Кувейт Мемлекеті, Өл-Кувейт	25 ақпан 1961 жыл Ұлттық күн	1 қаңтар 1993 жыл
Қырғыз Республикасы, Бишкек	31 тамыз 1991 жыл Мемлекеттік тәуелсіздік күні	15 қазан 1992 жыл
Лаос Халық Демократиялық Республикасы, Вьентьян	2 желтоқсан 1975 жыл Республиканы жариялаған күні	19 қыркүйек 1997 жыл
Латвия Республикасы, Рига	18 қараша 1918 жыл Республиканы жариялаған күн	10 желтоқсан 1992 жыл
Ливан Республикасы, Бейрут	22 қараша 1943 жыл Тәуелсіздік күні	20 сәуір 1993 жыл
Литва Республикасы, Вильнюс	16 ақпан 1918 жыл Литва мемлекетін қайта келтірген күн	15 маусым 1992 жыл
Люксембург Ұлы Герцогтігі, Люксембург	23 маусым 1921 жыл Ұлы Герцогтің туған күні	29 маусым 1992 жыл
Мавритания Ислам Республикасы, Нуакшот	28 қараша 1960 жыл Тәуелсіздік күні	28 сәуір 1993 жыл
Мадагаскар Республикасы, Антананариву	26 маусым 1960 жыл Тәуелсіздік күні	10 сәуір 1992 жыл
Малайзия Федерациясы, Куала-Лумпур	31 тамыз 1957 жыл Ұлттық күн	16 наурыз 1992 жыл
Мали Республикасы, Бамако	22 қыркүйек 1960 жыл Тәуелсіздік күні	26 қараша 1992 жыл
Мальдив Республикасы, Мале	26 шілде 1965 жыл Тәуелсіздік күні	15 наурыз 2000 жыл
Мальта Республикасы, Валлетта	21 қыркүйек 1964 жыл Тәуелсіздік күні	4 ақпан 1993 жыл
Марокко Корольдігі, Рабат	30 шілде 1999 жыл Тақ күні	28 мамыр 1992 жыл
Мексика Құрама Штаттары, Мехико	16 қыркүйек 1810 жыл Тәуелсіздік күні	13 сәуір 1992 жыл
Молдова Республикасы, Кишинев	27 тамыз 1991 жыл Тәуелсіздік күні	31 шілде 1992 жыл
Моңғол Республикасы, Улан-Батор	11 шілде 1921 жыл Ұлттық мереке Наадам, Халық революциясы күні	22 қаңтар 1992 жыл
Мьянма Одағы Республикасы (бұрынғы Бирма), Нейпидо	4 қаңтар 1948 жыл Тәуелсіздік күні	23 қыркүйек 1999 жыл
Нидерланд Корольдігі, Амстердам	30 сәуір 1938 жыл Королева күні	10 қыркүйек 1992 жыл
Никарагуа Республикасы, Манагуа	15 қыркүйек 1821 жыл Тәуелсіздік күні	6 шілде 1994 жыл
Норвегия Корольдігі, Осло	17 мамыр 1814 жыл Конституция күні	6 маусым 1992 жыл

Віріккен Араб Өмірліктері, Әбу-Дәби	2 желтоқсан 1971 жыл Мемлекетті жариялаған күн	1 қыркүйек 1992 жыл
Оман Сұлтандығы, Маскат	18 қараша 1970 жыл Ұлттық мейрам	27 сәуір 1992 жыл
Оңтүстік Африка Республикасы, Претория	27 сәуір 1994 жыл Бостандық күні	5 наурыз 1992 жыл
Өзбекстан Республикасы, Ташкент	1 қыркүйек 1991 жыл Тәуелсіздік күні	23 қараша 1992 жыл
Палестина Мемлекеті, астанасы – Шығыс Иерусалим (уақытша Рамалла)	15 қараша 1988 жыл Палестина мемлекетін жариялаған күн	6 сәуір 1992 жыл
Пәкістан Ислам Республикасы, Исламабад	23 наурыз 1940 жыл Пәкістан күні	24 наурыз 1992 жыл
Панама Республикасы, Панама	3 қараша 1903 жыл Колумбиядан тәуелсіз болған күн	28 шілде 1995 жыл
Пору Республикасы, Лима	28 шілде 1821 жыл Тәуелсіздік күні	6 ақпан 1997 жыл
Польша Республикасы, Варшава	11 қараша 1918 жыл Тәуелсіздік күні	6 сәуір 1992 жыл
Португалия Республикасы, Лиссабон	10 маусым 1580 жыл Португалия күні	19 тамыз 1992 жыл
Ресей Федерациясы, Мәскеу	12 маусым 1990 жыл Ресей күні (1 ақпан 2002 жылы өзгертілді)	21 қазан 1992 жыл
Румыния, Бухарест	1 желтоқсан 1918 жыл Ұлттық күн	15 шілде 1992 жыл
Сауд Арабиясы Корольдігі, Әр-Рияд	23 қыркүйек 1932 жыл Корольдікті жариялаған күн	30 сәуір 1994 жыл
Сингапур Республикасы, Сингапур	9 тамыз 1965 жыл Ұлттық күн	30 наурыз 1993 жыл
Сирия Араб Республикасы, Дамаск	Шетелдік әскерді Эвакуациялау күні 17 сәуір 1946 жыл	27 наурыз 1992 жыл
Словакия Республикасы, Братислава	1 қаңтар 1993 жыл Мемлекеттік күн	19 тамыз 1993 жыл
Словения Республикасы, Любляна	25 маусым 1991 жыл Мемлекеттік күн	1992 жыл
Тәжікстан Республикасы, Душанбе	9 қыркүйек 1991 жыл Тәуелсіздік күні	7 қаңтар 1993 жыл
Түрікменстан, Ашғабат	27 қазан 1991 жыл Тәуелсіздік күні	5 қазан 1992 жыл
Таиланд Корольдігі, Бангкок	5 желтоқсан 1927 жыл Корольдің туған күні	6 маусым 1992 жыл
Тунис Республикасы, Тунис	20 наурыз 1956 жыл Тәуелсіздік күні	23 қараша 1992 жыл

Түркия Республикасы, Анкара	29 тамыз 1923 жыл Республиканы жариялаған күні	2 наурыз 1992 жыл
Украина, Киев	24 тамыз 1991 жыл Тәуелсіздік күні	22 шілде 1992 жыл
Шығыс Уругвай Республикасы, Монтевидео	25 тамыз 1825 жыл Тәуелсіздік жарияланған күні	30 шілде 1993 жыл
Филиппин Республикасы, Манила	12 маусым 1898 жыл Тәуелсіздік күні	25 наурыз 1992 жыл
Финляндия Республикасы, Хельсинки	6 желтоқсан 1917 жыл Тәуелсіздік күні	13 мамыр 1992 жыл
Француз Республикасы, Париж	14 шілде 1789 жыл Василияны алған күні	25 қаңтар 1992 жыл
Хорватия Республикасы, Загреб	30 мамыр 1990 жыл Тәуелсіздік күні	16 қазан 1992 жыл
Чад Республикасы, Нджамена	11 тамыз 1960 жыл Тәуелсіздік күні	21 шілде 1999 жыл
Чили Республикасы, Сантьяго	18 қыркүйек 1810 жыл Тәуелсіздік күні	19 тамыз 1993 жыл
Швейцария Конфедерациясы, Берн	1 тамыз 1891 жыл Конфедерацияны құрған күні	1 маусым 1992 жыл
Швеция Корольдігі, Стокгольм	6 маусым 1983 жыл Швед туының күні	7 сәуір 1992 жыл
Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республика- сы, Ресми астанасы Шри- Джаяварденепура-Котте (Пре- зидент пен үкімет Коломбо қаласында орналасқан)	4 ақпан 1948 жыл Тәуелсіздік күні	8 маусым 1992 жыл
Эстон Республикасы, Таллин	24 ақпан 1918 жыл Тәуелсіздік күні	27 мамыр 1992 жыл

## ВСТУПИТ ЛИ КАЗАХСТАН В ООН?

(Мнение об этом заместителя министра иностранных дел Республики  
С. Батырша-улы)

ООН. (Корр. ТАСС Евгений Менкес). 24 октября международное сообщество отмечает день Организации Объединенных Наций. Ровно 46 лет назад, 24 октября 1945 года, вступил в силу Устав ООН. Согласно этому основополагающему международному документу, ООН преследует следующие цели: поддерживать мир и безопасность, способствовать развитию дружественных отношений между нациями, осуществлять международное сотрудничество, быть центром для согласования действий наций в достижении этих общих целей.

В нынешнем году ООН встречает свой день рождения в особых условиях. Как никогда велик интерес участников проходящей здесь сейчас 46-ой сессии Генеральной Ассамблеи к событиям в Советском Союзе, преобразующемуся в Союз Суверенных Государств. Заместитель министра иностранных дел Казахской ССР Сайлау Батырша-улы принимает участие в работе советской делегации на сессии. Он ответил на вопросы корреспондента ТАСС.

— Каковы перспективы осуществления решения съезда народных депутатов СССР о признании бывших союзных республик субъектами международного права и вступления их в ООН? Какими вопросами вы намерены заниматься во время пребывания здесь?

— Как заместитель члена советской делегации на 46-ой сессии Генеральной Ассамблеи ООН я намерен проводить линию Советского Союза на укрепление Организации Объединенных Наций. Отказ от идеологической конфронтации в ООН и новое мышление во внешней политике СССР дает нам большие возможности в плане получения со стороны международных организаций помощи для осуществления социально-экономических и политических преобразований.

В качестве представителя МИД Казахстана я намерен глубоко изучить механизм работы ООН, деятельность Генеральной Ассамблеи, ее комитетов и комиссий, встретиться с ответственными сотрудниками Секретариата ООН. Раньше ООН для Казахстана была чем-то далеким, воспринимавшимся опосредованно, через Москву. Теперь после решения съезда народных депутатов СССР о поддержке стремления республик вступить в ООН, эта организация интересуется нас все больше и больше.

Мы планируем изучить процессуальные вопросы, касающиеся приема государств в члены Организации, обменяться мнениями с делегациями

ряда стран. Эту работу ведем совместно с представителями МИД Кыргызстана и Таджикистана, которые тоже находятся в настоящее время здесь. Хорошей возможностью привлечь внимание сообщества наций на позитивные моменты вступления бывших союзных республик в ООН является пребывание здесь Президента Республики Кыргызстан А. Акаева.

– Каков характер развития отношений между Казахской ССР и США, в частности, в контексте недавней поездки Государственного Секретаря США Дж. Бейкера в Алма-Ату?

– В последние годы Казахстан вышел на прямые связи с США. В соответствии с принципом государственного суверенитета Казахской ССР двусторонние связи будут расширяться. Во-первых, это касается экономики. Казахское правительство ведет переговоры с крупнейшей американской компанией «Шеврон» по вопросу об организации разработки нефти на территории республики. Начались торгово-экономические связи предприятий Казахстана с торговыми домами США. Недавно министр Внешнеэкономических связей С. Абишев вместе с председателем правления «Внешэкономбанка» республики Б. Иришевым провели в Нью-Йорке успешные переговоры о привлечении американских инвестиций в экономику Казахстана.

Официальный визит главы внешнеполитического ведомства США в Казахстан и его встречи с нашим Президентом Н. Назарбаевым имели большой международный резонанс. Дж. Бейкер собирается еще раз посетить Алма-Ату с более длительным визитом. Я же намерен на следующей неделе побывать в Вашингтоне.

В заключение в День Организации Объединенных Наций, хочу выразить надежду, что пришло время – Казахстан как суверенное государство станет членом ООН, в Уставе которой записано: «Мы, народы Объединенных наций, преисполненные решимости... утвердить веру в равенство прав больших и малых наций».

P.S. Бұл С. Батырша-ұлының Біріккен Ұлттар Ұйымында берген пресс-конференциясына көптеген мемлекеттің журналистері қатысты. Соның ішінде ТАСС корреспонденті Евгений Менкестің жазған мақаласы 1991 жылдың қазап айында «Социалистік Қазақстан», «Жетісу», «Вечерняя Алма-Ата» газеттерінде жарияланды.

## ДИПЛОМАТИЯ ТУРАЛЫ АФОРИЗМДЕР МЕН НАҚЫЛ СОЗДЕР

Дипломатия – отан игілігі үшін амалсыздан өтірік айтудың патриоттық опері.

*Амброз Бирс*

Ештеңе айтпас үшін екі рет ойланатын адамды дипломат дейді.

*Алекс Дрейер*

Егер дипломат «иә» десе, бұл «мүмкін» дегенді білдіреді; егер де ол «мүмкін» десе, бұл – «жоқ» деген сөз; ал егер де ол «жоқ» десе, онда ол дипломат емес.

Халық көп білген жағдайда, оны басқару қиын.

*Лао-цзы*

Саясат деген – мүмкіндікті пайдалану опері.

*Отто фон Бисмарк*

Саясат деген – соғыс жалғастырудың басқа тәсілдері.

*Во Нгуен Зиан*

Саясатқа жарқыраған болашақ үмітпен келеді, жасаған жамап істерімен кетеді.

Соғысты қалаған уақытында бастайды, ал оны мүмкіншілік туған кезде ғана аяқтайды.

*Николло Макиавелли*

Принципте қосылу деген ұғым, дипломатия тілінде – бұл жай ғана мәдениетті түрде бас тарту.

*Отто фон Бисмарк*

Біз ешқашан қорқыныштан келіссөздер жүргізбейміз, ешқашан келіссөздерді жүргізуден қорықпаймыз.

*Джон Кеннеди*

Халықаралық конференция дегеніміз – тараптардың алдағы кезекті кездесу уақытын келісу үшін жиыны.

*Л. Гинзберг*

Елші ердің төрт құбыласы тең болсын,

Елде – кісі, сыртта бүгін ел болсын.

Болсын елші зерек, сергек, сабырлы,

Тілге тиісін, білікті де алымды.

Елші болғай ер біткеннің сарасы,

Білікті, ойлы, парасатты дарасы.

*Жүсіп Баласағұни*

Білекке сенген заманда, ешкімге есе бермедік,

Білімге сенер заманда, қапы қалып жүрмедік.

*Абылай хан*

Ер жігіт ел үшін туады,

Ел үшін өледі.

Кейде бір адам ұлтты қорғап қалуы мүмкін, керісінше, нақ сондай бір адамның бүкіл ұлтты жерге қаратуы ғажап емес.

*Пьер Буаст*

Жай ұрыстан гөрі, шағын болса да бейбітшілік артық.

Мемлекеттер арасындағы күрес пен бәсекенің жеңісі – дипломатияның үлесі.

*С. Батырша-ұлы*

## ӘДЕБИЕТТЕР

### Қазақ тілінде:

- Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы, 2003 ж.
- Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. – Астана, 2007 ж.
- Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2008 ж.
- Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1972-1978 жж.
- Қазақ ССР-інің Конституциясы. – Алматы, 1989 ж.
- Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының «Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация». – Алматы, 25 қазан 1990 ж.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң. 16 желтоқсан 1991 ж.
- 21 желтоқсан 1991 жылғы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Келісім хаттамасы.
- Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы, 1991 ж.
- 25 қаңтар 1992 жылғы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және бір-біріне көмек көрсету туралы келісім.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1993 ж.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995 ж.
- Қазақстан тарихы. Жауапты Көмеков Б.Е. II том. – Алматы, 1998 ж.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 1995 ж.
- Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. – Алматы, 2000 ж.
- 2001 жылғы 15 маусымдағы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының құрылуы жөніндегі Декларация.
- «Қазақстан Республикасының Дипломатиялық қызметі туралы» заңы. 7 наурыз 2002 ж.
- Сұлтанов Қ. Мүдделер тоғысы. – Астана, 2003 ж.
- Арыстанбекова А.Х. Ұлттар Ұйымы және Қазақстан. Астана, 2004 ж.
- Батырша-ұлы С. Дипломатия тек сыртқы саясат емес. – Алматы, 2005 ж.
- Батырша-ұлы Б. Мысыр Мамлүк мемлекетінің Деңгі-Қыпшақпен байланыстары. – Алматы, 2005 ж.
- Мансұров Т. Нәзір Төреқұлов. – Алматы, 2005 ж.
- Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі. – Алматы, 2006 ж.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998-2007 жж.
- Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы. 10 желтоқсан 1948 ж. – Астана, 2007 ж.

– Дипломатия жаршысы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). ҚР СІМ-нің басылымы, 2004-2010 жж.

– Саудабаев Қ.Б. БҰҰ Бас Асамблеясының 64-сессиясында сөйлеген сөзі, «Егемен Қазақстан», 26.09.2009 ж.

– Ислам Конференциясы Ұйымының Жарғысы. – Астана, 2010 ж.

– Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы. – Астана, 2010 ж.

– Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 ж. Вена конвенциясы. Астана, 2010 ж.

– Консулдық қатынастар туралы 1963 ж. Вена конвенциясы. – Астана, 2010 ж.

– Қ.Б. Саудабаев. редакциясымен. Қазақстан ЕҚЫҰ-да. – Астана, 2010 ж.

### **Орыс тілінде:**

Құжаттар, заңдар мен жарлықтар

– Назарбаев Н.А. Выступление Президента Республики Казахстан на 46-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. 5 октября 1992 года.

– Назарбаев Н.А. Стратегия независимости. – Алматы, 2003 г.

– Назарбаев Н.А. Казахский путь. – Караганда, 2006 г.

– Назарбаев Н.А. Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнёрство цивилизаций. – Алматы 2009 г.

– Документы внешней политики СССР. Т. 1-11. – М., 1959 г.

– Венская конвенция об установлении дипломатических отношений от 1961 года.

– Венская конвенция об установлении консульских отношений от 1963 года.

– Резолюция Совета Безопасности ООН положение на Ближнем Востоке за № 242 от 22 ноября 1967 года.

Тегеран-Ялта-Потсдам. Сб. документов. – М., 1970 г.

– СССР в борьбе за мир накануне Второй мировой войны (сентябрь 1938 – август 1939): Документы и материалы. Под ред. А.А. Громыко и др. – М., 1971 г.

– Резолюция Совета Безопасности ООН положение на Ближнем Востоке за №338 от 22 октября 1973 года.

– Московская конференция министров иностранных дел СССР, США и Великобритании (19-30 октября 1943 г.). Сб. документов. – М., 1978 г.

– ООН. Сборник документов. Отв. ред. Вахрушев С. – М., 1981 г.

– Всеобщая декларация о правах человека. – Москва, 1983 г.

– Советско-американские отношения во время Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. В 2-х тт. – М., 1984 г.

– Переписка Председателя Совета Министров СССР с президентами США и премьер-министрами Великобритании во время Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. 2 тома. – М., 1989 г.

– Устав Организации Объединенных Наций. – Москва, 1989 г.

– Конституция Казахской ССР. – Алматы, 1989 г.



- Декларация о Государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики от 25 октября 1990 года.
- Конституционный Закон о Независимости Республики Казахстан, принятой Верховным Советом РК от 16 декабря 1991 года.
- Алматинский акт о создании Содружества Независимых Государств от 21 декабря 1991 года.
- Договор о дружбе, сотрудничестве и взаимной помощи между Республикой Казахстан и Российской Федерацией от 25 января 1992 года.
- Хартия о демократическом партнерстве между Республикой Казахстан и Соединенными Штатами Америки, 14 февраль 1994 г.
- Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года.
- История Казахстана. Том II. Отв. за выпуск Кумеков Б.Е. – Алматы, 1997 г.
- Сборник документов по международному праву. – Алматы, 1998 г.
- Декларация о создании Шанхайской Организации Сотрудничества от 15 июня 2001 года.
- Закон Республики Казахстан «О дипломатической службе» от 7 марта 2002 года.
- Устав Организации Исламской Конференции. – Астана, 2005 г.

#### Дипломатия туралы әдебиеттер

- Николсон Г. Как делался мир в 1919 г. – М., 1945.
- Ллойд Джордж. Правда о мирных переговорах. Т. 1-2. – М., 1957.
- Исфалян В.Л. Дипломатическая история Великой Отечественной войны. – Москва, 1959.
- Трухановский В.Г. Внешняя политика Англии в период Второй мировой войны (1939-1945). – М., 1965.
- Горохов И., Замятин Л., Земсков И. Книга: Чичерин Г.В. – дипломат ленинской школы. – Москва, 1966.
- Джон Вуд и Жан Серре. Дипломатический церемониал и протокол. – Москва, 1974.
- Молочков Ф.Ф. Дипломатический протокол и дипломатическая практика. – Москва, 1979.
- Земков И.И. Дипломатическая история второго фронта в Европе. – М., 1982.
- Илюхина Р.М. Лига Наций, 1919-1934. – М., 1982.
- Исфалян В.Л. Дипломатия в годы войны (1941-1945). – М., 1985.
- Батырша-улы С. Проблемы индустриализации в странах Африки. Москва, 1987.
- Горбачев М.С. Перестройка: новое мышление для нашей страны и для всего мира. – Москва, 1988.
- Черчилль У. Вторая мировая война. – М., 1991.
- Ельцин Б. Записки Президента. – Москва, 1994.
- Кул-Мухаммед М.А. Проблемы истории Казахстана в дореволюционных русских энциклопедиях. 1994 г.

- Евразийское пространство: интеграционный потенциал и его реализация. Отв. редактор Тажиш М. – М., 1994 г.
- Хантингтон С. Столкновение цивилизации? Политические исследования. 1994 г.
- Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (14-19 вв.). – Алматы. 1995 г.
- Данияров К. История Абылай хапа – государственного деятеля, полководца, дипломата, политика. – Алматы, 1998.
- Бжезинский З. Великая шахматная доска: Господство Америки и его геостратегические императивы. Пер. с англ. О. Ю. Уральской. – М., 1998 г.
- Громыко А.А. Дипломат. Политик. Ученый. Сборник. – Москва, 2000 г.
- Исиналиев М.И. Записки дипломата. – Алматы, 2000.
- Дипломатическая служба. Под ред. Торкунова А.В. Москва, 2002 г.
- Курмангожин С.А. 45 лет на дипломатической службе. – Алматы, 2002.
- Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. – Астана, 2003 г.
- Мажиденова Д.М. Дипломатическая служба в контексте эволюции мировой политики. – Астана, 2003 г.
- Мансуров Т. Полпред Назир Тюрякулов. – Москва, 2004 г.
- Цзян Цзэминь. О социализме с китайской спецификой. Памятники исторической мысли. – Пекин, 2004 г.
- Токаев К.К. Дипломатическая служба Республики Казахстан. – Алматы, 2004 г.
- Арыстанбекова А.Х. Казахстан в ООН: История и перспективы. Алматы, 2004 г.
- 100 великих дипломатов. – Москва, 2004 г.
- Елемесова Ж.С., Елемесов А.К. Церемониал, протокол, этикет. Алматы, 2005 г.
- Международные отношения. Под ред. Байзаковой К.Е. – Алматы, 2005 г.
- Орнатский И.А. Экономическая дипломатия. – Москва, 2005 г.
- Николсон Г. Искусство дипломатии. – Астана, 2005 г.
- Фельтхэм Р.Дж. Настольная книга дипломата. – Минск, 2005 г.
- Кацы Д.В. Переговоры и посредничество: инструменты повседневной практики международника. – Санкт-Петербург, 2005 г.
- Макиавелли Никколо. Государь. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. – Москва, 2005 г.
- Лузгин В.В. Сионизм как источник фашизма. Казанский университет, 2005 г.

– Примаков Е. Ближний Восток на сцене и за кулисами. – Москва, 2006 г.

– Горбачев М.С. Понять перестройку... Почему это важно сейчас. – Москва, 2006 г.

– История дипломатии. – Москва, 2006 г.

– Бжезинский З. Еще один шанс. Три президента и кризис американской сверхдержавы. Пер. с англ. Ю.В. Фирсова. – М., 2007 г.

– Сулейменов Т.С. Казахстан и страны Восточной Европы: основные направления и перспективы сотрудничества. – Астана, 2008 г.

– Каримов Ислам. Мировой финансово-экономический кризис, пути и меры по его преодолению в условиях Узбекистана. – Ташкент, 2009 г.

– Киссинджер Генри. Дипломатия. – Москва, 1997 год.

Саудабаев К.Б. Выступление в США на аналитическом центре Atlantic Council. Казахстанская правда, 05.02.2010 г.

**Шет тілінде:**

– Yearbook of the United Nations. Special Edition. UN Fiftieth anniversary 1945-1995. Published by Martinus Nijhoff Publisher. 1995.

Robert C.Hilderbrand. Dumbarton Oaks. The Origins of the United Nations and the Search for Postwar Security. The University of North Carolina Press. 1990.

Basic facts about the United Nations. UN, Department of public information. – New York, 1998.

– The Charter of the United Nations. 1945.

– Charte des Nations Unies. 1945.

– The Universal Declaration of Human Rights. 1948.

– Declaration universelle des droits de l'homme. 1948.

– Winston Churchill. The Second World War. 1948-1953.

– Charles de Gaulle. Discours et Messages. Volume V – Vers le terme 1966-1969.

– Zbigniew Brzezinski. The Grand Chessboard: American Primacy and Its Geostrategic Imperatives. New York, 1997.

– Bill Clinton. Science in the National Interest. Washington, DC. 1994.

– Hu Jintao. President of People's Republic of China, chairman of Central Military Commission. Xinhua, 15.03.2008.

Resolutions et comptes rendus de séances de l'Assemblée générale. 1945-2009.

– Isabel Pisano. Yasser Arafat. Paris, 2009.

– Palestine, 2002.

– Kazakhstan in the OSCE. Edited by K.B. Saudabayev. Astana, 2010.

# МАЗМУНЫ

Алғы сөз .....	3
Кіріспе .....	5

## 1-ТАРАУ. ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

1.1. Батыс дипломатиясы (Грекия, Рим империясы, Византия, Француз дипломатиясы) .....	11
1.2. Шығыс елдерінің қарым-қатынастары .....	21
1.3. Қазақ хандығының дипломатиясы .....	29
1.4. Алашорданың сыртқы байланысы .....	49

## 2-ТАРАУ. КЕҢЕС ОДАҒЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК ЕЛДЕР ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

2.1. Жалпы дипломатиялық ұғымдар .....	53
2.2. Кеңес Одағы дипломатиясы және оның екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі рөлі .....	58
2.3. Социализм дипломатиясының отаршылдықты жоюдағы рөлі .....	74

## 3-ТАРАУ. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАМАНДАНЫДЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРЫ

3.1. Ұлттар лигасы .....	78
3.2. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы, оның басты органдары .....	81
3.3. БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелері мен басқа ұйымдары .....	95

## 4-ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

4.1. Халықаралық құқықтың пайда болуы .....	106
4.2. Халықаралық құқықтың принциптері және оның субъектілері .....	110
4.3. Халықаралық шарттар құқығы .....	117
4.4. Халықаралық құқықтағы территория мен шекара .....	132
4.5. Ислам құқығы .....	135

## 5-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

5.1. Кеңес дәуіріндегі Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігі .....	141
5.2. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып жариялануы .....	148
5.3. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы .....	157
5.4. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» заңы .....	160
5.5. Қазақстан Сыртқы істер министрлері .....	168

## 6-ТАРАУ. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МЕН СТАТУСТАР

6.1. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы (1961 ж.) .....	178
6.2. Тұрақты елшіліктер орнату .....	186
6.3. Дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттер .....	193

## 7-ТАРАУ. КӨПЖАҚТЫ ДИПЛОМАТИЯ

7.1. Халықаралық конференциялар мен ұйымдар .....	197
7.2. Халықаралық саяси ұйымдар .....	202
7.3. Халықаралық сауда-экономикалық ұйымдар .....	218

## **8-ТАРАУ. КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ**

8.1. Консулдық қатынастар орнату және консулдықтар .....	225
8.2. 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы .....	228
8.3. Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысы .....	233
8.4. Қазақстанның визалық саясаты туралы .....	238

## **9-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ПРОТОКОЛ**

9.1. Протоколдың пайда болуы және елшіліктер .....	245
9.2. Қазіргі заманғы дипломатиялық протокол .....	249
9.3. Дипломатиялық қабылдаулар (Дипломатические приемы) .....	256
9.4. Дипломатиялық этикет .....	262
9.5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколы .....	267

## **10-ТАРАУ. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

10.1. Дипломатиялық сұхбат (Дипломатические беседы) .....	288
10.2. Дипломатиялық құжаттардың түрлері .....	292

## **11-ТАРАУ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТТІК ДИПЛОМАТИЯ**

11.1. Сауда-экономикалық қатынастардағы дипломатияның ролі .....	309
11.2. Халықаралық ұйымдар және дамыған мемлекеттердің экономикалық дипломатиясы .....	316
11.3. Парламенттік және қоғамдық дипломатия .....	328

## **12-ТАРАУ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ**

12.1. Республиканың теңдестірілген сыртқы саясаты .....	339
12.2. Қазақстанның мемлекеттік шекарасы .....	351
12.3. Сыртқы қатынас мамандарып даярлау .....	360

## **13-ТАРАУ. ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

13.1. Батыс мемлекеттерінің сыртқы істер министрліктері .....	364
13.2. Шығыс елдерінің сыртқы істер ведомстволары .....	375

Қосымшалар .....	387
------------------	-----

Дипломатия туралы афоризмдер мен нақыл сөздер .....	502
---	-----

Әдебиеттер .....	503
------------------	-----



**Батырша-ұлы Сайлау** – мемлекет және қоғам қайраткері, шығыстанушы, экономика ғылымдарының докторы, профессор. Төтенше және Өкілетті Уәкіл рангісінің иегері. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қайраткері. Астана қаласы «Мемлекеттік тіл» қозғалысының және «Дипломат Нәзір Төреқұл-ұлы» қоғамдық қорының төрағасы.

1942 жылы 5 қаңтарда Жамбыл облысы, Шу ауданы, Толе би ауылында дүниеге келген. Ташкент мемлекеттік университетін, КСРО Сыртқы істер министрлігінің Дипломатия академиясын бітірді. Сирияда Дамаск университетінің араб филология факультетінде, Париждегі «Альянс Франсез» институтында оқыған.

Еңбек жолын 1964 жылы Шет елдермен достық қоғамында жауапты хатшы, ал 1965 жылдан Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігінің бірінші хатшысы ретінде бастады. Алжирдегі КСРО Елшілігінің үшінші хатшысы (1969-1971 жж.), Қазақстан Компартиясы Алматы обкомының лекторы, нұсқаушысы, Конго Халық Республикасындағы Кеңес Одағы Елшілігінің екінші хатшысы (1978-1981 жж.), әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры (1988-1990 жж.), Қазақстан Сыртқы істер министрінің орынбасары (1990-1993 жылдары) қызметтерін атқарды. 1993 жылдан Өзбекстандағы Қазақстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі, Египет Араб Республикасындағы Қазақ елшілігінің кеңесшісі (1994-1996 жж.), 1997 жылдан 2002 жылға дейін Израильде ҚР Елшілігінде кеңесші, Қазақстанның Палестинадағы ресми өкілі болды. 2002 жылдан – Қазақстан Сыртқы істер министрінің кеңесшісі, 2006 жылдан Министрліктің консулганы. Сонымен қоса, 2002 жылдан бүгінге дейін Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің профессоры.

С. Батырша-ұлының халықаралық деңгейдегі ғалым ретінде бірқатар ғылыми-публицистикалық еңбектері жарық көрді: «Индустриализация экономики стран Северной Африки (1994 ж.), «Развитие промышленности в развивающихся странах» және «Дипломатия тек сыртқы саясат емес...» (2005 ж.). Сондай-ақ, Қазақстанның және шет елдердің саяси-экономикалық проблемаларына байланысты 80-нен астам мақалалар мен еңбектердің авторы.

«Астана қаласына 10 жыл», «Нәзір Төреқұлов атындағы» медальдармен және «Құрмет» орденімен марапатталған. 2010 жылы Жамбыл облысы Шу ауданының «Құрметті азаматы» атағына ие болды.

**Батырша-ұлы Сайлау**

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР**

*Оқулық*

**Редакторы Ажар Ермішова  
Техникалық редакторы Раушан Тұрлынова  
Көркемдеуші редактор Жеңіс Қазанқапов  
Корректоры Алмагүл Есенгабулова  
Компьютерде беттеген Эльмира Заманбек**

Басуға 24.03.11. қол қойылды.  
Пішімі 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік.  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 44,8.  
Тапсырыс №73. Таралымы 2000 дана.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13  
foliant@foliant.kz

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды